

Том 10

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

10 ТОМ

Март — июнь 1905

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ • 1975

ЗК 2
Л 40

Л $\frac{10102-253}{401(07)-75}$ 4—75

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл томға В. И. Лениннің 1905 жылдың март — июнь айларында, Россияда буржуазиялық-демократиялық революцияның одан әрі өрістеген жағдайында жазған шығармалары еніп отыр.

Ұлы халық революциясы Россия социал-демократиясының алдына «... зор талаптар қояды; тарих демократиялық төңкеріс заманында жұмысшы партиясының алдына әлі бірде-бір рет және еш жерде мұндай талаптар қойып көрген емес»,— деп жазды Ленин (осы том, 232-бет). Партия алдына революция кезінде жұмысшы табына саяси басшылық жасау, пролетариат пен шаруалардың одағын құру, самодержавиеге қарсы күресу үшін барлық революциялық күштерді топтастыру, бүкіл халықтық қарулы көтерілісті ұйымдастыру міндеттері қойылды.

Бұл міндеттерді шешу орасан зор қиындықтарға байланысты болды. Партия меньшевиктердің антипартиялық, жікшілдік әрекеттері нәтижесінде туған дағдарысты басынан өткізіп жатты. Меньшевиктер РСДРП II съезінің шешімдерін жүзеге асыруға бөгет жасады; партияның орталық мекемелерін басып алып, олар большевиктерге қарсы өршелене күрес жүргізді, партия ұйымдарының жұмысына іріткі салды, жұмысшы табының қимыл бірлігіне кесел келтірді; меньшевиктік «Искраның» беттерінде ұйымдық және тактикалық мәселелер бойынша оппортунизм жүгенсіздікпен уағыздалды. Партияға осы кезеңде, Ленин атап көрсеткендей, басты үш

мәселені шешу: партиядағы дағдарыстан шығу, өзінің қызмет жағдайының өзгеруіне байланысты партия жұмысының ұйымдық формаларын қайта қарау және партияның революциядағы тактикалық бағытын белгілеу қажет болды.

Ленин дағдарыстан шығудың жолы РСДРП III съезін шақыру деп білді. Ол тек съезд ғана меньшевиктердің іріткі салушылық әрекетін тоқтатып, партия қатарын топтастыра алады, партияның стратегиясы мен тактикасын белгілей алады деп есептеді. Ленин III съездің тезірек шақырылуына барынша күш салды. Ол әсіресе 1905 жылғы мартта және апрельдің бас кезінде күшті әзірлік жұмыстарын жүргізді; «Вперед» газетіне мақалалар жазды, партия съезін әзірлеу мәселелері жөнінде Женевада сөз сөйледі, съезд қарарларының жобаларын әзірледі, Россиядағы партия комитеттеріне съезге делегаттар ұсыну жайында хаттар жолдады. Оның ұсынысы бойынша съезге барлық комитеттер, большевиктік комитеттер де, сондай-ақ меньшевиктік комитеттер де шақырылды; бірақ меньшевиктер РСДРП III съезіне қатысудан бас тартып, Женевада өздерінің конференциясын шақырды. Екі съезд — екі партия,— жағдайды Ленин осылай деп сипаттады. Ленин ұсынған съезд шақыру идеясы жергілікті партия ұйымдарында қызу қолдау тапты. 28 комитеттен 21 комитет съезд шақыруды жақтап шықты. Басты-басты партия ұйымдары — Петербург, Москва, Тула, Урал, Тверь, Кавказ және басқалары большевиктер жағында болды.

РСДРП III съезі 1905 жылғы 12 апрельден 27 апрельге дейін (25 апрельден 10 майға дейін) Лондонда өтті. Оған 38 делегат қатысты; 21 комитеттен шешуші дауыспен 24 делегат болды. Партияның барлық ірі ұйымдарынан өкілдер келді. Съездің бірінші мәжілісінде Ленин съезд председателі болып сайланып, оның бүкіл жұмысына басшылық етті. Осы томда жарияланып отырған негізгі қарарлардың жобаларын Ленин жазды. Ол социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы және шаруалар қозғалысын қолдау жөніндегі қарар туралы баяндамалар жасады, қарулы көтеріліс туралы, үкіметтің төңкеріс қарсаңындағы

тактикасына көзқарас туралы, социал-демократиялық ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынасы туралы, партия уставы туралы, Орталық Комитеттің баяндамасы және басқа мәселелер бойынша сөз сөйледі. Осы томда съезге қатысы бар 70 документ басылып отыр, олардың 43-і В. И. Ленин Шығармаларында тұңғыш рет жарияланады.

Томға енген басқа да еңбектері сияқты, Ленин жазған съезд қарарлары, оның съезде сөйлеген сөздері В. И. Лениннің марксизм іліміне творчестволық тұрғыдан қарайтынын, оның революциялық теорияны жаңа қорытындылармен және қағидалармен одан әрі дамытып, байыта түскенін айқын көрсетеді. Съезд өз шешімдерінде империализм дәуіріндегі буржуазиялық-демократиялық революция ретінде бірінші орыс революциясының сипаты, қозғаушы күштері және перспективалары жөніндегі мәселе бойынша бүтіндей лениндік позицияны жақтап шықты.

Қоғамдық дамудың заңдылықтарын, таптық күштердің орналасуын терең талдау, Россиядағы және басқа елдердегі революциялық қозғалыстың тәжірибесін ескеру негізінде, Ленин партияның революция кезіндегі стратегиялық жоспарын талдап жасады. РСДРП III съезі қабылдаған бұл жоспарда пролетариаттың шаруалармен одақтасып, буржуазияны оқшау қалдыра отырып, буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңісі жолында,— самодержавиені құлату және демократиялық республика орнату жолында, крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын жою жолында,— күресуі көзделді. Демократиялық революцияда пролетариаттың гегемондығы жөніндегі лениндік идея — «пролетариат өзінің алатын орны жағынан анағұрлым озат және бірден-бір дәйекті-революцияшыл тап болғандықтан, ол осынысымен Россиядағы жалпы демократиялық революциялық қозғалыста басшылық роль атқаруға тиіс» (126-бет) деген қорытынды большевиктердің стратегиялық жоспарының негізі болды.

Жұмысшы табының шаруалармен одағы революция жеңісінің аса маңызды шарты деген большевиктердің бағыты шаруалар қозғалысына көзқарас туралы ленин-

дік қарарда нақты бейнесін тапты. Қарарда помещиктік, қазыналық, шіркеулік, монастырьлік және удельдік жерлерді конфискелеуге дейінгі шаруалардың барлық революциялық шараларын барынша қолдауды РСДРП өзіне міндет етіп қояды делінген. Партияның шаруалар қозғалысы жөніндегі позициясы Лениннің «Маркс американдық «қаралай бөліс» туралы» және «Либералдардың аграрлық программасы» деген мақалаларында, сондай-ақ осы мәселе бойынша съездегі баяндамасында негізделді. Ленин съезде жасаған баяндамасында шаруалардың помещиктік жерлерді конфискелеуге дейінгі барлық революциялық шараларын қолдау жөніндегі қағида революциялық қозғалыстың тәжірибесі мен шаруалардың талаптарын есепке алу негізінде РСДРП II съезінде қабылданған партияның аграрлық программасын одан әрі нақтылау және дамыту болды, деп көрсетті. РСДРП III съезі, Лениннің ұсынысы бойынша, барлық революциялық-демократиялық өзгерістерді жүргізу мақсатында революциялық шаруалар комитеттерін құруға шақырды және село пролетариатын дербес ұйымдастырудың, оны социал-демократиялық партияның туы астында қала пролетариатымен топтастырудың және оның өкілдерін шаруалар комитеттеріне енгізудің қажеттігін атап көрсетті.

Ленин пролетариаттың революциядағы гегемондығы және жұмысшы табының шаруалармен одағын орнату либерал буржуазияны бұқарадан оқшау қалдыруды, шаруаларды оның идеялық-саяси ықпалынан босатуды көздейді, деп үйретті. Лениннің нұсқауларына сүйене отырып, партияның III съезі либерал буржуазияға көзқарас туралы қарар қабылдады, онда либерал буржуазияның патша өкіметіне қарсы жекелеген бой көрсетулерін пайдаланудан бас тартпаумен бірге, оның контрреволюцияшылдығын әшкерелеп отыру қажет деп тапты.

Стратегиялық жоспарға сәйкес Ленин партияның тактикалық бағытын белгілеп берді, мұны да съезд мақұлдады. Съезд партия мен жұмысшы табының ең басты және кезек күттірмейтін міндеті ретінде қарулы көтерілісті ұйымдастыру міндетін алға қойды. Съездің қара-

рында пролетариатқа көтерілістің саяси жағы ғана емес, сонымен бірге практикалық-ұйымдастыру жағы да, көтерілістің бас кезіндегі және нақ барысындағы бұқаралық саяси стачкалардың ролін анықтап берудің, пролетариатты қаруландыруға жігерлі шаралар қолданудың, қарулы көтеріліс жоспарын әзірлеудің және оған тікелей басшылық жасаудың қажеттігі атап көрсетілді. Съезде осы мәселе бойынша сөйлеген сөзінде Ленин көтерілісті әзірлеудің практикалық міндеттеріне назар аудару қажет және қарулы күрестің қолда бар тәжірибесін қорытындылау керек деп атап көрсетті.

Томға енген шығармаларда қаралатын большевиктердің тактикалық бағытының негізгі мәселелерінің бірі революциялық уақытша үкімет және оған социал-демократияның қатысуы туралы мәселе болып табылады. Лениннің «Социал-демократия және революциялық уақытша үкімет», «Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы» деген мақалалары, Лениннің қарар жобалары және осы мәселе бойынша партияның III съезінде жасаған баяндамасы, оның съезден кейін жазған «Революциялық уақытша үкімет туралы» деген мақаласы мен «Революциялық уақытша үкіметтің бейнесі» деген заметкалары осы мәселеге арналған. Бұл мақалалар мен съезде сөйленген сөздердің томда жарияланып отырған дайындық материалдары революциялық уақытша үкімет туралы мәселенің тарихи, теориялық және саяси жақтарын Лениннің қалай терең зерттегенін айқын көрсетеді.

Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңісі нәтижесінде пайда болатын мемлекеттік өкімет жөніндегі мәселеге Ленин творчестволық марксизм позициялары тұрғысынан қарайды. Буржуазиялық-демократиялық революцияның нәтижесі өкімет басына буржуазияның келуімен аяқталуы тиіс деген меньшевиктердің пайымдауына қарама-қарсы, Ленин патша өкіметін құлатудың нәтижесінде пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы орнатылуға тиіс, ал оның саяси органы революциялық уақытша үкімет болады деп көрсетті. Тек осындай жағдайда ғана революцияның толық жеңіп шығуы және

оның одан әрі дамуы қамтамасыз етіледі. Революциялық уақытша үкіметтің міндеттері контрреволюцияның қарсылығын басып-жаншу, өзі шақыратын құрылтай жиналысына дейін елдің бүкіл өміріне басшылық ету, РСДРП-ның программа-минимумын жүзеге асыру, социалистік революцияға өту үшін жағдайлар әзірлеу болып табылады.

Социал-демократия өкілдерінің революциялық демократиямен бірге революциялық уақытша үкіметке қатысуын Ленин мүмкін деп қана қойған жоқ, қолайлы жағдайларда қатысу қажет те деп санады. Бұған қарама-қарсы көзқараста болған, мильеранизм жолына түсті деп большевиктерді айыптаған, егер социал-демократтар буржуазиялық-демократиялық міндеттерді шешуге тиісті үкіметке енетін болса, өздерін жалған жағдайға душар етеді деп пайымдаған меньшевиктерді ол қатаң сынға алды. Ленин Мильеранның реакциялық буржуазиялық үкіметке еніп, оның жұмысшы табына қарсы бағытталған саясатын қолдағанын, ал социал-демократтардың революциялық-демократиялық үкіметке қатысуы контрреволюциямен үзілді-кесілді күресті қамтамасыз ету, жұмысшы табының дербес мүдделерін қорғап қалу және революцияны одан әрі дамыту мақсатын көздейтінін көрсетті. Меньшевиктердің позициясы, деп жазды Ленин, «бұл пролетариат авангардының көзқарасы емес, қайта оның құйыршығының көзқарасы... бұлар саяси басшылар емес, қайта саяси өсиетшілер, бұлар революционерлер емес, қайта филистерлер» (33-бет).

Маркс пен Энгельстің пікірлеріне сүйене отырып, Ленин социал-демократтардың үкіметке қандай жағдайда қатыса алатынын негіздеп берді: біріншіден, партия өз уәкілдеріне қатаң бақылау жасап, социал-демократияның тәуелсіздігін мүлтіксіз қорғап отыруы керек, екіншіден, социалистік төңкерістің мақсаттарын бір сәт те естен шығаруға болмайды. Соның өзінде үкіметке жоғарыдан, социал-демократия уәкілдері тарапынан ықпал жасау осы үкіметке төменнен, халық бұқарасы тарапынан ықпал жасаумен ұштасып отыруға тиіс. Революциялық үкімет «төменгі бұқара халыққа, жұмысшы

табы мен шаруалар бұқарасына сүйенуге тиіс,— бұлай етпейінше ол орнығa алмайды, халықтың революциялық ынта-жігері болмайынша бұл үкімет нуль — нульден де жаман» (363-бет).

Лениннің революциялық уақытша үкімет және оған социал-демократтардың қатысуы туралы қағидалары революциялық теорияны дамытудағы жаңалық болды және марксизмнің тактикалық арсеналын байытты. Бұл қағидалардың принципті маңызы бар және бұлар реакциялық күштерге қарсы, демократия мен халықтардың ұлттық тәуелсіздігі жолында күресіп жатқан коммунистік және жұмысшы партиялары үшін басшылыққа алатын нұсқау болып табылады.

РСДРП III съезінің лениндік қарарлары Россияда буржуазиялық-демократиялық революцияның толық жеңіп шығуын қамтамасыз етуге және оның социалистік революцияға ұласуына бағытталған еді. Ленин пролетариаттың демократиялық революцияда жетекшілік роль атқаруы оның социализм үшін күресті неғұрлым қолайлы жағдайда жүргізуін қамтамасыз етеді, «демократиялық төңкеріс еңбекті қанау атаулыдан толық азат ету, ұлы социалистік мақсатқа жету жолындағы тек алғашқы баспалдақ қана» (364-бет) деп көрсетті.

Пролетариаттың гегемондығы туралы, пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы туралы, буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы идеяларды Ленин келесі томға енетін өзінің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында жан-жақты дамытып, негіздеп берді.

Съездің партияның жаңа уставын қабылдауының және оның партия құрылысы мәселелері жөніндегі қарарларының орасан зор маңызы болды. Бұл шешімдер «тек идея жағынан емес, сонымен қатар практика жүзінде де пролетариаттың күресіне басшылық етіп отыратын социал-демократиялық жұмысшы партиясының туы астында біртұтас және дербес саяси күш болып бірігіп алғанда ғана пролетариат» революцияда гегемондық роль «атқара алады» (126-бет) деген қағидаға негіздел-

ді. Съезд партия уставының бірінші параграфын, Мартовтың тұжырымын алып тастап, лениндік тұжырымда қабылдады, мұның жаңа түрпатты партияны нығайту жолындағы бұдан былайғы күресте орасан зор маңызы болды. Екі орталықтың орнына (Орталық Комитет және Орталық Орган) съезд партияның бірыңғай басшылық орталығын — Орталық Комитетті құрды. Орталық Комитет пен жергілікті комитеттердің праволары негұрлым дәл айқындалды. Съезде Ленин партияның жұмысшы табының қалың бұқарасымен байланысып барынша күш-жігермен нығайта беруді батыл талап етті, ол жұмысшы социал-демократтарды партияның жергілікті комитеттеріне және жалпы партиялық орталыққа ендіру қажеттігіне назар аударды.

Съезд ұйымдық және тактикалық мәселелер жөніндегі оппортунистік, меньшевиктік көзқарастарды айыптады. Сонымен бірге, съезд революцияда пролетариат күштерін біріктіру қажеттігін ескере отырып, меньшевиктерге қосылған партия мүшелері, әсіресе жұмысшылар съезд шешімдерін және уставты мойындаған, партиялық тәртіпті мойындаған жағдайда, оларды партия ұйымдарының жұмысына қатыстыруға болады деп таныды. Лениннің ұсынысы бойынша съезд Орталық Комитетке партияның III съезінің шешімдеріне бағынбайтын меньшевиктік ұйымдарды таратып жіберуді тапсырды.

РСДРП III съезі, Ленин атап көрсеткендей, Россия социал-демократиялық қозғалысының тарихында жаңа бет ашты. Бұл тұңғыш большевиктік съезд болды. Лениндік ұйымдық және тактикалық принциптер оның шешімдерінде айқын бейнеленді. Съезд партиядағы дағдарысты жойды, партияның жаңа уставын қабылдады, партияның демократиялық революциядағы стратегиясы мен тактикасын белгілеп берді.

Съезден кейін жазылған және осы томға еніп отырған шығармаларында,— «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезі туралы хабарда», «Үшінші съезд» және «Үшінші адым кейін» деген мақалаларында, сондай-ақ, Женевада және Парижде оқылған баяндамалары мен рефераттарында,— Ленин

РСДРП III съезінің маңызын ашып көрсетеді, оның шешімдерін түсіндіреді, меньшевиктер конференциясының оппортунистік қарарларын сынайды.

Партияның III, большевиктік съезі мен меньшевиктер конференциясының талқылаған мәселелері бірдей болатын, бірақ ол мәселелер бойынша принциптік жағынан әр түрлі шешімдер қабылданды. Меньшевиктер либерал буржуазияның соңынан салпақтап ерді. Олар пролетариаттың гегемондығын және пролетарлық партияның буржуазиялық-демократиялық революциядағы басшылық ролін теріске шығарды, жұмысшы табы мен шаруалар одағының қажеттігі мен мүмкіндігін мойындамады, қарулы көтерілісті ұйымдастыруға және социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуына қарсы шықты. Меньшевиктердің ұстаған бағыты революцияны жеңіліске ұшыратуға, пролетариаттың мүдделерін буржуазияның мүдделеріне бағындыруға бастады, сөйтіп іс жүзінде жұмысшы табының ісіне опасыздық жасау болды; жаңа искрашылдардың «хвостизмі», деп жазды Ленин, буржуазияға ғана тиімді. Меньшевиктер конференциясының шешімдерін Ленин «іріткі салуды нағыз принципке айналдыру» деп сипаттады және конференцияны «үшінші адым кейін» деп атады.

Ленин Батыс Европа жұмысшыларын большевиктердің саяси бағытымен, РСДРП III съезінің шешімдерімен таныстыруға үлкен маңыз берді, ол съезд туралы «Хабар» шығаруды және съездің аса маңызды қарарларын неміс және француз тілдерінде бастырып шығаруды ұйымдастырды. Герман социал-демократиясының және II Интернационалдың Каутский бастаған оппортунистік лидерлері РСДРП III съезінің шешімдеріне және оларды батыс европалық социалистік баспасөзде жариялауға қарсы шықты. Каутский РСДРП-дағы жағдайды бұрмалап көрсетті, меньшевиктерді қорғауына алып, III съездің жұмысына барынша кінә тағып бақты. РСДРП Орталық Органы — «Пролетарий» газеті редакциясының — «Leipziger Volkszeitung» редакциясына жолдаған хатында, оны Ленин жазған болатын, Каутскийдің осы әрекеттеріне қарсы, неміс социал-демокра-

тиялық баспасөзінде большевиктердің үнін өшіру әрекетіне қарсы батыл наразылық білдірілді.

Съезден кейін Ленин большевиктердің революциядағы стратегиялық жоспары мен тактикалық бағытын одан әрі түсіндіріп, негіздеп берді. «Революциялық күрес және либералдық маклерлік», «Революцияшыл пролетариаттың демократиялық міндеттері», «Буржуазиялық сатқындықтың алғашқы адымдары», «Пролетариат күресі және буржуазияның малайлығы» деген және басқа мақалаларында Ленин пролетариаттың гегемондығы туралы, либерал буржуазияны оқшау қалдыру қажеттігі туралы қағиданы нақты саяси жағдайға және партияның міндеттеріне байланыстыра отырып дамытты. Революция басталғаннан-ақ патша өкіметімен келісім жасасу жолына түскен буржуазиялық либерализмнің бет-бейнесін халыққа көрсету үшін, Ленин либералдардың әрбір әрекетін пайдалануға шақырды, орыс либерал буржуазиясының контрреволюцияшылдығын, оның халықтан жасырын және халықтың есебінен патша өкіметімен ауыз жаласуын әшкереледі.

Ленин конституциялық-демократиялық партияның (кадеттердің) жалған «демократизмінің» бет пердесін ашып, оның таптық-саяси мәнін көрсетіп берді. ««Конституциялық-демократиялық партия» деген ат,— деп жазды ол,— партияның *монархиялық* сипатын жасыру үшін ойлап табылған. Расында, бүкіл осы партияның, оның үстем бөлегі — земство фракциясының да, «Азаттық одағының» да монархияны жақтайтынын кім білмейді?» (273-бет). Ленин былай деді: самодержавие мен халық арасындағы күрес шиеленіскен кезде либерал буржуазия шебер бұлталаққа салады,— бір жағынан, ол самодержавиеден жеңілдіктер талап ете отырып, революцияшыл халықтың көзін алдайды (оны «демократизммен» алдарқатады), екінші жағынан, самодержавиеге арқа сүйеп, революцияшыл халықтың «ұшқарылығына» қарсы шығады.

Ленин еңбекшілер өз жағдайын жақсартуды либерал буржуазиядан күтпеуге тиіс деп атап көрсетті. «Ендігі жерде орыс революциясының тағдыры,— деп жазды ол,— пролетариатқа байланысты. Бұл саудаға тыйым

салу тек соның ғана қолынан келеді. Жаңадан қайрат көрсетіп, бұқараны көтеру, қобалжып тұрған армияны бөліп әкету, шаруаларды өз жағына шығарып алу, қарулы күшпен бүкіл халыққа бостандық алып беру, бостандық дұшпандарын аяусыз жаныштап табанға салу, өзімшіл әрі тұрлаусыз буржуазиялық бостандық азаншыларын шетке ысырып тастау тек пролетариаттың ғана қолынан келеді» (321-бет).

Ленин партияға революцияда әлі де өз орындарын таппаған жұмысшыларға саяси білім беру және оларды өз жағына тарту үшін күрестің және ұйымдастырудың барлық формаларын пайдалану, оларға социал-демократиялық көзқарасты түсіндіру, пролетариаттың дербес партия ұйымы болуы керек екенін дәлелдеу қажеттігін үйретіп отырды. Ленин «Жаңа революциялық жұмысшы одағы» деген мақаласын осы мәселеге арнады. Пролетарлық күреске жан-тәнімен іш тартатын жұмысшыларға өте-мөте сақ, әдеппен, жолдастықпен қарау керек, өйткені олардың бізден бөлектігі дүниеге социал-демократиялық көзқарастарындағы кемшілігінде, марксизмге қарсы нанымында, әр түрлі ескірген революцияшыл көзқарастарды бастан кешіріп отырғандығында, деп көрсетті. Мұндай пікірі бөлек жұмысшылардан іргені аулақ салуға болмайтынын атап көрсете отырып, Ленин жұмысшы табының бірлігі үшін күрес туралы аса маңызды қағида ұсынды. «Біз мынаны есте сақтауымыз керек,— деп жазды ол,— социал-демократия тек пролетариаттың қалың бұқарасының бірлігімен ғана күшті болуы мүмкін, ал капитализмнің адамдарды быту ратып, бөлгіштеп, есеңгіретіп жіберетін жағдайлары себепті, бұл бірлік бірден жасала қоймайды, тек қажырлы еңбектің, ересен шыдамдылықтың күшімен ғана жасалады» (306-бет). Ленин большевиктердің алдына революциялық маркстік партияның бүкіл пролетариат бұқарасына басшылық ықпалын жүзеге асыруды үйренуді міндет етіп қойды.

РСДРП III съезінің шешімдеріне сүйеніп, большевиктер бүкіл халықтық қарулы көтерілісті саяси және, әсіресе, ұйымдық-техникалық жағынан әзірлеу ісіне ерекше назар аудара отырып, пролетариат бұқарасы

арасында орасан зор саяси және ұйымдастыру жұмысын өрістетті. Большевиктік баспасөзде және партия ұйымдарында соғыс ісі мәселелері кеңінен талқыланды. Лениннің инициативасы бойынша, «Пролетарий» газетінде пролетариаттың қарулы күресі мәселелеріне арналған мақалалар мен материалдар ұдайы жариялана бастады. Ленин партия мүшелерінен соғыс ісін табандылықпен зерттеп үйренуді талап етті. Ол қару-жарақ сатып алуды және оны Россияға жөнелтуді ұйымдастыру жөнінде батыл шаралар қолданды.

«Бірінші май» (съезге дейін жарыққа шықты) және «Үш конституция немесе мемлекет құрылымының үш тәртібі» деген листовкаларда Ленин қарапайым және бұқараға ұғымды формада пролетариат пен шаруалардың революциядағы міндеттерін түсіндірді, самодержавиені құлату жолындағы, демократиялық республика жолындағы күреске шақырды.

1905 жылдың көктемі мен жазында бүкіл елде қанат жайған революциялық оқиғалар РСДРП III съезі шешімдерінің дұрыстығын растады. Большевиктердің үгіті мен насихатының ықпалымен жұмысшылардың стачкалық күресі барған сайын айбынды сипат алып, зор ұйымшылдығымен көзге түсті. Әсіресе, Иваново-Вознесенск, Одесса, Лодзь, Харьков, Екатеринослав, Нижний Новгород сияқты ірі өнеркәсіп орталықтарында революциялық шайқастар мейлінше күшті болды. Иваново-Вознесенскіде майда басталған ереуіл 72 күнге созылды. Тоқымашылардың күресін большевиктер құрған РСДРП Солтүстік комитеті мен оның Иваново-Вознесенск тобы басқарды. Стачкаға басшылық ету үшін жұмысшы уәкілдерінің (депутаттарының) Советі сайланды, ол революциялық шайқастардың барысында жұмысшы депутаттарының алғашқы Советтерінің біріне айналды, олар Лениннің анықтамасы бойынша, көтеріліс органы және жаңа, революциялық өкіметтің бастамасы болды.

Лодзьдегі бұқаралық саяси стачка қарулы көтеріліске уласты. Жұмысшылар үш күн бойы қала көшелерінде патша әскерлерімен нағыз шайқас жүргізді. Лодзь жұмысшылары, деп жазды Ленин, «революциялық жі-

гер мен ерліктің жаңа үлгісін ғана емес, сонымен қатар күрестің жоғары формаларын да» көрсетті (329-бет). Лодзьде жұмысшыларды атқылауға қарсы наразылық ретінде Варшава жұмысшылары жаппай стачка жариялады. Стачкалар Тифлис, Баку, Батум және басқа қалаларды қамтыды.

Пролетариат өзінің революциялық күресімен, шабуыл қимылдарымен шаруаларға үлгі көрсетті. Орел, Курск және Воронеж губернияларында, Поволжьеде, Прибалтикада, Польшада, Украинада, Грузияда шаруалар қозғалысы өріс алды. Партияның III съезінің шешімдерін орындай отырып, большевиктер деревнядағы жұмысты күшейтті.

Елдегі революциялық қозғалыстың өрлеуі патша армиясын да шарпыды, әскери көтерілістер кезеңі басталды. Бірінші болып «Князь Потемкин Таврический» броненосецінің матростары көтерілді. Лениннің инициативасы бойынша Орталық Комитет Қара теңіз флотындағы және броненосецтегі көтеріліске басшылық еткен социал-демократиялық ұйыммен байланыс орнату үшін Одессаға М. И. Васильев-Южинді жіберді. В. И. Ленин Васильев-Южинге батыл және тез қимыл жасап, қаланы басып алудың, жұмысшыларды қаруландырудың, шаруалардың белсене қолдауына сүйенудің, қалған флотты өз қолдарына қаратып алудың қажеттігіне матростардың көздерін жеткізуді тапсырды. Васильев-Южин бұл тапсырманы орындай алмады,— ол Одессаға келгенде, «Потемкин» портты тастап кеткен еді. Потемкиндіктер бүкіл флотты көтеріліске шығара алмады және өздерінің қимылын Одесса жұмысшыларының қимылымен біріктіре алмады. Қаладағы большевиктік комитет қамауға алынудан әлсіреп қалған еді, батыл қимыл көрсете алмады, ал меньшевиктер Одесса жұмысшыларын флоттағы көтерілісті қолдауға ұйымдастыруды ойлаған да жоқ.

«Потемкин» көтерілісінің патша үкіметін қорқытқаны соншалық, ол революцияны басып-жаншу үшін Европа мемлекеттерінен көмек сұрауға мәжбүр болды. «Орыс патшасы өз халқынан қорғану үшін түрік сұлтанынан көмек сұрап отыр» деген мақаласында Ленин

патша өкіметінің «көтеріліс жасаған матростарға қарсы *полицейлік көмек сұрап»*, Румыния мен Түркия үкіметтеріне өтініш жасауын масқараның шырқау шегі деп атады. РСДРП Орталық Комитетінің атынан Ленин Халықаралық социалистік бюроға хат жазып, осы томда жарияланып отыр, онда Россиядағы революцияны тұншықтыруға жол бермеуге шақырып, барлық елдердің жұмысшыларына арнаған үндеу шығаруды сұраған.

«Потемкин» броненосеціндегі көтеріліс Россияға және бүкіл дүние жүзіне зор әсер етті. Көтерілістің табысты болмағанына қарамастан, Ленин оған аса зор маңыз берді. Осы оқиғаларға байланысты ол «Революциялық армия мен революциялық үкімет» деген өте маңызды мақала жазды.

Ленин Одессадағы көтеріліс және армияның бір бөлегінің — «Потемкин» броненосеціның — революция жағына шығуы самодержавиеге қарсы революциялық қозғалыстың дамуында алға қарай жасалған жаңа, ірі қадам болды, деп көрсетті. Тарихта тұңғыш рет патша өкіметінің әскери күштерінің ірі бөлегі, тұтас броненосец, ашықтан-ашық көтеріліс жағына шықты. Біз, деп жазды Ленин, аса елеулі мына бір фактіні көріп отырмыз: революциялық армияның ұйтқысын құруға әрекет жасалды.

Революция туралы маркстік ілімді дамыта отырып, Ленин Россиядағы революциялық қозғалыстың тәжірибесін қорытудың негізінде, революцияның жеңіп шығуы үшін революциялық армия құру қажет деген аса маңызды қорытынды жасады. Революциялық армия самодержавиенің және оған көмектесетін капиталистік мемлекеттердің әскери күшіне қарсы әскери күрес жүргізу үшін және халық бұқарасына әскери басшылық жасау үшін қажет. Бірақ революциялық армия ескі өкіметті, самодержавиені құлату үшін ғана емес, ол сондай-ақ, жаңа өкіметтің,— революциялық үкіметтің,— тірегі ретінде де қажет.

Ленин большевиктерді революциялық армияны құру әрекеттерін барлық күшті салып қолдауға, бостандық жолындағы күрес ісінде революциялық армияның ма-

ңызын пролетариат пен шаруалардың қалың бұқарасына түсіндіріп отыруға, самодержавиені жоя алатын бұл армияның жеке отрядтарына өз күштерін біріктіруге көмектесуге шақырды.

Халықты езушілер мен құлданушыларға қарсы соғыс, деп жазды Ленин, еңбекшілердің капиталистік қоғамдағы бірден-бір әділетті, заңды соғысы болып табылады. «Пролетариат Россияда осы ұлы азаттық соғысын бастады, ол мұны ілгері апара алады, өзі революциялық армия отрядтарын құрып, біздің жағымызға шыққан солдаттардың немесе матростардың отрядтарын нығайтады, шаруаларды өз жағына тартады, азамат соғысының от-жалынында қалыптасып, шынығып жатқан Россияның жаңа *азаматтарын* бүкіл адамзаттың бостандығы мен бақыты жолындағы күрескерлердің ерлігімен, шабытымен жігерлендіреді» (361-бет).

Ленин өзінің мақалаларында патша самодержавиесін құлату барлық елдер пролетариатының капитализмге қарсы күресін жеңілдететінін, Россиядағы революция Батыстағы социалистік төңкерістің прологы, оның алғашқы хабаршысы болатынын талай рет атап көрсетті.

«Дайындық материалдар» бөліміне 24 документ енген, олар—Лениннің мақалалары мен сөйлеген сөздерінің жоспарлары, заметкалары мен нобайлары. «Бірінші май листовкасының жоспарынан» басқа документтер В. И. Ленин Шығармаларына бірінші рет енгізіліп отыр. Олардың көпшілігі РСДРП III съезінің материалдарына, әсіресе, революциялық уақытша үкімет туралы мәселеге қатысты.

РСДРП III съезі туралы баяндаманың жоспары, «Партияның жікке бөлінуі очеркі» деген заметкалар ерекше назар аударарлық, оларда партия ішіндегі күрестің 1900 жылдан бастап III съезд болып өткен аралыққа дейінгі негізгі кезеңдері көрсетілген. Том «Листоктың жобасымен» аяқталады; листоктың жобасында Ленин, өзі атап көрсеткендей, «басқарудың халықтық формасының» негізі болып табылатын революциялық үкіметтің ұрандары мен мақсаттарын тұжырымдайды.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ [1]

1905 ж. 5 және 12 апрельде (23 және 30 мартта) «Вперед» газетінің 13 және 14-номерлерінде басылған

Газеттің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

I

Бұдан не бары бес жыл бұрын «самодержавие жойылсын!» деген ұран социал-демократияның көптеген өкілдеріне уақытынан бұрын айтылған, жұмысшы бұқарасы үшін түсініксіз ұран болып көрінген-ді. Ондай өкілдердің оппортунистер қатарына жатқызылуы әділ еді. Олардың қозғалыстан кейін қалып отырғаны, таптың алдыңғы қатарлы отряды ретіндегі, оның басшысы және ұйымдастырушысы ретіндегі, тұтас алғанда қозғалыстың өкілі ретіндегі партияның міндеттерін, қозғалыстың түбегейлі және басты мақсаттарын ұқпайтыны оларға түсіндіріліп келді және түсіндіріліп болды. Күнделікті күйбең жұмыс бұл мақсаттарды уақытша бүркемелеуі мүмкін, бірақ күресуші пролетариат үшін жарық жұлдыз ретіндегі өзінің маңызын бұлар еш уақытта жоғалтуға тиіс емес.

Міне, енді революциялық жалын бүкіл елді шарпыған кез, таяу болашақта самодержавиенің сөзсіз құлайтынына тіпті сенбейтіндердің өздері де ден қойған кез келді. Ал бірақ, тарихтың дәл бір тәлкегіне душар болғандай, социал-демократияның қозғалысты кейін сүйреуге, оның міндеттерін төмендетуге, оның ұрандарын күңгірттеуге тырысқан дәл сондай реакциялық, оппортунистік әрекеттермен тағы да істес болуына тура келіп отыр. Мұндай әрекеттердің өкілдерімен айтысқа шығу бүгінгі күннің міндетіне айналып отыр, (партия ішінде айтысуды ұнатпайтын талайлардың пікіріне қарамастан) орасан зор *практикалық* маңыз алып отыр. Өйтке-

ні біз өзіміздің ең таяу саяси міндеттерімізді тікелей жүзеге асыруға неғұрлым жақындаған сайын, бұл міндеттерді мейлінше айқын түсіне білу қажеттігі соғұрлым арта түседі, бұл мәселеде екіұшты пікірдің, сөзді бүгіп қалушылықтың немесе ұшқарылықтың қандайы болсын соғұрлым зиянды бола түседі.

Ал ұшқары ойлау жаңа искрашыл немесе (одан ешбір айырмашылығы жоқ дерлік) рабоче-делошыл лагерьдегі социал-демократтар арасында онша аз емес [2]. Самодержавие жойылсын!— бұған жұрттың бәрі қосылады, бұған барлық социал-демократтар ғана емес, сонымен қатар барлық демократтар да, егер қазіргі мәлімдемелеріне сенетін болсақ, тіпті барлық либералдар да қосылады. Бірақ бұл не деген сөз? Қазіргі үкімет нақ қалай құлатылуы керек? Құрылтай жиналысын кім шақыруы керек? тіпті освобождениешілдер де жалпыға бірдей және т. с. сайлау правосын танып, қазір осы жиналысты өздерінің ұраны етіп көтеруге дайын отыр («Освобождениенің» 67-номерін қараңыз [3]). Мұндай жиналысқа еркін және күллі халықтың мүддесін білдіретін етіп сайлауды шын қамтамасыз етудің мәнісі нақ қандай болуға тиіс?

Кімде-кім бұл сұрақтарға айқын да нақты жауап бере алмаса, ондай адамның: самодержавие жойылсын!— деген ұранды түсінбегені. Ал бұл сұрақтар бізді революциялық уақытша үкімет туралы мәселеге сөзсіз алып келеді; самодержавие тұсында құрылтай жиналысына шын мәнісінде жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын дауыс беруді толық қамтамасыз ететін, шын мәнісінде еркін жалпы халықтық сайлау жүргізілуіне сенуге болмайтыны былай тұрсын, тіпті мүмкін емес екенін түсіну қиын емес. Ал егер біз самодержавиелік үкімет дереу құлатылсын деген практикалық талапты босқа ұсынып отырмаған болсақ, онда біз құлатылатын үкіметті *нақ басқа қандай үкіметпен* алмастырғымыз келетінін немесе басқаша айтқанда: социал-демократияның революциялық уақытша үкімет жөніндегі көзқарасына біздің қалай қарайтынымызды өзімізше айқындап алуға тиіспіз.

Бұдан бес жыл бұрын рабоче-делошылдар жалпы алғанда саяси күрес мәселесі жөнінде партияны қалай кейінге тартқан болса, қазіргі социал-демократияның оппортунистері, яғни жаңа искрашылдар, осы мәселе жөнінде партияны нақ солай өршелене кейінге тартуда. Осы пункт жөніндегі олардың реакцияшыл көзқарастары Мартыновтың «Екі диктатура» деген кітапшасында неғұрлым толығырақ дамытылған, бұл кітапшаны «Искра» [4] (№ 84) арнаулы заметкада мақұлдап, жұртқа ұсынған-ды, бұл кітапшаға біз де талай рет оқушыларымыздың назарын аударған едік.

Өз кітапшасының ең басында Мартынов бізді мынадай қатерлі перспективамен қорқытады: егер революциялық социал-демократияның мықты ұйымы, Ленин арман еткендей, самодержавиеге қарсы «жалпы халықтық қарулы көтеріліс тағайындап, оны жүзеге асыра» қалғандай болса, онда «бүкіл халықтың ерік-жігері, дәл осы партияны революцияның артынша іле-шала уақытша үкімет етіп тағайындап жіберуі айқын емес пе? Революцияның ең таяудағы тағдырын халық қандай да болса басқа партияға тапсырмай, дәл осы партияға тапсыра қалуы айқын емес пе?»

Мұның өзі ақылға сыймайды, бірақ бұл факт. Социал-демократияның жирондистері орыс революциясының сонау бастапқы кезінде-ақ революцияшыл пролетариатты осы сияқты перспективамен *қорқытқанын* орыс социал-демократиясының болашақ тарихшысы таңдана отырып атап көрсететін болады! Мартынов кітапшасының (сонымен бірге жаңа «Искраның» бірсыпыра мақалаларының және мақалалардағы кейбір жерлерінің) күллі мазмұны осы перспективаның «сұмдықтарын» мыжи беруге келіп саяды. Бұл жерде жаңа искрашылдардың идеялық көсемінің көзіне «өкіметті басып алу» елестеп отыр, «якобиншілдіктің», бакунизмнің, ткачевизмнің [5], тағы басқа сол сияқты қорқынышты измдердің құбыжығы елестеп отыр; сан түрлі революциялық сәби күтушілер саяси сәбилерді нақ осы құбыжықпен қорқытуға әуес-ақ *. Әрине, бұлай еткенде Маркс пен

* Қолжазбада: «... революцияға жолдан қосыла кететін кәрі қатындар саяси сәбилерді нақ осы құбыжықпен қорқытуға әуес-ақ». *Ред.*

Энгельстен «цитаттар» келтірмей отыра алмайтыны да өзінен-өзі түсінікті. Қайран Маркс пен Энгельс-ай, олардың шығармаларынан алынған цитаттармен нендей ғана қиянат істелмеді десеңізші! Сіздердің естеріңізде шығар: *біздің* саяси міндеттеріміздің және саяси үгіт пен күрес тәсілдеріміздің өресіздігін, артта қалғандығын *ақтау үшін* «қандай да бір тап күресі — саяси күрес» [6] деген ақиқатты мысалға келтірді емес пе? Енді хвостизмнің пайдасына бола Энгельсті өтірік куәға тартып отыр. «Германиядағы шаруалар соғысы» деген кітабында ол былай деп жазған еді: «Өзі жоқшысы болып отырған таптың үстемдік жүргізуі үшін және осы үстемдікті қамтамасыз ететін шараларды қолдану үшін қозғалыс әлі толық пісіп жете қоймаған кезде амалсыздан өкіметке ие болу — әсіре партияның көсеміне кездесуі мүмкін жағдайлардың ішіндегі ең қолайсызы» [7]. Автордың пікірін біздің хвостистің қалай бұрмалап отырғанына көз жеткізу үшін, Мартынов келтіріп отырған ұзын цитаттың осы бас жағын жете зер салып оқып шығудың өзі-ақ жеткілікті. Энгельс *таптың үстемдігін қамтамасыз ететін өкімет* туралы айтып отыр. Мұның өзі қалайша айқын емес? Демек, пролетариат жөнінде бұл өкімет *пролетариаттың үстемдігін қамтамасыз ететін* өкімет, яғни социалистік төңкеріс жасайтын пролетариат диктатурасы. Мартынов мұны ұқпай отыр, самодержавиені құлату заманындағы революциялық уақытша үкіметті буржуазия құлатылған заманда қамтамасыз етілген пролетариат үстемдігімен шатастырып отыр, пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасын жұмысшы табының социалистік диктатурасымен шатастырып отыр. Ал енді Энгельстен келтірілген цитаттың жалғасынан оның пікірі мұнан да гөрі айқындала түседі. Әсіре партияның көсемі — дейді ол — *«басқа таптың мүдделерін өз мүддем деп,* өз табын *сылдыр сөзбен, уәдемен, құр сендірумен* шығарып салады да, өзіне жат таптың мүддесін қорғауға» тиіс болады. «Кімде-кім осы *жалған жағдайға* бір рет душар болса, оның біржола құрығаны» [8].

Цитаттың осы асты сызылған жерлері «өз» табының шын мүдделерін және төңкерістің шын таптық мазму-

нын көсемнің ұқпағандығының нәтижесі болып табылатын нақ осы жалған жағдайдан Энгельстің сақтандыра білгенін айқын көрсетеді. Көз жеткізу үшін өзіміздің терең ойлы Мартыновқа мұны жай мысалдар арқылы талдап түсіндіріп көрейік. Халық еріктілері, «еңбек» мүдделерін қорғамақшы болған кезде, келешектегі орыс құрылтай жиналысындағы шаруалардың 90 проценті социалист болады деп, өздерін де, басқаларды да сендірген-ді, олар осынысы арқылы өздерін біржола саяси өлімге сөзсіз байлап беретін жалған жағдайға душар болған еді, өйткені бұл «уәделер мен құр сендірулер» объективті шындыққа сәйкес келмейтін-ді. Олар іс жүзінде буржуазиялық демократияның мүдделерін, «басқа таптың мүдделерін» жүзеге асырған болар еді. Сіз аз-маз бірдеңе ұға бастаған жоқ па екенсіз, аса құрметті Мартынов? Социалист-революционерлер [9] Россияда сөзсіз болғалы тұрған аграрлық өзгерістерді «социализациялау» деп, «жерді халыққа беру» деп, «жерді теңгермелікпен пайдаланудың» басы деп көрсетіп отырғанда, олар өздерін өздері біржола саяси өлімге сөзсіз байлап беретін жалған жағдайға ұрындырады, өйткені олардың жүзеге асыруға ұмтылып жүрген сол өзгерістерінің нақ өзі іс жүзінде *басқа таптың*, шаруа буржуазиясының үстемдігін қамтамасыз етеді, сондықтан революцияның дамуы неғұрлым жедел жүрсе, олардың сылдыр сөздерін, уәделері мен құр сендірулерін шындық соғұрлым тез теріске шығаратын болады. Істің мәнісінің неде екенін сіз әлі ұққан жоқсыз ба, аса құрметті Мартынов? Энгельс пікірінің *мәні* төңкерістің шынайы тарихи міндеттерін *ұғынбаудың* мерт қылатынын көрсетуде екенін, демек, Энгельстің сөздерін халық еріктілері мен «социалист-революционерлерге» қолдануға болатынын сіз әлі ұққан жоқсыз ба?

II

Энгельс төңкерістің *пролетарлық емес* сипатын пролетариат көсемдерінің ұғынбауының қауіпті екендігін көрсетеді, ал ақылды Мартынов бұдан, революциялық демократиядан өздерін программамен де, тактикамен де

(яғни барлық насихатпен, үгітпен), ұйыммен де бөлектеген пролетариат көсемдерінің демократиялық республика құруда басшылық роль атқарғаны қауіпті ғой деген қорытынды шығарады. Энгельс төңкерістің жалған социалистік мазмұны мен нақты демократиялық мазмұнын көсемнің шатастыруын қауіпті деп біледі, ал ақылды Мартынов бұдан буржуазия үстемдігінің ақырғы формасы болатын, пролетариаттың буржуазияға қарсы тап күресінің ең жақсы формасы болатын демократиялық республиканы орнатуда пролетариаттың шаруалармен бірге саналы түрде диктатураны өз қолына алғаны қауіпті ғой деген қорытынды шығарады. Энгельс сөзіне ісі сай келмейтін, уәдесінде бір таптың үстемдігін орнатамын деп, ал іс жүзінде екінші таптың үстемдігін қамтамасыз ететін алдамшы, жалған жағдайды қауіпті деп біледі; Энгельс осы алдамшылық біржола саяси өлімге ұрындырмай қоймайды деп біледі, ал ақылды Мартынов бұдан пролетариат пен шаруалардың шын демократиялық республиканы қамтамасыз етуіне демократияның буржуазияшыл жақтаушылары жол бермейтіндігі себепті өлім қаупі бар деген қорытынды шығарады. *Ондай* өлім, пролетариат көсемінің өлімі, шын демократиялық республика жолындағы күресте қаза тапқан мыңдаған пролетарлардың өлімі, адам өлімі болғандықтан саяси өлім емес екендігі былай тұрсын, қайта, оның керісінше, пролетариаттың ең ұлы саяси жеңісі екендігін, оның бостандық жолындағы күресте өзінің гегемониясын тамаша жүзеге асырғаны екендігін ақылды Мартынов ешбір түсіне алмай-ақ қойды. Энгельстің айтып отырғаны — санасыз түрде өзінің таптық жолынан тайып, жат таптың жолына түсушілердің саяси өлімі, ал Энгельстен қастерлей цитат келтірген ақылды Мартыновтың айтып отырғаны — таптық дұрыс жолмен үсті-үстіне алға басып бара жатқандардың өлімі.

Революциялық социал-демократия мен хвостизм көзқарастарының айырмашылығы бұл арада мейлінше айқын көрініп отыр. Мартынов пен жаңа «Искра» пролетариатқа шаруалармен қоса жүктеліп отырған ең радикалды демократиялық төңкерістің міндеттерінен ше-

гіншектеп отыр, бұл төңкеріске социал-демократиялық басшылық беруден шегіншектеп отыр, сөйтіп, осынысымен санасыз түрде болса да пролетариаттың мүдделерін буржуазиялық демократияның қолына беріп отыр. Маркстің біз *болашақтың* үкіметтік партиясын емес, қайта оппозициялық партиясын әзірлеуіміз керек деген орынды пікірінен Мартынов: біз *қазіргі* революцияның хвостистік оппозициясын жасақтауымыз керек деген қорытынды шығарады. Оның саяси даналығы міне осыған келіп тіреледі. Оның пікірі міне мынадай, біз оқушының бұл жайында ойлануын өте-мөте өтінер едік:

«Пролетариат социалистік революцияны өзі жасамай тұрып, мемлекеттегі саяси өкімет билігін бүтіндей де, жарым-жартылай да ала алмайды. Мұның өзі — оппортунистік жоресизмнен біздің арамызды айыратын даусыз қағида...» (Мартынов, 58-бет),—ал біз өз жанымыздан қосып, бұл — істің мән-жайын түсінуге құрметті Мартыновтың қабілетсіздігін даусыз дәлелдейтін қағида деп айта аламыз. Пролетариаттың социалистік төңкеріске қарсыласатын өкіметке қатысуын пролетариаттың демократиялық революцияға қатысуымен шатастыру, әңгіменің не туралы болып отырғанын мүлдем ұғынбау деген сөз. Мұның өзі Мильеранның жендет Галифенің министрлігіне қатысуын республика орнатуға күш салған және оны орнатқан Коммунаға Варленнің қатысуымен шатастыру дегенмен бірдей.

Ал біздің автордың қалай шатасып отырғанын көру үшін онан әрі тыңдаңдар: «... Ал олай болса, алдағы революция *бүкіл* буржуазияның *еркіне қарсы* (курсив Мартыновтыкі) ешқандай саяси формаларды жүзеге асыра алмайтыны анық, өйткені буржуазия ертеңгі күннің қожайыны болмақ...» Біріншіден, мұның алдындағы сөзде әңгіме пролетариаттың жалпы өкімет билігі туралы, тіпті социалистік революция жасауы туралы болып келсе, енді бұл арада тек саяси формалар туралы ғана айтылып отырғаны қалай? автор экономикалық формаларды жүзеге асыру туралы неге айтпайды? Өйткені, социалистік төңкерістен демократиялық төңкеріске қарғып түскенін оның өзі де байқамай қалды. Егер солай болса (бұл екіншіден), онда автордың tout court

(әншейіннен-әншейін) «бүкіл буржуазияның еркі» туралы айтуы мүлде қате, өйткені демократиялық төңкеріс заманының өзгешелігінің өзі абсолютизмнен енді ғана құтылып келе жатқан буржуазияның әр қилы жіктері еркінің түрліше болуында. Демократиялық төңкеріс туралы сөз қозғау және пролетариат пен буржуазияны құр әншейін жай ғана қарама-қарсы қоюмен шектелу барып тұрған қисынсыздық *, өйткені *бұл* төңкеріс қоғам дамуының нақ мынадай дәуірін көрсетеді: бұл дәуірде қоғам бұқарасы шынында пролетариат пен буржуазияның екі ортасында болады, өзінен ұлан-ғайыр ұсақ буржуазия, шаруалар жігін құрайды. Нақ демократиялық төңкеріс әлі жасамағандықтан, саяси формаларды жүзеге асыру ісінде, сөздің қазіргі, тар мағынасында айтылып отырған «буржуазияға» қарағанда, бұл керемет зор жіктің пролетариатпен ортақ мүдделері әлдеқайда көп. Мартыновтың шатасуының басты себебінің бірі міне осындай жай нәрсені түсінбеуінде.

Онан әрі оқысақ: «... Ал бұлай бола қалған күнде пролетариаттың революциялық күресі буржуазиялық элементтердің көпшілігін жай қорқыту арқылы тек бір-ақ түйінге,— абсолютизмді әуелгі түрінде қалпына келтіруге әкеле алар еді,— осындай болуы мүмкін нәтижеге кездескенде, әрине, пролетариат аңырып тұрып қалмайды, егер істің бет алысы шіруге айналған самодержавиелік өкіметті алдамшы конституциялық кеңшіліктер беру арқылы жандандырып, күшейту жағына үзілді-кесілді ауатын болса, онда пролетариат ең құрығанда буржуазияны қорқытудан бас тартпайды. Бірақ, күреске аттанғанда, пролетариаттың көздейтіні істің осылайша ақыры жаман болып тынуы емес екендігі өзінен-өзі түсінікті».

Оқушы, сіз бірдеңе ұғасыз ба? Алдамшы конституциялық кеңшілік жасау қаупі туа қалса, пролетариат абсолютизмді қалпына келтіруге бастайтын қорқытудан да тайынбайды! Егер мен: маған Мартыновтың бір өзімен бір күндік сөйлесу сияқты египеттік өлім жазасы төніп тұр; сондықтан мен тым құрығанда, Марты-

* Қолжазбада: «барып тұрған қисынсыздық» дегеннің орнында «асқан ақымақтық». *Ред.*

новпен және Мартовпен тек екі күн сөйлестіре алатын қорқытуды қолданамын десем — мұның өзі жаңағы айтылғанмен бірдей ғой. Мұның өзі бос сандырақ қой, аса құрметтім-ау!

Жаңағы біз келтіріп өткен сандырақты жазғанда Мартыновқа елестеген ой мынау еді: егер пролетариат демократиялық төңкерістің заманында буржуазияны социалистік революциямен қорқыта бастаса, онда мұның өзі демократиялық жеңістерді де әлсірететін реакцияға ғана әкеліп соқтырады. Бар болғаны осы ғана. Абсолютизмді әуелгі түрінде қалпына келтіру туралы да, пролетариаттың тым құрығанда ең бір жетесіздікке жармасуға әзір тұратыны туралы да әңгіме болуы, әрине, мүмкін емес. Мәселенің барлығы айналып келгенде жаңағы, Мартынов ұмытып отырған, демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкерістің арасындағы айырмашылыққа, демократиялық төңкерісті қолдау қолынан келетін, ал социалистік революцияны қолдау дәл қазір қолынан келмейтін орасан көп шаруа, ұсақ буржуазия халқының өмір сүріп отырғандығына келіп тіреледі.

Ақылды Мартыновымызды тағы да тыңдап көрейік: «... Буржуазиялық революцияның қарсаңында пролетариат пен буржуазияның арасында болатын күрестің буржуазиялық революцияның қорытынды сатысында, социалистік революцияның қарсаңында болатын нақ сол күрестен кей жағынан айырмашылығы болуы әсте мүмкін...». Иә, бұл әсте мүмкін, егер Мартынов осы айырмашылықтың дәл неде екенін ойланған болса, онда оның жоғарыда көрсетілген сандырағын да, өзінің бүкіл кітапшасын да жаза қоюы екіталай еді.

«... Буржуазиялық революцияның барысы мен нәтижесіне әсер ету жолындағы күрес тек мынада болуы мүмкін: пролетариат либерал буржуазия мен радикал буржуазияның еркіне революциялық қысым жасап отыратын болады, қоғамның неғұрлым демократияшыл «төменгі топтары» оның «жоғарғы топтарын» буржуазиялық революцияны қисынды аяқталатындай етіп ақырына дейін жеткізуге еріксіз көндіреді. Бұл күрес былайша көрінеді: пролетариат әрбір ретте буржуазияның алдына: не өзің тұншығатын абсолютизмнің қыспағына

қарай кейін шегін, не халықпен бірге ілгері бас деп, шарт қоятын болады».

Бұл ұзақ тирада — Мартынов кітапшасының негізгі пункті. Кітапшаның барлық сөлі, оның бүкіл негізгі «идеясы» осында. Сонда бұл ақылды идеялар не болып шығады? Қараңыздаршы: қоғамның осы «төменгі топтары» дегеніміз, ақырында данышпанымыздың ойына түсіп отырған осы «халық» дегеніміз кімдер екен? Бұлар — атап айтқанда қаладағы миллиондаған ұсақ буржуазиялық топ пен миллиондаған шаруалар тобы, революцияшыл демократ болып бой көрсету бұлардың қолынан әбден келеді. Ал қоғамның жоғарғы топтарына пролетариат пен шаруалардың осы *қысым жасауы* дегеніміз не, қоғамның жоғарғы топтарына қарамастан пролетариаттың халықпен осы ілгері басып отырған қозғалысы дегеніміз не? Бұл — біздің хвостист қарсы шығып отырған *пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасының* дәл өзі! Хвостист тек ақыр соңына дейін ойлаудан қорқады, затты өзінің шын атымен атаудан қорқады. Ол сондықтан мәніне өзі түсінбейтін сөздерді айтады, ол кісі күлерлік, ақылсыз бұлталақпен *, шын мағынасы ойына кірмейтін ұрандарды жасқана қайталай береді. Сондықтан өзінің ақырғы қорытындыларының ең «қызықты» жерінде: қоғамның жоғарғы топтарына пролетариат та, «халық» та революциялық қысым жасасын, бірақ пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы болмайтын болсын деген күлкілі жайтты тек хвостистің ғана айтуы мүмкін,— мұндай сөзді тек Мартыновтың ғана айтуы мүмкін! Мартынов: пролетариат өзінің халықпен бірге ілгері басатындығын айтып, қоғамның жоғарғы топтарын қорқытса екен дейді, бірақ сонымен қатар, пролетариат өзінің жаңа искрашыл көсемдерімен бірге демократиялық жолмен *ілгері қарай жүрмеске* бел байласа екен, өйткені бұл жол — революциялық-демократиялық диктатура жолы дейді. Мартынов: пролетариат өзінің жігерсіздігін ашып көрсете отырып, жоғарғы топтардың еркіне қысым жасай берсе

* Пролетариат тіпті тым құрығанда буржуазияны кейін шегере алады деген пікірдің сорақылық екенін біз жоғарыда атап өткенбіз.

екен дейді. Мартынов: пролетариат буржуазиялық революцияны оның қисынды аяқталатын демократиялық-республикалық шегіне дейін жеткізуге жоғарғы топтарды «көнетіндей етіп» ниеттенсе екен, бірақ ниеттенгенде, халықпен бірігіп отырып революцияны осы қисынды аяқтауға дейін жеткізу ісін *өз міндетіне алудан,* өкіметті және демократиялық диктатураны өз қолына алудан өзінің қорқатындығын білдіре отырып ниеттенсе екен дейді. Мартынов: пролетариат демократиялық төңкерісте авангард болса екен дейді, *сондықтан* да ақылды Мартынов пролетариатты, көтеріліс жеңіп шыға қалған күнде, революциялық уақытша үкіметке қатысу перспективасымен *қорқытады.*

Реакцияшыл хвостизмде бұдан әрі барар жер жоқ. Мартыновқа, әулие адам болғандықтан, жаңа «Искраның» артта жүрушілік тенденцияларын ақырына дейін жеткізгендігі үшін және бұл тенденцияларды ең зәру де түбегейлі саяси мәселе жөнінде ап-айқын, әрі жүйелі айтып бергені үшін еңкейіп бас ию керек *.

III

Мартыновтың шатасуының себебі неде? Демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкерісті шатастыруында, «буржуазия» мен «пролетариат» аралығында тұратын екі аралық халық тобының (қала мен деревня кедейлерінің ұсақ буржуазиялық бұқарасының, «жартылай пролетарлардың», жартылай қожайынсымақтардың) ролін ұмытуында, біздің программа-минимумның шын маңызын ұғынбауында. Мартынов буржуазиялық министрлікке қатысу социалиске лайық емес (пролетариат социалистік төңкеріс үшін күресіп жатқан кезде) дегенді естігенде, мұны революциялық-демократиялық төңкеріске, мұндай төңкерісті толық жүзеге асыруға қажет болатын диктатураға революциялық буржуазиялық демократиямен бірге қатысуға болмайды екен деп «ұғынуға» асыққан. Мартынов біздің программа-минимумды оқып шыққан, бірақ оның ішінде буржуазия-

* «Искраның» 93-номерін алған кезімізде бұл мақала теріліп қойған еді, біз бұл номерге тағы ораламыз [10].

лық қоғам негізінде жүзеге асырылатын өзгерістердің социалистік өзгерістерден өзгеше қатаң айырмасының кітаптық қана емес, қайта нағыз өмірлік, практикалық маңызы бар екенін байқамаған *; революция дәуірінде ол программаның дереу тексеріліп, іс жүзінде қолданылуға тиісті екенін ол байқамаған. Самодержавиенің құлауы заманында революциялық-демократиялық диктатура идеясынан бас тарту өзіміздің программа-минимумды жүзеге асырудан бас тартумен бара-бар екенін Мартынов ойламаған. Шынында осы программада ұсынылған барлық экономикалық және саяси өзгерістерді, республика орнату, халықты қаруландыру, шіркеуді мемлекеттен бөлу, демократиялық толық бостандықтар, экономикалық батыл реформалар жасау талаптарын еске түсіріңіздерші. Төменгі таптардың революциялық-демократиялық диктатурасы болмайынша бұл өзгерістерді буржуазиялық құрылыс негізінде іске асыру мүмкін емес екендігі айқын емес пе? Бұл жерде әңгіменің «буржуазиядан» ** өзгешелігі бар жалғыз пролетариат туралы ғана емес, демократиялық төңкеріс атаулының белсенді қозғаушысы болып табылатын «төменгі таптар» туралы да болып отырғандығы айқын емес пе? Бұл таптар — пролетариат *және* қала мен деревняның ұсақ буржуазиялық күн көріс жағдайында тұрып жатқан оп миллиондаған кедейлері. Осы бұқараның өте көп өкілдерінің буржуазияға жататындығы күмәнсыз. Ал демократизмді толық жүзеге асыру осы бұқараның мүдделерін көздейтіні және де бұл бұқара неғұрлым сауатты болса, оның әлгі демократизмді толық жүзеге асыру үшін күресетіні соғұрлым сөзсіз екені одан да күмәнсыз. Қала мен селоның ұсақ буржуазиялық бұқарасының екі жақты саяси-экономикалық жаратылысын социал-демократ, әрине, ешқашан ұмытпайды, социализм үшін күресіп жатқан пролетариаттың өз алдына жеке,

* Қолжазбада: «... социалистік өзгерістерден өзгеше қатаң айырмасының кітаптық қана, догматтық маңызы емес, мұндай маңызды оған маркстік дүмшелер қуана-қуана бере салады, қайта нағыз өмірлік, практикалық...». *Ред.*

** Қолжазбада «буржуазиядан» деген сөзден кейін: «(буржуазиялық құрылыстың күйреуі қарсаңында оның толық аяқталған және таза категориясын орынсыз қолданатын дүмше осылай ойлайды)» делінген. *Ред.*

дербес таптық ұйымы болуының қажеттігін де социал-демократ ешқашан ұмытпайды. Бірақ, сонымен қатар социал-демократ аталған бұқараның «өткендегісінен басқа келешегінің, ескі нанымдарынан басқа санасының» [11] бар екенін, мұның өзі оны революциялық-демократиялық диктатураға қарай алға итермелейтінін де ұмытпайды; ол, білімге жалаң ғана кітап арқылы емес, қайта, тіпті кітаптан гөрі жұрттың көзін ашатын, оған саяси мектеп болатын революция барысының өзі арқылы қол жететінін ұмытпайды. Мұндай жағдайда революциялық-демократиялық диктатура идеясынан бас тартатын теория саяси мешеулікті философиялық тұрғыдан ақтау * дегеннен басқаша аталуы мүмкін емес.

Революцияшыл социал-демократ мұндай теорияны өзінен жиіркенішпен ысырып тастайды. Революция қарсаңында социал-демократ революцияның «ақыры жаман болып тынатынын» ғана көрсетіп қоймайды **. Жоқ, сонымен қатар оның ақыры жақсы болып тынуы мүмкін екенін де көрсетеді. Ол — Европаның орасан зор тәжірибесінен кейін, Россияда жұмысшы табының жігері бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде тасып, құлаш сермегеннен кейін, қараңғы, езілген бұқараның алдына бұрын-соңды болып көрмеген революция шамшырағын жағып бере алатынымыз туралы, Европаның толып жатқан революцияшыл буындарына қол артып отырғандығымыздан, барлық демократиялық өзгерістерді, өзіміздің программа-минимумды бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде толығынан жүзеге асыра алатынымыз туралы; орыс революциясын бірнеше айлық қана қозғалыс емес, бірнеше жылдық қозғалыс етуге, ол революцияның орнығып қалған өкімет тарапынан берілетін үсақ жеңілдіктерге ғана бастап қоймай, сол өкіметті біржолата құлатуға әкелетініне жететіндігіміз туралы арман ететін болады,— егер социал-демократ үмітсіз филистер болмаса, осыны арман етуге міндетті де. Ал

* Қолжазбада: «... орыс пролетариатының «кейінгі жағын» философиялық тұрғыдан қарау». *Ред.*

** Қолжазбада: «қоймайды» деген сөзден кейін «(және бұл ақыры жаман болып тынуы ешқашан «абсолютизмді *әуелгі түрінде* қалпына келтіру» мүмкін емес және ақылға сыйымсыз нәрсе деп қарамайтын болмайды)» делінген. *Ред.*

егер мұны істей алатын болсақ,— онда ма... онда революцияның өрті Европаны шарпиды; буржуазия реакциясынан қажып, азап көрген Европаның жұмысшысы да өз тарапынан бас көтеріп, «мұның қалай істелетінін» бізге көрсетіп береді; сонда Европаның революциялық өрлеуі Россияға қайта әсер етеді де, бірнеше жылдық революциялық заманнан бірнеше он жылдық революциялық заман жасайды, онда ма... «онда» біз не істейтіндігіміз туралы бір рет қана емес, бірнеше рет сөйлесіп үлгереміз, сөйлескенде Женеваның қарғыс атқан алыс түкпірінен емес, Москва мен Петербургтің көшелерінде өтетін мыңдаған жұмысшылардың жиналыстарында, орыс «мужиктерінің» еркін жиындарында сөйлесеміз.

IV

Жаңа «Искраның» филистерлері мен оның «ақылгөйіне», біздің ізгі дүмшеміз Мартыновқа бұл сияқты арманның жат, оғаш болып көрінетіні белгілі. Олар біздің программа-минимумның жай, қара халықтың революциялық диктатурасы арқылы толық жүзеге асырылуынан қорқады. Олар тура өздерінің саналылығына сенбейді, өздері құр жаттап алған (бірақ ойластырылмаған) кітапшаның нұсқағанынан айрылып қаламыз деп қорқады, демократиялық өзгерістердің дұрыс, батыл қадамдарын таптық емес, халықшылдық социализмнің немесе анархизмнің авантюристік секірістерінен айыра алмай қаламыз деп қорқады. Күнделікті, ұсақ жұмыстың күйбеңіне шырмалған кездегіден гөрі шапшаң ілгері басу үстінде түзу жолды айыру және күрделі, жаңа мәселелерді тез шешіп отыру қиынырақ соғады деп өздерінің филистерлік жаратылысы дұрыс еске салады; сондықтан олар: менен аулақ, менен аулақ! мені революциялық-демократиялық диктатураның шарпуынан сақтай гөр! апыр-ай, өліп кетпесем жарар еді! мырзалар! сіздердің «аяқтарыңызды жай басып, жасқана бұлталақтай жүргендеріңіз» жөн болар!.. деп бірдеңені сезгендей сыбырлайды.

Әңгіме көбінесе байырғы және еңбегі сіңген адамдарды коoптация жасау туралы болған кезде, жаңа искрашылдарды шын пейілімен жақтап келген Парвусқа,

ақыр аяғында, бұл сияқты керенау қауымда болу ауыр тигендігі таңқаларлық емес. Оның мұнда taedium vitae, өмірдің мехнатын жиі-жиі тарта бастағаны да таңқаларлық емес. Сөйтіп ол, ақырында, дүңк етіп ашу шығарды. Ол жаңа «Искраны» өлердей қорқытқан «революция ұйымдастыру керек» деген ұранды қорғаумен шектелген жоқ, «Искраның» «якобиншілдік» қатерден қорқып, социал-демократиялық жұмысшы партиясы туралы көрсете кетуді де жасырып, жеке листоктар ретінде басып шығарған үндеулерімен шектелген жоқ*. Жоқ. Парвус аксельродтық (әлде люксембургтік пе?) процесс-ұйым деген данасынған теорияның былықпайынан арылып, ақырында, шаян сияқты кейін тартудың орнына, ілгері баса алды. Ол Мартынов пен Мартовтың жетесіздігіне таусылмас түзетулер жасаймын деп «Сизиф жұмысын»[12] істегісі келмеді. Ол революциялық-демократиялық диктатура идеясын**, самодержавие құлатылғаннан кейін революциялық уақытша үкіметке социал-демократияның қатысуға міндетті екені туралы идеяны ашықтан-ашық (амал не, Троцкиймен бірге) қорғап шықты. Социал-демократия ілгері қарай батыл қадам жасаудан қорықпауы керек, революциялық буржуазиялық демократиямен тізе қоса отырып, жауға бірлесіп «соққы» беруден қауіптенбеуі керек, бірақ бұл арада ұйымдардың араласып кетпеуі міндетті (өте орынды ескертіліп отырған) шарт болуы керек; бөлек жүріп, бірігіп соққы беру керек; мүдделердің түрліше екенін жасырмау керек; өзіңнің одақтасыңды өзіңнің жауыңдай бақылап отыру керек, т. т. деп Парвус мың мәртебе дұрыс айтты.

Бірақ хвостистерден сырт айналған революцияшыл социал-демократтың *** бұл ұрандарының бәріне біздің

---

* Білмеймін, оқушыларымыз мынадай бір ерекше фактіні байқады ма екен: жаңа «Искраның» листоктар түрінде құшақ-құшақ етіп басып шығарған қоқсықтарының ішінде Парвус қол қойған жақсы листоктар да болды. «Искра» редакциясы біздің партиямыз туралы да, өзінің баспасы туралы да атағысы келмей, нақ осы листоктардан сырт айналып шықты.

** Қолжазбада: «Ол революциялық-демократиялық диктатура идеясын... (амал не, дауырықпа Троцкиймен бірге, оның «9 январьға дейін» деген дауырықпа кітапшасына арнаған алғы сөзінде) ашықтан-ашық қорғап шықты». *Ред.*

*** Қолжазбада беттің соңында ескерту бар: «Партияның баспаханасында басылған, Парвустың алғы сөзімен шыққан Троцкийдің кітап-

ыстық ықыласымыз неғұрлым артқан болса, Парвустың кейбір теріс қылықтары бізді соғұрлым жирендіріп, таңдандырып отыр. Оның осы азын-аулақ теріс жерлерін атап көрсеткенде, біз мұны жоқ-барды теріп, ілгіштей беретіндігімізден емес, кімге көп берілсе, содан көп сұралатын болғандықтан атап көрсетіп отырмыз. Егер Парвустың дұрыс позициясы оның өз абайсыздығы себепті беделінен айрылса, енді бәрінен қауіптісі осы болар еді. Троцкийдің кітапшасына арнап жазған, өзіміз тексеріп отырған Парвустың алғы сөзінде ең аз дегенде абайсыздықтап кеткен создердің қатарына мыналар қосылады: «Егер біз революцияшыл пролетариатты басқа саяси ағымдардан бөлектегіміз келсе, онда біз революциялық қозғалысқа идеялық жағынан бас бола білуіміз керек» (бұл дұрыс), «басқалардың бәрінен де революцияшыл болуымыз керек». Бұл дұрыс емес. Яғни, егер бұл қағиданы оған Парвустың сөздерінде берілген жалпы мағынада алсақ, бұл дұрыс емес, мұны, Парвус атамай кеткен Мартынов пен жаңа искрашылдарға бұл алғы сөздің қатысы жоқ, өзіндік мәні бар нәрсе деп ұғынатын оқушының көзқарасы тұрғысынан алғанда дұрыс емес. Егер бұл қағидаға,— көп жыл өткеннен кейін де тұтас шығарманың жеке сөздерін үзіп-жұлып, оның ішкі мағынасын бұрмалайтын алып қашпа әдебиетшілерге еліктемей,— диалектикалық жолмен, яғни шартты, нақты түрде, жан-жақты алып қарайтын болсақ, онда мұны Парвустың нақ хвостизмге қарсы бағыттағаны, *сондықтан да* оның мұнысының әділ екендігі айқын болады (Парвустың әсіресе бұдан кейінгі: «егер біз революциялық дамудан *артта қалып қоятын болсақ»* және т. т. сөздерін салыстырыңыз). Бірақ оқушы жалғыз хвостис-

---

шасы туралы, «Искра» шынтуайтқа келгенде көтеріліп отырған мәселе жөнінде сыпайылық жасап, үндемей қалады. Оған шырмаудың түйінін шешіп жату пайдасыз екені түсінікті: Мартынов орманға тығылды, Парвус отынға кетті, ал Плеханов Мартовты құлағынан сүйреп шығарғанша біз үндемей тұра тұралық! Бұл бізде «партияның идеялық басшылығы» деп аталады! Реті келгенде, бір «формалистік» күлкілі жайтты айта кеткен жөн. Советтегі біздің Соломондар партияның атын партия ұйымдарының тапсырмасы бойынша басылған кітапшаларда ғана көрсетуге болады деп қаулы етіпті. Надеждиннің, Троцкийдің және басқалардың кітапшаларын басып шығаруды қандай ұйым тапсырды екен? Соломондардан осыны білген қызық болар еді. Әлде жоғарыда аталған «қаулыны» Лениннің баспасына қарсы жасалған түкке тұрғысыз үйірмешілдік әдепсіздік деп жариялағандардыкі дұрыс болды ма екен?». *Ред.*

терді ғана есте ұстап отыра алмайды ғой, революцияның қауіпті достарының ішінде революционерлердің лагерінен шыққан хвостистерден мүлдем басқа адамдар да бар, «социалист-революционерлер» бар, оқиғалар тасқынына іліккен, революцияшыл сөздің алдында дәрменсіз — Надеждиндер сияқты адамдар, немесе өздерінің инстинктісі революциялық көзқарастың орнын басатын (Гапон сияқты) адамдар бар. Парвус олар жөнінде ұмытып кеткен, ұмытқан себебі, оның баяндауы, оның ой-пікір өрісі еркін болмай, қайта өзі оқушыны сақтандыруға тырысқан мартыновшылдықты сүйсіне еске түсірумен байланысты болып шыққан. Парвустың баяндауы онша нақты емес, өйткені ол Россияда болып отырған демократиялық төңкеріс заманында болмай қалмайтын және мұндай заманда қоғамның тап-тапқа жіктеліп болмағанын табиғи түрде көрсететін әр алуан революциялық ағымдардың күллі жиынтығымен есептеспей отыр. Айқын емес, кейде тіпті реакцияшыл социалистік пікірлер мұндай уақытта революцияшыл құрғақ сөздерге бой тасалап, революциялық-демократиялық программаны табиғи түрде бүркеп тастайды (социалист-революционерлер мен Надеждинді еске алыңыздар; Надеждин «социалист-революционерлерден» жаңа «Искраға» көшкенде, сірә, атағын ғана өзгерткен тәрізді). Ал бұл сияқты жағдайда біздер, социал-демократтар: «басқалардың бәрінен де революцияшыл болу керек» деген ұранды ешқашан қоя алмаймыз және қоймақшы емеспіз. Біз таптық негізден айрылған, құрғақ сөзді сән көретін өтімді және арзан (әсіресе аграрлық мәселе жөнінде) ұрандарға құштар демократтың революцияшылдығына ілесуді ойламаймыз да; біз, қайта, оған әрдайым сын көзімен қараймыз, ондай сөздердің шын маңызын, дәріптеліп отырған ұлы оқиғалардың шын мазмұнын әшкере етеміз, революцияның нағыз қызу кезеңдерінде таптарды және таптардың өз ішіндегі сарыпдарды дұрыс есепке алуды жұртқа үйретеміз.

Парвустың: «Россиядағы революциялық уақытша үкімет жұмысшы демократиясының үкіметі болады», «егер орыс пролетариатының революциялық қозғалысын бастаушы социал-демократия болатын болса, онда бұл үкі-

мет — социал-демократиялық үкімет болады», социал-демократиялық уақытша үкімет «социал-демократиялық көпшілік қатысқан біртұтас үкімет болады» деген қағидалары да нақ сол себептен теріс. Егер кездейсоқ, өткінші елестер туралы айтпай, аз да болса ұзақ, аз да болса тарихта із қалдыруға жарайтын революциялық диктатура туралы айтатын болсақ, мұның олай болуы *мүмкін емес.* Олай бола алмайтын себебі — халықтың ең қалың көпшілігіне арқа сүйеген революциялық диктатура ғана аз да болса берік (әрине, сөзсіз берік емес, біршама берік) диктатура бола алады. Ал қазір орыс пролетариаты Россияда халықтың азшылығы болып отыр. Ол жартылай пролетарлар, жартылай қожайындар бұқарасымен, яғни қала мен селоның ұсақ буржуазиялық кедейлерімен біріккенде ғана орасан зор, басым көпшілік бола алады. Сонда болуы мүмкін және қажет болып отырған революциялық-демократиялық диктатураның әлеуметтік базисінің мұндай құрамы, әрине, революциялық үкіметтің құрамына әсер етеді, оған революциялық демократияның нағыз әр текті өкілдерінің оған қатысуын немесе тіпті онда басым болуын сөзсіз етеді. Бұл жөнінен өзіңнің қандай да болса бір қиялға берілуің барып тұрған зиянды іс болып шығар еді. Егер де қазір даурықпа Троцкий (амал не, Парвуспен қатар түзеп) «священник Гапон бір-ақ рет көріне алды», ал «екінші Гапонға орын жоқ» деп жазып отырса, онда мұның себебі оның тек даурықпа екендігінде ғана. Егер Россияда екінші Гапонға орын болмаса, онда бізде ақырына дейін баратын, шын «ұлы» демократиялық революцияға да орын болмас еді. Ұлы болу үшін, 1848—1850 жылдарды емес, 1789—1793 жылдарды аңғарту үшін, ол жылдардан да асып түсу үшін, демократиялық революция қалың бұқараны белсенді өмірге, ерлік күш-жігер жұмсауға, «түбегейлі тарихи творчествоға» көтеруі керек, сұмдық қараңғылықтан, көз көріп, құлақ естімеген жаншылудан, адам айтқысыз тағылықтан, саңылаусыз топастықтан оятуы керек. Демократиялық революция қазірдің өзінде-ақ бұқараны көтеріп келеді, ол бұқараны көтереді,— бұл істі өзінің жанталасқан қарсылығымен үкіметтің өзі жеңілдетіп отыр, бірақ бұл жерде ол

бұқараның, оның көптеген «өзіндік», халықтық, айта берсе, тіпті мужиктік жетекшілерінің ойластырылған саяси саналылығы туралы, социал-демократиялық саналылығы туралы, әрине, сөз болуы да мүмкін емес. Олар өздерінің надандығынан ғана емес (революция жұрттың сауатын тым тез ашатынын қайталап айтсақ), қайта өздерінің таптық жағдайы пролетарлық болмағандықтан, тарихи дамудың объективтік логикасы дәл қазір олардың алдына әсте социалистік төңкеріс міндетін қоймай, демократиялық төңкеріс міндетін қойып отырғандықтан, бірсыпыра революциялық сындарды бастан кешірмейінше, қазірдің өзінде бірден социал-демократтар бола алмайды.

Ал осы төңкеріске революцияшыл пролетариат бар жігерін сала қатысатын болады, қатысқанда, біреулердің бейшаралық хвостизмін, екінші біреулердің революциялық сылдыр сөздерін өз бойынан аластай отырып, оқиғалардың ғаламат құйынына таптық айқындық пен саналылық енгізе отырып, революциялық-демократиялық диктатурадан қорықпастан, қайта оның болуын барынша тілеп, бұлтармай, батыл ілгері баса отырып, өзіне социализм жолындағы күрестің шын мәнісінде кең, XX ғасырға шын мәнісінде лайықты майданын жасап алу үшін республика жолында, республикалық толық бостандықтар жолында, экономикалық елеулі реформалар жасау жолында күрес жүргізе отырып қатысатын болады.

ПРОЛЕТАРИАТ ПЕН ШАРУАЛАРДЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДИКТАТУРАСЫ

Социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы мәселені оқиғалардың барысынан гөрі бір бағыттағы социал-демократтардың теориялық пайымдаулары алға қойып отыр. Екі фельетонда (№№ 13 және 14) біз бұл мәселені бірінші болып көтерген Мартыновтың * пайымдауларын талдап анықтап алдық. Алайда бұл мәселеге жұрттың құштарлығы соншама зор, ал жоғарыда айтылған пайымдаулардан (әсіресе «Искраның» 93-номерін қараңыз) туатын шатақ соншама үлкен екен, сондықтан бұл мәселеге тағы да бір рет тоқтала кету қажет болды. Таяу болашақта бұл мәселені біздің тек теория жағынан ғана шешумен тынып қоймауымыз мүмкін екенін социал-демократтар қалай бағаласа, солай бағаласын, партия үшін қайткен күнде де ең таяудағы мақсаттардың айқын болуы қажет. Бұл мәселеге анық жауап берілмейінше қобалжудан немесе бүкпелеуден аулақ табанды насихат пен үгіт жүргізу қазірдің өзінде мүмкін емес.

Даулы мәселенің мәні неде екенін еске түсіруге тырысып көрелік. Егер біз самодержавиеден жеңілдік алуды ғана күтпей, қайта, оны біржолата құлатуды ойласақ, онда біз патша үкіметінің орнына революциялық уақытша үкімет орнатуға күш салуға тиіспіз, бұл үкімет, бір жағынан, шын мәніндегі жалпыға бірдей, төте және тең сайлау правосы негізінде дауысты жасырын

* Қараңыз: осы том, 1—21-беттер. *Ред.*

КАВКАЗСКІЙ СОЮЗЪ РОС. СОЦ.-ДЕМ. РАБОЧЕЙ ПАРТІИ.

Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

Брошюры по партійнымъ вопросамъ № 3.

Революціонная демократическая диктатура пролетаріата и крестьянства.

(Перепеч. изъ № 14 „Впередъ“).

Изданіе Союзнаго Комитета.

Типографія Союза.
1905.

В. И. Лениннің «Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы» деген кітапшасының мұқабасы.— 1905 ж.

беру жолымен құрылтай жиналысын шақырар еді, ал екінші жағынан, сайлау кезінде толық бостандықты іс жүзінде жүзеге асырарлық халде болар еді. Енді міне осындай революциялық уақытша үкіметке социал-демократиялық жұмысшы партиясының қатысуына бола ма? — деген сұрақ туады. Бұл мәселені бірінші рет біздің партияның оппортунистік қанатының өкілдері, атап айтқанда, Мартынов, тіпті 9 январьдан бұрын қойды, ал бірақ ол және оның ізінше «Искра» да бұл мәселені болмайды деп шешті. Мартынов революцияны ұйымдастыру жұмысымыз табысты болған күнде, біздің партия тарапынан қарулы халық көтерілісіне басшылық жасалған күнде бізге революциялық уақытша үкіметке қатысуға *тура келеді* деп революцияшыл социал-демократтарды *қорқытып*, олардың көзқарасын сандыраққа шығаруға тырысты. Ал ондай қатысу «өкіметті» жолсыз «басып алғандық» болады, таптық социал-демократиялық партия үшін лайықсыз, «тұрпайы жоресизм» болады деді.

Осы көзқарасты жақтаушылардың пікірлеріне тоқтап көрелік. Уақытша үкіметте бола отырып, дейді олар бізге, социал-демократия өкіметті қолында ұстайтын болады; социал-демократия пролетариаттың партиясы ретіндегі біздің программа-максимумды орындауға тырыспайынша, яғни социалистік төңкерісті жүзеге асыруға тырыспайынша өкіметті қолында ұстап тұра алмайды. Ал қазіргі уақытта мұндай істе социал-демократия сөзсіз жеңіліске ұшырайды, тек өзін масқаралайды, тек реакцияның сойылын соғады. Сондықтан революциялық уақытша үкіметке социал-демократияның қатысуы жолсыз — деседі.

Бұл пікір демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкерісті,— республика жолындағы күрес (бұған біздің бүкіл программа-минимум да кіреді) пен социализм жолындағы күресті шатастырудан туған. Социал-демократия социалистік төңкеріс жасауды дереу өзіне мақсат етіп қоюға тырысса, мұнымен ол шынында да өзін өзі тек масқаралаған болар еді. Алайда социал-демократия біздің «социалист-революционерлердің» дәл осы секілді күңгірт, көмескі идеяларымен әрдайым шайқасып кел-

ген еді. Дәл сондықтан социал-демократия Россияда болғалы тұрған революцияның буржуазиялық сипатын әрдайым баса айтып келді, дәл сондықтан демократиялық программа-минимумды социалистік программа-максимумнан айыра білуді қатаң талап етіп келді. Ал мұның бәрін төңкеріс уақытында бүкіл партия ұмытпай, қайта стихиялықтың алдында бас сауғалауға бейім тұратын кейбір социал-демократтар ғана ұмытуы мүмкін. Бұл қате пікірді жақтаушылар жағдай осындай болып тұрғанда оқиғалардың барысы социал-демократияны еркіне қоймай, социалистік төңкерісті жүзеге асыруды қолға алуға мәжбүр етеді деп ойлап, стихиялық алдында бас иіп отыр. Егер бұл осылай болып шықса, онда біздің программамыз теріс болғаны ғой, онда ол программа «оқиғалардың барысына» сәйкес келмес еді ғой: стихиялық алдында бас июшілер дәл осыдан қорқады, біздің программамыздың дұрыстығынан қорқады. Бірақ олардың қорқынышы (бұл қорқыныштың психологиялық себебін біз фельетондарымызда көрсетуге тырысқанбыз) ақырына дейін негізсіз. Біздің программамыз дұрыс. Дәл осы оқиғалардың барысы оның дұрыстығын сөзсіз дәлелдейді және әрі барған сайын көбірек дәлелдейді. Дәл осы оқиғалардың барысы бізге республика үшін жанталаса күресудің сөзсіз керектігін «жүктейді», дәл осы оқиғалардың барысы іс жүзінде біздің күштерімізді, саяси белсенді пролетариаттың күштерін нақ осы жолға бағыттайды. Дәл осы оқиғалардың барысы демократиялық төңкеріс кезінде бізге ұсақ буржуазия мен шаруалардан соншама көп одақтастарды сөзсіз қосып береді, олардың нақты қажеттері дәл осы программа-минимумды жүзеге асыруды талап етеді, сондықтан программа-максимумға өте тез өтуден қауіптену тура кісі күлерлік болады.

Ал, екінші жағынан, ұсақ буржуазиялық демократиядан шыққан дәл осы одақтастардың өздері белгілі бағыттағы социал-демократтар арасында жаңа қауіптер туғызады, атап айтқанда, «тұрпайы жоресизм» жөнінде қауіптер туғызады. Буржуазияшыл демократиямен бірге үкіметке қатысуға Амстердам конгресінің[13] қарары бойынша тыйым салынған, жоресизм деген міне осы,

ягни пролетариаттың мүдделерін сапасыздықпен сатып кеткендік, пролетариатты буржуазияның құйыршығына айналдырғандық, буржуазиялық қоғамда іс жүзінде ешбір қол жетпейтін өкімет сағымымен пролетариатты аздырғандық деген осы.

Бұл пікірдің қателігі де кем түспейді. Бұл пікір — оның авторларының жақсы қарарларды жаттап алғанын, бірақ олардың маңызын түсінбегенін көрсетеді;— кейбір антижорестік сылдыр сөздерді жаттап алғанын, бірақ оларды ақылға салып ойламағанын, сондықтан оларды мүлде орынсыз қолданып жүргенін көрсетеді;— халықаралық революциялық социал-демократияның соңғы тағлымдарының рухын үйренбей, қайта әрпін ғана үйреніп алғанын көрсетеді. Кімде-кім жоресизмді диалектикалық-материалистік тұрғыдан бағалағысы келсе, ол субъективтік дәлелдер мен объективтік тарихи жағдайларды кәміл айыра білуге тиіс. Субъективтік тұрғыдан алғанда Жорес буржуазиялық демократиямен одақ жасай отырып, республиканы сақтап қалмақшы болды. Бұл «тәжірибенің» объективтік жағдайлары — Францияда республика сол кездің өзінде-ақ факт еді және оған ешбір елеулі қауіп төнген жоқ еді,— жұмысшы табының дербес таптық саяси ұйымын өркендетуіне толық мүмкіншілігі болды, бірақ ол бұл мүмкіншілікті жеткілікті пайдалана алмады, пайдалана алмағанда, ішінара, оның жетекшілерінің парламенттік жылтырауық бояма істермен орасан көп әуестенгендігінен пайдалана алмады,— іс жүзінде жұмысшы табының алдына тарихтың өзі-ақ социалистік төңкеріс жасау міндеттерін объективті түрде қойған еді, бірақ Мильерандар пролетариатты болмашы әлеуметтік реформалар жасау дегенмен *алдап,* оны бұдан басқа жаққа бұрып әкетіп отырды.

Енді Россияны алыңыздар. Субъективтік тұрғыдан алғанда впередшілдер немесе Парвус сияқты революцияшыл социал-демократтар республиканы қорғап қалғысы келеді, бұл үшін олар революциялық буржуазиялық демократиямен одаққа кіреді. Мұндағы объективтік жағдайлардың Франциядағы объективтік жағдайлардан айырмасы жер мен көктей. Объективтік тұрғыдан алған-

да, оқиғалардың тарихи барысы енді орыс пролетариатының алдына дәл демократиялық буржуазиялық төңкерістің міндетін қойып отыр (бұл төңкерістің күллі мазмұнын ықшамдап республика деген сөзбен көрсетеміз); дәл осы міндет бүкіл халық алдында, яғни ұсақ буржуазия мен шаруалардың күллі бұқарасының алдында тұр; социалистік төңкеріс жасауға керекті дербес таптық ұйымның қалайда бұл төңкеріссіз кеңінен өркендеуі мүмкін емес.

Объективтік жағдайлардың бүкіл айырмасын өздеріңіз нақты ойға түсіріңіздер де, мынаны айтыңыздаршы: кейбір сөздердің ұқсастығының, кейбір әріптердің үндестігінің, субъективтік дәлелдемелердің бірдейлігінің қызығына түсіп кетіп, бұл айырманы есінен шығарып алатын адамдар туралы не ойлауға болады?

Францияда Жорес республика жолындағы күрестің субъективтік мақсатын теріс жамылып, буржуазиялық әлеуметтік реформаға бас иген екен деп, сірә біз, орыс социал-демократтары, республика үшін елеулі күрес жүргізуден бас тартуға тиіс екенбіз ғой! Әсте жаңа искрашылдардың данасынуы осыған, нақ осыған соғып отыр.

Шынында да, пролетариат үшін халықтың ұсақ буржуазиялық бұқарасымен одақтаспай тұрып, оның республика жолында күресуі мүмкін болмайтыны айқын емес пе? Пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатурасы болмайынша бұл күрес ойдағыдай болады деп үміттенудің ешқандай нышаны жоқ екені айқын емес пе? Біз талдау жасап отырған көзқарастың басты кемшіліктерінің бірі — оның жансыздығында, шаблондылығында, революциялық дәуірдің жағдайларын естен шығарып отырғанында. Республика үшін күресу және сөйте тұра революциялық демократиялық диктатурадан бас тарту,— мұның өзі Ойямапың Мукденге өзі кіру пікірінен күні бұрын бас тартып, оның Мукден түбінде Куропаткинпмен соғыспақ болғаны сияқты нәрсе. Егер біз, революцияшыл халық, яғни пролетариат пен шаруалар, самодержавиеге «бірігіп соққы бергіміз» келсе, онда біз оны біржола бірігіп құртуға, бірігіп өлтіруге тиіспіз, самодержавиені қайта жаңғыртуға сөзсіз болатын

әрекеттерді бірігіп тойтаруға тиіспіз! (Нендей бір теріс түсініктен аулақ болу үшін, тағы бір ескертетініміз: біз басқару формасын ғана, және тіпті соны ғана республика деп санамаймыз, программа-минимумның демократиялық өзгерістерінің күллі жиынтығын республика деп санаймыз.) Мәселені «секірусіз» болатын, баяу, бірқалыппен жоғары өрлеп отыратын бір тура жол сияқты нәрсе деп түсіну үшін: әуелі кезек либерал ірі буржуазияға беріледі-міс — онда самодержавие жеңілдіктер береді; онан соң кезек революцияшыл ұсақ буржуазияға беріледі-міс — онда демократиялық республика орнайды; ақырында, кезек пролетариатқа тиеді-міс — онда социалистік төңкеріс болады — деп түсінсек, шынында тарихты мектеп шәкіртінше ұғынғандық болады. Жалпы, тұтас алғанда бұл дұрыс желі, французлар айтқандай, «ұзақ уақытқа» дұрыс болатын, бір ғасыр кезеңі бойына (мәселен, Франция үшін 1789 жылдан 1905 жылға дейін) дұрыс болатын желі, бірақ революциялық замандағы өз қызметінің жоспарын осы желіге сүйеніп жасау үшін — бұл үшін филистерліктің асқан шебері болу керек. Егер орыс самодержавиесі, тіпті қазірдің өзінде келте конституция шығару арқылы да құтыла алмайтын болса, егер оның іргесі шайқалып қана қоймай, шынымен *құлатылатын* болса, онда бұл жеңісті сақтап қалу үшін, тегінде, барлық алдыңғы қатарлы таптардың революциялық қайрат-жігерін барынша мықтап жұмсау керек болады. Ал осы «сақтап қалынатын» нәрсе — пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатурасы, одан басқа еш нәрсе де емес! Қазір біз неғұрлым көп нәрсе жеңіп ала алсақ, жеңіп алынғанды неғұрлым зор жігермен сақтап қала алсақ, кейіннен болмай қоймайтын болашақ реакцияның бізден тартып алатын нәрсесі соғұрлым аз болмақ, реакцияның осы аралық кезеңдері соғұрлым қысқа болмақ, біздің соңымыздан еретін пролетарлық күрескерлердің міндеті соғұрлым жеңіл болмақ.

Ал бұл арада болашақ жеңістердің тәуірлеу бір кесегін күн ілгері, күреске дейін, «Иловайскийше» кезбен дәл мөлшерлеп алғысы келетін адамдар табылып отыр, бұлар Россияның жұмысшы табын сұмдық революция-

лық демократиялық диктатура деген құбыжықпен қорқытуды самодержавие құламас бұрын, тіпті 9 январьдан бұрын-ақ ойлап қойған болатын! Ал осы кезшілер де революцияшыл социал-демократтар деген атқа ие болғысы келеді...

Буржуазиялық революциялық демократиямен бірге уақытша үкіметке қатысу — бұл буржуазиялық құрылысты қастерлеу ғой, абақты мен полицияның, жұмыссыздық пен қайыршылықтың, жеке меншік пен жез өкшеліктің сақталуын қастерлеу ғой деп зар жылайды олар. Мұның өзі не анархистерге, не халықшылдарға лайықты дәлел. Бұл буржуазиялық саяси бостандық екен деп, социал-демократия саяси бостандық жолындағы күрестен сырт айналып кетпейді. Социал-демократия буржуазиялық құрылысты «қастерлеуге» тарихи тұрғыдан қарайды. Фейербахтан Бюхнердің, Фогтың және Молешоттың материализмін қастерлейсің бе деп сұрағанда, ол: мен материализмнің болашаққа қатынасын емес, өткенге қатынасын қастерлеймін деп жауап берген екен. Міне, социал-демократия да буржуазиялық құрылысты дәл осылайша қастерлейді. Самодержавиелік-крепостниктік буржуазиялық құрылыспен салыстырғанда республикалық-демократиялық буржуазиялық құрылысты қастерлейміз деуден социал-демократия еш уақыт қорыққан емес, еш уақыт қорықпайды да. Бірақ социал-демократия буржуазиялық республиканы «қастерлегенде» таптық үстемдіктің ақырғы формасы ретінде ғана қастерлейді, оны пролетариаттың буржуазиямен күресуіне неғұрлым қолайлы майдан есебінде қастерлейді, оны абақтылары мен полициясы, жеке меншігі мен жез өкшелігі үшін емес, осы сүйкімді мекемелерге қарсы кең де еркін күрес ашу үшін қастерлейді.

Әрине, революциялық уақытша үкіметке өзіміздің қатысуымыз социал-демократияға ешқандай қауіп туғызбайды деген пікірден біз мүлде аулақпыз. Қауіп туғызбайтын күрес формасы, қауіп туғызбайтын саяси жағдай болмайды, болуы да мүмкін емес. Егер революциялық таптық сезім болмаса, егер ғылым дәрежесінде тұрған тұтас дүние тану көзқарасы болмаса, егер баста

ми болмаса (жаңа искрашыл жолдастардың шамына тию үшін айтылып отырған жоқ),— онда стачкаларға қатысу да қауіпті — «экономизмге» соқтыруы мүмкін,— парламент күресіне қатысу да қауіпті — парламенттік кретинизммен [14] аяқталуы мүмкін,— земстволық либералдық демократияны қолдау да қауіпті — «земство науқанының жоспарына» ұрындыруы мүмкін. Онда тіпті француз революциясының тарихы жөніндегі Жорес пен Олардың өте-мөте пайдалы шығармаларын оқу да қауіпті — Мартыновтың екі диктатура туралы кітапшасына әкеліп соғуы мүмкін.

Әлбетте, егер социал-демократия пролетариаттың ұсақ буржуазиядан таптық өзгешелігін бір минутқа болса да ұмытса, егер социал-демократия сенуге болмайтын белгілі бір интеллигенттік ұсақ буржуазиялық партиямен өзімізге тиімсіз одақты мезгілсіз жасаса, егер социал-демократия өзінің дербес мақсаттарын және (қандай да болсын барлық саяси ситуациялар мен ахуалдар тұсында, қандай да болсын барлық саяси бұрылыстар мен төңкерістер тұсында) пролетариаттың таптық санасы мен оның дербес саяси ұйымын дамытуды ең негізгі міндет етіп қою керектігін бір минутқа болса да ұмытса — онда революциялық уақытша үкіметке қатысу мүлдем қауіпті болып шығар еді. Бірақ мұндай жағдайда, саяси қадамның қай-қайсысы да дәл сондай дәрежеде қауіпті болатынын қайталап айтамыз. Болуы мүмкін бұл қауіптерді революциялық социал-демократияның ең таяудағы міндеттерді қазіргі алға қоюымен орайластырудың қаншалықты негізсіз екенін, мұны жұрттың бәріне ең жай анықтамалар көрсетіп береді. Өзіміз туралы айтпай-ақ, өзіміз қарастырып отырған мәселе жөнінде «Вперед» газетінде жасалған толып жатқан мәлімдемелерді, сақтандыруларды, нұсқауларды қайталап жатпай-ақ, Парвусқа жүгініп көрейікші. Социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуын жақтай келіп, Парвус біздің еш уақыт ұмытуымызға болмайтын мына шарттарды мейлінше баса көрсетіп отыр: бөлек жүріп, бірігіп соққы беру керек, ұйымдарды араластырмау керек, одақтасыңды жауыңдай қадағалап отыру керек және т. т. Біз істің бұ-

рын фельетонда атап көрсетілген бұл жағына егжей-тегжейлі тоқталып жатпаймыз.

Жоқ, қазіргі уақытта социал-демократияға шын саяси қауіп мүлде жаңа искрашылдар іздеп жүрген жақтан төніп тұрған жоқ. Бізді пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы туралы ой қорқытпауға тиіс, қайта бізді хвостизм мен әрекетсіздік* рухы қорқытуға тиіс, бұл рух ұйымдастыру-процесі, қарулану-процесі деген және т. с. неше түрлі теориялардан көрініп, пролетариат партиясына іріткі саларлық әсер етіп отыр. Мәселен, пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы мен революциялық уақытша үкіметтің арасынан айырмашылық таппақ болған «Исқраның» ең жаңа әрекетін алып қараңыз. Мұның өзі әрекетсіз схоластиканың үлгісі емес пе? Мұндай айырмаларды ойлап шығарушы адамдар жел сөзді жіпке тізуге қабілетті, бірақ ойлауға мүлдем қабілетсіз. Шынында жоғарыда көрсетілген ұғымдардың арасындағы қатынас шамамен айтқанда заңдық форма мен таптық мазмұнның арасындағы қатынас тәрізді. Кімде-кім «революциялық уақытша үкімет» десе, ол мәселенің мемлекеттік-праволық жағын, үкіметтің заң арқылы шықпай, революция арқылы шыққанын, болашақ құрылтай жиналысына телінген үкіметтің уақытша сипатын атап айтқаны. Бірақ формасы қандай болса да, шыққан тегі қандай болса да, жағдайлар қандай болса да, қайткен күнде де, революциялық уақытша үкіметтің белгілі таптарға сүйенбей тұра алмайтыны анық. Революциялық уақытша үкімет пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатурасынан басқа еш нәрсе де емес екенін көру үшін осы айдан анық нәрсені еске түсірсе болғаны. Демек, «Исқраның» айтып отырған айырмасы, партияны тек кері сүйрейді, орыс революциясындағы таптық мүдделерге нақты талдау жасау міндетінен аулақтатып, сөз жүзіндегі жеміссіз таласқа сүйрейді.

* Қолжазбада: «... хвостизм, филистерлік, көргенінен жазбау, шаблондық және әрекетсіздік рухы».

Бұл арада және төменде, кітап беті соңындағы ескертулерде, газет үшін М. С. Ольминский түзеткен өте маңызды жерлер қолжазба бойынша қалпына келтіріліп отыр. *Ред.*

Немесе «Искраның» екінші бір пікірін алып қараңыз: революциялық уақытша үкімет жасасын!— деген ұран жайында «Искра» уағыз айтқансып: ««жасасын», «үкімет» деген сөздердің тіркес келуі ауызды ластайды» деп ескертеді. Мұның өзі құрғақ, бос сөз емес пе?* Олар самодержавиені құлату туралы сөз қозғайды да, сөйте тұра революциялық үкіметті құттықтаумен өзімізге кір келтіреміз деп қорқады! Олардың республиканы құттықтағанда өздеріне кір келтіруден қорықпауы шынында таңқаларлық іс: республика болса сөзсіз үкімет те болады ғой, болғанда да нақ буржуазиялық үкімет болатынына ешбір социал-демократ еш уақытта күмәнданған емес. Революциялық уақытша үкіметті құттықтау мен демократиялық республиканы құттықтаудың арасында қандай айырмашылық бар? Ең революцияшыл таптың саяси басшысы — социал-демократия інжір жапырағы керек деп қылымсып қасарысатын, олексе, бейшара кәрі қызға ұқсап: буржуазиялық-демократиялық үкіметті білдіретін нәрсені құттықтауға болады, бірақ революциялық-демократиялық уақытша үкіметті тікелей құттықтауға болмайды дей ала ма?

Жағдай мынадай делік: Петербург жұмысшыларының көтерілісі женді. Самодержавие құлатылды. Революциялық уақытша үкімет жарияланды. Қарулы жұмысшылар: революциялық уақытша үкімет жасасын!— деген ұранды естіп шаттыққа бөленуде. Бір шетте жаңа искрашылдар тұр, олар мүләйім көздерін жаутаңдатып, ет-бауыры елжіреген жүректерін ұстап, тәубе етіп: біздің мына сорлыларға ұқсамағанымыз үшін, ауызымызды әлгіндей тіркес сөздермен ластамағанымыз үшін... иә, құдайым, өзіңе мың мәртебе рақмет, деп зікір салады.

Олай емес, мың мәртебе олай емес, жолдастар! Революциялық буржуазиялық демократиямен бірге мейлінше батыл, еш нәрседен именбестен республикалық төң-

---

* Қолжазбада «бос сөз емес пе?» деген нен кейін мынадай сөздер бар: «Социал-демократтардың кейбір бөлегінің идеялық жарынан кейбір іріп-шіру процесін көрсету үшін осы сөздің бір өзі-ақ жеткілікті емес пе? Бұл пролетариат авангардының көзқарасы емес, қайта оның құйыршығының көзқарасы ғой, бұлар саяси басшылар емес, қайта саяси өсиетшілер, бұлар революционерлер емес, қайта филистерлер». *Ред.*

керіске қатысу арқылы өзімізге кір жұқтырамыз деп қорықпаңдар. Оған қатысудан туатын қауіптерді тым әсірелеп көрсетпеңдер, оны біздің ұйымдасқан пролетариат толық жеңіп шыға алады. Пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатурасының бірнеше айы саяси тоқыраудың бейбіт, жұртты топастандыратын қалпының ондаған жылының істейтінінен көп нәрсе істейді. Егер орыс жұмысшы табы 9 январьдан кейін саяси құлдық жағдайында отырып, миллионнан астам пролетарларды бірлескеп, табанды, ұстамды күреске шығуға жұмылдыра алған болса, онда революциялық-демократиялық диктатура жағдайында біз қала мен деревняның ондаған миллион кедейлерін жұмылдыра аламыз, біз орыстың саяси революциясынан европалық социалистік төңкерістің прологын жасаймыз.

«Вперед» № 14,
12 апрель (30 март), 1905 ж.

«Вперед» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ФРАНЦУЗ-ОРЫСТЫҢ «ЖЕҢ ҰШЫНАН ЖАЛҒАСУ» ӘДЕТТЕРІ!

Немістің социал-демократиялық газеті «Vorwärts»[15] осындай тақырыппен таяуда өте бағалы бір документ: Батиньолдағы (Париж маңындағы) ірі машина фабрикасының директоры Жюль Гуэн (Jules Gouin) мырзаның Питер министрліктерінің бірінде қызмет істейтін чиновникке жазған хатының түпнұсқасын басып шығарды. Осы мырзаның делдалдығы арқылы француз фабрикасы 114 локомотивке заказ алған. Заказдың жалпы құны (бір локомотив 27 700 франк) — 3 миллион франк, яғни 1 200 000 сом шамасы. Заказды жеткізіп берудегі делдалдығы үшін министрліктің ізгі чиновнигі (өз жанымыздан қосып айтсақ: сірә, ол әжептәуір жоғары қызметте болса керек), хаттан көрініп отырғанындай, 1-ден, сатып алу бағасының екі процентін алады. Бұл 25 000 сом шамасы болады. Хаттан (орын жетпейтіндіктен біз бұл хатты түгел келтірмейміз) бұл сомадан 13 000 франк ақшаны делдалдың қазір-ақ алып қойғаны, қалғаны әр түрлі мерзімде төленетіні көрініп отыр. Оның үстіне локомотивтердің әдеттегі типін орыс жолдарына лайықтап өзгерткендік үшін айрықша төленеді. Париж фирмасының Петербургтегі өкілі фабрика талап етіп отырған осы қосымша төлемнің қаншалық көтеріңкі екенін әлгі чиновникке алдын ала хабарлауды міндетіне алады. Егерде чиновник орыс үкіметінен фабрика белгілеген бағадан көтеріңкі баға «түсіріп алса», онда айырмасы, шартқа сәйкес, нақ әлгі «делдалға» тиеді. Мұның өзі француз хатын немісшеге аударғанда Vermittlungsgebühr, «делдалдығы үшін беріле-

тін сыйлық» деп аталады. Ал іс жүзінде, әлбетте, француз капиталисі мен орыс министрлігі чиновнигінің шарт бойынша бірлесіп жасаған арсыз алаяқтығы мен қазына ұрлағыштығы осы сөзбен бүркеліп отыр.

Бұл хат орыс сатылғыштығын және осы сатылғыштықтан шетел капиталының қалай пайда түсіріп отырғанын айқын көрсетеді деп «Vorwärts» дұрыс айтады. Хат мәдениетті капиталистік ұлттарда «іскерлік» қатынастардың дағдылы практикасы қандай екенін документ жүзінде дәлелдеп отыр. Мұндай қылықтар Европаның барлық жерінде бар, бірақ бұлар еш жерде Россиядағыдай арсыздықпен істелмейді, сатылу үшін самодержавиелік Россиядағыдай «саяси қауіпсіздік» (әйгіленуден қауіпсіз болушылық) басқа еш жерде де жоқ. Европалық өнеркәсіптің орыс самодержавиесін оның астыртын епті қулық-сұмдық істейтін жауапсыз чиновниктерімен қоса аман сақтауды не үшін көздеп отырғаны түсінікті!— деп қорытады неміс социал-демократтары. Әкімшілікке жария бақылау қаупін туғызатын конституциядан орыс чиновниктерінің не үшін ат-тонын ала қашатыны түсінікті. Осы мысалға қарап, орыс-жапон соғысында орыс бюрократиясының өз пайдасына қанша ақша «тауып» отырғанын,— немістің мұхит кемелерін Россияға сатқанның өзінде Питердегі министрліктер чиновниктерінің қалталарына қанша соманың түскенін елестетуге болады! Халық күйзелісі — соғыс қару-жарағын берушілер мен сатылғыш чиновниктер үшін алтын қойма.

«Вперед» № 14,
12 апрель (30 март), 1905 ж.

«Вперед» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

САНКТ-ПЕТЕРБУРГ МЕТАЛЛ ЗАВОДЫНЫҢ БІР ТОП ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫҢ ҚАРАРЫНА «ВПЕРЕД» РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ ЕСКЕРТУІ[16]

Редакциядан. Біз жұмысшы жолдастардың бұл қарарын белгілі бір жағдайларда күресуші пролетариаттың едәуір бөлегін қамтуы мүмкін пиғылға тәп көрініс ретінде басып отырмыз*. Партияның жіктелуі,— әсіресе жасырын жік,— жұмысшы қозғалысына қисапсыз көп қырсығын тигізетіндігіне күмән жоқ. Россияда, жоғарыда келтірілген Харьков қарарынан[17] көрініп отырғанындай, партиялық борышқа шетелде жүргендерден гөрі әлдеқайда ар-ұятпен қарайтын меньшевиктер бар. Көпшілік Комитеттері Бюросымен бірігіп жасаған Орталық Комитеттің жаңа декларациясы да, міне, осыны дәлелдейді[18]. Бірігу жөніндегі соңғы әрекеттің табысты болуын тағы да тілейміз.

«Вперед» № 14,
12 апрель (30 март), 1905 ж.

«Вперед» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

---

* Бірінші сөйлемді М. С. Ольминский жазған. *Ред.*

АУРУ БАСТЫҢ САҚИНАСЫН САУ БАСҚА ТЕЛУ *

«Искраның» 92-номерінде «Берік бағыттың бұралаң жолы» деген мақала басылды; мақала «Вперед» іс жүзінде ескі «Искраның» [19] принциптері мен жолын әсте бұлжытпай, берік ұстап отырған жоқ, қайта керісінше, жаңа «Искраның» ізімен бұралаңдап жүріп келеді деп дәлелдеуге тырысады. Шынына келгенде, бұл пікірдің сөлекеттігі соншалық, бұған онша көңіл бөліп, тоқтап жатпаса да болар еді. Мұндағы ерекшелік, жаңа искралық айтыстың мазмұны емес, өйткені ол мазмұннан мүлде жұрдай, мұндағы ерекшелік оның тәсілдері. Бұл тәсілдерге тоқталуға болады; осы тәсілдерді талдаудан біз айтыстың да айтысы бар екенін көреміз. Ескі «Искраны» айтысы үшін жақтырмайтын, бірақ бұл айтысты принципсіз деп жариялау бұрын-соңды бірде-бір адамның ойына кіріп те шыққан емес. Айтысы үшін жаңа «Искраны» жек көреді, себебі, практик-қызметкерлер бұқарасы да, табанды рабоче-делошылдар да, Плеханов бастаған «ымырашылдар» да айтыстың принципсіздік сипатын көріп отыр.

Мұндай айтыстың қандай тәсілдер қолданатынын біз қазір оқушыға көрсетпекшіміз.

«Искраның» әрбір қадамына ілесіп отырайық. «Вперед» партияны жіктелуге итермелейді,— дейді ол. Бұл өтірік. Партия дағдарысын сөз жүзінде емес, документтер бойынша зерттегендердің бәрі екінші съезден соң [20] іле-шала партияны жікке бөлген, онда да жасырын ұйым құрып, жасырын жікке бөлген азшылықтың нақ

* Орынның жеткіліксіздігінен кешігіп қалды.

өзі екенін біледі. Енді шындықты айтпай, «Искра» екіжүзділік жасап отыр. Ашық жіктелу үшін жек көруге болады, ал жасырын жіктелуден жиренбеуге болмайды. «Вперед» жасырын жікті тілемейді, бар болғаны осы.

Сонан соң, автономизм мен централизм мәселесі жөнінде бізден қайшы пікір тапқысы келетіндер бар. Ленин «Адымдарда»* автономизм дегеніміз оппортунизмнің принципі деп сендіріп еді, ал енді Көпшілік Комитеттері Бюросының өзі жергілікті комитеттердің мүмкіндігінше кең автономиясы болуын жақтап отыр деседі. Ленин демократизмге көзқарастағы бюрократизм дегеніміз оппортунистердің ұйымдық принципіне көзқарастағы революцияшыл социал-демократияның ұйымдық принципі деп сендіріп еді, ал Көпшілік Комитеттері Бюросы бюрократизм туралы өзі айтып отыр деседі. Бізге тағылған айыптың мазмұны осындай. Мұның өзі тағы тікелей өтірікке негізделген. Ленин «Адымдарда» (және «Адымдарға» дейін ««Искра» редакциясына хатта» **) бюрократизмге қарсы, автономизмді жақтап айтылған және т. т. сөздер тым көмескі, бұлардың мағынасын әркім өзінше өзгертіп, түрліше ұғынып жүр деп ондаған, жүздеген рет ескертті де, айтты да, ойға салды да, атап көрсетті де. Істің шын мәнісінде, деді Ленин жүздеген рет, бұл сөздер тек қана кооптация жасау тілегін бүркемелеп отыр. Лениннің бұл сөздері енді түгелімен және документ жүзінде расталып отыр. Егер бұл сөздерді алуға принцип жүзінде келіссек,— деді Ленин (*егер* келіссек!),— онда біз мынаны көреміз. Бюрократизм, жалпы алғанда, кеңсешілдікті, сергелдеңге салушылықты, қағаз бастылықты, ат үсті жауап берушілікті білдіруі мүмкін. Мұндай бюрократизм жақсы емес, деді. Ленин және өзінің сөзін Мартовтың белгілі устав жобасын мысалға келтіре отырып түсіндірді. Көпшілік Комитеттері Бюросының осындай бюрократизм туралы айтып отырғаны азды-көпті түйсігі бар оқушыға айқын, сондықтан «Впередте» қайшы пікірлер бар деп айыптау балалық жасаумен бірдей. Бюрократизм — оппозиция атаулының заңды праволарын және, егер

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 199—442-беттер. *Ред.*

** Бұл да сонда, 103—110-беттер. *Ред.*

осылай деуге болатын болса, «табиғи» праволарын бұзғандық, азшылыққа қарсы теріс амалмен күрескендік деген мағынаны білдіруі мүмкін. Мұндай бюрократизмнің болуы мүмкін, деді Ленин, бірақ мұнда принциптік еш нәрсе жоқ. Онымен күресу керек, күресканде азшылықтың праволарын қамтамасыз ететін конституциялық кепілдіктер белгілеу арқылы күресу керек. Мұндай кепілдіктерді тұңғыш рет тастай беріктер немесе, қазіргіше айтқанда, впередшілдер 22-нің белгілі декларациясында[21] айқын, тура, ашық ұсынды; ол декларация августа, бұдан 7 ай бұрын шықты, содан бері жаңа искрашылдар бұл декларацияға өзінің көзқарасын екіұшты етпей белгілеуге титтей де әрекеттенген емес.

Бірақ бюрократизм, антиавтономизм және т. б. жөніндегі бұл ұғымдардан басқа оларда жеке жөнсіздіктер, ұшқарылықтар және т. с. ретіндегі емес, бүкіл ұйымның жалпы принциптері ретіндегі нағыз принциптік ұғым болуы мүмкін. Біздің еркімізге қарамастан, біздің қарсылығымызға қарамастан бізге осындай ұғымды меньшевиктер таңып келді. Ленин ««Искра» редакциясына хатта» да, «Адымдарда» да дағдарыс пен жіктелудің нақты және іс жүзіндегі бет алысын бүркейтін мұндай ұғымнан жүздеген рет сақтандырып отырды. Ленин ««Искра» редакциясына хатта»: мырзалар, бос сөзді қойыңдар, мұның $^{9}/_{10}$-ы түкке тұрғысыз сөз ғой!—деп ашықтан-ашық шақырды. Сол үшін Ленинге тарпа бас салды, ал Орталық Орган принциптер бар деп дәлелдей бастады. Ал егер осылай болса, онда автономизм *принципі* дегеніміз социал-демократиялық ұйымның нағыз оппортунистік принципі деп жауап берді Ленин және впередшілдер әрқашап осылай жауап береді. Егер осылай болса, онда сіздердің бюрократизмге қарсы айқай-шуыңыз принцип жүзінде Франциядағы жоресистердің, Германиядағы бернштейншілдердің, Италиядағы реформистердің айқай-шуымен әбден бірдей. Істің жайы, міне, осылай болып отыр; бұған көз жеткізу үшін партия дағдарысын дос-жарандардың сендіруі бойынша емес, документтер бойынша зерттесе болғаны. Ленин II съездің өзінде-ақ бундшыл Либерге (протоколдарды қара), мен ұсақ-түйекшіл централизмге қарсы «қайда-

ғы бір» Тула комитетінің автономиясын қорғаймын деген болатын *; біздің партия уставының 8-параграфында осы автономияны қамтамасыз етуге Ленин тіптен де қарсы болған жоқ. Бірақ автономизм *принципін* Ленин де, Көпшілік Комитеттері Бюросы да ешқашан қорғаған емес; оны Акимов, Либер, жаңа искрашылдар қорғады. Мүлде түрлі жағдайларда айтылған, мүлде түрлі мағынасы бар сөздерді әр жерден үзіп-жұлып алып, жай-жапсарды білмейтін оқушы алдында істі шатастыру, әрине, қиын емес,— ал осылай үзіп-жұлып алу жолымен айтысатын газеттерге жұрт «Новое Время» [22] газетіне қарағандай қарайды.

«Рабочийдің» кітапшасын алыңыз. «Искра» шатастырып отырған істің мәнісі неде? Істің мәнісі — принципсіз адамдар автономизм принципі және т. с. жөнінде айқай-шу көтеремін деп соғылып қалды, өйткені жауап ретінде сайлау негізін ғана талап ету мүмкін еді. Сонда соғылған адамдар кейін шегінді. Впередшілдер: жел сөздермен, автономизм, демократизм «принциптерімен» лепіру лайықсыз пәрсе, ал егер уставқа орыс жағдайы тұсында болуы мүмкін демократизм рухында айтарлықтай, елеулі өзгерістер жасау керек болса, онда, келіңдер, соларды тура ашықтан-ашық талқылайық деп келді және осылай деп те отыр. «Вперед» «Рабочийге» үн тастап: социал-демократиялық әдебиетте жұмысшыларды партия комитеттеріне алудың қажеттігін Лениндегідей айқын айтылатын тым болмаса бір жерін көрсетіңізші деп ұсыныс жасады **. Жаңа искрашылдар адастырған «Рабочий» ұсынысты қабылдаймын деп баспасөз бетінде жауап берді; бірақ ол ұсынысты қабылдау дегеннің не екенін түсінбейтін болып шықты, өйткені ол ешқандай басқа жерін еш жерден көрсетпеді, тек қана: Ленинге «танытамыз» немесе оның «сазайын береміз» деп сес көрсетті. Әрине, «Вперед» мұндай апайы қоқан-лоққыға жауап берген жоқ.

Бұдан соң бір орталық жайындағы мәселені алыңыз. Ленин «Адымдарда» бір орталықты оппортунистер жақ-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 293—294-беттер. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 173—174-беттер. Ред.

тады деп айтып еді, ал енді бір орталықты Көпшілік Комитеттері Бюросының өзі жақтап отыр деседі. Тағы да жағдайдан бейхабар немесе зердесіз оқушыға арнап айтылған сол өрескел бос сөз. Кімде-кім «Адымдарды» оқып шыққысы келсе, ол большевиктің екі орталық болуына қарсы жазған бірінші мақаласынан («Біздің түсініспеушілігіміздегі» Рядовойдың мақаласынан) көп бұрын Лениннің былай деп жазғанын көреді («Искра» фельетонисі сақтық жасап соқпай кеткен 28-бетінде): екі орталық идеясы «шетелдерде революциялық тегеуріннің алғашқы операциялық базасы құрылған күнде, саяси құлдық жағдайындағы нақ орыс социал-демократиялық жұмысшы қозғалысының уақытша (тыңдаңыздар!) және ерекше мұқтаждарын ескерді». «Бірденбір (тыңдаңыздар!) принциптік идея болып табылатын,—делінген «Адымдарда» ізінше жалпы централизм идеясы жөнінде,— бірінші идея бүкіл уставтың арқауы болуға (ескі «Исканың» жоспары бойынша) тиіс еді; екінші идея — орынга және іс-әрекеттің түріне байланысты уақытша жағдайлардан туатын жеке идея —централизмнен ауытқығандық сияқтанып, екі орталық... құрудан көрінді» (28-бет) *. Енді біздің партиялық «Новое Времяның» айтыс тәсілдері туралы төрелік беруді оқушыға қалдырамыз! «Искра» оқушыны қалайда алдауға тырысып, одан мыналарды жасырып қалды: 1) екі орталық идеясының уақытша, *жеке* маңызы бар екенін Ленин әлдеқашан көрсеткен болатын; 2) сондықтан бір орталық болуын оппортунистердің жақтағандығын Ленин жалпы принциптер деп ешқашан түсіндірген емес, қайта әрқашан «орынға және іс-әрекеттің түріне байланысты уақытша жағдайлардан туған» нәрсе деп түсіндірді, мұның өзі партияның оппортунистік қанаты бір орталық болуын *іс жүзінде* жақтаған және жақтауға тиіс болған кездегі жағдайлар еді. Ескі «Искра» оппортунизмге қарсы күрестің тірегі болды — бұл факт. Съезде нақ оппортунистік қанат азшылық болды — бұл да факт. Қазір, жаңа «Искра» оппортунистік болып отырса, шетелден гөрі, Россия әл-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 242-бет. *Ред.*

деқайда принциптік тұрақтылық және партиялық ұстамдылық көрсетіп отырса, қазір «уақытша жағдайлар» өзгеріп кеткен болса, мұнда таңқаларлық не бар? Егер рабоче-делошылдар, Мартынов, «батпақ» және жаңа искрашылдар екі орталық болуын (мысалы, үшінші съезде делік) жақтаса, ал большевиктердің бәрі (немесе бәрі дерлік) — бір орталық болуын жақтаса, қазір бізді бұл жағдай ешбір таңдандырмас еді. Мұның өзі, «уақытша жағдайларға» сәйкес, революциялық социал-демократияның принциптері, ескі «Искраның» принциптері жолындағы, Ленин мен большевиктер жақтап, үздіксіз күресіп келген және күресіп отырған принциптері жолындағы күрестің тәсілдерін өзгерту ғана болар еді. Мұндай бет бұрысты тек нововремяшыл кейіптегі адамдар ғана «керемет» дей алар еді. (Біз бір орталық болуын большевиктердің бәрі дерлік жақтауы мүмкін дедік. Мұның өзі III съезде қалай болады, оны біз әлі көреміз. Біздің арамызда «орынға және іс-әрекеттің түріне байланысты уақытша жағдайлардың» маңызы туралы түрлі пікірлер бар, сондықтан біз бұл пікірлердің бәрін съезде салыстырып көреміз және «қорытамыз».)

Жаңа «Искра» айтысының тәсілдері жоғарыдағылардан жеткілікті анықталатын сияқты, сондықтан енді біздің қысқартып айтуымызға болады. Советтен тыс [23], уставқа қарамастан съезд шақырып, Көпшілік Комитеттері Бюросы партия тәртібін бұзды дейді «Искра». Бұл дұрыс емес, өйткені съезден жалтарып, Совет уставты әлдеқайда бұрын бұзды. Біз мұны баспасөзде әлдеқашан-ақ, ашықтан-ашық баяндадық (Орловский) [24]. Меньшевиктер жасырын жіктелу арқылы партияны екіге бөлгеннен кейін және алдау арқылы съезден жалтарғаннан кейін, бізде орталықтардың еркінен тыс, съезд шақырудан басқа жол, сорақы жағдайдан құтылудың бұдан басқа ешқандай практикалық жолы қалмады. «Вперед-тің» 9-номеріндегі бас мақала — «Жаңа міндеттер және жаңа күштер» * — сан алуан түрлі партиялық ұйымдардың санын едәуір көбейтудің қажетті-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 319—332-беттер. *Ред.*

гін жақтап, уставтың лениндік бірінші параграфының идеясына қайшы келіп отыр, өйткені Ленин съезде өз идеясын қорғап, партия ұйымын ықшамдау қажет деген болатын, дейді «Искра». «Искраның» бұл қарсы дәлелін айтыстың байыбына баруға жастарды үйрететін логиканың гимназиялық есебі ретінде ұсынуға болады. Большевиктер партияны партиялық ұйымдардың жинағына, немесе комплексіне дейін ықшамдау керек, ал содан кейін бұл ұйымдардың санын көбейту керек деп айтып келді және айтып та жүр (қараңыз: съездің протоколдары және «Адымдар», 40 және басқа беттер, әсіресе 40—41 және 46-беттер) *. Жаңа «Искра» партия *шеңберін* кеңейтуді партия *ұғымын* кеңейтумен, *партиялық ұйымдардың санын* көбейтуді партияны *партиялық ұйымдардан тыс* кеңейтумен шатастырып отыр! Осындай бас қатыратын нәрсені түсіндіру үшін жай ғана бір мысал келтірейік: қарапайым тұрғыдан айтқанда, бүкіл армия тек қана бір түрлі қаруы бар адамдардан құралған делік; армияның құрамын шын мәнісінде тексеру бойынша, ата білетін адамдардың санына сәйкес ықшамдау керек, олар әскерге жарамдымыз деген жел сөзбен, құрғақ уәдемен құтылып кетпейтін болсын; одан соң ата білетінін тексеретін сынақтан сүрінбей өтуге қабілетті адамдардың санын көбейтуге барынша тырысу керек. Енді сіздер мәселенің неден екенін аздап түсіне бастаған жоқсыздар ма, жаңа искрашыл мырзалар?

«Впередті» әшкерелеу ретінде «Искра» былай деп жазды: «Бұрын ұстамды социал-демократтар деп танылуға тиістілер ғана қажет болған еді, енді ең қасиетті орынға шығуға көрінеу социал-демократ еместерден басқа элементтердің бәріне рұқсат етіледі». «Впередтің» 9-номерін алыңыз да, оқып көріңіз: «...үйірмелердің бәрі, көрінеу социал-демократиялық еместерден басқалары, не партияға тура кіретін болсын, не *партияға жанасатын болсын* (курсив автордікі). Соңғыларынан біздің программаны қабылдауды да, біздермен ұйымдық

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 259—263 және 268—269-беттер. *Ред.*

жағынан міндетті түрде қатынас орнатуды да талап етуге болмайды...» *. Партияға енгізу үшін «бұрын керек болған» нәрсені партияға қосылатын топ үшін «енді рұқсат етілетін» нәрсемен шатастырып, «Исқраның» тікелей бұрмалап отырғаны әлі де айқын емес пе? Өзін партиядамын деп есептеу — интеллигенттік анархизм, партия мүшелері «ұйымдық жағынан міндетті түрде қатынас жасауды» тек сөз жүзінде ғана мойындауға тиіс емес деп большевиктер бұрын да айтып келді, енді «Впередте» де айтып отыр. Мұны тек шатастыру мақсатын көздеген адамның ғана түсінбеуі мүмкін. «Впередтің» ұраны мынау болды: жаңа міндеттер үшін партиялық ұйымдарда немесе, тым болмаса, партияға қосылатын ұйымдарда жаңа күштер ұйымдастырыңдар. «Искраның» ұраны — «есік кең ашылсын». Біреулер: өз полктеріңе жаңа атқыштар алыңдар, атуға үйренушілерді көмекші отрядтарға қосыңдар дейді. Енді біреулер: есік кең ашылсын! әркім қалауынша, өзін өзі армияға қоса берсін! — дейді.

Революцияны ұйымдастыру және қарулапдыруды ұйымдастыру мәселесі жөнінде «Искра» қазір «Вперед» пен» екі арамызда алауыздық жоқ деп иландырғысы келеді. Біз ең алдымен: Парвусты қайда қоясыңдар? — деп сұраймыз. Егер зұлым «Вперед» алауыздықты ойлап шығарған болса, онда «Искраға» мін тағады деп күмәндануға болмайтын жаңа искрашыл Парвуспен сіздер ашықтан-ашық неге түсініспейсіздер? Сіздер Парвуспен келіспейтіндеріңізді алдымен өздеріңіз мойындауға тиіс едіңіздер ғой? Бұлай жасырынбақ ойнаудың неге керегі бар? Істің шын мәнісінде, «Рабочее Дело» ескі «Искраға» қалай қарсы болған болса, бұл арада жаңа «Искра» «Вперёдке» де дәл солай қарсы болып отыр. *Өз* партиясының тарихына ынта қоюшы жолдастарға «Рабочее Делоны», әсіресе 10-номерін, қайта оқып шығыңдар деп кәміл ұсынуға болмайды. Саяси күрес міндеттерін төмендеткендігі «Рабочее Делоның» бетіне басылған болатын. Сонда ол: «Искра» экономикалық күресті жеткілікті бағаламай отыр ғой деп қарсы дау айт-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 331-бет. *Ред.*

қан-ды. Жаңа «Исквраның» революцияны ұйымдастыру, көтеріліс жасау, жұмысшыларды қаруландыру міндеттерін, социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысу міндеттерін төмендеткендігі бетіне басылған болатын. Жаңа «Искра»: ал «Вперед» революция мен көтерілістің стихиялылығын, саясаттың «техникадан» (қару-жарақ) басым екенін жеткілікті бағаламай отыр деп қарсы дау айтады. Біртектес хвостистік позиция біртектес дәлелдерге әкеп соғады. Жаңа міндеттер туралы мәселе жөнінде өзінің жетекші ұран бере білмейтіндігін жұрт ескі міндеттер өте-мөте маңызды деген көпірме сөздермен бүркемелейді. Ескі міндеттердің маңызын, социал-демократияның әліппесінің маңызын оппоненттің өзі қалай бағалайтындығын көрсету үшін жеке сөздерді бөліп алады. Жаңа искрашыл жолдастар *, біз әрине, социал-демократияның әліппесін әбден бағалаймыз, бірақ *біз өмір бақи бір ғана әліппеде қалғымыз келмейді.* Бар болғаны осы. Парвус та, Көпшілік Комитеттері Бюросы да, «Вперед» те жұмысшылардың ұйымдар мен партиядан тыс өздері қарулана алатыны, қаруланатыны және қаруланyға тиіс екені жөніндегі әліппеге қарсы дау айтуды ешқашан ойына да алмаған болар еді. Ал егер «Искра» өзінің атышулы «өздігінен қаруланyын» *ұран ретінде* ұсынса,— онда стихиялылыққа осылай бас июшілікті көріп, жұрттың бәрі, әлбетте, езу тартады. Егер «Искра» Парвусты *түзей отырып,* Кричевский мен Акимовтың өте терең ойлы шығармаларына лайық «өздігінен қаруланудың көкейтесті қажеттігімен жұмысшыларды қаруландыру» жөніндегі жаңа міндетті ашатын болса,— онда оның тек мазаққа ұшырайтыны табиғи нәрсе. Егер «Искра» социал-демократияның ескі міндеттеріне бұқараны қаруландыру, көшедегі күрес және т. т. жөнінде жаңа міндеттер қосылған осындай кезеңде (бұл міндеттерді жүзеге асыруға енді-енді кіріскен кезде), бұл міндеттерді «техника» жөнінде және оның екінші дәрежелі ролі жөнінде тәкаппарлық данасыну арқылы төмендетуге асы-

* Қолжазбада «жолдастар» дегеннің орнына «мырзалар» делінген. *Ред.*

ғыс әбігерленген болса, егер партияның ежелгі, дағдылы және байырғы саяси міндеттерін «техниканың» жаңа міндеттерімен *толықтырудың* орнына, «Искра» бұл екі міндетті бір-бірінен *айыру* жайында пікір ұсынса, онда жұрт бұл пікірлерді, әлбетте, хвостизмнің жаңа нұсқасына жатқызар еді.

Қорытындыда, күлкілі жағдай ретінде, үрей туғызбау туралы атышулы теорияның шарапатты беделін өзінен аудара салуға «Искраның» қалай әрекеттенгенін көрсете кетейік. Қазір «Искраның» өзі де бұл мәселені «атышулы» мәселе деп атайды, сөйтеді де, Көпшілік Комитеттері Бюросы да «үрей туғызбауды» уағыздап отыр, ол көтеріліс туралы өзінің листогында [25] ұсақ буржуаны босқа қорқытып алмау үшін олардың меншігін жоюда (аса қажеттігі болмайынша) сақ болу керек деп отыр дегенді дәлелдеуге тырысады. «Искра»: міне енді сіздердің де үрейлендіргіңіз келмейді! — деп масайрайды.

Мұның өзі өте тамаша ғой, рас емес пе? Бейбіт манифестация жасау кезінде үрей туғызбау туралы земствошылармен жасалған келісім көтеріліс кезінде қажеттігі болмайынша меншікті қиратудан алдын ала сақтандырумен салыстырылып отыр! Ал сонымен қатар бір жағынан, «жоғары дәрежелі демонстрация», екінші жағынан — көшедегі қарулы күрестің жексұрын, оңбағап «техникасы»... Достар *, кішкентай ғана бір сұрақ: көтеріліс кезінде ұсақ буржуаны қажеттігі болмайынша қорқытпау керек деген кеңеске әрбір социал-демократ ** қалайша көне қояды және не үшін көнеді? ал, оның керісінше, земство науқаны жөніндегі сіздердің жоспарыңыз, өздеріңіздің мойындауларыңыз бойынша, социал-демократтар арасында қалайша «атышулы» жоспар бола қалды? оған өз қатарыңыздан Парвус та, көптеген басқа адамдар да неге қарсы шықты? сіздер өздеріңіз осы уақытқа дейін осы атышулы жоспарды

* Қолжазбада: «достар» дегеннің орнына «мырзалар» делінген. *Ред.*

** Осы кезге дейін тек кілең анархистер ғана өздерінің мұнымен келіспейтіндігін білдірді. Олар өз листогында «Впередке» тап берді, сөйтіп демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкеріс арасындағы айырмашылықты мүлде түсінбейтіндігін аңғартты.

жариялаудан неге ұяласыздар? Бюроның берген кеңестері қашпалықты даусыз және социал-демократия түгел мойындаған кеңестер болса, сіздердің атышулы хатыңыздағы кеңестеріңіз де сошшалық орынсыз және ерсі болғандығынан емес пе екен?

1905 ж. 30 марттан (12 апрельден) ертерек жазылған

1905 ж 20(7) апрельде, «Вперед» газетінің 15-номерінде басылған

Газеттің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ЛИБЕРАЛДАРДЫҢ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАСЫ

Москвада Россияның әр жерлерінен келген земство қайраткерлерінің кеңесі болды деген хабар жария газеттерде әлдеқашан-ақ басылды. «Московские Ведомости» [26] Россияда үкімет жол беріп отырған революциялық съездер туралы, монархиялық партия съезінің қажеттігі және т. т. туралы даурығып, бұл жөнінде, тіпті айқай-шу көтеруге дейін барды, бірақ бұл айқайға ешкім онша көңіл аудармады, өйткені қазір полицияның анағұрлым елеулі мәні бар толқуларға байланысты істері басынан асып жатыр. Ал земствошылар, сірә, дағдылы конституциялық тілектер шеңберінен шықпаған сияқты. Алайда земствошылардың аграрлық мәселені қамтуы себепті де, олардың кеңесіне едәуір назар аударылды. Съезде көпшілік даусымен қабылданған ережелерді, газет деректері бойынша, түгел келтірейік [27]:

«1) Экономикалық тіршілікке мемлекеттің араласуы аграрлық қатынастар саласына да қолданылуға тиіс. 2) Аграрлық заңдардың дұрыс қойылуына түбегейлі өзгеріс себеп болып отыр (??). 3) Алдағы аграрлық реформа мына негіздерде жасалуға тиіс: I. Түрлі категориялардың жері аз топтарының пайдасын көздеп жеке иеліктегі жерлерден қажетті кесінді жерлерді міндетті төлемін төлеп алу арқылы егінші таптың экономикалық жағдайын жақсарту (бұл мәселені талдап шешу бірнеше адамға тапсырылды). II. Қазыналық жерлерді және удельдік жерлердің бір бөлегін мемлекеттік жер қоры деп тану; жеке иеліктегі жерлерді сатып алу және төлем ақы төлеп алу арқылы бұл қорды арттыру, сөйтіп оны еңбекші халықтың мүддесіне пайдалану. III. Арендалық қатынастарға мемлекеттің араласуы арқылы аренда шарттарын тәртіпке кел-

тіру. IV. Жоғарыда көрсетілген негіздерге сәйкес аграрлық шараларды жүзеге асыру үшін қоғамдық-мемлекеттік делдал комиссияларын құру. V. Қоныс аудару мен қоныстануды кең негізде дұрыс жолға қою, кредиттің алуан түрін пайдалануды жеңілдету, шаруа банкіне реформа жасау және кооперативтік кәсіпорындарға жәрдемдесу. VI. Жерлерді межелеу ісін оңайлату, тездету, арзандату, жеке иеліктегі жерлер мен үлесті жерлердің аралас танаптарын жою, учаскелерді айырбастау және т. т. мақсатында межелеу заңдарын түбегейлі қайта қарау».

Осы төтенше сабақ боларлық программаны пункт-пунктімен талдаудан бұрын, оның жалпы маңызына аздап тоқтала кетейік. Күмән жоқ, помещиктер табы өкілдерінің осындай программаны алға қоюы фактісінің бір өзі-ақ, барлық қалыптасқан батыс европалық капиталистік ұлттарға қарағанда, Россияның әлдененде бір ірі ерекшелігі бар екенін шұбалаңқы пікірлерден әлдеқайда айқын дәлелдейді. Бұл ерекшелік дәл қандай, мәселе осында. Бұл ерекшелік жартылай социалистік қауымдық құрылыста болып отыр ма, осыған орай, ескі социалист-халықшылдардың ойлағанындай және ішінара «социалист-революционерлердің» ойлап отырғанындай бізде буржуазиялық интеллигенция мен буржуазиялық демократияның жоқтығында болып отыр ма? Әлде мұның өзі капитализмнің кең, еркін дамуына мүмкіндік бермей, нақ буржуазиялық демократия элементтерінде халықшылдық пиғыл туғызып, біздің деревняны шырмап алған крепостниктік сарқыншақтардың молдығында ма? Азын-аулақ ой жүгіртетін социалистер жалтарма сылтаулар арқылы, немесе мәселе дерексіз және теориялық мәселе, сондықтан революция заманында бұл мәселе орынсыз деген сылтаулар арқылы, немесе помещиктердің сақтығын әбден дәлелдейтін факт деп шаруа көтерілістерін көрсету арқылы бұл мәселеден құтылып кете алмайды. Теориялық мәселелердегі жалтарғыштық немесе принципсіздік нақ революция заманында идеялық жағынан толық күйреумен барабар, өйткені дәл қазір, социалистерді оқиғалар билемей, оқиғаларды социалистер билеу үшін байыпты, тыңғылықты дүние танымы болу керек. Шаруа көтерілістерін мысал етуден де түк шықпайды, өйткені қазір земство одақтарына саяси ұйымдасқан жер иелері қабылдаған

программаның мазмұны бүкіл либералдық баспасөз бен барлық либерал қайраткерлердің бірнеше ондаған жылдар бойы баяндап келген тілектерін білдіреді. Халықшылдардың программасы помещиктердің программасы болып отыр,— бұл факт біздің қойған сұрауымызға айқын саяси жауап береді. Революция заманында қоғамдық тақырыптар жөніндегі теориялық таластар әр түрлі таптардың ашық бой көрсетуі арқылы шешіледі.

Енді либералдардың аграрлық программасына жақынырақ көз жіберейік. Біздің жария баспасөз мұны ретсіз мадақтауға бейім болып жүр. Мәселен, «Экономическая Газета» «земство адамдарының аграрлық программа ұсынған фактісін атап көрсетеді, оның бер жағында мұның өзі земство қауымының осы кездегі құрамы туралы дағдылы ұғым бойынша айтқанда, ойлағандағыдан әлдеқайда өлшеусіз әсіре» (міне қалай!) «программа болып табылады» (яғни помещик мырзалардың тұрғысынан қарағанда әсіре ме?). «Мұның өзі,— дейді одан әрі газет,— саяси земстволық топтың саяси әдептілігі де, айналамызда болып жатқан құбылыстарды терең түсіну қабілеті де бар екенін дәлелдейді...» [28].

Ал помещик мырзалардың әдептілігі мен түсінігі мынада: аграрлық қатынастар саласына шаруалардың өздері белсенді, әрі айқын түрде араласа бастаған кезде, помещиктер мемлекеттің араласуы қажет дегенді айта бастады. Әрі ескі, әрі мәңгі-бақи жаңа оқиға! Аграрлық қатынастарға мемлекеттің араласуы Россияда ұдайы болып келді: ал егер бұл араласу жоғары таптардың пайдасы үшін болған кезде, полиция тілінде бұл «тәртіп» деп аталды; ал егер араласу төменнен басталса, онда «тәртіпсіздіктер» туралы сөз қозғалады. Бірақ айтыңызшы, помещиктердің тілеп отырғаны дәл қандай араласу? Олардың программасынан көрінетіні, тек қана — жер иелену мен жер пайдалану жөніндегі араласу. Кесінді жерлерге төлем ақы төлеп алудан бастап кредитке дейінгі, учаскелерді айырбастауға дейінгі шаралардың бәрі тек жерді шаруашылық ретінде пайдаланушы адамдарға, яғни қожайындардың түрлі разрядтарына қатысы бар. Ал шаруашылығы жоқ село жұмысшылары

ше? Біздің Россияда бір ғана «ішкі» 50 губернияда өткен ғасырдың 90-жылдарының өзінде-ақ кемінде *үш жарым миллион* батырақ пен күндікшілер бар деп есептелетін, селода жалданып жұмыс істеу олар үшін күп көріс қаражатын табудың ең негізгі көзі болған еді. Қазір, күмәнсыз, ауыл шаруашылығындағы жалдама жұмысшылардың саны бұрынғыдан әлдеқайда көп, оның үстіне олардың басым көпшілігінде шаруашылық мүлдем жоқ немесе мүлдем жоқ дерлік. Үйі жоқ, шаруашылығы жоқ адамдардан басқа бізде бұдан он жыл бұрын жоғарыда көрсетілген губернияларда шамамен он миллион шаруа *шаруашылығының* үш миллионнан астамы атсыз шаруашылықтар деп есептелетін. Күллі осы бұқараның — тек қожайындар деген атағы ғана бар. Неғұрлым жоғары жалақы алу, жұмыс күнінің неғұрлым қысқа болуы, еңбек жағдайларының неғұрлым қолайлы болуы олардың ең өмірлік мүддесі саналады. Помещик мырзалар жалдаушылардың жұмысшыларға деген қатынасына араласу туралы әдейі жұмған аузын ашпай отыр. Сондықтан село жұмысшыларының өздері кіріспейінше, мұндай араласу туралы ешкім де шындап ештеңе ойламайды деп кәміл сенуге болады.

Біздер, социал-демократтар, *осы* араласуға барынша мықтап назар аударуымыз керек. Қозғалыстың тікелей практикалық мүдделері де, біздің ортақ принциптеріміз де осыны талап етеді. Орыс либерализмі мен орыс халықшылдарының буржуазиялық-демократиялық сипаты, бір есептен, дәл мынадан көрініп келді және көрініп те отыр: селолық ұсақ шаруашылықтың мүдделері селолық жалдама еңбектің мүдделерін мүлде қаға беріс қалдырып жүр. Әрине, кәнігі халықшыл, ал кейде тіпті «социалист-революционер» де жалдама еңбек ролінің «екінші дәрежелі» болуы (мужиктің өмірінде емес, социалист-революционер қиялында осылай) себепті, «қауымдық дәстүрлердің», «еңбек көзқарастарының» және «теңгермелікпен пайдаланудың» одан әрі дамуында бұл рольдің мүлде жоққа тән болуы *мүмкін екені* себепті, мұның өзі әбден табиғи нәрсе деп есептеуге бейім тұрады. Бірақ бұл бейімдік, жалынды және бүкпесіз, социалистік асқақ сөздермен қаншама дәлелденгенімен,

шылтуайтқа келгенде ой-өрісінің ұсақ буржуазиялық тар шеңберінің айғағы, одан басқа түк емес. Орыс шаруасына да, орыс интеллигентіне де тән бұл сияқты қиялшылдық — ұсақ буржуазиялық қиялшылдық. Осы халықшылдық қиялшылдықтың гүлдері — атап айтқанда, еңбекші адамзаттың мойнындағы бұғаулардың бірін әшекейлейтін жалған гүлдер, сондықтан социал-демократиялық сын мұндай гүлдерді аяусыз жұлып тастауға тиіс; жұлғанда «адамзат мойнындағы бұғауларды қуаныш атаулыдан, рақат атаулыдан құр алақан әшекейлі түрінде тағып жүре беруі үшін емес, адамзаттың мойнындағы бұғауларды сыпырып тастап, тірі гүлге қол созуы үшін» [29] жұлып тастауға тиіс.

Біз шаруалар қозғалысына әбден тілектестік білдіреміз. Егер шаруалар, біздің көмегіміз арқылы, помещиктердің *барлық* жерін революциялық жолмен тартып ала алса, біз мұны Россияның бүкіл қоғамдық дамуы үшін де, орыс пролетариаты үшін де орасан зор ұтыс деп есептер едік. Бірақ тіпті осы жақсы жолдың өзін алып қараңызшы,— *тіпті сонда да* ауыл шаруашылығындағы жалдама жұмысшылар бұқарасы сан жағынан ғана уақытша азаяр еді, бірақ әсте жойылып кете алмас еді. *Тіпті сонда да* селолық жалдама жұмысшылардың дербес мүдделері дербес мүдделер болып қала берер еді.

Жердің шаруалар қолына өтуі Россияда капиталистік өндіріс әдісінің үстемдігін зәредей де жоймаған болар еді, оның өзі қайта, капиталистік әдістің дамуына неғұрлым кең өріс ашқан болар еді, оның өзі бұл дамудың түрін қайдағы бір итальяндық түрден американдық түрге жақындатар еді. Шаруалар арасында қазірдің өзінде-ақ орасан зор болып отырған, бірақ тек қана самодержавиелік-крепостниктік құрылыстың жаппай езгісінің салдарынан онша байқалмай отырған мүлік жөніндегі айырмашылық әсте жойылмас еді. Ішкі рыноктың ұлғаюы, айырбас пен товарлы шаруашылықтың жаңа ауқымда дамуы, өнеркәсіп пен қалалардың шапшаң өсуі,— шаруалардың жағдайын айтарлықтай жақсартудың барлық осы даусыз нәтижелері мүлік жөніндегі айырмашылықты сөзсіз күшейтер еді. Бұл жөнінде бізде жалған үміттер неғұрлым көп таралған

сайын, социал-демократия, егер ол жұмысшы қозғалысының мүдделерін тек бір сатысында ғана емес, тұтас шын қорғаймын десе, осы жалған үміттерге қарсы соғұрлым үзілді-кесілді күресуге тиіс *.

Толық социалистік төңкеріс болмаған күнде, оған дейін аграрлық өзгерістер жөніндегі ең радикалдық, ең революциялық шаралардың ешқайсысы да ауыл шаруашылығындағы жалдама жұмысшылар табын жойып жібере алмайды. Барлық адамдарды ұсақ буржуаға айналдыру туралы қиял—реакцияшыл пасықтық. Міне, сондықтан біз қазірдің өзінде-ақ селолық жалдама жұмысшылардың таптық сана-сезімін өсіру жөнінде, олардың дербес таптық ұйымы жөнінде жұмыс істеуге тиіспіз. Қалалық стачка толқыны тек шаруа көтерілістері түрінде ғана емес, сонымен қатар нағыз жұмысшы стачкалары түрінде де,— әсіресе пішен шабу мен егін ору кезінде,— деревняны шарпи алады және шарпуы керек те. Программаның жұмысшы жөніндегі бөлімімізде көрсетілген, көп ретте қала жұмысшыларының өз қожайындарына қойып жүрген талаптарды тұрмыс жағдайларының өзгешелігіне сәйкес тиісінше өзгертіп, село жұмысшылары да қоюға тиіс. Қала жұмысшысынан өзгеше, село жұмысшысының жағдайын кемітетін ешқандай ерекше заңдар (егер жұмыстан өз бетімен кетушілік туралы заңды еске алмасақ) Россияда әзірге жоқ екенін пайдаланып қалу керек. Пролетарлық өрлеудің толқыны батырақтар мен күндікшілердің арасына шынайы пролетарлық ниет пен пролетарлық күрес әдістерін енгізетін болуын көздеу керек.

Деревня халқының ұсақ буржуазиялық тобы, сөздің өзіндік, тығыз мағынасында алғанда шаруалар, белгілі бір тарихи кезеңде революцияшыл болмай қоймайды. Оның қазіргі революцияшылдығы «ескі тәртіптің» барлық жағдайларынан сөзсіз туады, ал біз осы революцияшылдықты барынша қолдап, дамытуға тиіспіз. Жаңа тәртіптің, жаңа, азат капиталистік Россияның тіршілік жағдайларынан тағы да бір сөзсіз туатын нәрсе,— деревнядағы ұсақ буржуаның бір бөлегі «тәртіп» жағына

* Маркстің төменде басылып отырған, 1846 жылғы мақаласын салыстырыңыз. (Қараңыз: осы том, 58—65-беттер. *Ред.)*

шығып кетеді,— сөйтіп, қазір шаруалар помещиктердің жерлерін неғұрлым көп тартып алса, бұл өзгеріс соғұрлым тез болады. Деревняда да нағыз революцияшыл тап, барлық жағдайда, қандай да бір жағдайда, ақырына дейін революцияшыл тап — тек село пролетариаты ғана. Бейшара, байғұс мужикті азат, жігерлі европалық фермерге айналдыру зор демократиялық табыс болып табылады,— бірақ біздер, социалистер саналы, азат, ұйымшыл село пролетары фермерге қапшалық қарсы тұра алса, тек сонда ғана, тек соншалық дәрежеде ғана бұл табыс адамзатты езушілік атаулыдан толық азат ету ісіне нақты пайда келтіретіндігін бір минут та ұмытпаймыз.

Либерал помещик мырзалар село жұмысшыларын ауызға алмай отыр. Болашақ фермер жөнінде олар өздерінің бар әрекетін оны неғұрлым тез арада өзінің одақтасына, меншік иесі қожайынға, тәртіптің тірегіне айналдыруға жұмсап отыр, бұл ретте өз қалтасына нұқсан келтірмеу жағын (бәлкім, дұрысын айтқанда: өз қалтасына мүмкіндігінше пайда түсіру жағын) ойластырып отыр. Олар ауыз жарымайтын қайыр-садақамен құтылмақшы! Бірден-бір революциялық шара — удельдік жерлерді конфискелеу болса, олар мұны осы жерлердің *бір бөлегімен* шектейді, конфискелеуді конфискелеу деп атауға қорқады, ал шіркеу жерлерін тіпті ауызға алмайды. Жерлері аздарға кесінді жер беруге уәде етіп, олар төлем ақыға мықтап жармасып отыр, бірақ олар алынатын жер үшін төлем ақыны кім төлейтіні жөнінде жұмған аузын ашпай отыр. Олар, сірә, 1861 жылғы әйгілі төлем сияқты, мұны да мужиктің төлейтіні өзіненөзі түсінікті деп есептейтін болуы керек. Помещиктер өздерінің ең нашар жерлерін үш есе қымбат бағамен береді,— олардың кесінді жерлері міне осындай болмақ. Кредит, кооперация, учаскелерді айырбастау және т. т. жөнінде олар ұсынып отырған шаралардың бәрі бүтіндей өз меншігінің өрісі тар мүдделерін көздейді. Шаруа шаруашылығының ең күрделі мәселелерінің бірі — аренда жөнінде олар «тәртіпке келтіру» деген нағыз тиянақсыз ұранмен шектеледі. Нормалау деген сылтаумен арендалық бағаны арттыруға дейінгі кез келген

нәрсенің бәрі осыған орайласа кетеді,— билеуші таптардың өкілдері «тәртіп» деп нені түсініп келгенін және нені түсінетіндігін біз жоғарыда атап көрсеткен болатынбыз.

Ал либералдық программаның «қоғамдық-мемлекеттік делдал комиссиялар» жөніндегі пунктін біз саяси жағынан ең маңызды және ең қауіпті пункт деп санаймыз. Аграрлық өзгерістер жасау тәсілі туралы мәселенің зор маңызы бар, өйткені өзгерістердің азды-көпті елеулі сипаты оны жүргізу тәсілінің нақты және шынайы болуына байланысты. Халықшылдар бізді бұл мәселе жөнінде де (басқа көптеген мәселелер жөніндегі сияқты), істің саяси жағын елемей немесе жете бағаламай, экономикалық ұтысқа баса көңіл аударуға үйретті. Ұсақ буржуа үшін табиғи, «қожайын» үшін түсінікті бұл көзқарас социал-демократ үшін мүлде жарамсыз. Егер қожайындар мен меншік иелері таптарының немесе разрядтарының ішінде болып жатқан өзгерістерден пролетариаттың тап күресін жеңілдететін саяси ұтыс көрінбесе, онда социал-демократ үшін мұндай өзгерістердің бәрібір. Ұсақ буржуазиялық қиялшылдық көзқарас тұрғысынан «теңгермеліктпен пайдалану» және т. т. жөніндегі бұлдыр жобалардың қай-қайсысы да маңызды. Социал-демократтың көзқарасы тұрғысынан мұндай бұлдыр жобалардың бәрі — қоғамдық сананы нақты демократиялық табыстардың нақты шарттарынан басқа жаққа аударатын мағынасыз, зиянды қиял. Билеуші таптардың экономикалық қайыр-садақа беру арқылы еңбекшілерді быт ыратып, аздыруға әрдайым, барлық жерде тырысатындығын социал-демократтар ешқашан ұмытпақ емес. Жер шаруашылығындағы өзгерістер саласында бұл саясат билеуші таптар үшін ерекше оңай және олар мұны ерекше шебер жүргізіп келеді.

Сондықтан да біз аграрлық программамыздың *түбегейлі* талаптарын неғұрлым айқын, неғұрлым батыл ұсынуға тиіспіз: шаруалардың революциялық комитеттері құрылуы керек, шын түбегейлі (помещиктерше — «түбегейлі» емес) аграрлық өзгерістерді олардың өздері жүргізетін болсын. Бұлай етпейінше, аграрлық реформаның қандайы болсын қайткен күнде де, сөзсіз, 61

жылғы әйгілі «реформа» сияқты жаңадан алдауға, жаңа тұзаққа айналып кетеді. Ал «қоғамдық(?)-мемлекеттік делдал комиссиялар» дегеніміз тұзақты тікелей әзірлеу деген сөз ғой! Біз помещиктерді «қоғам» деп, чиновниктерді «мемлекет» деп түсінеміз. «Қоғамдық-мемлекеттік» дегеннің мәнісі *помещиктік-чиновниктік* деген сөз, бұдан басқа түк те емес.

Біз деревнядағы үгітіміздің бар ауыртпалығын дереу міне осы пунктке аударуға тиіспіз. Есітесіздер ме, шаруалар? Сіздерді чиновниктік жолмен тағы да жарылқамақшы, тұрмыстарыңызды помещиктің араласуымен «реттемекші», сіздерге қарғыс атқан ескі төлемнің үлгісімен «төлемін беріп» жер әпермекші! Помещиктер соншама қайырымды, соншама қайырымды-ақ: өздерінің жерлерін тегіннен-тегін алып қою қаупін көре салып, олар жерлерін *сатуға* кең пейілділікпен көніп отыр,— әлбетте, тиімді бағаға сатпақ... Сіздер помещиктер мен чиновниктердің осылайша араласуына ризасыздар ма? Әлде сіздер іске *өздерің* араласып, өздеріңнің азат өмірлеріңді өздерің құрғыларың келе ме? Онда қала пролетариатымен бірігіңдер, республика үшін күресіңдер, өздеріңе революциялық үкімет пен шаруалардың революциялық комитеттерін әкелетіп көтеріліске аттаныңдар!

«Вперед» № 15,
20(7) апрель, 1905 ж

«Вперед» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

МАРКС АМЕРИКАЛЫҚ «ҚАРАЛАЙ БӨЛІС» ТУРАЛЫ

«Впередтің» * 12-номерінде Маркстің аграрлық мәселе жөнінде Кригеге қарсы пікірі еске салынған. Бұл — ъ жолдастың мақаласында 1848 жылы болды деп қате көрсетілгеніндей емес, 1846 жылы болған. Маркстің қызметтес адамы, Герман Криге, ол кезде әлі тым жас жігіт, 1845 жылы Америкаға көшіп барып, онда коммунизмді насихаттау үшін «Volks-Tribun» («Халықтық Трибун») [30] журналының негізін қалады. Бірақ Герман Криге бұл насихатты коммунистік партияның беделін түсіретін етіп жүргізді, сондықтан Маркс бұған неміс коммунистерінің атынан батыл қарсы шығуға мәжбүр болды. 1846 жылы «Westphälische Dampfboot» [31]-те басылып шыққан және Маркстің Меринг бастырып шығарған шығармаларының екінші томында қайта басылған, Кригенің бағытына берілген сынның осы заманғы орыс социал-демократтары үшін өте зор маңызы бар.

Әңгіме мынада: аграрлық мәселенің осы кезде Россияда алға қойылып отырғаны сияқты, ол кезде де бұл мәселені американдық әлеуметтік қозғалыстың өзі біріншi орынға көтеріп, алға қойған болатын, оның бер жағында әңгіме нақ дамыған капиталистік қоғам туралы болған жоқ, әңгіме капитализмнің шындап дамуы үшін алғашқы, негізгі шарттарды жасау туралы болды. Бұл соңғы жағдай американдық «қаралай бөліс» идеяларына Маркстің қалай қарағандығы мен осы заманғы шаруа-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 394-бет. *Ред.*

лар қозғалысына орыс социал-демократтарының қалай қарайтындығын салыстыру үшін айрықша маңызды.

Криге өзінің журналында американ құрылысының нақтылы әлеуметтік өзгешеліктерін зерттеуге, рентаны жоюға ұмтылған аграрлық реформистердің сол кездегі қозғалысының шын сипатын анықтауға керекті ешқандай материал берген жоқ. Бірақ оның есесіне Криге (дәл біздің «социалист-революционерлер» сияқты) аграрлық революция жөніндегі мәселені көпірме, лепірме сөздерге айналдырды. «Әрбір кедейге,— деп жазды Криге,— өзінің өнімді жұмыс істеуіне мүмкіншілік берілсе болғаны, ол бірден-ақ адамзат қоғамының пайдалы мүшесіне айналады. Егер оған қоғам ұлтарақтай жер беріп, сол жерімен ол өзін, өзінің семьясын асырай алатын болса, мұндай мүмкіншілік оған мәңгі қамтамасыз етілетіні даусыз. Егерде осы адам айтқысыз орасан көп жер (атап айтқанда, Солтүстік Америкадағы 1400 миллион акр мемлекеттік жер) сауда айналымынан алынып, шектелген мөлшерде еңбекке берілетін болса *, онда Америкада қайыршылық бірден жойылады»...

Маркс бұған қарсы шығып, былай дейді: «Криге тілеген патриархтық құрылыстың индустриялық құрылысқа қарай дамуын тоқтату немесе шығыс жағалаудағы өнеркәсіпті, саудалы штаттарды патриархтық варварлыққа қарай декрет арқылы шегіндіріп тастау заң шығарушылардың құзырында емес екенін түсінуге болатындай еді».

Сонымен, біздің көз алдымызда нағыз американдық қаралай бөліс жоспары: толып жатқан жерді сауда айналымынан босатып алу, жер пайдалану правосы, жер иеленудің немесе жер пайдаланудың шегін тежеу. Сондықтан да Маркс утопизмді әуел бастан-ақ байыпты сынға алады, патриархтық құрылыстың сөзсіз индустриялық құрылысқа айналатындығын, яғни, осы замангы сөзбен айтқанда, капитализмнің сөзсіз дамитындығын көрсетеді. Бірақ қозғалысқа қатысушылардың уто-

* «Революционная Россияның» [32] 8-номерінен бастап жердің капиталдан еңбекке өтуі туралы, Россиядағы мемлекеттік жердің маңызы туралы, жерді теңгермелікпен пайдалану туралы, жерді сауда айналымына тартуды көздейтін буржуазиялық идея туралы және т. т. туралы не жазғанын еске түсіріңіздерші. Дәл Кригенің жазғанындай ғой!

пиялық армандары Маркстi жалпы қозғалыстың өзiне терiс қарауға көндiрдi деп ойлау үлкен қате болар едi. Әсте олай емес. Маркс, сол кезде-ақ, өзiнiң әдебиет майданына қатыса бастаған алғашқы кезiнен-ақ қозғалыстың нақты прогрестiк мазмұнын оның жылтыраған идеологиялық алдамшы көрiнiсiнен ажырата бiлдi. ««Халықтық Трибунның» экономиясы (яғни саяси экономия) және оның жас Америкаға көзқарасы» деп аталған, өз сынының екiншi бөлiмiнде Маркс былай деп жазды:

«Бiз американ ұлтшыл-реформистерi қозғалысының тарихи правоға сәйкестiгiн толық мойындаймыз. Бiз бұл қозғалыстың тиiсiнше нәтижеге жетуге ұмтылып отырғанын бiлемiз, рас, бұл нәтиже дәл осы сәтте қазiргi буржуазиялық қоғам индустриализмiнiң дамуына қозғау салар едi, бiрақ бұл нәтиже пролетарлық қозғалыстың жемiсi болғандықтан, жердiң жеке меншiкте болуына қарсы шабуыл жасау ретiнде және әсiресе Американың қазiргi уақыттағы жағдайларында, өзiнiң туғызатын нәтижелерi арқасында коммунизмге қарай сөзсiз iлгерi бастауға тиiс. Нью-Йорктегi немiс коммунистерiмен бiрге рентаға қарсы қозғалысқа (Anti-Rent-Bewegung) қосылған Криге, қозғалыстың өзiнiң мазмұнына үңiлiп қарамастан, бұл қарапайым фактiнi жылтырақ лепiрме сөздермен әсiрелеп отыр. Ол мұнысымен, жас Америка мен американдық қоғамдық жағдайлардың арасындағы байланыстың өзiне мүлде дүдәмал екендiгiн дәлелдейдi. Жер иелiгiн американдық ауқымда тiлкемдеп бөлмекшi болған аграрлардың жоспары туралы Кригенiң айтқан лепiрме сөздерiнiң тағы бiр мысалын келтiрейiк.

«Халықтық Трибунның» 10-номерiндегi «Бiз ненi тiлеймiз» деген мақалада былай делiнген: «Американ ұлтшыл-реформистерi жердi барлық жұрттың игiлiгi деп атайды... сөйтiп әлi тонаушы-жалдаптардың қолына түспеген 1400 миллион акр жердi адамзаттың иелiктен айыруға жатпайтын ортақ игiлiгi ретiнде сақтап қалу үшiн халық заңдарының тиiстi шаралар қолдануын талап етедi». Сөйтiп, осы «иелiктен айыруға жатпайтын, ортақ игiлiктi» бүкiл адамзат үшiн сақтап қалу

үшін Криге ұлтшыл-реформистердің: «әрбір шаруаның қай елде туып-өскеніне қарамастан, оған күн көріс үшін Американың 160 акр жері берілсін» деген жоспарын қабылдап отыр. «Халықтың Трибунның» 14-номеріндегі «Концеге жауап» (Konze) деген мақалада бұл жоспар былай баяндалған: «Әлі қол тимеген осы халық игілігінен ешкім де 160 акр жерден артық жер алуға тиіс емес, ал осы мөлшердің өзін де оны өз күшімен ұқсататын болғанда ғана алуы керек». Сонымен, жерді «иеліктен айыруға жатпайтын ортақ игілік», оның үстіне «бүкіл адамзаттың» игілігі етіп сақтап қалу үшін, бұл жерді дереу бөле бастау керек. Криге осы бөлістен туатын қажетті зардаптарды: шоғырлануды, өнеркәсіп прогресін және т. с. қандай да болса бір заңмен тыйып тастауға күшім жетеді деп ойлайды. Оған 160 акр жер өз-өзінен тең бір нәрсе сияқты болып, бұл мөлшердегі жердің құны, оның сапасына қарай әр түрлі емес сияқты болып көрінеді. «Шаруалар» өзара және басқа адамдармен жердің өзін болмаса да, жерден өнген өнімдерді айырбастап отыратын болады. Ал осыған қолы жетісімен, «шаруа» лезде-ақ өзінің еңбегі арқасында және өзінің 160 акр жерінің табиғи құнарлылығы арқасында капиталсыз-ақ екінші біреуді өзінің батырағы халіне жеткізетін болады. Ал одан соң «топаушы-жалдаптардың қолына» «жер» түссе де немесе жерден алынған өнімдер түссе де, мұның бәрібір емес пе? Адамзатқа Криге тартып отырған осы сыйлықты жақсылап қарап өтелік. 1400 миллион акр жер «бүкіл адамзаттың иеліктен айыруға жатпайтын ортақ игілігі» болып сақталып қалуға тиісті. Мұның өзінде әрбір шаруаға 160 акрдан жер тиюге тиісті. Демек, біз Криге айтқан «адамзаттың» қаншалықты көп екендігін санап шығара аламыз: дәл $8^3/_4$ миллион «шаруа» немесе, әр семьяға 5 адамнан есептегенде, $43^3/_4$ миллион адам бар екен. Біз «адамзаттың өкілі ретіндегі пролетариатты күллі жерге», тым құрыса Құрама Штаттарында «ие ететін» осы «мәңгі замананың» қаншаға созылатындығын да осылай есептеп шығара аламыз. Егерде Құрама Штаттардың халқы, осы уақытқа дейінгісі сияқты шапшаң, яғни әрбір 25 жыл ішінде екі еседен өсіп отыратын болса, онда осы

«мәңгі замана» 40 жылға да жетпейтін уақытқа созылады. Әлгі 1400 миллион акр жер 40 жыл ішінде иеленіп бітеді, ал содан кейінгі ұрпақтардың «иеленуіне» ешбір жер қалмайды. Бірақ жерді тегін үлестіріп беру иммиграцияны өте-мөте күшейтетіндіктен, әсіресе 44 миллион адамға берілетін жер мөлшері осы күнгі европалық пауперизмді болдыртпаудың амалы ретінде пайдалануға да жетпейтіндігін ескере алсақ, Кригенің «мәңгі заманасы» одан да ертерек аяқталуы мүмкін. Европада он адамның бірі қайыршы: Британия аралдарының бір өзінде 7 миллион қайыршы бар. Осы сияқты саяси-экономикалық аңғалдықты 13-номердегі «Әйелдерге» деген мақаладан да кездестіреміз, мұнда Криге: егерде Нью-Йорк қаласы өзінің Лонг-Айлендтегі 52 000 акр жерін жұртқа беретін болса, осының өзі-ақ Нью-Йоркті пауперизм, қайыршылық, қылмыс атаулыдан «бірден» мәңгі құтқаруға жетіп жатыр дейді.

Егер Криге, жерге еркіндік алуға ұмтылатын қозғалысты белгілі бір жағдайда пролетарлық қозғалыстың қажетті алғашқы формасы деп қараған болса, егер ол бұл қозғалысты оны туғызып отырған таптың тұрмыс жағдайына сәйкес одан әрі коммунистік қозғалысқа қарай дамуға тиіс қозғалыс деп бағаласа, егер ол Америкадағы коммунистік тілектердің бірден қарағанда коммунизм атаулыға қайшы келетін осы аграрлық формада әуелі қалай жарыққа шығуға тиіс болғанын көрсетсе — онда бұған қарсы еш нәрсе де айтуға болмас еді. Ал Криге белгілі шын мәлім адамдар қозғалысының бағыныштьі ғана маңызы бар осы формасын жалпы адамзаттың ісі деп жариялап отыр. Криге бұл істі жалпы қозғалыс атаулының түпкі, ең жоғарғы мақсаты ретінде алға қойып отыр, сөйтіп қозғалыстың белгілі бір мақсаттарын мағынасыз нағыз даурықпаға айналдырып отыр. 10-номердегі дәл сол мақаласында ол мынадай шалқыта ән шырқайды: «Міне, сөйтіп, ең ақырында, европалықтардың ізгі арманы орындалған болар еді, олар үшін мұхиттың бергі жағынан жер сайлаулы тұрар еді, оларға сол жерді алып, қолының күшімен құнарландыру-ақ қалар еді, сонда әлемнің барлық қатыгез жауыздарының бетіне мына сөзді мақтанышпен басар еді: бұл

менің өз лашығым, мұны сендер салып берген жоқсыңдар, бұл — сендердің жүректеріңе қызғаныш кернетер *менің* ошағым дер еді».

Криге бұған қоса: мынау жатқан бір үйме көң *менің* көңім, өзімнің, әйелім мен балаларымның көңі, батырағым мен малымның көңі дей алар еді. Сөйтіп бұл арада өз «армандарын» жүзеге асты деп білетін қандай европалықтар екен? Бұлар коммунист жұмысшылар емес! Бұлай деп білетіндер Америкада тағы да сол ұсақ буржуа мен шаруа болу бақытына кенелуге ұмтылған, банкротқа ұшыраған дүкеншілер мен цех шеберлері немесе күйзеліп жұтаған шаруалар болар! Ал осы 1400 миллион акр жердің көмегімен жүзеге асырылатын «арман» не екен? Ол арман барлық жұртты жеке меншік иелеріне айналдырудан басқа еш нәрсе де емес. Бүкіл жұртты императорға, корольге және папаға айналдыруды көздеген арман қаншалықты жүзеге аспайтын, қаншалықты коммунистік емес арман болса, бұл да дәл сондай арман».

Маркстің сыны сондай уытты, әрі мысқылды сын. Маркс Кригені түйрегенде, оның көзқарастарындағы дәл қазір өзіміз біздің «социалист-революционерлерден» көріп отырған: көпірме сөзге үйірлігі, ең жоғары революциялық утопизм ретінде алға қойылып жүрген ұсақ буржуазиялық утопиясы, осы заманғы шаруашылық құрылыстың және оның дамуының нақты негіздерін түсінбеу сияқты ерекшеліктері үшін түйрейді. Ол кезде өзі *болашақ* экономист қана болған Маркс айырбас пен товарлы шаруашылықтың ролін тамаша көрегендікпен болжап көрсетті. Шаруалар жермен айырбас жасамаса да,— дейді ол,— жердің өнімдерімен айырбас жасайды, осымен-ақ барлығы айтылып отыр! Мәселенің осылайша қойылысының бәрін өте-мөте көп жағдайда орыс шаруалары қозғалысына және оның ұсақ буржуазиялық «социалистік» идеологтарына қолдануға болады.

Бірақ Маркс, сонымен бірге, бұл ұсақ буржуазиялық қозғалысты құр «теріс» деп табудан, оны доктринерлік бұрмалаудан, көптеген дүмшелерге тән, революцияшыл ұсақ буржуазиялық демократияға жақындасқан күнде өзіме кір келтірем деп қорқудан аулақ болды. Маркс

қозғалысты идеологиялық жағынан әлемештеудің масқаралығын мейлінше шенеп, қозғалыстың *шын* тарихи мазмұнын, оның болмай қалмайтын нәтижелерін материалистік жолмен байсалды анықтауға тырысты, ал бұлар қайсыбір адамдардың еркі мен санасына, қиялдары мен теорияларына байланысты тумай, объективтік жағдайлар арқылы тууға тиісті. Сондықтан Маркс коммунистердің бұл қозғалысты қолдағанын сөкпейді, қайта оны толығынан мақұлдайды. Диалектикалық көзқараста бола отырып, яғни қозғалысты барлық жағынан қарастыра отырып, өткенді де, болашақты да ескере отырып, жер меншігіне қарсы жасалған шабуылдың революциялық жағын атап көрсетеді. Маркс ұсақ буржуазиялық қозғалысты пролетарлық, коммунистік қозғалыстың өзгеше бір бастапқы формасы деп таниды. Маркс Кригенің атына былай дейді: сіз бұл қозғалыс арқылы жетпекші болған мақсатыңызға жете алмайсыз, туысқандық орнына ұсақ буржуазиялық оқшаулық туады, шаруа үлестерін иеліктеп айырмаудың орнына — жерді сауда айналымына қатыстыру туады, тонаушыжалдаптарға соққы берудің орнына — капиталистік дамуға база кеңейеді. Ал сіздің арам тер болып соқпай кеткіңіз келіп жүрген капиталистік кесел тарихи жақсылық болып табылады, өйткені ол қоғамдық дамуды әбден тездетеді, коммунистік қозғалыстың жаңа, жоғарғы формаларын әлдеқайда жақындата түседі. Жер меншігіне берілген соққы мұнан былайғы жерде де жалпы меншік атаулыға сөзсіз берілетін соққыны жеңілдете түседі; төменгі таптың азын-аулақ жұртқа ғана уақытша біраз жайлы тұрмыс туғызатын өзгеріс жасау жолындағы революциялық қимылы ең төменгі таптың барлық еңбекшілерге шын толық адамшылық бақыт әперетін өзгеріс жасау жолындағы мұнан былайғы сөзсіз болатын революциялық қимылын жеңілдетеді.

Маркстің Кригеге қарсы мәселені осылайша қоюы біз үшін, орыс социал-демократтары үшін үлгі болуға тиісті. Россиядағы қазіргі шаруалар қозғалысының шынайы ұсақ буржуазиялық сипаты ешбір күмән туғызбайды; біз бар күш-жігерімізді салып, мұны жұртқа түсіндіруге тиіспіз және қандай да болсын «социалист-революцио-

нерлердің» немесе дөрекі социалистердің бұл жөніндегі қандай да болсын бос үміттеріне қарсы мейірімсіз, мейлінше қатты күресуге тиіспіз. Пролетариаттың барлық демократиялық төңкерістер арқылы толық социалистік революция жасауға ұмтылатын өзіндік дербес партиясын айрықша ұйымдастыру біздің түпкілікті, естен бір сәт шығаруға болмайтын мақсатымыз болуға тиісті. Бірақ сондықтан шаруалар қозғалысынан сырт айналу — нағыз барып тұрған үмітсіз филистерлік және педанттық болар еді. Жоқ, бұл қозғалыстың революциялық-демократиялық сипаты бар екені күмәнсыз, сондықтан біз бар күш-жігерімізді салып, оны қолдауға тиіспіз, оны өрістетуге, саяси-саналы және таптық-айқын қозғалыс етуге тиіспіз, оны ілгері бастыруға, онымен бірге қол ұстасып, ақырына дейін баруға тиіспіз,— өйткені, біз шаруалар қозғалысы атаулының барып жететін жерінен әлдеқайда әрі асып кетеміз, біз қоғамның тапқа бөлінуінің өзі толық жойылып бітуіне дейін барамыз. Шаруалардың Россиядағыдай бастан кешіріп отырған мұндай азабы, мұндай езгісі мен қорлығы дүние жүзіндегі өзге қай елден табыла қояр екен. Бұл езгі неғұрлым мехнат болса, енді оның оянуы соғұрлым құдіретті болмақ, оның революциялық тегеуріні соғұрлым тоқтаусыз болмақ. Осы тегеурінді бар күш-жігер салып, қолдап отыру, қолдағанда, ол тегеурін ескі, қарғыс атқан крепостниктік-самодержавиелі құл Россияның күл-талқанын шығаратындай етіп, ол тегеурін азат, батыл адамдардың жаңа ұрпағын туғызатындай етіп, социализм жолындағы біздің пролетарлық күресіміз ұлан-ғайыр өріс алатын жаңа республикалық ел құратындай етіп, қолдау революцияшыл саналы пролетариаттың ісі.

«Вперед» № 15,
20(7) апрель, 1905 ж

«Вперед» газетінің қолжазбамен салыстырылған текстi бойынша басылып отыр

ӘШКЕРЕЛЕНГЕН СОВЕТ

«Искраның» 95-номерінен жеке мақала түрінде «Партия Советінің» қаулысы жаңа ғана жарыққа шықты, онда 1905 жылғы 7 апрель, Женева қаласы деп көрсетілген. Бұл қаулы «шындықтан жалтарудың» бүтіндей өрмегі болып табылады. Басты-бастыларын атап өтейік *.

Бізге Совет партиядағы ішкі күрес опың бірлігін бұзбауын көздеп отырды дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Теріске шығарылмаған және теріске шығаруға болмайтын документтерден партияның барлық мүшелері мынаны білуге тиіс: бұдан бір жылдан астам бұрын, 1904 жылғы январьда, Орталық Комитеттің мүшелері Ленин мен Васильев бойкотқа және үйірмелердің жалпы партиялық ақшаны ** жасырын иемденуіне тыйым салу туралы бүкіл партияға үндеу жазу жөнінде Советте ұсыныс жасады. *Совет олардың ұсынысын қабылдамады.* Совет мұның орнына партияның *жасырын жіктелуіне* тікелей қатысты, азшылықтың жасырын ұйымының [33] «кооптация» үшін күресіне дем беріп отырды.

---

* Қолжазбада: «Күтуге болатындай-ақ, бұл қаулы шындықты барып тұрған өрескел бұрмалаудың шым-шытырық өрмегі болып табылады. Бұған қатысы бар және жалпы жұртқа хабарлау үшін әлдеқашан басылып шыққан документтерді өздігінен тексеруге еңбек сіңірген адамның қай-қайсысы болсын бұл айтылғанға оңай сенеді. Біз өзіміздің «Советтің» «шындықтан жалтаруының» басты-бастыларын қысқаша көрсетумен ғана шектелеміз».

Бұл арада және төменде, кітап бетінің соңындағы ескертулерде, газет үшін М. С. Ольминский түзеткен өте-мөте маңызды жерлері қолжазба бойынша қалпына келтіріліп отыр. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 120—123-беттер, *Ред.*

Бұл күрес II съезд кезінен бастап, яғни 1903 жылғы августан 1904 жылғы ноябрьге немесе декабрьге дейін жүргізілді, мұның өзі қазір документ жүзінде дәлелденіп отыр.

Сонымен, 1904 жылғы январьдан бастап Совет партияның жоғарғы мекемесі емес, азшылықтың жасырын ұйымының қол шоқпары болды *. Бұл ұйымның өмір сүріп отырғанын тек ымырашыл Орталық Комитет қана емес, сонымен қоса Орталық Комитеттің азшылық жағына көшкен кезінде тіпті «Искраның» өзі де жұрт алдында және баспасөз бетінде мойындады [34].

Азшылықтың жасырын ұйымының құралы болған Совет комитеттер талап еткен жалпы партиялық съезден жалтаруға ** бар күшін салды. Россиядағы социал-демократиялық жұмыс шетелдегі азшылық *** іріткі салғандықтан аттай бір жарым жыл бойы бөгеліп келді. Россиядағы комитеттер аттай бір жарым жыл бойы съезд үшін үздіксіз, өршелене күрес жүргізді, женевалық Советке қарсы күрес жүргізді, ол Совет не комитеттердің қарарларын жасырды, не ең дөрекі жаман сөздерді («алаяқтар, оңбаған комедия, ойдан қиыстырылған документтер» — деген сөздер Мартовтың хатында бар, Орловскийдің «Совет партияға қарсы» деген кітапшасын қараңыз) тіркеп, қарарларды кері қайтарып отырды****. Жасырын жіктелу қайраткерлерінің мінез-құлқына қарсы ***** жүргізілген осы машақат күрестің әрбір ірі қадамы қазір әдебиет бетінде документ жүзінде расталып отыр. 1904 жылғы октябрьдің өзінде-ақ, яғни *бұдан жарты жыл бұрын,* мәселен, Орловскийдің «Совет партияға қарсы» деген кітапшасында Советтің съезд шақыру жөніндегі устав бойынша белгіленген өз

* Қолжазбада «Сонымен, 1904 жылғы январьдан бастап Совет іс жүзінде партияның Советі емес, азшылықтың жасырын ұйымының қол шоқпары болып, бүкіл партияны барып тұрған арсыздықпен алдады». *Ред.*

** Қолжазбада: «... алдау жолымен жалтаруға...». *Ред.*

*** Қолжазбада «шетелдегі азшылық» деген сөздің соңында: «Россияға өздерінің сыбайластарын жіберіп» деген сөздер бар. *Ред.*

**** Қолжазбада: «... ол Совет комитеттердің қарарларын барып тұрған арсыздықпен жасырып, осы игілікті істе Орталық Комитеттің ымырашыл мүшелері дейтіндер тарапынан әрқашан қолдау тауып отырды». *Ред.*

***** Қолжазбада: «... жасырын жіктелу кейіпкерлерінің жарамсыз және лас мінез-құлқына қарсы...». *Ред.*

міндетінен себепсіз жалтарғандығы * дәлелденді. Осыдан кейін Россиядағы толып жатқан партия комитеттері бірінен соң бірі Советке және барлық орталық мекемелерге *формальды түрде сенбестік* білдірді. Бірақ Совет бұған ешқандай көңіл аудармады, партияны беті шімірікпестен қорлады. Совет азшылықтың қол шоқпары болды. Қазір Совет 1905 жылғы 7 апрельдегі қаулыда тікелей өзін *таласушы жақтардың бірі* деп санайды, бірақ сонымен қатар ол партиядан алған мандатын партияға қайтарып беруден бас тартып, *жалпы партиялық* мекеменің атағын, праволары мен уәкілдіктерін ұялмай пайдаланып отыр. Мұның өзі сенімді бүтіндей сорақы түрде бұзғандық болды **.

Ақырында, Россиядағы партия комитеттері Советтің съезден жалтарғанын көріп, үш конференцияда өздері сайлаған «Бюро» арқылы *съезді өздері шақырған* кезде, *тіпті азшылық жағына шыққан Орталық Комитет те* өз қатесін түзетуге асықты ***. Көпшілік комитеттеріне тілектес еместігі былай тұрсын, тіпті оларға қарсы күрескен *орыс Орталық Комитеті,* дегенмен *орыс істерін көріп,* Россияда шынында да көпшіліктің басым екендігін біліп, съезді шақыру жөнінде Көпшілік Комитеттері Бюросының әділдігін мойындауға тиіс болды, *Советке қарсы шығуға* тиіс болды. 1905 жылғы 12 мартта бүкіл партияға жазған үндеуінде орыс Орталық Комитеті *Советке тура қарсы шығады,* мұны біз баспасөзде бұрын да көрсеттік және барлық орыс қызметкерлері мұны декларациядан біледі; Орталық Комитет осы декларацияның 5-пунктінде: «Советтің съезге қарсы 8 марттағы («Искра» № 89) қарары съезді ұйымдастыру жөніндегі жұмысты тоқтату үшін негіз болып табылмайды» деп жариялады.

Біздің Совет мүлде ауызға алмай отырған осы жарнаманың мәнісі не? Оның мәнісі — орыс Орталық Комитеті орыс істерінің жайын біле отырып және, тегінде, шетелдік Советтің пайымдауларын тексере келіп, *бұл*

* Қолжазбада: «... Советтің алдаумен жалтарғандығы...». *Ред.*

** Қолжазбада: «сенімді» деген сөзден кейін — «және партияны алдағандық». *Ред.*

*** Қолжазбада: «... *Орталық Комитет* өз тактикасының терістігін және жалғандығын көріп, оны түзеуге асықты». *Ред.*

пайымдауларды теріс * *деп табады* деген сөз, съезді шақыруға қарсы айтылған сылтауларды қисынсыз деп табады деген сөз, іспен танысуға мүмкіншілігі болған орыс комитеттері басым көпшілігінің съезді талап ету фактісін *дәлелденген* факт деп табады деген сөз.

Орталық Комитеттің 5-пункттегі мәлімдемесі туралы біздің Советтің үн қатпай отырған себебі, міне, осы! Неге десеңіз, бұл мәлімдеме бүкіл партия алдында Совет пайымдауларын теріс деп тіке мойындаумен барабар, партияның қоғамдық пікірін ** Совет бұрмалап отыр деп мойындаумен барабар!

Сондықтан Советтің таласушы жақтардың кеңесін немесе келісімін ұсынып, партияны тағы да адастыруға әрекеттеніп отырғаны босқа әурешілік. *Россияда мұндай келісім қазірдің өзінде жасалды.* Меньшевиктердің орыс орталық орны Орталық Комитет болды — мұны Орталық Комитеттің июль декларациясын меньшевиктік ұйымдардың қабылдағаны туралы хабарлағанда «Искраның» өзі тура айтқан болатын. Көпшіліктің орыс орталық орны Көпшілік Комитеттері Бюросы болды. Таласушы екі жақтың *орыс* орталық орындары *жалпы съезд жайында қазірдің өзінде келісім жасады*. Бұдан Россияда партиялық пен партия бірлігін шетелдегі меньшевиктерден гөрі аз-кем жоғары бағалайтын меньшевиктер бар екендігі көрінеді. Бұдан өздерінің орталық орны, Орталық Комитет арқылы орыс меньшевиктерінің өздері шетелдік Советті әшкерелеп, одан бетін бұрып отырғандығы көрінеді. Бұдан таласушы екі жақтың орыс орталық орындары келісімге келгеннен кейін шетелдік Советпен, яғни Женевада отырған джентельмендермен ешқандай келісімге келу туралы әңгіме болуға тиіс емес екендігі көрінеді.

Сондықтан біздің Совет өзін Орталық Комитеттің болашақ уақытта құлататыны туралы босқа әңгіме қозғап отыр. Мұның өзі болашақтағы іс емес, өткендегі іс. Орталық Комитеттің 1905 жылғы 12 мартта партияға жазған үндеуінің бесінші пункті өздері оқып шыққан-

* Қолжазбада: «...өтірік...». *Ред.*

** Қолжазбада: «... бүкіл партия алдында Совет пайымдауларының жалғандығын мойындаумен, қоғамдық пікір дәлелдерін Совет бұрмалап отыр деп мойындаумен...». *Ред.*

дарының мағынасын түсіне алатындардың бәріне бұл құлатудың қазірдің өзінде іске асқандығын білдіреді. Екі жақтың біріккен орталық орындары арқылы Россия шетелді құлатты. Партияның Советі енді партияның өкілі емес, қайта женевалықтар тобының өкілі болып отыр *.

Партия істерінің осы суреттемесінің қаншалық дұрыс екендігі төмендегіден ерекше айқын көрінеді. Совет 1905 жылғы 7 апрельдегі өз қаулысын бір ауыздан қабылданды деп мәлімдейді. Партия мүшелері мұны оқып, әрине, *Орталық Комитеттің Советтегі екі мүшесі де* қаулыға қатысқан екен деп ойлауға тиіс. Ал Советтің оқушыларға ой салуға тырысып отырған бұл жорамалы мейлінше күмәнды болып қалады **.

Дәлел келтірейік. Біз «Впередтің» 13-номерінде бұрын көрсеткеніміздей, Көпшілік Комитеттері Бюросы мен Орталық Комитет арасындағы шартты жариялауға бізге әлі право берілген жоқ. Бірақ сонымен қатар бізге: партия Советі партияның III съезін шақыруға қарсы бағытталған қаулы қабылдай қалған ретте бұл шарттың ең болмағанда бір пунктін жариялауға болады делінген-ді.

Енді осының реті келіп отыр.

Сондықтан енді біз жарияланбаған шарттың бірінші пунктін жариялаймыз:

«Көпшілік Комитеттері Бюросы мен Орталық Комитеттің 1905 жылы 12 мартта қол қойылған шарты:

Бірінші пункт: Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросы өкілдерінен құрылған Ұйымдастыру комитеті съезді шақыру жөнінде Советтің қандай қарар қабылдағанына қарамастан, партияның III съезін дереу ұйымдастырады».

Айқын шығар?

---

* Қолжазбада: «большевиктік және меньшевиктік біріккен орталық орындар арқылы Россия қазірдің өзінде шетелді құлатты. Партияның Советі енді партияның өкілі емес, қайта женевалық үш джентельменнің өкілі болып отыр». *Ред.*

** Қолжазбада: «... Советтің оқушыларға ой салуға тырысып отырған бұл жорамалы *өтірік*. Совет бұл жерде де партияны алдауға тырысады. 1905 жылғы 12 марттағы шарттан кейін Советте Орталық Комитеттің өкілдігі *не мүлде болған жоқ, не Совет оны қолдан жасады*». *Ред.*

Орталық Комитет Советтің *болашақ* қарарларына өзінің бағынбайтындығын ерекше ескертті *, Совет жазатайым адалдық көрсетіп қала ма деген оймен мұны уақытша жарияламаған еді. Мұның мәнісі — орыс меньшевиктері Совет тарапынан тым құрығанда жазатайым бір адал ниетті әрекет жасалуы мүмкін деп әлі де болса сеніп келген еді деген сөз.

Өздерінің орыс орталық орны арқылы орыс меньшевиктері енді қатты түңіліп отыр.

Демек, Советтің пайдасын бүтіндей көздеген Орталық Комитеттің өзі шетелдегі өз әріптесін әбден әшкерелеуге тиіс болғандығы енді толық дәлелденіп отыр.

Енді оқушыларға біздің тек қана кішкентай қорытынды сұрақ беруіміз қалды: осыдан кейін Советтің Женевада отырған мүшелері туралы, Советтің 1905 жылғы 7 апрельдегі қаулысы Женевада бір ауыздан қабылданды деп баспасөз бетінде және жұрт алдында мәлімдеген ** мүшелері туралы не ойлауға болады?

«Вперед» № 15,
20(7) апрель, 1905 ж.

«Вперед» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

---

* Қолжазбада: «Советтің партияны тағы да алдайтынын Орталық Комитет күні бұрын-ақ болжап білді. Сондықтан Орталық Комитет ерекше ескертті...». *Ред.*

** Қолжазбада: «... баспасөз бетінде және жұрт алдында мәлімдеген Советтің Женевада отырған үш мүшесі, Плеханов, Аксельрод және Мартов туралы...». *Ред.*

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ БАЗАР

Петербургтің ақ сүйек топтарында әділ сөз болып жүргеніндей, Булыгин қазір уақыт ұтумен шұғылданып жүр. Ол патша уәде еткен реформаларды, мүмкін қадарынша кешеуілдетіп, бұл реформаларды самодержавиелік патша мен самодержавиелік чиновниктердің билігін еш бір кемітпейтін, түкке тұрғысыз нәрсе етіп шығаруға тырысып отыр. Біздің бұрын «Вперёд» бір рет көрсеткеніміздей *, конституцияның орнына ол ешқандай правосы жоқ кеңесші палата құрмақ. Қазір бізде айтқанымызды дәлелдейтін сипаттама бар,— атап айтқанда немістің «Vossische Zeitung» [35] атты либералдық газетінде жарияланған булыгиндік жобаның тексті бар. Осы газеттің мәліметтеріне қарағанда, жобаның авторлары Булыгин, Ермолов, Щербатов, Мещерский, граф Шереметев пен князь Урусов көрінеді. Жобаның мазмұны мынадай.

Барлық заң жобаларын талқылау үшін (одан артық емес!) және бұларды белгілеу үшін екі мекеме құрылады: 1) Мемлекеттік кеңес және 2) Мемлекеттік жиналыс. Мемлекеттік кеңестің әрбір мүшесі және Жиналыстың кемінде 20 мүшесі заң жобаларын енгізуге праволы. Заң жобалары Жиналыста талқыланып, қабылданады да, одан соң Кеңеске барып түседі, ақырында, *патшаның бекітуіне беріледі.* Бұл жобалардың қай формада заң болуға тиіс екенін патша шешеді, немесе бұларды мүлде қабылдамай тастайды.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 412—413-беттер. *Ред.*

Сөйтіп Булыгин «конституциясы», кілең кеңесші палаталарды: жоғарғы палата мен төменгі палатаны енгізіп, самодержавиені ешбір тежемейді! Жоғарғы палата немесе Мемлекеттік кеңес сайланулы 60 мүшеден тұрады, бұларды 60 губернияның (поляк губерниялары да осының ішінде) дворяндық жиналыстары сайлайды, одан соң Мемлекеттік кеңеске чиновниктер мен офицерлерден патшаның өзі тағайындайтын мүшелер кіреді. Мүшелердің жалпы саны 120-дан аспайды. Сайланған мүшелердің уәкілдік мерзімі — үш жыл. Кеңестің өз ұйғаруы бойынша Кеңестің мәжілістері жария өткізіледі немесе жұртшылық үшін жабық болады.

Төменгі палата немесе Мемлекеттік жиналыс тек қана сайланулы мүшелерден тұрады (министрлер мен жоғарғы басқарушылар екі палатаның да мәжілістеріне қатысып отыруға праволы), атап айтқанда: 34 земстволық губернияның әрқайсысынан 10 адамнан сайланады (не бары 340); земстволық мекемелері бар, бірақ дворяндық мекемелері жоқ 3 губерниядан 8 адамнан (не бары 24); 9 солтүстік-батыс губерниядан 8 адамнан (72); поляктың 10 губерниясынан 5 адамнан (50); үш остзейлік губерниядан 5 адамнан (15); Сибирьден 30; Кавказдан 30; Орта Азия мен Закаспий облысынан 15; Финляндиядан 32; үлкен қалалардан 20 (Санкт-Петербург — 6, Москва — 5, Варшава — 3, Одесса — 2, Лодзь, Киев, Рига және Харьков — бір-бірден); православие дін басыларынан 10; католиктерден, лютерандардан, армяндардан, мухамед діниндегілерден және еврейлерден бір-бірден. Демек, не бары 643 мүше. Бұл Жиналыс председательден, екі вицепредседательден және 15 мүшеден құрылатын атқару комитетін сайлайды. Уәкілдік мерзімі — үш жыл. Атқару комитеті — тұрақты мекеме; Жиналыс жылына тек екі рет: февраль — мартта және октябрь — ноябрьде мәжіліс өткізеді. Жиналыстың ұйғаруы бойынша мәжілістері жария өткізіледі немесе жабық болады. Жиналыс мүшелерінің уәкілдік мерзімі кезінде олардың жеке басына қол сұғылмайды. Жасы 25-тен кем емес, орысша сөйлей, жаза білетін, россиялық азаматтар ғана сайлана алады. Олар жылына 3000 сомнан жалақы алып отырады.

Сайлау былай ұйымдастырылады. 34 земстволық губернияда дворяндар жиналысы 2 мүшеден сайлайды, губерниялық земство жиналысы 3 мүшеден сайлайды, қалалардан дербес сайламшылар арқылы бір мүше сайланады, шаруалардан дербес сайламшылар арқылы үш мүше, көпестерден де сайламшылар арқылы бір мүше сайланады. Земстволық емес губерниялардан да депутаттар нақ осындай негізде сайланады,— біз осы қисынсыз кеңсешіл-полицейлік мекемелердің бәрін тізіп жатпаймыз. Төте емес жолмен сайлаудың қалай ұйымдастырылғалы отырғанын көрсету үшін земстволық губернияларда шаруа депутаттарын сайлау тәртібін ғана келтірейік.

Әрбір болыс 3 сайламшыдан сайлайды. Олар уездік қалаға жиналады да, *дворяндар жетекшісінің председательдігімен*(!) екінші дәрежелі үш сайламшы сайлайды. Бұл сайламшылар губерниялық қалада дворяндардың губерниялық жетекшісінің председательдігімен жиналады да, тек қана шаруалардан үш шаруа депутатын сайлайды. Сөйтіп сайлау үш сатылы болады!

Булыгин мырзаның жұмысы жаман емес. Ол патшадан жалақыны текке алып отырған жоқ. Оқушының өзі көріп отырғанындай, оның конституциясы — халық өкілдігін бастан-аяқ қорлағандық. Біздің жоғарыда айтқанымыздай, самодержавиелік өкіметке ешбір шек қойылмайды. Екі палатаның да тек қана кеңесші сипаты болады, ал бәрін бүтіндей патшаның жалғыз өзі шешіп отырады. Мұның мәнісі — алдап шақырып алып, түк бермеу деген сөз. Біріншіден, «өкілдіктің» сипаты арнайы *дворяндық, помещиктік* сипат. Жоғарғы палатаға сайлау жөніндегі дауыстардың жартысы, ал төменгі палатада жартысына жуығы дворяндардыкі (земстволық губерниялардан сайланатын 10 адамнан 2 адам тікелей дворяндардан сайланады, 3 адам шындығына келгенде дворяндық дерлік земство жиналыстарынан сайланады). Шаруалар сайлаудан мүлде сорақы түрде шеттетілген. Қара халықты Жиналысқа жібермей тұрып үш сатылы сайлау оны әбден мұқият екшеп алып қалады.

Екіншіден, *жұмысшылардың мүлде ескерілмеуі* өтемөте көзге түседі. Осынау момақан парламенттің бүкіл

өкілдігі сословиелік негізде құрылған. Жұмысшылардың «сословиесі» жоқ, оның болуы да мүмкін емес. Қалалық және көпестер сайлауы сайламшылардың түрлі разрядтары арқылы кілең өнеркәсіп және сауда буржуазиясын іріктеп алады, оның бер жағында айта қаларлық бір ғажап нәрсе, осы буржуазияның өзі дворяндармен салыстырғанда таза кейін ығыстырылып тасталады. Патшаның қызметшілері, сірә, помещиктік либерализмнен онша қорқа қоймайтын болса керек: олардың байқағыштығы соншалық, осы үстірт либерализмнің өзінен «жабайы помещиктің» барып тұрған кертартпа әлеуметтік жаратылысын көре біледі.

Жұмысшылар мен шаруалардың Булыгин конституциясымен кеңінен танысқаны өте пайдалы. Таптардан тыс тұрады делініп жүрген патша өкіметінің шын ниеттері мен таптық негізін бұдан айқынырақ көрсету мүмкін бола қоймас. Жасырын дауыс беру жолымен жалпыға бірдей, төте және тең сайлау правосы туралы тағылым сабақ боларлық бұдан артық материал табыла қоймас.

Орыстың саяси партиялары туралы соңғы хабарларды осы помещиктік-чиновниктік келте «конституциямен» салыстырудың өзі де қызғылықты. Бір ағылшын тілшісі (сірә, оның өзі «жоғары қауымда» жүретін, сондықтан да жұмысшылар сияқты қара халықты байқамайтын болса керек) әсіре партияларды, террористер мен реакционерлерді қоспағанда, үш партия бар деп есептейді: 1) консервативтік немесе панславистік партия («славянофильшылдық» система: өкімет күші патшада болсын, ой-пікір күші, яғни тек кеңесші дауыспен ғана пайдаланатын өкілдер жиналысы оның қол астындағы адамдарда болсын дейді); 2) либералдық немесе «оппортунистік» партия (көсемі Шипов, программасы, барлық оппортунистердікі сияқты = «екі орындықтың арасында») және 3) радикалдық *немесе* (кәдімгі «немесе»!) конституцияшыл партия, бұған земствошылардың, профессорлардың «және студенттердің» (?) көпшілігі кіреді. Программасы — жалпыға бірдей сайлау правосы және сайлауда дауысты жасырын беру.

Консерваторлар қазір Петербургте жиналып жатқан сияқты, либералдар майдың бас кезінде Москвада жиналмақ, радикалдар нақ сол мезгілде Петербургте бас қоспақ. Үкімет орындары дауысты жасырын беру жолымен жүзеге асырылатын жалпыға бірдей сайлау правосына *«республиканы жариялаумен»* бірдей деп қарайды деседі. «Радикалдар» — барлық партиялардың ішіндегі ең саны көп партия.

Булыгин жобасы, тегі, консервативтік партияның жобасы болса керек. Освобождениелшілдер жобасы «радикалдық немесе конституцияшыл» (ал іс жүзінде радикалдық емес және нашар конституцияшыл) партияның программасына өте ұқсас. Ақырында, «либералдық», шиповтық партия, сірә, Булыгиннің ұсынғанынан гөрі көбірек, ал конституцияшылдардың талап етіп отырғанынан гөрі азырақ тілейтін болса керек.

Базар қызу жүріп жатыр. Саудаласу мықты. Қоғамның игі жақсылары нарықты асыра сұрайды, сарай маңындағы әккі мырзалар да асыра сұрайды. Істің сыңайына қарағанда, екі жағы да нарықты кеміте түспек, ал одан соң... *жұмысшылар мен шаруалар араласпай тұрғанда,* қол алыспақ.

Үкімет шебер айла-шарғы жасап отыр: ол консерваторларды либералдармен қорқытады, либералдарды «радикалдық» освобождениешілдермен қорқытады, освобождениешілдерді республикамен үрейлендіреді. Таптық мүдделердің және буржуазияның жұмысшыларды қанауы жөніндегі басты мүдденің тілімен айтқанда — бұл айла-шарғының мәні мынау болып шығады: келіңдер, помещик және көпес мырзалар, нағыз халықтық көтеріліс басталмай тұрғанда, бүкіл пролетариат, күллі шаруалар бас көтермей тұрғанда саудаға келісейік, өкіметті ынтымақпен, татулықпен бөлісейік, әйтпесе кеш қаламыз деседі, өйткені оларды келте конституциялармен, жанама сайлаумен және басқа чиновниктік қоқыспен тойдыра алмайсың деседі.

Саналы пролетариат ешқандай жалған үмітке берілмеуге тиіс. Россияны бүкіл крепостниктік-самодержавиелік құрылыстан шын азат етудің кепілі шаруалар

қолдайтын пролетариаттың өзінде ғана, олардың қарулы көтерілісінде ғана, солардың «өлім не бостандық» деген ұран көтеріп, жанталаса күрес жүргізуінде ғана болып отыр.

1905 ж. 2(15) апрельде жазылған

1905 ж. 30(17) апрельде «Вперёд» газетінің 16-номерінде басылған.
Қол қойған: К — в

Газеттің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

РСДРП СОВЕТІНІҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІ ПЛЕХАНОВ ЖОЛДАСҚА АШЫҚ ХАТ [36]

Құрметті жолдас!

4(17) апрельде Орталық Комитет Советтегі өз өкілдері етіп Иогансен мен Валерьян жолдастарды тағайындағанын партия Советіне хабарлап, Советтің мәжілісін партия уставында белгіленген құрамы бойынша мүмкіндігінше ең таяу уақыттың ішінде шақыруды өтінген болатын.

Бұл өтінішке жауап ала алмай, біз сол өтінішті Сізге қайталап айтуға ұйғарған едік, сөйтіп 22(9) апрельде жауап алдық, онда Сіз: «партия уставын бұзушылар ретінде және Советтің қызметін заңсыз тартып алушылар ретінде әрекет жасауды» қойғанша Совет мәжілісін шақырудан бас тартамыз депсіз.

Советтің ресми мәжілісін шақырудан бас тартудан туған жағдай біздің партия Советіне бірқатар мәлімдемелер жасауымызға мүмкіндік бермей отыр, ал осы мәлімдемелерді жасамай отыра беру ендігі жерде, біздің пікірімізше, мүмкін емес, сондықтан біз Советтің таяудағы мәжілісінде жасауға тиісті болған басты-басты мәлімдемелерімізді бүкіл партия алдында Сізге хат арқылы баяндауға мәжбүр болып отырмыз.

1) Орталық Комитет партия Советіне мынаны мәлімдейді: 4(17) апрельге дейін партияның мынадай толық праволы ұйымдары — комитеттері: Петербург, Москва, Солтүстік одақ, Нижний Новгород, Тверь, Тула, Рига, Сибирь одағы, Воронеж, Саратов, Одесса, Кавказ одағы (8 дауыс), Николаев, Урал, Орел-Брянск, Курск, Смо-

ленск, Полесье, Солтүстік-Батыс, Харьков, Самара комитеттері, қосып есептегенде 48 дауысқа правосы бар не бары 21 ұйым партияның III съезін шақыруды жақтап пікір айтты. Орталық Комитет те съезді шақыруды жақтап, съезге өзінің делегатын және партия Советіндегі өз өкілдерін жіберуге ұйғарды.

Астрахань, Қазан, Кубань, Дон комитеттерінен, Горнозавод одағынан, Екатеринослав, Қырым одағынан, Лигадан, Орталық Орган редакциясынан және Советтің шетелдегі 3 мүшесінен қарарлар не алынбады, не съезд шақыруды жақтамаған қарарлар алынды.

Ақырында Киев комитеті, 25 мартта съезге қарсы қарар алса да, соның ізінше съезге делегат сайлап, оны шетелге жіберді.

Сонымен, бүкіл партия атынан съезде болатын 75 дауыстан * 52 дауыс (Киев комитетін есептемегенде) партияның III съезін шақыруды жақтап отыр.

Осындай жағдайларда Орталық Комитет партия Советіндегі өз өкілдері арқылы мынадай талап қоюды қажет деп санайды: бәрін қосқанда съезде болатын дауыстардың жартысына праволы партия ұйымдары талап еткенде, съезд шақыру жөнінде партия уставының 2-параграфынан туатын формальды міндеттемені Совет дереу орындауға тиіс.

Орталық Комитеттегі деректерге қарағанда, қазір уставта талап етілетін мөлшерден анағұрлым көп дауыс (75-тен 52) съезді жақтап отыр, сондықтан Совет партия уставында көрсетілмеген ешқандай алғы шарттар немесе талаптар ұсынбастан, съездің шақырылатынын дереу, сөзсіз жариялауға тиіс.

2) Орталық Комитет мынаған кәміл сенеді: партия мен бүкіл Россия қазір басынан кешіріп отырған кезеңде партия съезін шақыру сияқты өте-мөте маңызды мәселе, тіпті партия Советінің барлық мүшелері шын тілеген күнде де, тек қана таза ресми жолмен шешілуі мүмкін емес. Біздің партия уставы бұл үшін онша тыңғылықты жасалып болмаған және, мәселен, съезді жақтап берілген дауыстар заңды мөлшерге жеткенде, пар-

* «Искраның» 89-номерінде жарияланған толық праволы ұйымдардың тізімін қараңыз.

тия Советі съезді қандай мерзімнің ішінде шақыруға *міндетті* деген сұраққа онда ешқандай жауап айтылмаған. Партияның орталық мекемелері осы мәселе және басқа да мәселелер жөнінде уставтың *түсінігін* қолдана отырып, 1-пункттен көрініп отырғанындай, съезді қазірдің өзінде жақтап партияның ресми түрде білдірген еркіне сәйкес іс істеп қана қоймай, сонымен қатар партиядағы болсын, сондай-ақ жалпы Россиядағы болсын іс жүзіндегі жағдаймен де санасуға тиісті болып отыр.

Орталық Комитет партия Советіне мынаны білдіруді борыш санайды: Россияда партия дағдарысының асқынып кеткені соншалық, бүкіл партия жұмысы түгел дерлік тоқтап қаларлық жағдай туып отыр. Комитеттердегі жағдай әбден былығып кетті. Жергілікті жердегі фракциялар арасында мейлінше шиеленіскен алауыздықтар туғызбайтын тактикалық немесе ұйымдық ешбір мәселе жоқ деуге болады, оның бер жағында бұл алауыздықтар көбінесе мәселенің мәніне қарай емес, таласушылардың партияның әр түрлі жіктеріне жататындығы салдарынан туып отыр. Партия қызметкерлері көпшілігінің алдында партия Советінің де, Орталық Органның да, Орталық Комитеттің де онша беделі жоқ, барлық жерде бірінің жұмысына бірі кедергі жасайтын және пролетариаттың көз алдында партияның беделін түсіретін қосарлас ұйымдар пайда болуда. Көбінесе әдеби жұмыспен, тіпті партияның едәуір бөлегі сенімсіздік білдіріп отырған жағдайда да тоқтаусыз айналыса беретін жолдастар, жалпы партиялық істің қазіргі жайы мүшкіл, төзімсіз екенін практикалық орталықтың қызметкерлері білгендей айқын білмеуі мүмкін, ал практикалық орталықтың қызметкерлері өз жұмысында Россияда күн санап, барған сайын зор қиыншылықтарға кездесіп отыр. Қазіргі кезеңде біздің партия өміріндегі ішкі қайшылықтардың дамуы бізге партияның II съезі берген уставтың тар шеңберінен, енді бәрімізге белгілі болған, кемелсіз шеңберінен асып кетіп отыр. Сондықтан жаңа формалар қажет немесе тым болмағанда ескі формаларды өзгерту қажет, ал мұны социал-демократиялық партияның бірден-бір заң шығарушы орны — партия съезі ғана істей алады, өйткені *жалпыға міндет-*

ті нормалар шығару соның, тек соның ғана міндеті, одан басқа ешқандай конференция, ешқандай жеке келісім бұларды жасап бере алмайды. Съезд арқылы партия дағдарысын тез реттеудің маңыздылығын ұғынып, россиялық комитеттердің көпшілігі съезді тез жүзеге асыру үшін делегаттар сайлап жіберуге дейінгі барлық шараларды қазірдің өзінде қолданып отыр; оның бер жағында съезді бұрыннан жақтаған көпшілік комитеттері ғана емес, сонымен қатар азшылық комитеттерінің, топтар мен перифериялардың көпшілігі де осылай істеп отыр. Партия съезді жақтады, оны әзірлеу ісіне орасан көп қаржы, күш-жігер жұмсады. Қазір, съезд шақырудың міндетті екендігі күмәнсыз болып отырғанда съезд жариялауды кейінге қалдыруға партияның орталық мекемелерінің ешқандай формальдық правосы жоқ, сондықтан олар осы жұмсалған күштердің партия үшін зая кетпеуі үшін өз тарапынан барлық шараларды қолдануға моральдық жағынан міндетті. Қазір Россия өте-мөте зәру болып отырған аса белсенді ондаған делегат жолдастардың шетелде белгісіз уақытқа кідіріп қалуы, ол тұрсын, Орталық Органдағы жолдастардың партия уставының рухы үшін, партия бірлігін сақтаудың жоғарғы мүддесі үшін уставтың әріптерінен бас тартқысы келмегендігінен ғана болмай қалған съезден олардың Россияға қайтуы партия күштерін орынсыз ысырап еткендік және партия өмірі алдына қойған міндеттерді партия басшыларының орындауға қабілетсіздігі болып табылар еді. Формалар жойылып отырғанда, өсіп, дамып келе жатқан партияға бұл формалар тар келіп отырғанда, заң әрпі киелі деп сан жүз рет қайталап айтумен ғана құтыла алмайсың. Дағдарыстан құтқаратын жол бұл емес, одан құтқаратын бірден-бір жол — тек партия съезін шақыру ғана болмақшы.

3) Партия уставының 6-параграфы бойынша, Орталық Комитеттің жалпы партиялық маңызы бар барлық жұмыстарды ұйымдастырып, басқаруына ерік берілген, сондықтан ол өзінің бұлжымас және шек қоюға жатпайтын правосы ретінде, партия съездерін ұйымдастыру жөнінде әзірлік шараларын қолдану және бүкіл практикалық жұмысты орындау правосын батыл қорғайды.

Партияның бірден-бір практикалық орталығы болып отырғап Орталық Комитет партияның басқа мекемелері тарапынан бұл жұмысқа қол сұғу әрекетінің қандайып болса да партия уставын бұзғандық деп санайды және оны өз правосына қол сұққандық деп біліп, қабылдамайды. Ал уставтың 2-параграфы бойынша партия съездерін шақыру жөнінде партия Советіне берілетін праволарға келетін болсақ, онда Орталық Комитет бұларды Советтің съезд шақырылады деп жариялауы мағынасында және Орталық Комитеттің іс жүзінде жүргізген жұмысын бақылауы мағынасында түсінеді.

Жоғарыда айтылғандарға сүйеніп Орталық Комитет партияның III съезін шақыру жөнінде Көпшілік Комитеттері Бюросымен жасасқан өз келісімінде партия Советі съезді алдын ала формальды түрде жарияламай-ақ съезді шақыру ниеті айтылғандықтан ғана (шарттың 1-параграфын қараңыз) бұл келісім партия уставына қайшы келеді деп мойындайды.

4) Орталық Комитеттің өзін есептемегенде, партияның толық праволы 18 ұйымының III съезді шақыруды жақтаған қарары туралы деректер алып, Орталық Комитет 12 мартта мұны Советке хабарлау жөнінде қаулы шығарды, сөйтіп Советке мынадай мәлімдеме жіберді: «Орталық Комитет партия Советіне мынаны хабарлайды: қазіргі уақытта (12 мартта) партияның толық праволы 18 комитеті (Орталық Комитетті есептемегенде), яғни партия уставы бойынша өздерінің III съезге қатысуы қамтамасыз етілген шешуші дауыстардың жартысынан артығы партияның III съезін шақыруды жақтаған пікір айтты. Осы тәріздес қарарлар ең жақын арада тағы да бірнеше комитеттеп келетін түрі бар. Мұндай жағдайда Орталық Комитет съезді дереу шақыру қажет деп санайды, сондықтан партия Советінен тиісті қаулылар қабылдап, съездің шақырылуын жариялауды өтінеді. Бұл мәселе жөнінде Орталық Комитеттің қолында бар документтердің бәрі жақын арада партия Советіне жіберіледі». Мұнымен бірге Орталық Комитет тіпті 10 мартта-ақ өз агенті Вадим жолдасқа істің жайын партия Советіне мәлімдеу мақсатымен дереу шетелге баруды ұсынған болатын, ал Вадим жолдас Советтің мәжіліс-

теріне қатысуға Орталық Комитеттен уәкілдік алған еді. Жолы болмай қалып, Вадим жолдас шекараға жетпей-ақ қамауға алыныпты. Бұл арада келтірілген документті,— съезд шақыруды дереу жариялауға Советті міндеттейтін қарарлардың бар екенін Орталық Комитет атап көрсеткен документті алатын болсақ, онда Орталық Комитет мүшелері Иогансен мен Валерьян жолдастардың 4(17) апрельде Дейч жолдастан алған жеке деректеріне қарағанда, бұл документ мүлде қолға тимеген. Кейіннен Дейч жолдас бұл нұсқауды түзетіп, документ Локарнода алынғанын, бірақ Советтің 7 апрельдегі мәжілісінен кейін алынғанын айтты. Орталық Комитеттің өкілдері ретінде біздерді Совет мәжілісіне қатыстырмау Орталық Комитеттің бұл мәлімдемесінің Совет мүшелеріне неге бұлай кешігіп тапсырылғандығын біздің анықтауымызға мүмкіндік бермей отыр. Алайда, тіпті мәлімдеме Советтің 3 мүшесінің Локарнодағы мәжілісінен кейін алынған күнде де, съезді шақыру үшін қажетті деректер бар екенін көрсететін документтің маңыздылығы себепті Орталық Органдағы жолдастар және Советтің 5-ші мүшесі дереу жиналып, партия уставы белгілеген қарарды қабылдауға тиіс еді немесе, тым болмағанда, Орталық Комитеттің шекараға жетпей ұсталып қалған өкілінің келмегендігінен 7 апрельдегі қаулыны жариялауды тоқтата тұруы керек еді.

5) Орталық Комитет партия Советінің 1905 жылғы февральдан бері алған қаулыларының заңдылығына дау айтады, өйткені январьдың аяғында Бем мен Второв жолдастар шетелден кеткеннен кейін Орталық Комитет партия Советінде өкілдік етуге ешкімге уәкілдік берген жоқ. Орталық Комитет пен Советтің шетелдік мүшелері арасындағы осы дау-жанжалдан көп бұрын, атап айтқанда, 1904 жылғы 14 февральда, Орталық Комитеттің жалпы жиналысы қаулы қабылдады, ол қаулы Орталық Комитеттің Советтегі өкілдігі туралы уставтың 4-параграфын мына мағынада түсіндіреді: Орталық Комитеттің Советке кіретін мүшелері уәкілдікті бүкіл коллегиядан алады, тіпті Орталық Комитеттің түрлі себептермен шетелде жүрген мүшелері де, егер Орталық Комитеттің жалпы жиналысының бұл жөніндегі қарары бол-

маса, Совет мәжілістеріне қатысу правосымен пайдаланбайды.

Орталық Комитеттің осы түсіндірме қаулысы Орталық Комитеттің шетелдегі өкілдігі үшін негіз болды, сөйтіп, 1904 жылғы февральдан бастап Орталық Комитет өкілдерінің бәрі де Орталық Комитеттің жалпы жиналысы оларды алдын ала бекіткеннен кейін ғана партия Советінде сөз сөйлейтін болды. Глебов жолдас пен Ленин, шетелге өзінің екінші рет барған кезінде Глебов жолдас, өзі Россияға қайтқанға дейін Орталық Комитеттің Советтегі өкілі болған Бем жолдас, белгілі бір мәселелер жөнінде Орталық Орган редакциясымен келіс сөз жүргізу және Совет мәжілістеріне қатысу правосымен январьда шетелге барған Второв жолдас, осылардың бәрі өз уәкілдіктерін Орталық Комитеттің белгілі бір мүшесінен немесе партия Советінде өзінен бұрын өкіл болған адамнан алған жоқ, керісінше Орталық Комитеттің жалпы жиналысынан алды. Аталған қаулыны Орталық Комитеттің 1904 жылғы 14 февральда қабылдауына және осы қаулыны кейінгі бүкіл практикасында бұлжытпай қолдануына итермелеген себептер мынадай: Орталық Комитеттің Советтегі өкілдігін осылайша ұйымдастыру Орталық Комитетпен екі арада жеткілікті тығыз байланысы жоқ және партия өмірінің барлық мәселелері жөнінен оның саясатымен егжей-тегжейлі таныс емес жолдастарға партия Советінде Орталық Комитет атынан сөз сөйлеуге тыйым салудың бірден-бір амалы болды. Біз бұдан да басыңқырап айтамыз: Советтің 2 мүшесін *Орталық Комитеттің тек жалпы жиналысы* арқылы ғана тағайындау Россияда жұмыс істеуші орталықтың партия Советіне ықпал жасауын, ықпал жасағанда Орталық Органнан белгіленген жолдастардың, Советте тек сан жағынан ғана емес, кейбіреулерінің россиялық социал-демократия былай тұрсын, тіпті халықаралық социал-демократияның алдыңғы сапында ұзақ жылдар даңқты күрес жүргізуі арқасында алған беделі бойынша да басым жолдастардың ықпалына аз да болса жақындайтын ықпал жасауын қамтамасыз ететін бірден-бір құрал болды. Бұл жолдастарды,— Совет мүшелерін әрқашан да тиісінше қадірлей отырып,

Орталық Комитет, алайда, егер партия Советінің құрамын аз уақытқа болса да өзгертуге жол берсе, соның нәтижесінде, бар істі сіңірген еңбегі көп, құрметті адамдар болғанмен, бірақ Россияда жүргізіліп жатқан тікелей практикалық жұмыстың басы-қасында болуын жағдайы көтермейтін жолдастардан құралған коллегия ғана шешетін болса, онда Орталық Комитет бүкіл партия алдында өз борышын бұзған болар еді. Советтің мәжілісін шақыру жөніндегі біздің өтінішіміз қабылданбады, сондықтан Орталық Комитеттің шетелдік «техникалық комиссиядағы» уақытша өкілі етіп Второв жолдас тағайындаған Дейч жолдастың Орталық Комитет атынан партия Советінде сөз сөйлеуді қалайша мүмкін деп тапқанына біз көзімізді жеткізе алмадық, ал Орталық Комитеттің Россиядағы жұмысына тегінде оның ешқашан ешқандай қатысы болған емес. Орталық Комитет Дейч жолдастың бұл сөзін іске алғысыз деп жариялайды, өйткені бұл сөзді Орталық Комитет алдын ала бекіткен жоқ, ал егер Второв жолдас (ол кезде Орталық Комитеттің тек агенті ғана болатын) немесе тіпті Орталық Комитет мүшелерінің әйтеуір біреуі партия Советінде Орталық Комитеттің өкілі болуын Дейч жолдастан сұрады деп ойлағанның өзінде, Дейч жолдастың позициясының заңсыздығы мұнымен де жойылмайды, өйткені көрсетіліп отырған уәкілдікті Орталық Комитеттің жалпы жиналысы ғана беруі мүмкін, ал Дейч жолдастың Советте өкілдік етуі жөнінде бұлай істелген жоқ. Жоғарыда айтылғандарға сүйеніп, Орталық Комитет партия Советінің барлық қаулыларын, Бем мен Второв жолдастар шетелден кеткеннен соң, Орталық Комитеттің ешбір қатысуынсыз қабылданған қаулыларын дұрыс емес деп санайды, сондықтан Орталық Комитеттің заңды өкілдерін шақырып, жаңа мәжілісте барлық мәселелерді қайта қарауды талап етеді.

6) Орталық Комитет орталық орындардың қайсыбіріне кінә тағуға және олардың Советтің барлық қаулыларына сөзсіз бағынуын талап етуге партия Советінің правосы жоқ деп біледі. Устав бойынша Советтің міндеті Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясының қызметін үйлестіріп, біріктіріп отыру, ал орталық-

тардың бірі мен Совет арасында жанжал туатын болса, онда жанжалды, сірә, партияның төтенше шақырылатын съезі ғана шешуі керек. Орталықтардың бірімен партия Советінің арасында алауыздықтар болса, партия Советінің даусы шешуші дауыс бола алмайды, себебі бұл ретте Совет әрі төреші, әрі дауласушы жақ болып шығар еді. Ал оның бер жағында Советтің мәжілісін Орталық Комитеттің өкілдерін қатыстыра отырып шақырудан бас тарту арқылы Советтің үш мүшесі (Орталық Орган редакциясының мүшелері) Орталық Комитетті іс жүзінде кінәлап қана қойған жоқ, сонымен қатар оны, уставқа сәйкес, бұлжымайтын правосынан, партия Советіне өз өкілдерін жіберу правосынан айырып, қазірдің өзінде жазалап отыр.

Советтің 3 мүшесінің (Орталық Орган редакциясы мүшелерінің) қаулыларына қалай болғанда да Орталық Комитетті бағындыруды көздеген басқа да шаралар қолданылып отыр. Мәселен, Орталық Комитеттің техникалық істері мен ақша істерінің бәрін, оларды басқару үшін тағайындалған Орталық Комитеттің мүшесі Валерьян жолдасқа тапсыру жөнінде Орталық Комитеттің шетелдегі өз агенті Дейч жолдасқа қойған заңды талабынан Дейч жолдас Орталық Комитеттің Советпен екі арадағы жанжалын сылтауратып, бас тартып жауап берді.

Сөйтіп Орталық Комитет Көпшілік Комитеттері Бюросымен жасасқан өз келісімінің 1-параграфында тіпті Совет бас тартқан күнде де съезді шақыруға дайын екендігін білдіру арқылы уставқа қайшы келген болса, ал Советтің үш мүшесі Орталық Комитеттің Советке қатысу правосын, Орталық Комитеттің шетелдегі техникалық және ақша істерін билеу және бақылауға алу правосын жойып, өз тарапынан уставты екі рет бұзды (партия уставының 2 және 6-параграфтарын бұзу).

Партия уставы тұрғысынан қарағанда шешуге болмайтын, жоғарыда баяндалған жанжалды — Орталық Комитет пен партия Советі (Орталық Органнан екі мүше және Советтің 5-ші мүшесі) арасындағы жанжалды партия алдында көрсете келіп, Орталық Комитет, партия Советінің председателі Советті шақырудан бас тарт-

қандықтан, Совет председателі Плеханов жолдастың уставты қатты бұзатын өзінің осы әрекетімен партия Советінің жұмыс істеу мүмкіншілігін жоятынын, сөйтіп осы арқылы бетімен лағып партия Советін іс жүзінде жоятынын мәлімдейді.

Жолдас, Сіздің Орталық Комитет партия Советіне сөзсіз бағынуы керек, бұл өте қажетті шарт, мұнсыз Советтің шақырылуы мүмкін емес деген талабыңыз іс жүзінде съезді белгісіз уақытқа кейінге қалдыру, партияның айқын көрсетілген еркін бұзу болып шығады.

Партияға өзінің шын адалдығын Советтің шетелдегі үш мүшесіне деген шын адалдықтан жоғары қойып отырған Орталық Комитет осы жанжалдың бәрін партияның өз төрелігіне береді.

РСДРП Орталық Комитеті

23 (10) апрель, 1905 ж.

«Вперед» № 16,
30(17) апрель, 1905 ж.

«Вперед» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫ

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

БІРІНШІ МАЙ[37]

Жұмысшы жолдастар! Бүкіл дүние жүзі жұмысшыларының ұлы мереке күні жақындап қалды. Бірінші майда жұмысшылар өздерінің нұр мен білімге аңсары ауғанын мейрамдайды, езушілік атаулыға қарсы, зорлық атаулыға қарсы, қанаушылық атаулыға қарсы күресу үшін, қоғамды социалистік жолмен құру жолында өздерінің туысқандық бір одаққа біріккенін мейрамдайды. Еңбек ететіндердің бәрі, өз еңбегімен байларды және төрелерді асырайтындардың бәрі, жартымсыз ақы үшін әл жетпес ауыр жұмыста өмірін сарп ететіндердің бәрі, өз еңбегінің жемісін ешқашан татпайтындардың бәрі, біздің цивилизацияның үлде мен бүлде, сән-салтанаты ортасында жүк артқан мал сияқты күнелтетіндердің бәрі, осылардың бәрі жұмысшылардың азаттығы мен бақыты жолында күресуге қол созып отыр. Ұлттары әр түрлі немесе діндері әр түрлі жұмысшылардың арасындағы араздық жойылсын! Мұндай араздық пролетариаттың қараңғылығы мен бытыраңқылығы арқасында өмір сүріп жүрген тонаушылар мен озбырларға ғана тиімді. Еврей мен христиан, армян мен татар, поляк пен орыс, фин мен швед, латыш пен неміс — осылардың бәр-бәрі социализмнің ортақ туы астында бірге сап түзеп келеді. Барлық жұмысшылар — бауырластар, сондықтан олардың берік одағы бүкіл еңбекші, езілген адамзаттың игілігі мен бақытының бірден-бір кепілі. Бірінші майда барлық елдер жұмысшыларының осы одағы, халықаралық социал-демократия, өз күштерін

байқап көріп, бостандық, теңдік, туысқандық жолында жаңадан, қажымай-талмай, табанды күрес жүргізу үшін топтасады.

Жолдастар! Біз қазір Россиядағы ұлы оқиғалар қарсаңында тұрмыз. Біз самодержавиелік патша үкіметіне қарсы жанталасқан ақырғы ұрысқа кірістік, біз бұл ұрысты жеңіп шыққанша жүргізуге тиіспіз. Жауыздар мен озбырлардың осы үкіметі, сатылған патшалық ордашылар мен капитал құйыршықтарының үкіметі бүкіл орыс халқын қандай бақытсыздыққа ұшыратқанын қараңыздаршы! Патша үкіметі орыс халқын Жапонияға қарсы есаландық соғысқа айдап салды. Халықтың жүз мыңдаған жас қыршындары өмірін қиып, Қиыр Шығыста опат болып, қаза тапты. Осы соғыс душар еткен барлық қасіретті айтып жеткізуге болмайды. Ал осы соғыс не үшін жүргізіліп отыр? Біздің тонаушы патша үкіметі Қытайдан тартып алған Маньчжурия үшін жүргізіліп отыр! Өзгенің жеріне бола орыстың қаны төгіліп, еліміз күйзеліп отыр. Жұмысшы мен шаруаның тұрмысы барған сайын ауырлай түсуде, капиталистер мен чиновниктер барған сайын жұмысшы мен шаруаның алқымын қаттырақ қыса түсуде,— ал патша үкіметі халықты өзгенің жерін тонауға айдап жатыр. Патшаның дарынсыз генералдары сатылған чиновниктермен бірлесіп, орыс флотын құртты, халықтың жүздеген, мыңдаған миллион дәулетін төгіп-шашты, тұтас армиялардан айрылды,— ал соғыс әлі де жүргізіліп, жаңа құрбандықтарға ұшыратып отыр. Халық қатты күйзеліп, өнеркәсіп пен сауда тоқтап қалуда, аштық пен оба төніп келеді, ал самодержавиелік патша үкіметі дүлей соқырлық сезімінің жетегінде, ескі жолмен жүріп келеді; бұл үкімет тек ат төбеліндей жауыздар мен озбырларды аман сақтап қалу үшін Россияны құртып жіберуге әзір, бұл үкімет Жапонияға қарсы соғыстың үстіне, екінші соғысты — бүкіл орыс халқына қарсы соғысты бастап отыр.

Ұйқыдан, тепкі мен қапастан қазіргідей сергіп оянушылықты Россия бұрын-соңды бастан кешіріп көрген емес. Жұмысшылар мен шаруалардан бастап, помещиктер мен капиталистерге дейінгі қоғамның барлық тапта-

ры бас көтерді, тұс-тұстан, Петербург пен Кавказдан, Польша мен Сибирьден ызалы дауыстар естіле бастады. Барлық жерде де халық соғыстың тоқтатылуын талап етеді, халық ерікті халықтық басқару мекемелерін құруды, халықтық үкіметті тағайындау үшін, халықты патша самодержавиесі итермелеп отырған тұңғиықтан құтқару үшін түгелдей барлық азаматтардан сайланған құрылтай жиналысына депутаттар сайлауды талап етеді. Халықтың осы талаптарын білдіру үшін Петербургтің екі жүз мың адамға жуық жұмысшысы 9 январьдағы жексенбіде священник Георгий Гапонмен бірге патшаға қарай беттеді. Патша жұмысшыларды дұшпаны ретінде қарсы алды, патша Петербург көшелерінде мыңдағап қарусыз жұмысшыларды атқызып тастады. Қазір бүкіл Россияда күрес қызып жатыр, жұмысшылар бостандық пен жақсы тұрмысты талап етіп, ереуілге шықты, Рига мен Польшада, Еділ мен Оңтүстікте қан төгілуде, барлық жерде де шаруалар бас көтеруде. Бостандық жолындағы күрес бүкіл халықтық күреске айналып отыр.

Патша үкіметі ақылынан алжасты. Ол соғысты соза беру үшін ақшалай қарыз алғысы келеді, бірақ қарыз беретіндер енді оған сенбейді. Ол халық өкілдерін шақыруға уәде беріп отыр, бірақ іс жүзінде бәрі де бұрынғыша қалып отыр, бұрынғыша қуғындау жүріп жатыр, чиновниктердің жүгенсіздігі бұрынғыша өріс алып отыр, халықтың еркін бас қосқан жиындары жоқ, халықтың еркін газеттері жоқ, түрмелердің есігі жабық, жұмысшының мүддесі үшін күресушілер сарғайып жатыр. Патша үкіметі бір халықты екінші бір халыққа айдап салуға тырысады, бұл үкімет Бакуде, армяндарды татарларға айдап салып, қанды қырғын ұйымдастырды, бұл үкімет қазір қараңғы халықты еврейлерге өшіктіріп, оларға қарсы жаңа қырғын әзірлеп жатыр.

Жұмысшы жолдастар! Біз орыс халқын бұлайша қорлауға енді жол бермейміз. Біз бостандықты қорғауға шығамыз, біз халықтың ашу-ызасын нағыз дұшпанымыздан басқа жаққа аударғысы келетіндердің бәріне тойтарыс береміз. Біз патша үкіметін құлатып, бүкіл халыққа бостандық әперу үшін қолға қару алып,köте-

ріліс жасаймыз. Жұмысшылар мен шаруалар, қолға қару алыңдар! Жасырын жиындар өткізіңдер, жасақтар құрастырыңдар, қолдарыңа қандай қару түссе, соның бәрін сайлап қойыңдар, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясымен ақылдасу үшін сенген адамдарыңды жіберіңдер! Биылғы жылдың бірінші майы біз үшін халық көтерілісінің мейрамы болсын,— кәне, осыған әзірленіңдер, озбырға қарсы шешуші шабуыл жасау дабылын күтіңдер. Патша үкіметі жойылсын! Біз оны құлатамыз және халықтық құрылтай жиналысын шақыратын революциялық уақытша үкімет тағайындаймыз. Халық депутаттары жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру жолымен сайланатын болсын. Бостандық жолында күресушілердің бәрі де түрмелерден шығарылып, айдаудан қайтарылсын. Халық жиындары ашық өткізілсін және халықтық газеттер қарғыс атқан чиновниктердің бақылауынсыз басылатын болсын. Бүкіл халық қарулансын, әрбір жұмысшыға қару берілсін, сөйтіп халықтың тағдырын ат төбеліндей тонаушылар шешпей, халықтың өзі шешетін болсын. Крепостниктік помещиктік өкіметті құлату үшін, халықты чиновниктердің қорлауынан құтқару үшін, шаруалардың тартып алынған жерлерін өздеріне қайтарып беру үшін селода еркін шаруа комитеттері бас қоссын.

Социал-демократтар мынаны көздейді, олар қолға қару алып мыналар үшін: толық бостандық үшін, демократиялық республика үшін, 8 сағаттық жұмыс күні үшін, шаруа комитеттері үшін күресуге шақырады. Жұмысшы жолдастар, ұлы ұрысқа әзірленіңдер, 1 майда фабрикалар мен заводтарды тоқтатыңдар немесе социал-демократиялық жұмысшы партиясы комитеттерінің кеңесі бойынша қолға қару алыңдар. Көтеріліс сағаты әлі соққан жоқ, бірақ оның соғар кезі енді алыс емес. Бүкіл дүние жүзінің жұмысшылары бостандық ісіне қисапсыз құрбандықтар берген ер жүрек орыс пролетариатына елеңдеп көз тігіп отыр. Петербург жұмысшылары 9 январьдың даңқты күні: бостандық не өлім!— деп ұран көтерді. Бүкіл Россияның жұмысшылары, біз осы айбынды ұлы ұранды қайталаймыз, біз ешқандай

құрбандықтардан тайынбаймыз, біз көтеріліс арқылы бостандыққа, бостандық арқылы социализмге қарай қадам басамыз!

1 май жасасын, халықаралық революциялық социал-демократия жасасын!

Жұмысшы мен шаруа халқының бостандығы жасасын, демократиялық республика жасасын, патша самодержавиесі жойылсын!

1905 ж.

Көпшілік Комитеттері Бюросы
«Вперед» редакциясы

1905 ж. 12(25) апрельге дейін жазылған

1905 ж. жеке листовка болып басылған

Листовканың тексті бойынша басылып отыр

III СЪЕЗД ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

Жалпы съезді шақыру үшін Орталық Комитеттің Көпшілік Комитеттері Бюросына қосылуына «Искра» (№ 94) балағат сөзбен, долданумен, жеке кісілер жөнінде жаңа күдік білдірумен, азшылық топтарының күші туралы ертегілер айтумен және т. т. жауап қайтарды [38]. Лиганың [39] атақты съезіне тән осы қылықтардың бәріне де біз, әлбетте, жауап қайырмаймыз. Асылында, тек екі пунктті ғана атап көрсетуге болар еді. Егер съезд бола қалса, дейді «Искра», тек *оқшауланған ағымдардың конференциясы* ретінде ғана болады. Басқаша айтқанда: жаңа искрашылдар өздерін партиядан оқшауланғандар деп біледі, жікті болған іс деп мойындайды. Осыны ашық мойындауды біз әрқашан жиркенішті жасырын жіктен артық санаған болар едік. Тек бұл қалайша, мырзалар: сіздер өздеріңізді партияның екінші бір бөлегінен бөлініп шыққан бір бөлегі деп танисыздар және сөйте тұрып, бүкіл партияның дәрежеатақтарын («Орталық Орган», «Совет») ұялмай иеленіп отырсыздар? сөйте тұрып, бүкіл партия үшін шетелдік жолдастардан жиналған ақшаны иеленіп отырсыздар? бүкіл партияға тиісті баспахананы ұстап отырсыздар*. Бұл адалдық па?

Екінші. «Искра», өзінің дағдысы бойынша, орталықтардың партия алдында есеп беруі туралы әңгіме болғанда, партияны жікке бөлінді деп мойындайды, ал ор-

* Қолжазбада: «сөйте тұрып» деген сөздерден бастап «ұстап отырсыздар» деген сөздерге дейінгі текст сызылып тасталған. *Ред.*

талықтардың партияға билік жүргізуі туралы әңгіме болғанда, партияны біртұтас деп біледі. Қазірде де осылай болып отыр. Бір жағынан, «оқшауланған ағымдар». Екінші жағынан, «съезді тек Совет қана шақыра алады». Өте жақсы, мырзалар! Онда сіздің «Совет» неге үндемейді? Орталық Комитеттің 1905 жылғы 4 марттағы мәлімдемесіне ол Совет неге үн қатпады? «Искраның» 94-номерінде Совет туралы не себепті бір ауыз да сөз айтылмаған? Партия мүшелері: айтыңызшы осы, солардың Советі дүниеде бар ма? оның өзі бас қосып, қарар қабылдауға жарай ма? — деп сұрауға праволы емес пе?

1905 ж. апрельде жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП III СЪЕЗІ[40]

12—27 АПРЕЛЬ (25 АПРЕЛЬ — 10 МАЙ), 1905 ж.

Сөздер, баяндамалар, жарыс сөздер мен қарарлардың жобалары 1905 ж. мына кітапта басылған: «РСДРП-ның кезекті үшінші съезі. Протоколдардың толық тексті». Женева, Орталық Комитет басылымы; Орталық Комитеттің жалпы жиналыстары туралы қарар жобасын талқылаған кезде сөйлеген сөздер, партияның бөлініп шыққан бөлегі туралы қарар жобасы мен қарар жөнінде сөйленген сөздер бірінші рет 1924 ж. «РСДРП-ның 1905 жылғы кезекті үшінші съезі. Протоколдардың толық тексті» деген кітапта басылған; Қазан комитетінің съездегі өкілдігі туралы мандат комиссиясының баяндамасы бойынша сөйленген сөз бірінші рет 1937 ж. «РСДРП-ның үшінші съезі. Протоколдар» деген кітапта басылған; документтердің бір бөлегі бірінші рет Ленин жинақтарында басылған

Кітаптардың тексті бойынша; документтердің бір бөлегі қолжазба бойынша басылып отыр

Россійская Соц. Дем. Рабочая Партія.

ПРОЛЕТАРІИ ВСѢХЪ СТРАНЪ, СОЕДИНЯЙТЕСЬ!

ТРЕТІЙ ОЧЕРЕДНОЙ СЪѢЗДЪ

Росс. Соц.-Дем. Рабочей Партіи.

ПОЛНЫЙ ТЕКСТЪ ПРОТОКОЛОВЪ.

Изданіе Центральнаго Комитета.

ЖЕНЕВА

Типографія Партіи. 6, Quai du Cheval Blanc, 6.

1905.

«РСДРП-ның кезекті үшінші съезі. Протоколдардың толық тексті» деген кітаптың мұқабасы.
Орталық Комитет басылымы, Женева, 1905 ж.
Кішірейтілген

1

III СЪЕЗДІ ШАҚЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ КЕЙБІР ҰЙЫМДАРДЫҢ ӨКІЛДІГІ ЖӨНІНДЕГІ ҚАУЛЫЛАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ [41]

Кавказ.

Ұйымдастыру комитеті Кавказ делегациясы туралы мәселені әдебиет деректері мен куәлардың, Кавказдан келген жолдастардың берген айғақтары негізінде қарап, мынадай бір ауызды шешімге келді:

1. Съездегі шешуші дауыстардың ішінде Кавказ делегациясының 8 даусы болуы қажет деп және бұл бірден-бір дұрыс деп саналсын, өйткені Орталық Комитет 1903 жылдың күзінде-ақ Одақтас Кавказ комитетінің уставын бекіткен болатын және бұл устав бойынша Одақтас Кавказ комитетіне, Одақтас комитет ретінде, съезде 8 шешуші дауыс берілген болатын.

2. Бұған қайшы келетін Глебов жолдастың Советте жасаған мәлімдемелеріне және Советтің 1904 жылғы майдағы, уақытша, мәселе анықталғанға дейін, Кавказдың төрт жеке (Баку, Батум, Тифлис, Имерети-Мингрель) комитетінің дауыстары шешуші дауыстар деп саналсын деген шешіміне келетін болсақ, онда Ұйымдастыру комитеті Глебовтың бұл мәлімдемесін және Советтің шешімін 1-пунктте көрсетілген қорытындыны қабылдауға кедергі болады деп санай алмайды, өйткені Глебов жолдас бұл мәселе жөнінде мүлде бейхабар болып шықты, сондықтан Советті еріксіз адастырды.

3. Кавказдан шешуші алты даусы бар үш делегаттың қазір осында екендігін күмәнсыз деп санап, Ұйымдастыру комитеті мынаны атап көрсетеді: Одақтас Кавказ комитетінің мүшесі Леонов жолдас шешуші екі даусы бар төртінші делегат жөнінде мынаны мәлімдейді: Одақ-

тас Кавказ комитетінің осы 4-делегатты бекітуді Батум комитетіне бермек ойы болған-ды. Ал Батум комитеті бұл жөнінде екіұшты жалтарып жауап берген соң, Одақтас Кавказ комитеті Леонов қатысқан мәжілісте, съезде Батумнан арнаулы делегат болмаған күнде, төртінші делегаттың шешуші дауыстары Каменев (Юрий) жолдасқа берілсін деген тілек білдірді.

4. Осыларды көрсете келіп, Ұйымдастыру комитеті Одақтас Кавказ комитетінен келетін төртінші делегат туралы мәселені шешуді съездің өзіне береді.

Кременчуг.

Кременчуг комитетінің праволылығы жөнінде Ұйымдастыру комитеті мынаны атап көрсетеді:

1) Орталық Комитеттің мүшесі, Орталық Комитеттің Кременчуг комитетін бекіткен жиналысына қатысқан Марк жолдастың айтуынша Кременчуг комитетін Орталық Комитет 1904 жылдың авгусында ғана бекіткен.

2) Партия Советінің «Искраның» 89-номерінде жарияланған тізіміндегі праволы деген 33 ұйымның ішінде Кременчуг комитеті жоқ.

Осы айтылғандардың негізінде Ұйымдастыру комитеті қаулы етеді: Кременчуг комитеті осы съезде шешуші дауыс правосы бар толық праволы ұйымдардың қатарында саналмасын.

Екатеринослав.

Екатеринослав көпшілік комитетінің делегаты Морозов жолдастың баяндамасын және Екатеринославтағы бұрынғы комитеттің мүшесі Евгений жолдастың жазбаша хабарын тыңдап, Ұйымдастыру комитеті мынадай бір ауызды шешімге келді:

Ұйымдастыру комитеті қазіргі Екатеринослав көпшілік комитетінің заңдылығын формальдық жағынан да, сондай-ақ сабақтастығы және жергілікті жұмысшылармен байланысы жағынан да, азшылық комитетінің заңдылығынан гөрі кем деп санауға ешқандай негіз жоқ деп біледі.

Алайда екінші жақтың берген түсінігін тыңдауға Ұйымдастыру комитетінің мүмкіндігі болмағандықтан,

ол Екатеринослав көпшілік комитетінен келген делегаттың шешуші даусы туралы қаулы қабылдамайды, мәселені шешуді съездің өзіне береді.

Қазан мен Кубань комитеттерінің праволылығы жөнінде Ұйымдастыру комитеті ешқандай тоқтамға келмеді, өйткені Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросының дауыстары бөлініп кетті.

Көпшілік Комитеттері Бюросы бұл комитеттерді праволы деп тануға болмайды деп ойлайды, өйткені Советтің 1904 жылы майда болған мәжілісінде (Орталық Комитеттен болған делегаттар Ленин мен Глебов) 1905 жылдың 1 апреліне дейін бекітілген комитеттер тізімінде бұл комитеттер жоқ. Егер тіпті Қазан мен Кубань комитеттерін Орталық Комитет 1904 жылғы майдан кейін бекіткеннің өзінде, олар өкілдік правосын ең бері дегенде тек бір жылдан кейін ғана алады. Оның үстіне Орталық Комитеттің 1904 жылғы июльдегі жалпы жиналысында бұл комитеттердің бекітілуі мүмкін емес, өйткені бұл жиналыстың протоколдарын түгелдей Глебов шетелдегі Ленинге жеткізіп берген-ді, ал бұл протоколдарда Қазан мен Кубань комитеттерінің бекітілгені туралы деректер жоқ. Ақырында Орталық Комитеттің августағы немесе сентябрьдегі, Орталық Комитеттің мүшесі Марк жолдас қатысқан, мәжілісінде Қазан мен Кубань комитеттерін бекіту туралы мүлде сөз болмаған.

Орталық Комитет былай деп ойлайды: бұл комитеттер «Искраның» тізіміне, сірә, партия Советінің атынан енген болу керек, демек бұл комитеттерді правосыз деп тануға біздің дәлеліміз жоқ.

Кеш дегенде 11(24) апрельде жазылған | *Қолжазба бойынша басылып отыр*

2

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ СЪЕЗД ҚҰРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ [42]

Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросының арасында жасалған шарттың орыс комитеттері делегаттарының $^3/_4$-і қатысса съезд ашылады деген пункті жөнінде Ұйымдастыру комитеті қаулы етеді:

Ұйымдастыру комитетін құрған екі жақ та бұл пункттің мағынасы мынада деп біледі: съезде өкілдіктің толық болуы жөнінде, сондай-ақ Орталық Комитет пеп Көпшілік Комитеттері Бюросының фракциялық съезд емес, жалпы партиялық съезд ұйымдастыруды өздеріне мақсат етіп қоюын партия алдында қамтамасыз ету жөнінде ең шұғыл шаралар қолдану Орталық Комитетке де, Көпшілік Комитеттері Бюросына да қажет болды. Шарттың бұл пункті партия уставының шешуші дауыстардың жалпы санының жартысы болса съезд заңды дейтін параграфының күшін жоюды тіпті де көздеген жоқ. Ал съезде өкілдіктің толық болуына келсек, онда бұл жөнінде барлық шаралар қолданылды. Тек Астрахань мен Қырым комитеттерінен хабар жоқ. Делегаттарды сайлап, оларды шетелге жіберуді (екі ретте шетелдік жолдастарға, Парвусқа және «Искра» редакциясының тағайындауы бойынша Кубань комитетінен баратын адамға мандаттар беру) Дон, Горнозавод, Киев, Кубань, Тверь, Харьков, Смоленск, Сибирь, Екатеринослав комитеттері жүргізді. Жиынтығында 19 комитеттен келген делегаттарды және жоғарыда аталған 9 комитетті қосқанда бізде 28 комитет, яғни 34 комитеттің $^3/_4$-інен астамы болар еді (*maximum* праволы ұйымдар

саны 34, бұлар Ұйымдастыру комитетінің алғашқы тізіміне енген).

Жоғарыда аталған комитеттердің тоғыз делегаты комитеттерден тиісті мандаттарды алып, шетелге бара тұрып съезге келмей қалса, онда олардың съезде болмауының себебі Ұйымдастыру комитетінің кінәсы емес, оның себебі съезде толық өкілдік жасағысы келген Ұйымдастыру комитетінің барлық күш-жігері партия Советінің үш мүшесінің заңсыз қарсы әрекетіне ұшырағандығында.

Кеш дегенде 11(24) апрельде жазылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

3

ҚАЗАН КОМИТЕТІНІҢ СЪЕЗДЕГІ ӨКІЛДІГІ ТУРАЛЫ МАНДАТ КОМИССИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [43]

13 (26) АПРЕЛЬ

Менің мәлімдемеме * сүйенеді. Осында келген қазандық: өзінің сайланып кетуі әбден мүмкін екенін айтты. Комитет мүшесі ретінде оны шақырған жөн болар. Комиссия қарарының аяғы меніңше оғаш сияқты, түзетуді ұсынар едім.

Бірінші рет 1937 ж. «РСДРП-ның үшінші съезі. Протоколдар» деген кітапта басылған

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 113—114-беттер. *Ред.*

4

ҚАЗАН КОМИТЕТІНІҢ СЪЕЗДЕГІ ӨКІЛДІГІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ МАНДАТ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫНА ТҮЗЕТУ

13 (26) АПРЕЛЬ

Мынадай түзету ұсынылады: «Делегат ретінде емес, съезде өкілдігі жоқ, бірақ съезді шақыруды жақтаған комитет мүшесі ретінде».

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

5

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ БАЯНДАМАСЫН ТАЛҚЫЛАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

13 (26) АПРЕЛЬ

Мен Сосновский жолдастың және басқалардың Ұйымдастыру комитетінің баяндамасы жөнінде жарыс сөздерді тек формальдық жағынан шектеудің қажеттігі туралы мәлімдемесін еске алуды ұсынған болар едім. Андреев жолдастың қарары өз мақсатына жетпеген [44]. Жолдастардың факт жағынан емес, съезді шақырудың заңдылығы тұрғысынан ғана талқылағысы келді. Баяндаманы факт жағынан талқылау дегеніміз — бұл партиядағы дағдарысты талқылау деген сөз. Бюро шешендерді съезд шақырудың заңдылығын талқылау шегінде ұстап отырады.

6

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІНІҢ БАЯНДАМАСЫН ТАЛҚЫЛАУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Съезд қазіргі уақытта Ұйымдастыру комитетінің баяндамасын тек съездің заңдылығы тұрғысынан ғана талқылайды *.

13 (26) апрельде енгізілген

---

* Протокол комиссиясының жазбасында қарар жобасының аяғы мынадай редакцияда беріліпті: «... партия дағдарысының тұрғысынан емес, съездің заңдылығы және оны біржолата белгілеу тұрғысынан». *Ред.*

7

СЪЕЗДІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

13 (26) АПРЕЛЬ

Мен съездің шақырылу заңдылығы туралы пікірге жауап бергім келеді. Орталық Комитет съезді заңсыз деп таныды. Орталық Комитеттің өзі партия Советіне жіберген өзінің хатын «өкінерлік» деп атады. Бірақ Орталық Комитет өкінерліктей не болып еді? Съезд әбден заңды. Рас, уставтың *әрпін* қуалағанда оны заңсыз деп санауға болар еді; бірақ біз уставты осылай түсінсек, келемеж күлкілі формализмге ұшыраған болар едік. Ал уставтың мағынасы жағынан алғанда съезд толық заңды. Партия Советі үшін партия жаралған жоқ, партия үшін партия Советі жаралған. Ұйымдастыру комитетінің [45] шатағы жөнінде, II съездің өзінде-ақ: төменгі коллегияға бағыну тәртібі жоғары коллегияға бағыну тәртібіне жол береді делінген, мұны Плеханов жолдастың өзі де айтқан болатын. Орталық Комитет, егер партия Советі партияға, яғни съезге бағынатын болса, біз де партия Советіне бағынуға әзірміз деп көрсетті. Мұның өзі әбден заңды талап. Алайда бұл талапқа партия Советі бағынбаймыз деп жауап берді. Бірақ жұрт: Орталық Комитет партия Советі ниетінің түзулігіне күдіктеніп, оған сенімсіздік білдірді деседі. Ал конституциялы елдердің бәрінде де азаматтар белгілі бір қызмет адамдарына немесе белгілі бір мекемелерге сенімсіздік білдіруге праволы ғой. Олардың бұл правосын ешкім де тартып ала алмайды. Ақырында, Орталық Комитеттің ісі заңсыз-ақ болсын, сонда мұның өзі партия Советінің де заңсыздық істеуіне право бере ме? Толық праволы дауыстың тең жартысы талап еткен болса, партия Советі съезд шақырады дейтін устав пунктінің орындалуы-

на кепілдік беретін не? Герман социал-демократиялық партиясының уставында бір пункт бар, бұл пункт бойынша, Vorstand* съезд шақырудан бас тарта қалса, бақылау комиссиясына съезд шақыруға рұқсат беріледі. Бізде мұндай параграф жоқ, сондықтан съезд шақыру кепілдігі бүтіндей партияның өзіне жүктеледі. Егер уставты тұтас күйінде алсақ, уставтың рухы жағынан, тіпті әрпі жағынан алып қарағанда да партия Советі дегеніміз—партия комитеттерінің сенген өкілі екені айқын. Комитеттердің сенген өкілі өзіне сенушілердің тілегін орындаудан бас тартып отыр. Егер сенген өкілі партияның тілегін орындамайды екен, онда бұл тілекті партияның өзі орындаудан басқа жол қалмайды. Сондықтан партиямыздың комитеттері съезд шақыруға праволы ғана емес, сонымен қатар съезді өздері шақыруға міндетті де болды. Сондықтан мен съезд әбден заңды шақырылды деп білемін. Партия Советі мен комитеттердің арасындағы бұл дауға төрелік беретін кім? Төрелік берetіндер — баяғы сол комитеттер, партияның өзі. Партияның еркі әлдеқашан-ақ білдірілген. Шетелдердегі орталық орындардың жұмысты созбұйдаға салып, түрлі кедергілер жасауы бұл ерікті өзгерте алмады. Съезді комитеттердің өздері шақыруға міндетті болды, және съезд заңды шақырылды.

Тигров жолдасқа жауап берейін. Тигров жолдас партия Советін талқыға салу керек емес дегенді айтады. Ұйымдастыру комитеті өзінің баяндамасында партия Советін талқыға салып отыр. Меніңше, Тигров жолдастың сырттан талқылауға болмайды деген сөзі қате. Саясатта әрдайым сырттан талқылауға тура келіп отырады. Біз өзіміздің публицистикамызда, жиналыстарымызда, барлық жерде де эсерлерді, бундшылдарды және т. б. міне талқыға салып отырмаймыз ба. Сырттан талқыға салмайынша қалай болады? Партия Советінің съезге келгісі келмейді, бүйте берсе тіпті ешкімді де еш уақытта талқыға салуға болмас. Егер сотталушы адам сотқа келуден қашатын болса, онда тіпті ресми соттардың өздері де сырттан соттай береді ғой.

* — Басқарма. *Ред.*

8

ПАРТИЯНЫҢ III СЪЕЗІ КҮН ТӘРТІБІНІҢ ЖОБАСЫ [46]

А) Тактикалық мәселелер.

1. Қарулы көтеріліс.

[2. Социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы.] *

2. Социал-демократияның ашық саяси күреске әзірлік.

3. Үкіметтің төңкеріс қарсаңындағы, нақ төңкеріс кезіндегі және төңкерістен кейінгі саясатына социал-демократияның көзқарасы.

4. Шаруалар қозғалысына көзқарас.

Б) Басқа партиялар мен ағымдарға көзқарас.

5. Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының бөлініп шыққан бөлегіне көзқарас.

6. Россияның ұлттық социал-демократиялық партиялары мен ұйымдарына көзқарас.

7. Либералдарга көзқарас.

8. Социалист-ревоюционерлерге көзқарас.

В) Партияның ұйымы.

9. Партия уставы.

10. Партия ұйымдарындағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынасы.

---

* Квадрат жақшаның ішінде петитпен терілген текст қолжазбада сызылып тасталған. *Ред.*

Г) Партияның ішкі жұмысы.

11. Делегаттардың есептері.

12. Насихат пен үгітті жақсарту.

[13. Бірінші май.] *

14. Қызмет адамдарын сайлау.

15. Протоколдарды жариялау және жаңа мекемелердің қызметке кірісу тәртібі.

13(26) апрельде енгізілген

Бірінші рет 1934 ж. Лениннің XXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Квадрат жақшаның ішінде петитпен терілген текст қолжазбада сызылып тасталған *Ред.*

9

СЪЕЗДІҢ КҮН ТӘРТІБІН ТАЛҚЫЛАҒАН КЕЗДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

13 (26) АПРЕЛЬ

Мен Михайлов, Воинов және Зимин жолдастардың ұсынысына ешбір қарсы болмас едім [47]. Бірақ съезге күн тәртібі туралы жарыс сөздің қызығына түсіп кету қаупі төніп отыр. Герман социал-демократиясының съездерінде күн тәртібі 5—6 пунктті қамтиды; біздің II съезімізде пункттер саны 25-ке дейін жетті. Қазірдің өзінде жарыс сөздердің көбейіп кету қаупі бар. Өте-мөте екшеленген күн тәртібін негізге алуды ұсынамын.

10

СЪЕЗДІҢ ЖҰМЫС ТӘРТІБІН ТАЛҚЫЛАҒАН КЕЗДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

13 (26) АПРЕЛЬ

Съезд мәжілісін комиссиялармен ауыстыру қауіпті. Комиссияларда көптеген қызықты мәселелер талқыланып, кейіннен бұлар протоколдарға түспей, жоғалып кетеді. Комиссиялардың елеулі жұмыс істеуіне уақыты аз, оны съезд жұмыстарына нұқсан келтіре отырып ұлғайту орынсыз. Жұмыстың барысын аздап болса да бағыттау үшін қарарлар әзірлеуге дәл қазір комиссия сайлаған пайдалы. Баяндамаларды қарау үшін де комиссия қажет. Ұйымдық, аграрлық комиссиялар және қарулы көтеріліс жөнінде комиссия керек пе, жоқ па, оған күмәнданамын. Бізде бұрынғы устав бар, Ивановтың жобасы бар, Н. Ф. жолдастың пікірі бар [48], материалдар жеткілікті.

II

ДЕЛЕГАТТАРДЫҢ БАЯНДАМАЛАРЫН ҚАРАП ШЫҒУ ЖӘНЕ ҚАРАРЛАРДЫҢ ЖОБАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ҮШІН КОМИССИЯЛАР САЙЛАУ ТУРАЛЫ ҚАРАР ЖОБАСЫН ҰСЫНА ОТЫРЫП СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

13 (26) АПРЕЛЬ

Мына қарарды ұсынамын: «Съезд: 1) делегаттардың баяндамаларын қарап, оларды съезге хабарлауға әзірлеу үшін комиссия; 2) баяндамашыларды тағайындау және күн тәртібінің аса маңызды мәселелері жөнінде қарарлар жобаларын әзірлеу үшін комиссия сайлайды».

Тек осы жолмен ғана жемісті жұмыс істей алатындығымызға делегаттардың сөйлеген сөздері менің көзімді жеткізді. Егер жалпы дискуссия ашып, кейіннен комиссияларда талқылау тәртібін қабылдасақ, мұның өзі дәл II съезде болған жағдайға әкеп соқтырады. Партияны жақсы хабардар ету үшін съездің жұмыстарын мүмкіндігінше толық жариялау қамын жасау қажет. Съезіміздің төңірегінде күдіктену жағдайы туып отырғандықтан, жарыс сөздерді мүмкіндігінше неғұрлым ашық жүргізіп, протоколдарға түсіру айрықша қажет.

12

СЪЕЗДІҢ МАНДАТ КОМИССИЯСЫНА МӘЛІМДЕМЕЛЕР

1

Съезд құрамын тексеру жөніндегі комиссияға

Мен Ұйымдастыру комитетінің 1905 ж. 24 апрельдегі мәжілісінде Қазан комитетінің мүшесі Арнатский[49] жолдасты (*шын* (NB) фамилиясы) съезге кеңесші дауыспен шақыру туралы ұсыныс жасауды ұмытып кетіппін. Комиссиядан осы ұсынысты қарауды өтінемін.

Арнатский жолдас шетелде, Францияда жүр, ол съезге өз қаржысымен келу жөнінде маған ризалығын білдірді. Ол тіптен жақын арада Россияға жүреді, съезд туралы өз комитетіне тез баяндап берер еді. Қазан комитетімен бірге Ұйымдастыру комитеті, барлық күшжігер жұмсауына қарамастан, Қазаннан жауап ала алмады. Сондықтан Қазан комитеті съезге қатысады-ау деген енді ешқандай дерлік үміт жоқ. Біздің осы жерден Қазанмен байланыс жасаймыз деген шетелден істеген әрекеттерімізден еш нәрсе шықпады, біздің хаттарымызға жауап болмады. Арнатскийдің осы арадан Қазанмен байланыс жасауының да сәті түспеді. Съезде Қазан комитетінен *делегаттың* қатысуына мүмкіндік болмай отырғанда Арнатский жолдасты комитет *мүшесі* ретінде *кеңесші* дауыспен шақырған жөн болмас па екен?

Ленин

13(26) апрельде енгізілген

2

Мандат комиссиясына

Ұйымдастыру комитетінің мәжілісінде мен Филатов (шын фамилиясы) жолдастың съезге кеңесші дауыспен қатыстыру туралы жазба түрдегі өтінішін хабарлағанмын. Филатов жолдас котеріліс туралы «Впередте» жарияланған мақалалардың авторы — *В. С.* Ол съезге хат және «Халықтық көтеріліске тактика мен фортификацияны қолдану» деген баяндама-кітапша (Boulogne-де чемоданда қалған) табыс етті. Филатов жолдас туралы онымен Парижде бірге жұмыс істеген Бельский және Воинов жолдастардан сұрастыруды өтінемін [50].

Ленин

14(27) апрельде енгізілген

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

13

МАНДАТ КОМИССИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАСЫН ТАЛҚЫЛАҒАН КЕЗДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [51]

14 (27) АПРЕЛЬ

1

Ұйымдарды съездің дереу бекітуі орынсыз болар еді деп ойлаймын. Мен шешуші дауыс беруге қарсымын. *Coup d'état* жөнінде Камский жолдаспен келіспеймін.

2

Мандат комиссиясының қорытындысынан біздің партиямызда барлығы 75 шешуші дауыс бар екені көрінеді, олай болса біздің съезіміз дәл осы құрамында заңды деп танылуға тиіс екені күмәнсыз. Қазіргі уақытта біздің съезімізге күдіктене қараушылық бар, осыны еске алғанда, съезге керек заңды көпшілікті көбейткісі келгендей, комитеттерді барынша көбірек бекіте беруге тырысқан мандат комиссиясының «либералдығын» мақтарлық деп білу керек. Осы жағынан қарағанда мен мұндай «либерализмге» тіпті тілектестік білдіруге де әзірмін, бірақ, екінші жағынан, сақ болу керек және барлығына бірдей әділ болу керек, міне осы тұрғыдан, Қазан мен Кубань комитеттерін мандат комиссиясының бекітуіне менің қарсы болмасыма лажым жоқ. «Искра» өзінің 89-номерінде бұларды толық праволы комитеттердің тізіміне қосып жариялады, бірақ бұлар партия Советінің протоколдарындағы толық праволы ұйымдардың тізімінде жоқ. Партия Советінің мәжілісінде Мартов жолдас 1904 жылдың 1 сентябріне дейін болған толық праволы комитеттердің тізімін келтірген болатын.

(Партия Советінің протоколдарынан үзінді оқылады):

«Мартов өзінің қарарын оқиды:

«I. Егер съездегі дауыстардың тең жартысын алатын партия ұйымдары қосылып съезд шақырылуын талап етсе, партия Советі, уставтың 2-параграфы бойынша, съезді шақыруға міндетті. Уставтың 3-параграфындағы 1-ескерту бойынша, съезге өкілдік алу правосымен съезден ең кемінде 1 жыл бұрын бекітілген ұйымдар ғана пайдаланады.

Совет қаулы етеді: съездің шақырылуын қуаттаған ұйымдардың санын есептеп шығарған уақытта, ұйымның берген даусы есепке алынатын болуы үшін де ұйымның бекітілген кезінен бастап дәл осындай мерзім өтуі еске алынады. II съезде өкілдері болған және сол съезд сайлаған ұйымдар бұл ретте партия уставын қабылдаған кезден бастап толық праволы ұйымдар болып саналады. Ал II съезде өкілдері болмаған ұйымдар үшін олардың бекітілу кезі оларды Орталық Комитет бекіткен кезден бастап саналады.

II. Сол себепті, 1904 жылғы сентябрьге дейін, съезд шақыру мәселесін шешуге правосы барлар тек мыналар ғана: 1) Орталық Комитет, 2) Орталық Орган, 3) Шетелдік лига, 4—20) Петербург, Москва, Харьков, Киев, Одесса, Николаев, Дон, Екатеринослав, Саратов, Уфа (қазір Урал), Солтүстік, Тула, Тверь, Нижний Новгород, Баку, Батум, Тифлис (Кавказ одағының бекітілген кезінен бастап бір жыл мерзім өткенге дейін) комитеттері, 21—23) Горнозаводск (Донецк), Сибирь және Қырым одақтары.

Осы ұйымдар толық праволы болған күнде олардың съезде алуға тиісті дауыстарының саны 46 болады. Бұларға Совет мүшелерінің 5 даусын қосқанда, съезде болатын дауыстардың жалпы саны 51 дауыс болады, ал съезд шақыру үшін 26 дауыс керек, яғни осында аталып өткендердің ішінен толық праволы 13 ұйымның даусы керек. Орталық Комитеттің съезден соң пайда болған жаңа комитеттерді өзінің қай уақытта бекіткендігі жөнінде партия Советіне мағлұмат түсіру ұсынылады»».

Қарардың бірінші бөлегі бір ауыздан қабылданды.

Содан кейін Глебов жолдас нақ сол мәжілісте сөйлеген өзінің сөзінде жаңадан құрылған комитеттердің тізімін келтірді.

(Глебов жолдастың сөйлеген сөзі, партия Советінің протоколдарынан алынды):

«Мен Мартов жолдастың айтқанына қосыламын, сондықтан тек жаңадан құрылған комитеттерді ғана көрсетіп өтемін: Смоленск және Астрахань комитеттері — 1903 жылы сентябрьде бе-

кітілген; Воронеж комитеті (Күрес кассасы) — 1904 жылы январьда бекітілген; Рига комитеті — январьда бекітілген; Полесье комитеті — апрельде бекітілген; Солтүстік-Батыс комитеті — апрельде бекітілген; Курск комитеті — январьда бекітілген; Орел-Брянск комитеті — 1903 жылы сентябрьде бекітілген; Самара комитеті — 1903 жылы сентябрьде бекітілген; Урал (Уфа) комитеті — апрельде бекітілген».

Бұл фактілер Орловский жолдастың «Совет партияға қарсы» деген кітапшасында жарияланды, ал содан бері партия Советі бұл фактілерді теріске шығарған жоқ, даулы комитеттердің бекітілген уақытын жариялаған жоқ, ал мұның өзі, сірә, олардың бекітілгендігіне дәлел жоқтығын көрсететін болса керек. Мартов жолдас партия Советінің нақ сол мәжілісінде сөйлеген сөздерінің бірінде: менің ойымша, август айында тағы 2 комитет, атап айтқанда, Кременчуг және Полтава комитеттері бекітілуге тиіс дегенді айтты, бірақ әлгі Қазан мен Кубань комитеттері туралы тағы да жұмған аузын ашқан жоқ.

Бұдан соң июль декларациясынан[52] кейін Глебов жолдас маған Орталық Комитет мәжілістерінің толық протоколдарын жіберді, бұл протоколдардан Қазан комитетінің де, Кубань комитетінің де бекітілгені көрінбейді, ал Орталық Комитеттің мүшесі Летнев жолдастың айтуынша, одан кейін де бұл комитеттердің бекітілуі туралы Орталық Комитеттің мәжілістерінде сөз болмапты; рас, Орталық Комитеттің мүшесі Зимин жолдас Қазан мен Кубань комитеттерінің бекітілгені жайында есімде бір нәрсе бар сияқты деген болады, бірақ ашып еш нәрсе айта алмайды.

Комитеттердің жылдан артық жұмыс істеп келе жатқаны іс жүзінде анықталды деген дәлел бойынша оларды толық праволы деп тану керек дейтін комиссияның шешімі дұрыс емес, сондықтан бұл комитеттердің правосы жоқ деп санауды ұсынамын.

14

ҚАЗАН МЕН КУБАНЬ КОМИТЕТТЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ [53]

Съезд қаулы етеді: съездің құрылымын белгілеу кезінде Қазан мен Кубань комитеттері есептелмесін, бірақ олар келешек уақытта толық праволы комитеттер болып бекітілсін.

14(27) апрельде енгізілген

Қолжазба бойынша басылып отыр

15

СЪЕЗДЕ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ДАУЫСҚА ҚОЮ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ [54]

Съезд қазірден бастап барлық дауысқа қоюды регламенттің 7-параграфына лайық жүргізеді, шешуші дауыстарды кеңесші дауыстардан бөліп алады.

14(27) апрельде енгізілген

16

РСДРП-ның ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІСКЕ КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ [55]

1) пролетариат, тіпті өзінің алып отырған орны жағынан анағұрлым озат және дәйекті революцияшыл тап болғандықтан, осынысымен Россиядағы жалпы демократиялық революциялық қозғалыста көсемнің, басшының ролін атқаруға міндетті;

2) дүниеге келгелі тұрған буржуазиялық-демократиялық Россияның дәулетті таптарына қарсы социализм жолында одан әрі күрес жүргізе беру үшін пролетариат революция кезінде тек осындай роль атқарғанда ғана, неғұрлым қолайлы позицияға ие бола алады;

3) социал-демократия туының астында пролетариат өз алдына дербес саяси күш болып ұйымдасып алғанда ғана және стачкалар мен демонстрацияларға әбден тыңғылықты ауыз бірлікпен шыққанда ғана пролетариат әлгі рольді орындай алады;

осыларды еске ала келіп,—

РСДРП III съезі қаулы етеді: жаппай саяси стачкалар мен қарулы көтеріліс әдістерін қолданып, самодержавиеге қарсы тікелей күрес жүргізу үшін пролетариат күштерін ұйымдастыру міндеті және осы мақсатпен хабардар ететін, басшылық жасайтын аппарат құру партияның қазіргі революциялық кезеңдегі басты міндеттерінің бірі болып табылады, сондықтан съезд Орталық Комитетке де, жергілікті комитеттер мен одақтарға да жаппай саяси стачкалар әзірлеуді қолға алуды тапсырады, сонымен қатар қару-жарақ тауып, оны бөліп отыру үшін, қарулы көтеріліс жоспарын жасап шығару үшін

және осы көтерілісті тікелей басқару үшін ерекше топтар ұйымдастыруды қолға алуды тапсырады. Бұл міндеттің орындалуы пролетариаттың таптық сана-сезімін ояту жөніндегі жалпы жұмысқа ешбір нұқсан келтірмейтіні, келтірмеуге де тиіс екені былай тұрсын, қайта сол жұмыстың терең және ойдағыдай жүргізілуіне себепкер болады, себепкер болуга да тиіс.

14 (27) апрельде енгізілген

17

ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

15 (28) АПРЕЛЬ

Осында принцип жағынан мәселе барынша айқын деген сөздер айтылды. Алайда социал-демократиялық әдебиетте болған кейбір мәлімдемелер («Искраның» 62-номерін және Рабочийдің кітапшасына жазған Аксельрод жолдастың алғы сөзін қараңыз) мәселенің оншалықты айқын емес екенін көрсетеді. «Искра» мен Аксельрод заговоршылдық туралы сөз қозғады, көтеріліс туралы тым көбірек ойға беріліп кету қаупі бар дегенді айтты. Бірақ дәл сондай ойға берілушілік өте шамалы болып шықты... Аксельрод жолдас Рабочийдің кітапшасына жазған алғы сөзінде әңгіме «халықтың жабайы бұқарасының» көтерілісі туралы ғана болуы мүмкін дейді. Алайда, әңгіме «жабайы бұқараның» көтерілісі туралы емес, ұйымдасып күрес жүргізу қолынан келетін, санасезімі мол бұқараның көтерілісі туралы болып отырғанын өмір көрсетті. Көтерілістің маңызын және оның сөзсіз болатындығын біздің жете бағаламағанымызды соңғы жылдың бүкіл тарихы көрсетті. Істің практикалық жағына назар аудару керек. Бұл арада Петербургтің, Риганың, Кавказдың практиктері мен жұмысшыларының тәжірибесі өте-мөте маңызды. Сондықтан мен жолдастардың өз тәжірибесін ортаға салуын қостар едім,— мұның өзі біздің жарыс сөздерімізге схоластикалық емес, қайта практикалық сипат берер еді. Пролетариаттың пиғылы қандай екен, жұмысшылар өздерінде күресерлік және күреске басшылық етерлік қабілет барын сезе ме екен, соны анықтау керек. Осы уақытқа дейін қорытылмай келген коллективтік тәжірибені жинақтап қорыту керек.

18

ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ ҚОСЫМША ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Практиктердің тәжірибесі мен жұмысшы бұқарасының пиғылына сүйеніп, съезд мынаны анықтап отыр: көтеріліс әзірлеу дегеніміз тек қару әзірлеу, топтар ұйымдастыру, тағы сол сияқтылар ғана екен деп түсінуге болмайды, сонымен қатар ара-тұра қару алып бой көрсетулерді практика жүзінде байқап қарау жолымен, мысалы, белгілі бір ашық халық жиналыстары бола қалған реттерде қаруланған отрядтардың полиция мен әскерге шабуыл жасап бой көрсетуі жолымен немесе қаруланған отрядтардың түрмелерге, үкімет мекемелеріне және т. т. шабуыл жасауы жолымен тәжірибе жинауды да көтеріліс әзірлеу деп түсіну керек. Съезд осындай бой көрсетулердің шегін және бой көрсетуге дем беретін қолайлы себептердің шегін белгілеуді бүтіндей партияның жергілікті орталықтары мен Орталық Комитетіне тапсыра отырып, бұл жөнінде жолдастардың жеке, ұсақ-түйек террорлық актілерге бола күшті орынсыз рәсуа қылып жіберуге жол бермейтін қабілеттілігіне әбден сене отырып, жоғарыда айтылған тәжірибе нұсқауларын еске алу керек екеніне барлық партия ұйымдарының назарын аударады.

1905 ж. кеш дегенде 16(29) апрельде жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

19

ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

16 (29) АПРЕЛЬ

Айтыстарда мәселе практикалық негізде — бұқараның пиғылы туралы қойылып отыр. Лесков жолдас бұқараның пиғылы біркелкі емес деп дұрыс айтады. Бірақ көтеріліске қалай қарайтынымызға қарамастан, біз көтерілістің сөзсіз болатындығымен санасуымыз керек деп Жарков жолдас та дұрыс айтады. Енді ұсынылып отырған қарарлардың арасында принциптік айырма бар ма деген сұрақ туады. Мен ешқандай айырма көріп отырғаным жоқ. Мен өзім нағыз ымырасыз адам саналып жүрсем де, бұл екі қарарды ымыраға келтіріп, үйлестіріп көрейін, оларды ымыраластыруды қолға алайын. Мен Воинов жолдастың қарарына түзету енгізуге ешбір қарсы емеспін. Толықтырудан да мен принциптік алауыздық көріп отырғаным жоқ. Өте-мөте жігерлі түрде ат салысқаннан әлі гегемония туа қоймаса керек-ті. Меніңше Михайлов жолдас оңдырақ айтқан,— ол гегемонияны баса көрсеткен және оның үстіне нақты формада көрсеткен. Ағылшын пролетариаты социалистік революцияны жүзеге асыруға тиіс,— бұл күмәнсыз; бірақ оның әлеуметтік ұйымдаспауы себепті және буржуазияның оны аздыруы себепті, қазіргі шақта оның социалистік революция жасарлық қабілеті жоқ екені де күмәнсыз. Воинов жолдастың пікірі де сол; нағыз жігерлі түрде ат салысқандық, күмән жоқ, нағыз шешуші түрде ат салысқандық. Революцияның нәтижесін пролетариат шеше ме, жоқ па,— оны кесіп айтуға болмайды. Көсемнің ролі туралы да осылай. Воинов жолдастың қа-

рарындағы пікірлер сақ жазылған. Социал-демократия көтерілісті ұйымдастыра алады, тіпті оны шеше де алады, бірақ жетекшілік ролі оның қолында бола ма, жоқ па, оны күні бұрын кесіп айтуға болмайды,— мұның өзі пролетариаттың күшіне, ұйымшылдығына байланысты. Ұсақ буржуазия жақсырақ ұйымдасып кетуі мүмкін, оның дипломаттары да күштірек, жақсырақ әзірленген болып шығуы мүмкін. Воинов жолдас сағырақ — ол былай дейді: «сенің орындап шығуың мүмкін» дейді; Михайлов жолдас айтады: «сен орындап шығасың» дейді. Мүмкін, революцияның үзілді-кесілді нәтижесін шешетін пролетариат болар, бірақ оны біржолата кесіп айтуға болмайды. Михайлов пен Сосновский жолдастар өздерінің «Шайқасқа барар жолда мақтанба» деп Воинов жолдасқа таққан қателерін ақыры келіп өздері істеп отыр. Воиновтың айтып отырғаны: «қамтамасыз ету үшін қажет» деген сөз, ал олардың айтып отырғаны: «қажет және жеткілікті» деген сөз. Ерекше жауынгерлік топтар құру мәселесі туралы айтарым: мен оларды қажет деп санаймын. Ерекше топтар құрудан қорқатын біздің еңбір жоніміз жоқ.

20

ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ ҚАРАР

1) пролетариат өзінің алатын орны жағынан анағұрлым озат және бірден-бір дәйекті-революцияшыл тап болғандықтан, ол осынысымен Россиядағы жалпы демократиялық революциялық қозғалыста басшылық роль атқаруға тиіс;

2) бұл қозғалыс қазірдің өзінде-ақ қарулы көтерілістің қажеттігіне бастап әкелді;


3) бұл көтеріліске пролетариат барынша жігермен сөзсіз қатысады, ал бұл — Россиядағы революцияның тағдырын шешеді;

4) тек идея жағынан емес, сонымен қатар практика жүзінде де пролетариаттың күресіне басшылық етіп отыратын социал-демократиялық жұмысшы партиясының туы астында біртұтас және дербес саяси күш болып бірігіп алғанда ғана пролетариат бұл революцияда басшылық ролін атқара алады;

5) тек осындай рольді атқарғанда ғана пролетариатқа социализм үшін буржуазиялық-демократиялық Россияның дәулетті таптарына қарсы күрес жүргізуге өтемөте қолайлы жағдай қамтамасыз етіледі;

осыларды еске ала келіп,—

РСДРП III съезі былай деп табады: қарулы көтеріліс жолымен пролетариатты самодержавиеге қарсы тікелей күреске ұйымдастыру міндеті — партияның қазіргі революциялық кезеңдегі ең басты және кейінге қалдыруға болмайтын міндеттерінің бірі.



[127

Принимая во вниманіе

1) что пролетаріатъ, будучи по положенію своему наиболѣе передовымъ и единственнымъ послѣдовательно-революціоннымъ классомъ, тѣмъ самымъ призванъ сыграть руководящую роль въ общедемократической революціонномъ движеніи въ Россіи;

2) что это движеніе въ настоящій моментъ уже привело къ необходимости вооруженнаго возстанія;

В. И. Лениннің «Қарулы көтеріліс туралы қарар» деген қолжазбасының бірінші беті.— Апрель, 1905 ж.

Кішірейтілген

Сондықтан съезд барлық партия ұйымдарына мыналарды тапсырады:

а) пролетариатқа алда тұрған қарулы көтерілістің тек саяси мәні ғана емес, сонымен бірге практикалық-ұйымдастыру жағы да насихат және үгіт жолымен анықтап берілсін,

б) сол насихат пен үгіт кезінде жаппай саяси стачкалардың ролі анықтап берілсін, бұл стачкалар көтерілістің бас кезінде және нақ барысында аса маңызды болып шығуы мүмкін,

в) пролетариатты қаруландыруға, сондай-ақ қарулы көтеріліс жоспарын, оған тікелей басшылық ету жоспарын әзірлеуге барынша жігерлі шаралар қолданылсын, бұл үшін, қажетіне қарай, партия қызметкерлерінен ерекше топтар құрылсын.

1905 ж. 16(29) апрельде енгізілген

Қолжазба бойынша басылып отыр

21

ҮКІМЕТТІҢ ТӨҢКЕРІС ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ТӨҢКЕРІС КЕЗІНДЕГІ САЯСАТЫНА КӨЗҚАРАС ЖӨНІНДЕГІ МӘСЕЛЕ ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА ҚОСЫМША [56]

Шмидтің қарарын (шамамен) мына төмендегідей өзгерту арқылы Александров жолдасты қанағаттандыруға болмас па екен:

1) (съезд) «қаулы етеді» дегеннің орнына: съезд социал-демократияның II съезд белгілеп берген, бұрынғы тактикасын ағымдағы кезеңге лайық дәлме-дәл түсіндіре отырып, *қуаттайды* десек (немесе осы мағынада бірдеңе айтсақ);

2) қарарға, шамасы, мына мазмұнда тағы бір пункт қоссақ:

Қазіргі уақытта жалпы демократияға, әсіресе жұмысшы табына, іргесі шайқалған самодержавиенің шындап болсын, алдап болсын беріп отырған жеңілдіктеріне келетін болсақ, бұл ретте социал-демократиялық жұмысшы партиясы *оларды пайдалануға* тиіс, мұндағы мақсат, бір жағынан, күресті күшейте түсу үшін экономикалық жағдайдың әрбір оңалысын, бостандықтың әрбір кеңеюін халыққа *баянды етіп* беру; ал екінші жағынан, үкіметтің реакциялық мақсаттарын пролетариат алдында үздіксіз әшкерелеп отыру, өйткені үкімет жұмысшы табын ыдыратып, аздырып жіберуге тырысады, революциялық кезеңде жұмысшы табының назарын оның зәру мүдделерінен басқа жаққа аударуға тырысады.

1905 ж. 16 (29) апрельде жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

22

ҮКІМЕТТІҢ ТӨҢКЕРІС ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ТАКТИКАСЫНА КӨЗҚАРАС ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

18 АПРЕЛЬ (1 МАЙ)

Біз қиын жағдайда отырмыз. Бізде үш қарар және үш түзету бар. Қарарлар көбейіп молайып кеткен, ал бұл процесс мүлде ретке келтірілмеген. Тақырып баяндамашының ойлағанынан көлемдірек болып шығыпты. Сергеев жолдас бұл ұсынысты мысқылдап отырса да, қарарды комиссияға кері қайтаруға тура келеді. Ашық бой көрсету мәселесіне шешендердің бәрі де тоқталды. Баяндама тақырыбына сай, бірақ оны толықтыру керек. Қоғамдарға қатысу жөнінде екі пікір қақтығысып қалды. Съезд қоғамдарға қатысу туралы үзілді-кесілді нұсқау бере алмайды. Үгіт жүргізу үшін барлық құралды пайдалану керек. Шидловскийдің комиссиясынан алған тәжірибемізден әлбетте теріс көзқарас жасау керек [57] деп қорытынды шығаруға болмайды. Қарар түк те жаңалық енгізбейді деседі. Жақсы екен — айт, тағы да айт. Зимин жолдастың пікірі дөрекілеу. Земство жиынына қатысу керек пе деген сұраққа кесіп жауап беруге болмайды. Мұның бәрі де саяси конъюнктураға, сайлау системаларына және басқа да нақты жағдайларға байланысты, ал бұларды күні бұрын есепке алуға болмайды. Земство жиыны — құр алдау деседі. Бұл рас, бірақ кейде алдауды әшкерелеу үшін сайлауға қатысу керек. Жалпы нұсқаудан басқа еш нәрсе беруге болмайды. Қайталап айтамын, меніңше, барлық қарарларды комиссияға қайыру керек, комиссияның құрамын кеңейту керек.

23

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТКЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ [58]

1) пролетариаттың буржуазияға қарсы шынымен жаппай, еркін және ашық күрес жүргізуі үшін мүмкін болғанынша неғұрлым кең саяси бостандық керек, демек, республикалық құрылысты мүмкіндігінше толығырақ жүзеге асыру керек;

2) халық ішіндегі әр түрлі буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық жіктердің, шаруалардың, тағы басқалардың қазіргі уақытта революциялық-демократиялық ұрандар көтеріп жүрген өкілдері барған сайын көбейіп келеді, бұл ұрандар табиғи және сөзсіз халық бұқарасының негізгі қажеттерінен туып отыр, самодержавие тұсында бұл қажеттердің өтелуі мүмкін емес, бірақ Россияның бүкіл қоғамдық-экономикалық өмірінің объективтік өркендеуі талап етіп отырғандықтан бұлардың өтелуі сөзсіз қажет;

3) халықаралық революциялық социал-демократия пролетариат партиясының толық дербес болуын және өзінің уақытша одақтастарына қатаң сын көзімен қарауын шарт ете отырып, революциялық буржуазияның барлық реакциялық таптар мен мекемелерге қарсы күресін пролетариаттың бар жігерімен қолдауын әрдайым қажет деп танып келді;

4) самодержавиелік үкіметті революциялық уақытша үкіметпен ауыстырмайынша Россияда самодержавиелік үкіметті құлату мүмкін емес, тек осындай ауыстыру ғана Россияда жаңа саяси құрылыс орнатылған кезде бүкіл халықтың шынымен бостандығын және еркін дұрыс білдіруін қамтамасыз ете алады, біздің саяси және эко-

номикалық өзгерістер жасау жөніндегі ең таяу, тура алдымызда тұрған программамыздың орындалуын қамтамасыз ете алады;

5) самодержавиелік үкіметті Россияның барлық революциялық-демократиялық таптары мен тап элементтеріне сүйенетін революциялық уақытша үкіметпен ауыстырмайынша, республикаға ие болу мүмкін емес, онсыз пролетариаттың мешеу, дамымаған жіктерін, әсіресе шаруаларды революция жағына тарту мүмкін емес, онсыз самодержавиелік-крепостниктік құрылысқа мүдделері сөзсіз қарсы келетін және көбінесе тек саяси жағдайдың миғұла етіп жіберетін қыстамшылығы салдарынан ғана, самодержавиені қолдап жүрген немесе онымен күресуден шеткері жүрген жіктерді революция жағына тарту мүмкін емес;

6) өз дамуының бастапқы сатысында ғана болғанымен, Россияда әлден-ақ ұйымдасып алған социал-демократиялық жұмысшы партиясы болып отырғанда, әсіресе саяси бостандық жағдайында, революциялық уақытша үкіметтегі өз делегаттарының мінез-құлқын бақылап, бағыттап отыра алатын партия болып отырғанда, бұл делегаттардың дұрыс таптық жолдан тайып кету қаупі ырық бермес нәрсе емес;

осыларды еске ала келіп,—

РСДРП III съезі, революциялық буржуазиялық демократиямен тізе қосып, барлық контрреволюциялық әрекеттерге қарсы аяусыз күрес жүргізу мақсатында және пролетариаттың дербес таптық мүдделерін қорғау мақсатында партия өкілдерінің революциялық уақытша үкіметке қатысуын мүмкін деп табады, ал мұндай қатысудың шарты — партияның өз уәкілдеріне қатаң бақылау қою және толық социалистік төңкеріске ұмтылатын, бұл жөнінде буржуазиялық-демократиялық партиялар мен топтардың барлығына да қас-дұшпан социал-демократиялық жұмысшы партиясының тәуелсіздігін мүлтіксіз қорғап отыру болып табылады.

1905 ж. 18 апрельден (1 майдан) ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

24

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТКЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА

18 АПРЕЛЬ (1 МАЙ)

Менің міндетім — социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы мәселенің қалай қойылып отырғанын баяндау. Тосыннан қарағанда мұндай мәселенің тууының өзі де ерсі болып көрінуі мүмкін. Социал-демократияның ісі оңға басып тұр, оның революциялық уақытша үкіметке қатысуы ықтимал екені өте зор деп ойлап қалуға болады. Бірақ шындығында олай емес. Бұл мәселені жуық маңда практика жүзінде жүзеге асыру тұрғысынан талқыға салу донкихоттық болар еді. Алайда бұл мәселені бізге зорлап таңып отырған істің практикалық жайы емес, қайта әдебиет бетіндегі айтыс. Бұл мәселені *9 январьдан бұрын-ақ* Мартыновтың бірінші болып көтергенін әрқашан есте ұстау керек. «Екі диктатура» деген кітапшасында (10—11-беттер) ол, міне, былай деп жазған:

«Лениннің утопиясының жүзеге асуын бір сәт көз алдыңызға елестетіп қараңыз, оқушы. Профессионал революционерлер ғана қатысатын болып мүшелерінің құрамы тарылған партияға «бүкіл халықтық қарулы көтерілісті әзірлеудің, *тағайындаудың* және өткізудің» сәті түсе қалған екен деп көз алдыңызға елестетіп қараңыз. Сонда бүкіл халық тілегі революциядан кейін-ақ іле-шала дәл осы партияны уақытша үкімет етіп *тағайындайтыны* анық емес пе? Революцияның ең таяу арадағы тағдырын шешуді халықтың басқа ешбір партияға емес, нақ осы партияға тапсыратыны анық емес пе? Бұл партия, халықтың бұрынғы өзіне көрсеткен сенімін алдағысы келмегендіктен, өкіметті өз қолына алуға, сөйтіп қашан өзі революциялық шаралар арқылы революцияны баянды еткенге дейін оны ұстап тұруға мәжбүр болатыны, *міндетті* болатыны анық емес пе?»

Мәселенің бұлайша қойылуы өрескел-ақ, алайда іс жүзінде мәселе осылай қойылып отыр. Мартынов былай демекші: егер біз көтерілісті өте жақсы әзірлеп, жүргізіп жіберсек, онда біз өте қиын жағдайға тап болар едік. Егер біз өзіміздің таласымызды бір шетел адамына сынатқан болсақ, онда ол мәселенің бұлайша қойылуына ешбір сенбеген болар еді және бізді түсінбеген болар еді. Біздің таласымызды тек россиялық социал-демократия көзқарастарының тарихын білгенде ғана, «Рабочее Делоның» «хвостистік» көзқарастарының сипатын білгенде ғана түсінуге болады. Бұл мәселе теорияның шұғыл мәселесі болып отыр, оның анығына жету қажет. Бұл — біздің мақсаттарымыздың айқындығы жайлы мәселе. Менің жолдастардан өте-мөте өтінетінім: орыс практиктерінің алдында біздің жарыс сөздерімізді баяндаған кезде, Мартыновтың мәселені дәл осылай қойғанын баса көрсету керек.

«Искраның» 96-номерінде Плехановтың мақаласы басылды. Біз Плехановты оның оппортунистерді барынша «окпелетіп» алғаны үшін және сонысына қарай оның көптеген адамдарды өзіне қадірмен дұшпан еткені үшін өте бағалап келдік, бағалаймыз да. Бірақ Мартыновты жақтағаны үшін біз оны бағалай алмаймыз. Бұл жерде біздің көз алдымызда бұрынғы Плеханов емес. Ол мақаласын «Өкіметті басып алу туралы мәселе жөнінде» деп атайды. Мұның өзі мәселенің өрісін жасанды түрде тарылтады. Біз ешқашан мәселені бұлайша қойған емеспіз. Плеханов былай дегенді шығарып жүр: «Вперед» Маркс пен Энгельсті «филистерліктің асқан шеберлері» деп атады-мыс дейді. Бірақ істің шыны олай емес, мұнда шамалы ғана әбестік бар. Маркстің бұл мәселедегі жалпы концепциясы дұрыс екенін «Вперед» ерекше атап көрсетті. Филистерлік деген сөздердің Мартыновқа немесе Л. Мартовқа қатысы болған еді. Біз Плехановпен бірге қызмет атқарып жүргендердің бәрін жоғары бағалауға қашшама әзір тұрғанымызбен, Мартынов қалай дегенмен Маркс емес қой. Плеханов мартыновшылдықты құр бекер мәймөңкелеп отыр.

Мартынов: егер біз көтеріліске бел байлап кіріссек, онда біз зор қауіпке ұшыраймыз, пролетариат бізді өкі-

метті алуға көндіреді дейді. Бұл пайымдауда өзгеше бір логика, бірақ шегіншектік логика бар. Самодержавиеге қарсы күресте жеңіп шығу қаупі бар деп осылай өзгеше көрсету жайында «Вперед» Мартынов пен Л. Мартовқа: әңгіме не туралы болып отыр — социалистік диктатура туралы ма, әлде демократиялық диктатура туралы ма? деп сұрақ қояды. Бізге Энгельстің толық үстемдік жүргізуге әлі пісіп жетілмеген таптың атынан өкіметті қолға алған көсемнің халі қауіпті болатыны жайындағы атақты сөздеріп келтіретіндер бар [59]. «Вперёдте» біз мынаны түсіндіргенбіз: Энгельстің айтып отырғаны — принциптер мен шындықтың, сөз бен фактілердің алшақтығын көсем *post factum* білген болса, сонда оның халінің қауіпті болатындығы. Мұндай алшақтық күш-қайрат жағынан жеңіліске емес, саяси күйреу мағынасындағы мерт болуға апарып соғады *. Төңкеріс тек демократиялық төңкеріс болған күнде, сіз социалистік төңкеріс деуіңіз керек (Энгельстің ойы осы). Егер біз қазір-ақ толық үстемдікті қамтамасыз ете аламыз деп Россия пролетариатына осы бастан уәде берген болсақ, онда біз социалист-революционерлердің жасап жүрген қатесіне ұшыраған болар едік. Революция «буржуазиялық емес, демократиялық» болады деген социалист-революционерлердің нақ осы қатесін біздер, социал-демократтар, әрдайым күлкі қылатынбыз. Біз әрдайым: революция буржуазияны әлсіретпейді, қайта күшейте түседі, дегенмен пролетариаттың социализм жолында ойдағыдай күресуіне қажетті жағдайлар береді дейтінбіз.

Ал әңгіме демократиялық төңкеріс жайында болып отыр екен, онда біз екі күш бар екенін көреміз: самодержавие және революцияшыл халық, яғни негізгі күресуші күш болып отырған пролетариат және шаруалар мен әр түрлі ұсақ буржуазиялық элементтер. Пролетариаттың мүдделері шаруалардың және ұсақ буржуазияның мүдделерімен бір жерден шықпайды. Революцияшыл халықтың ішінде мұндай таптық алшақтық сөзсіз болатынын социал-демократия әрдайым атап көр-

---

* Қараңыз: осы том, 5— 8-беттер. *Ред.*

сетіп келді. Қызу күрес үстінде күрес объектісі қолдан-қолға көше беруі мүмкін. Революцияшыл халық халықтың самодержавиесіне жетуге ұмтылады, ал барлық реакцияшыл элементтер патша самодержавиесін қорғайды. Сондықтан ойдағыдай төңкеріс болса, ол пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы болмауы мүмкін емес, бұлардың *патша самодержавиесіне қарсы* мүдделері бір жерден шығады. «Бөлек жүріп, бірігіп соққы беру керек» деген ұранға «Искра» да, «Вперед» те қосылды, бірақ, «Вперед» бұған: егер бірігіп соққы беру керек болса, онда бірігіп қирату да керек, жаудың айрылып қалғанын қайтарып алуға тырысқан әрекетін бірігіп тойтару керек деген қосымша енгізді. Самодержавие құлатылғаннан кейін күрес тоқтамайды, қайта шиеленісе түседі. Реакцияшыл күштер нақ сол кезде шындап күресуге жұмыла ұйымдасады. Егер біз көтеріліс ұранын қолданады екенбіз, онда біз көтеріліс жеңіп шығуы мүмкін деп социал-демократияны қорқытпауға тиіспіз. Халық самодержавиесін орнатқаннан кейін, біз оны қорғауға тиіспіз — революциялық-демократиялық диктатура дегеніміз, міне, осы. Ол диктатурадан қорқуға ешбір негіз жоқ. Республика орнату — пролетариат үшін аса зор жеңіс, бірақ социал-демократ республиканы буржуазияшыл революционер сияқты, «абсолюттік мұрат» деп білмейді, социализм жолында кең құлаш сермеген күрес жүргізуге керекті бостандықтың кепілі ғана деп біледі. Парвус — бостандықты жеңіп алу бірде-бір елде мұншалық зор құрбандыққа түскен емес дейді. Мұнысы рас. Орыс оқиғаларын сырттан зер салып қадағалап отырған европалық буржуазиялық баспасөз де осыны растап отыр. Самодержавиенің ең жеңіл-желпі деген реформалардың өзіне де қарсылығы керемет күшті, ал қимыл неғұрлым күшті болса, қарсылық та соғұрлым күшті болмақ. Самодержавиенің толық күйреуінің әбден ықтимал екені де осыдан. Бүкіл революциялық демократиялық диктатура туралы мәселе тек самодержавиені толық құлатқан күнде ғана мағыналы болып шығады. Мүмкін, бізде 1848—1850 жылдардың оқиғалары қайталанар, яғни самодержавие құлатылмас, тек тежеліп, конституциялық монархияға

айналар. Онда ешқандай демократиялық диктатура туралы сөз болуы да мүмкін емес. Бірақ егер самодержавиелік үкімет шынымен құлатылса, онда оның орнына басқа үкімет қойылуға тиіс. Ал бұл басқа үкімет дегеніміз тек революциялық уақытша үкімет қана бола алады. Ол үкімет тек революцияшыл халыққа ғана, яғни пролетариат пен шаруаларға ғана сүйене алады. Ол үкіметтің тек диктатура ғана болуы мүмкін, яғни «тәртіп» ұйымы емес, соғыс ұйымы ғана болуы мүмкін. Кімде-кім қамалға лап қойып, шабуыл жасайтын болса, ол әлгі қамалды алғаннан кейін де соғыса беруден тартынбайды. Екінің бірі: не қамалды ұстап тұру үшін оны алуымыз керек, не шабуылға шығуды қойып, қамалдың маңынан шағын ғана орын алғымыз келеді деп мәлімдеуіміз керек.

Плехановқа келейін. Ол мейлінше теріс тәсіл қолданып отыр. Ол ұсақ-түйек бірдеңелерді іліп-шалып, кей нәрсенің өңін айналдырып, аса маңызды принциптік мәселелерден бұлтарып кетіп отыр (Барсов жолдас: «Солай!» деп дауыстайды.) «Вперед»: жалпы алғанда Маркстің схемасы (самодержавиенің әуелі буржуазиялық монархияға, ал онан соң ұсақ буржуазиялық демократиялық республикаға ауысу схемасы) дұрыс дейді, бірақ біз өзіміз жететін шегімізді күні бұрын осы схема бойынша тұжырып қоятын болсақ, онда біз филистерлер болып шығамыз. Сонымен келіп Плехановтың Маркстi қорғауы *«verlorene Liebesmühe»* (рәсуа болған махаббат күші) болып шығып отыр. Мартыновты жақтағанда Плеханов Коммунистер Одағы Орталық Комитетінің Одақ мүшелеріне арнаған «Үндеуіне»[60] сүйенеді. Плеханов бұл «Үндеуді» тағы да дұрыс баяндамай отыр. Бұл «Үндеу» пролетариаттың 1848 жылғы Берлинде жеңімпаз көтеріліс жасағандығына қарамастан, халықтың толық жеңіске жете алмай қалған кезінде жазылғанын ол тасада қалдырып отыр. Самодержавиенің орнына ол кезде буржуазиялық-конституциялық монархия орнағап болатын, сондеше демек, бүкіл революцияшыл халыққа сүйенетін уақытша үкімет туралы сөз қозғаудың да жөні жоқ еді. «Үндеудің» бар мәні мынадай: халық көтерілісі сәтсіздікке ұшырағаннан ке-

йін, Маркс жұмысшы табына ұйымдасу керек, әзірлену керек деп кеңес береді. Бұл кеңестер Россияның көтеріліс басталмай тұрғандағы жағдайын анықтауға қалайша жарар екен? Бұл кеңестер пролетариаттың жеңімпаз көтерілісін көздейтін біздің талас мәселемізді қалайша шешіп бере алар екен? «Үндеу» былай басталады: «... Екі бірдей революциялық жылдың, 1848—1849 жылдардың бойында Коммунистер Одағы өзін екі жағынан көрсетті: біріншіден, оның мүшелері барлық жерде де қозғалысқа жігерлі түрде қатысты... содан соң оның қозғалыс жөніндегі көзқарастары» (оның бер жағында, «Коммунистік Манифесте» баяндалған көзқарастары) «бірден-бір дұрыс болып шықты»... «Дәл сол кездің өзінде Одақтың бұрынғы берік ұйымы едәуір әлсіреген еді. Революциялық қозғалысқа тікелей қатысқан мүшелердің көпшілігі: енді астыртын қоғамдардың заманы өтті, сондықтан ашық бой көрсетудің бір өзі де жеткілікті деген ойда болды. Жеке округтер мен қауымдар Орталық Комитетпен (Орталық Басқармамен — *Zentralbehörde)* қарым-қатынасын босаңсыта бастап, бірте-бірте оны мүлде тоқтатты. *Сонымен, ол кезде демократиялық партия, ұсақ буржуазия партиясы, Германияда барған сайын неғұрлым ұйымдаса берген болса, жұмысшы партиясы өзінің бірден-бір берік тірегінен айрылып қалды,* ұйымдасқан түрінде ол ең көп болғанда кей жерлерде ғана, жергілікті мақсат үшін сақталып қалды, ал соның себебінен *жалпы қозғалыста (in der allgemeinen Bewegung) түгелімен ұсақ буржуазиялық демократтардың билеуіне және басқаруына бағыныштты болып қалды» («Ansprache»* *, 75-бет).

Сөйтіп, 1850 жылы Маркс мына жағдайды: қазірде өтіп кеткен 1848 жылғы революция кезінде ұсақ буржуазиялық демократия ұйымшылдық жағынан ұтып шыққанын, ал жұмысшы партиясы ұйымшылдығынан айрылып шыққанын атап көрсетеді. Жұмысшы партиясының тағы да буржуазия соңында қалып қоймауына Маркс өзінің бар назарын аударғаны табиғи нәрсе.

* — «Үндеу». *Ред.*

«... Қазіргі уақытта, жаңа революция болайын деп тұрған кезде, жұмысшы партиясы тағы да 1848 жылғы сияқты буржуазияның қанауына түспейін десе, буржуазияның соңына еріп сүйретілмейін десе, оның мүмкіндігінше ұйымшылдықпен, мүмкіндігінше бір ауыздылықпен және мүмкіндігінше дербестікпен күреске шығуы өте-мөте қажет» (*«Ansprache»,* 76-бет).

Егер сол сәтте жаңа төңкеріс бола қалса, буржуазиялық демократияның нақ осы зор ұйымшылдығы себепті, оның сөзсіз басым болып шығатынына Маркс күмән келтірмейді. «Революцияның онан әрі дамуында ұсақ буржуазиялық демократия Германияда белгілі уақытқа дейін (fur einen Augenblick) басым ықпалға ие бола алады, бұған ешбір күмән келтірмесе де болады» (*«Ansprache»,* 78-бет). Осының барлығын еске ала келіп, біз: пролетариаттың революциялық уақытша үкіметке қатысуы жайында *«Ansprache»*-де Маркстің неліктен бір ауыз сөз айтпағанын енді түсінеміз. Маркс «пролетариаттың саяси өкілдері ұсақ буржуазия өкілдерімен бірге жаңа қоғамдық құрылысты жасау жолында еңбек етеді деп, тіпті ойлап та көрген емес» деген Плехановтың пікірі («Искра» № 96) сондықтан да мүлде теріс. Бұл дұрыс емес. Маркс социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы мәселе *көтермейді,* ал Плеханов болса *Маркс бұл мәселені теріс шешеді* деп көрсетеді. Маркс былай дейді: біздер, социал-демократтар ылғи артта болдық, біз нашар ұйымдастық, егер жаңа төңкерістен кейін ұсақ буржуазия өкімет басына келе қалатындай болса, онда біз дербес ұйымдасып алуымыз керек. Маркстің бұл алғы шарттарынан Мартынов мынадай қорытынды жасайды: қазірде ұсақ буржуазиялық демократиядан гөрі жақсы ұйымдасқан және сөзсіз дербес партия болып табылатын біздер, социал-демократтар, көтеріліс нәтижелі бола қалған күнде, өзіміздің революциялық уақытша үкіметке қатысуымызға *тура келетіндігінен* қорқуға тиіспіз. Мәссаған Плеханов жолдас, марксизм бір басқа да, мартыновизм бір басқа. Россияның 1905 жылғы жағдайы мен Германияның 1850 жылғы жағдайының бар айырмашылығын айқынырақ көрсету үшін, «Үндеудің» тағы

кейбір қызықты жерлеріне тоқталып көрейік. Пролетариаттың демократиялық диктатурасы туралы Маркс ешбір сөз қозғамаған еді, өйткені ол ұсақ буржуазиялық төңкерістен кейін іле-шала пролетариаттың тікелей социалистік диктатурасы болады деп сенді. Мәселен, аграрлық мәселе жөнінде ол былай дейді: демократия ұсақ буржуазиялық шаруалар табын құрып алуды көздейді, ал жұмысшылар село пролетариатының мүдделері үшін және өз басының мүдделері үшін бұл жоспарға қарсы тұруға тиіс. Жұмысшылар конфискеленген феодалдық жер меншігінің мемлекет меншігі болып қалуын, сөйтіп оның жұмысшы колонияларына айналдырылуын талап етуге тиіс, сол колонияларда ассоциацияланған село пролетариаты ірі егіншіліктің барлық құралдарын пайдалануға тиіс дейді. Әлбетте, бұл сияқты жоспар болып отырғанда, Маркстің демократиялық диктатура туралы сөз қозғауы *мүмкін емес*. Ол мұны ұйымдасқан пролетариаттың өкілі ретінде революция қарсаңында жазған жоқ, ұйымдасып жатқан жұмысшылардың өкілі ретінде, революциядан кейін жазды. Маркс бірінші міндет ретінде мынаны атап көрсетеді: «төңкерістен кейін Орталық Комитет дереу Германияға барып, партия съезін шақыруға тиіс, сөйтіп съезге жұмысшы клубтарын орталықтандыру жөнінде шара қолдануды ұсынуға тиіс». Сонымен, біздің қанымызға тарап, сүйегімізге сіңген дербес жұмысшы партиясының идеясы ол кезде жаңалық еді. Мынаны естен шығармау керек: 1848 жылы, Маркс еркін және аса революцияшыл газетті («Neue Rheinische Zeitung» [61]) редакциялап тұрған кезде, ол ешқандай жұмысшы ұйымына сүйене алған жоқ. Оның газетін радикал буржуа қолдады, ал июнь күндерінен кейін Маркс сол газеттің бетінде Париж буржуазиясына қаһарын төккен кезде, әлгі радикал буржуа бұл газетті құлатуға аз-ақ қалған еді. Сондықтан да бұл «Үндеуде» жұмысшылардың дербес ұйымы туралы соншалық көп айтылып отыр. Онда ресми жаңа үкіметпен қатарлас, әрі жұмысшы клубтары мен жұмысшы комитеттері түріндегі, әрі қауым советтері мен коммуналық басқармалар түріндегі революциялық жұмысшы үкіметтерін құру жайында сөз болып

отыр. Онда жұмысшылардың қарулануы және дербес жұмысшы гвардиясын құруы керек екені жайында сөз болып отыр. Программаның 2-пункті ретінде былай деп көрсетіледі: бұларға буржуазия кандидаттарымен қатар жұмысшы кандидаттары ұсынылуға тиіс, мүмкіндігінше Одақ мүшелерінен ұсынылуға тиіс. Маркстің өз кандидаттарымызды ұсынуымыз керек дегенді дәлелдеуге тиіс болғаны бұл Одақтың қаншалықты әлсіз екенін көрсетеді. Осының барлығынан мынадай қорытынды шығады: Маркс революциялық уақытша үкіметке қатысу мәселесін еске алған да емес, шешкен де емес, өйткені ол кезде бұл мәселенің ешқандай практикалық маңызы болған жоқ, сондықтан бар назар дербес жұмысшы партиясының ұйымдастырылуына аударылған еді.

Одан соң Плеханов «Искрада»: «Вперед» шын мәнінде ешбір дәлел келтірмейді де, тек өзіне ұнаған бірнеше сөзді қайталаумен тынады, «Вперед» Маркстi сынағысы келеді-міс дегенді айтады. Шынында солай ма екен? Қайта бұл жерде біз «Впередтің» Россиядағы демократиялық төңкеріс жолындағы күреске қатысып отырған нақты қоғам күштерін есепке алып, мәселені нақты негізге қойып отырғанын көрмейміз бе. Ал Плеханов болса, нақты орыс жағдайлары туралы бір ауыз сөз айтпайды. Оның бар дәлелі орынсыз келтірілген бір-екі цитаттан аспайды. Мұның өзі өрескел-ақ, бірақ қайтерсіз солай. Орыс жағдайының Батыс Европа жағдайынан айырмашылығы соншалық, тіпті Парвус бізде революциялық демократия бар ма деп сұрақ қоюға дейін барды. «Вперед» Маркстi «сынағысы келеді» деген сөзін дәлелдей алмаған соң, Плеханов Мах пен Авенариусты құлағынан сүйреп алып келіп отыр. Маған зәредей де сүйкімі жоқ осы жазушылардың әлеуметтік революция мәселесіне қандай қатынасы бар екенін мен тіптен түсінбеймін. Олар тәжірибені жеке дара және әлеуметтік жолмен ұйымдастыру жайында немесе осы тәрізді бір нәрсе жайында жазды, бірақ, асылы, демократиялық диктатура жайын тіпті ойына алған емес. Ендеше Парвустың Мах пен Авенариус жағына шығып кеткені де Плехановқа мәлім болмағаны ма? (**К ү л к і.**)

Немесе, мүмкін, Плехановтың халі сондай мүшкіл шығар, сондықтан ол тисе терекке, тимесе бұтаққа дегендей, Мах пен Авенариустан өзіне ешбір қисыны жоқ нысана жасап алып жүрген болар. Одан әрі Плеханов: Маркс пен Энгельс әлеуметтік революцияның жуықтығына тез-ақ сенуден қалды, дегенді айтады. Коммунистер Одағы ыдырап кетті. Эмиграннтық ұрыс-керіс басталды, Маркс пен Энгельс мұның себебі революционерлер болғанмен, революция болмағандықтан деп түсіндірді дейді. Плеханов «Искрада» былай деп жазады: «Пролетариаттың саяси міндеттерін белгілегенде, олар» (әлеуметтік революцияның жуықтығына сенуден қалған Маркс пен Энгельс) «демократиялық құрылыс едәуір ұзақ кезең бойына үстем болып қала береді деген жорамалдың өзіне сүйеніп-ақ белгілеген болар еді. Бірақ нақ соның үшін де олар социалистердің ұсақ буржуазиялық үкіметке қатысуын бұдан да гөрі соккен болар еді» («Искра» № 96). Неге соккен болар еді? Оған жауап бермейді. Плеханов тағы да демократиялық диктатураны социалистік диктатурамен шатастырады, яғни Мартыновтың қатесіне ұрынады, бұл қатеден «Вперед» талай рет барынша сақтандырған еді. Пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы болмайынша, Россияда республика болуы мүмкін емес. Бұл пайымдауды «Вперед» нақты шын жағдайды талдау негізінде ұсынды. Өкініші сол, Маркс бұл жағдайды білген жоқ және ол туралы жазған да жоқ. Міне, сондықтан тек Маркстен келтірген цитаттарға сүйеніп, бұл жағдайдың талдауын қуаттауға да, бекерге шығаруға да болмайды. Ал нақты жағдай туралы Плеханов бір ауыз сөз айтпайды.

Энгельстен келтірілген екінші цитат мүнан да сәтсіз. Біріншіден, Плехановтың бір көлденең хатқа сүйенуі, оның қай жерде, қашан жарияланғанын көрсетпеуі, өте таңырқарлық [62]. Энгельстің хаттарын жариялағанға біз өте разы болар едік, бірақ солардың толық текстін де көрсек деп едік. Алайда Энгельс хатының шын мағынасының байыбына баруға бізде кейбір деректер бар.

Екіншіден, біз тоқсаныншы жылдары Италияда болған жағдайдың орыс жағдайына мүлде ұқсас емес еке-

нін анық білеміз. Италия қырық жылдан артығырақ уақыт бостандықтың игілігін көрді. Россияда жұмысшы табы буржуазиялық революциясыз ондай бостандық туралы арман ете де алмайды. Демек, Италияда жұмысшы табы социалистік төңкеріс жасау үшін өзінің дербес ұйымын әлдеқашан-ақ өркендете алатын еді. Турати — Италияның Мильераны. Сондықтан Туратидің дәл сол кезде-ақ мильерапшыл идеяларды бетке ұстап шығуы өте ықтимал. Мұндай жорамалдың әбден дәлелді болатын бір жері сол — Плехановтың өзінің айтуынша, Энгельстің буржуазиялық-демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкерістің айырмасын Туратиге түсіндіріп беруіне тура келген. Ал Энгельс мына жағдайдан: Турати өзі қатысып отырған төңкерістің әлеуметтік мәнісін түсінбейтін көсемнің жалған күйіне ұшырап қалмас па екен деп қорыққан еді. Демек, Плехановтың демократиялық төңкеріс пен социалистік төңкерісті шатастырып отырғанын біздің тағы да қайталап айтуымызға тура келеді.

Бірақ, мүмкін, Маркс пен Энгельстен нақты орыс жағдайы жөніндегі мәселеге емес, пролетариаттың революциялық күресінің жалпы принциптері жайындағы мәселеге жауап табуға болар? Қалай дегенмен де «Искра» осындай бір жалпы мәселені алға тартты.

93-номерінде «Искра» былай деп жазады: «Пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық мемлекетке оппозициялық партия болып ұйымдасуы үшін ең жақсы жол—өкімет басында тұрған демократияға пролетариаттың қысым көрсетуі арқылы буржуазиялық революцияның *төменнен* даму жолы». «Искра» былай дейді: ««Вперед» пролетариаттың революцияға қысым көрсетуі (?) тек төменнен ғана емес, тек көшеден ғана емес, сонымен қатар жоғарыдан да, уақытша үкіметтің орда-сарайынан да болғанын тілейді». Бұл дұрыс тұжырым; «Вперед» шынында да осыны тілейді. Бұл жерде алдымызда шынында да жалпы принциптік мәселе: революциялық қимылдың төменнен болғаны немесе, сондай-ақ жоғарыдан болғаны жөн бе деген мәселе тұр. Бұл жалпы мәселеге Маркс пен Энгельстен жауап табуға болады.

Менің айтып отырғаным Энгельстің «Бакуниншілдердің әрекеті»[63] деген қызықты мақаласы (1873 ж.). Энгельс 1873 жылғы испан революциясын қысқаша суреттейді, ол кезде бұл елде интрансиженттер, яғни әсіре республикашылдар көтерілісі етек алған еді. Ол кезде жұмысшы табының дереу азаттық алуы туралы ешбір сөз болуы мүмкін емес екенін Энгельс атап көрсетеді. Ондағы міндет мынау еді: әлеуметтік революцияны әзірлейтін алғашқы сатылардан пролетариаттың өтуін тездету керек еді, бұл революцияның жолында тұрған бөгеттерді жою керек еді. Осы мақсатқа жету мүмкіндігін республика жасады да. Испан жұмысшы табы революцияға белсене қатысқанда ғана бұл мүмкіншілікті пайдалана алатын еді. Оның революцияға бұлай қатысуына сол кезде бакуниншілдердің ықпалы кедергі болды, өңгесін былай қойғанда, олардың жаппай стачка жайындағы идеясы кедергі болды. Энгельс осы идеяны дәл тауып сынаған-ды. Энгельс, мәселен, 30 мың фабрика жұмысшысы бар Alcoy қаласында болған оқиғаларды суреттейді. Онда барлық жағдайды пролетариат билеп алды. Сонда ол не істеді деңіз? Бакунизмнің принциптеріне қарамастан, пролетариаттың революциялық уақытша үкіметке қатысуына тура келген. «Бакуниншілдер,— дейді Энгельс,— жоғарыдан төмен қарай жүргізілетін революциялық қимылдың қандайы болса да зиянды деп ұзақ жылдар бойы уағыздап келді; істің бәрі де төменнен жоғары қарай ұйымдастырылуы және жүргізілуі керек деп уағыздап келді».

Сонымен, «жоғарыдан және төменнен» деген туралы «Искраның» көтерген жалпы мәселесіне Энгельстің берген жауабы міне мынадай болды. *«Искраның»: «тек төменнен ғана, еш уақытта да жоғарыдан емес» деген принципі — анархиялық принцип.* Испан революциясының оқиғаларынан қорытынды жасай келіп, Энгельс былай дейді: «Бакуниншілдер өздерінің принциптеріне, революциялық үкімет құру жұмысшы табын тағы да бір алдағандық, оған тағы да бір опасыздық жасағандық болып табылады-мыс деген принципке қарсы әрекет жасауға тиіс болды» (енді Плеханов та бізді осылай деп иландырмақшы болады). «Осы принциптеріне қай-

шы келетініне қарамастан, бакуниншілдер жеке қалалардың үкіметтік комитеттерінде мәжіліс құруға тиіс болды, соның өзінде буржуазиядан ығып қалған және саяси жағынан қаналған әлсіз азшылық есебінде мәжіліс құруға тиіс болды» дейді. *Сонымен, Энгельске бұл арада ұнамай отырғаны — бакуниншілдердің сонда барып мәжілісте отырғандығы емес, тек олардың азшылық болғаны.* Кітапшасын аяқтай келіп, Энгельс: бакуниншілдердің мысалы «бізге революцияны қандай жолмен істеуге *болмайтынын* көрсетеді» дейді.

Егер Мартов өзінің революциялық жұмысын тек қана төменнен қимыл жасаумен шектейтін болса, ол бакуниншілдердің қатесін қайталаған болар еді.

Алайда, «Искра» «Впередпен» принциптік алауыздық дегенді шығарып алып, енді біздің көзқарасымызға өзі ауытқып отыр. Мәселен, Мартынов: пролетариат халықпен тізе қоса отырып, революцияны ақырына дейін жеткізуге буржуазияны еріксіз көндіруге тиіс дейді. Ал мұнымыз «халықтың», яғни пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатурасы дегеннен басқа еш нәрсе емес. Буржуазия революцияны ақырына дейін жеткізуді әсте тілемейді. Ал халық өз тұрмысының әлеуметтік жағдайлары себебінен оны тілеуге тиіс. Революциялық диктатура халықтың көзін ашып, оны саяси өмірге қатыстырады.

95-номерінде «Искра» былай деп жазады:

«Бірақ социализмді жүзеге асыру үшін ұлттық жағдайлар әлі пісіп жетілмей тұрған кезде, біздің еркімізге қарамастан, революцияның ішкі диалектикасы ақыры келіп бізді өкімет басына алып баратын болса, біз онда кейін шегіне қоймас едік. Біз онда революцияның ұлттық тар шеңберлерін бұзып, бұдан жүз жыл бұрын Францияның Шығысты революция жолына итермелегені сияқты, Батысты революция жолына итермелеу мақсатын алға қойған болар едік».

Сөйтіп, егер біздің басымызға жеңіп шығатындай бақытсыздық орнай қалса, біз онда нақ «Впередтің» айтқанындай істеуге тиіс болар едік деп «Искраның» өзіақ мойындап отыр. *Демек, «Искра» практикалық мәселеде «Впередтің» ізімен жүріп,* өзінің ұстаған позициясын әлсіретеді. Менің жалғыз-ақ түсінбейтінім Мар-

тов пен Мартыновты, олардың еркінен тысқары, қалайша өкімет басына сүйреп алып баруға болады? Мұның өзі мүлде мағынасыз нәрсе.

«Искра» Францияны мысалға келтіреді. Бірақ онысы якобиндік Франция. Революция кезінде якобиншілдікті айтып қорқыту барып тұрған арсыздық. Мен жоғарыда айттым ғой деймін, демократиялық диктатура дегеніміз «тәртіп» ұйымы емес, соғыс ұйымы. Егер біз тіпті Петербургті басып алып, Николайдың басын шапқан күнде де, алдымызда бірнеше Вандея[64] тұрған болар еді. Ал Маркс мұны жақсы білді, сондықтан ол 1848 жылы «Жаңа Рейн Газетінде» якобиншілдерді еске салды. Маркс былай деді: «1793 жылғы террор — абсолютизмнің және контрреволюцияның сазайын плебейлік тәсілмен тартқызғаннан басқа еш нәрсе емес»[65]. Біз де орыс самодержавиесінің сазайын «плебейлік» тәсілмен тартқызуды артық көреміз, сөйтіп жирондистік тәсілдерді «Искраға» береміз. Орыс революциясының алдында еш уақытта болып көрмеген қолайлы жағдай бар (самодержавиенің халыққа қарсы соғысы, азиялық консерватизмі және т. т.). Ал бұл жағдай көтерілістің ойдағыдай аяқталуына үміт артуға мүмкіндік береді. Пролетариаттың революциялық пиғылы күн санап емес, сағат санап күшеюде. Ал нақ осындай кезде мартыновшылдық ақымақтық қана емес, тіпті қылмыс та, өйткені ол пролетариаттың революциялық күш-жігерінің құлаш сермеуіне залал келтіреді, оның революцияшыл шабытын қайтарады. (Л я д о в: «Әбден дұрыс!».) Мұның өзі — баз-баяғы екінші бір жағдайда, демократиялық диктатура туралы емес, социалистік диктатура туралы мәселе жөнінде, неміс партиясында Бернштейннің істеген қатесі.

Революциялық уақытша үкіметтің бұл атышулы «орда-сарайларының» іс жүзінде қандай екенін сіздерге нақты түрде ұғындыру үшін тағы да бір пұсқаға жүгінейін. Энгельстің «Die Reichsverfassungskampagne» * деген мақаласында осы «орда-сарайлар» маңында өзінің революцияға қалай қатысқанын суреттегені бар[66].

* — «Империялық конституция жолындағы науқан». *Ред.*

Ол, мәселен, Германияның ең индустриялы орталықтарының бірі — Рейн Пруссиясында болған көтерілісті суреттейді. Мұнда демократиялық партияның жеңіп шығуына, дейді ол, өте қолайлы мүмкіндік болды. Мұндағы міндет мынау еді: барлық басы бос күшті Рейннің оң жақ жағасына төгіп, көтерілісті неғұрлым кең майданға жайып жіберу керек еді, сөйтіп бұл жерде ландвер (жасақ) арқылы революциялық армияның ұйтқысын жасауға тырысып көру керек еді дейді. Энгельс өзінің жоспарын жүзеге асыру үшін мүмкін болған шараны істемек болып, Эльберфельдке барған кезінде нақ осындай ұсыныс жасаған да болатын. Сондықтан Энгельс ұсақ буржуазиялық басшыларға тиіседі, тиіскенде, олардың көтерілісті ұйымдастыра білмегені үшін, ақша қамдап алмағаны үшін, мәселен, баррикадаларда күрескен жұмысшылардың қажетіне ақша қамдамағаны үшін және т. т. үшін тиіседі. Жігерлірек қимылдау керек еді дейді Энгельс. Бұл жөніндегі бірінші қадам — Эльберфельдтегі азаматтық армияны қарусыздандырып, оның қару-жарағын жұмысшыларға үлестіріп беру болуға тиіс еді, содан кейін осылайша қаруланып алған жұмысшылардың қажеті үшін еріксіз салық өндіріп алу болуға тиіс еді. Бірақ бұл жалғыз ғана, тек қана менен шыққан ұсыныс еді дейді Энгельс. Ардақты Қоғамдық қауіпсіздік комитеті бұл сияқты «террорлық шараларға» зәрредей де беттемеді.

Сонымен, біздің Марксіміз бен Энгельсіміз (яғни Мартынов пен Мартов) (д у к ү л к і) якобиншілдікпен бізді қорқытып отырса, Энгельс революцияшыл ұсақ буржуазияны «якобиншілдік» қимыл әдісін менсінбегені үшін мінеп-шенеді. Соғысуға қамдана тұрып, сол соғыс кезінде мемлекеттік қазынадан, мемлекеттік өкіметтен ат-тонын ала қашу — мұның аты жөн-жосықсыз сөзуарлық екенін Энгельс түсінген-ді. Ал көтеріліс жалпы халықтық бола қалса, оған ақшаны қайдан ала коймақсыңдар, жаңа искрашыл мырзалар? Мемлекеттік кассадан алмайсыңдар ғой, әйтеуір? Бұл буржуазиялық болады ғой! Бұл якобиншілдік болады ғой!

Баденде болған көтеріліс жөнінде Энгельс былай деп жазады: «Көтерілісшілер үкіметінің қолында табысқа

жету үшін барлық мүмкіншілігі: әзір тұрған армиясы, лық толы арсеналдары, мемлекеттік мол қазынасы, бір ауызды халқы болды». Мұндай жағдайда не істеу керек екенін іс өткен соң жұрттың бәрі және әркім түсінді. Ұлттық жиналысты қорғау үшін әскер ұйымдастыру керек еді, австриялықтар мен пруссактарды кейін ысырып тастау керек еді, көтерілісті көрші мемлекеттерге жаю керек еді, сөйтіп «дәурені өткен немістің ұлттық жиналысы дейтінді көтеріліс жасаған халық пен көтеріліс жасаған армияның террорлық ықпалына түсіру керек еді; одан әрі көтеріліс күштерін ұйымдастыру керек еді, оның қолына мол ақша сомаларын беріп қою керек еді, барлық феодалдық салғырттарды дереу жою арқылы егінші халықты көтеріліске қызықтыру керек еді. Сөйтіп көтеріліске қызу сипат беру үшін осының бәрін дереу істеу керек еді. Баден комитетін тағайындағаннан кейін бір апта өткенде мұның бәрі кеш болып қалды».

Біз, Россияда көтеріліс болған мезгілде революцияшыл социал-демократтар, Энгельстің өнегесі бойынша, революция солдаттығына жазылып, дәл осындай «якобиндік» кеңестер береді деп сенеміз. Ал енді біздің «Искрамыз» революциялық уақытша үкімет туралы және құрылтай жиналысын революциялық жолмен күзету туралы мәселені кейінге ысырып, сайлау бюллетеньдері конверттерінің қандай түсте болуы туралы жазуды артық көреді. Біздің «Искрамыз» еш уақытта да «жоғарыдан» қимыл жасамақшы емес.

Карлсруэден Энгельс Пфальцке аттанды. Уақытша үкіметтің мәжілісінде оның досы Д'Эстер (бір жолы Энгельсті тұтқыннан босатып алған) отырды. «Біздің партиямызға жат қозғалысқа ресми түрде қатысу туралы сөз болуы да мүмкін емес еді,— дейді Энгельс.— Мен қозғалыстан орын алғанда, тек «Жаңа Рейн Газетінің» қызметшілері алуға тиісті орынды, солдат орнын алуға тиіс болдым». Біз Коммунистер Одағының ыдырағаны туралы, ал бұл Энгельсті жұмысшы ұйымдарымен байланыс жасау атаулыдан тысқары дерлік қалдырғаны туралы жоғарыда айттық. Мұның өзі біз келтірген мына цитаттың мәнісін ұғынықты етеді: «Маған

азаматтық және әскери қызметтен көп орын ұсынылды,— деп жазады Энгельс,— пролетарлық қозғалыс тұсында болса, бұл орындарға отырудан мен бір минут та тартына қоймаған болар едім. Ал мынадай жағдайда мен олардың бәрін де қабыл алмадым».

Көріп отырсыздар, Энгельс жоғарыдан қимыл жасаудан қорыққан жоқ, пролетариаттың өзін уақытша үкіметке қатысуға жеткізе алатын оның асқан ұйымшылдығы мен күшінен қорыққан жоқ. Энгельс қайта жұмысшылардың толық ұйымдаспағаны себепті қозғалыстың жеткілікті дәрежеде табысты болып шықпағанына, жеткілікті дәрежеде пролетарлық болып шықпағанына өкінді. Тіпті осындай жағдайдың өзінде Энгельс қызмет қабылдады: ол армияда Виллихтің адъютанты болып қызмет істеді, ол әскери керек-жарақты жеткізіп тұруды мойнына алды, ғаламат қиыншылықтарға төзіп, оқ-дәрі, қорғасын, патрондар және т. т. тасып беріп тұрды. «Менің сол уақыттағы мақсатым республика жолында өлу еді» деп жазады Энгельс.

Ал, жолдастар, уақытша үкіметтің Энгельс суреттеген осы бейнесі жаңа «Искраның» жұмысшыларды бізден үркітпек болып айтып жүрген «орда-сарайларына» ұқсай ма, жоқ па, осыған төрелік айтуды өздеріңе берем. (*Қол шапалақтау.*) (*Шешен өз қарарының жобасын оқып, оны түсіндіреді.*)

25

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

1) Россия пролетариатының тікелей мүдделері болсын, сондай-ақ социализмнің түпкі мақсаттары жолындағы пролетариат күресінің мүдделері болсын мүмкіндігінше неғұрлым толық саяси бостандықты талап етеді, демек, самодержавиелік билеу формасын демократиялық республикамен ауыстыруды талап етеді;

2) халықтың қарулы көтерілісі толық табысқа жетсе, яғни самодержавие құлатылса, ол котеріліс революциялық уақытша үкіметтің құрылу қажеттігін туғызады, тек сондай үкіметтің өзі ғана толық үгіт бостандығын қамтамасыз етіп, жалпыға бірдей, тоте, тең сайлау правосы негізінде дауысты жасырын беру жолымен сайланған, шынында да халықтың биік мәртебелі еркін білдіретін құрылтай жиналысын шақыра алады;

3) Россиядағы бұл демократиялық революция буржуазияның үстемдігін әлсіретпейді, қайта күшейте түседі, буржуазия белгілі бір кезеңде, еш нәрсеге қарамастан, Россия пролетариатының революция дәуірінде не болған жеңістерінің мүмкіндігінше көбірегін тартып алуға сөзсіз тырысып бағады;

осыларды еске ала келіп,—

РСДРП III съезі қаулы етеді:

а) революциялық уақытша үкіметтің қажет екеніне жұмысшы табының көзін жеткізіп, сендіре беру керек және біздің программамыздың ең таяу арадағы саяси және экономикалық талаптарының барлығын толығы-

мен дереу жүзеге асырудың шарттарын жұмысшы жиналыстарында талқыға салу керек;

б) халық көтерілісі жеңісті болып, самодержавие толығымен құлатылған ретте, контрреволюциялық әрекеттердің барлығына қарсы мейірімсіз күресу мақсатымен және жұмысшы табының дербес мүдделерін қорғау мақсатымен партиямыздың уәкілдерінің революциялық уақытша үкіметке қатысуына болады;

в) бұлай қатысудың қажетті шарттары мыналар: партияның өз уәкілдеріне қатаң бақылау жүргізіп отыруы және толық социалистік төңкеріске ұмтылатын, сол себепті буржуазиялық партиялардың барлығына да бітіспес қас болатын социал-демократияның тәуелсіздігін мүлтіксіз қорғап отыру;

г) социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуына мүмкіндік бола ма, жоқ па, оған қарамастан, революцияның жеңістерін қорғау, баянды ету және ұлғайта беру мақсатында, қарулаңған және социал-демократия бастаған пролетариат тарапынан уақытша үкіметке үнемі қысым жасау қажеттігі жайындағы идеяны пролетариаттың ең қалың топтарының ішінде насихаттай беру керек.

18 апрельде (1 майда) енгізілген *Қолжазба бойынша басылып отыр*

26

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА ҚОСЫМША

Революциялық уақытша үкіметке қатысуды жақтайтын тағы бір дәлел

— революциялық уақытша үкіметке қатысудан сөзсіз бас тарту керек деп қазірдің өзінде партиямыздың оң қанатының қойып отырған ұсынысы революцияшыл пролетариаттың қарулы көтерілісті әзірлеу, ұйымдастыру және өткізу жолындағы қызметін жасқаншақтыққа, жартыкештікке және бытыраңқылыққа ұшырататыны сөзсіз;—

1905 ж. кеш дегенде 19 апрельде (2 майда) жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

27

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА ТҮЗЕТУЛЕР ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

19 АПРЕЛЬ (2 МАЙ)

Зимин жолдастың пікірін мен жалпылай және бүтіндей қостаймын. Әрине, мен әдебиетші ретінде мәселенің әдебиет жағынан қойылуына көңіл аудардым. Күрес мақсатының маңыздылығын Зимин жолдас өте дұрыс көрсеткен, мен оған бүтіндей қосыламын. Күресуде көздеген жерді алар есебің болмайынша, күресуге болмайды...

Зимин жолдастың 2) пунктке — «жүзеге асырылуы және т. т. ... уақытша үкімет, осындай үкіметтің тек бір өзі ғана» және т. т. дейтін түзетуі әбден орынды, мен оны сөз айтпастан қабылдаймын.— 3-пунктке түзету де дәл осындай — бұл арада мынаны айту өте орынды: қазіргідей қоғамдық-экономикалық жағдай тұсында буржуазия қажетіне қарай күшейе түседі, деу керек.— Қарар бөлімінің а) пунктіндегі «пролетариат талап етеді» деген сөз менің тұжырымдауымнан гөрі тәуірірек, өйткені салмақтың дені пролетариатқа аударылған. Күштердің арасалмағына тәуелді екені б) пунктінде әбден орынды айтылған. Дәл осылай тұжырымдағанда, менің ойымша, Андреев жолдастың түзетуі қажет болмай қалады. Айтқандай-ақ, мен орыс жолдастардың пікірін білейін деп едім: «ең таяу арадағы талаптар» деген сөз түсінікті болар ма екен, әйтпесе жақша ішінде «программа-минимумы» деп көрсеткен жөн болмас па екен. Мен в) пунктінде «болып табылады» деген сөзді қолданғанмын, ал Зимин жолдаста «қойылады» делінген,— әлбетте, бұл жеріне стилистік түзету енгізу керек

болар. Менің байқауымша, партияның бақылауы туралы айтылған жерде «социал-демократияның тәуелсіздігін қорғау» деген менің бұрынғы тұжырымдауым, Зимин жолдас ұсынған «сақтау» деген сөзден гөрі тәуірірек сияқты. Біздің міндетіміз социал-демократияның тәуелсіздігін тек «сақтау» ғана емес, сонымен қатар оны үнемі «қорғап отыру» да. Сосновский жолдастың осы пункт жөніндегі түзетуі тұжырымды тек нашарлатып жібереді, оны одан бетер бұлдыр етеді. Андреев жолдастың түзетулері менің қарарым мен Зимин жолдастың қарарының пункттеріне бөлініп-бөлініп кіріп отыр. Ал, Андреев жолдастың ұсынуынша, «уақытша үкімет» деген сөзді тұжырымға көпше түрінде енгізу орынды бола қояр ма екен. Әрине, бізде уақытша үкіметтер көп болуы мүмкін, бірақ оны атап көрсетудің қажеті жоқ, өйткені біз бұлайша бөлшектей беруге әсте тырыспаймыз. Біз әрқашан біртұтас россиялық уақытша үкімет болуын қостаймыз және «біртұтас орталық, орталық болғанда, орыс орталығын» құруға тырысамыз. (Күлкі.)

28

РСДРП-ның АШЫҚ САЯСИ БОЙ КӨРСЕТУІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

1) Россиядағы революциялық қозғалыс қазірдің өзінде-ақ самодержавиелік үкіметтің іргесін біраз шайқалтып, берекесін қашырып отыр, самодержавиелік үкімет өзіне дұшпан таптардың саяси бой көрсетулеріне бірқыдыру елеулі мөлшерде ерік беруге мәжбүр болып отыр;

2) саяси бой көрсетудің бұл еркіндігін бәрінен де көбірек және мүлде дерлік буржуазиялық таптар ғана пайдаланып отыр, өстіп олар жұмысшы табынан өздерінің бұрынғы экономикалық және саяси басымдығын тағы да күшейтіп, пролетариатты буржуазиялық демократияның құр әншейін шылауына айналдыру қаупін арттыра түсіп отыр;

3) жұмысшы бұқарасының ішінде өз алдына дербес ашық түрде саяси майданға шығу талабы да барған сайын етек алып, өрістеп отыр (көзге түсіп, сыртқа теуіп отыр), тіпті социал-демократияның ешбір қатысынсыз да (тіпті маңызы шамалы реттерден болса да) осылай болып отыр;

осыларды еске ала келіп,—

РСДРП III съезі барлық партия ұйымдарының назарын ең қажетті дегенге аударады:

а) қоғам мен халықтың баспасөз жүзіндегі, одақтардағы, жиналыстардағы ашықтан-ашық саяси бой көрсетулерінің бәрін және барлық түрлерін пайдалану қажет, пайдаланғанда, жалпы демократиялық талаптарға пролетариаттың дербес таптық талаптарын қарама-қарсы қою үшін, оның сана-сезімін өрістету үшін, осындай

бой көрсетулердің барысында-ақ оны дербес социалистік күш етіп ұйымдастыру үшін пайдалану қажет;

б) жұмысшы қоғамдарын, одақтарын және ұйымдарын құру үшін жария және жартылай жария жолдардың бәрін пайдалану керек, соның өзінде мұндай одақтарға социал-демократияның ықпалы басым болуын қамтамасыз етуге (қандай да бір жолмен болса да) тырысу керек, бұл одақтарды Россияның келешектегі ашық социал-демократиялық жұмысшы партиясының тірек пункттеріне айналдыруға тырысу керек;

в) біздің партия ұйымдарымыз өздерінің астыртын аппаратын сақтап, дамытумен қатар, мүмкін болған реттердің бәрінде де, социал-демократияның ашық жұмыс жүргізуіне көшудің қолайлы формаларын әзірлеуге дереу кірісетін болсын, бұл ретте үкіметтің қарулы күштерімен қақтығысудан да тайынбау керек, бұларды орындауға шаралар қолдану керек.

19 апрельде (2 майда) жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

29

РСДРП-ның АШЫҚ САЯСИ БОЙ КӨРСЕТУІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫ ТАЛҚЫЛАҒАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [67]

19 АПРЕЛЬ (2 МАЙ)

Сергеев жолдастың сөзі дұрыс емес. Біздің алдымызда социал-демократия қызметінің сипатын өзгерту туралы тұтас мәселе тұр, қарардың көрсетіп отырғаны да осы.

30

ҮКІМЕТТІҢ РЕВОЛЮЦИЯ АЛДЫНДАҒЫ ТАКТИКАСЫНА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАҒАН КЕЗДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

19 АПРЕЛЬ (2 МАЙ)

1

Бельский жолдастың пікіріне қосыламын [68]. Біз революция деген сөзді кейбір ұсақ праволарды жай ғана тартып алу тұрғысынан қолданатын болсақ, онда революция ұғымын төмендетіп жібереміз.

2

«Революциялық жол» деген сөз күресті неғұрлым жігерлі түрде жүргізуді көрсетеді дегенге қосыламын, бірақ мұнымен революция ұғымы төмендейді. Не «заңға қарамастан» деген сөздермен алмастыруды, не «революциялық жолмен» деген сөзден кейін — «минимальдық программа» деген сөздерді өшіріп тастауды ұсынамын, өйткені бізді жұрт барлық революцияны осындай жолмен жүргізгісі келеді деп ұғуы мүмкін.

31

ШАРУАЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫН ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАР ТУРАЛЫ БАЯНДАМА [69]

19 АПРЕЛЬ (2 МАЙ)

Съезд жұмысын тездетудің өте қажет екенін көрсеткен 17 жолдастың [70] мәлімдемесі болғандықтан, мен мүмкіндігінше қысқаша сөйлеуге тырысамын. Турасын айтқанда, қаралып отырған мәселеде принцип жөнінен талас туғызатын пункттер жоқ; ондай пункттер тіпті «принциптік» алауыздықтар көп болған партия дағдарысы кезінде де ұсынылған емес.

Оның үстіне, қарардың жобасы «Вперед» газетінде едәуір ертерек басылып шықты, сондықтан мен бұл қарарды жай жақтаумен ғана шектелемін.

Шаруалар қозғалысын қолдау мәселесі дұрысында екіге бөлінеді: 1) теориялық негіздер және 2) партияның практикалық тәжірибесі. Соңғы мәселеге екінші баяндамашы Барсов жолдас жауап береді, ол шаруалардың ең озат қозғалысымен — Гуриядағы қозғалыспен өте жақсы таныс. Ал мәселенің теориялық негіздеріне келетін болсақ, онда енді әңгіме қазіргі шаруалар қозғалысына бейімдеп социал-демократия жасап шығарған ұрандарды қайта көтеруге тіреліп отыр. Бұл қозғалыс біздің көз алдымызда ұлғайып, өсіп келеді. Үкімет тағы да баяғысындай жалған жеңілдіктер беруді уәде етіп, шаруаларды алдап кету жолына түсіп отыр. Бұл сияқты аздыру саясатына партиямыздың ұрандарын қарсы қоюымыз керек.

Бұл ұрандар, менің ойымша, мына қарардың жобасында тұжырымдалған:

«Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы саналы пролетариаттың партиясы ретінде, барлық еңбекшілерді қанаушылық атаулыдан толық азат етуге ұмтылады және қазіргі қоғамдық, саяси құрылысқа қарсы бағытталған революциялық қозғалыстың қандайын болса да қолдайды. Сондықтан РСДРП қазіргі кездегі шаруалар қозғалысын да мейлінше жігерлі түрде қолдайды, шаруалардың жағдайын жақсарта алатын барлық революциялық шараларды қорғайды, және бұл мақсат үшін помещиктік жерді экспроприациялаудан да тайынбайды. Бұл арада РСДРП, пролетариаттың таптық партиясы болғандықтан, село пролетариатының дербес таптық ұйымдасуына үздіксіз тырысып отырады, оның мүдделері мен шаруа буржуазиясының мүдделері келіспес қарама-қарсылықта екенін оған түсіндіріп отыру міндетін, село пролетариаты мен қала пролетариатының бүкіл буржуазиялық қоғамға қарсы бірлескен күресі ғана социалистік революцияға жеткізе алатынын, деревня кедейлерінің бүкіл бұқарасын жоқшылық пен қанаушылықтан жалғыз социалистік революцияның ғана шын мәнінде құтқара алатынын оған түсіндіріп отыру міндетін бір минут та ұмытпайды.

Шаруалар арасындағы үгіттің практикалық ұраны ретінде және бұл қозғалысқа саналылықты көбірек енгізудің құралы ретінде, РСДРП бүкіл демократиялық өзгерістерді және сонымен қатар ол өзгерістердің жүзеге асуын барлық жағынан бірдей қолдау үшін революциялық шаруалар комитеттерін дереу құруды ұсынады. Мұндай комитеттерде де РСДРП, бір жағынан, барлық революциялық-демократиялық бой көрсетулерде бүкіл шаруаларды қолдап отыру мақсатын көздеп, ал екінші жағынан, село пролетариатының шаруа буржуазиясына қарсы күресінде оның шын мүдделерін қорғау мақсатын көздеп, село пролетарларының дербес ұйымдасуына тырысатын болады» («Вперед» № 11) *.

Съезд әлі басталмай тұрған кезде, оның жұмыстарын әзірлеу үшін съезд делегаттары құрған аграрлық мәселе жөніндегі комиссияда бұл жоба талқыланған-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 378—379-беттер. *Ред.*

ды. Үлкен пікір алалығына қарамастан, кейбір басты-басты пікір сарындары белгілі болып қалды, енді мен соларға тоқталып өтемін. Қарардың жобасы бойынша, аграрлық мәселе жөніндегі мүмкін болатын және қажетті болатын революциялық шаралардың сипаты «шаруалардың хал-жайын жақсартуға» тіреліп отыр. Демек, осы заманғы қоғамдық-экономикалық құрылыстың түп негіздерін мұндай шаралармен өзгертуге жету ешбір мүмкін емес деген барлық социал-демократтардың ортақ пікірін бұл қарар осының өзімен айқын білдіріп отыр. Социалист-революционерлерден біздің айырмашылығымыз осы. Шаруалардың революциялық қозғалысы олардың хал-жайын едәуір жақсартуы мүмкін, бірақ капитализмді басқа өндіріс тәсілімен алмастыруға жеткізбейді.

Қарарда помещиктердің жерлерін экспроприациялаудан да тартынбайтын шаралар туралы сөз болып отыр. Бұлайша тұжырымдау біздің аграрлық программамызды өзгертіп жібереді деседі. Бұл пікірді мен теріс деп есептеймін. Әрине, редакциясын жақсартуға болады: экспроприациядан тартынбайтын біздің партиямыз емес, шаруалар; ал біздің партиямыз шаруаларды қолдайды,—қолдағанда олар мұндай шаралардан тартынбайтын күнде де қолдайды. Экспроприация дегеннің орнына мағынасы тарырақ ұғымды — «конфискелеу» дегенді — қолдану керек, өйткені біз төлемін беріп алу дегеннің қандайына болса да бүтіндей қарсымыз. Жерді конфискелеу шараларынан біз ешқашан тартынбаймыз. Ал егер осы сияқты жеке түзетулерді былай қойсақ, біздің қарарымызда аграрлық программаны өзгерту деген жоқ екенін көреміз. Социал-демократияның барлық жазушыларының әрдайым айтып жүрген пікірлері: кесінді жер жайындағы пункт шаруалар қозғалысына ешбір шек коймайды,— оны ешбір тежемейді және шектемейді деген мағынада болып келді. Социал-демократиялық партия шаруалардың қолын аграрлық өзгеріс жөніндегі революциялық шаралардан, тіпті «қаралай бөліс» [71] жүргізуге дейінгі шаралардан еш уақытта тартпайды деп Плеханов та, мен де баспасөз бетінде айтумен келдік. Сонымен. біз аграрлық программамыз-

ды өзгертіп отырған жоқпыз. Біз енді, қандай да болса түсініспеушіліктің, қандай да болса бұра мағына берушіліктің мүмкіндігін жою үшін, шаруаларды ақырына дейін қолдайтындығымыз туралы практикалық мәселеде үзілді-кесілді пікір айтып шығуға тиістіміз. Қазір шаруалар қозғалысы бүгінгі күн тәртібіне қойылып отыр, сондықтан пролетариат партиясы бұл қозғалысты өзінің мейлінше қолдайтынын және оның өрісін тіпті де тарылтпайтынын ресми түрде мәлімдеуге тиіс.

Одан кейін қарарда село пролетариатының мүдделерін бөлек көрсету керек екені және оның өзінің ерекше ұйымы болуы керек екені айтылады. Социал-демократтардың жиналысында бұл даусыз ақиқатты қорғап жатудың қажеті жоқ. Аграрлық комиссияда село жұмысшылары мен шаруалардың әсіресе, егін орағы, пішен шабу және т. с. кезіндегі стачкаларын қолдау керек екенін қосқан жөн болар еді деген сөздер айтылды. Әлбетте, принцип жағынан бұған қарсы еш нәрсе айтуға болмайды. Мұндай нұсқаудың ең таяудағы келешек үшін қаншалық маңызы болуы мүмкін екенін практиктер айтсын.

Одан соң, қарар революциялық шаруалар комитеттерін құру туралы айтады.

«Вперёдтің» 15-номерінде революциялық шаруалар комитеттерін дереу құру талабы үгіттің өзекті мәселесі болуға тиіс деген пікір егжей-тегжейлі дамытылған *. «Тұрмысты жақсарту» туралы қазір тіпті реакционерлер де айтып жүр, бірақ олар тек әйтеуір аты жақсарту дегеннің чиновниктік, бюрократтық тәсілін ғана жақтайды, ал социал-демократия, әрине, революциялық жолды жақтауға тиіс. Басты міндет — шаруалар қозғалысына саяси саналылық енгізу. Шаруалар өздеріне не керек екенін бұлдыр ғана сезеді, бірақ олар өздерінің тілектері мен талаптарын жалпы саяси құрылыспен байланыстыра білмейді. Сондықтан оларды саяси алаяқтар оп-оңай алдай алады, мәселені саяси өзгерістерден

* Қараңыз: осы том, 56—57-беттер. *Ред.*

экономикалық «жақсартуларға» аудара отырып алдайды, ал ондай өзгерістерді іс жүзінде саяси өзгеріссіз жүзеге асыруға болмайды. Сондықтан революциялық шаруалар комитеттері деген ұран — бірден-бір дұрыс ұран. Осы комитеттер жүзеге асыратын революциялық право болмайынша шаруалар ендігі жерде өздерінің жеңіп алатын табыстарын еш уақытта сақтап қала алмайды. Бұл арада да аграрлық программаны өзгертіп отыр деп бізге қарсы сөйлеушілер бар, өйткені аграрлық программада *революциялық* шаруалар комитеттері туралы сөз қозғалмайды, олардың демократиялық өзгерістер саласындағы міндеттері туралы сөз қозғалмайды деушілер бар. Бұл қарсылық негізсіз. Біз программамызды өзгертіп отырған жоқпыз, біз оны қазіргі нақты жағдайға сәйкес қолданып отырмыз. Ал енді қазіргі жағдайда шаруалар комитеттерінің тек қана революцияшыл болып шығатынына күмән жоқ екен, онда біз осы жағдайды көрсете келіп, программаны революциялық кезеңге қолданып отырмыз, бірақ оны өзгертіп отырғанымыз жоқ. Мысалы, біздің программамыз біз ұлттардың өзін өзі билеуін мойындаймыз дейді: егер нақты жағдай бізді белгілі бір ұлттың өзін өзі билеуін, оның толық тәуелсіз болуын жақтап шығуға мәжбүр етсе,— мұның өзі программаны өзгерткендік болмайды, қайта оны қолданғандық болады. Шаруалар комитеттері — ебдейлі мекеме, ол қазіргі жағдай тұсында да және, айталық, революциялық уақытша үкімет тұсында да, яғни сол комитеттердің өздері осы үкіметтің органдары болып алатын кезде де жарамды бола береді. Бұл комитеттер революцияшыл болмай, реакцияшыл болып шығуы мүмкін дегенді айтып жүр. Бірақ біздер, социал-демократтар, шаруаның екі жақты жаратылысын, пролетариатқа қарсы шаруалардың реакцияшыл қозғалысы болуы мүмкін екенін ешқашан ұмытқан емеспіз. Мәселе қазір онда емес, мәселе мынада: жер жөнінде болатын өзгерістерді тиянақтау үшін құрылғалы тұрған шаруалар комитеттері қазіргі уақытта тек революцияшыл ғана бола алады. Қазіргі уақытта шаруалар қозғалысы, сөз жоқ, демократиялық-революцияшыл болып отыр. Шаруалар жерді басып алғаннан кейін ты-

ныштала қалады дегенді айтып жүр. Бұл мүмкін. Бірақ шаруалар жерді басып алып отырған кезде самодержавиелік үкімет те тыныш отыра алмайды, істің бар мәнісі, міне, осында. Мұндай басып алуды тек революциялық үкімет қана немесе революциялық шаруалар комитеттері ғана тиянақтай алады.

Ақырында, қарардың қорытынды бөлімі социал-демократияның шаруалар комитеттері жөніндегі позициясын, атап айтқанда, село пролетариатымен бірге жүрудің және оны бөлек, дербес ұйымдастырудың қажеттігін тағы да айқындап береді. Деревняның өзінде де тек пролетариат қана ақырына дейін революцияшыл тап бола алады.

Қолжазбамен салыстырылды

32

ШАРУАЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫН ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

1) қазірде ұлғая түскен шаруалар қозғалысы, стихиялық және саяси санасыз қозғалыс болғанымен, соның өзінде де сөзсіз осы күнгі саяси құрылысқа қарсы және *артықша пұрсатты таптарға қарсы* бағытталып отыр;

2) осы күнгі қоғамдық және саяси құрылысқа қарсы бағытталған революциялық қозғалыстың қандайын болса да қолдау социал-демократияның міндетіне кіреді;

3) осы айтылғандарға сүйеніп, социал-демократтар шаруалар қозғалысының революциялық-демократиялық сипаттарын (ерекшеліктерін) айырып алып, оларды дамытып, ақырына дейін жеткізуді көздеуге тиіс;

4) социал-демократия, пролетариат партиясы болғандықтан, барлық ретте және барлық жағдайда село пролетариатын дербес ұйымдастыруды тынбастан көздеуге тиіс және село пролетариатының мүдделері мен шаруа буржуазиясының мүдделері арасындағы бітіспейтін қарама-қарсылықты оған түсіндіріп отыруды көздеуге тиіс;

осыларды еске ала келіп,—

РСДРП-ның партиялық III съезі барлық партия ұйымдарына мыналарды тапсырады:

а) осы күнгі шаруалар қозғалысын барынша қолдауды, помещиктердің жерлерін конфискелеуге дейінгі оның революциялық әрекеттеріне *тіпті ешбір қарсы тұрмауды* РСДРП-ның өзіне міндет етіп қойып отыр-

ғаны пролетариаттың ең қалың топтары арасында насихатталатын болсын;

б) барлық революциялық-демократиялық өзгерістерді шаруалардың мүдделеріне лайық жүргізу және шаруаларды полициялық-чиновниктік, помещиктік езгіден құтқару мақсатын көздеп, шаруалар арасында үгіт жүргізудің практикалық ұраны ретінде және шаруалар қозғалысына неғұрлым көбірек саналылық енгізудің әдісі ретінде революцияшыл шаруалар комитеттерін дереу ұйымдастыру жоспары алға қойылсын;

в) самодержавиенің берекесін қашырып, оған жасалған революциялық қысымды қолдау мақсатымен шаруаларға әскерлік міндетті орындаудан бас тартуға, алым-салықтарды төлеуден бүтіндей бас тартуға және өкіметке мойынсұнбауға кеңес берілсін;

г) шаруалар комитеттері ішінде село пролетариатының дербес ұйымдасуына тырысу керек және жұмысшы табының бірыңғай социал-демократиялық партиясы ішінде сол село пролетариатының қала пролетариатымен неғұрлым тығыз жақындасуына ұмтылу керек.

20 апрельде (3 майда) енгізілген

33

ШАРУАЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫНА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ ҚАРАР

1) қазірде ұлғая түскен шаруалар қозғалысы, стихиялық және саяси санасыз қозғалыс болғанымен, соның өзінде, сөзсіз осы күнгі саяси құрылысқа қарсы және жалпы алғанда крепостниктіктің барлық қалдықтарына қарсы бағытталып отыр;

2) осы күнгі қоғамдық және саяси құрылысқа қарсы бағытталған революциялық қозғалыстың қандайын болса да қолдау социал-демократияның міндетіне кіреді;


3) сондықтан социал-демократия шаруалар қозғалысының революциялық-демократиялық мазмұнын әр түрлі реакциялық қоспалардан тазартуға, шаруалардың революциялық сана-сезімін өрістетіп, олардың демократиялық талаптарын ақырына дейін жеткізуді көздеуге тиіс;

4) социал-демократия, пролетариат партиясы болғандықтан, барлық ретте және барлық жағдайда село пролетариатын дербес ұйымдастыруды тынбастан көздеуге тиіс және село пролетариатының мүдделері мен шаруа буржуазиясының мүдделері арасындағы бітіспейтін қарама-қарсылықты оған түсіндіріп отыруды көздеуге тиіс;

осыларды еске ала келіп,—

— Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезі барлық партия ұйымдарына мыналарды тапсырады:

а) шаруалардың барлық революциялық шараларын, өздерінің хал-жағдайын жақсарта алатын, помещиктік,



III съѣздъ Росс. С.Д.Р.П. поручаетъ всѣмъ партійнымъ организаціямъ

а) пропагандировать въ широкихъ слояхъ народа, что соціалдемократія ставитъ своей задачей самую энергичную поддержку всѣхъ революціонныхъ мѣропріятій крестьянства, способныхъ улучшить его положеніе, вплоть до конфискаціи помѣщичьихъ, казенныхъ, церковныхъ, монастырскихъ и удѣльныхъ земель;

б) какъ практическій лозунгъ агитаціи среди крестьянства и какъ средство внесенія наибольшей сознательности въ крестьянское движеніе, выдвигать необходимость немедленной организаціи революціонныхъ крестьянскихъ комитетовъ съ цѣлью проведенія всѣхъ революціонно-демократическихъ преобразованій въ интересахъ крестьянства и избавленія его отъ полицейско-чиновничьяго и помѣщичьяго гнета

~~в) [illegible]~~

В. И. Лениннің «Шаруалар қозғалысына көзқарас туралы қарар» деген қолжазбасының екінші беті.— Апрель, 1905 ж.
Кішірейтілген

қазыналық, шіркеулік, монастырьлік және удельдік жерлерді конфискелеуге дейінгі революциялық шараларын барынша қолдауды социал-демократия өзіне міндет етіп қоятынын халықтың ең қалың топтарының арасында насихаттау керек;

б) барлық революциялық-демократиялық өзгерістерді шаруаларды полициялық-чиновниктік, помещиктік езгіден құтқару мүдделерінде жүргізу мақсатын көздеп, шаруалар арасында үгіт жүргізудің практикалық ұраны ретінде және шаруалар қозғалысына неғұрлым көбірек саналылық енгізудің құралы ретінде, революцияшыл шаруалар комитеттерін дереу ұйымдастыру қажеттігі алға қойылсын;

в) самодержавиенің берекесін қашырып, оған жасалған революциялық қысымды қолдау мақсатымен шаруалар мен село пролетариаты әр түрлі саяси демонстрациялар жасауға, алым-салықтарды төлеуден, әскерлік міндетті орындаудан және үкімет пен оның агенттерінің қаулылары мен бұйрықтарын орындаудан бірлесіп бас тартуға шақырылсын;

г) село пролетариатын дербес ұйымдастыру, оны социал-демократиялық партияның туы астында қала пролетариатымен біріктіру және оның өкілдерін шаруалар комитеттеріне енгізу көзделетін болсын.

20 апрельде (3 майда) енгізілген

Қолжазба бойынша басылып отыр

34

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

20 АПРЕЛЬ (3 МАЙ)

Мен мәселені кеңірек қою орынды емес деген жолдастармен келісе алмаймын. Кеңірек қою әбден орынды. Осында жұрт: социал-демократиялық идеяларды ұстанушылар көбінесе интеллигенттер болды дегенді айтты. Бұл дұрыс емес. «Экономизм» дәуірінде революциялық идеяларды ұстанушылар интеллигенттер емес, жұмысшылар болды. Мұны Аксельрод жолдастың алғы сөзімен басылып шыққан кітапшаның авторы «Рабочий» да растайды.

Осында Сергеев жолдас сайламалы негіз көбірек хабардар болуға мүмкіндік бермейді деді. Бұл дұрыс емес. Егер сайламалы негіз *іс жүзінде* қолданылса, ол, сөз жоқ, көбірек хабардар болуға мүмкіндік берер еді. Одан соң, жікке бөлінуді бастаушылар көбінесе интеллигенттер болғаны айтылды. Мұны айту өте маңызды, бірақ оның бір өзі мәселені шешпейді. Мен комитеттерге жұмысшылар мүмкіндігінше көбірек енгізілсін деп өзімнің баспа жүзіндегі шығармаларымда көптен беріақ кеңес беріп келемін *. II съезден соңғы уақыттың бір белгісі — осы міндеттің жеткілікті дәрежеде орындалмағаны болды,— мен практиктермен әңгімелескенде осындай әсер алдым. Егер Саратовта комитетке 1 ғана жұмысшы енгізілген болса, онда мұның өзі жұмысшылардың ішінен лайықты адамдарды таңдап ала білмегендік болғаны. Күмән жоқ, бұл партия ішіндегі жікке

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 7-том, 9-бет, *Ред.*

бөлінушіліктен де болды: комитеттердің құрылуын жақтап жүргізілген күрес практикалық жұмысқа зиян тигізді. Сондықтан да біз съездің шақырылуын барынша тездетуге тырыстық.

Болашақ орталықтың міндеті — комитеттеріміздің бірталайын қайта ұйымдастыру. Комитетшілердің енжарлығын жеңу керек. (Қол шапалақтау, ысқыру.)

Естіп тұрмын, Сергеев жолдас ысқырып отыр, ал комитетші еместер қол соғып жатыр. Менің ойымша, істі кеңірек алып қарау керек сияқты. Комитеттерге жұмысшыларды енгізу тек педагогикалық қана міндет емес, сонымен бірге саяси міндет. Жұмысшыларда таптық түйсік бар, сол себепті шамалы ғана саяси дағдысы бар жұмысшылар өте тез-ақ ұстамды социал-демократ болып алады. Мен біздің комитеттеріміздің құрамында әрбір 2 интеллигентке 8 жұмысшы болғанына өте тілектес болар едім. Егер комитеттерге мүмкіндігінше жұмысшылар енгізілсін деп әдебиет жүзінде айтылған кеңес жеткіліксіз болып шықса, онда мұндай кеңестің съезд атынан берілгені жөн болар еді. Егер сіздердің қолыңызда съездің айқын және тиянақты нұсқауы болса, онда сіздердің демагогиямен күресуге тыңғылықты тәсілдеріңіз болады: съездің айқын тілегі, міне, осы дер едіңіз.

35

СЪЕЗД ПРЕЗИДИУМЫНА [72]

Қарар шығаруды (жұмысшылардың интеллигенттерге көзқарасы туралы) дер кезінде істелген іс деп санаймын.

Ленин

1905 ж. 20 апрельде (3 майда) жазылған

Бірінші рет 1934 ж. Лениннің XXVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

36

ПАРТИЯ УСТАВЫН ТАЛҚЫЛАҒАН КЕЗДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР [73]

21 АПРЕЛЬ (4 МАЙ)

1

Иванов жолдастың өзінің бірыңғай орталық идеясын жақтағандағы дәлелдері маған тым қисынсыз сияқты көрінетінін айтуға тиіспін [74]. (Иванов жолдастың дәлелдерін оқиды):

«4 және 5-параграфтар туралы. Совет сияқты теңгерткіші бар екі орталық системасын өмірдің өзі-ақ айыптады. Бұл системаның алауыздықты, ұрыс-керісті, орда маңындағы бақастықты өршітуге қолайлы негіз болатыны партия дағдарысының тарихынан-ақ көрініп отыр. Бұл система Россияны шетелге бағындыру деген сөз: сәтсіздікке ұшырай беру салдарынан Орталық Комитеттің құрамы тұрақты емес, Орталық Органның редакциясы тұрақты, Совет болса шетелде тұрады. Россияның іс жүзінде шетелмен қатынасы жоқтығына сүйеніп бір орталық жөнінде айтылып жүрген маңызды-маңызды қарсы пікірлердің бәрі де, бір жағынан, тек екі орталықтың арасында жікке бөлінушілік болуы мүмкін және ықтимал деген ойды растайды, екінші жағынан, егер съезд Орталық Комитеттің орыс жеріндегі және шетелдегі мүшелерінің кеңестерін оқтын-оқтын өткізіп отыруды міндетке айналдырса, онда әлгі пікірлер едәуір дәрежеде керексіз болып қалады».

Алайда, мұндағы еске алынып отырған мүләйім қасиеттер шетелдегі Орталық Органға да, сол сияқты «нағыз орыстық» Орталық Комитетке де бірдей тән болып отыр. Иванов жолдастың бүкіл сөз топшылауынан мен: *post hoc, ergo propter hoc* * дейтін логикадан шығатын қатені көріп отырмын. Үш орталық біздің ісімізді, ғапу

* — осыдан кейін дегеніміз — осының себебінен деген сөз. *Ред.*

етіңіздер, ылаңдаған екен,— онда бізде бір-ақ орталық бола қойсын. Мен бұл жерде *«propter»* көріп отырғаным жоқ! Біздегі пәленің себебі механизмнен емес, жеке адамдардан болып келді: оның мәнісі сол, жеке адамдар уставтың формальдық мағынасын бетіне ұстап, съездің еркін орындаудан жалтарумен болды. «Нағыз орыстық» Орталық Комитет өзінің «диалектикалық» қарама-қарсы түріне айналып кеткен жоқ па? Иванов жолдас былай пайымдады: шетелдегілер өздерін пашар ұстады,— оларды «қоршау жағдайына» қою керек, оларды «мықтап қолға» алу керек дейді. Жұртқа мәлім, мен өзім қашан да болса, «қоршау жағдайына» қоюды да, «мықтап қолға» алуды да жақтап келдім, сондықтан мұндай шараларға қарсы болмаймын, бірақ дәл осындай шараны Орталық Комитеттің өзіне де қолдану лайық емес пе? Оның үстіне Орталық Орган тұрақты бола алады, ал Орталық Комитет тұрақты бола алмайды деп кім таласады. Мейлі, жұрт қалай десе олай десін, бұл факт ғой. Алайда іс жүзінде мен ешбір таласқа бармай-ақ қояйын: бұрын бізде Совет болып еді, енді кеңес (Орталық Комитеттің шетелдік бөлегі мен орыстық бөлегінің кеңесі) болады. Не бары үш-ақ әріп артық. Біздің арбамыз ылғи оң жаққа, Орталық Орган жағына қарай ауумен болды,— Иванов жолдас келешекке деп арбаның оң жағына сабан төсей түседі, бірақ менің ойымша, сол жағына да, Орталық Комитет жағына да, сабан төсеу керек сияқты. Мен комитеттерді таратып жіберу керек деген Михайлов жолдастың ұсынысына қосылар едім, бірақ, нансаңыз, мен периферия дегеннің не екенін білмеймін. «Мәжілісшеңдер мен мөр сақтаушыларды» аластау-ақ керек, бірақ периферия деген ұғымды қалайша дәл анықтауға болады? «Периферия дауыстарының $^{2}/_{3}$-і!» дейді — бірақ оның дәл есебін кім жүргізе алады? Оның үстіне, мен уставты көптеген параграфтармен толтыра беруден съезді сақтандыруға тиіспін. Жақсы параграфтар жазу оңай, бірақ практика жүзінде олар көбінесе артық болып шығады. Уставты ізгі тілектердің жинағына айналдырып жібермеу керек...

2

Китаев жолдастың ұсынысы іске жанасымды, бұл ұсыныс бойынша төтенше съезд шақыру үшін мұның алдындағы съездегі дауыстар санының жартысына тең дауыс болуы керек.

3

Оның керісінше, съезді шақырудың қажеттігі үшін белгілі мөлшерде дауыс санын белгілеу арқылы мәселе жеңілдейді. Әрбір съезден кейін керекті дауыстар саны белгіленеді. Тек мынадай ескертуді қосу қажет: бұл ескерту бойынша Орталық Комитет бекітетін комитеттердің тізімі Орталық Органда басылатын болады.

4

Жаңадан бекітілетін ұйымдардың тізімі, бұларды Орталық Комитеттің бекіткен уақыты көрсетіліп, Орталық Органда дереу жарияланады.

5

6-параграфтың «Впередте» басылған [75] алғашқы редакциясын жақтаймын, өйткені басқаша дұрыс болмайды.

6

Петров жолдастың және басқалардың пікіріне қосыламын. Бельский жолдастың ұсынысын ескертуге қою керек [76].

7

Мен комитеттерді таратып жіберу жағында едім, бірақ партия Советінде, біздің фракциялық өшпенділігіміз қызған кезде, мен оған қарсы шықтым, оның себебі бұл правоны қолданудың өзі біршама лайықсыздау болды. Егер бұл параграф интеллигенциядан құралған комитеттерге қатер туғызатын болса, мен оны әбден қолдаймын. Интеллигенцияны әрдайым қолда мықтап

ұстау керек. Интеллигенция қашан да әр түрлі ұрыс-керістің басында жүреді, сондықтан мен «периферия» деген сөздің орнына «ұйымдасқан жұмысшылар» деген сөздерді кіргізуді ұсынамын (өзінің түзетуін жазба түрде енгізеді): «§ 9. Егер партия ұйымдарына кіретін жергілікті жұмысшылардың $^2/_3$ бөлігі жергілікті комитетті таратып жіберуді қостайтын болса, онда Орталық Комитет оны таратып жіберуге тиіс».

Кішігірім интеллигенттік периферияны арқа тұтуға болмайды, ал жүздеген ұйымдасқан жұмысшыларды арқа тұтуға болады және арқа тұту керек те. Мен бұл параграфты есеп беру мәселесімен тығыз байланыстырғым келеді. Бұл жағына келгенде біз Бундтан [77] үлгі алуымыз керек, ол ұйымдасқан жұмысшылардың цифрын әрдайым дәлме-дәл біліп отырады. Сонымен, егер біздің Орталық Комитет белгілі бір ұйымда қанша ұйымдасқан жұмысшы бар екенін әрдайым біліп отыратын болса, онда Орталық Комитет олардың пікірімен санасып отыруға тиіс және ұйымдасқан жұмысшылардың талап етуі бойынша жергілікті комитетті таратып жіберуге міндетті.

8

Мен Орталық Органның мүддесін көздеп, Китаев жолдастың түзетуін жақтауға тиіспін. Газетті апта сайын шығарып тұрған жағдайда істің жай-жапсарына қанық болу қажет және жеткілікті мөлшерде материал болуы керек [78].

9

Мен бір ауыздап кооптациялауды жақтаймын [79]. Орталық Комитет шағын, сондықтан біз тәуір жұмыс атқару мақсатын және саяси басшылық жасау мақсатын көздеп оның құрамының бірлігін қамтамасыз етуіміз керек.

10

Кузнецов жолдасқа қосыламын. Уставтан 13-параграфты алып тастап, бюроға Бельский жолдас енгізген тиісті қарарды қабылдау керек [80].

37

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАРАР ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАҒАН КЕЗДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [81]

21 АПРЕЛЬ (4 МАЙ)

Мен Максимовтың қарарын жақтаймын. Егер 3 айда бір рет жиналып тұру қиын болса, онда мерзімді 4 айға дейін ұзартуға болады. Орталық Комитеттің шетелдегі мүшесі бәрін білуге және аса маңызды істерді шешуге қатысып отыруға тиіс. Егер жұрттың бәрінің келуі қиын болса, онда жиналыстың толық құрамда болмауы да мүмкін.

Бірінші рет 1924 ж. «РСДРП-ның 1905 жылғы кезекті үшінші съезі. Протоколдардың толық тексті» деген кітапта басылған

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

38

ҚАЗАН КОМИТЕТІНІҢ ӨКІЛДІГІ ТУРАЛЫ МАНДАТ КОМИССИЯСЫНЫҢ БАЯНДАМАСЫ БОЙЫНША СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [82]

22 АПРЕЛЬ (5 МАЙ)

Ленин II съездің протоколдарынан анықтама келтіреді, бұл анықтамадан Қазан комитетінің толық праволы болу үшін ресми түрде бекіту талап етілетін ұйымдардың қатарына қосылатыны байқалады. Осы уақытқа дейін ресми түрде бекітілмегендіктен съездің қабылданып қойған қаулысын бұзуға негіз жоқ. Қазан өкілі съезде кеңесші дауыспен ғана қалуға тиіс, ал комитет комиссияның ұсынысына сәйкес қазір-ақ ресми түрде бекітілуге тиіс.

39

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

1) партияға мүше жұмысшылар мен интеллигенттер арасында араздық, сенімсіздік туғызбақ болып, партиямыздың оң қанатының «экономизм» кезінен бері қарай істеп келе жатқан әрекеттері, біздің партия ұйымдарымызды таза интеллигенттік ұйымдар деп көрсетпекші болған, социал-демократияның жаулары шебер пайдаланып жүрген әрекеттері,— жұмысшы табының талапкерлік қызметін партия тәртібімен матап-байлап қоймақшы деп социал-демократия ұйымдарына айып таңбақ болған әрекеттері,— сайламалы негіз ұранын сән етіп, көбінесе оны жүзеге асыруға ешбір айтарлықтай қадам жасамау әрекеттері күні бүгінге дейін үнемі жүргізіліп келеді;

2) саяси еркіндік жағдайында болуы мүмкін және қажет болып табылатын сайламалы негіздің *толық* үстемдік алуын самодержавие тұсында жүзеге асыруға болмайды,— бірақ сөйтсе де, социал-демократияның осы бір оң қанатының партияға тигізген кесірінен болып отырған партия ұйымдарының формальдық бытыраңқылығы мен іс жүзіндегі тәртібінің бұзылуы бөгет болмаған күнде, самодержавие тұсында да сайлау системасын қазіргісінен едәуір кеңірек көлемде қолдануға болар еді;

осыларды еске ала келіп,—

РСДРП III съезі таяуда болатын съездердің қарсаңында партия өмірінде мүмкін болған мөлшерде сайламалы негізді шын мәнінде жүргізуге бірқатар ұйымдас-

тыру реформалары арқылы жағдайлар әзірлеуді өзінің міндеті деп танып, социал-демократиялық жұмысшы партиясын саналы жақтаушылардың мына міндетін тағы да еске салады: жұмысшы табының бұқарасымен партияның байланысын барынша нығайта беретін болсын, сөйтіп, пролетарлар мен жартылай пролетарлардың неғұрлым қалың топтарын толық социал-демократиялық саналылық дәрежесіне дейін көтеретін болсын, олардың революциялық социал-демократиялық талапкерлік қызметін өрістете беретін болсын, жұмысшы бұқарасының ішінен жергілікті орталықтар мен жалпы партиялық орталыққа мүше болып, қозғалысқа және партия ұйымдарына басшылық ете алатын жұмысшылардың неғұрлым көбірек шығуына қамқорлық жасалатын болсын,— біздің партиямызға кіретін жұмысшы ұйымдарын неғұрлым көбірек құратын болсын,— партияға қосылғысы келмейтін немесе қосылуға мүмкіншілігі жоқ жұмысшы ұйымдарының, ең болмағанда, партияға жанасуын көздейтін болсын.

22 апрельде (5 майда) енгізілген

40

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРЛАРДЫҢ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАҒАН КЕЗДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

22 АПРЕЛЬ (5 МАЙ)

1

Бөлшектеп жіберуге ұрынбас үшін қарарларды жеке-жеке қарауға қарсылық білдіремін, сондықтан оларды біріктіру үшін комиссияға беруді ұсынамын. Атап айтқанда, Китаев жолдастың комитеттер тек қана ұйымдастырушылардан құралуы керек деген пікірі туралы айтатыным: комитеттің жұмыс істеуі үшін тек қана олардың болуы жеткіліксіз.

2

Мен бұл жөнінде Сергеев жолдасқа қосылмаймын: съездердің дәл осындай қарарлары болған да емес. Әдебиетшілердің бір ғана тілектері әлі жеткіліксіз. Оның үстіне, қарарлар қабылданбай қалған жоқ, тек күн тәртібінің басқа пунктіне көшірілді. Жұмысшыларға Орталық Комитеттің келісімімен, комитеттерді орындарынан түсіруге право берілген дегенді айтып жүр. Бұл аз: демагогия керек емес, директива керек. Сергеев жолдас «Вперед»тің» «бұлбұлды ертегімен жемдемейді» деген сөздерін келтіріп, «Впередтің» пікірін теріс түсіндіреді. Устав параграфының қысқаша болуының нақ өзі белгілі директива беретін қарар қабылдауға мәжбүр етеді. Андреев жолдастың ұсынысына қарсылық білдіремін [83]. Демагогияны шығарған «экономистер» де емес, «меньшевиктер» де емес деу дұрыс болмайды. Қайта,

нақ солардың өздері демагогтар болды. Қарардың өзі де демагогиядан сақтандыру. Сондықтан қарарды сақтап қалуды батыл жақтаймын.

3

Комитеттің мүшелігіне жарамды жұмысшылар жоқ деген сөзді естігенде мен үндемей отыра алмадым. Мәселе созылып барады; тегінде партияның ішінде бір дерт болу керек. Жұмысшыларды комитеттерге енгізу керек. Бір ғажабы: съезде бар болғаны үш әдебиетші бар, қалғандары — комитетшілер, ал сөйте тұра әдебиетшілер жұмысшылардың енгізілуін жақтайды, ал комитетшілер, неге екені белгісіз, қызбалыққа салынады.

Голубин мен Михайлов жолдастардың мәлімдемелері өте-мөте бағалы [84].

41

ӘР ТҮРЛІ ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫ ӨКІЛДЕРІНІҢ МЕРЗІМДІ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРЫ ТУРАЛЫ ПАРТИЯ УСТАВЫНА ҚОСЫМША ҚАРАРДЫ ТАЛҚЫЛАҒАН КЕЗДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР [85]

22 АПРЕЛЬ (5 МАЙ)

1

Менің бұған ешқандай қарсылығым болмас еді, бірақ Орталық Комитетке конференциялар ұйымдастыру ұсынылып, оған жұмыс тым көп жүктеліп отырған жоқ па?

«Орталық Комитет ұйымдастыратын болсын» дегеннің орнына: «Орталық Комитет те, сондай-ақ жергілікті комитеттер де ұйымдастыратын болсын» деп және «жергілікті комитеттер өкілдерінің конференцияларын» дегеннің орнына: «біздің партиямыздың әр түрлі ұйымдары өкілдерінің конференцияларын» деп айтуды ұсынамын.

2

Рас. Мен тек формализм мен сөзбұйда туғызатын қосымшаларға қарсымын.

42

ПАРТИЯНЫҢ БӨЛІНІП ШЫҚҚАН БӨЛЕГІ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ [86]

РСДРП III съезі РСДРП-ның бөлініп шыққан бөлегімен қосылу шарттарын әзірлеп, жасау үшін барлық шараларды қолдануды Орталық Комитетке тапсырады, ал мұндай шарттарды біржолата бекіту партияның жаңа съезіне берілуге тиіс.

| NB: жариялауға жатпайтын |

23 апрельде (6 майда) енгізілген

Бірінші рет 1924 ж. «РСДРП-ның 1905 жылғы кезекті үшінші съезі. Протоколдардың толық тексті» деген кітапта басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

43

ПАРТИЯНЫҢ БӨЛІНІП ШЫҚҚАН БӨЛЕГІ ТУРАЛЫ РУМЯНЦЕВТІҢ ҚАРАРЫ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [87]

23 АПРЕЛЬ (6 МАЙ)

Меніңше, бірінші бөлегі лайықсыз сияқты: жіктелу негізінде үгіттеуге қалайша болмайды? Меньшевиктік комитеттерді таратып жіберуге келетін болсақ, оны мейлінше сақтықпен істеу керек.

Бірінші рет 1924 ж. «РСДРП-ның 1905 жылғы кезекті үшінші съезі. Протоколдардың толық тексті» деген кітапта басылған

Кітаптың тексті бойынша басылып отыр

44

ҰЛТТЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫ ТАЛҚЫЛАҒАН КЕЗДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [88]

23 АПРЕЛЬ (6 МАЙ)

Бізге лайықсыз бірдеңені ұсынады. Шындығында Михайлов жолдастың көздеп отырғаны не? Келісімді тек Орталық Комитет пен жергілікті комитеттердің бірігіп жасауы ма? Бірақ Орталық Комитеттің жалпы қаулылары жергілікті комитеттер үшін міндетті ғой. Меньшевиктік Орталық Комитет бірдеңелерді шатастырып алған кезде, кейбір жайттармен санасып жату орынсыз. Жергілікті комитеттерге де инициатива беру керек. Біз социал-демократиялық ұйымдармен жергілікті жұмысты келісіп отыруды да жергілікті комитеттерге тапсыруға тиіспіз. Егер Орталық Комитет, оны табуға болмайтындай жағдайда болмаса, одан, әрине, әрқашан да сұрап отырады.

45

ЛИБЕРАЛДАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

23 АПРЕЛЬ (6 МАЙ)

Либералдармен келісім жасасу туралы мәселе көтеру орынсыз. Россияда біздің ісіміздің көтеріліске ыңғайы келіп қалды, ал мұндай жағдайда келісім жасаудың ықтималдығы аз. Егер тіпті пәлендей бір «Азат ету» топтары немесе қолына қару алып бой көрсетуден бас тартпайтын либералдық ниеттегі студенттер табыла қойған күнде де Струвемен келісім жасасуға болмайды ғой.

Москвадағы земство съезі туралы Воинов жолдастың хабарын толықтырады («Times»-тен цитат келтіреді) [89].

46

СОЦИАЛИСТ-РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕРМЕН ПРАКТИКАЛЫҚ КЕЛІСІМДЕР ЖАСАСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

23 АПРЕЛЬ (6 МАЙ)

Мен социалист-революционерлермен келісім жөніндегі бір сәтсіз әрекет туралы съезге баяндауға тиіспін. Шетелге Гапон жолдас келген еді. Ол социалист-революционерлерге жолықты, сонан соң «Искрамен» сөйлесті, ал одан кейін менімен кездесті. Ол маған өзінің социал-демократияның көзқарасында тұрғанын, бірақ кейбір себептерден бұл жөнінде ашық мәлімдеуге болады деп санамайтынын айтты. Мен оған: дипломатия деген өте жақсы ғой, бірақ ол революционерлер арасында жүрмеуге тиіс дедім. Арамызда болған әңгімені айтып жатпаймын — оның мазмұны «Вперpocząтедте» жазылған *. Ол маған революцияға сөзсіз берілген, инициативалы, ақылды адам сияқты болып, бірақ, амал не, дүние танымы жағынан революцияшыл ұстамды көзқарасы жоқ адам сияқты болып көрінді.

Біраз уақыттан кейін мен Гапон жолдастан социалистік ұйымдардың конференциясына шақырған хат алдым, бұл конференция, Гапонның ойынша, олардың жұмысын өзара үйлестіру мақсатын көздейді екен. Сол хат бойынша Гапон жолдастың конференциясына шақырылған 18 ұйымның тізімі мынау:

1) Социалист-революционерлер партиясы. 2) РСДРП. «Вперед». 3) РСДРП. «Искра». 4) Поляк социалистік партиясы. 5) Польша мен Литва социал-демократиясы. 6) Поляк социалистік партиясы. «Пролетариат». 7)

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 301—305-беттер. *Ред.*

Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы. 8) Бунд. 9) Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымы. 10) Армян революциялық федерациясы (Дрошак). 11) Белорус социалистік громадасы. 12) Латыш социал-демократиялық одағы. 13) Финляндияның табанды қарсылық көрсету партиясы. 14) Финляндияның жұмысшы партиясы. 15) Грузин социал-федералист-революционерлер партиясы. 16) Революциялық Украин партиясы. 17) Литва социал-демократиялық партиясы. 18) Украин социалистік партиясы [90].

Мен Гапон жолдасқа да және бір көрнекті социалист-революционерге де конференцияның күмәнды құрамының істі қиындатып жіберуі мүмкін екенін айттым. Конференцияда социалист-революционерлердің өте зор басым болатын сыңайы бар. Конференцияны шақыру ісі ұзаққа созылып кетті. Гапон жолдастың маған көрсеткен документтеріне қарағанда, «Искра» өзінің берген жауабында ұйымдасқан партиялармен тікелей келісімдер жасасуды артық көретінін айтыпты. Мұнысы «Вперёдті» іріткі салушы-мыс және т. т. деп «астарлап» қағытқандық еді. Ақырында «Искра» конференцияға бармай қалды. Біз, «Вперед» редакциясының өкілдері болып, және Көпшілік Комитеттері Бюросының өкілдері болып, конференцияға бардық. Біз бұл жерде конференция социалист-революционерлердің қолындағы ойыншығы екенін көрдік. Жұмысшы партиялары не мүлде шақырылмаған болып шықты, не олардың шақырылғаны жайында ешбір дерек болмай шықты. Мәселен, Финляндияның табанды қарсылық көрсету партиясының өкілдігі осындай болды, ал Финляндияның жұмысшы партиясы болмады.

Неге бұлай болды?— деген біздің сұрағымызға олар: Финляндияның жұмысшы партиясына шақыруды табанды қарсылық көрсету партиясы арқылы жіберіп едік деп жауап берді,— өйткені, осыны айтқан социалист-революционердің сөзіне қарағанда, олар бұл хабарды қалай тікелей жеткізудің жолын біле алмаған көрінеді. Ал оның бер жағында, Финляндияның жұмысшы партиясымен Швед социал-демократиялық жұмысшы партиясының көсемі Брантинг арқылы хабарласуға

болатыны шетелдегі жұмыстың аз да болса жайын білетін адамның қай-қайсысына да мәлім. Конференцияда Поляк социалистік партиясының өкілдері болды, ал Польша мен Литва социал-демократиясының өкілі болмады. Олар шақырылды ма, жоқ па — бұл туралы дерек алуға болмады. Тағы сол социалист-революционердің бізге айтуынша, Литва социал-демократиясынан, Украинаның революциялық партиясынан жауап алынбапты.

Ұлт мәселесі әуел бастан-ақ алға қойылды. Поляк социалистік партиясы бірнеше құрылтай жиналысы туралы мәселе көтерді. Ал осының өзі: ендігәрі мұндай конференцияға қатысу немесе мүлде бас тарту керек, не конференцияны бір ұлтқа қараған жұмысшы партияларының өкілдерінен шақыру керек, не болмаса конференцияға халқы орыс емес аудандардағы жергілікті партия комитеттерінің өкілдерін шақыру керек деуіме негіз болып отыр. Бірақ мен бұдан принциптік алауыздықтар болуы себепті конференциялар шақыруға болмайды деп әсте қорытынды шығарып отырғаным жоқ. Тек таза іскерлік мәселелер қойылуы керек.

Біз шетелде тұрып конференциялардың құрамын және т. с. бақылап отыра алмаймыз. Мұнда орыс жеріндегі орталықтың өкілдігі болуы керек және жергілікті комитеттердің өкілдері міндетті түрде қатысатын болуы керек. Біздің кетіп қалуымызға себеп болған мәселе латыштар мәселесі болды. Конференциядан кетерде біз мынадай мәлімдеме беріп кеттік:

«Россияның басынан өткізіп отырған маңызды тарихи кезеңі самодержавиелік тәртіпке анағұрлым ойдағыдай шабуыл жасау үшін елімізде қимыл жасаушы социал-демократиялық және революциялық-демократиялық партиялар мен ұйымдардың алдына практикалық келісім жасасу міндетін қояды.

Сондықтан бұл мақсат үшін шақырылып отырған конференцияға айрықша зор мән бере отырып, біз әлбетте, оның құрамы жөніндегі мәселеге барынша қатаң қарауға тиіспіз.

Амал не, Гапон жолдас шақырған конференцияда оның жұмысының жемісті болуының бұл сияқты қажетті шарты жеткілікті сақталмаған, сондықтан да біз конференцияның ең алғашқы ресімделе бастаған кезінде-ақ бұл мәжілістің шын нәтижелі болуын қамтамасыз етерліктей шаралар қолдануға мәжбүр болдық.

Конференцияның таза іскерлік сипаты, мәселен, ең алдымен, конференцияға қатысуға Россияда шын нақты күш болып отырған ұйымдарға ғана өкілдік берілуін талап еткен еді.

Алайда сөйте тұра кейбір ұйымдардың нақты болуы тұрғысынан алғанда конференцияның құрамы өте қанағаттанғысыз болып шықты. Бұл конференцияға тіпті жалғандығы ешбір күмән туғызбайтын ұйым да өкілдік алғап болып шықты. Біздің айтып отырғанымыз Латыш социал-демократиялық одағы.

Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясының өкілі бұл одаққа отвод берілуін талап етті, бұл талапқа үзілді-кесілді сипат берді.

Содан соң төрт социал-демократиялық ұйым өкілдерінің «Одақ» делегаттарымен бас қосқан ерекше мәжілісінде бұл «Одақтың» бүтіндей жалған ұйым екенінің анықталғаны бізді де — конференцияда болған басқа социал-демократиялық ұйымдар мен партияларды да — осы үзілді-кесілді талапты қостауға мәжбүр етті.

Бірақ дәл сол арада, ә дегеннен-ақ, біз барлық революциялық-демократиялық партиялардың қатты тойтарысына тап болдық: олар біздің үзілді-кесілді талабымызды орындаудан өздерінің бас тартуы арқылы бір жалған топты белгілі-белгілі бірнеше социал-демократиялық ұйымдардан артық санады.

Ақырында, бірқатар басқа да социал-демократиялық ұйымдардың конференцияда болмауы конференцияның практикалық маңызын онан сайын төмендетті, біздің мүмкін қадары анықтауымызша, бұл ұйымдардың қатысуы тиісті шаралармен қамтамасыз етілмепті.

Осылардың барлығының себебінен конференцияны тастап кетуге мәжбүр болсақ та, біз сонымен қатар бір әрекеттің сәті түспей қалғаны оны ең жуық арада қайтадан қолға алуға табандылықпен ұмтылуға бөгет болмас деп сенеміз, және де жалған ұйымдардан құралмай Россияда шынайы жұмыс істейтін ұйымдардан құралып, ең жуықта болатын конференция барлық революциялық партиялардың алдында тұрған практикалық келісім жасасу міндетін орындап шығады деп сенеміз.

Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы үшін — *Ф. Розин*
Россия РСДРП-сы «Вперед» үшін — *Н. Ленин*
Бундтың Орталық Комитеті үшін — *И. Гельфин*
В. Виницкий
Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымы үшін — *Лерр*».
3 апрель, 1905 ж.

$1^1/_2$—2 апта өткеннен кейін Гапон жолдас маған мынадай мәлімдеме тапсырды:

«Қымбатты жолдас! Өзіңізге мәлім конференциядан шыққан екі декларацияны сізге жіберіп, осыларды РСДРП-ның алдағы III съезіне хабарлауыңызды өтінемін. Өз пікіріме келетін бол-

сам, мынаны ескертіп айтып қоюды борышым деп санаймын: мен бұл декларацияларды қабылдағанда социалистік программа мен федералистік принцип мәселелеріне біраз ескертулер жасап барып қабылдаймын.

Георгий Гапон».

Осы мәлімдемемен бірге қызықты екі документ тапсырылды, бұлардың өте көзге түсерлік жерлері мынау:

«Бір мемлекет қол астында қалатын ұлттар арасындағы қатынастарда федерация негізін қолдану...

Кісі еңбегін қанау жолымен өңделіп жүрген жерлердің бәрін социализациялау, яғни қоғамның қарамағына және еңбеккер егінші халықтың пайдалануына көшіру, мұның өзінде бұл шараны жүргізудің нақты түрін, кезек ретін және мөлшерін белгілеу жеке ұлттар партияларының карауында қалады да, сол ұлттардың өз еліндегі жергілікті жағдайларға лайық болады; қоғамдық, муниципалдық және қауымдық шаруашылықты дамыту...

... Нан — аштарға!

Жер және оның игілігі — барлық еңбекшілерге!

... Польша мен Финляндияны қоспағанда, Россия империясының барлық жерлерінің өкілдерінен құрылтай жиналысы шақырылсын!

... Россиямен федерациялық түрде байланысы бар, автономиялық бөлегі ретіндегі Кавказ үшін құрылтай жиналысын шақыру...»

Осы келтірілген цитаттардан көрініп отырғанындай, конференцияның нәтижесі біздің конференцияны тастап кеткендегі қауіптенген ойымызды толығымен растап шықты. Бұл арада біздің көріп отырғанымыз — пролетарлық емес ұлтшыл партияларға сан алуан кеңшіліктер жасаған социалист-революционерлер программасының бір түрі. Конференцияда көтерілген мәселелерді пролетарлық ұлт партияларынсыз шешуге қатысу ерсі болды. Мәселен, конференция Польша үшін ерекше құрылтай жиналысын шақыру талабын қойды. Біз оны жақтай да алмаймыз, оған қарсы да шыға алмаймыз. Біздің программамыз ұлттардың өзін өзі билеу принципін мойындайды. Бірақ бұл мәселені Польша мен Литваның социал-демократиясынсыз шешу кешірімсіз. Конференция құрылтай жиналысын бөліске салды,— әрі мұнысын жұмысшы партияларының қатысуынсыз істеді! Біз мұндай мәселелердің іс жүзінде пролетарлар

партияларының сыртынан шешілуіне жол бере алмаймыз.— Алайда, сонымен қатар принциптік алауыздықтар, қанша айтқанмен де, практикалық конференциялардың мүмкіндігін жоймайды деп білемін, бірақ 1-ден,— бұлар Россияда болуы керек, 2-ден, күштердің нақтылығын тексергеннен кейін болуы керек және, 3-ден, ұлт мәселелері жеке бөлініп алынуы керек, немесе, ең болмаған күнде, конференцияға ұлттық социал-демократиялық және социал-демократиялық емес партиялары бар аудандардың жергілікті комитеттерінің өкілдері шақырылуы керек.

Социалист-революционерлермен практикалық келісімдер жасасу туралы ұсынылып отырған қарарға көшемін (Воинов жолдастың редакциясымен жазылған жобаны оқиды):

«1) социалист-революционерлер партиясы ұсақ буржуазиялық демократияның әсіре революцияшыл қанаты болып отырғанын;

2) самодержавиемен күресу мақсатында социал-демократтардың социалист-революционерлер ұйымымен уақытша жауынгерлік келісімдер жасасуы қазіргі кезде жалпы алғанда қажетті екенін;

3) мұндай келісімдер еш уақытта да социал-демократиялық жұмысшы партиясының толық дербестігін шектемеуге тиіс және оның пролетарлық тактикасы мен оның принциптерінің бүтіндігін, тазалығын бұзбауға тиіс екенін;

осыларды еске ала келіп,—

РСДРП III съезі Орталық Комитет пен жергілікті комитеттерге, қажет болған ретте, социалист-революционерлер ұйымдарымен уақытша жауынгерлік келісімдер жасасуды тапсырады, ал соның өзінде жергілікті келісімдер тек Орталық Комитеттің тікелей бақылауымен ғана жасалынады».

Мен бұл жобаға қосыламын. Тек айтарым, аздап аяқ жағын жұмсартыңқырауға болмас па екен, мәселен, «Орталық Комитеттің тікелей бақылауымен» деудің орнына «Орталық Комитеттің бақылауымен» деп қана қалдырса қайтер еді.

47

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [91]

25 АПРЕЛЬ (8 МАЙ)

1

Шындығында, Орталық Комитеттің қызметі туралы баяндама Орталық Комитеттің саясатынан гөрі, көбіне техника жағына қатысты болды. Мен 1900 жылдан бері партияның орталық аппаратының қызметін қадағалап келемін және орасан зор ілгері басқандық бар екенін атап көрсетуге тиіспін. Бәлкім, бұл бізді қанағаттандырмайтын шығар, бірақ толық қанағаттанарлық жағдай пролетариат диктатурасы тұсында ғана болады ғой, тіпті оның өзі де екіталай! Естеріңізде болсын, «кооптация» әлі де зиян тигізумен келеді. Орталық Комитет өзінің саясаты туралы өте аз айтып отыр, өйткені бұл туралы ол мақтанарлық ештеңе тауып айта алмақ емес. Оның басты қатесі — съезд шақыруға қарсы күрескені. Съезд осыдан бір жыл бұрын шақырылған болса, ол қазіргіге қарағанда, әлдеқайда ымырашыл болып шығар еді. Мен өзім таратып жіберу жағындамын, бірақ мен бұған бір ретте ғана — бұл іс съездің болуын жақтап үгіт жүргізу үшін істеліп отырған ретте ғана, қарсымын: 99 күнәсыздан гөрі, тәубеге келген бір күнәкардың қуанышы артық [92]. Енді менің атыма айтылған ескертпелерге келетін болсақ, онда менің тек қана айтарым: партиясыз әдебиетші еш нәрсе істей алмайды.

2

Мені сот жөнінде қайшылығы бар деп айыптайды. Егерде съезд ортақ болған болса — сот туралы мәселе мұнан ерте көтерілген болар еді, бірақ енді істің мәнісі

неде екенін ілгеріде болғандардың бәрі айқып көрсетті. Орталық Комитет есеп бере алмайды, өйткені ол шатасып болды. Орталық Комитет үшін мұнан құтылу жолы, бұрын ол жол неде болса, содан табылды — бұл съезд еді, бірақ ол жиналуға тиіс уақытынан кешігіп жиналды. Ал «мойындаған айыпкер» бар жерде — сот тергеуі керексіз болып шығады.

48

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТ САЙЛАУЫ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС

25 АПРЕЛЬ (8 МАЙ)

Алдымен қанша адам сайлау керектігін анықтап алуды, сайлауды жасырын дауыс беру жолымен жүргізуді, ал содан кейін дауыс беру қорытындысын жариялау мөлшері жөнінде келісуді ұсынамын.

49

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ҚЫЗМЕТКЕ КІРІСУ УАҚЫТЫ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ

Съезд: өзі сайлаған жаңа Орталық Комитет қызметін атқаруға дереу кіріседі деп қаулы етеді [93].

25 апрельде (8 майда) енгізілген

Қолжазба бойынша басылып отыр

50

РСДРП III СЪЕЗІНІҢ ПРОТОКОЛДАРЫН БАСТЫРЫП ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

25 АПРЕЛЬ (8 МАЙ)

Председатель съезд протоколдарын қысқартудың мөлшері туралы мәселені күні бұрын шешуге болмайды деп көрсетеді. Күн тәртібіне қатысы бар жарыс сөздердің бәрін бастырып шығару қажет; одан әрі: шетелде техниканы қайтадан жолға қоюға тура келеді, мұның өзі съезд протоколдарын бастырып шығаруды тездетуге әсер етуі мүмкін деп атап көрсетеді.

51

РСДРП III СЪЕЗІ ТУРАЛЫ ХАБАРДЫ ЖӘНЕ СЪЕЗД ПРОТОКОЛДАРЫН БАСТЫРЫП ШЫҒАРУ ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ [94]

Съезд Орталық Комитетке III съезд туралы қысқаша хабарды, оған қоса программаның, уставтың және қарарлардың толық текстін бастырып шығаруға дереу кірісуді тапсырады.

Съезд Орталық Комитетке барлық шараларды қолданып, осы хабардың жариялануын тездетуді тапсырады.

Съезд протоколдарын бастырып шығару жөніндегі комиссияға съезд мыналарды тапсырады[95]: 1) құпиялық сақтау мақсатымен не нәрсенің еш бір жариялауға жатпайтыны біржолата анықталсын, 2) III съезд протоколдарының жарияланбаған бөлімімен партия мүшелерін қандай жолмен және қай мөлшерде таныстыру керек екені анықталсын, 3) басылып шығатын материалдарға қажетті қысқартулар жасалсын, жасалғанда, тек мәжіліс тәртібі туралы болған жарыс сөздер жөнінде ғана немесе қарарларға енгізуге ұсынылып, қабылданбай қалған ұсақ түзетулер жөнінде ғана жасалсын.

25 апрельде (8 майда) енгізілген

52

КАВКАЗДАҒЫ ОҚИҒАЛАР ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫҢ ЖОБАСЫ [96]

1) Кавказдың әлеуметтік-саяси тіршілігінің айрықша жағдайлары онда біздің партиямыздың анағұрлым жауынгер ұйымдарының құрылуына қолайлы жағдай туғызды;

2) Кавказ халқы көпшілігінің революциялық ынтасы қалаларда да, деревняларда да самодержавиеге қарсы бүкіл халық көтерілісін жасауга дейін әлдеп-ақ барып отыр;

3) самодержавиелік үкімет қазірдің өзінде Гурияға әскер мен артиллерия жіберіп жатыр, көтерілістің барлық аса маңызды ошақтарын барынша мейірімсіз талқандауға әзірленіп жатыр;

4) Кавказдағы халық көтерілісін ондағы халықтың өзге нәсілді болуынан біраз оңайға түсіп, самодержавиенің жеңіп кетуі, бүкіл Россиядағы көтерілістің табысқа жетуіне аса зиянды зардабын тигізеді;

осыларды еске ала келіп,—

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезі Россияның саналы пролетариаты атынан Кавказдың ер жүрек пролетариаты мен шаруаларына жалынды сәлем жолдайды және партияның Орталық Комитеті мен жергілікті комитеттеріне кітапшалар, митингілер, жұмысшы жиналыстары, үйірмелік әңгімелер және т. т. арқылы Кавказдағы істің жайы туралы мағлұматтарды неғұрлым кең таратуға, сондай-ақ Кавказға дер кезінде қарулы күшпен көмектесуге барынша жігерлі шаралар қолдануды тапсырады.

26 апрельде (9 майда) енгізілген

53

КАВКАЗДАҒЫ ОҚИҒАЛАР ЖӨНІНДЕГІ ҚАРАРДЫ ТАЛҚЫЛАҒАН КЕЗДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

26 АПРЕЛЬ (9 МАЙ)

1

Кавказ революцияны бастаған кезде партия көтерілісті ұйымдастыру міндетін өзіне алады деу дұрыс емес. Біз Орталық Комитетке қозғалысты қолдауды ғана тапсырамыз *.

2

Мен жалпы алғанда Петров жолдастың түзетуіне [97], онда революцияшылдық шақыру жоқ болса да, қосыламын **.

---

* Бұл сөздің аяғы протоколдық комиссияның жазбасында мынадай редакциямен берілген:

«Біз Орталық Комитетке тек қозғалысты қолдауды, Кавказдағы жағдайдың басқаша болып отырғандығын еске алып, үгіттеу, насихаттау ғана керек екендігі жөнінде қорытынды жасауды ғана тапсырамыз. Осы абзацқа барлығыңыздың назарыңызды аударамын.

Ешкім сөз сұрамайды. Жарыс сөз *жабылады»*. *Ред.*

** Лениннің бұл сөзі протоколдық комиссияның жазбасында мынадай редакциямен берілген: «Л е н и н. «Россия пролетариаты мен шаруаларына» деп қосу керек болмас па екен. Россия қолдайтындай халге жетпейінше, Кавказдың көтерілісті бастамауы қарарда көрсетілуі мүмкін деп Рыбкин жаңа ғана айтып кетті. Бірақ бұл үшін бүкіл қарарды өзгерту керек. Жергілікті адамдардың көрсетулері маңызды; жалпы алғанда мен Петров жолдастың түзетуіне, онда революциялық шақыру жоқ болса да қосыламын». *Ред.*

ПАРТИЯ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЕКІ АПТАЛЫҚ ЕСЕПТЕРІ ТУРАЛЫ

Барлық партия ұйымдарының, әсіресе барлық *жұмысшы* партия ұйымдарының екі апталық есебі партияның құрамы мен ұйымдық топтасқандығын нығайту үшін, сондай-ақ партия өкілдігін (съездерде) ұйымдасқан жұмысшылардың санына қарай арнайы қайта құру үшін өте-мөте маңызды болар еді.

Бұл есептерді, үзінділер түрінде, партияның Орталық Органында басып, осы арқылы партияның нағыз, бояма-сыз өмірі туралы аса бағалы материал беріп отыруға болар еді.

Үйірмелердегі, топтардағы және т. т. мүшелердің санын да басып отыруға болады, бұлай еткенде, айталық, әрбір топты немесе әрбір ұйымды бір әріппен немесе екі әріппен белгілеуге болар еді. Біздің партия ұйымдарымыздың құрамы туралы мұндай есептер жақсы тексеру материалы болар еді. (Мұндай есептер көп орын алады деп қарсы пікір айту қисынсыз. Мүшелердің санын көрсететін екі әріп пен екі цифрды алып есептесек — мәселен: аб 13, вг 41, дж 17 және т. с.— газет бағанасының бір жолына осындай *он бір* хабар сыяды.)

III съезд бен IV съездің аралығындағы уақытты (1 жыл) съездің екіге бөлгені жөн болар еді. Жылдың алғашқы жартысында *әрбір* партия ұйымы, партиямыздың ең төменгі жұмысшы ұясына дейінгісі қалыптасып болып, орталықпен дұрыс қатынастарды сөзсіз *жөнге салуы керек*, екі апталық дұрыс есепті *жөнге салуы керек*. Жөнге салуы керек деймін, өйткені адресін алып,

жазу жеткіліксіз, адрестерді тексеру керек, есептердің жетуін қамтамасыз ету керек жəне т. т. жəне т. т. Жаңа дағдыны, жаңа есепті (екі апталық есепті) ұдайы беріп тұруды жөнге салуға 4—5 ай мерзімді * жеткілікті деп есептеуге əбден болады. Күмəн жоқ, *ынта болса* мұны *үш есе* тез істеуге болады.

Одан соң, жылдың екінші жартысында партия ұйымдарының екі апталық есебіне енді, былайша айтқанда, конституциялық маңыз беруге болады, яғни партияның IV съездегі өкілдігін қайта құруды осы есептерге тікелей тəуелді етіп қоюға болады. Мысалы, III съезд 1905 жылғы апрельде былай деп қаулы алады делік: партияның IV съездегі өкілдігін қайта құрған кезде, 1905 жылғы 1 сентябрьден бастап орталыққа екі апталық дұрыс есеп тапсырып отырған партия ұйымдары ғана есепке алынуға праволы деп саналады. Кемінде үш ай бойында тапсырылған осы есептер (яғни minimum 6 есеп) бойынша ғана, IV съезде партияның съездердегі өкілдігі əрбір жерде социал-демократиялық одақтарға ұйымдасқан жұмысшылардың санына қарай пропорциялы түрде белгіленеді. Сондықтан мүшелер саны əрбір есепте сөзсіз көрсетілуге тиіс.

1905 ж. кеш дегенде 20 апрельде (3 майда) жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Осы мерзімнің ішінде *əрбір* ұйым орталыққа өз шифрын (екі немесе үш əріп=ұйымның *аты*) мəлімдеп, Орталық Органда тым болмаса бір есеп бастыруға тиіс, сөйтіп осы ұйымның *барлық* мүшелері өз ұйымының орталықпен байланысты екенін кəміл білуі керек.

САЯСИ СОФИЗМДЕР

Орыс революциясының басталғаны жаңа ғана, бірақ сонысына қарамастан ол қазірдің өзінде-ақ буржуазияның саяси революцияларының кәдуілгі белгілерін әбден айқын танытып отыр. Қаналушы таптар күресуде, жоғарғы топтар рақатын көруде. Революциялық күрестің барлық адам айтқысыз ауыртпалығы бүтіндей тап ретінде пролетариатқа және буржуазиялық интеллигент жастардың ортасынан шыққан жеке адамдарға түсіп келді және түсіп отыр. Қазірдің өзінде ішінара жеңіп алынған барлық бостандықтың (дәлірек айтқанда: болмашы бостандық) оннан тоғызы қоғамның жоғарғы топтарына, еңбек етпейтін таптарға тиіп отыр. Қазір Россияда, заңға қарамастан, сөз бостандығы, жиналыс және баспасөз бостандығы осыдан 10 жыл бұрынғыдан, бір жыл бұрынғыдан анағұрлым мол, бірақ мұны біршама кең көлемде тек буржуазиялық газеттер ғана, «либералдық» жиналыстар ғана пайдаланып отыр. Жұмысшылар бұған дейін өздеріне беймәлім, мүлде қол жетпес деп саналып келген салаларға қарай әрдайым өзіне жол сала отырып, бостандыққа ұмтылуда, бірақ пролетарлық элементтің бұлайша кеулеп кіруі біздің пікірімізді бекерге шығармайды, қайта растайды. Саяси күреске қатысудағы белсенділік күрестің жемістерін иемденудегі белсенділікке кері пропорцияда болып отыр. Белгілі бір таптың қоғамдық-экономикалық құрылыстағы жағдайы қаншалықты тиімді болса, жария қозғалыс пен құпия қозғалыстың (яғни заңда рұқсат етілген қозғалыс пен

заңға сыймайтын қозғалыстың) арасалмағы да соншалықты «тиімді». Либерал буржуазия қозғалысының, әсіресе 9 январьдан кейін, заң *көтеретін* формаларда кең өрістегені соншалық, құпия либералдық қозғалыс біздің көз алдымызда адам айтқысыз тездікпен құлдырап барады. Жұмысшы табының қозғалысы, өзінің ең маңызды кезеңдерінің бірінде әсіре-«заңды» формаға енуіне *қарамастан* (Петербург жұмысшы халқының патшаға өтініш беруі), өте-мөте заңсыз болып және аса қатал, әскери жаза тартуға тиісті болып шықты. Жұмысшы табының қозғалысы бұрынғысынан әлдеқайда ұлғая түсті, бірақ жария және құпия элементтің арасалмағы алдыңғысының пайдасына өзгерген жоқ деуге болады.

Бұл айырмашылық неден? Атап айтқанда, Россияның бүкіл қоғамдық-экономикалық құрылысы ең аз еңбек ететіндерге ең көп жеміс берілуін қамтамасыз ететіндігінен. Капитализм тұсында бұдан басқаша бола алмайды. Бұл — жалғыз экономикалық өмірді ғана емес, сонымен бірге саяси өмірді де өзіне бағындырып алатын капиталдың заңы. Қаналушы таптардың қозғалысы революциялық күшті өрге бастырады; ол халықтың қалың бұқарасын күреске көтереді, бұл бұқара, біріншіден, шіруі жеткен бүкіл құрылысты шындап қирата алады, екіншіден, оның жағдайында өзін бұл құрылысқа байланыстыра қоятындай ешбір ерекшелігі жоқ, сондықтан ол бұл құрылысты құлшына қиратады. Ол ол ма, бұл бұқара тіпті өз мақсаттарын толық ұғынбай тұрып-ақ, сол құрылысты қиратып тастауға қабілетті де ықыласты болады, өйткені бұл халық бұқарасының жағдайы өте лажсыз, өйткені өмір бойы көріп келген езгі оны революциялық жолға итермелейді, ал оның бұғаудан басқа жоғалтатын дәнеңесі жоқ. Бұл халықтық күш, пролетариат, шіріген құрылыстың иелеріне соншалық бір қаһарлы күш болып көрінеді, себебі пролетариат жағдайының өзінде барлық қанаушыларға қауіпті қатер бар. Осы себепті, пролетариаттың тіпті болмашы қозғалысының өзі-ақ, ол бастапқыда қаншалықты шағын болғанымен, қандай да бір ұсақ-түйек себептен басталғанымен, өзінің тікелей көздеген мақсатынан асып, *бүкіл* ескі

құрылыс үшін бітіспейтін қиратушы күшке айналатыны сөзсіз.

Пролетариат табының капитализм тұсындағы жағдайынан туатын ең негізгі өзгешеліктері себепті, пролетариат қозғалысында *барлық* мақсат жолындағы, түрлі қара ниетті, қанаушы, құлданушы атаулының бәрін толық жеңу жолындағы кескілескен күреске айналудың айнымайтын тенденциясы бар. Мұның керісінше, тағы да сол себептерден (яғни буржуазия жағдайының негізгі өзгешеліктері себебінен), либерал буржуазияның қозғалысында күрес орнына мәмлеге, радикализм орнына оппортунизмге ұрыну, толық жеңіске жету үшін «әдепсіз», батыл, табанды талап қою орнына неғұрлым ықтимал және таяу уақытта, мүмкін болатын болмашы табыстарды есепке алу тенденциясы бар. Кімде-кім шындап күресетін болса, ол, әлбетте, *барлық* мақсат үшін күреседі; кімде-кім күрестен гөрі, мәмлеге келуді артық көретін болса, ол, әлбетте, ең сәтті шыққан күнде өзі қанағат тұтуға бейім отырған «қиқым-сиқымдарды» күн ілгері көрсетумен болады (ал сәтті шықпаған күнде ол тіпті күрестің жоқтығын да қанағат тұтады, яғни ескі дүниенің қожаларына ұзақ уақыт мойынсұнады).

Міне, сондықтан да социал-демократияның революцияшыл пролетариаттың партиясы ретінде өз *программасына* соншалықты ұқыптылықпен қарауы, өзінің түпкі мақсатын,— еңбекшілерді толық азат ету мақсатын,— көп уақыт бұрын соншалықты мұқият белгілеп қоюы, осы түпкі мақсатты * тарылту ниеттерінің бәріне соншалықты қызғанышпен қарауы әбден табиғи нәрсе; нақ осы себептерден социал-демократия ұсақ, ең жуық экономикалық және саяси мақсаттарды түпкі мақсаттан соншалықты догматиктік қаталдықпен, доктринерлік қайсарлықпен бөліп тастайды. Кімде-кім *барлық* мақсат үшін, толық жеңіп шығу үшін күресетін болса, оған ұсақ табыстардың қол байлау болмауынан, жолдан тай-

---

* Қолжазбада: «...күллі еңбекші адамзатты езу атаулыдан толық азат ету мақсатын,— осы түпкі мақсатты тарылту, кеміту немесе кемсіту ниеттерінің бәріне соншалықты қызғанышпен қарайды».

Бұл жерде және бұдан кейін де беттің соңындағы ескертулерде газетке арнап М. С. Ольминский түзеткен ең маңызды жерлері қолжазба бойынша қалпына келтірілді. *Ред.*

дырып жүрмеуінен, әзірге біршама алыста жатқан, бірақ онсыз барлық ұсақ табыстар құр әурешілік болатын басты нәрсені ұмыттырып жіберуге мәжбүр етпеуінен сақтанбасқа болмайды. Бұған керісінше, буржуазия партиясына, мейлі ол нағыз бостандық сүйгіш және нағыз халық сүйгіш партия болса да, программалар жөнінде мұндай қамқорлық жасау деген, бірте-бірте болатын аздаған жақсартуларға өне бойы сын көзімен қарап отыру деген оған түсініксіз және жат нәрсе *.

Бізге осы пікірді қозғауға жуырда «Россия империясының негізгі мемлекеттік заңы» деген тақырыппен «Освобождение» редакциясы шығарған «Орыс конституциясының жобасы» түрткі болды. Россияда әлдеқашаннан-ақ белгілі бұл жоба енді ескертулер, түсініктер жазылып, «бірден-бір толық, түпкілікті және авторлардың өздері қарап шыққан басылым» ретінде шығарылып отыр. Бақсақ, бұл жоба «Азаттық одағының» өзінікі болмай шықты, оны сол Одаққа қарайтын жеке бір топ қана әзірлепті. Сонымен, біз бұл арада айқын, тиянақты, ашық программадан қорыққандық, либерализмге** тән қорыққандық бар екенін тағы да, тағы да көріп отырмыз. Россияда социал-демократияға қарағанда, либералдық партияның өлшеусіз көп ақша қаражаты мен әдебиетші күштері бар, жария түрде жүріп-тұру еркіндігі де өлшеусіз мол,— сөйте тұрып оның программа айқындығы жөнінде социал-демократиядан кейін қалып қойғандығы бадырайып-ақ көрініп тұр. Либералдар программадан ашықтан-ашық ат-тонын ала қашады, олар өз органында жекелеген қарама-қайшы мәлімдемелер (мысалы, жалпыға бірдей сайлау правосы туралы мәселе жөнінде) немесе жеке топтар жасап шығарған, бүкіл партияны (яки бүкіл «Азаттық одағын») біртұтас етіп ешқандай байланыстыра алмайтын «жобалар» жа-

* Қолжазбада: «... буржуазия партиясына, мейлі ол нағыз либералдық, нағыз зиялы, нағыз бостандық сүйгіш, нағыз халық сүйгіш партия болса да, түпкі мақсаттан мұндай айнымаушылық дегенің, программалар жөнінде мұндай қамқорлық жасау деген, бірте-бірте болатын аздаған жақсартуларға өне бойы мұндай сын көзімен, өне бойы місе тұтпай қарау деген оған түсініксіз және жат нәрсе» *Ред.*

** Қолжазбада: «... орыс либерализміне, тек жалғыз орыс либерализміне ғана емес-ау». *Ред.*

риялауды артық көреді. Әрине, мұның кездейсоқтық болуы мүмкін емес; мұның өзі — осы күнгі қоғамдағы тап ретіндегі буржуазияның,— самодержавие мен пролетариат арасындағы қыспақта тұрған, ұсақ-түйек мүдде айырмашылықтарынан фракцияларға жіктеліп отырған таптың,— әлеуметтік жағдайының сөзсіз нәтижесі. Саяси софизмдердің осы жағдайдан келіп шығатыны— әбден табиғи нәрсе.

Енді біз осындай софизмдердің біреуіне оқушылардың назарын аудармақшымыз. Конституцияның освобождениелік жобасының негізгі сипаттары белгілі: монархия сақталып қала береді,— республика туралы мәселе тіпті талқыланбайды да (сірә, буржуазияның «нақты саясатшылары» бұл мәселені маңызды деп санамайтын болар!), *екі палаталы* парламент системасы құрылады, оның төменгі палатасы жалпыға бірдей, *төте,* тең және жасырын дауыс беру арқылы сайланады, жоғарғы палатасына *екі сатылы* сайлау тәртібімен сайланады. Жоғарғы палатаға өкілдерді земство жиналыстары мен қалалық думалар сайлайды. Бұл жобаның бүге-шігесіне тоқталып жатуды біз артық деп санаймыз. Оның жалпы жоспары мен «принцип жағынан» қорғалып отырғандығы назар аударарлық.

Біздің жайсаң жанды либералдарымыз мемлекет билігін үш күштің арасына: монарх, жоғарғы палата (Земство палатасы), төменгі палата (Халық өкілдерінің палатасы) арасына: самодержавиелік бюрократия, буржуазия, «халық» (яғни пролетариат, шаруалар және жалпы ұсақ буржуазия) арасына мүмкін қадарынша тепе-тең және «әділ» бөліп бермекші. Либерал публицистердің іштей арман ететіні — осы әр түрлі күштер және сол күштердің әр түрлі комбинациялары арасындағы күрестің орнына олардың қағаз жүзінде... «әділет жолымен» біртұтас болып бірігуін жүзеге асыру! Бірте-бірте, біркелкі дамудың қамын ойлау керек, консерватизмнің көзқарасы тұрғысынан жалпыға бірдей сайлау правосын ақтап алу керек (Струве мырзаның қаралып отырған жобаға алғы сөзі); монархия мен жоғарғы палата түрінде құру арқылы билеуші таптардың мүдделерін (яғни нақты консерватизмді) нақты қамтамасыз ету керек;

күрделі болып көрінетін, ал іс жүзінде барып тұрған қарадүрсін бүкіл осы құраманы лепірмелі софизмдермен бөлендіру керек. Орыс пролетариатының талай-талай уақыт бойына либералдық софизмдермен сапасуына тура келеді. Енді солармен жақынырақ таныса бастайтын мезгіл жетті!

Екі палаталы системаны қорғауға кірісkенде, либералдар оған қарсы айтылуы мүмкін-ау деген ой-пікірлерді талдаудан бастайды. Бір ерекшелігі сол, бұл қарсы пікірлер түгелімен біздің жария баспасөзіміз кеңінен насихаттап жүрген кәдуілгі либералдық-халықшылдық идеялар шеңберінен алынып отырады. Айталық, орыс қоғамының «терең демократиялық сипаты» бар, Россияда саяси еңбектерімен, байлығымен, т. б. күшейіп алған жоғары тап сияқты ештеңе жоқ, өйткені біздегі дворяндар «саяси атаққұмарлығы» жоқ қызметшіл сословие болды, сонан соң оның материалдық маңызы да «мұқалды»-мыс. Социал-демократтың көзқарасы тұрғысынан қарағанда, ішінде бір ауыз ақиқаты жоқ бұл халықшылдық сөздерді тіпті құлаққа ілудің өзі ерсі. Россиядағы дворяндардың саяси пұрсаттылығы жұртқа мәлім; олардың күші консервативтік және баяу немесе шиповшыл партияның тенденцияларынан-ақ бірден көрініп тұр; оның материалдық маңызын «мұқалтып отырған» буржуазия ғана, ал дворяндар буржуазиямен қосылып кетіп отыр, оның бер жағында бүкіл осы мұқалту дворяндардың қолында ондаған миллион еңбекшілерді тонауға мүмкіндік беретіндей орасан көп күш-құралдың жинақталуына ешбір бөгет болып отырған жоқ. Саналы жұмысшылар бұл жөнінде өздерін бос қиялмен алдарқатпауға тиіс, орыс дворяндарының бейшаралығы туралы халықшылдық сөздер либералдарға келешекте дворяндарға берілетін конституциялық артықшылықтардың із-түзін білдірмеу үшін ғана қажет. Мұндай либералдық логика психологиялық шарасыздықтан туады: дворяндардың артықшылықтарын* демократизмнен болмашы ғана ауытқушылық деп көрсету үшін біздің дворяндарымызды бейшара етіп көрсету керек.

* Қолжазбада: «... дворяндардың саяси артықшылықтары». *Ред.*

Сол сияқты буржуазияның төс пен балға арасына түсіп отырған жағдайында идеалистік сөздердің бола беруі де психологиялық шарасыздықтан туады, бұл сөздерді қазір жалпы алғанда біздегі либерализм, әсіресе оның сүйікті философтары соншалық дәм-татусыз қолданып жүр. «Орыстың азаттық қозғалысы үшін,— дегенді оқимыз біз түсіндірме жазбадан,— демократия дегеніміз — тек факт қана емес, сонымен қатар моральдық саяси постулат. Ол әрбір қоғамдық форма үшін тарихи дәлелден гөрі адамгершілік дәлелін жоғары санайды...» Біздің либералдардың демократияға опасыздық жасаудағы өз әдістерін «ақтап жүрген» көпірме, мән-мағына атаулыдан жұрдай жел сөздерінің айта қалғандай үлгісі! Олар: «әсіре элементтер тарапынан орыстың либералдық партиясы бюрократтық самодержавиенің орнына буржуазиялық-дворяндық самодержавие орнатпақшы екен деп бұл партияға *өте жаман кінәлар* (?) тағылып жүр» деп қынжылады,— ал сөйте тұрып біздің либералдарымыз өз жобасындағы бірден-бір шынайы демократиялық мекемені — Халық өкілдерінің палатасын монархиямен де, жоғарғы земство палатасымен де өкімет билігін бөлісуге мәжбүр етеді!

Олардың жоғарғы палатаны жақтағандағы «адамгершілік» және «моральдық-саяси» дәлелдері мынау. Біріншіден, «екі палаталы система Европаның Грециядан, Сербиядан, Болгариядан және Люксембургтен басқа жерлерінің бәрінде бар...». Демек, бірқатар жерлер қосылмағасын-ақ, бәрінде бар болмағаны ғой? Сонан соң мынадай да дәлел болып па: Европада антидемократиялық мекемелер өте көп, сондықтан... сондықтан оларды біздің «терең демократиялық» либерализміміз үлгі етіп алуы керек? Екінші дәлелі: «заң шығару билігін бір органның қолына беріп қою өте қауіпті», қателерді, «тым асығыс» шешімдерді түзетіп отыратын басқа бір орган құру керек. «... Россия Европадан батылырақ болып шығуға тиіс пе?». Сөйтіп, орыс либерализмі пролетариаттан қорқып өзінің барлық прогресшілдігін *күні бұрын* жоғалтып, европалық либерализмнен батылырақ болғысы келмейді! Бәрекелді, «азаттық» қозғалысының жетекшісі болғандарыңа болайын! Россия азаттық жо-

лында әлі бірде-бір рет пәлендей елеулі қадам жасап та көрген жоқ, ал либералдар «асығыстық» жасаудан қазірде-ақ зәрелері қалмай жүр. Онда, мырзалар, осы дәлелдермен жалпыға бірдей сайлау правосынан бас тартуды да ақтап шығуға болады емес пе?

Үшінші дәлелі: «Россиядағы қандай да болсын саяси тәртіпке қатер туғызатын басты қауіптердің бірі — якобиндік бір орталыққа бағындыру режиміне айналдыру». Неткен сұмдық! Сірә, халықтың қаналушы таптарының демократизміне қарсы социал-демократия оппортунистерінің, жаңа искрашылдардың қолданып жүрген қаруын оппортунист-либералдар да пайдалана қоюдан аулақ болмаса керек. Аксельрод, Мартынов және К° шығарып жүрген «якобиншілдік» қисынсыз құбыжық освобождениешілдерге де пайдалы қызмет етіп отыр. Бірақ тоқтай тұрыңыздар, мырзалар, егер сіздер шынымен-ақ централизмнің ұшқарылықтарынан (дәйекті демократизмнің «ұшқарылықтарынан» емес) қорыққан болсаңыздар, онда жалпыға бірдей сайлау правосын *жергілікті* земстволық және қалалық мекемелерге теліп *шектеудің* не қажеті бар еді?? Ал сіздер оны шектеп отырсыздар ғой. Сіздер өз жобаңыздың 68-статьясында: «Халық өкілдері палатасының сайлауына қатысуға правосы бар әрбір адам, *егер ол бір жылдан аспайтын, белгілі бір мерзім ішінде нақ сол уезде немесе қалада орын теуіп тұрған болса,* оның жергілікті сайлауларға да дәл солай қатысуға правосы бар» деп қаулы етесіздер. Ал шындығында бұл статья *ценз* енгізіп отыр, ол сайлау правосын іс жүзінде *жалпыға бірдей етпей* отыр ғой, өйткені дәл жұмысшылардың, батырақтардың, күндікшілердің баянды мекен таппай, қаладан қалаға, уезден уезге жиі көше беруіне тура келетінін, әркім-ақ түсінеді. Капитал жұмысшылар бұқарасын елдің бір шетінен екінші шетіне ауыстырып отырады, оларды мекенінен айырады, ал *сол үшін* жұмысшы табы өзінің саяси праволарының бір бөлігінен айрылуға тиіс болмақ!

Жалпыға бірдей сайлау правосын осылайша шектеу нақ сол жоғарғы, земстволық палатаны сайлайтын земстволық және қалалық мекемелерге қолданылмақшы. Якобиндік централизмнің ұшқарылықтарына қарсы бол-

ғансып күресу үшін демократизмнен тайқудың *екі түрі* болып отыр: біріншіден, *жалпыға бірдей* сайлау правосын отырықшылық цензісімен шектеу; екіншіден, екі сатылы сайлау енгізіп, *төте* сайлау правосы принципінен бас тарту! Якобинизм құбыжығының тек түрлі оппортунистерге* ғана қызмет етіп отырғаны осыдап-ақ айқын емес пе?

Иә, Струве мырзаның социал-демократиялық жирондистерге — жаңа искрашылдарға — өзінің принциптік тілеулестігін білдіргені тегін емес, оның «якобинизмге» қарсы атақты күрескер Мартыновты жер-көкке сыйғызбай мақтағаны тегін емес. Якобинизмнің социал-демократиялық дұшпандары либерал буржуазияға тұп-тура жол төсеп берді және төсеп беруде.

Земство мекемелері сайлайтын жоғарғы палатаның нақ өзі «децентрализацияның басталғанын» бейнелей алады, «Россияның әр түрлі бөліктерінің сан алуан сипатты кезеңін» бейнелей алады деп жүрген освобожденциешілдердің пайымдауы — барып тұрған бос сөз. Децентрализация сайлаудың жалпыға бірдейлігін шектеумен бейнелене алмайды; сан алуандық сипаты төте сайлау принципін шектеумен бейнелене алмайды. Істің мәні мұнда емес, мұны освобождениешілдер көлеңкелеуге тырысып жүр. Істің мәні мынада: жоғарғы палата олардың системасы бойынша, *айрықша* және негізінен сөзсіз дворяндар мен буржуазияның органы болып алады, өйткені отырықшылық цензісі мен екі сатылы сайлау системасы бәрінен бұрын пролетариатты көбірек шеттетіп қалдырады. Істің осы мәнінің саяси мәселелермен аз да болса таныстығы бар әрбір адамға айқын екендігі соншалық, жоба авторларының өздері де оған қарсы пікір болмай қалмайтынын күн ілгері сезіп отыр.

«Бірақ,— дегенді оқимыз жазбадан,— сайлау қалай ұйымдастырылғанымен де, жергілікті өмірде *ірі-ірі жер иелері мен кәсіпкерлер табының* басымырақ маңыз алуға мүмкіндігі мол деушілер болар. Біздің ойымызша» (неткен терең демократиялық ой десеңізші!), «бұл арада да «буржуазиялық элементтен» тым әсіре қорыққан-

* Қолжазбада: «... түрлі *оппортунистерге,* түрлі саяси сатқындарға?». *Ред.*

дық аңғарылады. Жер иеленушілер табы мен өнеркәсіп табы өз мүдделерін білдіруі үшін жеткілікті (!) мүмкіндік алса, онда тұрған ешбір (буржуазиялық элементке жалпыға бірдей сайлау правосы аздық қылады!) әділетсіздік жоқ (!!), өйткені мұнымен қатар халықтың басқа топтарының да өкілдік алуына мол мүмкіндік туып отыр. Тек пұрсаттылық қана адамгершілік тұрғысынан жөнсіз, саяси тұрғыдан қауіпті...»

Бұл «либералдық» адамгершілікті жұмысшылар естеріне мықтап сақтасын. Бұл — адамгершілік демократизмді айтып мақтануға, «пұрсаттылықты» айыптауға және отырықшылық цензісін, екі сатылы сайлауды, монархияны *ақтауға* мүмкіндік береді... Монархия, шамасы, «пұрсаттылық» емес болса керек немесе ол — адамгершілік тұрғысынан жол берілетін және саяси тұрғыдан қауіпсіз пұрсаттылық болса керек!

Қоғам ішінен шыққан «азаттық» қозғалысы жетекшілеріміздің аяқ алысы жаман емес! Олар тіпті өздерінің тым батыл кеткен, өздерінің бүкіл партиясын байлаптырарлық ешбір дәнекер болмайтын жобаларында реакцияны ақтау жолын күн ілгері-ақ ойлап шығарып отыр, пұрсаттылық дегеніңіз пұрсаттылық емес деп софистікпен дәлелдеп, буржуазияның пұрсаттылығын қорғап отыр. Керек десе, өздерінің материалдық есепке аса кіріптар емес дейтін, тікелей саяси мақсаттардан әлдеқайда аулақ дейтін әдеби істерінде де олар енді демократизм ұғымын саудаға салып жүр және ең дәйекті буржуазиялық демократтарға — ұлы француз революциясы заманындағы якобиншілдерге жала жауып жүр. Ал енді мұнан әрі не болар екен? Егер нағыз идеалист либералдар қазірдің өзінде-ақ опасыздықты теория жүзінде әзірлеумен шұғылданып жүрген болса, онда либерал буржуазияның партия алдында жауап беретін, іскер саясатшылары қандай әнге басар екен? Егер освобождениешілдердің әсіре сол қанатының ең батыл тілектерінің өзі екі палаталы парламенті бар монархиядан әрі аспайтын болса, егер либерализм идеологтарының бар *сұрағаны* осы ғана болса, онда либерализмнің епті-пысықшалары немен *сауда жасар екен?*

Либерализмнің саяси софизмдері буржуазияның тіпті алдыңғы қатарлы деген элементтерінің де шын таптық табиғатымен танысу үшін революцияшыл пролетариатқа аз болғанымен, бағалы материал береді.

«Вперед» № 18,
18(5) май, 1905 ж.

«Вперед» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр


LE PROLETAIRE

Prix: 30 cts.

ЖЕНЕВА, 27 (14) мая 1905 года.

№ 1.

Пролетарій

Пролетаріи всѣхъ странъ соединяйтесь!

Центральный Органъ Россійской Соціальдемократической Рабочей Партіи.

Извѣщеніе о III-емъ съѣздѣ Россійской Соціальдемократической Рабочей Партіи

Центральный Комитетъ Р. С.-Д. Р. П.

ГЛАВНѢЙШІЯ РЕЗОЛЮЦІИ

Резолюція о конституціи съѣзда

Резолюція о вооруженномъ возстаніи

Резолюція о временномъ революціонномъ правительствѣ

Резолюція объ отношеніи къ тактикѣ правительства наканунѣ переворота

Первая страница большевистской газеты «Пролетарий» №
27 (14) мая 1905 г. со статьей В. И. Ленина «Извещение
о III съезде Российской социал-демократической рабочей
партии» и главнейшими резолюциями съезда

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ III СЪЕЗІ ТУРАЛЫ ХАБАР

Жұмысшы жолдастар! Жақын арада РСДРП III съезі болып өтті, бұл съезд біздің социал-демократиялық жұмысшы қозғалысымыздың тарихында жаңа бір дәуір ашуға тиіс. Россия тарихи ұлы кезеңді басынан кешіріп отыр. Революция бұрқ ете қалды, енді ол барған сайын қаулап, жаңа жерлерді және халықтың жаңа топтарын қамтуда. Пролетариат революцияның жауынгер күштерінс бас болып отыр. Ол бостандық ісі үшін қазірдің өзінде анағұрлым көп құрбандық берді, енді патша самодержавиесіне қарсы шешуші шайқасқа әзірленіп жатыр. Бостандық еңбекшілерді қайыршылықтан, езгі мен қанаудан құтқармайтынын пролетариаттың саналы өкілдері біледі. Қазір бостандық ісін жақтап отырған буржуазия революция болған күннің ертеңіне-ақ жұмысшылардың қолы жеткен жеңістерінің мүмкіндігінше үлкен бөлігін тартып алуға тырысады, пролетариаттың социалистік талаптарының бітіспес дұшпаны болып шығады. Бірақ біз еркін, біріккен және нығайып алған буржуазиядан қорықпаймыз. Бостандық біздің социализм жолында кең көлемде, ашық, бұқаралық күрес жүргізуімізге мүмкіндік беретінін біз білеміз. Экономикалық даму арынды күшпен — бұл даму неғұрлым еркінірек өрістеген сайын, соғұрлым тезірек қарқынмен — капитал өктемдігіне ор қазып, социализмнің жеңісін әзірлейтінін біз білеміз.

Жұмысшы жолдастар! Осы ұлы мақсатқа жету үшін біз барлық саналы пролетарларды Россия социал-демо-

кратиялық біртұтас жұмысшы партиясына топтастыруымыз керек. Біздің партиямыз әлдеқашан-ақ, 1895 және 1896 жылдардағы кең өріс алған жұмысшы қозғалысынан кейін іле-шала қалыптаса бастады. 1898 жылы бірінші съезд болды, ол Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясын құрып, оның міндеттерін белгіледі. 1903 жылы екінші съезд болып өтті, бұл съезд партияға программа жасап берді, тактика жөнінде бірқатар қарар қабылдады, тұтас партия ұйымын құруға тұңғыш рет талаптанды. Рас, бұл соңғы міндетті партия бірден орындай алмады. Екінші съездің азшылық жағы съездің көпшілігіне бағынғысы келмей, жік шығара бастады, мұның өзі социал-демократиялық жұмысшы қозғалысына мықты залалын тигізді. Екінші съездің қаулыларын орындағысы келмеуі, съезд құрған орталық мекемелердің басшылығымен жұмыс істеуден бас тартуы осы жікке бөлінудің алғашқы қадамы болды; ал III съезге қатысудан бас тарту оның ақырғы қадамы болып табылды. III съезді Россияда жұмыс істейтін комитеттердің көпшілігі сайлаған Бюро мен партияның Орталық Комитеті шақырды. Съезге барлық комитеттер, бөлініп шыққан топтар және комитеттерге наразы болып жүрген перифериялар шақырылды, бұлардың аса зор көпшілігі, оның ішінде азшылыққа қараған комитеттер мен ұйымдардың бәрі дерлік, өздерінің делегаттарын сайлап, оларды шетелдегі съезге жіберді. Сонымен, жалпы партиялық съезд шақыру үшін біздің полицейлік жағдайымызда жүзеге асыруға мүмкін болғанның бәрі істелді, бірақ тек партияның бұрынғы Советінің шетелдегі үш мүшесінің бас тартуы ғана бүкіл партия азшылығының съезге бойкот жасауына әкеп соқтырды. Съездің төменде келтірілген қарарынан [98] көрініп отырғанындай, III съезд партияда жік туғызғаны үшін бар жауапкершілікті осы үш мүшеге жүктейді. Бірақ, әйтседе III съезд, азшылықтың қатыспай қалғанына қарамастан, азшылықтың көпшілікпен бірге, бір партияда жұмыс істей алуы үшін барлық шараларды қолданды. III съезд партиямызда байқалып отырған ескірген, дәурені өткен «экономизм» көзқарастарына қарай бет бұ-

рушылықты дұрыс емес деп таныды, бірақ сонымен бірге съезд қандай да болсын азшылықтың праволарына дәл және айқын, партияның барлық мүшелері үшін міндетті болып табылатын партия уставында баянды етілген, кепілдіктер жасап берді. Енді азшылықтың өз көзқарастарын қорғауына, идеялық күрес жүргізуіне ешбір даусыз, партия уставы бойынша қамтамасыз етілген правосы бар,— тек қапа таластар мен алауыздықтар бейберекеттікке бастамайтын болуы керек, оңды жұмысқа оралғы болмау керек, күштерімізді бөлшектемейтін болуы керек, самодержавие мен капиталистерге қарсы жұмыла күресуімізге бөгет жасамайтын болуы керек. Енді устав бойынша партияның әрбір толық праволы ұйымына партиялық әдебиетті басып шығару правосы берілді. Енді толық праволы комитеттердің бесеуі, яғни партияның барлық толық праволы комитеттерінің алтыдан бір бөлігі талап етсе, партиялық әдебиеттің қандайын болса да тасымалдап отыру міндеті партияның Орталық Комитетіне жүктелді. Комитеттердің автономиясы дәлірек белгіленді, комитеттердің адам құрамының дербес праволылығы жарияланды, яғни Орталық Комитет жергілікті комитеттің келісімінсіз комитеттердің мүшелерін шығару және оларға жаңадан мүшелер енгізу правосынан айырылды. Бұған жатпайтын бір ғана ерекшелік сол, ұйымдасқан жұмысшылардың $^2/_3$ бөлігі комитеттің орнынан алынуын талап еткен кезде, III съезд қабылдаған устав бойынша, егер Орталық Комитеттің $^2/_3$ болігі жұмысшылардың шешімін қостайтын болса, комитетті орнынан түсіру Орталық Комитет үшін міндетті болады. Әрбір жергілікті комитетке перифериялық ұйымдарды партия ұйымдары дәрежесінде бекіту правосы берілді. Периферияға комитеттердің мүшелігіне кандидаттар ұсыну правосы берілді. Партияның ара шегі партия көпшілігінің тілегіне сәйкес дәлірек белгіленді. Екі немесе үш орталық орнына бір орталық құрылды. Партияның шетелдегі бөлегінен гөрі Россияда жұмыс істеп жүрген жолдастардың мейлінше басым болуы қамтамасыз етілді. Бір сөзбен айтқанда, көпшілік көптігін жасап қиянат етті, күшпен басып-жанышты,

партияның орталық мекемелері өктемдік жасады, т. б., т. с. с. деген ренішті сөздердің болуына ешбір жол қалдырмау үшін, үшінші съезд қолдан келгенді істеді. Барлық социал-демократтардың бірге жұмыс істеуіне, бір партияның, партия болғанда ескі үйірмешілдіктің дәстүрлеріне өріс бермеу үшін, бұрынғы егестер мен ұсақ-түйек жанжалдардың ізін жою үшін айтарлықтай кең көлемді, әрі өміршең, жеткілікті дәрежеде нығайған, күшті партияның қатарына сенімді түрде кіруіне толық мүмкіндік жасалды. Социал-демократияның партиялықты шын мәнінде бағалай білетін қызметкерлерінің бәрі енді III съездің шақыруына құлақ асатын болсын, осы съездің қаулылары партия бірлігін қалпына келтіру үшін, іріткі салудың қандайын болса да жою үшін, пролетариат қатарын топтастыру үшін істелер істің басы болсын. Бірлігі күшті, ынтымақты жұмыстың маңызын бәрінен де жақсы бағалай білетін, араздықтың, тұрақсыздықтың, өзара қырқысудың күллі зардабын бәрінен де тереңірек сезінген нақ саналы жұмысшылар енді партияның төменгі ұйымдарындағы, сондай-ақ жоғарғы ұйымдарындағы барлық мүшелерінің партиялық тәртіпті жаппай және сөзсіз мойындауын бар күш-жігерін сала талап ететіндігіне біз кәміл сенеміз!

III съезд, өзінің барлық ұйымдық және тактикалық шешімдерінде екінші съездің жұмыстарымен сабақтастық байланыс болуын сақтауға ұмтылып, партияны ашық айқасқа әзірлеу туралы, партия тарапынан қарулы көтеріліске бар күш-жігерімен тікелей қатысудың және оған басшылық етудің қажеттігі туралы, ақырында, партияның революциялық уақытша үкіметке көзқарасы туралы қарарларда нақты кезеңнің жаңа міндеттерін ескертуге тырысты. Съезд үкіметтің әрбір қобалжуын, біздің қызметімізге берілген еркіндіктің заң жүзінде немесе іс жүзінде әрбір ұлғаю сәтін пролетариаттың таптық ұйымын нығайту үшін, оның ашық күреске шығуын әзірлеу үшін пайдалану керек екеніне барлық партия мүшелерінің назарын аударды. Бірақ социал-демократиялық жұмысшы партиясының осы айтылған жалпы және негізгі міндеттерінен басқа, бастан

кешіріп отырған революциялық кезең партияға бостандық жолындағы алдыңғы қатарлы күрескер ролін, самодержавиеге қарсы қарулы күрестің авангарды болу ролін жүктеп отыр. Халықтың бостандыққа ұмтылған талабына патша өкіметінің қарсылығы неғұрлым күшейе түскен сайын, революциялық тегеуріннің күші де соғұрлым керемет өсе түседі, жұмысшы табы бастаған демократияның толық жеңіп шығу мүмкіндігі де соғұрлым арта түседі. Жеңімпаз революцияны жүзеге асыру, оның жемістерін қорғап қалу пролетариаттың мойнына орасан зор міндеттер жүктейді. Бірақ пролетариат ұлы міндеттерден қорықпайды. Өз жеңісің өзіңе пәле болып жабысады деушілерді пролетариат өз маңайынан жиренe серпіп тастайды. Россия пролетариаты өз борышын ақырына дейін орындап шыға алады. Ол халықтық қарулы көтеріліске басшылық ете алады. Егер революциялық уақытша үкіметке қатысу сияқты қиын міндет жүктеле қалса, ол ондай міндеттен қорықпайды. Ол контрреволюциялық әрекеттердің бәріне тойтарыс бере алады, бостандықтың барлық жауларын аяусыз талқандап, демократиялық республиканы кеудесін тосып қорғай алады, біздің бүкіл программа-минимумды революциялық жолмен жүзеге асыра алады. Россия пролетарлары істің осындай нәтижеге жетуінен қорықпауы керек, қайта бар ниетімен соны тілеуі керек. Біз алда тұрған демократиялық революцияда жеңіп шығып, сол арқылы өзіміздің социалистік мақсатымызға қарай қарышты қадам жасаймыз, біз бүкіл Европаның мойнынан реакциялық әскери державаның ауыр бұғауын сыпырып тастаймыз, сөйтіп, буржуазиялық реакциядан әбден қажып-қалжыраған, Россиядағы революцияның табыстарын көріп енді ғана рухани серги бастаған өз бауырларымыздың, бүкіл дүние жүзінің саналы жұмысшыларының социализмге қарай тезірек, табанды түрде, батылырақ аяқ басуына көмектесеміз. Ал Европаның социалистік пролетариатының көмегімен біз демократиялық республиканы қорғап қана қалмай, сонымен бірге социализмге қарай алып адыммен қарыштай береміз.

Жұмысшы жолдастар, бостандық жолындағы ұйым-

дасқан, ынтымақты да табанды күреске қарай алға ұмтылыңдар!

Революция жасасын!

Халықаралық революциялық социал-демократия жасасын!

РСДРП Орталық Комитеті

*«Пролетарий» № 1,
27 (14) май, 1905 ж*

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

СЪЕЗДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ[99]

Орталық Комитет съезд басталған кезінде қабылданған бұл қарарға, кейіннен түскен мәліметтер негізінде, мынадай қосымша енгізуді қажет деп санайды. Біздің партиямыздағы толық праволы дауыстардың жалпы санын съезд түптей келгенде 71 деп белгіледі, ягни толық праволы 31 ұйымда 62 дауыс және партияның орталық мекемелерінде 9 дауыс бар деп белгіледі. Кременчуг, Қазан және Кубань комитеттерін съезд толық праволы деп тапымады. Съезге Петербург, Москва, Тверь (съездің соңына таман), Рига, Солтүстік, Тула, Нижний Новгород, Урал, Самара, Саратов, Кавказ одагы (8 дауыс, ягни торт комитетке барабар), Воронеж, Николаев, Одесса, Полесье, Солтүстік-Батыс, Курск және Орел-Брянск комитеттерінің делегаттары шешуші дауыспен қатысты. Барлыгы 42 даусы бар 21 ұйым, сонан соң барлыгы 4 даусы бар Орталық Комитет делегаттары мен Орталық Комитеттің Советтегі өкілдері. Жиыны 71 ұйымнан 46 дауыс. Кеңесші дауыспен қатысқандар: Архангельск комитетінің, Урал одагының (съездің соңына таман келген екінші делегат), Қазан комитетінің, Одесса комитетінің делегаттары; Екатеринослав, Харьков, Минск топтарының, «Вперед» редакциясының және Шетелдік ұйым комитетінің делегаттары. Кременчуг комитетінің делегаты съезд жұмысына қатысуға тілек білдірген еді, бірақ кешігіп қалды. Одан соң, съезд мәжілістері үстінде үшінші съезд делегаттарының қолына бір документ тиді, ол документтен Ұйымдастыру комитетінің жалпы партиялық съезд шақыруга күш жұм-

сауы арқасында шетелге мына ұйымдардан өкілдер келгені айқын болды: Орталық Комитеттің Петербургтегі тобынан, Орталық Комитеттің Одессадағы тобынан, Николаев комитетінен, Харьков комитетінен, Киев комитетінен, Екатеринослав комитетінен, Кубань комитетінен, Дон комитетінен, Донецк одағынан, Сибирь одағынан, Москва комитетінің шеткері аймағынан, Сормовоның шеткері аймағынан, Смоленск комитетінен, Қырым одағынан және Украина социал-демократиялық одағынан. Бұл документ — «Ұйымдастыру комитетінің шақыруымен съезге жиналған жолдастарға» арналған хат, осы аталып өткен барлық ұйымдардың өкілдері қол қойған хат. Бұдан Ұйымдастыру комитеті жалпы партиялық съездің шақырылуын шын мәнінде қамтамасыз ете алғаны көрініп отыр.

Съезд барлығы 26 мәжіліс өткізді. Күн тәртібінде мынадай тактикалық мәселелер тұрды: 1) Қарулы көтеріліс. 2) Үкіметтің төңкеріс қарсаңындағы және нақ төңкеріс кезіндегі саясатына көзқарас. 3) Шаруалар қозғалысына көзқарас. Сонан соң ұйымдық мәселелер. 4) Партия ұйымдарындағы жұмысшылар мен интеллигенттердің көзқарасы. 5) Партия уставы. Одан кейін басқа партиялар мен ұйымдарға көзқарас туралы мәселелер, атап айтқанда: 6) — РСДРП-ның бөлініп шыққан бөлегіне көзқарас. 7) — ұлттық социал-демократиялық партияларға көзқарас. 8) — «социал-революционерлерге» көзқарас. 9) — либералдарға көзқарас. Одан кейін, 10) Насихат пен үгітті жақсарту. 11) Орталық Комитеттің есебі. 12) Жергілікті комитеттер делегаттарының есептері. 13) Сайлау. 14) Съездің протоколдары мен шешімдерін жариялау тәртібі және қызмет адамдарының қызметке кірісу тәртібі.

Съездің протоколдарын бастырып шығару съезд сайлаған арнаулы комиссияға тапсырылды, ол комиссия қазірдің өзінде-ақ өз жұмысына кірісті.

РСДРП Орталық Комитеті

«Пролетарий» № 1,
27(14) май, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ҮШІНШІ СЪЕЗД

РСДРП ішінде съезд үшін жүргізілген ұзақ, әрі табан тірескен күрес ақырында аяқталды. Үшінші съезд болып өтті. Съезд протоколдары жарыққа шыққаннан кейін ғана оның барлық жұмыстарына толық баға беру мүмкін болады. Қазіргі уақытта біз жарияланған «Хабар»* және съезге қатысушылардың алған әсерлері негізінде III съездің шешімдерінде бейнеленген партиялық дамудың басты кезеңдерін көрсетіп қана өтпекшіміз.

III съездің қарсаңында Россиядағы саналы пролетариат партиясының алдында басты үш мәселе тұрған еді. Біріншіден, партия дағдарысы туралы мәселе. Екіншіден, жалпы партия ұйымының формасы туралы анағұрлым маңыздырақ мәселе. Үшіншіден,— бастан кешіріп отырған революциялық кезеңдегі біздің тактикамыз туралы басты мәселе. Мәні азырағынан көбiрегіне көше отырып, осы үш мәселенің қалай шешілгенін қарап көрейік.

Партия дағдарысы съездің шақырылған бір ғана фактісімен-ақ өзінен-өзі шешілді. Жұртқа мәлім, дағдарыстың негізі II съезд азшылығының съезд көпшілігіне бағынудан қасарыса бас тартқандығы болды. Бұл дағдарыстың жанға батқан азабы және ұзаққа созылу сипаты III съезді шақырудың кешеуілдеуінен болды, партия ішінде іс жүзінде жікке бөліну орын алғандықтан, сырттай, жасанды бірлікті сақтаған болып көлгірсігенмен,

* Қараңыз: осы том, 217—222-беттер *Ред.*

көпшілік тұйыққа тірелген жағдайдан шығудың тура жолын тездеткісі келіп жанталаса күш-жігер жұмсағанымен жасырын және құпия жікке бөліну орын алғандықтан болды. Съезд көпшіліктің шешімдерін мойындау туралы, яғни партия бірлігін іс жүзінде қалпына келтіру немесе оны ресми түрде толық бұзу туралы мәселені азшылықтың алдына тіке қойып, тура жолды тауып берді. Азшылық жікке бөлінуді жөн көріп, бұл мәселені екінші мағынада шешті. Партияның толық праволы ұйымдары көпшілігінің күмәнсыз білдірілген еркіне қарамастан Советтің съезге қатысудан бас тартуы, бүкіл азшылықтың съезге келуден бас тартуы, бұдан бұрын «Хабарда» айтылғанындай, жікке бөлінуге қарай жасалған ақырғы қадам болды. Біз бұл арада съездің формальды заңдылығына тоқталып жатпаймыз, ол жағы «Хабарда» толық дәлелденген. Совет шақырмаған, яғни партия уставы бойынша шақырылмаған съезд заңсыз деген дәлелге партиядағы жанжалдың бүкіл тарихынан кейін тіпті мән берудің өзі қиын. Жалпы алғанда, кез келген партия ұйымының негіздерін ұғынған әрбір адамға айқын нәрсе — төменгі коллегия жөніндегі тәртіп жоғарғы коллегия жөніндегі тәртіпке байланысты; Совет жөніндегі тәртіп Советтің өзінің сенімгерлеріне, яғни комитеттер мен олардың жиынтығына, партия съезіне бағынуына байланысты. Кімде-кім осы ақиқатқа қосылмайтын болса, ондай адамның сенім білдірілген өкілдер сенімгерлер алдында жауапты емес және оларға есеп бермейді, қайта мұның керісінше болады деген ағат қорытындыға ұрынары хақ. Бірақ, қайталап айтамыз, бұл мәселеге ұзақ тоқталып жатудың қажеті жоқ, оның себебі — істің жайын түсінгісі келмейтіндердің ғана түсінбейтіндігінен емес, оның тағы бір себебі — жікке бөлінген кезден бері жікке бөлінгендер арасындағы формальдылық туралы талас өте-мөте құрғақ, мақсатсыз схоластикаға айналып барады.

Азшылық қазір партиядан бөлініп шықты, бұл — болған факт. Оның бір бөлегі, бәлкім, күшпен басып-жаншты және т. с. деген түрлі ертегілердің қисынсыз екепіне, жаңа уставта жалпы азшылықтың праволарына толық кепілдік беріліп отырғанын, жікке бөлінудің

зындылығын съезд шешімдерінен және көбіне-көп съездің протоколдарынан көріп, көздері жетер,— сөйтіп партияға кірер. Екінші бөлегі, бәлкім, біраз уақыт партия съезін мойындамай қарысып бағар. Азшылықтың бұл бөлегі жөнінде бізге оның өзгеше тактикасы мен өзгеше уставы бар тұтас ұйым болып неғұрлым тезірек іштей ұйымдасуына тілек білдіру ғана қалып отыр. Бұл неғұрлым тезірек болса, барша жұрт және әрбір адам, партия қызметкерлерінің қалың бұқарасы жікке бөлінудің себептерін және оған берілген бағаға соғұрлым оңай түсінетін болады, жер-жердегі жұмыстың қажеттеріне қарай, партияның және бөлініп шыққан ұйымның арасындағы практикалық келісімдер соғұрлым жүзеге асатын болады, ақырында, келешекте партия бірлігінің сөзсіз қалпына келуіне соғұрлым тезірек жол ашылады.

Енді екінші мәселеге, партияның жалпы ұйымдық нормаларына көшейік. III съезд партияның бүкіл уставын қайта қарай келіп, бұл нормаларды елеулі дәрежеде қайта жасап шықты. Осы қайта қараудың басты-басты үш пунктке қатысы болды: а) уставтың 1-параграфын өзгерту; б) Орталық Комитеттің праволарын және комитеттердің автономиясын дәл белгілеу, автономияны кеңейту; в) бірыңғай орталық құру. Уставтың 1-параграфы туралы атышулы мәселені алатын болсақ, оны партиялық әдебиет қазірдің өзінде-ақ жеткілікті түсіндіріп берді. Мартовтың тұрлаусыз тұжырымын принцип жүзінде қорғаудың теріс екендігі әбден дәлелденді. Каутскийдің осы тұжырымды принциптік пікірлер арқылы емес, орыстың астыртын жұмыс жағдайына қолайлылығы тұрғысынан қорғамақ болған әрекеті іске аспады және іске асуы да мүмкін емес еді. Кімде-кім Россияда жұмыс істеген болса, қолайлылық жөнінде мұндай пікірдің болмайтындығын жақсы біледі. Енді уставтың жаңа 1-параграфын жүзеге асыру жөніндегі партияның коллективтік *жұмысының* алғашқы тәжірибесін күту керек болады. Оны жүзеге асыру жөнінде әлі де жұмыс істеу керек, көп жұмыс істеу керек екенін біз атап көрсетеміз. «Партия ұйымдарының бірінің бақылауымен» өзін өзі партия мүшесі деп есептеу үшін,— бұл үшін ешқандай жұмыс істеу талап етілмейді, өйткені бұл форму-

ла — бос сөз және екінші съезден үшінші съезге дейін барлық уақытта бос сөз болып келді. Шағын, әрі астыртын партия ұйымдарынан бастап, мүмкін болғанынша аса көлемді және мүмкін болғанынша астыртындығы кемірек әр тектес партия ұйымдарының кең жүйесін құру үшін, бұл үшін ұйымдастыру жұмысын табанды түрде, ұзақ, шебер жүргізу керек, бұл жұмыс қазір біздің Орталық Комитетке, көбіне-көп біздің жергілікті комитеттерге жүктеліп отыр. Нақ осы комитеттердің аса көп ұйымдарға партия ұйымдары деген атақ берулеріне тура келеді, бұл істе қажетсіз қағазбастылық пен кінәмшілдік атаулыдан аулақ болуына тура келеді, біздің партиямызға кіретін әр алуан жұмысшы ұйымдарын мүмкіндігінше көбірек құру қажет деген идеяны жұмысшылар арасында әрқашан және үздіксіз насихаттап отыруына тура келеді. Бұл арада біз осы қызықты мәселеге бұдан ұзағырақ тоқтала алмаймыз. Тек айта кететініміз — революция дәуірі социал-демократияны барлық және кез келген демократиялық партиялардан айқын айырып қарауды айрықша қажет етеді. Ал партия ұйымдарының санын молайту және олардың өзара байланысын нығайту жөнінде үздіксіз жұмыс жүргізбейінше, бұлайша айырып қарау мүмкін емес. Айталық, съезд белгілеген екі аптада есеп беріп отыру осы байланысты нығайту ісіне қызмет етуге тиіс. Бұл есептердің қағаз жүзінде қалып қоймауын, практиктер бұл жөнінде қағазбастылық пен кеңсешілдіктің машақаттары көп деп шошынбауын, олар өздерін алдымен кішігірім нәрсеге, тым болмаса әрбір, тіпті ең ұсақ, орталықтан өте шалғай жатқан партия ұйымы мүшелерінің санын хабарлап отыруға дағдыландыруын тілейміз. «Істің басталуы ғана қиын» деген мақал бар, ұдайы ұйымдық қатынастар жасап дағдыланудың қандай орасан зор маңызы бар екені істей келе өзі-ақ көрінеді.

Бір орталық туралы мәселеге біз көп тоқталып жатпаймыз. «Қос орталықты» II съезд қандай орасан көпшілік дауыспен қабылдаған болса, оны III съезд сондай көпшілік дауыспен қабылдамай тастады. Партияның тарихын зер сала қадағалап отырған әрбір адам мұның себептерін оңай түсінеді. Съездер жаңалық жасап қана

қоймай, қол жеткен нәтижелерді де баянды етеді. II съезд кезінде «Искра» редакциясы тұрақтылықтың тірегі болды және солай есептелді,— сондықтан да оған басымдық берілді. Партияның сол кездегі даму дәрежесінде Россиядағы жолдастардың шетелдегі жолдастардан басым болуы әлі де проблемалы мәселе болып көрінді. Екінші съезден кейін нақ шетелдегі редакция тұрлаусыз болып шықты, партия өсе түсті, нақ Россияда күмәнсыз және едәуір өсті. Мұндай жағдайда партия Орталық Комитетінің Орталық Органның редакциясын тағайындауына партия қызметкерлері көпшілігінің тарапынан тілектестік білдірілмей қала алмайтын.

Ақырында, Орталық Комитет пен жергілікті комитеттердің праволарын, идеялық күрес пен іріткі салушылық кикілжіңді неғұрлым дәл айыру әрекеттері II съезден кейінгі оқиғалардың бүкіл барысынан сөзсіз келіп туған еді. Бұл арада біз «партиялық тәжірибенің» дәйекті де жүйелі түрде «жиналғанын» көріп отырмыз. Плеханов пен Лениннің 1903 жылғы 6 октябрьде наразы редакторларға жазған хаты*— ашу-ыза мен алауыздық элементтеріне шек қою талабы болды. Орталық Комитеттің 1903 жылғы 25 ноябрьдегі ультиматумы[100]— бұл да әдеби топтың тұжырымдалған ұсынысы түріндегі талабы. Орталық Комитеттің Советтегі өкілдерінің 1904 жылғы январьдың аяғында жасаған мәлімдемесі**— бүкіл партияны күрестің идеялық формаларын бойкоттан, т. с. ажыратуға шақырған әрекеті. Лениннің 1904 жылғы 26 майда Орталық Комитеттің орыс мүшелеріне жазған хаты*** — азшылықтың праволарына формальды түрде кепілдік беру қажеттігін мойындау. Белгілі «22-нің декларациясы» (1904 ж. күз) — бұл да неғұрлым айқын, талдап жасалған және үзілді-кесілді түрдегі мойындау. III съездің де осы жолмен жүргендігі әбден түсінікті, бұл съезд «қоршау жағдайдың сағымын біржола сейілтті, ресми шешімдермен сейілтті». Осы ресми шешімдердің, яғни партия уставындағы өзгерістердің мәні нақ неде екенін біз бұл арада қайталап

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 365-бет. *Ред.*
** Бұл да сонда, 120—123-беттер. *Ред.*
*** Бұл да сонда, 443—447-беттер. *Ред.*

жатпаймыз, өйткені ол уставтан және «Хабардан» көрініп тұр. Тек екі нәрсені ғана айтып өтпекшіміз. Біріншіден, әдебиет шығару правосына кепілдік беру және комитеттерді «таратылудан» сақтау бөлініп шыққан ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың партияға қайтып оралуын оңайлатады деп сенуге болады. Екіншіден, комитеттердің адам құрамының дербес праволылығының белгіленуіне байланысты осындай дербес праволылықты теріс пайдаланудың орын алуы мүмкін екені, яғни мүлде жарамсыз комитеттің «ауыстырылмайтын» болуының қолайсыз екені алдын ала көзделді. Сөйтіп партияның жаңа уставының 9-параграфы пайда болды, онда партия ұйымдарына кіретін жергілікті жұмысшылардың $^{2}/_{3}$ бөлігі талап еткенде комитетті тарату шарттары белгіленді. Бұл ереженің қаншалықты қолайлы болғанын білу үшін тәжірибенің нәтижесін күтейік.

Ақырында, съезд жұмысының соңғы, ең маңызды мәселесіне, партияның тактикасын белгілеуге көше отырып, біз бұл арада жеке қарарларды тізіп шығудың және олардың мазмұнын толық қарап жатудың жөні жоқ екенін ескертуге тиіспіз. Бәлкім, бұған ең басты қарарларға арналған арнаулы мақалаларда көңіл бөлуге тура келер. Ал бұл арада съезд талдап анықтауға тиіс болған жалпы саяси жағдайды суреттеп өту қажет. Басталған орыс революциясының барысы мен нәтижесі екі түрлі болуы ықтимал. Бәлкім, патша үкіметі өзі түскен қыспақтан болмашы кеңшіліктер жасау арқылы, әлденендей «шиповтық» конституция[101] арқылы әлі де сытылып шығар. Олай болуы екіталай, бірақ егер самодержавиенің халықаралық жағдайы, мәселен, біршама сәтті бітім жасалуына байланысты жақсаратын болса, егер буржуазияның дәулеттілер өкіметімен ауыз жаласып, бостандық ісіне жасаған опасыздығы тез іске асатын болса, егер болмай қоймайтын революциялық дүмпу немесе дүмпулер халықтың жеңілуімен аяқталатын болса, — онда әлгіндей нәтижеге соқтырады. Онда біздер, социал-демократтар, сондай-ақ бүкіл саналы пролетариат, тап ретіндегі буржуазияның жалған конституциялы қатыгез үстемдігінің, жұмысшылардың саяси ынта-жігерін әр түрлі жолмен басып-жаншудың, жаңа жағдайда эко-

номикалық прогрестің шабандап, ұзаққа созылатын сүреңсіз күндерін бастан кешіретін боламыз. Революция қалай аяқталса да біз, әлбетте, жасымаймыз, біз жағдайдағы әрбір өзгерісті жұмысшы партиясының дербес ұйымын ұлғайтып, нығайту үшін, пролетариатты жаңа күреске саяси жағынан тәрбиелеу үшін пайдаланамыз. РСДРП-ның ашық бой көрсетуі туралы қарарда съезд, тегінде, осы міндетті де еске алды.

Революцияның басқаша нәтижемен тынуы, атап айтқанда, «Хабарда»* айтылғанындай, «жұмысшы табы бастаған демократияның толық жеңіп шығуы» мүмкін және анағұрлым ықтимал. Осы нәтижеге жету үшін, бірінші нәтижеге жол беретін жағдайларды жою үшін біздің қолдан келгеннің бәрін істейтіндігіміз туралы айтпасақ та болады. Объективтік тарихи жағдайлар да орыс революциясы үшін қолайлы болып отыр. Мағынасыз, әрі масқара соғыс патша үкіметінің мойнына түскен қыл тұзақты тарта түседі және соғысқұмарларды революциялық жолмен жою үшін, тұрақты армиялардың орнына халықтың қарулануын кеңінен насихаттау үшін, халық бұқарасының тілектестігімен бұл шараны тез жүзеге асыру үшін айрықша қолайлы жағдай туғызады. Самодержавиенің ұзақ уақыт бойы, бір өзінің билеп-төстеуі халықтың бойына, бәлкім, тарихта болып көрмеген революциялық күш-жігер жинатса керек: орасан зор жұмысшы қозғалысымен қатар шаруалар көтерілісі өрістеп, өсіп келеді, негізінен еркін мамандық өкілдерінен тұратын ұсақ буржуазиялық демократия топтаса бастады. Тарихтың талқысы самодержавиені былайша жазалады: тіпті оған дос клерикализм сияқты қоғамдық күштердің өзі полициялық бюрократизмнің шеңберін қиратып немесе сиретіп, ішінара самодержавиеге қарсы ұйымдасуға тиісті болып отыр. Дін басылары арасындағы қобалжу, олардың өмірдің жаңа формаларына талпынуы, клерикалдардың бөлініп шығуы, христиан социалистер мен христиан демократтардың пайда болуы, «бөтен діндегілердің», сектанттардың ашынуы және т. т.: осының бәрі шіркеуді мемлекеттен

* Қараңыз: осы том, 221-бет. *Ред.*

толық ажырату жолында үгіт жүргізу үшін аса қолайлы негіз жасап, революцияға айта қаларлықтай көп қызмет көрсетеді. Революцияның ерікті және ериксіз, саналы және санасыз одақтастары күн санап емес, сағат санап өсіп, көбейіп келеді. Халықтың самодержавиені жеңу мүмкіндігі күшейіп келеді.

Пролетариат ерлікпен бар күшін салғанда ғана бұл жеңіс мүмкін болады. Бұл жеңіс социал-демократияға зор талаптар қояды; тарих демократиялық төңкеріс заманында жұмысшы партиясының алдына әлі бірде-бір рет және еш жерде мұндай талаптар қойып көрген емес. Бұл арада біздің алдымызда баяу әзірлік жұмысының даңғыл жолы тұрған жоқ, көтерілісті ұйымдастыру, пролетариаттың революциялық күштерін шоғырландыру, осы күштерді бүкіл революцияшыл халықтың күштерімен топтастыру, қарулы шабуыл жасау, революциялық уақытша үкімет құру жөнінде аса ұлы, орасан зор міндеттер қойылып отыр. Қазір барша жұрттың білуі үшін жарияланған қарарларда, III съезд осы жаңа міндеттерді ескеруге және саналы пролетарлар ұйымдарына шама-шарқынша директивалар беруге тырысты.

Россия барлық прогресшіл халық күштерінің самодержавиеге қарсы жүргізген ғасырлар бойғы күресінің шешілер шағына таянып келеді. Бұл күреске пролетариаттың бар қажыр-қайратымен қатысатынына және күреске нақ соның қатысуы Россиядағы революцияның тағдырын шешетініне қазір ешкім де күмәнданбайды. Қазір біздер, социал-демократтар, ең революцияшыл таптың лайықты өкілдері мен басшылары болуымыз керек, социализмге қарай жеңімпаз шерудің кепілі — оның ең дарқан бостандыққа жетуіне көмектесуіміз керек.

«Пролетарий» № 1,
27 (14) май, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЖЕҢІМПАЗ РЕВОЛЮЦИЯ

Бұл сөздерді қазір жиі естіп те, оқып та жүрсіздер. Ал шынында осы сөздердің мағынасы не? «Революция» деген ұғымды құдайдай көріп, табынуға болмайды (буржуазияшыл революционерлер, сөз жоқ, осылай істейді, осылай істеп те жүр). Болмас іске үміт артуға, өзіңе қолдан миф жасауға болмайды — мұның өзі тарихты материалистік тұрғыдан түсінуге және таптық көзқарасқа сөзсіз жат нәрсе.

Бірақ солай бола тұрса да, біздің көз алдымызда екі күштің күресі болып жатқаны, күрес болғанда, өліспей беріспейтін күрес болып жатқаны күмәнсыз,— дұрысында да екі күштің күресі, өйткені күрестің объектісі патшаның самодержавиесі, respective * халықтың самодержавиесі болып отыр. Бұл екі күш — революция мен контрреволюция.

Демек, біздің міндетіміз: (1) осы әлеуметтік күштердің таптық мазмұны қандай екені жөнінде; (2) олардың күресінің қазіргі, дәл осы кездегі нақтылы, экономикалық мазмұнының қандай екені жөнінде өзімізге дәл айқындап алу болады.

Бұл сұрақтарға берілетін қысқаша жауап (егжей-тегжейлі дамытылуға тиісті жауап) мынадай:

революцияшыл күштер = пролетариат пен шаруалар (шаруалар *революцияшыл* ұсақ буржуазияның басты өкілі ретінде; интеллигенцияның *революциялық* маңызының мардымсыздығы).

* — немесе, тиісінше. *Ред.*

Жеңімпаз революция = пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасы.

Төңкерістің мазмұны = демократиялық саяси құрылыс орнату, құрылыс болғанда, өзінің экономикалық маңызы жағынан (1) капитализмнің дамуына еркіндік беруге; (2) крепостниктіктің қалдықтарын жоюға; (3) халық бұқарасының, әсіресе оның төменгі топтарының тұрмыс дәрежесі мен мәдени дәрежесін көтеруге тең келетін құрылыс орнату. |Америка және Россия, пауперизм және капитализм.|

Mythenbildung *— буржуазиялық демократияның тарихи позициясының сөзсіз салдары. |Адвокаттардың карарларын [102] салыстыру керек.| Барлық «социалистер»...

Umwälzung **, Umsturz ***... кімде? интеллигенцияда ма?? адвокаттарда ма?—*Nil* ****. Тек пролетарлар мен *шаруаларда* ғана. Бұлардың қолы жеткен табыстарын баянды ететін не?? Тек республика, демократиялық диктатура.

1905 ж. май — июньде жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — Миф туғызушылық *Ред.*

** — Төңкеріс, революция. *Ред.*

*** — құлату *Ред.*

**** — Nihil — түк жоқ. *Ред.*

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОҒА ХАТ [103]

Женева, 2 июнь, 1905 ж.

Халықаралық социалистік бюроға

Қымбатты жолдастар! Бұдан бірнеше апта бұрын РСДРП-ның 3-съезі болып өтті. Көп ұзамай француз және неміс тілдеріне аударылған съезд қарарлары арнаулы кітапша [104] болып басып шығарылып, Бюроға жеткізіліп беріледі. Съездің шешіміне сәйкес «Искра» газеті партияның Орталық Органы болудан қалды. Мұнан былай Женевада апта сайын шығатын «Пролетарий» газеті [105] Орталық Орган болады.

Орталық Комитет, жаңа уставқа сәйкес, партиямыздың бірден-бір орталық мекемесі болғандықтан, Халықаралық бюроға партияның өкілін тағайындайды. Біз Сіздердің ендігі жерде Орталық Комитеттің өкілі Ульянов жолдасқа хабарласып тұруларыңызды өтінеміз: 3, rue de la Colline, Genève.

Біздің туысқандық сәлемімізді қабыл алыңыздар, қымбатты жолдастар.

РСДРП Орталық Комитеті үшін *Н. Ленин (В. Ульянов)*

1905 ж. жеке листок болып гектографта басылған

Гектографта басылған листоктың тексті бойынша басылып отыр

КЕРТАРТПА БУРЖУАЗИЯНЫҢ КЕҢЕСТЕРІ

Бұдан бірнеше апта бұрын Москвада земствошылардың екінші съезі болды. Бұл съезд жайында орыс газеттеріне бір ауыз да сөз жаздырмай қойды. Ағылшын газеттері съезге қатысқан және оның шешімдерін ғана емес, сонымен қатар әр түрлі бағыттағы өкілдердің сөйлеген сөздерінің мазмұнын да телеграф арқылы беріп тұрған адамдардың сөзіне сүйеніп, съездің бірсыпыра егжей-тегжейін хабарлап отыр. Земствоның 132 өкілі шешімдерінің мәні баяғы сол Струве мырза жариялаған және біз «Вперед»-тің 18-номерінде талдаған («Саяси софизмдер») * конституция программасын қабылдауға саяды. Бұл программа монархияны сақтай отырып, халық өкілдігінің екі палаталы системасы болуын көздейді. Жоғарғы палата — земстволар мен думалардың делегаттарынан, төменгі палата — жалпыға бірдей төте, тең сайлау арқылы дауысты жасырын беру жолымен сайланбақ. Съезд жайында үндемей қалуға мәжбүр болған біздің жария газеттеріміз бұл программа туралы толық мағлұматтарды енді баса бастады, міне сондықтан да бұл программаны талдаудың енді ерекше зор маңызы болып отыр.

Ал земство съезінің өзіне келетін болсақ, сірә, біздің бұған әлі де талай рет қайтып оралуымызға тура келетін шығар. Әзірше, ағылшын газеттеріне сүйеніп, осы съезде болған бір ерекше қызық оқиғаны — «либерал-

* Қараңыз: осы том, 206—216-беттер. *Ред.*

дық» немесе оппортунистік немесе шиповшыл партия мен «радикалдық» партия арасындағы алшақтықты немесе жікке бөлінушілікті ғана хабарлай тұрамыз. Алшақтық жалпыға бірдей сайлау правосынан туды, жалпыға бірдей сайлау правосын алдыңғы айтылған партия қаламады. 7 майда (24 апрельде) жексенбіде съездің 52 мүшесінің Шипов жағында екені және, жалпыға бірдей сайлау правосын мойындаған күнде бұлардың съезден кетіп қалуға әзір екені мәлім болды. Дүйсенбі күні бұлардың ішінен жиырма адамға жуығы көпшілікке қосылып, жалпыға бірдей сайлау правосын жақтап дауыс берді. Содан соң жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде құрылтай жиналысын шақыру туралы қарар бір ауыздан қабылданды, оның үстіне едәуір көпшілігі, сонымен бірге, сайлау правосының төте болуын және думалар мен земстволардан (құрылтай жиналысында) өкілдер болмауын жақтаған пікір айтты. Сонымен, земствошылар съезінде шиповшылдар *әзірше* жеңіліп қалды. Съезд көпшілігі екі палатаның біреуіне төте емес және тең емес сайлау арқылы залалсыз етілген жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын сайлау правосын беру жолымен ғана монархияны сақтап қалуға және революцияның бетін қайтаруға болады деген қорытындыға келді.

Бұл съезге және бұл шешімге ағылшынның кертартпа буржуазиясының берген бағасы өте-мөте сабақ боларлықтай. «Орыс халқының қалың бұқарасы арасында бұл съездің қаншалықты қолдау тауып отырғанын ең анық мәліметтерден біліп алмай тұрып,— деп жазады «Таймс»,— бұл тамаша съездің саяси маңызына баға беру біздерге, шетелдіктерге, ешбір мүмкін емес. Бұл съезд нағыз конституциялық өзгерістің бастамасы болып шығуы мүмкін; ол революцияға апаратын жолдың бірінші сатысы болуы мүмкін; ол жай ғана фейерверк болуы мүмкін, сол себепті де бюрократия оның өзіне ешбір зиян келтірмей жанып кететінін біліп, оған төзімділік жасап келді».

Тамаша дұрыс сипаттама! Шынында да, орыс революциясының мұнан былайғы барысын осы съезд сияқты оқиға тіпті де айқындай алмайды. «Халықтың қалың

бұқарасының қолдауы» әлі де мәлімсіз болып отыр, мәлімсіз болғанда, халықтың нақ қолдау фактісі мағынасында емес (халықтың қолдауы күмәнсыз), сол қолдау күшінің қандай болатындығы мағынасында. Егер үкімет көтерілісті жеңіп кетсе, онда либералдық съезд әншейін ғана фейерверктің нақ өзі болады да шығады. Сондықтан да Европаның ынсапты либералдары, әлбетте, орта жолда қалуды: революцияны болдырмайтын ынсапты конституция қабылдауға кеңес береді. Бірақ үкіметтің абыржуы оларда қауіптену мен наразылық туғызып отыр. Съездің шешімдерін жариялауға тыйым салынуы «Таймсқа» таңырқарлық болып көрінді, өйткені өз уездеріне жүріп кеткен делегаттардың қолында өздерінің шешімдері жайында бүкіл орыс қоғамына хабарлай алатындай барлық құралдар бар. «Үкімет съезге мүлде тыйым салып, съезге келген земствошыларды тұтқынға алса, сөйтіп олардың съезін бір алдамшы реформа жүргізуге сылтау ретінде пайдаланған болса, онда үкіметтің мұндай шараларының бәрі түсінікті болар еді. Ал енді земствошылардың бас қосуына және тарап кетуіне мүмкіндік беріп алып, соңынан олардың шешімдерін жасырып қалуға тырысу,— бұл барып тұрған ақымақтық».

Патша үкіметінің абыржығанын және дәрменсіздігін дәлелдейтін ақымақтығы (өйткені революция кезеңінде абыржу дегеніміз — дәрменсіздіктің ең айнымас белгісі), Европа капиталына («Таймс» — Ситидің, дүние жүзіндегі аса бай қаланың көрнекті финанс шонжарларының органы) үлкен уайым туғызып отыр. Үкіметтің осы абыржуы нағыз, жеңімпаз, жолындағының бәрін жайпап өтетін революцияның ықтимал екенін күшейте түседі, бұл революция Европа буржуазиясының зәресін ұшырып отыр. Европа буржуазиясы абыржып қалғаны үшін самодержавиені, талаптарының «ынсапсыздығы» үшін либералдарды балағаттауда! «Бас-аяғы бес күннің ішінде,— деп бұлан-талан болады «Таймс»,— өздерінің көзқарастарын өзгерте салып, тым ұшқары шешімдер (жалпыға бірдей сайлау правосын) қабылдады, оның үстіне Европаның ең тәжірибелі заң шығарушы жиналыстары бүтіндей бір сессия бойына пікір қорытуға батылы бара коймайтын мәселе жөнінде қабылдады». Ев-

ропа капиталы орыс капиталына өзінен өнеге алуға кеңес беріп отыр. Бұл кеңестің құлаққа ілінуіне біз күмәнданбаймыз,— бірақ самодержавиеге *тежеу* салынғаннан кейін болмаса, одан бергі жерде құлаққа іліне қояр ма екен. Кезінде Европа буржуазиясының абсолютизмге қарсы шығуы орыс буржуазиясына қарағанда анағұрлым «ынсапсыз» болды, анағұрлым революцияшыл болды. Орыс самодержавиесінің «қарысуы» мен орыс либерализмінің ынсапсыздығы «Таймстың» мәселе қойысынан көрініп отырғанындай, олардың тәжірибесіздігіне байланысты емес, олардың еркінен тыс жатқан жағдайларға, халықаралық жағдайға, сыртқы саясатқа байланысты болып отыр, бәрінен гөрі самодержавиені тырп еткізбей қойған және соның саясында Батыс Европада болып көрмеген қайшылықтар мен жанжалдарды туғызған орыс тарихы мұрасына байланысты болып отыр. Орыс патша өкіметінің өткен замандағы атышулы беріктігі мен күштілігі оған жасалатын революциялық шабуылдың да күшті болуын қажетті түрде талап етеді. Мұның өзі барлық жайбасарлар мен оппортунистерге өте-мөте ұнамсыз, мұның өзі хвостистер қосынындағы тіпті көптеген социал-демократтардың да үрейін ұшырады, бірақ, бұл — факт.

«Таймс» Шиповтың жеңіліс тапқанына жоқтау айтып отыр. Күні кеше ноябрьде ғана ол реформа партиясының жұрт таныған басшысы еді! ал енді... «көрдіңіз бе, революцияның өз перзенттерін қалай тез жалмайтынын». Байғұс Шипов! Әрі жеңіліс тапты, әрі революция перзенті деген атаққа қалды,— жазмыштың әділетсіздігін қараңызшы! Земствошылар съезінде Шиповты омақастырған «радикалдар» «Таймстың» ашу-ызасын туғызып отыр. Бұлар,— деп зәресі кетіп байбалам салады «Таймс» — француз Конвентінің теориялық принциптерін ұстанады. Барлық азаматтардың теңдігі мен тең праволылығы, халықтың суверендfestilігі және т. т. жөніндегі доктрина «қазірдің өзінде-ақ оқиғалар көрсеткеніндей, Жан-Жак Руссоның адамзатқа өсиет етіп кеткен апатты софистикасының барлық ойдан шығаргандарының ішіндегі, бәлкім, ең қара ниеттілерінің бірі болып шықты». «Мұның өзі якобинизмнің басты ір-

гетасы, түпкі тамыры, оның орын алуының өзі-ақ әділетті және шипалы реформаның табысты болуы үшін орасан зор қатер туғызады».

«Якобинизмнің» осы құбыжығын қолдануға құштарлығы жөнінен либерализм оппортунистері социал-демократия оппортунистерімен балдай тәтті болып жараса кетеді. Демократиялық революция заманында тек оңбайтын реакционерлер немесе оңбайтын филистерлер ғана якобинизмді айтып қорқытуы мүмкін.

«Пролетарий» № 2,
3 июнь (21 май), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ [106]

1905 ж. 3 және 9 июньде (21 және 27 майда) «Пролетарий» газетінің 2 және 3-номерлерінде басылған

Газеттің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

БІРІНШІ МАҚАЛА

ПЛЕХАНОВТЫҢ ТАРИХИ АНЫҚТАМАСЫ

Партияның үшінші съезі революциялық уақытша үкімет туралы мәселе бойынша қарар қабылдады. Бұл қарар дәл біздің «Вперед» газетінде ұстаған позициямызды бейнелейді. Енді біз өзіміздің позициямызға қарсы айтылған пікірлердің бәріне толық талдау жасауға және съезд қарарының шын принциптік мәні мен практикалық маңызын барлық жағынан түсіндіруге кіріспекпіз. Алдымен Плехановтың бұл мәселені қатаң принциптік негізге қоймақ болған әрекетін алайық. Плеханов өз мақаласына «Өкіметті басып алу туралы мәселе жөнінде» деп ат қойған. Ол «пролетариаттың саяси өкіметті басып алуына бағыттайтын (шамасы «Вперед» болса керек) тактиканы» сынайды. Шынына келгенде, «Впередпен» таныс әрбір адам жақсы біледі, «Вперед» еш уақытта *өкіметті басып алу туралы* мәселе көтерген емес және «басып алуға» ешқандай «тактиканы» бағыттаған емес. Плеханов шын талқыланған мәселені өз ойынан шығарған басқа бір мәселемен ауыстыра қоймақшы; мұның анығына жету үшін тек таластың барысын еске түсірсек болғаны.

Бұл мәселені өзінің әйгілі «Екі диктатурасында» тұңғыш рет Мартынов көтерген болатын. Ол былай деді: егер біздің партиямыз көтеріліске басшы ретінде қатысатын болса, онда іс нәтижелі бола қалған жағдайда, оның революциялық уақытша үкіметке қатысуы қажетті болып шығады, ал мұндай қатысуға принциптік жағынан жол беруге болмайды және ол апатқа ұшыра-

татын, абырой төгетін нәтижеден басқа еш нәрсеге жеткізе алмайды. «Искра» осы позицияны жақтады. «Вперед» бұған қарсы болып: қайта, мұндай нәтиже ең қажетті нәтиже, пролетариат пен шаруалардың демократиялық диктатурасына барабар болатындықтан, социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы әбден лайықты, мұндай диктатура болмайынша республиканы сақтап қалу мүмкін емес деді. Сонымен, таласушы екі жақ *Мартыновтың қойған* сұрағына жауап бере отырып, екі түрлі жорамал жасады, бірақ осы жорамалдардан қорытынды шығаруда бір-біріне қайшы келді: екі жақ та 1) көтеріліске пролетариат партиясының басшы ретінде қатысуын; 2) көтерілістің жеңуін және самодержавиенің толық құлатылуын қабылдады; олар осы жорамалдардан туатын тактикалық қорытындыларға баға беруде бір-біріне қайшы келді. Ал мұның «өкіметті басып алуға (??) бағыттайтын (!!) тактикаға» ұқсастығы бар ма? «Искра» мен «Вперед» талқылаған, Мартынов көтерген мәселеден Плехановтың *жалтарып кеткісі* келіп отырғаны айқын емес пе? Егер көтеріліс революциялық уақытша үкіметке қатысуды қажет ететін жағдайға жеткізсе, көтерілістің жеңіспен іске асырылуы қатерлі ме, апатты ма,— біздің таласымыз осы жөнінде болды. Плеханов тактиканы өкіметті басып алуға *бағыттаудың* қажеті бар ма деген мәселе жайында таласуға пиет білдіреді. Плехановтың бұл ниеті (Мартынов қойған мәселені бүркеу тұрғысынан ғана түсінетін ниеті) әшейін ғана бос ниет болып қала ма деп қорқамыз, өйткені бұл тақырыпта ешкім таласқан емес, таласып та отырған жоқ.

Плехановтың бүкіл дәлелінде мәселені бұлайша алмастырудың қандай мәні бар екені «филистерліктің асқан шеберлері» жөніндегі оқиғадан өте-мөте айқын көрінеді. «Впередтің» қолданған бұл сөзі Плехановқа тыныштық берер емес. Плеханов бұған жеті рет қайтып оралады, сөйте келіп: «Вперед» Маркс пен Энгельсті осы сияқты тым ұнамсыз сөзбен атауға дейін барды, «Вперед» Марксті *«сынауға»* кірісті деген және т. с. сөздермен өзінің оқушыларын айбар шегіп, ызғарлана сендірмек болады. Егер «Вперед» Плеханов таңып

отырған қисынсыздыққа аз да болса ұқсастау бірдеңе айтқан болса, онда Мартыновты ақтап алу, «Впередті» «быт-шыт қылу» мақсатын көздеген Плехановқа бұл әбден ұнар еді, мұны біз өте жақсы түсінеміз. Бірақ әңгіме мынада: *«Вперед» ондай еш нәрсе айтқан жоқ,* ал ынта қойып оқыған әрбір оқушы қызықты принциптік мәселені түкке тұрмайтын, ұсақ ілікшілдікке салып шатастырып жіберіп отырған Плехановтың сырын оп-оңай әшкерелей алады.

Ілікшілдікке жауап беріп жату қаншалық көңілсіз іс болғанымен атышулы «филистерліктің асқан шеберлері» жөніндегі осы оқиғаның мәнісі дұрысында не екенін толық түсіндіруге тура келеді. «Впередтің» пайымдауы былай болды. Біз бәріміз де республиканы жеңіп алу туралы әңгіме етіп жүрміз. Республиканы іс жүзінде жеңіп алу үшін біз,— яғни революцияшыл халық, пролетариат пен шаруалар — самодержавиеге «бірігіп соққы беруіміз» керек. Бірақ бұл әлі жеткіліксіз. Тіпті самодержавиені «бірігіп қиратудың», яғни самодержавиелік үкіметті мүлде құлатудың өзі жеткіліксіз. Оның үстіне құлатылған самодержавиені қайта орнату жолындағы сөзсіз жасалатын алдағы жанталасқан әрекеттерді де «бірігіп тойтару» керек. Осы «бірігіп тойтару» дегеніміз революция заманына қолданғанда — пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы болып табылады, пролетариаттың революциялық үкіметке қатысуы болып табылады, басқа еш нәрсе де емес. Сондықтан жұмысшы табын осы диктатураның болу мүмкіндігімен *қорқытушы* адамдар, яғни жаңа «Искрадағы» Мартынов пен Л. Мартов сияқты адамдар республика үшін күресу және революцияны ақырына дейін жеткізу керек деген өздерінің ұранына өздері қайшы шығады. Тегінде, бұлар бостандық жолындағы өз күресін шектегісі, тежегісі келетін адамдарша,— атап айтқанда жеңістердің болмашы ғана бөлегін, республика орнына әлдеқандай бір шолақ конституцияны өздеріне күн ілгері лайықтап қойғысы келетін адамдарша пікір айтады. Мұндай адамдар, деді «Вперед», XIX (және XX) ғасырдағы революцияның басты үш күші және оның негізгі үш сатысы жайындағы белгілі маркстік қа-

ғиданы филистерлерше қорлайды. Ол қағиданың мәнісі мынау: революцияның бірінші сатысы абсолютизмді тежеу деген сөз, бұл буржуазияны қанағаттандырады; екінші сатысы — республиканы жеңіп алу, бұл «халықты», яғни шаруалар мен жалпы ұсақ буржуазияны қанағаттандырады; үшінші сатысы — социалистік төңкеріс, тек жалғыз осы ғана пролетариатты қанағаттандыра алады. *«Бұл көрініс жалпы және тұтас алғанда дұрыс»* деп жазды «Вперед». Біздің алдымызда шынында да осы айтылған үш түрлі схемалық сатыға өрлеу тұр, бұл сатылардың түрліше болуы осы өрлеуде бізге ең тәуір дегенде қандай таптардың ере алатынына байланысты. Ал егер біз үш саты жайындағы осы дұрыс маркстік схеманы түсінгенде *әрбір өрлеуге дейін* өзімізге күн ілгері бір аз ғана мөлшерді, мәселен, бір сатыдан аспайтын мөлшерді өлшеп алу керек деп түсінсек, егер біз әрбір өрлеуге дейін осы схема бойынша, *«революция заманындағы өз ісіміздің жоспарын жасайтын»* болсақ, онда біз филистерліктің асқан шеберлері болып шығамыз.

«Впередтің» 14-номерінде айтылған пікір міне осындай болатын *. Міне дәл осы жерде келіп Плеханов соңғы асты сызылған сөздерге шүйіле бастады. «Вперед» — деп масаттана жария етеді ол,— сөйтіп Маркске филистер деген атақ тақты, өйткені нағыз революция заманында өзінің іс жоспарын нақ осы схема бойынша жасаған Маркстің өзі болатын!

Мұның дәлелі қайсы? Дәлелі мынау: 1850 жылы, Германияның революцияшыл халқы 1848—1849 жылдардағы күресте самодержавиені қирата алмай, жеңіліс тапқан кезде, либералдық буржуазия шолақ конституцияны алып, реакция жағына шығып болған кезде,— бір сөзбен айтқанда, герман демократиялық-революциялық қозғалысы жалғыз ғана бірінші сатыға көтеріліп, одан жоғарырақ көтерілуге шамасы жетпей тоқтаған кезде, сонда... сол кезде Маркстің жаңа революциялық өрлеу екінші сатыға көтерілу болады дегені бар.

* Қараңыз: осы том, 28—30-беттер. *Ред.*

Оқушы, сіз езу тартып отырсыз ба? Шынында да Плехановтың силлогизмі сәл ғана... қалай жұқалап айтсақ екен?... «диалектикалық» болып шығып отыр. *Өйткені* нақты демократиялық революцияның белгілі бір нақты кезеңінде Маркс бірінші сатыға өрлеу болғаннан кейін енді екінші сатыға өрлеу болады деген-ді,— ендеше *сол себептен* ғана Маркстi «сынаушылар» бірінші сатыға көтерілгенге дейін бірден екі сатыға (көтеріліс айрықша жақсы ұйымдастырылып, сәтті өткізілген жағдайда) секірудің сұмдық перспективасымен бізді шошытпақ болатын адамдарды филистерлер деп атай алады.

Рас, рас, Маркстi «сынау» жақсы емес... ал Маркске сәтсіз сілтеме жасау да онша жақсы емес. Мартынов Маркстің пікірін теріс түсіндірді. Плеханов Мартыновты сәтсіз қорғады.

Ендігі жерде қандай да бір қазымыр оқушы біздің сөзімізді іліп-шалып: бұлар қоғамдық күштердің арасалмағына қарамастан, аралық сатыдан қалай да аттап өтуге «бағытталған тактиканы» уағыздайды екен деп қорытынды шығарып жүрмесін. Жоқ, біз ешбір ондай тактиканы уағыздамаймыз. Біз тек республика туралы және революцияны ақырына дейін жеткізу туралы сөз қылуға бейім тұратын, сөйте жүріп, демократиялық диктатураға қатысу мүмкіндігін өзіне де, өзгеге де құбыжық етіп көрсететін адамдардың пролетариатқа ықпал жүргізуіне қарсы күресеміз. Біз «Впередтің» 14-номерінде-ақ былай дегенбіз: қазіргі революциялық өрлеуден кейін, әрине, реакция болмай қалмайды, бірақ біз қазір неғұрлым көбірек жеңіске жетсек, болуы мүмкін (және қажетті) демократиялық диктатура заманында контрреволюциялық күштерді біз неғұрлым рақымсыз жаныштап, құрта түссек, соғұрлым ол реакция біздің бостандығымызды кемірек тартып алатын болады. «Впередтің» сол 14-номерінде біз тағы да былай дегенбіз: осы диктатура жайындағы мәселенің өзі оқиғалардың мынадай барысына жол берілгенде ғана, демократиялық революция орта жолда тоқтап қалмай, абсолютизмді толық құлатуға дейін, республика орнатуға дейін жеткен кезде ғана маңызды болып шығады.

Енді «филистерліктің асқап шеберлері» жөніндегі оқиғаны қоя тұрып, Плеханов цитат келтіріп отырған атақты «Үндеудің» (Коммунистер Одағы Орталық Комитетінің Одақ мүшелеріне 1850 жылғы мартта жолдаған) мазмұнына келейік. Осы өте-мөте қызықты және лұғатты «Үндеуде» (мұны түгелімен орыс тіліне аударса дұрыс болар еді) Маркс Германиядағы 1850 жылғы нақты саяси жағдайды қарастыра келіп, жаңадан саяси дүмпудің болуы ықтимал екенін көрсетеді, революция бола қалған күнде, өкіметтің республикалық, ұсақ буржуазиялық демократиялық партияның қолына сөзсіз өтетінін баяндайды және пролетариаттың тактикасын талдайды. Революцияға дейінгі, нақ революция кезіндегі және ұсақ буржуазиялық демократия жеңгеннен кейінгі тактиканы ерекше қарай келіп, Маркс «жұмысшы партиясының дербес құпия және ашық ұйымын» құру қажет деп талап етеді, «оны ресми буржуазиялық демократияның шылауы ролін атқаратындай етіп төмендетуге» қарсы бар күшімен күреседі, жұмысшыларды қаруландырудың, дербес пролетариат гвардиясын құрудың, сатқын ұсақ буржуазиялық демократияны пролетарлардың қатаң бақылап отыруының және т. т. маңызын баса көрсетеді.

Жұмысшы партиясының революциялық уақытша үкіметке қатысуы жайында болсын, пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы жайында болсын бүкіл «Үндеуде» бір ауыз да сөз айтылмайды. Осыдан келіп Плеханов: «революциялық пролетариаттың саяси өкілдері ұсақ буржуазияның өкілдерімен бірге жаңа қоғамдық құрылыс орнату жолында еңбек ете алады-ау деп Маркс тіпті ойламаған да болу керек» деген қорытынды жасайды. Бұл қорытындының логикасы ақсап жатыр. Маркс жұмысшы партиясының революциялық уақытша үкіметке қатысуы жайында мәселе *көтермейді,* ал Плеханов бұл мәселені Маркс жалпы және принцип жүзінде сөзсіз кері мәнісінде шешкен деп қорытынды жасайды. Маркс тек нақты жағдай туралы ғана айтады, ал Плеханов, мәселені тіпті де нақты түрінде қарамай, жалпылама қорытынды жасап отыр. Ал сонымен бірге Плехановтың қорытын-

дыларының түгелдей теріс екендігін аңғару үшін «Үндеудің» Плеханов қалдырып кеткен кейбір жерлеріне көз салса да жетіп жатыр.

«Үндеу» революция дәуірінің екі жылының, 1848 және 1849 жылдардың тәжірибесі негізінде жазылған. Бұл тәжірибенің нәтижелерін Маркс былай деп тұжырымдайды: «Дәл сол кездің өзінде (яғни дәл 1848—1849 жылдары) Коммунистер Одағының бұрынғы берік ұйымы едәуір әлсіреген еді. Революциялық қозғалысқа тікелей қатысқан мүшелердің көпшілігі: енді құпия қоғамдардың уақыты өтті, сондықтан ашық қызметтің бір өзі-ақ жетіп жатыр деген ойда болды. Жеке округтер мен қауымдар (Gemeinden) Орталық Комитетпен өздерінің қарым-қатынасын босаңсыта бастап, бірте-бірте оны мүлде тоқтатты. *Сонымен, ол кезде демократиялық партия, ұсақ буржуазия партиясы, Германияда барған сайын неғұрлым ұйымдаса берген болса, жұмысшы партиясы өзінің бірден-бір берік тірегінен айрылып қалды,* ұйымдасқан түрінде ол ең көп болғанда кей жерлерде ғана, жергілікті мақсат үшін сақталып қалды, ал соның себебінен *жалпы қозғалыста, түгелімен ұсақ буржуазиялық демократтардың билеуіне және басқаруына бағыныңқы болып қалды»* *. Ал «Үндеудің» келесі бетінде Маркс былай дейді: «Қазіргі уақытта, жаңа революция болайын деп тұрған кезде,.. жұмысшы партиясы тағы да 1848 жылғы сияқты буржуазияның қапауына түспейін десе, буржуазияның соңына еріп сүйретілмейін десе, оның мүмкіндігінше ұйымшылдықпен, мүмкіндігінше бір ауыздылықпен және мүмкіндігінше дербестікпен күреске шығуы өте-мөте қажет».

Осы үзілді-кесілді тұжырымдардың мәнісіне жақсылап ой жіберіңіздерші! Ашық революцияның 2 жылы өткеннен кейін, Берлинде халық көтерілісі жеңіп шыққаннан кейін, революциялық парламент шақырылғаннан кейін, елдің бір бөлегі ашық көтеріліске шығып, өкімет билігі революциялық үкіметтердің қолына уа-

* Ansprache der Zentralbehörde an den Bund, von März 1850, K. Marx: «Enthüllungen über den Kommunistenprozeß zu Köln», 1885, Anhang IX, S. 75. (Орталық Комитеттің Одаққа үндеуі, 1850, март, К. Маркс: «Кёльнде коммунистерге болған процесс туралы әшкерелеулер», 1885, IX қосымша, 75-бет. *Ред.)* Цитаттардағы курсивтің бәрі біздікі.

қытша көшкеннен кейін,— Маркс революцияшыл халықтың жеңілгенін және, партияның ұйымшылдығы жағынан, ұсақ буржуазиялық демократияның *ұтқанын*, жұмысшы партиясының *ұтылғанын* атап көрсетеді. Осының өзі-ақ жұмысшы партиясының үкіметке қатысуы туралы мәселе қойып жатуды керек етпейтін саяси жағдайдың болғанын айдан анық көрсетпей ме? Маркстің өзі тоғыз ай бойы жұмысшы партиясының нағыз революциялық газетін ашық шығарып тұрған революциялық дәуірдің 2 жылы өткеннен кейін, жұмысшы партиясының мүлде берекесі кеткенін, жалпы арнада аз да болса айқын көзге түсерлік пролетариат ағысының мүлде жоқ екенін (Стефан Борнның [107] жұмысшылар туысқандығы тым шағын ұйым), пролетариаттың буржуазия үстемдігіне ғана емес, сонымен қатар оның басқаруына да толық кіріптар болғанын атап көрсетуге тура келіп отыр! Әрине, экономикалық қатынастар әлі тым дамымаған еді, ірі өнеркәсіп жоққа тән еді, ауызға аларлықтай шамада ешбір дербес жұмысшы қозғалысы болмады, ұсақ буржуазия еміп-еркін үстемдік құрып тұрды. Әлбетте, мұндайда нақты жағдайды зерттеуші жазушының жұмысшы партиясының уақытша үкіметке қатысу мүмкіндігі туралы тіпті ой қозғауына да болмайтын еді. Әлбетте, қазір бізге соншалық ұғымды көрінетін ақиқаттарды Маркс өзінің «Үндеуінде» Коммунистер Одағының мүшелеріне ежіктеп түсіндіруге (сөзімді ғану етіңіз) тиіс болды. Маркс сайлау кездерінде жұмысшылардың буржуазиялық демократиядан бөлек ерекше кандидаттар ұсынуының қажеттігін дәлелдеп көрсетуге тиіс болды. Жұмысшылардың бөлектенуі демократиялық партияны «қақ жарады» (осы жері естеріңізде болсын! күні кеше біртұтас тұрған және идея жағынан қазір де әлі біртұтас затты ғана қақ жаруға болады!) деген демократиялық жел сөзді Маркс теріске шығаруға тиіс болды. Маркс Коммунистер Одағының мүшелерін осындай жел сөздермен әуестенуден *сақтандыруға* тиіс болды. Маркс жұмысшы клубтарын орталықтандыру үшін мүмкіндік болысымен-ақ жұмысшы партиясының съезін шақыруға Одақтың Орталық Комитеті атынан уәде беруге тиіс болды,— 1848—1849 ре-

волюциялық жылдардың ішінде жұмысшы партиясының ерекше съезін шақыру мүмкіндігі туралы ойлауға да әлі нақты жағдай болмаған еді!

Мұнан шығатын қорытынды айқын: Маркс атақты «Үндеуінде» пролетариаттың революциялық уақытша үкіметке қатысуының принциптік тұрғыдан мүмкіндігі туралы мәселені мүлде қозғамайды да. Маркс тек 1850 жылғы Германияның нақты жағдайын ғана талдап қарайды. Мұның өзінде Маркс Коммунистер Одағының революциялық үкіметке қатысуы жайында бір ауыз да сөз айтпайды, өйткені ол кездегі жағдайда демократиялық диктатураның мақсаты тұрғысынан, жұмысшы партиясының атынан мұндай үкіметке қатысу туралы ой тууы да мүмкін емес еді.

Маркстің ой-пікірі мынадай: біз, 1850 жылдағы неміс социал-демократтары, ұйымдасып жетіспегенбіз, біз революцияның алғашқы кезеңінде жеңіліс таптық, біз бүтіндей буржуазияның жетегіне түсіп қалдық; біз қалайда, сөзсіз дербес ұйымдасуға, қайткен күнде де дербес ұйымдасуға тиіспіз,— әйтпесе өзінің ұйымын күшейтіп алған, күші басым ұсақ буржуазиялық партияның келешектегі жеңісі кезінде біз тағы да соңда қалып қоямыз.

Мартыновтың ой-пікірі мынадай болды: біз, 1905 жылдағы орыс социал-демократтары, дербес партияға ұйымдасып отырмыз, енді патша өкіметінің қамалына қарсы бірінші шабуылға аттанбақпыз, ұсақ буржуазияшыл халықты бастап аттанбақпыз. Ал егер біз шабуылды өте жақсы ұйымдастыра алсақ және, тәңірі сақтасын, оны жеңіспен аяқтап шықсақ, онда, шамасы, бізге революциялық уақытша үкіметке немесе тіпті демократиялық диктатураға қатысуға тура келіп қалатын болар. Ал бұлай қатысу принцип жөнінен дұрыс емес.

Сонда Плеханов Мартыновты Маркске сүйеніп қорғауға болады деп әлдекімді шынымен-ақ сендірмекші ме? Сірә, Плеханов «Искраның» оқушыларын балаға санайтын болар. Бұған біздің айтарымыз мынау ғана: марксизм бір басқа да, мартыновизм бір басқа.

«Үндеу» туралы әңгімені бітіру үшін Плехановтың тағы бір мынадай теріс пікірін түсіндіру керек. 1850 жылғы мартта, «Үндеу» жазылып жатқан кезде, Маркс капитализм қаусап тұр деп сенген еді, сондықтан оған социалистік революция «тым жақын» көрінген еді деп Плеханов дұрыс айтады. Маркс өзінің қатесін өте тез түзетті: 1850 жылғы 15 сентябрьде-ақ ол Шаппермен айрылысып кетті (Шаппер мен Виллих Одақ ішінде азшылық болып қалып, одан шығып кетті), Шаппердің буржуазиялық-демократиялық революционаризмге немесе утопизмге беріліп кеткені соншалық: «біз дереу өкіметті қолға алуымыз керек, әйтпесе жатып ұйқтай берсек те болады» дегенге дейін барады. Маркс Шапперге былай деп қарсы шықты: революцияның қозғаушы күші шындық жағдайлар емес, тек бір ғана өзімнің еркім деуге болмайды. «Тек осы жағдайларды өзгерту үшін ғана емес, сонымен қатар пролетарлардың өздерін өзгертуі үшін де, сөйтіп өздерін саяси үстемдік жүргізуге қабілетті ету үшін де» пролетариатқа, бәлкім, тағы да 15, 20, 50 жылдай азамат соғыстары мен халықаралық қақтығыстарды басынан кешіруге тура келер [108]. Плеханов Маркстің көзқарастарының осылай өзгергенін қысқаша айта келіп, өз ойын былай қорытады:

«Пролетариаттың саяси міндеттерін белгілегенде олар» (Маркс пен Энгельс сол «өзгерістен» кейін) «демократиялық құрылыс айтарлықтай ұзақ уақыт бойына үстем болып қала береді деген есеппен белгілеген болар еді. *Бірақ дәл сондықтан да олар социалистердің ұсақ буржуазиялық үкіметке қатысуын бұрынғыдан бетер қатты айыптаған болар еді»* («Искра» № 96).

Плехановтың бұл пайымдауы тіпті дұрыс емес. Онысы бәз-баяғы социалистік диктатура мен демократиялық диктатураны шатыстыру болып шығады, бұл үшін біз Л. Мартов пен Мартыновты талай рет кінәлағанбыз. 1850 жылы Маркс пен Энгельс демократиялық диктатура мен социалистік диктатураны айырған жоқ, немесе шынын айтқанда біріншісін мүлде ауызға алған жоқ, өйткені оларға капитализм қаусап қалған болып, социализм таяу тұрған болып көрінді. Олар сондықтан да ол кезде программа-минимумды программа-максимум-

пан да айырмады. Егер мұны айыру қажет болса (біздер, марксистер осыны түсінбегені себепті «социалист-революционерлердің» буржуазиялық-демократиялық революционаризмімен арпалыса отырып, қазір бәріміз де осылай істеп те жүрміз), онда социалистік диктатура мен демократиялық диктатура туралы мәселені *ерекше* талдап қарау керек. Плеханов бұлай етпестен, дәйексіздік жасап отыр. Әлде бір жалтарма тұжырымды тауып алып, «социалистердің ұсақ буржуазиялық үкіметке қатысуы» жайында жалпылама сөз қылып, ол сөйте отырып демократиялық диктатура туралы ашық, айқын және дәл қойылған мәселенің орнына социалистік диктатура туралы мәселені әкеп тықпалап отыр. Ол («Вперёдтің» салыстыруын қолданып *) социалистік төңкеріс қарсаңындағы дәуірде Мильеранның Галифемен қатар министрлікке қатысқанын Варленнің республиканы қорғаған және қорғап қалған ұсақ буржуазиялық демократтармен қатар революциялық үкіметке қатысуымен шатыстырып отыр.

1850 жылы Маркс пен Энгельс социализм таяу тұр деп есептеді, сондықтан демократиялық жеңістерді жете бағаламады, бұл демократиялық жеңістер ұсақ буржуазиялық-демократиялық партияның күмәнсыз жеңуі себепті оларға әбден баянды болып көрінді [109]. Арада 25 жыл өткен соң, 1875 жылы, Маркс Германияның құрылысы демократиялық құрылыс емес екенін — «парламенттік формалармен жамап-жасқалған абсолютизм» [110] екенін атап көрсетті. Ал 35 жыл өткен соң, 1885 жылы, Энгельс Европаның келешектегі сілкіністері кезінде Германияда өкімет ұсақ буржуазиялық демократияға көшетінін болжап айтты [111]. Бұдан Плехановтың дәлелдемек болған пікіріне тура қарама-қарсы қорытынды шығады: егер Маркс пен Энгельс демократиялық құрылыстың біршама ұзақ мерзімге үстемдік етуінің сөзсіз екенін түсінген болса, онда олар республиканы баянды ету, абсолютизмнің барлық сарқыншақтарын толық құрту және социализм жолындағы күреске майданды әбден тазартып алу мақсатында пролетариат пен шаруалардың *демократиялық* диктатурасына *одан сайын* зор

* Қараңыз: осы том, 9-бет. *Ред.*

маңыз берген болар еді. Олар демократиялық төңкеріс қарсаңында пролетариатты революциялық-демократиялық диктатураның *мүмкіндігімен шошытудан* шімірікпейтін хвостистерді *одан сайын* айыптаған болар еді.

«Үндеуді» теріс түсіндіруге негізделген өз позициясының осалдығын Плехановтың өзі де сезеді. Сондықтан да ол анықтамада мәселені біржолата түгел қамтығалы отырған жоқпын деп жұқалап қана ескертіп қояды,— сөйтсе де іске түк қатысы жоқ анықтамадан басқа ешбір дәлел келтірместен, керек десе «Впередтің» нақты мәселе қойысын талдап қарауға да әрекеттенбестен, «бәрін түгел қамтитын» үзілді-кесілді қорытынды жасайды. Плеханов «Впередке» Марксті «сынау» ниетін де, Мах пен Авенариустың көзқарасын да таңбақшы болады. Оның бұл қиянаты біздің тек күлкімізді келтіреді: егер Плеханов «Впередтің» шын пікірлерінен өзіне нысана таба алмай отырса және «Вперед» газетіне де, қаралып отырған мәселеге де мүлде жат сюжеттерден нысана ойлап табуға тиіс болған болса, онда, сірә, Плеханов позициясының нашар-ақ болғаны. Ақырында, Плеханов тағы бір дәлелге сүйенеді, бұл оған «мызғымас» дәлел болып көрінеді. Шынына келгенде, бұл дәлелі (1894 жылы Энгельстің Туратиге жазған хаты) тіпті де нашар.

Осы хатты Плехановтың баяндауынан көрініп отырғанындай, (бір өкініштісі, Плеханов хатты толық келтірмеген және ол басылған болса, дәл қайда басылғанын көрсетпеген), Энгельс *Туратиге социалистік революция мен ұсақ буржуазиялық* революцияның *арасындағы* айырмашылықты *дәлелдеп көрсетуге тиіс* болған. Осының өзімен-ақ бәрі айтылып отыр ғой, Плеханов жолдас! Турати — Италияның Мильераны, бернштейншіл, оған Джолити өз министрлігінен портфель ұсынған болатын. Турати, сірә, таптық мазмұны жағынан мүлде әр түрлі екі төңкерісті *шатыстырған* болуы керек. Турати пролетариат үстемдігінің мүдделерін жүзеге асырамын деп қиялдаған, сонда Энгельс оған: 1894 жылғы Италияның бұл жағдайында (яғни Италия «бірінші сатыға» көтерілгеннен *кейін,* пролетариаттың ашық, кең және дербес ұйымдасуына мүмкіндік берген саяси бостандыққа

қол жеткеннен кейін бірнеше ондаған жылдар өткен соң!) сен, Турати, жеңіп шыққан ұсақ буржуазиялық партияның министрлігінде іс жүзінде *бөтен таптың*, ұсақ буржуазияның мүдделерін қорғап, іске асыратын боласың деп түсіндірді. Демек, біз бұл арада мильеранизмнің бір түрін көріп отырмыз; мильеранизмді демократиялық диктатурамен шатыстырушылыққа «Вперед» тұп-тура қарсы шықты, ал «Впередтің» дәлелдеріне Плеханов тіпті маңайлаған да жоқ. Біз бұл арада әсіре партиялардың көсемдерін Энгельс әлдеқашан сақтандырған алдамшы жағдайға тән мысалды көріп отырмыз; мұндай жағдайда олар төңкерістің шын сипатын түсінбейді және «бөтен» таптың мүдделерін аңғармай жүзеге асырады. Плеханов жолдас, құдай ақы айтыңызшы: Мартынов көтерген және «Вперед» талдап қараған мәселеге осының иненің жасуындай қатысы бар ма? Бірінші басқышқа көтеріліп алған адамдардың екінші және үшінші басқыштарды шатыстырып алу қаупі бірінші басқышқа көтерілгелі тұрған бізді болашақта екі басқышқа бірден секіру мүмкіндігі бар деп қорқытуға негіз бола ала ма??

Жоқ, Плехановтың «кішкене тарихи анықтамасы» тіпті еш нәрсені де дәлелдемейді. Оның: «ұсақ буржуазияның өкілдерімен бірге революциялық үкіметке қатысу пролетариатқа опасыздық еткендік болады» деген принциптік қорытындысы 1850 жылы Германияда, 1894 жылы Италияда болған жағдайларға сілтеме жасаумен ешбір расталмайды, өйткені, олардағы жағдайлар, 1905 жылғы январь мен майда Россияда болған жағдайлардан бүтіндей өзгеше. Бұл сілтемелер демократиялық диктатура мен революциялық уақытша үкімет мәселесі жөнінде ештеңе де бермейді. Ал егер Плеханов өзінің қорытындысын *осы* мәселеге қолданбақшы болса, егер ол республика үшін күрескен кезде, демократиялық төңкеріс кезінде пролетариаттың революциялық үкіметке қатысуының *қандайына* болса да *принцип жағынан жол беруге болмайды* деп есептесе, онда біз бұл Энгельс тұп-тура айыптаған анархизм «принципі» екенін оған дәлелдеп беруді мойнымызға аламыз. Бұл дәлелді біз келесі мақалада келтіреміз.

ЕКІНШІ МАҚАЛА

ТЕК ТӨМЕННЕН БЕ, ӘЛДЕ ТӨМЕННЕН ДЕ, ЖОҒАРЫДАН ДА МА?

Алдыңғы мақалада біз Плехановтың тарихи анықтамасын талдап қарап, Маркстің сөздеріне сүйеніп Плехановтың шығарған жалпы принциптік қорытындылары негізсіз екенін, Маркстің бұл сөздері бүтіндей және айрықша 1850 жылы Германияда болған нақты жағдайға ғана қатысты екенін көрсеттік. Осы нақты жағдай Маркстің ол кезде Коммунистер Одағының революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы неліктен мәселе көтермегенін және көтере де алмағанын толық түсіндіреді. Енді біз мұндай қатысудың мүмкіндігі туралы жалпы және принциптік мәселені талдап қарауға көшеміз.

Ең алдымен талас мәселені дәл қою керек. Бір жақсы жері, бұл жөнінде біз, таластың мәніне байланысты ұрыс-керісті болдырмау үшін, өз оппоненттеріміздің келтірген тұжырымдарының бірін пайдалана аламыз. «Исканың» 93-номерінде былай делінген: «Бұлайша ұйымдасудың (пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық мемлекетке, оппозициялық партияға ұйымдасуының) ең жақсы жолы — буржуазиялық революцияның *төменнен* (курсив «Искранікі»), өкімет басында тұрған демократияға пролетариаттың қысым көрсетуімен даму жолы». Одан әрегірек «Искра» «Вперед» жөнінде былай дейді: «ол пролетариаттың революцияға қысым көрсетуі тек «төменнен» ғана емес, тек көшеден ғана емес, сонымен қатар жоғарыдан да, уақытша үкіметтің орда-сарайынан да болғанын тілейді».

Сонымен, мәселе айқын қойылып отыр. «Искра» төменнен қысым жасалуын тілейді, «Вперед» «тек төменнен ғана емес, жоғарыдан да қысым жасалуын» тілейді. Төменнен жасалатын қысым — азаматтардың революциялық үкіметке жасайтын қысымы. Жоғарыдан жасалатын қысым — революциялық үкіметтің азаматтарға жасайтын қысымы. Біреулер өз қызметін төменнен қысым жасаумен *шектейді*. Екінші біреулер мұндай шектеуге риза емес, сондықтан төменнен жасалатын қы-

сымды жоғарыдан жасалатын қысыммен *толықтыруды* талап етеді. Демек, талас біз өзіміз нақ тақырыпшада қойған мәселеге: тек төменнен бе, әлде төменнен де, жоғарыдан да ма?— деген мәселеге келіп, тіреліп отыр. Демократиялық революция дәуірінде пролетариаттың жоғарыдан, «уақытша үкіметтің орда-сарайынан қысым» жасауы принцип жағынан орынсыз дейді біреулер. Демократиялық революция дәуірінде пролетариаттың жоғарыдан қысым жасаудан, революциялық уақытша үкіметке қатысудан сөзсіз бас тартуы принцип жағынан орынсыз,— дейді екінші біреулер. Сонымен, әңгіме белгілі бір жағдайда жоғарыдан қысым жасау мүмкін бе, күштердің пәлендей бір арасалмағы жағдайында мұның өзі жүзеге асырылатын нәрсе ме деген мәселе жайында болып отырған жоқ. Жоқ, біз қазір тіпті ешқандай да нақты жағдайды талдап отырған жоқпыз, сондықтан бір талас мәселенің орнына екіншісін тықпалауға әлденеше рет әрекет жасалғаны себепті, оқушылардың осыны ескеріп қоюын біз қатты өтінеміз. Біздің алдымызда демократиялық революция дәуірінде төменнен қысым жасаудан жоғарыдан қысым жасауға көшудің *мүмкіндігі* туралы жалпы принциптік мәселе тұр.

Бұл мәселені түсіндіру үшін әуелі ғылыми социализмнің негізін салушылардың тактикалық көзқарастарының тарихына көз жіберейік. Бұл тарихта нақ жоғарыдан қысым жасаудың орынды-орынсыздығы туралы жалпы мәселеге байланысты талас болған жоқ па екен? Мұндай талас болған. Ол таласты туғызған — 1873 жылдың жазындағы испан көтерілісі. Энгельс «Бакуниншілдердің әрекеті» деген мақалада социалистік пролетариаттың осы көтерілістен алуға тиіс сабақтарына баға берді, бұл мақала 1873 жылы неміс социал-демократтарының «Volksstaat»[112] газетінде басылды және 1894 жылы «Internationales aus dem Volksstaat» * деген кітапшада қайта басылды. Енді Энгельстің қандай жалпы қорытындылар жасағанын көрейік[113].

1873 жылғы 9 февральда испан королі Амадео тағынан өзі түсті — бұл «ереуіл жасаған бірінші король»,

* — «Халық мемлекетінен» халықаралық тақырыпқа». *Ред.*

деп мысқылдайды Энгельс. 12 февральда республика жарияланды. Содан кейін Баск провинцияларында карлшылдардың көтерілісі бұрқ ете түсті. 10 апрельде Құрылтай жиналысы сайланды, ол 8 июньде федерациялық республика жариялады. 11 июньде Пи-и-Маргальдің жаңа министрлігі ресімделді. Мұның өзінде әсіре республикашылдар, «интрансижентгер» (ымыраға келмейтіндер) деп аталатындар конституция әзірлеу жөніндегі комиссияға кірмей қалды. Ал 3 июльде, осы жаңа конституция жарияланған кезде, интрансижентгер көтеріліс шығарды. Июльдің 5-нен 11-не дейін олар Севилья, Гранада, Алькой, Валенсиа және басқа да бірқатар провинцияларда жеңіп шықты. Отставкаға шыққан Пи-и-Маргальдің орнына келген Салмеронның үкіметі көтерілген провинцияларға қарсы әскери күш жіберді. Азды-көпті табанды тіресгеи соң көтеріліс күшпен басылды: 1873 жылғы 26 июльде Кадикс алынды, 1874 жылғы 11 январьда Картахена алынды. Энгельстің істің жайын баяндаудан бұрын берген қысқаша хронологиялық мәліметтері осындай.

Оқиғаның сабақтарын бағалай келіп, Энгельс ең алдымен Испанияда республика үшін жүргізілген күрес әсте де социалистік төңкеріс жолындағы күрес болған жоқ және болуы мүмкін емес еді деп атап көрсетеді. «Испания,— дейді ол,— өнеркәсіп жағынан тым артта қалған ел, сондықтан онда жұмысшы табын *дереу* толық азат ету туралы сөз болуы да мүмкін емес. Бұған жетуден бұрын, Испания әлі де дамудың әр түрлі алғы сатыларынан отуге және жолындағы толып жатқан кедергілерді жоюға тиіс. Осы алғы сатыларды мүмкіндігінше неғұрлым қысқа мерзім ішінде өту, осы кедергілерді тез жою,— республиканың беретін мүмкіндіктері, міне, осылар еді. Бірақ бұл мүмкіндіктерді тек испан жұмысшы табының пәрменді *саяси* араласуы арқылы ғана пайдалануға болатын еді. Жұмысшылар бұқарасы мұны сезді де; ол бұрынғыдай дәулетті таптардың іс-әрекеті мен айла-шарғысына еркін өріс бермей, жер-жердің бәрінде оқиғаларға қатысуға іс-қимыл жасау үшін қолайлы жағдайды пайдаланып қалуға ұмтылды».

Сонымен, әңгіме республика үшін күресу туралы болды, социалистік революция туралы емес, демократиялық революция туралы болды. Жұмысшылардың оқиғаларға араласуы жайындағы мәселе ол кезде екі түрлі қойылды: бір жағынан, бакуниншілдер (немесе «аллиансистер»,— маркстік «интернационалға» қарсы күресуге арналған «аллианстың» негізін салушылар) саяси іс-қимылды, сайлауға қатысуды және т. т. жоққа шығарып келді. Екінші жағынан, олар жұмысшы табын дереу толық азат ету мақсатын көздемейтіп революцияға қатысуға қарсы болды, революциялық үкіметке қандай түрде болса да қатысуға қарсы болды. Міне істің осы соңғы жағы біздің талас мәселеміз тұрғысынан алғанда біз үшін айрықша назар аударарлық нәрсе. Былайша айтқанда, істің дәл осы жағы екі тактикалық ұранның арасындағы *принциптік* айырмашылықты тұжырымдауға себепші болды.

«Бакуниншілдер,— дейді Энгельс,— *жоғарыдан төмен қарай жүргізілген революциялық қимылдың қандайы болса да зиянды, бәрі де төменнен жоғары қарай ұйымдастырып, жүргізілуге тиіс* деп көп жылдар бойы уағыздап келді». Сонымен, «тек төменнен ғана» деген принцип *анархистік* принцип.

Энгельс нақ осы принциптің демократиялық революция дәуірінде өте-мөте қисынсыз принцип болып шығатынын көрсетеді. Бұл принциптен өзінен-өзі және сөзсіз туатын бір практикалық қорытынды бар, ол — революциялық үкіметтерді құру жұмысшы табына опасыздық ету болып табылады деген қорытынды. Бакуниншілдер нақ осындай қорытынды жасады, *«революциялық үкімет құру жұмысшы табын тағы да алдау, жұмысшы табына тағы да опасыздық ету»* дегенді нақ принцип ретінде жариялады.

Оқушының өзі байқағанындай, біздің көріп отырғанымыз жаңа «Искраның» да айтуға аузы барған баяғы сол екі «принцип», атап айтқанда: 1) «төменнен де, жоғарыдан да» дейтін тактикаға қарама-қарсы тек төменнен болатын революциялық іс-қимыл ғана орынды дейтін принцип; 2) революциялық уақытша үкіметке қатысу жұмысшы табына опасыздық еткендік дейтін

принцип. Жаңа искрашылдардың бұл екі принципі де — анархистік принциптер. Испанияда республика үшін болған күрестің іс жүзіндегі аяқ алысы осы екі принциптің де барынша қисынсыз және барынша реакциялық принцип екенін көрсетті.

Энгельс мұны испан революциясының жеке-жеке эпизодтары арқылы көрсетеді. Міне, мәселен, Алькой қаласында революция бұрқ ете түседі. Бұл өзі 30 мың халқы бар, біршама берегіректе пайда болған, фабрикалы қала. Революцияны ұйымдастыру идеясынан принцип жүзінде ат-тонын ала қашып жүрген бакуниншілдердің басшылығына қарамастан, жұмысшылар көтерілісі жеңіп шығады. Бакуниншілдер болар іс болған соң барып, біз «жағдайды билеп тұрдық» деп мақтана бастады. Ал сонда бұл «билеушілер» өздерінің «жағдайынан» не шығарды деп сұрайды Энгельс. Біріншіден, олар Алькойда «әл-ауқат комитетін», яғни революциялық үкімет құрды. Оның бер жағында нақ осы аллиансистер (бакуниншілдер) 1872 жылғы 15 сентябрьде, яғни революциядан не бары он ай бұрын өз конгресінде былай деп қаулы алған болатын: «саяси өкіметтің, уақытша немесе революциялық өкімет деп аталатын өкіметтің қандай да ұйымы тағыда бір алдау ғана болады және пролетариат үшін осы күнгі үкіметтердің бәрі қандай қауіпті болса, ол да нақ сондай қауіпті болып шығар еді». Осы анархистік жел сөздерді теріске шығару орнына, Энгельс: қарарды жақтаушылардың дәл өздеріне Алькойдағы «осы уақытша және революциялық үкіметке қатысуға» тура келді деп мысқылдаумен ғана тынады. Энгельс бұл мырзалардың қылықтарынан қатты жиреніп, оларды өкімет басына келіп алғаннан кейін «мүлде дәрменсіздік, абыржушылық және жігерсіздік» көрсеткені үшін кемсіте мінейді. Социал-демократия жирондистерінің әдетінше біреуді «якобиншіл» деп айыптаушылыққа да Энгельс дәл осындай жиренішпен жауап берген болар еді. Ол: бірсыпыра басқа қалаларда, мәселен, Сан-Люкар-де-Баррамедада (Кадикс маңындағы, 26 мың халқы бар портты қала) «аллиансистердің де өздерінің анархистік принциптерін былай қойып, революциялық үкімет құруына тура келді» деп атап көрсетеді. Ол бұ-

ларды: «өкіметті аларын алса да, оны қайтерін білмеді» деп кінәлайды. Жұмысшылардың бакуниншілдік көсемдерінің уақытша үкіметтерге *интрансиженттермен бірге,* яғни республикашылдармен, ұсақ буржуазия өкілдерімен бірге қатысқанын әбден жақсы біле тұрып, Энгельс бакуниншілдердің үкіметке кіргенін мінемейді (ал жаңа «Искраның» «принциптері» бойынша бұл мінелуге тиіс еді), қайта *ұйымдасудың жеткіліксіздігін, қатысу жігерінің кемдігін,* олардың буржуазиялық республикашыл мырзалардың жетегіне еріп кеткенін мінейді. Революция дәуірінде «техникалық» және әскери басшылықтың маңызын кемітіп жүрген адамдарды Энгельс өлтіре әжуалаған болар еді, бұлай болатыны, өзгесін қойғанда мынадан-ақ көрінеді: Энгельс жұмысшылардың бакуниншілдік көсемдерін бұлар революциялық үкіметке кіріп алғаннан кейін, «саяси және *әскери* басшылықты» буржуазиялық республикашыл мырзаларға беріп қойды, ал өздері жұмысшыларды лепірме сөздермен және «әлеуметтік» реформалардың қағаз жүзіндегі жобаларымен риза етіп отырды деп кінәлайды.

Социал-демократияның нағыз якобиншілі болғандықтан, Энгельс жоғарыдан іс-қимыл жасаудың маңызын тек бағалай біліп қана қойған жоқ, революциялық үкіметке республикашыл буржуазиямен бірге қатысуға әбден болатынын айтып қана қойған жоқ, сонымен қатар мұндай қатысуды және революциялық өкіметтің әскери инициативасының жігерлі болуын *талап етті.* Сонымен бірге Энгельс *практикалық*-басшылық жөнінен *әскери* кеңестер беріп отыруды өзінің борышы санады.

«Көтерілістің мақсатсыз басталғанына қарамастан,— дейді ол,— егер оған *ең болмаса зәредей де мән-мағынамен**, тым құрығанда тіпті испанның әскери бүліктерінің үлгісімен *бағыт беріліп* отырған болса, оның қалай да табысты болу мүмкіндігі мол еді. Мұндай бүліктер кезінде бір қаланың гарнизоны көтеріледі де, көршілес қалаға бет алып, оның күн ілгері үгіттеліп қойған гар-

* Wäre er nur mit einigem Verstand geleitet worden. Байғұс, Энгельс! Әттең, жаңа «Искрамен» ол таныс емес қой! Онда көтеріліс *жүргізу* (geleitet werden) жайындағы «якобиншілдік» идеяның апатты, зиянды, утопиялық, буржуазиялық, техникалық жағынан сыңар жақ және заговоршылдық тар өрісті идея екенін білген болар еді!

низонын соңына ертіп алады, сөйтіп, көтерілісшілер тасқын селдей ұлғая келіп, қашан сәті түскен бір шайқас не оларга қарсы жіберілген әскерлердің осылар жағына шығып кетуі жеңіске жеткізгенше, астанаға беттей береді. Бұл тәсіл әсіресе осы ретте қолдануға аса қолайлы еді. Инсургенттер жер-жердің бәрінде әлдеқашан-ақ еріктілер батальондарына ұйымдастырылып қойған болатын; рас, бұларда тәртіп нашар болды, бірақ ол қалай дегенмен де бұрынғы, басым көбі таратылып жіберілген испан армиясының қалдықтарындағы тәртіптен төмен емес еді. Үкіметтің бірден-бір сенімді әскері жандармдар болды, бірақ олар бүкіл ел ішінде бытырап жатқан еді. Бұл арадағы міндет, ең алдымен, осы жандармдардың бір-бірімен қосылуына ырық бермеуде болды, ал бұлай ету тек тоқтаусыз шабуыл жасағанда және ашық майданда батыл ұрысқа шыққанда ғана мүмкін еді. Осылай қимыл жасау аса қауіпті емес еді, өйткені үкімет еріктілерге қарсы, нақ сол еріктілердің өздері сияқты, тәртібі нашар әскерлер ғана шығара алатын еді. Ал кімде-кім жеңіп шыққысы келсе, оны жеңіске жеткізетін басқа жол болған жоқ».

Революциялық дүмпу дәуірінде көтерілістің және тікелей күрестің міндеттерімен айналысуға тура келген кезде, ғылыми социализмнің негізін салушы, міне, осындай пікір айтқан болатын! Көтерілісті ұсақ буржуазиялық республикашылдар шығарғанына қарамастан; пролетариат үшін социалистік төңкеріс жөнінде де, жай ғана қажетті саяси бостандық жөнінде де мәселе көтерілмегеніне қарамастан;— осыған қарамастан, Энгельс республика үшін жүргізілген күреске жұмысшылардың барынша белсене қатысуын керемет жоғары бағалады, Энгельс пролетариат көсемдерінен өздерінің бүкіл қызметін басталған күресте жеңіске жету қажеттігіне бағындыруларын талап етті; Энгельс сонымен бірге пролетариат көсемдерінің бірі ретінде, өзі де әскери ұйымның тіпті егжей-тегжейіне дейін үңілді, жеңіс үшін қажет болған ретте Энгельс әскери бүліктердің ескі ұрыс салу тәсілдерін де елеусіз қалдырмады, Энгельс істің басты тетігі — революциялық күштердің тоқтаусыз шабуыл жасауында және бір орталыққа бағындырылуында деп

білді. Ол бакуниншілдер «неміс шаруалары соғысы дәуірінде және 1849 жылғы Германиядағы май көтерілістері кезінде лажсыз қырсық болған нәрсені, атап айтқанда, *революциялық күштердің бытыраңқылығы мен оқшаулығын,* белгілі бір құрамдағы үкімет әскерлерінің жекелеген көтерілістерді бірінен соң бірін басып отыруына мүмкіндік берген нәрселерді» принципке айналдырып жіберді деп оларды мейлінше ренжи кінәлады. Энгельстің көтерілісті жүргізу, революцияны ұйымдастыру, революциялық өкіметті пайдалану жөніндегі көзқарастарының жаңа «Искраның» артта жүрушілік көзқарастарынан айырмасы жер мен көктей.

Испан революциясының сабақтарын қорыта келіп, Энгельс ең алдымен мынаны атап көрсетеді: «бакуниншілдер елеулі революциялық жағдайға бетпе-бет келісімен-ақ өздерінің бұрынғы бүкіл программасын лақтырып тастауға мәжбүр болды». Атап айтқанда, біріншіден, саяси істерден, сайлаудан тартыну принципін, «мемлекетті құрту» принципін лақтырып тастауына тура келді. Екіншіден, «олар пролетариатты дереу толық азат ету мақсатын көздемейтін революцияның қандайына болса да жұмысшылар қатыспауға тиіс деген принципті лақтырып тастады, олар көрінеу таза буржуазиялық қозғалысқа өздері қатысты». Үшіншіден,— бұл қорытынды да дәл біздің талас мәселемізге жауап береді,— «олар соның алдында ғана өздері жариялаған принципті: революциялық үкімет құру дегеніміз тек жұмысшы табын тағы да алдау, оған тағы да опасыздық жасау деген принципті аяққа басты,— олар мұны жеке қалалардағы үкімет комитеттерінде жайбарақат мәжіліс құра отырып, онда да барлық жерде дерлік буржуа мырзалардың тізесі батқан және олардың саяси қанауына түскен әлсіз азшылық бола отырып, аяққа басты». Көтеріліске басшылық ете білмей, революциялық күштерді бір орталыққа бағындыру орнына бытыратып жіберіп, революцияны жүргізуді буржуа мырзалардың еркіне беріп, Интернационалдың берік және мықты ұйымын таратып жіберіп, «Испанияда бакуниншілдер бізге революцияны қалай етіп жасауға *болмайтындығының* теңдесі жоқ үлгісін көрсетіп берді».

* *
*

Жоғарыда айтылғанды жинақтай келіп, мынадай қорытындылар шығарамыз:

1) Принцип жүзінде революциялық іс-қимылды төменнен жасалған қысыммен шектсу және жоғарыдан да қысым жасаудан бас тарту *анархизм* болады.

2) Кімде-кім революция дәуіріндегі жаңа міндеттерді, жоғарыдан іс-қимыл жасау міндеттерін түсінбесе, кімде-кім осындай іс-қимылдың шарттары мен программасын анықтай білмесе, ондай адам пролетариаттың қандай да болсын демократиялық революциядағы міндеттері туралы ештеңе де түсінбейтін болып шығады.

3) Социал-демократияның буржуазиямен бірге революциялық уақытша үкіметке қатысуына жол беруге болмайды, мұндай қатысудың қандайы болса да жұмысшы табына опасыздық жасағандық болады дейтін принцип — *анархизм* принципі.

4) Әрбір «елеулі революциялық жағдай» пролетариат партиясының алдына көтерілісті сапалы түрде *жүргізу*, революцияны ұйымдастыру, барлық революциялық күштерді бір орталыққа бағындыру, батыл әскери шабуыл жасау, революциялық өкіметті зор жігермен пайдалану міндеттерін қояды*.

5) Қазіргі революциялық кезеңде жаңа «Искраның» тактикасын Маркс пен Энгельс мақұлдамаған болар еді және ешқашан мақұлдамас та еді, өйткені бұл тактика дәл жоғарыда айтылып өткен барлық қателерді қайталау болып табылады. Маркс пен Энгельс жаңа «Искраның» принциптік позициясын пролетариаттың «соңынан» қарап қалу және анархиялық адасқан ағаттықтарды ** қайталау деп атаған болар еді.

* *
*

Келесі мақалада біз революциялық уақытша үкіметтің міндеттерін талдауға көшеміз.

* Қолжазбада: «өкіметті... қояды» деген сөзден кейін былай делінген: «Бұл міндеттерді түсінбейтін немесе бұл міндеттерді үнемі кемсітетін жұмысшы табының басшыларын пролетариат аяусыз лақтырып тастауға тиіс». *Ред.*

** Қолжазбада: «...анархистердің ұятсыздығын» деп жазылған. *Ред.*

ТАС-ТАЛҚАН

Корей бұғазында болған теңіз шайқасы бүкіл дүние жүзіндегі саяси баспасөздің назарын аударды. Әуелі патша үкіметі осы ащы шындықты өзінің қол астындағы жамағаттарынан жасырмақшы болды, бірақ көп ұзамай бұл әрекеттен түк шықпайтынына көзі жетті. Бүкіл орыс флотының толық талқандалғанын жасыру бәрібір мүмкін болмас еді.

Соңғы теңіз шайқасының саяси маңызын бағалағанда, біз «Впередтің» 2-номерінде* Порт-Артурдың құлауы жөнінде айтқанымызды қайталап айтуға тура келеді. Патшалық Россияның соғыста толығымен күйрегендігі сол кездің өзінде-ақ анық еді, бірақ Балтық эскадрасы орыс патриоттарына әлі де үміт елесін емексітуде болды. Соғыстың ақтық нәтижесі екі жақтың бірінің теңіз бетінде жеңуіне байланысты екенін жұрттың бәрі түсінді. Соғыстың сәтсіз аяқталуы «ішкі жаудың» жеңуімен, яғни революцияның жеңуімен пара-пар екенін самодержавие біліп отырды. Сондықтан да қолда бардың бәрі бәске тігілді. Балтық эскадрасын жедел жөнелтуге жүздеген миллион сом ақша жұмсалды. Ойдан-қырдан экипаж жиналды, соғыс кемелерінің жолға шығуына ақырғы әзірлік жұмыстары апыл-құпыл аяқталды, әрі жаңа, әрі күшті броненосецтерге «ескі сандықтар» қосылып, бұл кемелердің саны көбейтілді. Осы ұлы армада — бүкіл Россия империясының нақ өзіндей зор,

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 160—169-беттер. *Ред.*

нақ өзіндей қауқиған, қолапайсыз, әлсіз, құбыжық құрама — жолға шықты, сөйтіп көмірге, күтімге қисапсыз қаржы жұмсады, әсіресе бейтараптықтың барлық дәстүрлері мен талаптарын өрескел аяққа басып, балықшылардың қайықтарын қирата жеңгеннен кейін, бүкіл Европаның келеке-мазағына қалды. Ең кеміте есептегеннің өзінде бұл армада 300 миллион сомға түсті, ал оны жөнелтудің өзіне 100 миллион сом жұмсалды,— жинағы, патша самодержавиесінің осы соғысқа тіккен соңғы бәсіне *400 миллион сом* шығын болды.

Енді соңғы тіккен бәстен де ұтылды. Мұның осылай болатынын жұрттың бәрі білген еді, бірақ орыс флоты жеңілгенде де дәл осыншалық тас-талқан болып күйрейді деп ешкім де ойлаған емес. Орыс кемелерінің армадасы, бейне бір тағылардың тобырындай, тамаша қаруланған және ең жаңа қорғаныс құралдармен түгел жарақтанған жапон флотына тұп-тура барып ұрынды. Екі-ақ күн ұрыс болды,— Россияның 12—15 мың адам экипажы бар жиырма соғыс кемесінің он үші суға батырылды, жойылды, төртеуі тұтқынға алынды, тек біреуі ғана («Алмаз») құтылып шығып, Владивостокқа келді. Экипаждың жартысынан көбі қырылды, Рождественскийдің «өзі» және оның ең жақын жәрдемшісі Небогатов тұтқынға алынды, ал бүкіл жапон флоты бар болғаны үш миноносецінен ғана айрылып, ұрыстан құлан-таза аман шықты.

Орыстың соғыс флоты біржола жойылды. Соғыс біржола жеңіліс тапты. Орыс әскерлерінің Маньчжуриядан түгелдей қуылуы, жапондардың Сахалин мен Владивостокты тартып алуы — енді тек уақыттың ғана мәселесі болып қалды. Біз тек соғыстағы жеңілісті ғана емес, самодержавиенің бүтіндей әскери күйреуін көріп отырмыз.

Жапондар үсті-үстіне жаңа соққы берген сайын, патша өкіметінің бүкіл саяси системасының күйреуі ретіндегі бұл жеңілістің маңызы Европаға да, бүкіл орыс халқына да айқындала түсіп отыр. Қазір бәрі де самодержавиеге жапа-тармағай қарсы шүйілгуде — мұнда ірі буржуазия мен ұсақ буржуазияның ұлттық намысына тиген қорлық ызасы да бар, армияның абыройы төгі-

луінің жан ашуы да бар, мағынасыз соғыс авантюрасында қаза тапқан он мыңдаған, жүз мыңдаған жас қыршындардың күйігі де бар, жүз миллиондаған сом халық қаржысының талан-таражға түсуіне қарсы ашуыза да бар, осындай соғыс салдарынан болатын лажсыз финанстық күйреу мен ұзаққа созылатын экономикалық дағдарыстың қатері де бар, қаһарлы халық революциясы алдындағы үрей де бар; ал патша дер кезінде «ақылға сыйымды» кеңшіліктер беру арқылы (буржуазияның ойынша) бұл революцияны болдырмау мүмкін еді, болдырмауға тиіс те еді. Бітім талабы өрістеп, ұлғая түсуде, либералдық баспасөз наразылық білдіруде, тіпті «шиповтық» бағыттағы жер иеленушілер сияқты ең самарқау элементтер де қоқилана бастады, тіпті құлдық ұрып жүрген «Новое Времяның» өзі дереу халық өкілдерін шақыруды талап етуде.

Патша өкіметінің аса сенімді сүйеніші болып табылатын Европа буржуазиясы да тағатын тауыса бастады. Ол халықаралық қатынастарда болмай қоймайтын қайта жіктелуден, жас әрі тың Жапонияның өсіп келе жатқан күш-қуатынан, Европадағы соғыс одақтасынан айрылып қалудан қорқады. Ол самодержавиеге кең пейілділікпен қарызға берген миллиардтарының тағдырын ойлап мазасызданады. Ол Европа пролетариатын өте толқытып отырған және бүкіл дүние жүзінде революция өртін тұтандырғалы тұрған Россиядағы революциядан да қатты қауіптенеді. Патша өкіметімен «достығын» сақтау үшін оны ақылмен іс істеуге шақырып отыр, бітім жасау қажеттігін — жапондармен де, орыстың либерал буржуазиясымен де бітім жасау қажеттігін — талап етіп отыр. Жапониямен бітімнің енді өте қымбат бағаға түсуі мүмкін екеніне Европа тіпті де көз жұмып қарамайды, қайта ол сырттағы соғыс пен іштегі революцияның әрбір жаңа айы бұл бағаны сөзсіз көтере беретінін және бүкіл «кеңшіліктер» саясатын тозаңдай ұшырып жіберетін революцияның бұрқ ету қаупін күшейте беретінін анық аңғарып, есепке алып отыр. Самодержавиенің енді бетінен қайтуы өте қиын екенін, тіпті мүмкін емес дерлік екенін, оның істі тым асқындырып

алғанын Европа түсінеді, сондықтан да ол, осы буржуазиялық Европа, өзін де, өзінің одақтасын да құрғақ қиялмен жұбатуға тырысып отыр.

Мәселен, француздың патриот буржуазиясының газеті «Le Siècle» [114] Корнелидің «Бір эпопеяның ақыры» деген мақаласымағында былай деп жазды: «Қазір, орыстар құрылықта бірқатар жеңіліске ұшырап, теңіз бетінде қиратылғаннан кейін олардың үкіметіне бітім жасасу және өзінің әскери күштерін қайта құру міндеті жүктеледі. Авантюрашыл үкіметтер өздерінің сұғанақтығы салдарынан немесе қауіпсіздігін сақтау мақсатымен кей кездері қол астындағы халықтарды соғысқа тартуға мәжбүр болады. Мұндай үкіметтер үшін жеңіс жолындағы күреске тігер бәсі — өзінің өмір сүруі болғандықтан, олар өз халықтарынан үсті-үстіне жаңа құрбандықтар талап етумен болады, сөйтіп оларды құрып бітуге апарады. Франциядағы біздің екі империямыздың тарихы осындай болған. Егер біз өзімізде үшінші империя жасай алған болсақ, оның да тарихы осындай болған болар еді.

Ал керісінше, орыс үкіметінің жағдайы мүлде мұндай емес; ол орыс халқының нағыз қалың бұқарасына табан тіреп отыр, сондықтан ортақ бақытсыздық үкімет пен халықтың арасын ажыратпайды, қайта оларды бір-бірімен тығыз ынтымақтастыра түседі. Жеңілген Цезарь енді Цезарь емес. Ал бақытсыз патша қасиетті де әйгілі патша болып қала беруі мүмкін».

Бекер, бекер! Француздың шовинист бақалшысының мақтаншақтығы «қазір-ақ айдан анық», оның соғыс орыс үкіметі мен халқының арасын ажыратқан жоқ деп сендіруі жалпы жұртқа белгілі фактілерге мүлде қайшы келетіндігі соншалық, бұл мүлде кісі күлерлік және аңғал, аңқау адамның қулығы сияқтанып көрінеді. Нағыз «Цезарь» сияқты сөзсіз күйреуге қарай көз жұмып, қасарысып кетіп бара жатқан өзінің досы мен одақтасын, орыс самодержецін осы күйреуден сақтандыру үшін француз буржуасы бұл Цезарьға басқа цезарьларға ұқсауың тиіс емес, саған бұдан басқа, оңды жол бар деп оны мүләйімси сендіріп отыр. «Нені тілесең, соған сенесің». Француз буржуазиясына құдіретті одақтас-

тың — патшаның керек болып отырғаны соншалық, ол орыс халқын патшамен ынтымақстыратын бақытсыздық жайлы романтикалық ертегімен өзін өзі жұбатып отыр. Әлбетте, бұл ертегіге Корнели мырзаның өзі де онша сенбейді,— ал бізге оны есепке алудың тіпті де қажеті жоқ.

Тек цезарьлардың үкіметтері ғана емес, сонымен қатар ескі династиядан шыққан әбден заңды монархтардың үкіметтері де авантюрашыл болады. Тарихтан бақандай жүз жыл кейін қалған орыс самодержавиесінің авантюрашылдығы француз империяларының қай-қайсысынікінен болса да басымырақ. Самодержавие нақ авантюрашылдығы себепті халықты мағынасыз, әрі масқаралық соғысқа айдап салды. Ол енді өзінің түбіне өзі жеткелі отыр. Соғыс оның барлық мерезін ашты, оның әбден шіріп біткендігін әшкереледі, оның халықтан біржола қол үзгенін көрсетті, цезарьлық үстемдіктің бірден-бір сүйенішін қиратты. Соғыс айбынды сот болып шығып отыр. Қарақшылардың бұл үкіметіне халық өзінің үкімін шығарып та қойды. Революция бұл үкімді іске асырады.

«Пролетарий» № 3,
9 июнь (27 май), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің
қолжазбамен салыстырылған
тексті бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ КҮРЕС ЖӘНЕ ЛИБЕРАЛДЫҚ МАКЛЕРЛІК

Саяси партиялардың пайда болуы — біздің қызықты заманымыздың ең қызықты және ерекше өзгешеліктерінің бірі. Ескі тәртіп, самодержавие күйреуге айналды. Нақ қандай жаңа тәртіп орнату керек және оны нақ қалай орнату керек екені жайында тек «қоғам» деп аталатынның, яғни буржуазияның ғана емес, сонымен қатар «халықтың», яғни жұмысшы табы мен шаруалардың қалың топтары да барған сайын көбірек ойлай бастады. Әр түрлі таптардың программа белгілеу және саяси күрес ұйымдастыруды жолға қою жөніндегі осы әрекеттерінің саналы пролетариат үшін орасан зор маңызы бар. Көбінесе ешкімнің алдында жауап бермейтін және соңынан ешкімді де ертпейтін жекелеген «қайраткерлерден» шығатын осы әрекеттерде кездейсоқтық, бетімен лаққандық, кейде босқа даурыққандық қаншама көп болғанымен, бірақ жалпы және тұтас алғанда ірі-ірі қоғамдық таптардың негізгі мүдделері мен тенденциялары тоқтаусыз күшпен белгі береді. Шым-шытырық болып көрінетін мәлімдемелерден, талаптардан, программалардан біздің буржуазияның саяси бейнесі және оның шын (тек бояма емес) саяси программасы анық көріне бастады. Қазір саяси іс-қимыл туралы сөз көтеріп жүрген орыс буржуазиясының қалай *іс-қимыл* жасайтынын,—Россия соншалық тез жуықтап келе жатқан шешуші революциялық күресте оның қандай пози-

ция ұстайтынын пайымдауға керекті материалды пролетариат барған сайын үсті-үстіне көп алып отыр*.

Орыс либералдарының толып жатқан сөздерін цензураның ешбір бөгетінсіз қорытып отыратын шетелдік «Освобождение» буржуазияның саясатын зерттеу үшін кейде айрықша бағалы материал береді. Ол жаңа ғана басып шығарған (немесе 5 апрельдегі «Новостиден» [115] алынып басылған) ««Азаттық одағының» программасы» П. С. мырзаның лұғатты түсініктемелерімен бірге земство съездерінің шешімдеріне және конституцияның освобождениелік жобасына тамаша толықтыру болып табылады, бұл жоба туралы біз «Впередтің» 18-номерінде сөз еткенбіз**. «Осы программаны жасау және дауысқа салу арқылы орыстың конституциялық-демократиялық партиясын құруға қарай мықты қадам жасалды»,— деп П. С. мырза дұрыс айтады.

Күмән жоқ, орыс либералдары үшін мұның өзі либералдық сөздердің біршама ұзақ дастаны ішіндегі көзге түсерлік мықты қадам. Әйтсе де нағыз партия құру үшін қажет болатын іспен салыстырғанда, тіпті ең болмағанда социал-демократияның осы мақсатта тындырған ісінің өзімен-ақ салыстырғанда, либералдардың бұл мықты «қадамы» неткен ұсақ десеңізші! Пролетариатқа қарағанда буржуазияның жария сөз сөйлеуіне еркіншілігі өлшеусіз мол, интеллигенттік күштері мен ақша қаражаты да өлшеусіз көп, партия ұйымына керекті қолайлы жағдайлары да анағұрлым артық,— сөйте тұрса да біз сөз қылып отырған «партияның» әлі ресми аты жоқ, тұтас, айқын және дәл программасы жоқ, тактикасы жоқ, партиялық ұйымы жоқ, осы жөнінде хабары мол П. С. мырзаның пікірі бойынша бұл «партия» «земство фракциясы» мен «Азаттық одағынан», яғни ұйымдаспаған қырық ру адамдар мен ұйымпап құралған. Бірақ, мүмкін, земство фракциясының мүшелері программаны мойындай отырып, «партия ұйымдарының бірінің бақылауымен», «Азаттық одағындағы» топтардың бірінің бақылауымен жұмыс істейді дейтін әйгілі мағына-

* Қолжазбада бірінші абзац сызылып тасталған және «Пролетарий» газетінде жарияланған текстіге енбеген. *Ред.*
** Қараңыз: осы том, 209—210-беттер. *Ред.*

дағы «партия мүшелері» болар? Партия мүшелігін бұлайша түсінушілік социал-демократияның бүкіл рухына қаншалық жат болса, ол либералдар үшін соншалық қолайлы, әрі орынды, олардың бүкіл саяси бейнесіне соншалық тән келеді. Партияны бұлайша түсінуден (осы «партияның» жазулы уставында емес, нақты құрылысында бейнеленген түсініктен) туатын нәрсе, былайша айтқанда, мынау: партияның ұйымдасқан мүшелерінің, яғни «Азаттық одағы» мүшелерінің көпшілігі *бір палаталы системаны* жақтайды, бірақ сөйте тұрса да партияның ұйымдаспаған мүшелерінің, екі палаталы системаны жақтайтын «земство фракциясының» ыңғайына бағып, мәселені мүлде ауызға алмай, өз программасында бір палаталы системадан бас тартып отыр. «Күштердің» арасалмағы саяси белсенді буржуазия үшін ғайыптың бұйырып қойғанындай шықты деуге болады: ұйымдасқан интеллигенттер ойланып-толғанумен жүр де, ұйымдаспаған пайдакүнем-ептілер, шонжарлар, капиталистер билеп-төстеп жүр.

П. С. мырза «Азаттық Одағының» программасын бар ықыласымен құттықтай отырып, программаның көмескі, олқы, шала болуын да, ұйымдық тұрлаусыздығын да, тактикалық үнсіздіктерін де *принципті түрде* жақтайды, «нақты саясатты» ойлау тұрғысынан жақтайды! Біз бұл ғаламат ұғымға, буржуазиялық либерализмнің бүкіл мәніне өте-мөте тән келетін ұғымға әлі қайтып ораламыз; ал енді либералдық программаның негіздерін талдауға көшейік.

Біз жоғарыда айтқанымыздай, партияның ресми аты жоқ. П. С. мырза оны, байқауымызша, біздің либералдық бағыттағы жария газеттеріміздің беттерінде де көрініп жүрген атпен:— «конституциялық-демократиялық партия» деп атап отыр. Атау туралы мәселенің маңызы алғаш қарағанда шамалы болып көрінгенімен, бірақ бізге осы арада-ақ буржуазияның пролетариаттан өзгеше, саяси тұрлаусыздықты неліктен қанағат тұтуға, тіпті оны «принцип жағынан» қорғауға *тиіс* болатынын, онда да тек өз көсемдерінің субъективтік пиғылдарына немесе қасиеттеріне қарай емес, тұтас алғанда бүкіл буржуазия табының өмір сүруінің объективтік жағдай-

ларына байланысты қорғауға «тиіс» болатынын түсіндіруге қажетті материал табылып отыр. «Конституциялық-демократиялық партия» деген ат: адамға тіл өз пікірін жасыру үшін берілген дейтін белгілі нақылды бірден еске түсіреді. «Конституциялық-демократиялық партия» деген ат партияның *монархиялық* сипатын жасыру үшін ойлап табылған. Расында, бүкіл осы партияның, оның үстем бөлегі — земство фракциясының да, «Азаттық одағының» да монархияны жақтайтынын кім білмейді? Анасы да, мынасы да республика туралы тіпті әңгіме етпейді, мұндай әңгімені «ұшқалақтық» деп санайды, ал конституцияның олар жасаған жобасында монархия басқару формасы ретінде тұп-тура әрі ап-анық танылған. Демек, біздің айтып отырғанымыз — конституциялы монархияны жақтаушылардың партиясы, конституцияшыл-монархистердің партиясы. Бұл ешбір күмәндануға болмайтын және республиканы «принципті түрде» мойындау жайындағы ешқандай создермен (бірақ әзірінше біз «конституцияшыл-демократтардан» мұндай пікірлерді естігеніміз жоқ!) бекерге шығаруға болмайтын факт, өйткені әңгіме нақ «принципті түрде» мойындап қана қою жайында емес, практикалық-саяси мойындау жайында, республиканы жеңіп алу ниетін және сол үшін күресу қажеттігін мойындау жайында болып отыр.

Бірақ істің бар мәнісі мынада: буржуа мырзалардың қазір өздерінің шын аттарын атауына *болмайды*. Адамның тыр жалаңаш көшеге шығуы қаншалық мүмкін болмаса, бұл да соншалық мүмкін емес. Шындықты ашық айтуға болмайды, жұртқа естіттіріп aussprechen was ist (барды айтуға) болмайды, өйткені бұл нағыз сорақы және зиянды саяси пұрсаттылықтардың бірін мойындаумен бірдей, өзінің *анти*демократизмін мойындаумен бірдей. Саяси бостандық үшін күресіп жүрген буржуазияның мұны мойындай алмайтын себебі мұның тым масқара, ұят, әрі әдепсіз екендігінен ғана емес. Жоқ, буржуазиялық саясаттың адамдары өздерінің мүдделері талап еткен күнде, ешқандай да әдепсіздіктен танбайды. Бірақ қазір олардың *мүдделері* бостандықты талап етіп отыр, ал бостандыққа *халықсыз* жетуге бол-

майды, ал өздерін «демократ» деп (=халық самодержавиесінің жақтаушысы деп) атамайынша, *өздерінің монархизмін жасырмайынша,* халықтың қолдауына ие болуға тағы болмайды.

Сонымен, буржуазияның таптық жағдайы оның негізгі саяси міндеттерінің қойылысының өзінде ішкі тұрлаусыздық пен екіжүзділікке сөзсіз ұрындырады: бостандық үшін, самодержавиенің ғасырлар бойғы пұрсаттылықтарын құрту үшін жүргізілетін күрес жеке меншіктің пұрсаттылықтарын жақтаушылықпен сыйыспақ емес, өйткені бұл пұрсаттылықтар монархияны «мәпелеп ұстауға» мәжбүр етеді. Сондықтан да монархиялық конституцияның нақты программасы демократиялық конституцияның үлбіреген әсем пердесін жамылып шығады. Ал программаның шынайы мазмұнын көрінеу жалтырауық жалған сырмеп осылай бояушылық «нақты саясат» деп аталып жүр... Сондықтан либерал буржуазияның идеологы «әсіре партиялардың өкілдері» айналысып жүрген «теориялық рақаттапушылық» жайында теңдесі жоқ тәкаппарлықпен, көңілі тасыған масаттанумен айтады («Освобождение» № 69—70, 308-бет). Буржуазияның нақты саясатшылары өздерін республика туралы әңгімемен де, тіпті қиялмен де рақатқа бөлегісі келмейді, өйткені олар республика үшін күрескісі келмейді. Бірақ дәл сондықтан да олар халықты «демократизм» желеуімен *рақаттандыруға* өлердей құштарланады. Олар монархиядан бас тартуға қабілетсіз екені жөнінде өздерін өздері алдағысы келмейді, міне, дәл сондықтан да олар өздерінің монархизмі туралы жұмған аузын ашпай халықты алдауға тиісті.

Көріп отырсыздар, партияның аты, алғаш қарағанда жұрт ойлап қалатындай, әсте кездейсоқ нәрсе емес және маңызы шамалы да нәрсе емес. Кейде партия атының тым асқақ та әсем көрінуінің өзі партияның бүкіл тактикасының ішкі терең кемшілік-мінін де білдіріп тұрады. Ірі буржуазияның идеологы өзінің монархияға берілгендігін неғұрлым жақын сезінсе, ол жұрттың бәрін өзінің демократияшылдығына сендіру үшін соғұрлым даурығып ант-су ішеді, қарғанады. Ұсақ буржуазияның идеологы сол буржуазияның тұрақсыздығын,

оның демократиялық революция жолында және социализм жолында дәйекті түрде, үздіксіз күрес жүргізуге қабілетсіздігін неғұрлым көбірек білдіретін болса, ол «социалист-революционерлер» партиясы туралы соғұрлым қызулана сөз сөйлейтін болады; шынында бұл партияның социализмі тіпті де революцияшыл емес, ал оның революцияшылдығы тіпті де социализммен байланысты емес деп бұл партия жайында дұрыс айтылғанды. Енді тек самодержавиені жақтаушылардың өздеріне «халық партиясы» деп ат қоюы ғана қалды (олар талай рет осылай етпекші болған да), сонда біз саяси жарнамаларда таптық мүдделердің қалай өзгеріп шыға келетінін толық көретін боламыз.

Либерал буржуазияның жарнамасы (немесе «Азаттық одағының» программасы), кәдімгі жарнамаға лайықты, мынадай ұтымды кіріспе сөзден басталады: ««Азаттық одағы» былай деп біледі: Россия бастан кешіріп отырған ауыр сыртқы дағдарыстың да, ішкі дағдарыстың да қазіргі уақытта асқынғаны соншалық, халық осы күнгі тәртіпке қарсы шыққан басқа да қоғамдық топтармен бірлесе отырып, бұл дағдарысты шешуді өз қолына алуға тиіс».

Сонымен, өкімет халықтың қолына көшсін, патша самодержавиесінің орнына халық самодержавиесі жасасын. Осылай емес пе, мырзалар? Демократизмнің талап етіп отырғаны осы емес пе?

Жоқ, бұл теория рақатына берілгендік және нақты саясатты түсінбегендік болады. Қазір бүкіл өкімет билігі самодержавиелік монархияның қолында. Оған қарсы халық, яғни пролетариат пен шаруалар тұр, олар қазірақ күрес бастады, бұл күресті жан аямай жүргізіп те жатыр, тегінде... тегінде жауды толық құлатқанға дейін осы күресін тоқтатпайтын сияқты. Бірақ «халықпен» қатар тұрған сондай-ақ «басқа да қоғамдық топтар» бар, яғни «қоғам», яғни буржуазия, жер иелері, капиталистер, профессионал интеллигенция бар. Міне соның үшін өкіметті үшке тең болу керек. Мұның үштен бірін монархияда қалдырып, екінші бөлігін буржуазияға (төте емес және, мүмкіндігінше, іс жүзінде тең емес, жалпы-

ға бірдей емес сайлау правосына негізделген жоғарғы палата), қалған үшінші бөлігін халыққа (жалпыға бірдей және т. с. сайлау правосына негізделген төменгі палата) беру керек. Бұл «әділ» бөліс болады, мұндай бөлісте жеке меншікті мықтап қорғау қамтамасыз етіледі және егер халық «әсіре партиялар өкілдерінің тек теориялық рақаттанушылыққа берілгендіктен ғана» ұсынып жүрген әлдеқандай «ақылға сыйымсыз» талаптарының біріне «еріп кеткендей» болса, онда монархияның ұйымдасқан күшін (әскерін, бюрократиясын, полициясын) халыққа қарсы қою мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. Революцияшыл халықты залалсыз азшылыққа, үштен бір үлеске әкеп таңатын осы әділ бөліс тіпті де монархизм негізінде емес, буржуазиялық пұрсаттылықтар негізінде де емес, «демократизм негізінде түбегейлі өзгеріс жасау» болады-мыс.

Бұл бөлісті қалай жүзеге асыру керек? Адал маклерлік жолымен. Мұны П. Струве мырза Виттенің хатына берген алғы сөзінде әлдеқашан-ақ сәуегейлікпен атап көрсеткен болатын, ол әсіре партиялардың арасындағы күрестің ұшығуынан әрқашан да ынсапты партиялар ұтады деген-ді. Самодержавие мен революцияшыл халық арасындағы күрес шиеленісе түсуде. Сондықтан бұл екеуінің арасында бұлталаққа салу керек, самодержавиеге қарсы шығарда революцияшыл халыққа (оны «демократизммен» алдарқатады) арқа сүйеу керек, революцияшыл халықтың «ұшқарылығына» қарсы шығарда монархияға арқа сүйеу керек. Шебер бұлталаққа салғанда сөзсіз жоғарыда айтылған бөліс сияқты бір нәрсе келіп шығады және де буржуазияға ең кемінде бөлістің «үштен бірі» қайтсе де, сөзсіз тиеді, ал халық пен самодержавие арасындағы үлестің бөлінуі олардың табан тірескен күресінің нәтижесіне байланысты. Кімге көбірек арқа сүйеу керек екені әр кезеңге байланысты — жалдаптық саясаттың, немесе «нақты» саясаттың мәні, міне, осындай.

Қазіргі кезеңде бүкіл өкімет әлі самодержавиенің қолында. Сондықтан өкіметті халық өз қолына алуға тиіс деп айту керек. Сондықтан да демократ деп аталу керек. Сондықтан да «орыс конституциясын жасап шыға-

ру үшін жалпыға бірдей және т. т. сайлау правосы негізінде дереу құрылтай жиналысы шақырылсын» деген талап қою керек. Қазір халық самодержавиелік монархияға қарсы қаруланбаған, бытыраңқы, ұйымдаспаған, әрі дәрменсіз. Бүкіл халықтық құрылтай жиналысы оның басын қосады, сонда ол патшаның күшіне қарсы тұратын үлкен күшке айналады. Әне нақ сонда, патшаның күші мен революцияшыл халықтың топтасқан күші бір-біріне қарама-қарсы келген кезде, дәл сол кезде буржуазияның нағыз күні туады, тек сол кезде ғана ұтатынына кәміл сене тұрып, осы күшті «келістіруге» және дәулетті таптар үшін ең тиімді нәтижені қамтамасыз етуге болады.

Либерализмнің нақты саясатшыларының есебі, міне, осындай. Жаман есеп емес. Монархияның сақталуы және бүкіл халықтық құрылтай жиналысының тек монархиямен ғана қатар болуы бұл есепке әбден саналы түрде енгізіліп отыр. Буржуазия осы күнгі өкіметті құлатуды, монархияны республикамен ауыстыруды қаламайды. Сондықтан Россия буржуазиясы (1848 жылғы герман буржуазиясының үлгісі бойынша) халық пен патшаның «келісуін» жақтайды. Осы келісу саясатының табысты болуы үшін күресуші жақтардың бірде-бірі, халық та, патша да толық жеңіске жете алмауы керек, олар бір-бірімен тең түсіп тұруы керек. Әне сол кезде, тек сол кезде ғана буржуазия монархиямен біріге алады, халықты бағынуға күштей алады, халықты өкіметтің тек «үштен бір» бөлігімен... немесе, бәлкім, жүзден бір бөлігімен де қанағаттануға көндіре алады. Бүкіл халықтық құрылтай жиналысының патшаны конституция беруге мәжбүр ету үшін ғана жетерліктей күші болады, бірақ одан асарлық күші болмайды және (буржуазияның мүдделері тұрғысынан қарағанда) *болуға тиіс те емес*. Құрылтай жиналысы тек монархияны тең ұстап тұруға тиіс, бірақ оны құлатуға тиіс емес, ол өкіметтің материалдық құралдарын (әскерді және т. т.) монархияның қолында қалдыруға тиіс.

Освобождениешілдер патшаға өкімет күшін, халыққа пікір күшін беріп қойғысы келетін шиповшылдарды

әжуалайды. Ал шын мәнінде освобождениешілдердің өздері де сол шиповшылдардың позициясында тұрған жоқ па? Өйткені олар да халыққа *бүкіл* өкіметті бермекші емес қой, өйткені олардың өздері де патша өкіметінің халық пікірімен *келісуін* жақтайды ғой!

Сонымен, біз мынаны көріп отырмыз: тап ретінде буржуазияның мүдделері қазіргі революциялық кезеңде мүлде табиғи түрде және лажсыз бүкіл халықтық құрылтай жиналысы ұранын көтеруге, *ал революциялық уақытша үкімет ұранын тіпті де көтермеуге* әкеліп соқтырады. Бірінші ұран — келісімпаздық, жалдаптық және маклерлік саясаттың ұраны немесе сондай ұран болып отыр. Екінші ұран — революциялық күрес ұраны. Бірінші ұран — монархияшыл буржуазияның ұраны, екінші ұран — революцияшыл халықтың ұраны. Бірінші ұран халықтың революциялық тегеуіріне қарамастан, бәрінен де гөрі монархияны сақтап қалу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Екінші ұран республикаға тура жол ашады. Бірінші ұран өкіметті патшаның қолында қалдырады да, оны тек халықтың пікірімен ғана шектейді. Екінші ұран — сөздің толық мәнінде халық самодержавиесіне дәйекті түрде және бұлтарыссыз бастайтын бірден-бір ұран.

Либерал буржуазия мен революцияшыл пролетариаттың саяси міндеттерді қоюдағы тек осы негізгі айырмашылығы ғана бізге «освобождениешілдер» программасының, жоғарыда айтылғандардан басқа, екінші дәрежедегі толып жатқан белгілерін түсіндіреді. Тек осы айырмашылық тұрғысынан қарағанда ғана «освобождениешілдердің» ескертуінің, мәселен, олардың Одағының шешімдері «тек саяси жағдайлар өзгеріссіз қалған күнде ғана *міндетті* болып саналады», программада да «уақытша және шартты элементке» жол беріледі деген ескертуінің *қажеттілігін* түсінуге болады. Бұл ескерту (П. С. мырзаның түсініктемелерінде егжей-тегжейлі және айрықша «дәмді» сөзбен өрістетілген ескерту) халықты патша өкіметімен «келістіруші» партия үшін сөзсіз қажет. Бұл ескерту «Азаттық одағының» мүшелері жалдаптық («нақты») саясатқа бола өздерінің де-

мократиялық талаптарының талай-талайынан-ақ бас тартатынын айдан анық аңғартады. Олардың программасы өздерінің бұлжымас пікірлерінің бейнесі емес (мұндай нәрсе буржуазияға тән емес), не үшін күресуге міндетті екенінің де көрінісі емес. Жоқ, олардың программасы — шайқасушы жақтардың әрқайсысының «табандылығына» қарай, «бағаны кемітуге» лажсыз тура келетінімен күн ілгері санасылған, жай *асыра сұрау* ғана. *Конституциялық-«демократиялық» (дұрысы: конституциялық-монархиялық) буржуазия патша өкіметімен өзінің қазіргі программасынан гөрі арзанырақ бағаға келіседі,*—бұған ешбір күмән жоқ, сондықтан саналы пролетариат бұл жөнінде ешқандай жалған үмітке беріліп кетпеуге тиіс. П. С. мырзаның программа-минимум мен программа-максимумды айырып көрсетуге, «жалпы қатаң программалық шешімдерге» қас болатын себебі осыдан. П. С. мырзаның «Азаттық одағының» программасы (белгілі бір талаптарды дәл тұжырымдау түрінде емес, оларды тек әдеби жағынан, шамамен ғана, *суреттеу* түрінде әдейі баяндалған программасы) «нақты саясат мақсаттарын көздейтін партия үшін *әбден жеткілікті»* деп сендірмек болып отырған себебі осыдан. «Демократ»-монархистердің программасында халықты каруландыру туралы айтпай кету, шіркеуді мемлекеттен болу талабын үзілді-кесілді тұжырымдаудан жалтару, жанама салықтарды жою мүмкін емес деп қасарысу, езілген халықтардың саяси жағынан өзін өзі билеуін олардың мәдени жағынан өзін өзі билеуімен ауыстыру себебі осыдан. Демократизм мен капитал мүдделері арасындағы байланысты аңғырт-ашық мойындау, «жеке кәсіпорындар мен кәсіпкерлерге қамқорлық жасау» орнына «халықтың өндіргіш күштерінің өркендеуіне баса қамқорлық жасау», «өнеркәсіптің гүлденуіне» көмектесу және т. т. қажеттігін мойындау себебі осыдан. Аграрлық реформаны барып тұрған бюрократтық жолмен шаруаларға жер «бөліп беру» ісіне айналдыру, сонымен бірге шаруаларға кететін жерлері үшін помещиктерге *«ақы төлеуге»* міндетті түрде кепілдік беру,— яғни, басқаша айтқанда, кіріптарлық және крепостниктік «меншікке»

қол сұғылмауын жанталаса қорғау себебі осыдан. Қайталап айталық, мұның бәрі — тап ретіндегі буржуазияның қазіргі қоғамдағы жағдайының табиғи және лажсыз нәтижесі. Мұның бәрі — революциялық күрестің пролетарлық саясатының либералдық маклерліктің буржуазиялық саясатынан түбегейлі өзгеше екенінің айқын дәлелі.

«Пролетарий» № 3,
9 июнь (27 май), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ЕВРЕЙ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА [116]

Партияның Орталық Органының редакциясы РСДРП III съезі туралы есепті еврей тілінде басып шығара отырып, осы басылым жөнінде бірнеше сөз айтуды қажет деп табады.

Бүкіл дүние жүзіндегі саналы пролетариаттың өмір жағдайының алған бағыты түрлі ұлттар жұмысшыларының жоспарлы социал-демократиялық күресінде неғұрлым тығыз байланыс және күшті бірлік жасалуын көздейді. Осыдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын тұңғыш рет жария болған «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!» деген ұлы ұран қазір тек әр түрлі елдердегі социал-демократиялық партиялардың ғана ұраны болып отырған жоқ. Бұл ұран халықаралық социал-демократияның тактикасын біріктіруде болсын, сол сияқты белгілі бір деспоттық мемлекеттің езгісінде бостандық пен социализм үшін күресіп жатқан әр түрлі ұлттар пролетарларының ұйымдық бірлігін қалыптастыруда болсын, барған сайын кең жүзеге асырылып келеді.

Россияда барлық ұлттардың жұмысшылары, әсіресе орыс ұлтына жатпайтын жұмысшылар, басқа бірде-бір мемлекетте болмаған экономикалық және саяси езгіде отыр. Еврей жұмысшылары тек өздерін правосыз ұлт ретінде қысымға алған жалпы экономикалық және саяси езгіден ғана емес, сонымен қатар оларды қарапайым азаматтық праволарынан айырып отырған езгіден де азап шегуде. Бұл езгі неғұрлым ауыр болған сайын әр түрлі ұлттар пролетарларының мүмкін қадарынша озара

тығыз бірлесуі соғұрлым қатты қажет болып отыр, өйткені мұндай бірліксіз осы езгіге қарсы жеңімпаз күрес жүргізу мүмкін емес. Қарақшы патша самодержавиесі өзі езіп отырған ұлттар арасында араздық, сенімсіздік пен өшпенділік туғызуға неғұрлым көбірек тырысса, оның қараңғы бұқараны айуандық ойранға айдап салатын саясаты неғұрлым жексұрын болса,—әр түрлі ұлттардың барлық бытыраңқы социал-демократиялық партияларын Россияның біртұтас социал-демократиялық жұмысшы партиясына біріктіру жолында жұмыс істеу міндеті біздерге, социал-демократтарға соғұрлым көбірек жүктеледі.

Партиямыздың 1898 жылғы көктемде болып өткен I съезі осындай бірлікті жүзеге асыру мақсатын алға қойды. Партия өзінің ұлттық сипаты туралы қандай да болсын ой-пікір туғызбас үшін өзіне орыс партиясы деп ат қоймай, Россия партиясы деп ат қойды. Еврей жұмысшыларының ұйымы — Бунд — партияға автономиялы бөлік ретінде кірді. Өкінішке қарай, сол кезден бастап бір партия ішіндегі еврей және еврей емес социал-демократтардың бірлігі жойылды. Бунд қайраткерлері арасында социал-демократияның бүкіл дүние танымына мүлде қайшы келетін ұлтшылдық идеялар етек ала бастады. Еврей жұмысшылары мен еврей емес жұмысшыларды жақындастыруға ұмтылу орнына, Бунд өздерінің съездерінде еврейлердің ұлт ретінде оқшау тұруын алға тартып, әуелгілерді соңғылардан айыру жолына түсе бастады. Россия социал-демократиялық партиясы I съезінің Бундты партиямен бұрынғыдан да күштірек бірлестіру бағытындағы жұмысын жалғастыра беру орнына, Бунд партиядан бөлініп шығу жағына қадам басты: Бунд әуелі РСДРП-ның шетелдегі біртұтас ұйымынан шығып, шетелде дербес ұйым құрды, ал кейінірек, 1903 жылы, партиямыздың II съезі едәуір көпшілік дауыспен Бундты еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп танудан бас тартқан кезде, Бунд РСДРП-дан да шығып кетті. Бунд еврей пролетариатының бірден-бір өкілімін дегенімен қоймай, оның үстіне, өзінің қызметінде ешбір аудан шегіне қарамайтындығын жақтап тұрып алды. РСДРП-ның II съезі,

әлбетте, мұндай шарттарды қабылдай алмады, өйткені бірсыпыра облыстарда, мәселен, оңтүстік Россияда ұйымдасқан еврей пролетариаты жалпы партиялық ұйымға кіріп отыр. Осымен сапаспастан, Бунд партиядан шығып кетті, сөйтіп, II съезде бірлесе жүргізілген жұмысқа қарамастан, партияның программасы мен ұйымдық уставына қарамастан, социал-демократиялық пролетариаттың бірлігін бұзды.

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы өзінің II және III съездерінде Бундтың партиядан бұл шығуы оның тарапынан жіберілген елеулі де өкінішті қателік болды деп өзінің берік сенімін білдірді. Бундтың істеген қатесі — оның принцип жағынан негізсіз ұлтшылдық көзқарастарының нәтижесі: еврей пролетариатының бірден-бір өкілдігіне ие болуды көздейтін қисынсыз талабының, ұйымның федералистік принципін сөзсіз туғызатын талабының нәтижесі: өзін өзі партиядан қашықтату және оқшаулау жөнінде көп жылдар бойы жүргізген саясатының нәтижесі. Қозғалыстың онан әрі өсуіне байланысты бұл қате түзетілуге тиіс және сөзсіз түзетіледі де,— бұған біз сенеміз. Біз өзімізді идея жағынан еврейдің социал-демократиялық пролетариатымен біргеміз деп есептейміз. II съезден кейін біздің Орталық Комитет ұлтшылдық саясат жүргізген жоқ, қайта, жергілікті жұмысшылардың бәрін, еврей жұмысшыларын да, сондай-ақ еврей емес жұмысшыларды да біртұтас етіп біріктіретін комитеттер (Полесье, Солтүстік-Батыс) ұйымдастыруға қамқорлық жасады. РСДРП-ның III съезінде жаргоп тілде әдебиет басып шығару туралы қарар алынды. Осы қарарды орындауға кірісе отырып, біз енді РСДРП-ның III съезі туралы орыс тілінде қазірдің өзінде басылып шыққан есептің толық аудармасын жаргоп тілде бастырып жатырмыз. Бұл есептен еврей жұмысшылары,— қазір біздің партиямызда тұрғандары да, сондай-ақ уақытша одан тыс қалып отырғандары да,— партиямыздың қалай дамып келе жатқанын көреді. Еврей жұмысшылары бұл есептен партиямыздың II съезден кейінгі жерде зардап шеккен ішкі дағдарыстан енді құтыла бастағанын көреді. Олар біздің партиямыздың шын көздегені не екенін жә-

не басқа ұлттық социал-демократиялық партиялар мен ұйымдарға қалай қарайтынын, сол сияқты бүкіл партияның және оның орталығының өз құрамына кіретін жеке-жеке бөлімдеріне қалай қарайтынын да көреді. Ақырында, олар, — бұл ең бастысы, — РСДРП-ның III съезі бүкіл саналы пролетариаттың қазіргі революциялық кезеңдегі саясаты жөнінде қандай тактикалық директивалар жасап шығарғанын көреді.

Жолдастар! Патша самодержавиесіне қарсы саяси күрестің, — пролетариаттың Россиядағы барлық таптар мен халықтардың бостандығы жолындағы, социализмге қарай пролетарлық талпыну бостандығы жолындағы күресінің мезгілі жақындап келеді. Бізді сұрапыл сынақтар күтіп тұр. Россиядағы революцияның нәтижесі біздің саналылығымыз бен әзірлігімізге, біздің бірлігіміз бен батылдығымызға байланысты. Жұмысқа неғұрлым батыл, әрі ынтымақтаса кірісейік, әр түрлі ұлттар пролетарларының бостандықты шын біртұтас Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының басшылығымен қарсы алуы үшін қолымыздан келгеннің бәрін істейік!

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Органының редакциясы

1905 ж. майдың аяғында жазылған
Бірінші рет 1905 ж. «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезі туралы хабар» деген атпен еврей тілінде шыққан кітапшаның алғы сөзі ретінде басылған

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр
Еврей тілінен аударма

РЕВОЛЮЦИЯШЫЛ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ

Социал-демократия, жұмысшы қозғалысының саналы көш басшысы ретінде, барлық еңбекшілерді езгі мен қанаудың қандайынан болса да толық құтқару мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншікті жою, сөйтіп социалистік қоғам орнату капитализмнің өндіргіш күштерінің өте жоғары дәрежеде өркендеуін және жұмысшы табының мықтап ұйымдасуын талап етеді. Саяси бостандық болмайынша осы заманғы буржуазиялық қоғамда өндіргіш күштердің толық өркендеуі де, кең етек алған, ашық және еркін тап күресі де, пролетариат бұқарасын саяси ағарту, тәрбиелеу және топтастыру да мүмкін емес. Міне, сондықтан да саналы пролетариат толық саяси бостандық үшін, демократиялық революция үшін батыл күрес жүргізуді әрдайым өзінің міндеті етіп алға қояды.

Өзінің алдына осы міндетті қоюшы жалғыз пролетариат қана емес. Саяси бостандық буржуазияға да керек. Дәулетті таптардың білімді өкілдері бостандық туын әлдеқашан-ақ көтерді; көпшілігі осы таптардан шыққан революцияшыл интеллигенция бостандық жолында ерлікпен күресті. Бірақ тұтас алғанда бүкіл буржуазия самодержавиеге қарсы батыл күресуге қабілетті емес: ол осы күресте өмір сүріп тұрған қоғамға өзін байластырып отырған өз меншігінен айрылып қаламын деп қорқады; ол ешқашан бір ғана демократиялық революциямен тынбайтын, социалистік төңкеріске ұмтыла

беретін жұмысшылардың ересен революциялық қимылынан қорқады; ол чиновниктерден, бюрократиядан біржола қол үзіп қаламын деп қорқады, өйткені бюрократияның мүдделері дәулетті таптардың мүдделерімен мың сан желі арқылы байланысып жатады. Сондықтан да буржуазияның бостандық жолындағы күресі тым жалтақ, дәйексіз, шалағай болып келеді. Пролетариат міндеттерінің бірі — буржуазияны ілгері итермелеу, бүкіл халықтың алдына толық демократиялық төңкеріс ұрандарын қою, осы ұрандарды жүзеге асыру ісін дербес және батыл қолға алу, бір сөзбен айтқанда, бүкіл халықтың азаттығы жолындағы күрестің авангарды, алдыңғы қатарлы отряды болу.

Осы міндетті орындап шығу мақсатында орыс социал-демократтарына буржуазиялық либерализмнің дәйексіздігіне қарсы бұрын да талай рет ұрыс жүргізуге тура келген-ді. Мәселен, Струве мырзаның Россияны «азат ету» жолындағы саяси күрескер ретінде өзінің цензураға тәуелсіз қызметін қалай бастағанын еске салайық. Ол қызметін Виттенің «Жазба хатына» алғы сөз жазудан бастады, мұнда «право және өктем земство» деген нағыз «шиповшыл» (осы күнгі саяси жіктеулердің тілімен айтқанда) ұран көтерілген болатын. Социал-демократия бұл ұранның бүтіндей мешеулігін, бүтіндей қисынсыздығын, бүтіндей реакцияшылдығын көрсетумен болды, айқын және үзілді-кесілді демократиялық программаны талап етті, мұндай программаны өзінің партиялық программасының ажырамас бір бөлігі ретінде өзі де ұсынып отырды. «Экономистер» деп аталып жүргендер демократиялық міндеттердің маңызын мейлінше түсірмек болып, «өндіріс қожаларына және үкіметке қарсы экономикалық күрес жүргізуді» уағыздаған кезде, оны праволарды жеңіп алудан бастау, одан әрі саяси үгіт жүргізу, тек сонан кейін ғана, бірте-бірте (сатылар теориясы) саяси күреске көшу қажеттігін талап еткен кезде, социал-демократия өз қатарындағы демократиялық міндеттерді тайыз түсінетіндерге де қарсы күрес жүргізуге тиіс болды.

Қазір саяси күрес кең етек алды, революция бүкіл елді қамтыды, барып тұрған баяу либералдардың өзі

«үшқарыланып» алды, сондықтан, жуырда өткен уақыттап қазір біз келтіріп отырған осындай тарихи деректер орынсыз болып көрінуі, көз алдымыздағы, қаулап тұрған бүгінгі өмірге ешқандай қатысы жоқ сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ бұл алғаш қарағанда ғана солай көрінуі мүмкін. Әрине, құрылтай жиналысы, дауысты жасырын беру арқылы жалпыға бірдей, төте және тең сайлау правосы (өздерінің партиялық программасында социал-демократтар әлдеқашан және жұрттың бәрінен бұрын көтерген право) сияқты ұрандар жұртшылыққа жайылды, бұларды құпия «Освобождение» қабылдады, бұлар «Азаттық одағының» программасына кірді, земствошылардың ұранына айналды, бұларды жария баспасөз түрлі саққа құбылта қайталап жүр. Орыстың буржуазиялық демократизмінің соңғы жылдар мен айларда ілгері басқандығы күмәнсыз. Буржуазиялық демократия оқиғалардан сабақ алып үйренуде, қарадүрсін ұрандарды (шиповшылдардың: право және өктем земство деген ұраны сияқты) лақтырып тастап, революцияның соңынан салпақтауда. Ол шынында да революция соңынан салпақтауда: оның сөзі мен ісі арасындағы, принцип жүзіндегі демократизмі мен «нақты саясаттағы» демократизмі арасындағы ескі қайшылықтарының орнына жаңа қайшылықтар туып жатыр, өйткені революцияның өршуі демократияның қоятын талаптарын үсті-үстіне ұлғайта түсуде. Ал буржуазиялық демократия өзінің ұрандарын көтергенде әрқашан оқиғалардан кейін қалып отырады, әрқашан сүйретіліп артта жүреді, бұл ұрандарды әрқашан нағыз бостандық жолындағы шын революциялық нағыз күрестің талаптарынан бірнеше градус төмен тұжырымдайды.

Расында да, жалпыға бірдей және т. с. сайлау правосы негізінде құрылтай жиналысын шақыру жөніндегі әбден кең тараған, жалпы жұртқа танылған ұранды алып қараңыздаршы. Ол дәйекті демократизм тұрғысынан алғанда жеткілікті ме? Ол бастан кешіріп отырған кезеңнің революциялық көкейтесті міндеттері тұрғысынан алғанда жеткілікті ме? Осы екі сұрақтың екеуіне де жеткіліксіз дегеннен басқа жауап беруге болмайды. Бұған көз жеткізу үшін тек біздің партиялық программа-

мызды зер салып қараса-ақ болғаны, бірақ, бір өкініштісі, біздің ұйымдарымыздың осы программаны еске түсіруі, мысалға келтіруі және таратуы жетерліктей жиі болып жүрген жоқ. (Бұл жерде кеңінен үлгі етуге тұрарлық бір сәтті ерекшелік ретінде, жуырда партиямыздың программасы Рига, Воронеж, Москва комитеттерінің листоктарында қайыра басылып шыққанын атап көрсеткен жөн.) Біздің программамызда бүкіл халықтық («бүкіл халықтық» деген сөзді біз қысқалық үшін жалпыға бірдей және т. с. сайлау правосы деген сөздердің орнына қолданатынымызды келісіп алайық) құрылтай жиналысы ұранын маңдай алды ұран етіп қояды. Бірақ біздің программамызда бұл ұран оқшау тұрған жоқ, белгілі контексте толықтыруларымен және анықтауларымен бірге тұр, бұлар бостандық жолында дәйекті күресуге табандамайтын не тіпті бостандыққа қарсы күресетін адамдардың ол ұранға теріс мағына беруіне саңлау қалдырмайды. Бұл ұран біздің программамызда мына ұрандармен байланысты тұр: 1) патша самодержавиесін *құлату;* 2) оның орнына демократиялық *республика* орнату; 3) демократиялық конституция арқылы қамтамасыз етілген *халық самодержавиесін* орнату, яғни *бүкіл* жоғарғы мемлекеттік өкімет билігін халық өкілдерінен құралған және бір палатадан тұратын заң шығару жиналысының қолына қарату.

Осы ұрандардың бәрін де мойындау әрбір дәйекті демократ үшін міндетті екеніне күмәндануға бола ма? Өйткені «демократ» деген сөз грамматикалық мәні жағынан да, Европаның бүкіл тарихында берілген саяси маңызы жағынан да халық самодержавиесін жақтаушы деген сөз ғой. Ендеше, демократизм туралы әңгіме қозғай тұрып, сонымен қабат осы ұрандардың тым болмаса біреуін жоққа шығарудың өзі кісі күлерлік қой. Бірақ буржуазияның қайткен күнде де жеке меншікті қорғап қалуға тырысуы мен бостандыққа жету тілегі арасындағы негізгі қайшылықтың терең екендігі сонша, либерал буржуазияның өкілдері, жақтаушылары осындай күлкілі халге сөзсіз түсіп қала береді. Жұрттың бәріне мәлім, Россияда орасан зор жылдамдықпен аса кең көлемде либералдық партия қалыптасып келеді, бұ-

ған «Азаттық одағы» да, земствошылардың көпшілігі де, «Наша Жизнь», «Наши Дни», «Сын Отечества», «Русские Ведомости» [117] сияқты газеттер де және т. т. және т. с. қарайды. Бұл либерал-буржуазиялық партия өзін «конституциялық-*демократиялық»* партия деп атағанды сүйеді. Ал шынына келгенде, астыртын «Освобождениенің» мәлімдемелері мен программасынан көрініп тұрғандай, бұл — *монархиялық* партия. Ол республиканы мүлде қаламайды. Ол бір палата болуын қаламайды, сондықтан жоғарғы палата үшін тоте емес және іс жүзінде жалпыға бірдей емес сайлау правосын (отырықшылық цензы) енгізеді. Ол *бүкіл* жоғарғы мемлекеттік өкімет билігінің халық қолына көшуін тіпті де қаламайды (ол сырт көз үшін ғана өкіметтің халыққа көшуін әңгіме қылып қоюды өте жаратады!). Ол самодержавиенің *құлауын* қаламайды, ол тек өкіметті мыналарға бөліп бергісі келеді: 1) монархияға, 2) жоғарғы палатаға (мұнда жер иеленушілер мен капиталистер басым болмақ) және 3) төменгі палатаға, *тек жалғыз* осы ғана демократиялық негізде құрылмақ.

Сонымен, біз мынадай күмәнсыз фактіні айқын көріп отырмыз: біздің «демократиялық» буржуазия, тіпті оның ең алдыңғы қатарлы, білімді деген, капиталға тікелей бағыныштылығы кемірек өкілдерінің өзі революцияның соңында салпақтаумен келеді. Бұл «демократиялық» партия халық самодержавиесінен *қорқады.* Бүкіл халықтық құрылтай жиналысы деген біздің ұранымызды қайталай жүрсе де, ол іс жүзінде бұл ұранның мәні мен маңызын мүлде теріс бұрмалап жүр, ол осы ұранды қолдану арқылы, дұрысын айтқанда, осы ұранды өз мүддесіне пайдалану арқылы халықты алдап жүр.

«Бүкіл халықтық құрылтай» жиналысы деген не? Бұл, біріншіден, халық еркін шынымен білдіретін жиналыс; — бұл үшін жалпыға бірдей және т. т. сайлау правосы болуы керек және сайлау алдындағы үгітке еркіндік болатынына толық кепілдік керек. Бұл, екіншіден, халық самодержавиесін қамтамасыз етерліктей мемлекет тәртібін «құруға» *шынымен күші де, өкімет билігі де жететін* жиналыс. Сөз жоқ, осы екі шарт бол-

майынша жиналыстың нағыз халықтық та, нағыз құрылтайлық та болуы мүмкін емес екені құдайдың ашық күніндей айқын. Ал оның бер жағында біздің либерал буржуаларымыз, біздің конституцияшыл-монархистеріміз (халықты ақымақ ету үшін өздерін демократ деп атап жүргендер) осы шарттардың *біреуін де* шындап қамтамасыз еткілері келмейді! Олар сайлау алдындағы үгітке толық еркіндік болуын да, күш пен өкімет билігінің құрылтай жиналысының қолына шынымен көшуін де еш нәрсемен қамтамасыз етпейді,— олар, қайта мұның екеуінің де *мүмкін болмауын қамтамасыз етеді,* өйткені олар монархияны қамтамасыз етеді. Нақты өкімет билігі мен күш Қанішер Николайдың қолында қала береді: бұл — халықтың қас дұшпаны жиналыс шақыра отырып, сайлаудың бүкіл халықтық және еркін сипатын «қамтамасыз етеді» деген сөз. Расында да, осы демократияшылдық-ақ па? Бұл — бүкіл күш пен бүкіл өкімет билігі құрылтай жиналысының қолында ешқашан да болмайды және болуға тиіс те емес (либерал буржуалардың ойынша) деген сөз; ол мүлде ешбір күшсіз және мүлде өкімет билігінсіз қала беруге тиіс деген сөз; ол жиналыс өзіне патшалық өкімет билігінің бір жұрнағын ғана сұрап алу үшін II Николаймен тек *мәмлеге келуге, келісім жасасуға, шартқа отыруға, саудаласуға* тиіс деген сөз! Сонда жалпыға бірдей дауыс беру жолымен сайланған құрылтай жиналысының төменгі палатадан ешбір айырмашылығы болмайды. Демек, халықтың еркін білдіру үшін және оны жүзеге асыру үшін шақырылатын құрылтай жиналысын либерал буржуазия *халық еркінің үстінен* жоғарғы палатаның еркін, оған қоса монархияның еркін, Николайдың еркін «орнықтыруға» пайдаланады деген сөз.

Бүкіл халықтық құрылтай жиналысы туралы әңгіме құрып, шешенсіп, дауырығып жүрген либерал буржуа мырзалардың, освобождениешілдердің іс жүзінде *халыққа қарсы кеңесші* жиналыс әзірлеп жатқаны бадырайып-ақ көрініп тұрған жоқ па? Халықты азат ету орнына олар халықты конституциялық жолмен, біріншіден, патша өкіметіне (монархиялық принцип) және, екінші-

деп, ұйымдасқан ірі буржуазияның өкіметіне (жоғарғы палата) бағындырғысы келеді.

Кімде-кім осы тұжырымды бекер деп таласқысы келсе, ол мынаны растай қойсын: 1) үгіт жүргізуге толық еркіндік болмайынша және осы үгітте патша үкіметінің қолында болуы мүмкін артықшылықтардың қандайын болса да іс жүзінде жоймайынша, сайлау кезінде халықтың еркін шын білдіруге болады деп айта қойсын; 2) күш те, өкімет билігі де патшаның қолында қалып отырған кезде, өз қолында нақты күш пен өкімет билігі жоқ өкілдер жиналысы іс жүзінде тек қана кеңесші жиналыс болып шықпайды деп айта қойсын. Мұның екеуін де тек суайт алаяқтар немесе түйсіксіз ақымақтар ғана растауы мүмкін. Тарих бас бұлтартпай мынаны дәлелдеумен келеді: монархия өкіметімен қатар өмір сүріп отырған өкілдік жиналыс, өкімет монархия қолында қалып тұрған кезде, іс жүзінде кеңесші жиналыс болып шығады, ол жиналыс монархтың еркін халық еркіне бағындырмайды, тек халықтың еркін монархтың еркімен *жарастырып* қана отырады, яғни халық пен монарх екеуіне өкіметті бөліп береді, жаңа тәртіпті саудалап алады, бірақ оны өзі орнатпайды. Тарих бас бұлтартпай мынаны дәлелдеумен келеді: революцияға қарсы күресуші үкіметтің орнына революциялық уақытша үкімет орнатпайынша, шын еркін сайлау туралы, ол сайлаудың маңызымен және сипатымен *бүкіл* халықты біршама толық таныстыру туралы сөз болуы да мүмкін емес. Егер біз тіпті бір сәтке ақылға сыймайтын, мүмкін емес бір жорамал жасап көрсек, атап айтқанда, патша үкіметі «құрылтай» (кеңесші деп оқи бер) жиналысын шақыруды ұйғарып, үгіт жүргізуге *формальды түрде* еркіндікті қамтамасыз етті дейік, бірақ соның өзінде де үгіт жөніндегі ұйымдасқан мемлекеттік өкімет беретін орасан зор тиімділік пен артықшылықтың бәрі патша үкіметінің қолында қалады: тұңғыш халық жиналысының сайлауы кезіндегі үгітте осы тиімділіктер мен артықшылықтарды халықты бар құралдарымен басып-жаншып келген адамдар пайдаланатын болады, халық олардан бостандықты күшпен тартып ала бастады.

Бір сөзбен айтқанда, біз өткен жолы бұл мәселені екінші жағынан қараған кезімізде («Пролетарий» № 3) * келген қорытындымызға тағы келіп отырмыз. Бүкіл халықтық құрылтай жиналысы жөніндегі ұран өзінше, жеке алғанда, қазіргі кезде монархиялық буржуазияның ұраны, буржуазия мен патша үкіметі арасындағы мәмлеге келу ұраны болып табылады. Ал революциялық күрес ұраны тек патша үкіметін құлату және оның орнына революциялық уақытша үкімет орнату ғана болуы мүмкін, бүкіл халықтық құрылтай жиналысын революциялық уақытша үкімет шақыруға тиіс. Россия пролетариаты бұл жөнінде өзін болмас іспен алдарқатпай-ақ қойсын: жалпы жұрттың дүрбелеңін пайдаланып, пролетариаттың өз ұрандарын қолдану арқылы оның өзін алдап кетіп жүр. Егер үкіметтің қарулы күшіне қаруланған халық күшін қарсы қоюға біздің шамамыз келмей қалса, егер патша үкіметі тас-талқан етіліп қиратылмаса және оның орнына революциялық уақытша үкімет орнатылмаса,— онда әрбір өкілдік жиналыс, оған бүкіл халықтық, құрылтайлық деген атақтардың қандайы берілсе де, іс жүзінде өкіметті өзара бөлісу туралы патшамен мәмлеге келу үшін шақырылған ірі буржуазия өкілдерінің жиналысы болып шығады.

Халықтың патшаға қарсы күресі неғұрлым шешуші кезеңге таянған сайын, халық өкілдерін шақыру талабының тезірек жүзеге асуы неғұрлым мүмкін болған сайын, революцияшыл пролетариат «демократиялық» буржуазияны соғұрлым қатаңырақ қадағалауға тиіс. Біз бостандықты неғұрлым тезірек жеңіп алсақ, пролетариаттың бұл одақтасы соғұрлым тезірек оның жауына айналады. Ал бұл өзгерісті бүркемелеу үшін мыналар себепші болады: 1-ден, буржуазияның демократиялық-мыс деп жүрген ұрандарының айқын еместігі, толық еместігі, нақты еместігі, 2-ден, пролетариаттың ұрандарын сылдыр сөзге айналдыруға, бостандық пен революцияның *нақты* кепілдерін құрғақ уәделермен алмастыруға тырысушылық. Қазір

* Қараңыз: осы том, 277—278-беттер. *Ред.*

жұмысшылардан он есе сақ болу және «демократтарды» қырағылықпен қадағалау талап етіледі. Егер сайлаудың және сайлаудағы үгіттің нақты жағдайларына байланысты бұл жиналыс халықтың еркін білдіре алмаса, егер оның өз бетімен жаңа тәртіп орнатуға күші жетпесе, онда «бүкіл халықтық құрылтай жиналысы» деген сөздер бос сөз болып шығады. Қазір негізгі салмақ бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыру туралы мәселеден сол шақырудың *тәсілдері* туралы мәселеге ауып отыр. Біз шешуші оқиғалардың қарсаңында тұрмыз. Пролетариат жалпы демократиялық ұрандарға сеніп қалмай, оларға өзінің нағыз пролетарлық-демократиялық ұрандарын барынша толық қарсы қойып отыруға тиіс. Тек осы ұрандарды басшылыққа алған күш қана революцияның іс жүзінде толық жеңіп шығуын қамтамасыз ете алады.

«Пролетарий» № 4,
17(4) июнь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

ЖАҢА РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ОДАҒЫ

Бізге Россия азаттық одағы (РАО) Орталық комитетінің Россияда басылып, таратылған үндеулері жеткізілді, бұлар: 1) Россия азаттық одағының мақсаттары мен сипатын баяндайтын, ешкімге арналмаған үндеу; 2) Россия азаттық одағы Жұмысшы одағының құрылуы жайында жұмысшыларға арналған үндеу және 3) осы Жұмысшы одағының уставы. Бұл документтерге қарағанда, «Россия азаттық одағы — белгілі бір, тек өзіне ғана тән программасы бар, әлдененде бір партия емес,— бұл — қарулы көтерілістің көмегімен», жалпыға бірдей және т. т. сайлау правосы негізінде, «құрылтай жиналысын шақыру жолымен өкімет билігін самодержавиеден алып халық қолына беруді тілейтіндердің бәрінің одағы». Бірінші үндеуде былай делінген: «Жалпыға бірдей таяудағы мақсатқа, құрылтай жиналысына жетудің шұғыл қажеттігі Россия азаттық одағының ұйымдасуына себеп болды, мұның алдына қойып отырған мақсаты — Россияның саяси бостандық алуын және революция ісін нақты жүзеге асыруды көздейтіндердің бәрін топтастыру. Ал осы мақсат орындалған кезде Россия азаттық одағы өзінің қызметін тоқтатады да, халық өкілдерін және қоғамдық қауіпсіздік ісін қорғауды ұйымдастырылған азаматтық милицияға жүктейді».

Жұмысшы одағының уставы 43 параграфтан тұрады. Жұмысшы одағының мақсаты былайша белгіленген: «1) қарулы көтеріліс жасау үшін жасақтар ұйымдастыру; 2) қару-жараққа және нағыз пролетарлық сипаттағы

әдебиетке қажетті ақша қаражатын жинау». Жұмысшы одағының ұйымы төрт сатылы коллегиялардан құралады: 1) жұмысшылар топтары (көбінесе бір шеберхананың ішіндегі жұмысшылар); 2) завод советтері; 3) аудандық жиналыстар; 4) Жұмысшы одағының комитеттері. Жоғары коллегиялардың бәрі төменгі коллегияның сайламалы өкілдерінен құралады, мұның екі түрлі ерекшелігі бар: біріншіден, Жұмысшы одағының комитеттеріне Россия азаттық одағы Орталық Комитетінің бір-бір мүшесі кіреді; екіншіден, бұл Орталық Комитеттің сайлануы туралы, оған қандай да бір бақылау болатыны туралы бір ауыз сөз айтылмаған. Жұмысшы одағының Россия азаттық одағына қатынасы туралы тек былай делінген: «Біз арқылы (Россия азаттық одағы Орталық Комитеті арқылы) Жұмышы одағы барлық басқа жұмысшы одақтарымен және жұмысшы еместердің одақтарымен байланысты болады». Россия азаттық одағының өзінің ұйымдасуы туралы, оның Орталық Комитетінің бүкіл Россия азаттық одағына қатынасы туралы бір ауыз сөз айтылмаған. Жұмысшыларға арнаған үндеуінде Россия азаттық одағы Орталық Комитеті өзінің тікелей міндетін былайша баяндайды: «Біз көтерілістің егжей-тегжейлі жоспарын жасаймыз, сіздерге жасақты қалай құру керек екенін айтамыз, қалайша қарулану керек екенін үйретеміз, дәрімен атылатын қаруды жинастырамыз. Ақырында, біз Россияны самодержавие езгісінен азат етуді тілейтін, барлық қалаларда, жер-жерлерде бытырап жүргендердің бәрінің іс-қимылын біріктіреміз және біріктіріп болып, жаппай көтеріліс жасауға дабыл қағамыз». Ақырында, тағы бір атап көрсететініміз, Жұмысшы одағының уставында (§ 4) былай делінген: «Жұмысшы одағын құруға шақырған үндеу С.-Петербургтегі және оның төңірегіндегі барлық заводтарға таратылады».

Жоғарыда баяндалғанның бәріне қарағанда, біз жалпы алғанда қарулы халық көтерілісін, әсіресе Петербург жұмысшыларының көтерілісін «дербес», партиядан тыс ұйымдастыру әрекетін көріп отырмыз. Бұл әрекеттің қаншалықты елеулі екені туралы мәселені біз бұл арада қозғап жатпаймыз — ол туралы түпкілікті пікір-

ді осы әрекеттің нәтижелері бойынша ғана, ал алдын ала пікірді Россия азаттық одағы жайындағы жеке мәліметтер мен құпия мағлұматтар бойынша ғана айтуға болады; бірақ ол туралы бізде *ешқандай* мағлұмат жоқ. Біз бұл әрекеттің принциптік маңызын бағалауға және оның социал-демократияның алдына қойып отырған тактикалық және ұйымдастыру міндеттеріне тоқталмақпыз.

Күмән жоқ, біз бұдан қарулы халық көтерілісі туралы мәселенің қаншалықты мезгілі жеткен мәселе екенін сипаттайтын мықты дәлелдердің бірін көріп отырмыз. Енді бұл мәселені теоретиктер емес, практиктер көтеріп отыр. Ол белгілі бір программадан туған қорытынды ретінде қойылып отырған жоқ (мәселен, 1902 жылы бұл мәселе шетелдегі социал-демократиялық әдебиетте осылайша қойылған болатын) *, практикалық қозғалыстың маңызды көкейтесті мәселесі ретінде қойылып отыр. Бұл арада әңгіме мәселені талқылау туралы, тіпті жалпы алғанда көтерілісті әзірлеу туралы да болып отырған жоқ, көтерілісті тікелей іске асыру туралы болып отыр. Сірә, өмірдің бүкіл ағымы көтеріліске келіп *тірелген* болу керек, бостандық жолындағы бүкіл күрес нақ осындай шешуші нәтиженің қажеттігін туғызған болу керек. Осындай міндетті күн тәртібіне тікелей қоюдан партияны кері сүйреуге тырысатын социал-демократтардың қаншалық қатты қателесетіні, былайша айтқанда, осыдан-ақ көрініп отыр.

Содан соң, біз сөз етіп отырған әрекет Россиядағы *революциялық демократияның* ілгері қарай зор қадам жасағанын дәлелдейді. Самодержавиеге қас күштердің, партиялар мен ұйымдардың ішінде осы жаңа топтың пайда болғанын біз әлдеқашан, «Вперед»тің 7-номерінде-ақ көрсеткен болатынбыз**. Біз былай деп көрсеткен едік: Россияда болып жатқан революцияның, атап айтқанда: буржуазиялық-демократиялық революцияның сипатының өзі мейлінше алуан түрлі жауынгер элементтердің өсіп, көбеюіне сөзсіз жағдай туғызады және солай бола береді де, бұл элементтер халықтың ең ал-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 195-бет. *Ред.*
** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 304—305-беттер. *Ред.*

уан түрлі топтарының мүдделерін білдіреді, үзілді-кесілді күреске әзір, бостандық ісіне жан-тәнімен берілген, бұл іс үшін қандай да болсын құрбандыққа әзір, бірақ бұлар болып жатқан революцияның тарихи маңызын, оның таптық мазмұнын айыра білмейді және айыруға қабілетті емес. Мұндай қоғамдық элементтердің тез осуі бүкіл халықты самодержавие езіп отырған жәпе ашық саяси күрес таптардың арасын әлі біржола жіктеп, айқын, тіпті қалың бұқараға да түсінікті партия жасап бола қоймаған қазіргі дәуірге әбден тән. Жіктеліп жетпеген, өз орнын тауып үлгермеген нақ осындай элементтердің бәрі революциялық демократияның кадрларын құрайды. Демократиялық революция үшін бұлардың жауынгерлік маңызы өте зор: бұлардың партиядан тысқары, әрі-сәрі жағдайы, бір жағынан, халықтың аралық топтарының, капиталистік қоғамдағы қастасқан екі таптың біріне онша қосыла қоймаған топтардың, шаруалар, ұсақ буржуазия және т. с. топтарының жанталасқан күреске және көтеріліске шыға бастағанының белгісі болып табылады. Екінші жағынан, партияда жоқ осы революционерлердің революциялық жолға түсуі таптық шеңберден мейлінше алыс жатқан, барлық жағынан мейлінше артта қалған халық топтарының енді оңайырақ, кеңірек және тезірек сілкініп, күреске қатысатындығының кепілі болады. Бұрынғы замандарда Россияда тек жалғыз интеллигенция ғана революцияшыл болатын еді. Жаңа заманда қала пролетариаты революцияшыл болды. Енді самодержавиеге қарсы «халықтың» қалың ортасынан шыққан, бұқарамен өте тығыз байланысқан бірқатар басқа да әлеуметтік элементтер революцияшылдана бастады. Бұл элементтердің майданға шығуы *халық* көтерілісі ісі үшін аса қажет. Қайталап айтамыз, бұлардың жауынгерлік маңызы өте зор. Бірақ *пролетарлық* қозғалыс үшін бұлардың саяси маңызының кейде аз болатыны былай тұрсын, тіпті оның кері әсері де болуы мүмкін. Бұл элементтер — жалаң революционерлер, жалаң демократтар, олай болатын себебі бұларға бір ғана белгілі бір таппен, үстемдік етуші буржуазиядан біржола жігін айырған таппен, яғни пролетариатпен байланыс жасаудың өзі жат. Бұл элементтер

бостандық жолындағы күресін социализм жолындағы пролетарлық күреспен тығыз байланыстырмай жүргізеді, сөйтіп олардың мұндай ретте атқаратын ролінің объективтік маңызы буржуазияның мүдделерін іске асыру болып шығады. Кімде-кім бостандық ісіне жалпылама қызмет етіп, бұл бостандықты пролетарлық жолмен пайдалану ісіне, бұл бостандықты социализм жолындағы пролетарлық күрестің пайдасына айналдыру ісіне арнап қызмет етпесе, ол сонысының өзімен, сайып келгенде, буржуазия мүдделері жолында қызмет ететін күрескер болып шығады, онан басқа түк те болмайды. Біз мұндай адамдардың ерлігін кемітпейміз. Біз бұлардың бостандықты жеңіп алу ісіндегі орасан зор ролін де əсте кемітпейміз. Бірақ біздің айтарымыз жəне барынша кесіп айтарымыз — бұлардың қызметі жеңіс жемістерін, бостандық жемістерін пролетариат үшін, социализм үшін пайдалануға зəредей де кепілдік бермейді. Кімде-кім партиялардан тысқары тұрса, ол осынысы арқылы, тіпті солай істегісі жəне ойлағысы келмесе де, үстем партияның мүдделеріне қызмет етеді. Кімде-кім партиялардан тысқары тұрып бостандық жолында күрессе, ол осынысы арқылы бостандық кезінде сөзсіз үстемдік құратын күштің мүдделеріне, яғни буржуазияның мүдделеріне қызмет етеді. Міне, сондықтан да біз жоғарыда партиядан тысқары тұрған көтеріліс ұйымын «дербес» ұйым деп тырнақшаға алып атадық. Іс жүзінде партиядан тысқары тұрудың өзі, дербестікті қамтамасыз ететін сияқты көрінгенмен, барып тұрған дербессіздік, үстем партияға барынша тəуелділік болып табылады. Іс жүзінде жалаң революционерлер мен жалаң демократтар ең мықтағанда буржуазиялық демократияның алдыңғы қатарлы отряды, ал кейде оның əшейін ғана қызметші күші, тіпті сол үшін зеңбірек жемі болып табылады.

Енді осы жалпы қағидалардан кейін əлгі документтерімізбен толығырақ танысуға көшейік. Өзінің бірінші үндеуінде Россия азаттық одағының Орталық комитеті былай деп жар салады: «Уақытша партиялық талаптар мен принциптік келіспеушілікті былай қояйық, біртұтас жойқып күш болып, Россия азаттық одағына топ-

тасайық, сөйтіп халықтың ортақ дұшпанға қарсы, самодержавиеге қарсы ұлы күресінде оған өзіміздің күшімізді, қаржымыз бен білімімізді берейік. Құрылтай жиналысына дейін бәріміз бір сапта болуға тиіспіз: саяси бостандықты тек сол ғана береді, ал саяси бостандық болмаса, дұрыс партиялық күрес жүргізу мүмкін емес». Самодержавиемен күресуші халықтың буржуазия мен пролетариаттан тұратынын азды-көпті саналы жұмысшы жақсы біледі. Буржуазия бостандықты қатты тілейді, буржуазия қазір елден ерек айқай-шу көтеріп, баспасөз жүзінде болсын, жиналыстарда болсын самодержавиеге қарсы шығып жүр, бірақ буржуазияның жер мен капиталды жеке меншіктенуден бас тартпайтыны былай тұрсын, қайта бұл меншіктерін жұмысшылардың қол сұғуынан жанталаса қорғайтынын түсінбейтін аңқау адам табыла қояр ма екен? Жұмысшының самодержавиеге қарсы күресте тізе қосып отырған буржуазиямен арасындағы принциптік келіспеушілікті былай қоюы — *социализмді былай қойғандығы,* социализм туралы ойлауды былай қойғандығы, социализмге әзірлік жұмысын былай қойғандығы болып шығады. Бір сөзбен айтқанда, бұл жұмысшының өзінің экономика жағынан азат болуын, еңбекшілерді қайыршылық пен езгіден азат ету ісін ойлауды қойғандығы болып шығады. Өйткені дүние жүзінің бәрінде буржуазия бостандық үшін күресіп келді және бостандықты көбінесе жұмысшылардың күшімен жеңіп алып отырды, сөйтіп кейін социализмге қарсы өршелене күрес жүргізді. Демек, алауыздықты қою керек деген ұран — *буржуазиялық* ұран. Россия азаттық одағының Орталық комитеті бейпартиялықты бетке ұстап, жұмысшыларға буржуазиялық жел сөздерді таратады, оларға буржуазиялық идеяларды тықпалап, олардың социалистік сана-сезімін буржуазиялық бұлдыр сөздермен аздырады. Жұмысшылар мен буржуалар арасындағы алауыздықты уақытша қоя тұру керек деген пікірге біле тұра іш тартатындар тек социализмнің дұшпандары, либерал буржуалар, освобождениешілдер ғана болуы мүмкін, ал білместіктен іш тартатындар тек социализмге немқұрайды қарайтын социалист-революционерлер тәрізді революцияшыл де-

мократтар ғана болуы мүмкін. Жұмысшылар бостандық үшін күрескенде социализм туралы ойларын, оны жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарын, социализмді жеңіп алу үшін керекті күштер мен ұйымды әзірлеу ісін *бір сәт те* естен шығармауға тиіс.

Россия азаттық одағының Орталық комитеті былай дейді: «Осы күнгі партиялар мен ұйымдарға көзқарасымыз жайындағы мәселені анықтай отырып, біз, Россия азаттық одағының Орталық комитеті, социал-демократиялық партияларымен арамызда принциптік келіспеушіліктер туып қалуы мүмкін деп ойламайтынымызды мәлімдейміз, өйткені Одақтың идеясы олардың программаларына қайшы келмейді...» Бұл сөздер Россия азаттық одағы Орталық комитетінің социализмді қаншалықты түсінбейтіндігін көрсетіп отыр. Орталық комитет тіпті социал-демократиямен келіспеушілік туып қалуы мүмкін екен деп те ойламайды, ал біз болсақ арамызда аса терең принциптік келіспеушілік бар екенін әлден-ақ көрсетіп бердік! Орталық комитет Одақтың идеясы мен социал-демократия программасының арасында қайшылық барын көрмейді, ал біз болсақ, бұл қайшылықтың пролетариат пен буржуазия арасындағы қайшылықтай терең екенін әлден-ақ көрсетіп бердік. Біздің Россия азаттық одағымен арамыздағы негізгі келіспеушілік нақ мынада: Россия азаттық одағы социализм туралы мүлде үн қатпай отыр. Социализм туралы үндемеуге *жол беретін* саяси бағыт атаулы социал-демократияның программасына бүтіндей қайшы келеді.

Біз келтірген сөздер Россия азаттық одағының социал-демократияға тілектес екенін көрсетіп отыр. Шығарған листогынан басқа Россия азаттық одағы жайында еш нәрсе білмегендіктен, әзірге біз бұл тілектестіктің қаншалықты шынайы екеніне баға бере алмаймыз. Біз ешқашанда, қандай жағдайда болса да бір ғана құрғақ тілектестікке қанағат ете алмаймыз, бізге бір ғана құрғақ сүйіспеншілік жеткіліксіз. Біз жұрттың бізге тілектестік білдірумен қатар, жұрт бізді түсінсе екен және өз идеяларының біздің программаға қайшы келуін көздемейтін адамдар ғана сол программаға қосылса екен деп тілейміз. Россия азаттық одағы «жұмысшылар ара-

сында *нағыз пролетарлық* (курсив біздікі) көзқарасты ұстанған әдебиетті кең тарату» жөніндегі өз міндеттері жөнінде айтады. Бұл өте жақсы сөздер, бірақ құр сөздің өзі жеткіліксіз. Ал егер осы жақсы сөздер іске қайшы келетін болса, онда ешқандай шын пейіл әлгі жақсы сөз авторларының іс жүзінде жұмысшы табының ішіне буржуазиялық идеяларды таратушы болып шығуына кедергі бола алмайды. Шынында да ойлап қараңыздаршы, осы «нағыз пролетарлық көзқарас» дегеннің мәнісі не? Сол көзқарастың нағыз пролетарлық көзқарас екеніне кім төрелік айта алады? «Уақытша партиялық таластар мен принциптік келіспеушіліктерді қоя тұрып», бұл мәселені шешу мүмкін бе? Бұл үшін жұмысшылар арасында әдебиет таратуды «уақытша қоя тұруға» тура келмес пе екен?

Россия азаттық одағының Орталық комитеті жұмысшы «талапкерлігі» деген ұранды тағы да қолдана бастады. Осы атышулы ұранның туын көтеріп социал-демократия ішінде ерекше бір бағыт туғызуды көздеген әрекеттерді біздің партиямыз талай рет басынан кешірген-ді: өткен кезде «экономистер» жөнінде осындай болған, қазіргі кезде меньшевиктер немесе жаңа искрашылдар жөнінде осындай болып отыр. Қай ретте болса да және қашан болса да бұл ұран (оны қолданушы адамдар түсініп отыр ма, әлде түсінбей отыр ма, оған қарамастан) қозғалыстың принцип жағынан тиянақтылығын және идеялы болуын кеміреқ бағалайтын элементтерге ғана қызмет етуге жарамды болып келді. Ескі ұранның осылай жаңаша қолданылуына қараңыздар: «нағыз пролетарлық көзқарастың» не екенін бағалауда «талапкерлікке» шақырушылық біздің көз алдымызда антипролетарлық, буржуазиялық сылдыр сөздерді «талапкерлікке» салып қайталаумен, партиядан тысқары болу жайындағы буржуазиялық идеяны уағыздаумен ұштасып жатқан жоқ па? Ал біз Россия азаттық одағы Орталық комитетіне былай деп жауап береміз: нағыз пролетарлық көзқарас тек біреу ғана, ол — *марксизм*. Нағыз пролетарлық программа мен тактика дегеніміз — халықаралық революциялық социал-демократияның программасы мен тактикасы. Мұны біз-

ге, өңгесін қойғанда, пролетарлық тәжірибенің дәл өзі-ақ, Германиядан бастап Америкаға дейін, Англиядан бастап Италияға дейін бүкіл дүние жүзінде болып жатқан пролетарлық қозғалыстың тәжірибесі-ақ дәлелдейді. Бұл қозғалыс алғаш рет 1848 жылы кең саяси майданға шыққаннан бері жарты ғасырдан астам уақыт өтті; пролетариат партиялары қалыптасып, өсті, миллиондаған армияға айналды; олар бірқатар революцияларды бастап кешірді, сан алуан сындардан өтті, оңға да, солға да ауытқушылықты, оппортунизммен де, анархизммен де күресті бастан кешірді. Бүкіл осы орасан зор тәжірибе маркстік дүние таным мен социал-демократиялық программаның айғағы бола алады. Қазір Россия азаттық одағының соңынан еріп жүрген жұмысшылар да социал-демократияға бүкіл тобымен келетініне, сөзсіз және қайткен күнде де келетініне бүкіл осы тәжірибе *кепіл болады!*

Үндеуден тағы да цитат келтірейік: «... Негізінен практикалық ұйым ретінде, Россия азаттық одағы өзінің қызметінде социалист-революционерлер партиясынан да шеттеп кетпейді, өйткені неге десеңіз, бізді онымен ортақ құрал—самодержавиеге қарсы қарулы күрес және ортақ мақсат — демократиялық негізде құрылтай жиналысын шақыру мақсаты біріктіріп отыр...». Жоғарыда айтылғандардың бәрінен кейін, революциялық демократияның социалист-революционерлермен бұл жақындасуы бізді, әрине, таңқалдыра алмайды. Үндеудің дәл осы жерінде өз ұйымының практикалық сипатын баса көрсете отырып және өздерінің социалист-революционерлермен ынтымағын («өйткені, неге десеңіз») құралдардың және таяудағы мақсаттың ортақтығымен шектей отырып, сірә, Россия азаттық одағы социалист-революционерлер «принциптерінің» «нағыз пролетарлық көзқарас» принциптеріне қатынасын анықтаудан әзірге тартынатын болса керек. Мұндай тартынушылық социал-демократты өте нашар жағынан сипаттар еді, бірақ мұның өзі революцияшыл демократқа өте жақсы сипаттама береді. Алайда, бір өкініштісі, үндеудің келесі сөзі «бейпартиялық» позицияның түбі неге соғатынын көрсетіп отыр... Россия азаттық одағы-

ның Орталық комитеті былай дейді: «Егер, әрине, құрылтай жиналысын шақыру үшін қарулы көтерілістің болмай қалмайтынын «Азаттық одағы» ұғынатын болса, біз, саяси пікірлеріміздің бүтіндей басқа екеніне қарамастан, «Азаттық одағына» да қарсы болмаймыз».

Бұл жөнінде біздің айтарымыз, біріншіден, мынау: егер Россия азаттық одағы «Азаттық одағының» тек саяси көзқарастарынан ғана бүтіндей алшақ болса, демек, ол «Азаттық одағының» экономикалық программасынан алшақ болмайтын тәрізді,— демек ол социализммен түп-тура бас тартып отыр және бүтіндей революциялық *буржуазиялық* демократияның негізіне көшіп отыр! Мұндай қорытындыға, әрине, Россия азаттық одағының «нағыз пролетарлық көзқарасқа» тілектестігі қайшы келеді, бірақ «бейпартиялық» позицияның мәнісінің өзі нақ оның ұшы-қиыры жоқ, шешілмес қайшылықтарды туғыза беретіндігінде ғой.

Екіншіден, Россия азаттық одағы мен «Азаттық одағының» саяси пікірлерінің бүтіндей басқалығы шынында да неде? Россия азаттық одағы қазір осы арада өзін өзі соққыға жығып отыр: оның «құрылтай жиналысына дейін бір сапта болуға» және «партиялық таластар мен принциптік келіспеушіліктерді» «уақытша қоя тұруға» (сірә, құрылтай жиналысы шақырылғанға дейін болар) шақырғаны жаңа ғана еді, ал енді сол Россия азаттық одағының дәл өзі демократиялық негізде бүкіл халықтық құрылтай жиналысын шақыруды өзінің программасына кіргізген «Азаттық одағымен» құрылтай жиналысы болмай тұрып-ақ таласқа барып, келіспейтінін білдіріп отыр!! «Өзінің саяси сенімдерін насихаттауға» тілек білдіре тұрып, Россия азаттық одағы сол сенімдердің мәнісі неде екенін айтпай, қалайша бүгіп қалып отыр? Монархияшыл «Азаттық одағына» қарағанда Россия азаттық одағы республикашыл ма? Мәселен, Россия азаттық одағының саяси сеніміне тұрақты армияны жою және оның орнына халықты қаруландыру талабы кіре ме екен? Шіркеуді мемлекеттен толық бөлектеу талабы кіре ме екен? Жанама салықтарды толық жою талабы кіре ме екен? және т. т. Партиялық таластар мен принциптік келіспеушіліктерді ысырып қою арқылы істі

оңайлатпақ, жеңілдетпек болғанымен, Россия азаттық одағы шындығында өз позициясының бүтіндей көмескілігімен істі шатыстырып, қиындатып жіберді.

Үшіншіден, Россия азаттық одағының қойып отырған шартын «Азаттық одағының» орындағаны туралы біз қалай білеміз, яғни «Азаттық одағы» шынында да «қарулы көтерілістің болмай қалмайтынын ұғынғандығын» біз қалай білеміз? Бұл туралы біз «Азаттық одағының» ресми мәлімдемесін күтпекшіміз бе? Бірақ «Азаттық одағы» өзінің программасын жүзеге асыру құралдары туралы еш нәрсе айтқысы келмейді. «Азаттық одағы» өзінің мүшелеріне осындай құралдарды таңдап алуда ғана емес, сонымен қатар тіпті өзінің программасына өзгеріс енгізуде де еркіндік береді. «Азаттық одағы» өзін «конституциялық-демократиялық» (дұрысы: конституциялық-монархиялық) партияның бір бөлегі деп есептейді, бұл партияның екінші бөлегін ешбір программамен де, ешбір тактикамен де өзіне қол байлау жасағысы келмейтін земство фракциясы құрайды. Осыдан кейін «Азаттық одағына» Россия азаттық одағының қойып отырған шартының қанша маңызы болмақ? Содан соң, освобождениешілдердің жеке реттерде террорды да, көтерілісті де жақтап шығуға (әсіресе ресми емес жолмен жақтауға) толық еркіндік алу үшін ешбір әбден айқын программамен де, ешбір тактикамен де қолдарын байламайтынын, кім білмейді? Ендеше біз мынадай күмәнсыз қорытындыға келеміз: «Азаттық одағының» беделді мүшелерінің, тіпті беделді топтарының да, өздері қаласа, Россия азаттық одағына кіріп, басшылық орынға ие болуы тіпті қиын емес. Россия азаттық одағы бейпартиялық позицияда тұрған күнде, оның еркіне байланысты емес бірсыпыра жағдайлар (ірі-ірі ақша қаржылары шығатын көздер, қоғамдық байланыстар және т. т.) нақ осындай нәтижеге бастайды. Ал мұндай нәтиже халықтың қаруланған жасақтарын либерал буржуазияның қол шоқпарына айналдыру болып шығар еді, жұмысшы көтерілісін буржуазияның мүдделеріне бағындырғандық болып шығар еді. Мұндай нәтиже орыстың демократиялық революциясында буржуазияның пролетариатты саяси қанағаны болар еді. Мұн-

дай нәтиже болғанда істің ақыры мынағал саяр еді: буржуазия пролетариаттың қарулануына ақша берер еді, бейпартиялықты уағыздау арқылы социализмнен оның бетін аударуды, социал-демократиямен оның байланысын нашарлатуды ойластырар еді, сөйтіп жұмысшыларды өзінің қол шоқпары етуге, олардың революциядағы өзіндік, ерекше, «партиялық», пролетарлық мүдделерін қорғауына жол бермеуге зор мүмкіншілік тапқан болар еді.

* * *

Жаңа одақтың дүниеге келуіне байланысты осы айтылғандардың бәрінен социал-демократияның алдына қойылатын тактикалық міндеттер өзінен-өзі туады. Дәл осы одаққа, Россия азаттық одағына, әсіресе оның бақыланбайтын және еш нәрсеге жауап бермейтін Орталық комитетіне сенім көрсетуге бола ма, әлде жоқ па, онысын біз білмейміз. Біз Россия азаттық одағының Орталық комитеті туралы емес, Россия азаттық одағының жұмысшы одағы туралы әңгіме етпекпіз, тіпті нақ осы жұмысшы одағы туралы да емес, жалпы осы сияқты жұмысшы одақтары туралы әңгіме етпекпіз. Қазір Россияның барлық жерінде мұндай «одақтар», ұйымдар, топтар, үйірмелер белгілі бір формада, белгілі бір атпен, белгілі бір көлемде пайда болуда. Халықты қару алып, көтеріліске әзірленуге мәжбүр етіп отырған самодержавиенің бүкіл саясаты осындай топтардың құрылуына сөзсіз себепкер болады. Бұл топтардың құрамының таптық жағынан ала-құла, тұрлаусыз болуы, көбінесе кездейсоқ болуы, сонымен қатар олардың социал-демократиялық жұмысының шеңбері мен тереңдігі тым жеткіліксіз болуы бұл топтарға сөзсіз бейпартиялық революциялық-демократиялық топтарға тән сипат береді. Социал-демократияның бұларға практикалық көзқарасы жайындағы мәселе — партиямыздың ең көкейтесті мәселелерінің бірі.

Біз жалпы осындай топтардың мүшелеріне, әсіресе жұмысшыларға социал-демократиялық көзқарасты түсіндіру үшін, бәрінен бұрын, қалайда барлық құралдарды пайдалануға тиіспіз, бұл жөнінде титтей де көмескілікке, титтей де бүкпелікке жол бермеуіміз керек,

пролетариат буржуазияның саяси қанауына түскісі келмесе, оның нақ партиялық, созсіз партиялық социал-демократия ұйымы болуы қажет екенін дәлелдеп корсетуіміз керек. Ал егер біз мұндай топтарға қолды бір сілтеп жүре берсек немесе олардың құрылғанын және бостандық жолында күрес жүргізу ісінде олардың орасан зор маңызы болатынын «байқамай» қалсақ, мұнымыз тым сорақы педантизм болар еді. Егер социал-демократтар мұндай топтарға кіретін «бейпартиялық» жұмысшыларға тәкаппарлықпен немесе менсінбей қарай бастаса, бұл кешірілместей доктринерлік болар еді. Мұндай қателерден, әсіресе социал-демократия қатарында жаман атқа ие болған «экономизмнің» қайта жандана бастауы арқасында және міндеттерімізді тым тайыз, артта жүрушілік мағынасында түсінудің арқасында мүмкін болатын қателерден біз партияның барлық мүшелерін өте-мөте сақтандырғымыз келеді. Жұмысшылардың мүмкіндігінше басым көпшілігін қаруландыру мақсатында осы сияқты топтар мен партиямыздың ұйымдары арасында өзара қызмет көрсетісуді жүзеге асыру үшін барлық күш-жігерді жұмсау керек. Бостандық үшін өлуге бел байлаған, күресу үшін ұйымдасып, қарулanып жатқан, пролетарлық күреске жан-тәнімен іштартатын жұмысшыларға өте-мөте сақ, әдеппен, жолдастықпен қарау керек, өйткені олардың бізден бөлектігі дүниеге социал-демократиялық көзқарастарындағы кемшілігінде, марксизмге қарсы нанымында, әр түрлі ескірген революциялық көзқарастарды бастан кешіріп отырғандығында. Осындай пікірі бөлек жұмысшылардан дереу айрылып кету немесе олардан іргені аулақ салу әдісінен оңай еш нәрсе жоқ, бірақ мұндай әдістен асқан есуастық та болмақ емес. Біз мынаны есте сақтауымыз керек: социал-демократия тек пролетариаттың қалың бұқарасының бірлігімен ғана күшті болуы мүмкін, ал капитализмнің адамдарды бытыратып, бөлгіштеп, есеңгіретіп жіберетін жағдайлары себепті, бұл бірлік бірден жасала қоймайды, тек қажырлы еңбектің, ересен шыдамдылықтың күшімен ғана жасалады. Біз өзіміздің европалық жолдастарымыздың тәжірибесін естен шығармауға тиіспіз, олар ең арғысы католиктік одақтарға

мүше болған жұмысшыларға да өте абайлап, жолдастықпен қарауды өздерінің борышы деп біледі, діни және саяси сенімдеріне жақтырмай қарап, оларды шеттетпейді, қайта олардың көзін ашу үшін және бірлесіп күресу негізінде оларды саналы пролетариатпен жақындастыру үшін әрбір саяси және экономикалық күрес актісін табандылықпен, әдеппен, ыждаһатпен пайдаланады. Ал енді бостандық үшін күресуге бел байлап отырған, бірақ әлі социал-демократияны жат көретін жұмысшы-революционерлерге қамқорлықпен қарауға біз әлденеше есе көбірек міндеттіміз! Қайталап айтамыз: социал-демократиялық көзқарастарды бүгіп қалушылық және бұл көзқарастарға қосылмайтын революцияшыл жұмысшы топтарына менсінбей қараушылық зәрредей де болмауға тиіс. Қашан мұндай топтар қандай да бір социал-демократиялық емес партияға ресми түрде қосылмай тұрғанда, дәл сол кезге дейін біз бұларды *РСДРП-ға жанасушы* топтар деп есептеуге праволы екеніміз былай тұрсын, тіпті міндеттіміз де. Мәселен, Россия азаттық одағының Жұмысшы одағына да біз дәл осылай қарауға тиіспіз. Біз бұл одақтың мүшелеріне социалистік әдебиетпен таныстыру үшін, бұл одақтың барлық бөлімшелеріндегі жиналыстардың бәрінде өзіміздің көзқарастарымызды ауызша насихаттау үшін бар күш-жігерімізді жұмсауға тиіспіз. Тіпті ерікті Европа елдерінің өзінде де капитализм тұсында пролетарлардың барлығын саналы социал-демократ етіп шығаруға болады деген ой утопиялық ой болып танылады. Бірақ Россияда болсын, Европада болсын, социал-демократияның бүкіл пролетариат бұқарасына басшылық ықпалы туралы ой утопиялық ой емес. Тек осы ықпалды жүзеге асыруды үйрену керек, қараңғы жұмысшылардың көзін ашуда біздің дұшпандарымыз, үкімет пен буржуазия біздің ең жақсы одақтасымыз болатынын есте ұстау керек,— міне сонда біз шешуші сәтте социал-демократияның шақыруына бүкіл жұмысшы бұқарасын үн қосатын етеміз!

«Пролетарий» № 4,
17(4) июнь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ САТҚЫНДЫҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ АДЫМДАРЫ

Женева, сәрсенбі, 21 (8) июнь.

Телеграф кеше мынадай хабар әкелді: дүйсенбі күні II Николай земство делегациясын қабылдапты, сонда ол князь Сергей Трубецкой мен Федоров мырзаның сөздеріне қайтарған жауабында халық өкілдерін шақыру жөнінде өзінің берген уәдесін үзілді-кесілді растапты.

Бұл «оқиғаның» мәнісін дұрыс бағалау үшін, ең алдымен, шетел баспасөзінде жария болған кейбір фактілерді еске түсіру керек.

Майдың ескіше 24 және 25 күндері Москвада земстволар мен қалалар өкілдерінің үш жиналысы өткен, онда 300-ге тарта адам болған. Біздің қолымызда олардың патшаға арнап қабылдаған петициясы мен қарарының литографияға басылған, Россиядан келіп түскен тексті бар, мұнда делегаттардың саны көрсетілмейді, тек кеңеске земство және қала мүшелерінен басқа, қала бастықтары мен дворян жетекшілерінің қатысқаны ғана айтылады. Помещиктік жер иеленушілер мен қала капиталының өкілдері Россияның саяси тағдырын сөз қылған. Шетел тілшілері жарыс сөздер өте қызу болды деседі. Шипов партиясының ықпалы өте-мөте басым болған,— мұның өзі патшаның сарайымен байланысы мол, баяу партия. Провинциялықтар бәрінен де гөрі радикалшыл, петербургтіктер бәрінен де гөрі баяу болып шыққан; москвалықтар «орта» орын алған. Петицияның әрбір сөзі талқыға түскен, ақырында, Питер де сол петицияға дауыс берген. Петиция әрі патриоттық, әрі адал

берілгендік рухта жазылған. «Отанға деген махаббат жалыны билеген» қадірмен буржуалар «өздерінің арасын ашып жүрген алауыздық пен айырмашылық атаулының бәрін де» былай қалдырып, патшаға жүгінеді. Олар «Россияға және патша тағының өзіне де зор қауіп туып отырғанын», бұл қауіп сырттан гөрі көбінесе «ішкі тартыстан» туып отырғанын айтады. (Россия, рас, «тақтың» алдында тұр, біздің патриоттарымыз әуелі таққа жүгініп отыр, тек халыққа жүгінеміз деп қорқытқан болады, онысын да жапамалап және астарлап қана айтады.) Белгілі ғой, петицияның өзі тұрған бойы қазыналық жалған, ол кінәны патшаның кеңесшілеріне, патшаның ұлағатты жобалары мен нұсқауларын бұрмалаушыларға аударады, соның салдарынан полиция өктемдігінің күшейіп, «ақиқат үнінің» патша тағына жетуіне бөгет болғанын және т. т. айтады. Сондағы келген тоқтамы: «іс насырға шаппай тұрып», «патша қол астындағылардың түгел бәрі тең негізде сайлаған халық өкілдерін ешбір кідіртпей шақыруды» өтіну болды. Халық өкілдері патшаның «келісуімен» соғыс немесе бітім мәселесін шешуге тиіс және «жаңартылған мемлекеттік құрылыс орнатуға» тиіс (тағы да патшаның *келісуімен)*. Сонымен, петицияда «конституциялық-демократиялық» партия қабылдады-мыс деп жүрген дауысты жасырын беру жолымен жүргізілетін жалпыға бірдей, төте және тең сайлау правосы (төте және жасырын дауыс беру тіпті айтылмаған да, әрине, айтылмауы кездейсоқ емес) жайында айқын талап та жоқ, сайлаудың еркін болатындығына қандай да бір кепілдік беру талабы да жоқ. Петицияның авторлары: «Жеке адам мен қоғамға қыстамшылық көрсетілуі, сөзге қыстамшылық көрсетілуі және неше түрлі озбырлық өсіп, көбеюде» деп жыламсырайды, бірақ оған қарсы ешбір шара ұсынбайды. Патшаның «келісуімен» озбырлық өсуде,— ендеше патшаның келісуімен мемлекет құрылысы да «жаңарсыншы»... дейді. Буржуазия өкілдері халықпен «келісу» емес, әрине, буржуазияның халықты қанаушылармен «келісуі» теориясын мықтап ұстап алған.

Кеңес патшаға петицияны тапсыру үшін Гейден, Головин, Петрункевич, Г. және Н. Львовтар, Петр және Павел Долгорукийлер, Ковалевский, Новосильцев, Родичев, Шаховский, Сергей Трубецкой мырзалардан делегация сайлады. Соңынан II Николай қабылдаған кезде бұларға Петербургтен Корф, Никитин, Федоров мырзалар қосылды.

Ал содан кейін ол кеңес төмендегідей *қарар* қабылдады, бұл қарарды шетел газеттері хабарламай отыр; бірақ ол орыс листогында басылып шықты:

«Земство мен қала қайраткерлерінің бірлескен топтарының кеңесі, жеке саяси мәселелер жөніндегі пікір алалығына қарамастан, мынадай ортақ тұжырымға келеді: Россияның қазіргі ішкі және сыртқы жағдайының ауыр халге түсуінің негізгі себебі — адамның жеке басының бостандығы мен қоғам бостандығын танымайтын, халықтың сана-сезімі мен талапкерлігін басып тұншықтыратын, халықты мемлекет өміріне қатысудан шеттететін, жауапсыз әкімшілік орындарының ешбір тежеусіз және барған сайын үдеп бара жатқан озбырлығын туғызатын, күні бүгінге дейін жойылмай отырған әміршіл құрылыс болып отыр: осы құрылыс көп жылдар бойы біздің ішкі өмірімізге, зорлық-зомбылық істеп келді, алдау-арбау қолданды, іріткі салды, қазір мемлекетті апатты соғысқа ұрындырып, қатерлі сыртқы қауіпке киліктірді, соғыс болып жатқанда ішімізден өзара қастастық туғызып, оған дем берді, елімізді бірқатар жеңілістерге ұшыратты, ақырында, бұл жеңілістер біздің теңіз күштеріміздің орыс тарихында болып көрмеген дәрежеде күйреуімен аяқталды; бұл құрылыстың бұдан әрі өмір сүре беруі ішкі тыныштығымызға, тәртібімізге және халықтың әл-ауқатына қатер төндіріп қана қоймай, сонымен бірге патша тағының беріктігіне, Россияның бүтіндігіне, сыртқы қауіпсіздігіне қатер төндіреді деп есептеп, елді аман сақтап қалу үшін мыналарды сөзсіз қажет деп біледі:

1.— Монархпен бірлесе отырып, соғыс пен бітім мәселесін шешу үшін және мемлекеттік право тәртібін орнату үшін еркін сайланған бүкіл халықтық өкілдер жиналысы дереу шақырылсын;

2.— Адамның жеке басының бостандығы, сөз, баспасөз, одақтар мен жиналыстар бостандығы негіздеріне қарсы келетін заңдар, мекемелер, қаулы-қарарлар мен бұйрық-жарлықтар дереу жойылсын және саяси кешірім жариялансын;

3.— Орталық басқарманы басқаруға мемлекетті қайта құру ісіне шын берілген және қоғамның сеніміне ие болған адамдарды шақыру арқылы әкімшілік құрамы дереу жаңартылсын».

Бұл қарардың петицияға және делегацияның мойнына жүктелген тапсырмаға қатынасы қандай екені, ЯГ-

ни делегация қарардың мазмұнын баяндап беруді немесе оны петициямен бірге тапсыруды міндетіне алды ма — бұл белгісіз. Бәлкім, петиция — «таққа» арналған ресми документ шығар да, қарар — «халыққа» арналған ресми емес документ болар?

Кеңесте болған жарыс сөздердің сипаты жайында француздың «Le Matin» [118] газетінің тілшісі Гастоп Леру мырза: неғұрлым «алдыңғы қатарлы» делегаттар, провинциялық земствошылар төте сайлауда «қалалар» басып кетеді деп қорқып (олар, сірә, төте сайлауда помещиктердің шаруалардан пұрсаттылығы толық қамтамасыз етілмей қалады деп қорыққан болса керек), екі сатылы сайлауды жақтады деп хабарлады. «Франкфурт Газетінің» [119] тілшісі былай деп жазды:

«Саяси партия ретінде орыс земствосы үш фракцияға бөлінеді: көпшілік жағы болып табылатын *либерал* земствошылар (көсемі — граф Гейден), азшылық жағы болып табылатын Шипов мырза бастаған *баяу-либерал* ұлтшыл-славянофилшыл земствошылар және радикалшыл земствошы-конституцияшылдар тобы. Бір айрықша жері, делегаттар сайлағанда нағыз «феодалдық» өкілдер өтіп кеткен. Баяу земствошылар патшаның алдына баратын қалаулы өкілдерінің қадірлі ескі фамилиялардап шыққан адамдар болуын тіледі. Ал радикалдар, петицияның нәтижесі қандай болатыны жөнінде ешбір жалған үмітке берілмей, үкіметтің *өз ықтиярымен* бір сүйем де икемге келмейтінін ескі фамилиялар өкілдерінің өз көздерімен көріп қайтуын тіледі».

Струве мырза дәріптеп жүрген «конституциялық-демократиялық» (дұрысы: монархиялық) партияның тұрлаусыз ұйымының оңтайлылығы іс жүзінде өте тез біліне бастады. Мәмле мен жалдаптық жасау үшін, бұлталақ пен құйтырқыға салу үшін партияның берік және нық болып құрылуы қолайсыз болады. «Партияға» «Азаттық одағы» да (кім біледі, «Франкфурт Газетінің» тілшісі жазып жүрген «радикалдар тобы» дегеніңіздің өзі осы шығар), «земство фракциясы» да (яғни Гейден жағындағылар да, Струве мырза ресми түрде *қазір* іргесін аулақ салғысы келіп жүрген Шипов жағындағылар да) кіре берсін. Ал земство фракциясына

Гейденнің жақтастары да, шиповшылдар да және... «радикалдар» да кіреді. Әулие екенсің, түсініп көр! Осылардың бәрінің, отанға және буржуазияның пұрсаттылығына айрықша ықыластары түскендіктен, *келісу теориясына* ымыралары біріге қалыпты, бұл теорияны біз «Пролетарийдің» өзінде-ақ талай рет түсіндірген болатынбыз және «петициядан» да, «қарардан» да осы теорияның салқыны ап-айқын сезіліп тұр.

Сірә, бұл қарар радикалдардың «мұратты» талап-тілектеріне нәр беріп отыруға тиіс болса керек. Ал петиция — «баяу» делегаттардың ойынша, патша өкіметімен материалдық мәмле жасау ісіне қызмет етуге тиіс. Кеңестің фракцияларға қалай бөлінгені де, делегациялардың уәкілдіктері де, мәмленің шарттары да, земствошылардың ендігі жердегі көздеген ойлары да еш нәрседен хабары жоқ қара халықтан мейлінше мұқият жасырылды. Тәйірі, буржуа мырзалар халық атынан патша өкіметімен саудаласып жатқанда, «халыққа» «конституциялық-*демократиялық* партияныц» мәртебелі саясатын білудің не қажеті бар! Буржуа мырзалар сөзге қыстамшылық көрсетілуі жайында, ақиқат үнінің тұншықтырылуы жайында, *халық* өкілдері жайында, «бірыңғай *халық* туы астына топтасқан» Россия жайында және т. т. жайында патшамен әңгіме-дүкен құрады,—ал халыққа либералдық және «освобождениешіл» жалдаптардың саясаты жөніндегі барлық ақиқатты білу мүлде қажет емес... Иә, иә, жақын арада «әсіре партиялардың» (яғни, әсіресе, социал-демократтардың) өрісі тар, заговорлық, якобиндік «конспирацияға» шамадан тыс әуестігін Струве мырзаның «Освобождениенің» бетінде айыптағаны тегін емес. Біз, социал-демократтар, ісімізді патшадан және оның тыңшыларынан астыртын істейміз, ал сонымен қатар партиямызды, оның ішіндегі түрліше пікір алалықтарын, оның программасы мен тактикасының дамуын, тіпті партия съезіндегі әрбір делегаттың сол съезде не айтқанын халықтың барынша біліп отыруы үшін күш саламыз. Ал оқымысты буржуа, освобождениешіл мырзалар атышулы «конституциялық-демократиялық» партияның не екенін анық білмейтін халықтан... жасырын жұмыс жүргізеді, бірақ оның есе-

сіне патшамен және оның тыңшыларымен барлық сырын ақтарып сөйлеседі. Демократ-ақ емес пе?

Земствошылардың делегаттары өздеріп патшаға жібергісі келмеген патша сарайының төңірегіндегі қарақшылармен не деп сыр ашысты екен, онысын біз білмейміз. Әйтеуір, сыр айтулары, шүйіркелесулері ұзақ болды. Шетел газеттері делегат мырзалардың «мәртебелі саясатының» әрбір қадамы жайындағы хабарды жерге түсірмей қақшып алып отырды. Петербург, 9 июнь (27 май). Земствошылардың делегациясы Треповтың үстінен арыз айту үшін әуелі ішкі істер министрі Булыгин мырзаға көрінеді.— 10 июнь (28 май). Булыгин делегацияға патшаның қабылдамайтындығын жариялап, оларға Петербургтен кетуге кеңес береді.— 12 июнь (30 май). Патшаның делегацияны қабылдауы ықтимал деседі.— 15 (2) июнь. Гастон Леру мырзаның «Le Matin» газетіне арнаулы телеграммасы: *«Земствошылардың делегаттары императордың алдына бару жөнінде өздеріне сарай министрлігінің қойған шарттарын қабылдады.* Осыдан соң барон Фредерикс патшаның депутацияны қабылдайтын-қабылдамайтынын білу үшін бүгін кешке Патша Селосына жүріп кетті».

Орыс жұмысшылары мен шаруалары, естідіңдер ме мұны? «Демократ»-«освобождениешілдердің», заговоршылдыққа дұшпан адамдардың, астыртын әрекетке қас адамдардың істеп жүргені, міне, осы! Олар полициялық алдиярдың сарай министрлігімен бірігіп заговор құрады, олар тыңшыларға қосылып, халыққа қарсы астыртын сөз байласады. Олар «халықтың» өкілдері болғысы келе тұрып, «халық» мұқтаждары туралы патшамен *қалай* сөйлесу керек екені жөнінде тыңшылардың қойған шарттарын қабылдайды!

«Отанға деген махаббат жалыны билеген», бай, тәуелсіз, зиялы, либерал адамдардың істеп жүргені, міне, осы. Олар дөрекі, надан, көрінген приказчикке күні түсіп отырған, жұмысшы қара табандар сияқты емес, өйткені қара табандар патшамен тілге келудің шарттары туралы ешбір беделді тыңшылармен күні бұрын келіспей-ақ, бір содыр попқа қосылып алып, патшаға тұптура, ашықтан-ашық ентелеп жетіп барады. Халық бұ-

қарасының саясат жағынан осынша қараңғы кезінде республика құрудың немесе тым болмаса төте сайлау жүргізудің және бір палаталық система енгізудің жөні болушы ма еді? Саяси білімді адамдар түрлі жолды біледі және таса жолмен айналып барып ең алдымен тыңшыларға жолығудың, тіпті патшаға жолданатын хаттың мазмұны мен тілі туралы олармен кеңесіп алудың да жөн-жосығын біледі,— тек сонда ғана «ақиқат үні» шынымен-ақ «патша тағына жетер» болар.

«Халық өкілсымақтарының» патша тыңшыларымен саудасы немен тынғапын біз білмейміз. Телеграммалардан біздің білетініміз мынау: делегацияны қабылдаған жерде князь С. Трубецкой «ұзақ сөз» сөйлепті, жарты сағат бойы ол Россияның ауыр халін және земствошыларды патшаға тікелей (тыңшылар арқылы емес пе?) жүгінуге мәжбүр еткен жағдайларды баяндапты. Сөз патшаға аса зор әсер етіпті. Федоров мырза Петербург өкілдерінің атынан сөйлепті. Патша ұзақ сөз сөйлеп, жауап қайтарыпты. Ол соғыстың келтірген орасан зор шығындары жөнінде аяныш білдіріпті, ол теңізде болған соңғы жеңіліске көзінің жасын төгіпті. Сөзінің соңын ол былай аяқтапты: *«Сіздердің осындай ықылас білдіргендеріңізге,* мырзалар, алғыс айтамын» (сірә, «демократ» Трубецкойдың тыңшылармен ақылдасып алып білдірген осы ықыласы ұнап қалса керек!). «Сіздердің жаңа негізде жаңа мемлекеттік құрылыс орнату жолында менімен бірігіп іс істеуге әзір екендеріңе сенемін» (патша либерал буржуазияға сенеді; либерал буржуазия патшаға сенеді; сөйтіп жең ұшынан жалғасады). «Халық жиналысын шақыру» (қашан шақырмақ? сайланып қойылатын өкілдердің жиналысы ма? бұл өкілдерді кім және қалай сайлаған?— онысы белгісіз. Трубецкой мырза өзінің бас ұрып жүрген монархыпаи кеңестің «қарарын» көрер көзге жасырып қалса керек. Шамасы, тыңшылар оған патшаның алдында бұл туралы сөз етпе деп кеңес берген болар!) «деген ниетімнен қайтпаймын. Мен бұл туралы күн сайын ойлаймын. Менің ойым орындалады. Сіздер мұны қалалар мен деревнялардың халқына бүгін-ақ жариялай берсеңіздер де болады. Бұл жаңа істе сіздер маған көмек бересіздер. Халық жина-

лысы Россия мен оның императоры арасындағы бірлікті қалпына келтіреді» (Трубецкойлар мен Федоровтардың — және императордың арасындағы бірлікті ме?). «Бұл жиналыс орыс халқының жол-жобаларына сүйенетін құрылыстың негізі болмақ». Делегаттар бұл қабылдаудан тамаша әсер алып шықты — дейді ресми телеграмма. Патша да риза болған сияқты...

Ал мұның өзі шындыққа ұқсайды! Патша да риза, либерал буржуалар да риза. Олар бір-бірімен берік бітім жасауға әзір. Самодержавие мен полиция (нағыз орыс халқының жол-жобалары) риза. Ақшалы қапшық та риза (ендігі жерде жаңағылар онымен ұдайы және дұрыс кеңесіп отыратын болады).

Жұмысшылар мен шаруалар өздерінің мүдделерін буржуазияшыл сатқындардың саудаға салып ұтқызып жүргеніне риза бола қояр ма екен?

«Пролетарий» № 5,
26 (13) июнь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

АҚ БИЯЛАЙЛЫ «РЕВОЛЮЦИОНЕРЛЕР»

Жұма, 23 (10) июнь.

Шетелдік газеттер патшаның земство делегациясын қабылдағанына аздап баға бере де бастады. Буржуазиялық баспасөз, әдеттегісінше, патшаның мәмлешілдігіне, земствошылардың ақылдылығына сүйсіне құлдық ұруда, бірақ соныспа қарамастан, әлгіндей бұлдыр түрде берілген уәделердің қаншалықты баянды екеніне аздап күдіктенушілік бар екені де байқалады. Социалистік газеттер бұл қабылдаудың комедия екенін турадан-тура, ашып айтып отыр.

Самодержавиеге уақыт ұту, либерал буржуазияны жетегіне ерту әбден тиімді. Бір жағынан, Треповқа диктаторлық уәкілдік беріп қою. Екінші жағынан, либералдарға ешбір мағынасы жоқ, түкке тұрмайтын уәделер беріп қою, сөйтіп олардың онсыз да қобалжып тұрған қатарында одан сайын қобалжу туғыза беру. Самодержавиелік үкіметтің тактикасы ақылсыз емес. Либералдар адалдық, баяулық және кішіпейілділік көрсеткенсіп жүр. Шындығында да, үкіметке олардың ақымақтығы мен қорқақтығын неге пайдаланып қалмасқа? «Соғыс болған соң, соғыстағыша болсын». Әскери айла қолданбайтын соғыс болмайды. Сондықтан «дұшпанының (либерал буржуазияның) не дұшпан екені, не аңғал дос екені белгісіз болып тұрғанда,— неге оны жетегіне ертіп кетпеске?

Біз бас мақаламызда айтып кеткен Гастон Леру мырза депутацияны қабылдаудың төмендегідей жай-жапса-

рын хабарлайды, мұның өзі оншалықты шын болмағанымен, қалайда қисынға келеді және бірдеменің ұшығын білдіреді. «Сарай министрі Барон Фредерикс депутаттарға: қанша тырыссам да императорға Петрункевич мырзаны қабылдатуым қиын, өйткені бұл мырзаның революциямен байланысы бар десеңді депті. Сонда министрге: Австрия императорының министрлері ішінде бір кезде сотталған Андраши болған еді ғой деп жауап қайтарыпты. Осы дәлелден кейін ақырғы бөгет жойылып, депутаттардың бәрі де қабылданыпты».

Дәлелі дәлел-ақ. Батыс Европаның буржуазиясы бастапқы кезде қалайда шындап ұрысқан еді, кей кездері тіпті республикашыл да болған еді, оның көсемдері «сотталған» да еді — *мемлекетке қарсы қылмыстары* үшін, яғни революциямен байланыс жасағаны үшін ғана емес, *нағыз революциялық іс-қимылдары* үшін сотталған еді. Осыдан кейін көптеген жылдар, тіпті ондаған жылдар өткен соң, сол буржуалар барып тұрған жұпыны, шұнтиған шолақ конституцияға мыңқ етпестен көніп қалды, тіпті республикасы жоқ, ең аяғы жалпыға бірдей сайлау правосы жоқ, нағыз саяси бостандығы жоқ конституцияға көніп қалды. Либерал буржуалар «тақпен» де, полициямен де әбден табысып алды, өздері өкімет басына отырып алып, жұмысшылардың бостандыққа, әлеуметтік реформаларға қарай ұмтылған әрбір талабын ұдайы айуандықпен жаншып келді, жаншып та отыр.

Орыс либерал буржуазиясы жағымды нәрсені пайдалы нәрсемен ұштастырғысы келеді: «революцияға байланысты» адам *саналу* — жағымды, Қанішер Николай императордың жанынан министрлік орын алуға жарап кету — пайдалы. Орыстың либерал буржуазиялары мемлекетке қарсы қылмыстар үшін «сотталып жатуға» тіпті де бел буғылары келмейді. Олар Андраши сияқтанған бұрынғы революционерлердің тәртіп партиясы атынан министр болған замандарына *бірден қарғып өтуді* артық көреді! Граф Андрашидің 1848 жылы революциялық қозғалысқа білек сыбана қатысқаны сонша, революция жеңілгеннен кейін ол *өлім жазасына* кесіліп, *сырттай (in effigie) дарға асылды.* Содан кейін ол эмигрант болып Франция мен Англияда тұрды, тек 1857 жылғы

кешірімнен кейін ғана Венгрияға қайтып оралды. Сонда оның «министрлік» бағы көтеріледі. Ал орыс либералдары революция болғанын тәуір көрмейді, олар одан қорқады, революционер болмай-ақ бірден *бұрынғы революционерлер* деген атаққа ие болғылары келеді! 1847 жылдан 1857 жылға бірден қарғып өткілері келеді! Патшамен саудаласып, 1848 жылғы революция *жеңіліс тапқанынан* кейін реакция құтырып тұрған кезде Европада болған конституциялар сияқты бір конституцияға бірден келісе қойғылары келеді.

Иә, иә, Андраши мысалы тамаша табылған. Өз кезінде революцияшыл және республикашыл болған Европаның буржуазиялық демократиясы мен Россияның монархиялық конституционалистік (тіпті 1905 жылғы 9 январьдан кейін де) буржуазиялық «демократиясының» арасындағы ұқсастық осы Андраши мен Петрункевичті салыстырудан су тамшысындағы күн сәулесіндей айқын көрінеді. Европа буржуалары алдымен республика үшін баррикадаларда ұрысты, оның артынан айдауда жүрді, ақыры келіп, бостандықты сатты, революцияға опасыздық жасады, сөйтіп конституцияшыл монархтарға қызмет етуге барды. Орыс буржуалары «тарихтан үйренбекші», «даму сатыларын қысқартпақшы»: олар революцияға салған жерден-ақ опасыздық жасамақшы, бостандықты салған жерден-ақ сатып кетпекші. Өзара сырласқан әңгімелерінде олар бір-біріне Христостың: не істесең де, тез істе!— деп Иудаға айтқан сөздерін қайталай береді.

«Сарайдың патша келетін бөлмесіне депутаттарды кіргізген уақытта,— дейді Гастон Леру мырза одан әрі,— кенет революционер Петрункевичтің ақ биялайы жоқ екені байқалып қалды. Лейб-гвардия полковнигі Путятин дереу өзінің биялайын шешіп алып, жалма-жан революционер Петрункевичке бере қойды».

Қабылдау басталды. Князь Трубецкой сөз сөйледі. Гастон Леру мырзаның хабарлауына қарағанда, ол сөзін патшаның «бұларды қабылдауға рақымы түскеніне, осы арқылы бұларға өзінің сенетінін дәлелдегеніне» алғыс айтудан бастапты. Князь Трубецкой былай деп сендіріпті (бүкіл «конституциялық-демократиялық» не-

месе «освобождениешіл» партияның атынан емес пе екен?): «біз тәртіп пен тыныштық жағындағы адамдармыз», кеңесшілері «патшаны алдапты». Оның сөзінде ең «батыл» айтылғаны мынау болыпты: өкілдерді Булыгиннің жобасынша, сословиеге бөліп шақыру *«дұрыс емес»...* сондағы көрсеткен себебі не десеңізші?.. себебі— «сіз, алдияр, дворяндардың, көпестердің, шаруалардың патшасы емессіз, күллі Россияның патшасысыз». «Өкілдік алаламастан бүкіл халықты қамтуға тиіс». Ал земство кеңесінің біз бас мақалада басқан * қарары туралы *бір ауыз сөз* айтылмады,— мұның осылай болары белгілі де еді.

Федоров мырза өзінің сөзінде... «ақ биялайлы революцияның»... *финанс жағын* қозғапты. Мемлекеттің бюджеті соғыстан кейін 300—400 миллион сомға артады, бұған «прогресс пен цивилизация орасан зор күш жұмсауы» қажет — ал ол үшін «қоғам тәуелсіз болуы» керек және «халықтан шыққан барлық талантты адамдар» (Треповтың бақылауымен сайланғандар?) «өмірге араласулары керек» депті.

Патшаның жауабы белгілі. «Патша сөзін аяқтаған соң,— дейді Гастон Леру мырза телеграммасында,— депутаттардың әрқайсысымен мейлінше сыпайы сөйлесті. Тіпті ол мынаған дейін барды: атақты революционерден (Петрункевичтен) сіз дворяндар жетекшісі емессіз бе деп сұрады. Ол жоқ деп жауап берді. Сонда патша оған дворяндар жетекшісі болатын күніңіз де туар деп үміт білдірді, одан соң келесі бір депутатпен сөйлесіп кетті. Патша бөлмеден шығып кеткен соң, депутаттар сарайдың бір түкпір бөлмесіне шақырылды, онда бұларға өздерінің шамалауынша, бағасы 75 тиыннан кем түспейтін таңертеңгі ас ұсынылды. Қалай дегенмен де, депутаттар мұндағы көргендеріне риза болды». (Қайткенде де бірден министр ете қоймағанымен, дворяндар жетекшісі етіп тағайындауға уәде берді ғой! Тіпті, Андрашидің өзі де дәл осындай дворяндар жетекшісі сияқтанған бірдемеден бастаған шығар!) «Бұлар жан-жаққа үсті-үстіне телеграмма бере бастаған да еді» (енді пат-

---

* Қараңыз: осы том, 309—311-беттер. *Ред.*

ша мен «халық» арасында қайтадан сенім орнағаны жайында шығар?), «оларға патша жауабының ресми текстін әкеліп хабарлады. Одан уәденің нышаны боларлық жалғыз ауыз маңызды сөз таба алмай, олардың қалай қайран қалғанын көрсеңіз еді. «Мен халық өкілдерін шақыру жөніндегі патшалық еркімнен қайтпаймын» деген сөздердің орнына: «мен патшалық еркімнен қайтпаймын» деген сөздер жазылыпты. Депутаттар бұл ресми текстi қабылдай алмайтын болғандықтан, ізінше қайтарып жіберді. Бүгін олар бәрінің де өз құлағымен естіген сөздері жазылған текстің жіберілуін біршама тықыршып күтті. Бүгін кешке (Г. Леру мырзаның телеграммасына 20 (7) июнь деп белгі соғылған) депутаттардың бірі сөздердің бұлай ғажайып алмасуы жөнінде: мұнысы енді самодержавие емес, әлдененндей көз алдау, дегенді айтты».

Жаман айтылмаған, ал Леру мырза осының бәрін ойынан шығарған болса, онысы жаман шықпаған. Мұнда көз алдаудың бар екенінде дау жоқ, тіпті сөздің ресми текстіне халық өкілдерін шақырамын деген уәдені кіргізіп қойғанның өзінде де көз алдау бар. Ақ биялай, және де малайдың ақ биялайы — Петрункевичтер мен Родичевтер сияқты мырзалардың саяси актісінің бұлжымас эмблемасы. Аудиенция шарттары туралы келісу арқылы ғана емес, сонымен бірге өздерінің қарары мен шын тілектерін қалтаға бүгіп қалу арқылы, патшаның алданып жүруі және т. б. және т. с. туралы жарамсыз сөздер айту арқылы олардың өздері де көз алдаудан бастады. Енді келіп өздерінің көз алдағыштығына көз алдағыштықпен жауап бергеніне олардың шағым айтатын жөндері жоқ. Өйткені халық өкілдерін шақыру жөніндегі уәде түкке де сеп болмайды, түк те бермейді, ол тек Булыгиннің де, Треповтың да «конституциясына» және неше түрлі ұзын-сонарға салушылыққа кең жол ашады. Бәрі де бәз-баяғысынша қалып отыр — тек балаша алданған, дворяндар жетекшілігінің атағын беремін дегенге сеніп, масқара болған либералдар ғана «сенім» жайында жан-жаққа телеграмма жіберіп және, мәселен, Петербург думасында патшаның қабылдауы

туралы Никитин мырза жасаған баяндама сияқты баяндамаларымен самодержавиеге қызмет етті.

Біз Кассандраның[120] ролін мойнымызға алғымыз келмейді. Орыс революциясы күлкілі және масқара болып аяқталады деп сәуегейлік жасағымыз да келмейді. Бірақ біз істің осындай нәтижеге қарай бет алып бара жатқанын жұмысшыларға, бүкіл халыққа турадан-тура, анықтан-ашық айтып беруге міндеттіміз. Конституциялық демократиялық-мыс партия мен осы освобождениешіл мырзалардың бәрі де істі басқаша емес, нақ осылай бітіруге бастап жүр. Радикалдық-освобождениешілдік сөздер мен земстволық қарарлардың сылдыраған үніне, жылтыраған өңіне алданып қалып жүрмеңдер. Бұл — «халықтың» көзін алдау үшін сырлап қойған сахнаның бер жағы, ал сахнаның арғы жағында қызу сауда жүріп жатыр. Либерал буржуазия роль бөлуді жақсы біледі: радикалшыл мылжыңды — банкеттер мен жиналыстарға жіберсе, айласы мол пысықты — патша сарайы төңірегіндегі қарақшылдардың ішінен «таяныш даярлауға» жұмсайды. Ал енді бүкіл өкімет бұрынғысынша, ешбір тежеусіз самодержавие қолында қала беретіндіктен, онда *мұндай* істің барысынан шығатын лажсыз нәтиже — освобождениешілдік конституциядан гөрі булыгиндік конституцияға жүз есе ұқсасырақ «конституция» болады.

Ендігі жерде орыс революциясының тағдыры пролетариатқа байланысты. Бұл саудаға тыйым салу тек соның ғана қолынан келеді. Жаңадан қайрат көрсетіп, бұқараны көтеру, қобалжып тұрған армияны бөліп әкету, шаруаларды өз жағына шығарып алу, қарулы күшпен бүкіл халыққа бостандық алып беру, бостандық дұшпандарын аяусыз жаныштап табанға салу, өзімшіл әрі тұрлаусыз буржуазиялық бостандық азаншыларын шетке ысырып тастау тек пролетариаттың ғана қолынан келеді.

«Пролетарий» № 5,
26(13) июнь, 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

OFFENER BRIEF AN DIE REDAKTION «LEIPZIGER VOLKSZEITUNG»

Werte Genossen!

In der Nummer 135 «Leipziger Volkszeitung» schreibt Genosse K. Kautsky über die Spaltung der russischen Sozialdemokratie. Wir müssen Sie bitten unsere Antwort auf Angriffe des Gen. Kautsky zu drukken sowie auch uns zu gestatten tatsächliche Unwahrheiten in dem erwähnten Artikel richtig zu stellen. Wir werden so kurz wie möglich sein.

Kautsky sagt, «die deutsche Ausgabe der Resolutionen des eben abgehaltenen rusischen Kongresses konnte zu keinem ungelegeneren Zeitpunkt erscheinen», die Resolutionen «müssen der Mehrzahl der Leser ein ganz falsches Bild der Verhältnisse in der russischen Sozialdemokratie beibringen». Kautsky kommt soweit die deutschen Genossen aufzufordern diese Resolutionen nicht weiterzuverbreiten.

Wir gestatten uns darauf zu erwidern, daß nichts den deutschen Genossen ein so richtiges Bild über die Verhältnisse in der russischen Sozialdemokratie geben kann, als authentische Resolutionen des dritten Parteitags der S.-D. A.-P. Rußlands, sowie auch die Resolutionen der von den Neuiskristen besuchten «Konferenz».

Wir erklären, daß Kautsky großen Irrtum begeht, wenn er über Dinge schreibt, die er im besten Fall nur nach Hörensagen kennt und daß seine Schilderung der Verhältnisse in der russischen Sozialdemokratie sehr schief

«LEIPZIGER VOLKSZEITUNG» [121]-ТІҢ РЕДАКЦИЯСЫНА АШЫҚ ХАТ

Құрметті жолдастар!

«Leipziger Volkszeitung»-тің 135-номерінде К. Каутский жолдас орыс социал-демократиясының жікке бөлінуі туралы жазады. Біз Каутский жолдастың шабуыл жасауына берген жауабымызды басуыңызды, сондай-ақ аталмыш мақаланың шын мәніндегі теріс жерлерін бекерге шығаруымызға рұқсат етуіңізді өтінуге мәжбүр болып отырмыз. Біз мүмкіндігінше сөзімізді қысқа жасамыз.

Каутский былай дейді: «Жаңа ғана аяқталған орыс съезі қарарларының немісше басылымы аса бір қолайсыз мезгілде жарыққа шығып отыр», бұл қарарлар «Россия социал-демократиясындағы қарым-қатынастар туралы оқушылардың көпшілігіне мүлде теріс түсінік береді». Каутскийдің қатты кеткені соншалық, ол тіпті неміс жолдастарға бұл қарарларды таратпауды ұсынады.

Біз бұған қарсы мынадай пікір айтпақшымыз: РСДРП III съезінің түпнұсқа қарарларынан басқа, сондай-ақ жаңа искрашылдар өткізген «конференцияның» қарарларынан басқа еш нәрсе де неміс жолдастарға Россия социал-демократиясындағы қарым-қатынастарды дұрыс бейнелеп бере алмайды.

Біз былай деп мәлімдейміз: бұл арада Каутский зор қателік жасап отыр, себебі ол ең оңды дегенде анаан-мұннан естіп білгенін ғана жазып отыр және орыс социал-демократиясындағы қарым-қатынастардың жайын

ist. Z. B. ist es einfach lächerlich, wenn Kautsky annimmt, daß «die Resolutionen (des 3. Parteitags der S.-D. A.-P. Rußlands) vielleicht jetzt schon ihre Gültigkeit selbst für diejenigen, die sie faßten*, verloren haben». Einigungsverhandlungen zwischen uns und Neuiskristen gibt es viel genug und gab immer genug während der letzten 2—3 Monate, aber bis jetzt ist das Resultat dieser Verhandlungen gleich Null.

Wir protestieren energisch gegen den Versuch, unsere Stimme in der deutschen s.-d. Presse mundtot zu machen mittelst so eines groben, mechanischen, unerhörten Mittels wie Boycott der Broschüre, die nichts als Uebersetzung der Resolutionen des dritten Parteitags der S.-D. A.-P. R. enthält und die im Münchener Parteiverlag der S.-D. A.-P. Deutschlands (G. Birk & Co.) erschienen ist. Kautsky hat kein Recht über seine Unparteilichkeit zu sprechen. Er war immer parteilich im jetzigen Kampfe innerhalb der russischen Sozialdemokratie. Es war sein gutes Recht, natürlich. Aber wer parteilich ist, tut es besser, nicht zu viel über Unparteilichkeit zu sprechen, um nicht wegen Heuchlerei gewiesen zu werden.

Kautsky schildert alle Resolutionen des 3. Parteitags der S.-D. A.-P. R. als «Attacken Lenins und seiner Freunde gegen Plechanow und dessen Freunde». Drei kleine Bemerkungen dazu. Erstens, von den 17 Resolutionen berühren nur vier direkt oder indirekt unsere Gegner innerhalb der S.-D. A.-P.R. Zweitens, ist jetzt Plechanow aus der Redaktion der «Iskra» ausgetreten. Siehe № 101 der «Iskra». Das zeigt, wie wenig Kautsky von unseren Verhältnissen versteht. Drittens bitten wir die deutschen Genossen zu überlegen, welchen Eindruck es auf russische Sozialdemokraten haben muß, wenn der Mann mit der Autorität des Genossen Kautsky in dieser Weise die Arbeiten des ganzen Parteitags herunterzureißen sucht mit solcher «Schilderung»: «Attacken Lenins

* In «Leipziger Volkszeitung» — Druckfehler: «haßten».

өте бұрмалап көрсетіп отыр. Мәселен, Каутскийдің «бұл қарарлар (РСДРП III съезінің қарарлары), бәлкім, қазіргі кезде тіпті осыны жасаған * адамдардың өздері үшін де маңызын жойған болар» деген жорамалы тіпті кісі күлерлік қой. Қазір жаңа искрашылдар мен біздің арамызда бірігу туралы келіс сөздер едәуір көп жүргізіліп жатыр, соңғы 2—3 ай бойы да жүргізіліп келді, бірақ осы күнге дейін бұл келіс сөздердің нәтижесі жоққа тән.

Германия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Мюнхендегі партиялық баспасы (Г. Бирк пен К^{0}) шығарып отырған, тек РСДРП III съезі қарарларының аудармасы ғана басылған кітапшаға бойкот жасау сияқты дөрекі, қарадүрсін, құлақ естімеген айла қолданып, неміс социал-демократиялық баспасөзінде біздің үнімізді өшірмек болған әрекеттерге біз үзілдікесілді наразылық білдіреміз. Каутскийдің еш жаққа да бұра тартпаймын деп айтуына ешбір қақысы жоқ. Россия социал-демократиясының қазіргі ішкі күресінде ол қашанда бір жаққа бұра тартумен болды. Бұлай етуге, әрине, оның толық қақысы бар еді. Бірақ бұра тартатын кісінің бұра тартпау туралы көп айта бермегені мақұл, өйтпеген күнде екіжүзді деген айыпты арқалап қалуы мүмкін.

Каутский РСДРП III съезінің барлық қарарларын «Лениннің және оның достарының Плехановқа және оның достарына қарсы жасаған шабуылы» деген мағынада түсіндіреді. Мұнысына айтатын үш ауыз ескертпеміз бар. Біріншіден, РСДРП ішіндегі біздің қарсыластарымыз жайында 17 қарардың тек төртеуінде ғана тікелей немесе жанамалап сөз болады. Екіншіден, Плеханов қазір «Искраның» редакциясынан шығып кетті («Искраның» 101-номерін қараңыз). Осының өзі біздің қарым-қатынастарымызды Каутскийдің қаншалық аз білетінін көрсетеді. Үшіншіден, біз неміс жолдастардың мынаны ойлап қарауын өтінеміз: Каутский жолдастың беделіндей беделі бар адам «Лениннің және оның достарының жасаған шабуылы» деген сияқты «суреттеуі-

* «Leipziger Volkszeitung»-те «жек көрген» деп қате басылған.

und seiner Freunde»? Was würde man in Deutschland von Leuten denken, die sich anmaßten, die Verhandlungen meinetwegen des Dresdener Parteitags (ohne die Protokolle gelesen zu haben) so schildern: Attaken Kautskys und seiner Freunde..?

Ein Wort der Warnung an alle deutschen Sozialdemokraten: Parteigenossen! Betrachten sie wirklich die S.-D. A.-P. Rußlands als ihre Bruderpartei, dann glauben Sie keinem Worte davon, was Ihnen sogenannte unparteiliche Deutsche über unsere Spaltung erzählen. Fordern Sie nur Dokumente, authentische Dokumente. Und vergessen Sie nicht: das Vorurteil ist weiter von der Wahrheit entfernt, als die Unkenntnis.

Mit sozialdemokratischem Gruß

die Redaktion des Zentral-Organs (der «Proletarier») der Sozialdemokratischen Arbeiterpartei Rußlands

P. S. Die französischen Sozialisten verstehen unter der Unparteilichkeit etwas anderes wie Deutschen. Soeben druckte ihr Zentralorgan «Le Socialiste» die Uebersetzung der Resolutionen des dritten Parteitags der S.-D. A.-P. Rußlands als besondere Beilage.

Неміс тілінде 1905 ж. 12(25) июньнен кешірек жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

мен» бүкіл партия съезінің жұмысын қаралауға тырысса, мұның өзі орыс социал-демократтарына қандай әсер етуге тиіс? Егер біреулер, айталық, Дрезденде болған партия съезінің жұмысын (протоколдарды оқымай тұрып) Каутскийдің және оның достарының жасаған шабуылы... деп суреттейтін болса, Германияда мұндай адамдар жөнінде не деп ойлар еді?

Барлық неміс социал-демократтарына ескертіп қоятын бір сөзіміз бар: Жолдастар! Егер сіздер шынымен РСДРП-ны туысқан партия деп есептейтін болсаңыздар, бұра тартпаймыз деп жүрген немістердің біздің жікке бөлінуіміз жайында айтқандарының бір сөзіне де иланбаңыздар. Мұндайда тек қана документтерді, түпнұсқа документтерді талап етіңіздер. Жаратпаушылық білместіктен гөрі ақиқаттан бір табан алысырақ екенін ұмытпаңыздар.

Социал-демократиялық сәлеммен

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының Орталық Органының («Пролетарий») редакциясы

P. S. Немістерге қарағанда, француз социалистері бұра тартпаушылықты біраз басқарақ түсінеді. Олардың орталық органы «Le Socialiste» [122] РСДРП III съезі қарарларының аудармасын жақында ғана ерекше қосымша етіп жариялады.

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған *Неміс тілінен аударма*

ПРОЛЕТАРИАТ КҮРЕСІ ЖӘНЕ БУРЖУАЗИЯНЫҢ МАЛАЙЛЫҒЫ

Лодзьдегі [123] көтеріліс пен баррикадалардағы қарулы шайқас,— Иваново-Вознесенскідегі [124] қырғын,—Варшава мен Одессадағы [125] жаппай стачкалар және жұмысшыларға қарсы оқ атылуы,— земство делегациясы жөніндегі комедияның масқара болып аяқталуы,— өткен аптадағы басты-басты саяси оқиғалар, міне, осындай. Егер бұған Харьков губерниясының Лебединск уезіндегі шаруалардың толқуы туралы, бес имениенің талқандалғаны және ол жаққа әскер жіберілгені туралы бүгін (28—15 июньде) Женева газеттерінде жарияланған хабарларды қоссақ, онда барлық негізгі қоғамдық күштердің қазір революция кезінде ашыла, айқындала түскен сипаты осы бір аптадағы оқиғалардан-ақ анық көрінеді.

Пролетариат әсіресе 9 январьдан кейін үздіксіз қыр көрсетіп, дұшпанға бір сәт те тыным бермей отыр, патша өкіметінің қарулы күшімен тіке шайқасуға бармай, өз күштерін ұлы, шешуші ұрысқа әзірлеп, көбінесе стачкалар түрінде шабуыл жасап отыр. Өнеркәсіп жағынан неғұрлым өркендеген жерлерде, жұмысшылар саяси жағынан неғұрлым әзірленген жерлерде, экономикалық және жалпы саяси езгіге ұлттық езгі қосылып отырған жерлерде,— патша өкіметінің полициясы мен әскерлері өте-мөте сотқар қимылдап, жұмысшыларды тура арандатып жүр. Ал жұмысшылар, тіпті күреске әзір еместері де, тіпті бастапқы кезде жалаң қорғанумен шектелгендері де, Лодзь пролетариаты арқылы біз-

ге тек революциялық жігер мен ерліктің жаңа үлгісін ғана емес, сонымен қатар күрестің жоғары формаларын да көрсетіп отыр. Олардың қарулануы әлі нашар, мейлінше нашар, олардың көтерілісі әлі де бұрынғыша дара-дара, жалпы қозғалыспен байланысты емес, бірақ сонда да олар алға қадам басты, олар қала көшелерін ондаған баррикадалармен өте шапшаң толтырды, олар патша өкіметінің әскерлерін елеулі шығынға ұшыратты, олар жеке үйлерде жан аямай қорғанды. Қарулы көтеріліс кеулей де, кеңейе де өсіп келеді. Патша жендеттерінің қолынан қаза тапқан жаңа құрбандықтар — Лодзьде 2000-дай адам өлді және жараланды — тағы да он мыңдаған, жүз мыңдаған азаматтардың қарғыс атқан самодержавиеге қатты өшпенділігін қоздыра түсті. Қарулы жаңа ұрыстар патша өкіметінің қарулы күштеріне қарсы халықтың шешуші қарулы күресі болмай қоймайтынын барған сайын айқын көрсетіп отыр. Жеке-жеке жалыннан лаулаған жалпы россиялық өрттің алауы барған сайын айқын көрінуде. Пролетарлық күрес өте-мөте артта қалған, жаңа аудандарды қамти бастады, ал патша опричниктері де жан сала әрекет істеп бағуда, мұның өзі экономикалық қақтығыстарды саяси қақтығыстарға айналдыруда, самодержавиені құлату сөзсіз қажет екенін жұмысшыларға барлық жерде де олардың өз тағдыры арқылы түсіндіруде, олардан халық көтерілісінің болашақ батырлары мен күрескерлерін тәрбиелеуде революцияға пайдалы болып отыр.

Қарулы халық көтерілісі,— міне, Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезі арқылы пролетариат партиясы соншалық батыл ұсынған осы ұранға оқиғалардың өзі, ұлғайып әрі шиеленісіп келе жатқан революциялық қозғалыстың стихиялық процесінің өзі барған сайын жақындатып отыр. Қобалжу, күдік дегеннің қандайы болса да тезірек жойылатын болсын, қазіргі уақытта осы шұғыл міндеттен — қарулы көтеріліске мейлінше жігерлі әзірлену міндетінен — жалтарудың сорақы, лайықсыз қылық екенін, кешеуілдеу қауіпті екенін, барлық жерде туып жатқан дара-дара көтерілістердің ұштасып, ұласуы өте қажет екенін барша жұрт және әрбір адам тезірек ұғынатын болсын.

Бұл ұшқындар дара-дара күйінде әлсіз болады. Егер қозғалыс қаладан қалаға, ауданнан ауданға осылай стихиялы-баяу қарқынмен жайылатын болса, патша үкіметінің ұйымдасқан күші көтерілісшілерді бірінен соң бірін жаныштап тастайды. Ал біртұтас болып бірікс, бұл ұшқындар дүниеде ешқандай күш төтеп бере алмайтын революциялық жалынның қуатты шарпуымен табысады. Осы бірігу жүріп жатыр, біз білмейтін, біз сезбейтін мыңдаған жолдармен жүріп жатыр. Әлгі жеке ұшқындар мен шайқастарда халық революцияға үйренуде,— біздің ендігі ісіміз — кезең міндеттерінен қалып қоймау, өткен кез бен қазіргі кезден тәжірибе мен сабақ ала отырып, жұмысшылар мен шаруаларды халықтың толық жеңісіне қарай, қазір өлім жазасына кесілген қылмыскердей жанталаса арпалысып жатқан самодержавие қарақшы тобын толық жоюға қарай алға баса беруге неғұрлым батыл, неғұрлым кең шақыра отырып, әрдайым күрестің келесі, жоғары сатысын көрсете білу болады.

Қозғалыстың міндеттерін кеміткен, жұмысшы табының революциялық жігеріне сары уайымшылдықпен сенімін жоғалтқан адамдар социал-демократияның қатарынан, әсіресе оның интеллигенттік қанатынан жиі кездесіп отырды. Кейбіреулер қазірде: демократиялық төңкеріс өзінің қоғамдық-экономикалық сипаты жағынан буржуазиялық төңкеріс болғандықтан, пролетариат бұл қозғалыста жетекшілік роль атқаруға, оған мейлінше жігерлі қатысуға, патша өкіметін құлатып, революциялық уақытша үкімет құру жөнінде озық ұрандар ұсынуға құлшынбауы керек деп ойлайды. Оқиғалар осы артта қалған адамдарды да үйретіп отыр. Оқиғалар марксизмнің революциялық теориясынан жасалған айбынды қорытындыларды қуаттап отыр. Демократиялық революцияның буржуазиялық сипатта болуы оның өзі тек буржуазияға ғана тиімді деген сөз емес. Қайта, бұл революция пролетариат пен шаруаларға бәрінен де гөрі тиімді және бәрінен де гөрі керек. Буржуазияның сенімсіздігіне, тұрлаусыздығына қарама-қарсы, тек пролетариат қана толық бостандық жолында, республика жолында үзілді-кесілді күрес жүргізуге қабілетті екенін

оқиғалар барған сайын айқын көрсетіп отыр. Пролетариат шаруаларды өз жағына тарта отырып, бүкіл халықты бастай алады; ал шаруалардың самодержавиеден — езгі мен зорлықтан басқа, халықтың буржуазиялық достарынан — опасыздық пен сатқындықтан басқа күтері жоқ. Пролетариат қазіргі қоғамда тап ретіндегі өзінің жағдайына байланысты болғандықтан да, ұлы тарихи мәселелер сайып келгенде тек қана күшпен шешілетінін, орасан мол құрбандықтарсыз бостандық келмейтінін, патша өкіметінің қарулы қарсылығы қарулы қолмен күйретіліп, жанышталуға тиіс екенін басқа таптардың бәрінен бұрын түсінуге қабілетті. Бұлай етпейінше біз бостандыққа жете алмаймыз, бұлай етпейінше Россия Түркияның аяғын құшады, ұзақ уақыт азапты жолмен кері кетіп, азып-тозады, бұл жол әсіресе барлық еңбекшілер үшін және қаналушы халық бұқарасы үшін азапты жол болады. Буржуазия бостандықтың келемежі секілді бірдеңеге жету жолында арын сатып, малайлық істей берсін, жалдаптық жасап, қайыр-садақа сұрай берсін. Ал пролетариат ұрысқа шығады, ең жексұрын, адам төзгісіз крепостниктік тәртіп езіп-жанышқан, зәбір-жапа шеккен шаруаларды соңына ертіп, толық бостандыққа ұмтылады, бұл бостандықты тек революциялық өкіметке сүйенетін қарулы халық қана қорғап қала алады.

Социал-демократия көтеріліс ұранын ат үсті ұсына салған жоқ. Ол қашанда революциялық жел сөзге қарсы күресіп келді және күресе береді, күштерді дұрыс есепке алып, кезеңге талдау жасауды талап етіп отырады. Социал-демократия көтерілісті әзірлеу туралы 1902 жылдың өзінде-ақ айтқан болатын, бірақ бұл әзірлікті мағынасыз бүліктер жасаумен ешқашан да шатыстырған емес, ал қолдан жасалған мұндай бүліктер біздің күшімізді нәтижесіз ысырап еткен болар еді. Жұмысшы партиясы көтеріліс ұранын тек енді ғана, 9 январьдан кейін, күн тәртібіне қойып отыр, көтерілістің қажет екенін және оған әзірлену міндетінің шұғыл екенін мойындап отыр. Осы ұранды жұмысшы қозғалысының практикалық ұраны еткен самодержавиенің өзі. Самодержавие азамат соғысының келелі, бұқаралық

тұңғыш сабақтарын берді. Бұл соғыс басталды және барған сайын ұлғайып келеді, барған сайын өршіп келеді. Біз бар болғаны соның сабақтарын жинақтап қорытуға тиіспіз, «азамат соғысы» деген сөздердің ұлы мағынасын жұртқа түсіндіруге тиіспіз, осы соғыстағы жеке ұрыстардың практикалық тәжірибелерін пайдалануға тиіспіз, күштерді ұйымдастырып, нағыз соғыс үшін қажеттілердің бәрін тікелей, дереу әзірлеуге тиіспіз.

Социал-демократия шындыққа тура қараудан қаймықпайды. Ол буржуазияның сатқыншылық сұрқын біледі. Ол бостандықтың жұмысшыға тыныштық, бейбітшілік әпермейтінін, қайта социализм жолында жаңа, бұрынғыдан да ұлы күрес туғызатынын, бостандықтың қазіргі буржуазиялық достарына қарсы күрес туғызатынын біледі. Бірақ солай бола тұрса да, және дәл сондықтан да — бостандық жұмысшыларға сөзсіз керек, бостандық басқалардың бәрінен де соларға көбірек керек. Толық бостандық жолында, демократиялық республика жолында тек жұмысшылар ғана халықты бастап күресе алады, осы жолда олар өлімге бас тігіп күреседі де.

Сөз жоқ, халық арасында қараңғылық пен қорғалақтық әлі толып жатыр, шаруалар туралы айтпағанның өзінде, жұмысшылардың сана-сезімін дамыту үшін әлі көп еңбек жұмсау керек болады. Бірақ қараңыздаршы, кешегі құл еңсесін тез көтере бастаған жоқ па, тіпті жанары жартылай сөнген көздердің өзінде бостандық оты жайнап тұрған жоқ па. Шаруалар қозғалысына қараңыздаршы. Бұл — бытыраңқы, санасыз қозғалыс, біз мұның көлемі мен сипаты туралы шындықтың ұшығын ғана білеміз. Бірақ біздің анық білетініміз — саналы жұмысшы мен күреске беттеп келе жатқан шаруа ә дегеннен-ақ бірін-бірі түсіне қояды, жарық дүниенің әрбір сәулесі оларды бостандық жолындағы күреске тығызырақ біріктіреді, сол кезде олар *өз* революциясын, жер мен ерік беретін, социализм жолында одан әрі күресу үшін буржуазиялық қоғамда еңбекшілердің өмірін жеңілдетерлік мүмкіндіктердің бәрін беретін демократиялық революцияны жексұрын, су жүрек, құлқын құмар буржуазия мен помещиктердің қолына ұстатпайды. Ор-

талық өнеркәсіпті ауданға қараңыздаршы. Оның бізге терең ұйқыда жатқандай болып көрінгеніне көп бола қойды ма, онда тек жеке-дара, бытыраңқы, ұсақ, кәсіптік қозғалыс қана болуы мүмкін деп есептегенімізге көп болды ма? Ал онда қазірдің өзінде жаппай стачка өріс алып отыр. Он мыңдаған, жүз мыңдаған адамдар бас көтерді және бас көтеруде. Саяси үгіт ерекше өсіп келеді. Әрине, ондағы жұмысшылардың ер жүрек Польшаның ер жүрек пролетариатына жетуіне әлі көп бар, бірақ патша үкіметі олардың сауатын тез ашып, тез «Польшаны қуып жетуге» мәжбүр етіп отыр.

Жоқ, бүкіл халықтық қарулы көтеріліс қиял емес. Пролетариат пен шаруалардың қазіргі демократиялық революцияда толық жеңіске жетуі туралы пікір қисынсыз пікір емес. Мұндай жеңіс Европа пролетариаты үшін қандай ұлы перспективалар ашады десеңізші, ал оның бақытқа талпынуын әскери және помещиктік реакция көп жылдан бері тежеп отыр! Россияда демократиялық революцияның жеңуі социалистік революцияның басталуына, біздің бауырларымыздың, барлық елдердегі саналы пролетарлардың жаңа жеңіске жетуіне дабыл болады.

Пролетариаттың қуатты, ерлік күресімен салыстырғанда земствошылар мен «освобождениешілдердің» II Николайдың атақты қабылдауында құлдық ұрып сөз сөйлеуі қандай жиіркеніші де мардымсыз болып көрінеді. Комедианттар лайықты жазасын тартты. Патшаның жарылқаған сөздері туралы олардың есіре-лепіріп есеп жазған сиясы кеуіп болмай-ақ, ол сөздердің шын мәнісі барша жұрттың көз алдында жаңа істерден көрінді. Цензура құтырынып тұр. «Русь»[126] газеті болмашы-болмашы адресті басқаны үшін ғана тоқтатылып тасталды. Трепов бастаған полиция диктатурасы білгенін істеуде. Патшаның сөздері ресми түрде былайша түсіндіріліп жүр: ол ежелгі және «өзгеше жаралған» самодержавиеге қол сұғылмайтын болса ғана, халық өкілдерінің *кеңесші* жиналысын шақыруға уәде еткен!

Князь Мещерскийдің делегацияны қабылдау жөнінде «Гражданинде»[127] берген бағасы дұрыс болып шықты. Николай земствошылар мен либералдарды donner le

change ете білді,— деп жазды ол. Николай *оларды алдап соға* білді!

Қайран ақиқат-ай! Земствошылар мен освобождениешілдердің көсемдері жетекке еріп кетті. Оларға сол керек. Малайлық сөз сөйлегені үшін, конституция туралы өздерінің шып шешімдері мен ойларын жасырғаны үшін, пасықтықпен патшаның жәдігөйлік сөзіне үн қатпай қалғаны үшін олар сазайын тартты. Олар буржуазия үшін «қауіпсіз» келемеж бостандықты алуға тырысып, ылғи саудаласып келді және әлі де саудаласып жүр. Шипов Булыгинмен саудаласуда, Трубецкой Шиповпен саудаласуда, Петрункевич пен Родичев Трубецкоймен саудаласуда, Струве Петрункевичпен және Родичевпен саудаласуда. Олар земство делегациясының нағыз шиповтық программасына «уақытша» келісе отырып, саудаласып жүр. Бұл саудагерлерге жақсы жауап берілді... солдат етігімен тебілді.

Орыс буржуазиялық «освобождениешілдігі» көсемдерінің бұл масқара болуы олардың түбіне жетудің басы емес пе екен? Шынайы және адал *демократ* болуға қабілеттілер тіпті ендігі жерде де осы атышулы «конституциялық-демократиялық партиядан» сырт айналмас па екен? «Земство фракциясы» самодержавиенің алдында құрдай жорғалаған, ал «Азаттық одағы» земство фракциясы алдында құрдай жорғалаған «партияны» қолдай отырып, олар өздерін біржолата масқара ететінін және революция ісін сатып кететінін шынымен-ақ түсінбес пе екен?

Земство делегациясының жеткен жерін құттықтаймыз! Бет пердесі жұлынды. Помещик мырзалар мен буржуа мырзалар, екінің бірін таңдаңыздар. Білімді мырзалар және қайдағы бір «одақтардың» мүшелері, екінің бірін таңдаңыздар. Революцияны жақтайсыздар ма, әлде контрреволюцияны жақтайсыздар ма? Бостандықты жақтайсыздар ма, әлде бостандыққа қарсысыздар ма? Кімде-кім іс жүзінде демократ болам десе, ол күресуге тиіс, ол жағымпаздар мен сатқындардан қол үзуге тиіс, ол өзін және өзінің сенімдерін ардақ тұтатып адал партия құруға тиіс, ол біржолата, үзілді-кесілді қарулы көтеріліс жағына шығуға тиіс. Ал кімде-кім дипломатия-

ны бетке ұстап, екіұшты сөзбен ойнаймын, саудаласып, малайлық ете берем десе, ешкім сенбесе де, сөз жүзінде қоқан-лоқы көрсетем десе, сөйте отырып, сүйікті монархтың жетекшілік орын берем деген уәдесін масаттанып қабыл алса,— одан бостандық жағындағылардың бәрі жұрт алдында жиренуге тиіс.

Бостандықты сатушы буржуазиялық опасыздар жойылсын!

Революцияшыл пролетариат жасасын! Толық бостандық жолындағы, республика жолындағы, пролетариат пен шаруалардың ең тол, көкейтесті мүдделері жолындағы қарулы көтеріліс жасасын!

1905 ж. 15(28) июньде жазылған

1905 ж. 3 июльде (20 июньде) «Пролетарий» газетінің 6-номерінде басылған

Газеттің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр.

ҮШІНШІ АДЫМ КЕЙІН

Азшылық немесе жаңа искрашылдар дейтіндерге принциптік және ұйымдық қатынас қандай болуы керек екені барлық жолдастарға РСДРП III съезінің қарарларынан белгілі. «Экономизмнің» қалдықтарына қарсы идеялық күрестің қажеттігін мойындай отырып, III съезд азшылық жағындағылардың партия ұйымдарына кіруін мүмкін деп тапты, бірақ мұның үшін партия съездерін тану және партия тәртібіне бағыну шарт. Ал мұндай шарт іс жүзінде жоқ екен, онда «азшылықтың» барлық топтарын партиядан тысқары тұр деп білу керек, бірақ, Бундпен және т. с. жасалған келісім сияқты негіздерде, Орталық Комитеттің және жергілікті комитеттердің ұйғаруы бойынша, олармен практикалық *келісімдер* жасасуға, әлбетте, болады.

Қазіргі кезде біз жолдастарға партиядан бөлініп шыққан азшылықтың шетелдік бөлегі туралы тек кейбір деректерді ғана хабарлай аламыз. Орталық Комитет съезден кейін іле-шала «Лигаға» да, партияның техникасы мен кассасын меңгерушілерге де хат жіберіп, «Лигадан» өзінің III съезге көзқарасы қандай екенін айтуды сұраса, техника мен касса меңгерушілерінен Орталық Комитетке партия мүлкін табыс етуді өтінді. Бұл екі хаттың бірде-біреуіне жауап келмеді. Жаңа искрашылдар бүкіл партия атынан партия баспаханасы мен қоймасын пайдалануға, неміс социал-демократиясынан, жалпы алғанда шетелден ақша алуға да ынталы еді, бірақ партия мүлкін тұтынғаны жөнінде, партия қаржысын жұмса-

ғаны жөнінде партияға есеп беруді қаламады. Мұндай қылықтарды түсіндіріп жатуды біз артық деп білеміз.

III съезд туралы мақалада («Пролетарий» № 1 *) біз мынадай тілек білдірдік: партияның бөлініп шыққан бөлегі ең болмағанда өз ішінде мүмкіндігіне қарай тұтас болып тезірек ұйымдасса екен дедік: сонда жеке келісімдер жасасуымыз оңайырақ болады және келешекте бірлікке жеткізер жолымыз айқынырақ болады. Амал не, біздің бұл тілегіміз де орындалмастай дерлік болып отыр. Азшылық «конференциясының» қарарлары қазір жарияланды (мынадай өте қызықты кітапшаны қараңыз: «Партия қызметкерлерінің жалпы орыстық бірінші конференциясы», «Искраның» 100-номеріне Жеке Қосымша, сондай-ақ «Искраның» 100-номері). Біз барлық партия ұйымдарына осы кітапшамен қалайда танысуды ұсынамыз, өйткені партияның бөлініп шыққан бөлегімен идеялық күрес жүргізуге бұдан артық материал бар деп біз ешбір ойлай алмаймыз. Бұл қарарлардан азшылықтың керек десе өз жақтастарын ұйымдастыруға да бүтіндей қабілетсіз екені көрініп тұр. Олар тіпті өз конференциясын да шақыра алмады: олардың конференциясын біз, Көпшілік Комитеттері Бюросы мен Орталық Комитет, III съезді шақыру арқылы шақырып бердік. Меньшевиктік ұйымдардың делегаттары өз ұйымдарының тапсыруы бойынша съезге деп аттанды да, конференцияға тап болды! Конференция III съездің қарарлары танылмасын, II съезде қабылданған партия уставы жарамсыз деп табылсын деген қаулы шығарды! Конференция заңдылығы жағынан съезд бола алмады — оның қарарлары тек *кеңесші* жиналыстың ғана қарарлары болып есептеледі, сондықтан оларды әрбір жеке ұйым бекітуі керек. Конференцияға қатысушылардың толық тізімі жоқ, протоколдары да жоқ. Демек, азшылық ұйымдары өздерінің қайсыбір қарарды мойындайтын-мойындамайтыны жайындағы сұрауға мақұл немесе мақұл емес деп қана жауап бере алады. Сонымен, шешуші дауыстар қарарлардың текстін өзгерту мүмкін болмайтын жағдайда және қарарлар

---

* Қараңыз: осы том, 226—227-беттер. *Ред.*

жайындағы бүкіл жарыс сөздер дауыс берушілерге белгісіз болатын жағдайда беріледі. Қарардың бір бөлегі бекітіліп, екінші бөлегі қабылданбай қалған жағдайда бөлініп кетуі ықтимал шешуші дауыстардың қалай жинақталатынын бір алланың өзі біледі. Біздің бұл көріп отырғанымыз — бонапартистік плебисциттердің принципі, мұның өзі халықаралық социал-демократияда жалпы қолданылып жүрген демократиялық өкілдік принципіне қарама-қарсы принцип. Бізде — толық праволы ұйымдардың демократиялық жолмен сайланған, есеп беруші өкілдері мәселені кеңесіп шешеді. Оларда — өкілдер мен қонақтар кеңеседі де, ұсыныс жасайды, ал толық праволы ұйымдар соңынан мақұл немесе мақұл емес дейді. Социал-демократтарға іріткі салуға келгенде бұдан сорақы жүйені ойлап табу қиын-ақ. Іс жүзінде плебисциттердің бұл жүйесі қашан да болсын комедияға айналып кетеді.

Конференция қабылдаған, 13 параграфтан құралған «Ұйымдық устав» өзінше бір керемет сияқты. Мынадай ретпен төменнен жоғарыға қарай алты қабат болып партия үйі салынбақшы: 1) басшы коллектив, 2) комитет, 3) облыстық съезд, 4) облыстық комитет, 5) конференция және 6) атқару комиссиясы. Жалпы айтқанда, төменгі коллегия жоғарғыны сайлайды. Ал басшы коллектив пен комитет арасындағы қатынастар, жаңа искрашылдардың ойынша, сайлау жолымен емес, «келісу» жолымен, немесе, біздің ойымызша, «шатастыру» жолымен белгіленеді. Бір жағынан, комитет тек аудандық комитеттердің ғана емес, «халықтың ерекше жіктері арасында жұмыс істеп жүрген топтардың» да барлық мүшелерімен бірге түгелдей басшы коллективтің құрамына кіреді. Екінші жағынан, «аудандық комитетке комитеттен де өкіл кіреді»!! Бір жағынан, елеулі шешімдердің бәрі басшы коллективтен шығуы керек, екінші жағынан шұғыл реттерде «аудандық комитеттердің пікірін сұрап алғанға дейін (!)» комитет өз бетімен әрекет ете береді. Үшінші жағынан, «комитет аудандық комитеттерге өзінің қызметі туралы оқтын-оқтын есеп беріп отыруға міндетті». Аудандық комитеттер мүшелерінің көпшілігі комитетке сенімсіздік білдірген күнде, ол «об-

лыстық комитет пен аудандық комитеттердің өзара келісімі бойынша» қайта құралады. Басқа партия ұйымдарының (соның ішінде аудандық комитеттердің де) правосы да, құрамы да тіпті белгіленбеген. II съезде меньшевиктердің принципті түрде ұрыс ашуына себеп болған партия мүшесі деген ұғым мүлде шығарылып тасталған! Бір ұйымның немесе бір партияның программа мен тактиканың барлық елеулі мәселелері жөнінде өзара ымыраласқан мүшелері арасындағы «келісім» принципі осы уақытқа дейін анархизм принципі деп есептеліп келді. Бүкіл жер жүзінің социал-демократтары мұндай реттерде азшылықтың көпшілікке бағыну принципін қолданып келді және қолданып жүр. Жаңа искрашылдар жер жүзіне осы екі принциптің нағыз «ойранботқа» болып бытысуының ғаламат үлгісін көрсетпекші. Жақын арада біздің көзімізге әлдеқалай бір неміс газеті түсе қалды, оның ұраны: «Weder Autorität noch Majorität» — «бедел де болмасын, көпшілік те болмасын». Бұл принцип жаңа искрашылдардың ұйымпроцесс дегенімен тектес. Бұл газет — неміс анархистерінің органы: «Der Anarchist».

Орталық орынды («бүкіл партия жұмысын біріктіретін органды») сайлаған кезде жаңа искрашылдар төте сайлаудан төте емес, сайламшылар арқылы сайлауды артық көреді. Атқару комиссиясын тікелей басшы коллективтердің өкілдері сайламайды, *төрт сатылы* сайлау арқылы сайланады! Оларға төте сайлау неліктен ұнамай қалғанын бір алланың өзі білсін. Кейбіреулер: жаңа искрашылдарға Струве мырзаның өнегесі әсер етпеді ме екен деп ойлайды, өйткені ол жоғарғы палата үшін жалпыға бірдей, бірақ төте емес сайлау қолдапбақ болып еді. Ал бұл төрт сатылы сайлаудың дәл қалай жүргізілетінін де бір алланың өзі біледі, өйткені «уставта» бұл туралы бір де сөз жоқ.

Бар тамашасын біз түгел айтып бітірмеген бұл уставқа шынымен маңыз беріп жатудың күлкі екені өзіненөзі түсінікті. Ол ешқашан да қолданылмайды. Егер отыншының бұл алты қабат арбасын шынымен-ақ жасаған күнде де, ол орнынан қозғала алмас еді. Бұл уставтың маңызы практикалық емес, принциптік. Бұл —

атақты «ұйым-процесс» теориясының тамаша, таптырмас бейнесі. Ендігі жерде ұйым-процестің шыр бұзу екенін тіпті соқыр адам да көруге тиіс. Осы күнге дейін меньшевиктер өздерінің оппоненттері жөнінде, II съезд және оның құрған органдары жөнінде шыр бұзушы болып келді. Енді меньшевиктер өздерінің пікірлері жөнінде де шыр бұзушы болып отыр. Ал мұның өзі—шыр бұзушылықты нағыз принципке айналдырғандық.

Меньшевиктердің істі өз уставтарын бұзудан бастағанына біз таңырқамаймыз. Олар тіпті Россияны облыс-облысқа бөлуді де белгілеген жоқ. Олар комитеттер мен ұйымдар бекітілгенше, тіпті алдын ала ешқандай атқару комиссиясын да сайламады. Конференция уставта көзделмеген Ұйымдастыру комиссиясын сайлады да, оған ерекше тапсырмалар берді! Енді меньшевиктермен уақытша, жеке келісімдер жасасудың өзі мүлде қиындап кетті, өйткені бұл Ұйымдастыру комиссиясы ешбір ресми орын алып отырған жоқ, сондықтан оның ісінің ешбір шешуші маңызы да бола алмайды. Кімде-кім меньшевиктермен істес болғысы келсе, ол солардың әрбір жеке ұйымымен, тіпті «жол бермейміз!» деп айта алатын бір жеке «шонжарымен» байланыс жасаудың қамына кірісуі керек.

Ақырында, азшылықтың «уставында» партия органдарының, жалпы партиялық әдебиеттің мүлде ауызға алынбауына ерекше таңырқауға болады. Органдар («Искра», «Социал-Демократ» [128]) бар және болады да, бірақ конференция қабылдаған «устав» бұл органдар мен партия арасында *ешқандай* байланыс белгілеп отырған жоқ. Бұл — сұмдық, бірақ солай болып отыр. Әдебиетшілер партиядан тыс, партиядан жоғары тұрмақ. Ешқандай бақылау, ешқандай есеп беру, ешқандай материалдық тәуелділік жоқ. Мұның өзі француз социалистерінің оппортунизмі барынша үдеп тұрған замандағыға ұқсайды: партия өз бетімен, әдебиетшілер өз бетімен жүрмек. Осы тұрғыдан қарағанда конференцияның мынадай бір қаулы алғаны, мүмкін, кездейсоқ емес болар. *Партиялық* (?) әдебиет туралы қарарда былай делінген: «Конференция мынаны қажет деп біледі: 1) Ұйымдастыру комиссиясы жария баспасөзде

партияның теориялық принциптерін қорғап күрес жүргізуге партия әдебиетшілерінің мүмкіншілігін күшейтетін шаралар қолдансын». Меньшевиктік ұйымның біраз бейнесі көрініп-ақ тұр: жауапты емес және «тәуелсіз», теңдесі жоқ және теңдесі болмайтын «партия әдебиетшілерінің» тобы. Ал бұлардың жанында —... жария баспаның қамып жеген комиссия!

Ұйымның бұл типі туралы шындап сөз ету қиып. Революция неғұрлым жақындағап сайын, «жария» баспасөзде социал-демократтардың ашық жазу мүмкіндігі неғұрлым таянған сайын, пролетариат партиясы «партия әдебиетшілерінің» партия алдында сөзсіз жауапты болуы жөніндегі және олардың партияға тәуелді болуы жөніндегі принципті соғұрлым қатаңырақ сақтауға тиіс.

Конференцияның тактикалық қарарларына келетін болсақ, олар III съездің социал-демократия ішіндегі ««экономизммен» тектес» сарындар туралы, «партия жұмысының өрісін тарылтушылық» туралы мәлімдемесін тамаша растайды. Қарарлардың өте салақ редакциялағанын сөз қылмай-ақ қояйық. Бұлар көбінесе қорытылмаған пікірге, афоризмдерге, пайымдауларға, өңделмеген жазбалардың үзінділеріне ұқсас. Бұл жөнінеп конференцияның қарарларымен тек ««Азаттық одағының» программасы» ғана бәсекелесе алады. Біздің бұл көріп отырғанымыз партияның жоғарғы органы беріп отыратын айқын нұсқаулар емес, қайта... кейбір партия әдебиетшілерінің қалам сынауы.

Олардың мазмұнын алып қараңыздаршы. Олар сіздерге көтеріліс туралы көкейтесті мәселе жөнінде: көтеріліс «қажет» болып отыр, оның тек саяси маңызын ғана емес, «практикалық-ұйымдастыру жағын» да түсіндіру керек, осы мақсатпен «пролетариатты ұйымдастыру» керек, «қажеттігіне қарай ерекше топтар құру» керек (III съездің қарары) деп ештеме айтпайды. Жоқ. Олар сіздерге әуелі көтерілісті белгіленген мерзімге доп келтіруге және оны астыртын ұйымдастыру әдістерімен әзірлеуге «болмайды» дейді,— ал бұдан әрі: үгіт пен ұйым ұлғайған кезде стихиялық қозғалыстардың «жоспарлы көтеріліске» айналып кетуі мүмкін дегенді оқисыз. Жә-

не осы сияқты шатпақ пролетариат партиясына идеялық басшылық болмақшы! РСДРП үшінші съезі насихат, үгіт жөніндегі, жалпы демократиялық қозғалыс және т. т. жөніндегі бұрыннан келе жатқан ақиқаттардың бәрін *қайталайды және қуаттайды,* бірақ бұған пролетариатты көтеріліске ұйымдастыру керек, күрестің, бостандық жолындағы шешуші күрестің *жаңа* тәсілдерінің «практикалық-ұйымдастыру жағын» анықтап алу керек деген жаңа міндет *қосады.* Конференция «көтеріліс әзірлеу» туралы тек жалпылама ғана сөз етеді, үгіт пен жалпы ұйымдастыру туралы тек өткенді ғана қайталайды, өз бетімен қандай да бір жаңа міндет белгілеуге батылы бармайды, 1902 жылдан бері қарай біз айтып келе жатқан жалпы әзірлік жасаудан асып, істі практикалық ұйымдастыру жолына көшіруге қарай қадам басу керектігі жөнінде ешбір жетекші ұран көтермейді. Ескі «экономистерден» айнымайды. Саяси күрестің жаңа міндеттері туған кезде, олар бұл міндеттерді кемсітіп, саты-сатыға бөліп, экономикалық күрес міндеттеріне бағындыра бастады.

Тек экономикалық күрес қана емес, сонымен бірге нағыз кең етек алған және батыл саяси күрес те керек деді революцияшыл социал-демократтар. Саяси үгіттің ең жақсы құралы — экономикалық күрес деп жауап берді «экономистер». Ендігі жерде революцияшыл социал-демократтардың айтатыны: тек жалпы насихат пен үгіт қана емес, тек көтерілістің саяси мәнін анықтау ғана емес, сонымен бірге ерекше топтар құру, ешбір кідіріссіз практикалық-ұйымдастыру жұмысына кірісу, «пролетариатты қаруландыру жөнінде нағыз қызу шаралар қолдану» керек дейді. Бұған жаңа искрашылдар былай деп жауап береді: жоспарлы көтеріліс болмайды, үгітті ұлғайту керек, ұйымды нығайту керек, стихиялық қозғалыстың жоспарлы қозғалысқа айналуын әзірлеу керек; тек осы негізде ғана «көтерілістің мезгілі жуықтайтын болады», «техникалық-жауынгерлік әзірліктер азды-көпті елеулі маңыз алатын болады...»

Олар үшін көтерілістің мезгілі әлі «жуықтаған» жоқ! Олар үшін практикалық әзірліктер әлі де «азды-көпті елеулі маңыз» «алуы мүмкін»! Енді осылары барып тұр-

ған хвостизм емес пе? Енді осылары «шұғыл» (III съездің пікірінше) міндетті, орындауға өзіміз әлі де өте аз еңбек сіңірген міндетті тым кемсіту емес пе? Енді осы адамдар, саяси күрестен бой тартып, қожайындарға, үкіметке қарсы жүргізілетін экономикалық күреске қарай шегіншектеп кеткен «экономистер» сияқты, көтерілістен үгітке қарай шегіншектеп жүрген жоқ па? «Освобождениенің» 71-номерінде Струве мырзаның қарулы көтеріліс ұранынан қалай шегіншектегенін, либерал буржуазияның бұл көсемі көтерілістің болмай қоймайтындығына қалай дауласқанын (340-бет), «техникалық мағынадағы революцияның» маңызын төмендетуге оның қалай тырысатынын, «әлеуметтік-психикалық жағдайларды» айту арқылы көтеріліс ұранын қалай *«тереңдететінін»*, бұл ұранды «бұқараның миына демократиялық өзгеріс идеяларын сіңіру» ұранымен қалай алмастыратынын оқып көріңіздерші, сонда сіздер жаңа искрашылдардың хвостизмі пролетариатқа қандай тереңаздырғыш ықпал жасауға тиіс екенін, мұның өзі кімге тиімді екенін түсінесіздер.

Екінші бір көкейтесті саяси мәселе: революциялық уақытша үкімет туралы. III съездің қарары бұл мәселені айқын да анық қойып отыр. Дәлелі—республика жолындағы күрес; тек көтеріліс толық жеңгенде ғана республиканы жеңіп алуға болатындығы; бостандықты және сайлаудың дұрыстығын шын қамтамасыз ету үшін революциялық уақытша үкіметтің құрылтай жиналысын шақыруы қажет екендігі; революцияның табыстарын қорғау жолында буржуазияға қарсы күреске әзірлепудің қажеттігі. Съездің қорытындылары мен директивалары: революциялық уақытша үкіметтің қажеттілігін пролетариатқа ұғындыру керек. Пролетариат бұл үкіметтен нақты белгілі нәрселерді, атап айтқанда: бүкіл программа-минимумның орындалуын талап етуге тиіс. Социал-демократтардың үкіметке қатысуына («жоғарыдан» әрекет жасауға) жол беріледі; бұл қатысудың мақсаты дәл көрсетіледі (контрреволюцияға қарсы аяусыз күрес жүргізу және жұмысшы табының дербес мүдделерін қорғау). Қатысудың шарттары да айқын көрсетіледі; формальды шарт — партияның қатаң

бақылау жасауы; материалдық шарт, яғни қатысудың тиімді болу шарты — социал-демократияның дербестігін табанды қорғау, социалистік төңкеріске жағдай әзірлеу. Біз санап өткен үкіметке қатысу шарттары, жоғарыдан қысым жасау шарттары, қызметтің жаңа, тек революциялық дәуірге ғана тән формасы ретінде, ұдайы және барлық ретте міндетті түрде төменнен қысым жасаудың,— яғни революциялық уақытша үкіметке қаруланған, социал-демократия басшылық еткен пролетариат тарапынан қысым жасаудың,— формасы мен мақсатын көрсету арқылы толықтырыла түседі. Жалпы және тұтас алғанда, біз бұл арада *жаңа* саяси сұраққа толық жауап берілгенін, күрестің *жаңа* формаларының маңызы, олардың мақсаттары, сол күрестің программасы, оларға жол беру шарттары дәл белгіленгенін көріп отырмыз.

Ал конференцияның қарарынан не көреміз? Бұл қарар мынадай шектен шыққан *қате* пайымдаудан басталады: «революцияның патша өкіметін үзілді-кесілді жеңуі» не уақытша үкіметтің құрылуымен, «не қандай да бір өкілдік мекеменің революциялық инициатива көрсетіп, халықтың тікелей революциялық қысым жасауы нәтижесінде, бүкіл халықтық құрылтай жиналысын ұйымдастыру жөнінде шешім қабылдауымен» тынуы мүмкін.

Көтерілістің жеңіп шығуын да, жеңіліс табуын да, революциялық жолмен шын құрылтай жиналысының шақырылуын да, патшаның қандай да бір халық өкілдігісымақ бірдеңені шақыруын да күн ілгері ескеріп, партияға тактикалық нұсқау беруге болады және беру керек те. Бірақ жеңіп шығуға нағыз шешуші шарты жетіспей тұрған нәрсені шешуші жеңіс деп атау — революциялық санаға басшылық еткендік болмайды, қайта оны шатастырғандық болады. Сөздің істен алыс жатқаны сияқты кез келген өкілдігі бар мекеменің құрылтай жиналысын ұйымдастыру жөніндегі кез келген «шешімі» де шешуші жеңістен әлі алыс жатыр, өйткені патша өкіметінің қолында сөздің іске айналуына бөгет жасай алатын күш бар. Жаңа искрашылдардың қарары ескі «экономистердің»: жұмысшылардың шешуші жеңі-

сі — не олардың 8 сағаттық жұмыс күнін жеңіп алуы, не үкіметтің 10 сағаттық жұмыс күнін сыйға тартып, одан жұмысшылардың 9 сағаттық жұмыс күніне көшу еді деген пайымдауынан аумайды.

Конференцияның қарары марксизмнің демократиялық революцияның буржуазиялық сипаты жөніндегі даусыз қағидаларын қайталайды, бірақ оларға тар өрісті немесе теріс түсінік береді. Республиканы талап ететін жауынгерлік ұранның орнына бізге «монархия құрылысын жою» процесін суреттеп береді. Революция дәуіріндегі пролетариат көтерілісі табысқа жеткен жағдайда мүмкін және міндетті түрде болатын «жоғарыдан» жүргізілетін күрестің *жаңа* тәсілінің шарттары мен міндеттерін көрсетудің орнына, бізге «әсіре революцияшыл оппозиция партиясы болып қалудың» ережесін ұсынады. Бұл ереже парламенттік күрес жүргізу үшін өте жақсы, төменнен әрекет жасау үшін өте жақсы, бірақ нақ көтеріліс кезінде мүлдем жеткіліксіз болады. Мұндай кезде «оппозицияның» міндеті үкіметті күшпен құлату болып табылады, ал конференция бұл мәселе жөнінде жетекші басшылыққа алатын ұран бере алмады.

Конференцияның қарары жеке қалалар мен аудандарда ішінара, тиіп-қашып «өкіметті басып алуға» жол бере отырып, жаңа «Искраның» «принципінен» бас тартады, буржуазиямен бірге революциялық уақытша үкіметке қатысушылық—пролетариатқа опасыздық істегендік, мильеранизм және т. с. болып шығады-мыс дейді. Ішінара, тиіп-қашып істелген опасыздық та опасыздық болып қалады. Алайда, міндетті жеке қалалармен немесе аудандармен шектеу міндетті шешпейді, тек қана назарды бытыратып, мәселені ұсақтатып, шатастырады. Ақырында, конференцияның қарарындағы «революциялық коммуналар» деген ұран өзінің айқын еместігі жағынан құрғақ сөзге жақын, ол: пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы деген ұранға маңайламайды.

Жаңа искрашылдардың революциялық уақытша үкімет туралы қарары да түгелімен олардың котеріліс туралы қарарындағыдай кемшіліктерге толы, ол кемші-

ліктер: қазіргі кезеңнің жаңа тактикалық міндеттерін анықтай білмеушілік, ілгері басуға шақырудың орнына кейінге қарайлай берушілік, демократиялық революциядағы алдыңғы қатарлы тапқа арналған басшылық ұранның жоқтығы, сол таптың міндеттерін, қызмет өрісін, оның революциялық энтузиазмы мен революциялық жігерін тым кемітушілік. Бұл тактикалық қате бағыттың саяси тенденциясы — жаңа искрашылдықтың освобожденпиешілдікке жуықтауы, демократиялық төңкерісте басшылық ролін либерал буржуазияға беріп қойғандық, пролетариатты либерал буржуазияның жай шылауына айналдырып жібергендік болып шығады.

Конференцияның маңызы кемірек басқа қарарларында да осы айтылған негізгі кемшіліктің әсері байқалады. Мәселен, революциялық жолмен 8 сағаттық жұмыс күнін жүзеге асыру ұранының (III съездің қарары) орнына, бар болғаны заң жолымен 8 сағаттық жұмыс күнін енгізу үшін үгіт жүргізу жөнінде ескі, қазіргі кезең үшін жеткіліксіз ұран ұсынылады. Революциялық шаруалар комитеттерін дереу ұйымдастырудың орнына, бар болғаны осыларды құру туралы құрылтай жиналысына талап қою ұсынылады. Буржуазияның азаттық қозғалысының дәйексіздігіне, шектелгендігіне және жеткіліксіздігіне қарсы бұл кемшіліктер көзге түсетін жерлердің бәрінде күрес жүргізу (III съездің қарары) ұранының орнына,— конференцияның қарары, Староверлің қатесін қайталап, орындалмайтын міндетті: «сиқырлы қағаз» табуды буржуазиялық демократты халықтың екіжүзді емес досы деп атау үшін орындалуы тиіс «пункттерді» тізіп беруді көздейді. Жаңа искралық қарардың «пункттері», әрине, бірден-ақ толық болмай шықты. Республика ұраны жоқ болып шықты. Тегі, «Россия азаттық одағы» («Пролетарий» № 4 *) сияқты демократиялық топтың осы «пункттерге» тура келетін сыңайы бар, бірақ іс жүзінде бұл топтың ішінде освобождениешілдердің басым болуына қарсы ешқандай кепілдік жоқ.

* Қараңыз осы том, 294—307-беттер. *Ред.*

Газет мақаласында біз жаңа искрашылдықтың конференция қарарларынан көрініп отырған бүкіл тактикалық бағытының негізгі қатесін тек жалпылама және қысқаша ғана көрсете алғанымыз өзінен-өзі түсінікті. Олардың «ұйым-процесі» қаншалық маңызсыз болса, олардың тактикасының қате тенденциялары партия үшін соншалық елеулі әрі маңызды. Сондықтан біз бұл тенденцияларды ерекше кітапшада егжей-тегжейлі талдаймыз, ол кітапша қазір басылып жатыр және жуық арада жарыққа шығады [129].

«Пролетарий» № 6,
3 июль (20 июнь), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

AU BUREAU SOCIALISTE INTERNATIONAL

Chers Citoyens,

La Rédaction du «Prolétaire» a reçu aujourd'hui un télégramme de Berlin. Un camarade nous pris d'informer le Bureau Inter., que selon un télégramme privé du «Berliner Tageblatt» le gouvernement russe a prié les puissances d'envoyer leurs stationnaires de Constantinople à Odesse pour lui aider à rétablir l'ordre.

Il est bien probable que le gouvernement russe ayant perdu toute confiance en ses propres forces navales tachera à faire combattre contre la révolution russe les navires de guerre des états européens sous le pretexte de défense des étrangers *demeurant* à Odessa.

Ainsi existe-t-il un grave peril que les peuples européens ne soient réduits a rôle des bourreaux de la liberté russe. C'est pourquoi nous vous prions, chers citoyens, de considérer cette question et de chercher un moyen pour prévenir cette éventualité. Peut-être serait-il opportun de publier un appel au nom du Bureau Int. Soc. aux ouvriers de tous les pays. Dans set appel il faudrait souligner que ce ne sont pas des émeutes de la populace qui ont lieu en Russie, mais que c'est la révolution, la lutte pour la liberté, que cette lutte a pour but la convocation d'une assemblée constituante, exigée par tous les partis progressistes et surtout par le parti démocrate socialiste ouvrier. Peut-être un pareil appel, traduit en toutes les langues, publié dans tous les journaux socialistes du monde, répandu par tous les moyens qui peuvent

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СОЦИАЛИСТІК БЮРОҒА

Қымбатты азаматтар,

«Пролетарийдің» редакциясы бүгін Берлиннен телеграмма алды. Бір жолдас Халықаралық бюроға біздің мынаны хабарлауымызды өтінеді: «Berliner Tageblatt»-тің [130] жеке телеграммасына қарағанда, орыс үкіметі тәртіп орнатуына көмектесу үшін державалардың өз стационерлерін [131] Константинопольден Одессаға жіберулерін сұрапты.

Орыс үкіметі ендігі жерде өзінің теңіз күштеріне сенуден қалып, Одессада *тұратын* шетелдіктерді қорғау сылтауымен Европа мемлекеттерінің соғыс кемелерін орыс революциясына қарсы шайқасуға мәжбүр етуі әбден мүмкін.

Сонымен, Европа халықтарын орыс бостандығының жендеті ролін атқаруға мәжбүр ете ме деген үлкен қауіп бар. Сондықтан, қымбатты азаматтар, біз Сіздерден осы мәселені талқылауды және осы мүмкіндікті болдырмаудың амалын қарастыруды өтінеміз. Бәлкім, Халықаралық социалистік бюроның атынан барлық елдердің жұмысшыларына үндеу жариялаған дұрыс болар. Ол үндеуде Россияда қара халықтың бүлігі емес, революция болып жатқанын, бостандық үшін күрес болып жатқанын, бұл күрестің мақсаты құрылтай жиналысын шақыру екенін, мұны прогресшіл партиялардың бәрі, әсіресе СДРП талап етіп отырғанын баса көрсеткен жөн болар еді. Бәлкім, осындай үндеу барлық тілдерге аударылып, бүкіл жер жүзінің социалистік газеттеріне басылса, біздің қолымыздағы барлық

être à notre disposition, pourrait-il influencer l'opinion publique et frustrer les plans liberticides du gouvernement russe.

Nous espérons que vous nous communiquerez votre opinion sur ce sujet.

Veuillez agréer, chers citoyens, nos salutations bien fraternelles.

Au nom du Comité Central
du parti ouvrier démocrate socialiste de Russie

N. Lénine (Vl. Oulianoff)

Француз тілінде 1905 ж. 21 июньде (4 июльде) жазылған

Бірінші рет 1924 ж. 2 февральда «Le Peuple» газетінің 33-номерінде басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

құралдармен таратылса, жұртшылық пікіріне әсер етер еді де, бостандыққа қатер төндірген орыс үкіметінің жоспарын іске асырмай тастар еді.

Сіздер бұл туралы Өз пікірлеріңізді бізге хабарларсыздар деп сенеміз.

Біздің туысқандық сәлемімізді қабыл алыңыздар, қымбатты азаматтар.

Россия социал-демократиялық жұмысшы
партиясының Орталық Комитеті атынан

Н. Ленин (Вл. Ульянов)

Бірінші рет 1928 ж. В. И. Ленин Шығармаларының 2—3 басылымдарында басылған, VII том

Француз тілінен аударма

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫ

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҮШ КОНСТИТУЦИЯ НЕМЕСЕ МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҮШ ТӘРТІБІ [132]

Полиция мен чиновниктер нені көздейді?	Нағыз либерал буржуалар (освобождениешілдер немесе конституциялық-демократиялық партия) нені көздейді?	Саналы жұмысшылар (социал-демократтар) нені көздейді?
— Самодержавиелік монархияны.	— Конституциялық монархияны.	— Демократиялық республиканы.

МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ БҰЛ ТӘРТІПТЕРІНІҢ МӘНІ НЕДЕ?

САМОДЕРЖАВИЕЛІК МОНАРХИЯ	КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МОНАРХИЯ	ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКА
1. Патша — самодержавиелік монарх.	1. Патша — конституциялық монарх.	1. Ешқандай патша болмайды.
2. Мемлекеттік совет (патшаның тағайындаған чиновниктері).	2. Халық өкілдерінің жоғарғы палатасы (төте емес, онша тең емес, онша жалпыға бірдей емес сайлау).	2. Ешқандай жоғарғы палата болмайды.

3. Мемлекеттік дума немесе халық өкілдерінің кеңесші палатасы (төте емес, тең емес, жалпыға бірдей емес сайлау).	3. Төменгі палата (жасырын дауыс берілетін жалпыға бірдей, төте және тең сайлау).	3. Бір республикалық палата (жасырын дауыс берілетін жалпыға бірдей, төте және тең сайлау).

МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ БҰЛ ТӘРТІПТЕРІНІҢ ҚАНДАЙ МАҢЫЗЫ БАР?

САМОДЕРЖАВИЕЛІК МОНАРХИЯ	КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МОНАРХИЯ	ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКА
1 және 2. Полиция мен чиновниктердің халықты толық билеп-төстеуі.	1. Өкіметтің үш үлесінің бірі патша бастаған полиция мен чиновниктерге беріледі.	1. Полицияға да, чиновниктерге де ешқандай дербес өкімет билігі берілмейді; олар бүтіндей халыққа бағынады.
3. Ірі буржуазия мен бай помещиктерге кеңесші дауыс беріледі.	2. Өкіметтің үш үлесінің бірі ірі буржуазия мен бай помещиктерге беріледі.	2. Капиталистерге де, помещиктерге де ешқандай артықшылық берілмейді.
— Халыққа ешқандай өкімет билігі берілмейді.	3. Өкіметтің үш үлесінің бірі бүкіл халыққа беріледі.	3. Барлық өкімет, тұтасымен, толығымен, бөліп-жармастан бүкіл халыққа беріледі.

МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ БҰЛ ТӘРТІПТЕРІ ҚАНДАЙ МАҚСАТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ТИІС?

САМОДЕРЖАВИЕЛІК МОНАРХИЯ	КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МОНАРХИЯ	ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕСПУБЛИКА
Сарай төңірегіндегілердің, полицияның, чиновниктердің жұрттың бәрінен де жақсы тұруына қызмет етеді;	Полиция мен чиновниктердің капиталистер мен помещиктерге тәуелді болуына қызмет етеді;	Бостандық алған, көзі ашылған халықтың барлық өз ісін өзі жүргізетін болып үйренуіне қызмет етеді,— ең бастысы, жұмысшы табының социализм үшін, бай да, кедей де болмайтын, барлық жер, барлық фабрикалар мен заводтар барлық еңбекшілердікі болатын тәртіп үшін емін-еркін күресетін болуына қызмет етеді.
— байлардың жұмысшылар мен шаруаларды қалай болса солай тонауына қызмет етеді; — халықтың мәңгі-бақи правосыз, қараңғы және надан болып қалуына қызмет етеді.	— капиталистердің, помещиктердің, бай шаруалардың, қала және деревня жұмысшыларын қалай болса солай емес, заңды түрде емін-еркін әрі жайбарақат тонай беруіне қызмет етеді.	

1905 ж. 24 июньде (7 июльде) жеке листовка болып басылған

Листовканың тексті бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ АРМИЯ МЕН РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҮКІМЕТ

Одессадағы көтеріліс және «Потемкин» броненосецінің революция жағына шығуы самодержавиеге қарсы революциялық қозғалыстың дамуында алға қарай жасалған жаңа, ірі қадам болды. Көтеріліске шақырған және революциялық уақытша үкіметті құруға шақырған үндеулердің,— Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезі арқылы пролетариаттың саналы өкілдері халыққа арнаған үндеулердің дер кезінде көтерілгенін оқиғалар керемет тез растап берді. Революциялық жалынның жаңадан лаулауы осы үндеулердің практикалық маңызын айқын көрсетіп, Россия бастан кешіріп отырған кезеңде революцияшыл күрескерлердің міндеттерін дәлірек анықтауымызды керек етіп отыр.

Оқиғалардың стихиялы барысының ықпалымен бүкіл халықтық қарулы көтеріліс біздің көз алдымызда жетіліп, ұйымдасып келеді. *Бүліктер,* яғни санасыз, ұйымдаспаған, стихиялы, кейде тым тұрпайы бүліктер самодержавиеге қарсы халық күресінің бірден-бір көрінісі болған кез онша алыстап кеткен жоқ. Бірақ жұмысшы қозғалысы, ең алдыңғы қатарлы таптың, пролетариаттың қозғалысы ретінде, осы бастапқы қалыптан тез өсіп шықты. Социал-демократияның саналы насихаты мен үгіті өз жемісін берді. Бүліктердің орнына ұйымдасқан стачкалық күрес және самодержавиеге қарсы *саяси демонстрациялар* жүргізілетін болды. Сорақы әскери жазалау шаралары бірнеше жыл бойына пролета-

риат пен қарапайым қала халқын «тәрбиеледі», оларды революциялық күрестің жоғары формаларына әзірледі. Самодержавие халықты душар еткен қылмысты, масқара соғыс халықтың шыдамын тауысты. Патша әскерлеріне тобырдың қарулы тойтарыс беру әрекеттері басталды. Халықтың әскерлерге қарсы нағыз *көше ұрыстары* басталды, *баррикадаларда шайқастар* басталды. Кавказ [133], Лодзь, Одесса, Либава [134] бізге ең соңғы уақыттың ішінде пролетарлық ерлік пен халықтық энтузиазмның үлгілерін көрсетті. Күрес көтеріліске ұласып отырды. Бостандық жендеттерінің масқара ролі, полиция қол шоқпарларының ролі бірте-бірте тіпті патша армиясының да көзін ашпай қоймады. Армия қобалжи бастады. Ең әуелі жеке бағынбаушылықтар, запастағылардың өрекпуі, офицерлердің наразылық білдіруі орын алып, солдаттар арасында үгіт жүргізілді, жеке роталар мен полктар өз бауырларына — жұмысшыларға оқ атудан бас тартты. Кейін — *армияның бір бөлігі көтеріліс жағына шықты.*

Одессадағы соңғы оқиғалардың орасан зор маңызы нақ мынада болып отыр: бұл жерде алғаш рет патша өкіметінің әскери күшінің бір ірі бөлігі,— тұтас броненосец,— ашықтан-ашық революция жағына шықты. Бұл оқиғаны халықтан жасыру үшін, матростардың көтерілісін бастапқы кезінде басып тастау үшін үкімет жанталаса күш жұмсап, алуан түрлі айлалар істеп бақты. Бірақ еш нәрсе сеп болмады. Революциялық «Потемкин» броненосеціне қарсы жіберілген соғыс кемелері жолдастарына қарсы *күресуден бас тартты.* «Потемкиннің» берілгені туралы, патшаның революциялық броненосецті суға батыру жөніндегі бұйрығы туралы Европаға хабар таратып, самодержавиелік үкімет бүкіл дүние жүзі алдында өзін біржолата масқара етті. Эскадра Севастопольге қайтты, үкімет матростарды таратуға, соғыс кемелерін қарусыздандыруға асықты; Қаратеңіз флоты офицерлерінің жаппай отставкаға шығуы туралы лақап тарап жүр; берілген «Георгий Победоносец» броненосецінде тағы да наразылықтар басталды. Либава мен Кронштадттағы матростар да көтеріліс жасап жатыр; әскермен екі арадағы қақтығыс-

тар жиілеп барады; баррикадаларда (Либавада) матростар мен жұмысшылар солдаттарға қарсы ұрыс жүргізуде. Шетел баспасөзінде басқа да бірсыпыра соғыс кемелерінде («Минин», «Екінші Александр» және т. т.) болған наразылықтар туралы хабар басылуда. Патша үкіметі *флотсыз* қалған болып шықты. Оның әзірге бар қолынан келгені — флоттың революция жағына белсене шығуын тоқтатты. Ал «Потемкин» броненосецi революцияның жеңілмеген территориясы болып қалды, енді оның тағдыры қандай болғанымен де, біз күмәнсыз және аса елеулі мына бір фактіні көріп отырмыз: *революциялық армияның ұйтқысын құруға* әрекет жасалды.

Жазалау шараларының ешқандайы да, революцияны ішінара жеңудің ешқандайы да бұл оқиғаның маңызын жоймайды. Алғашқы адым жасалды. Рубиконнан оттік[135]. Армияның революция жағына шығуы бүкіл Россияға және бүкіл дүние жүзіне әйгілі болды. Қаратеңіз флотындағы оқиғалардан кейін революциялық армия құру жөнінде бұрынғыдан да күшті жаңа әрекеттер сөзсіз жасалады. Біздің қазіргі міндетіміз — осы әрекеттерді барынша қолдау, пролетариат пен шаруалардың қалың бұқарасына бостандық жолындағы күресте революциялық армияның бүкіл халықтық маңызы бар екенін түсіндіру, осы армияның жеке отрядтарының бұқараны ұйыстыра алатын, патша самодержавиесін жаныштайтын күштерді біріктіре алатын бүкіл халықтық *бостандық туын* көтеруіне көмектесу.

Бүліктер—демонстрациялар — көше ұрыстары — революциялық армияның отрядтары,— міне, халық көтерілісінің даму кезеңдері осындай. Енді біз ақырында соңғы кезеңге де жетіп отырмыз. Әлбетте, бұған қарап енді бүкіл қозғалыс осы жаңа жоғары сатыда тұр екен деуге болмайды. Жоқ, қозғалыстың жетілмеген жерлері әлі де көп, Одессадағы оқиғаларда ескі бүліктің айқын белгілері әлі де бар. Бірақ мұның мәнісі — стихиялық тасқынның алдыңғы толқындары қазірдің өзінде самодержавие «қамалының» нақ босағасына дейін жетті деген сөз. Мұның мәнісі — нағыз халық бұқарасының алдыңғы қатарлы өкілдері күрестің, орыс халқының жа-

уына қарсы ақтық күрестің жаңа жоғарғы міндеттерінің дәрежесіне жетті, жеткенде теориялық ой-пікірдің нәтижесінде емес, өсіп келе жатқан қозғалыстың тегеурінімен жетті деген сөз. Осы күресті әзірлеу үшін самодержавие *бәрін* істеді. Ол — жылдар бойы халықты әскерге қарсы қарулы күреске итермеледі, енді не ексе, соны орып отыр. Әскердің өзінен революциялық армияның отрядтары шығып отыр.

Мұндай отрядтардың міндеті — көтеріліс жариялау, басқа да әрбір соғыс сияқты, азамат соғысы үшін де бұқараға қажетті *әскери басшылық* жасау, бүкіл халықтық ашық күрестің тірек пункттерін құру, көтерілісті іргелес жерлерге жаю, ең әуелі мемлекет жерінің кішігірім бөлігінде болса да, толық саяси бостандықты қамтамасыз ету, шіріп біткен самодержавиелік құрылысты революциялық жолмен қайта құра бастау, бейбіт уақытта революциялық творчествоға аз қатысатын, бірақ революция дәуірінде алдыңғы қатарға шығатын халық бұқарасының революциялық творчествосын мейлінше кең өрістету. Осы жаңа міндеттерді ұғынғанда ғана, бұл міндеттерді кеңінен, батыл алға қойғанда ғана — революциялық армияның отрядтары толық жеңіске жете алады, *революциялық үкіметтің* тірегі бола алады. Халық көтерілісінің қазіргі кезеңінде революциялық армия қандай қажет болса, революциялық үкімет те нақ сондай сөзсіз қажет. Революциялық армия әскери күрес үшін және самодержавиенің әскери күшінің қалдықтарына қарсы халық бұқарасына әскери басшылық жасау үшін керек. Революциялық армияның қажет болатын себебі — ұлы тарихи мәселелерді тек *күшпен* ғана шешуге болады, ал қазіргі күресте *ұйымдасқан күш* дегеніміз әскери ұйым болып табылады. Самодержавиенің әскери күшінің қалдықтарынан басқа көршілес мемлекеттердің әскери күштері және бар, ал құлауға айналған орыс үкіметі олардан жалбарынып күш-көмек сұрап отыр, бұл туралы біз төменде айтпақпыз *.

Революциялық үкімет әуелі революциялық армия патша өкіметінен тартып алған территорияда, одан соң бүкіл мемлекетте халық бұқарасына саяси басшылық

* Қараңыз: осы том, 365—370-беттер. *Ред.*

жасау үшін қажет. Революциялық үкімет қазіргі революцияның мақсаты болып табылатын саяси өзгерістерге дереу кірісу үшін,— халықтың революциялық өзіндік басқаруын орнату үшін, нағыз бүкіл халықтық, нағыз құрылтай жиналысын шақыру үшін, «бостандықтарды» жүзеге асыру үшін қажет, ал мұндай «бостандықтар» болмайынша халықтың еркін дұрыс білдіру мүмкін емес. Революциялық үкімет халықтың көтеріліс жасаған, іс жүзінде және біржолата самодержавиеден қол үзген бөлегін саяси жолмен біріктіру үшін, оны саяси жолмен ұйымдастыру үшін қажет. Бұл ұйым да, халықтың еркін орындау үшін, халықтың жәрдемімен қызмет ету үшін халық атынан өкіметті өз қолына алатын революциялық үкіметтің де тек қана уақытша үкімет болатыны сияқты, әрине, тек қана уақытша ұйым болады. Бірақ бұл ұйым, көтерілістің әрбір ойдағыдай қимылымен біте қайнасып, *дереу* басталуға тиісті, өйткені саяси бірігу мен саяси басшылық жасауды бір минутқа да кешеуілдетуге болмайды. Патша өкіметін халықтың толық жеңуі үшін көтерілісші халыққа саяси басшылық жасауды осылайша дереу жүзеге асыру қажеттігі оның күштеріне әскери басшылық жасау қажеттігінен кем емес.

Самодержавие жақтастары мен халық бұқарасының арасындағы күрестің ақтық нәтижесі қандай болатыны жөнінде байсалды ойлау қабілетін жоғалтпаған адамдардың бірде-бірі күмәндана алмайды. Бірақ біз елеулі күрестің тек енді ғана басталып келе жатқанына, бізді әлі де ұлы сындар күтіп тұрғанына көз жұма алмаймыз. Сондықтан революциялық армия мен революциялық үкіметтің жоғары түрпатты «организм» болып табылатыны соншалық, күрделі мекемелер құруды, азаматтардың сана-сезімі дамыған болуын керек ететіні соншалық, бұл міндеттер бірден оп-оңай, жып-жылдам, дұп-дұрыс орындала салады деп күту қате болар еді. Жоқ, біз мұны күтпейміз, біз социал-демократия әрқашан жүргізіп келген және әрқашан жүргізе беретін табанды, сабырлы, көбінесе көзге көрінбейтін саяси тәрбие жұмысының маңызын бағалай білеміз. Бірақ біз қазіргі уақытта бұдан да қауіпті нәрсеге — халықтың кү-

шіне сенбеушілікке жол бермеуге тиіспіз, біз құдіретті тарихи оқиғалар тоғышарларды жылы орындарынан, үй шатырларынан, подвалдарынан күшпен суырып алып, *азамат* болуға мәжбүр етіп отырған кезде революцияның ағартушылық, ұйымдастырушылық күші қаншалық зор болатынын ескеруге тиіспіз. Революция айлары кейде азаматтарды, саяси тоқыраудың ондаған жылдарынан гөрі, тезірек және толығырақ тәрбиелейді. Революцияшыл таптың саналы басшыларының міндеті — осындай тәрбие беру ісінде әрқашан таптың алдында болу, жаңа міндеттердің маңызын түсіндіру және біздің түпкілікті ұлы мақсатымызға қарай ілгері басуға шақыру. Революциялық армия құру және революциялық уақытша үкімет орнату жөнінде істейтін болашақ әрекеттерімізде бізге сөзсіз кез болатын сәтсіздіктер тек бізге осы міндеттерді *практика жүзінде* орындауды үйретеді, тек халықтың қазір бүркеулі жатқан жаңа, тың күштерін осы міндеттерді орындауға қатыстырады.

Соғыс өнерін алыңыздар. Тарихтан аз да болса хабары бар, осы өнерді жетік білетін ұлы кемеңгер Энгельстен тәлім алған бірде-бір социал-демократ соғыс білімінің орасан зор мәніне, ұлы тарихи қақтығыстарды шешу үшін халық бұқарасы мен халық таптары пайдаланатын құрал ретіндегі соғыс техникасы мен әскери ұйымның орасан зор маңызына ешқашан күмән келтірген емес. Социал-демократия ешқашан әскери заговорлармен әуестенушілікке дейін құлдыраған емес, басталған азамат соғысының жағдайлары белгілі болғанға дейін ол ешқашан соғыс мәселелерін алдыңғы кезекке қойған емес *. Ал *енді* барлық социал-демократтар соғыс мәселелерін ең алдыңғы орынға демесек те, алдыңғы орындардың біріне қойып отыр, оларды зерттеу ісін және халық бұқарасын олармен таныстыру ісін күн тәртібіне қойып отыр. Революциялық армия орыс халқының келешектегі бүкіл тағдырын шешу үшін, ең бірінші, көкейтесті мәселені, бостандық туралы мәселені

* Салыстырыңыз: Лениннің «Орыс социал-демократтарының міндеттері», 23-бет, патша өкіметіне үзілді-кесілді шабуыл жасау тәсілдері туралы мәселенің мезгілсіз (1897 ж.) мәселе екені жөнінде (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 2-том, 501-бет. *Ред.)*

шешу үшін әскери білім мен соғыс қаруларын іс жүзінде қолдануға тиіс.

Социал-демократия соғысқа ешқашан сентименталдық көзқарас тұрғысынан қараған емес және қарамайды да. Адамзаттың дау-дамайларын шешудің айуандық тәсілдері ретіндегі соғысты мейлінше айыптай отырып, социал-демократия қоғам таптарға бөлініп отырған кезде, адамды адамның қанауы болып тұрған кезде соғыстар болмай қоймайтынын біледі. Ал осы қанаушылықты жою үшін біз соғыссыз мұратқа жете алмаймыз; бұл соғысты әрқашан, барлық жерде қанаушы, үстемдік етуші және езуші таптардың өздері бастайды. Соғыстың да соғысы бар. Династия мүдделерін, қарақшы кәззаптардың құлқынын, капиталистік баю майталмандарының мақсаттарын қанағаттандыратын соғыс — авантюра бар. Халықты езушілер мен құл етушілерге қарсы соғыс бар — ал мұның өзі капиталистік қоғамдағы бірден-бір *заңды* соғыс. Мұндай соғысты тек утопистер немесе филистерлер ғана принцип жүзінде мінейді. Қазір Россияда бұл соғыстан, халықтың еркі жолындағы соғыстан тек бостандыққа опасыздық етуші буржуалар ғана шеттеуі мүмкін. Пролетариат Россияда осы ұлы азаттық соғысын бастады, ол мұны ілгері апара алады, өзі революциялық армия отрядтарын құрып, біздің жағымызға шыққан солдаттардың немесе матростардың отрядтарын нығайтады, шаруаларды өз жағына тартады, азамат соғысының от-жалынында қалыптасып, шынығып жатқан Россияның жаңа *азаматтарын* бүкіл адамзаттың бостандығы мен бақыты жолындағы күрескерлердің ерлігімен, шабытымен жігерлендіреді *.

Ал революциялық үкіметті құру міндеті — революцияның әскери күштерін ұйымдастыру міндеті сияқты, әрі жаңа, әрі қиын күрделі міндет. Бірақ халық бұл міндетті де орындай алады және орындауға тиіс те. Бұл істе де әрбір жеке сәтсіздік тәсілдер мен амалдарды** жетілдіруге, қол жеткен нәтижелерді баянды етіп, мо-

* Қолжазбада бүкіл абзац сызылып тасталған және «Пролетарий» газетінде жарияланған текстіге енбеген. *Ред.*

** Қолжазбада: «Бұл істегі әрбір әрекет, әрбір жеке сәтсіздік еліктеу туғызады, жігерді он еселеп арттырады, тәсілдер мен құралдарды кемелдендіре түседі...».

лайта беруге көмектеседі. Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының үшінші съезі өз қарарында жаңа міндетті орындаудың жалпы шарттарын белгіледі,— мұны жүзеге асырудың практикалық шарттарын талқылап, әзірлеуге кірісетін уақыт жетті. Біздің партияның программа-минимумы бар, демократиялық (яғни буржуазиялық) төңкерістің шеңберінде дереу толық жүзеге асыруға болатын және пролетариаттың социалистік төңкеріс жолында одан әрі күресуі үшін қажетті өзгерістердің тұжырымды программасы бар. Бірақ бұл программада негізгі талаптар бар және негізгі талаптардан туатын немесе өзінен-өзі ұғынылатын жекедара талаптар бар. Революциялық уақытша үкіметті құру жөнінде жасалатын әрбір әрекет тұсында, осы үкіметтің мақсаттарын, оның жалпы халықтық міндеттерін бүкіл халыққа, тіпті бүкіл неғұрлым қараңғы бұқараға қысқаша тұжырымдап, нақты, айқын бейнелеп көрсету үшін дәл осы негізгі талаптарды ұсыну қажет.

Біздің ойымызша, осындай негізгі *алты* пунктті атап көрсетуге болады, бұл пункттер әрбір революциялық үкіметтің саяси туы* және ең таяуда орындалатын программасы болуға тиіс, сол үкіметке халықты тілектес етуге тиіс және халықтың бүкіл революциялық жігері ең көкейтесті іс ретіндегі осы пункттерге жұмылдырылуға тиіс.

Бұл алты пункт мыналар: 1) бүкіл халықтық құрылтай жиналысы, 2) халықты қаруландыру, 3) саяси бостандық, 4) езілген және кем праволы халықтарға толық бостандық беру, 5) 8 сағаттық жұмыс күні және 6) шаруалардың революциялық комитеттері. Әлбетте, бұл тек қана үлгі тізім, бұл тек демократиялық республиканы дереу жеңіп алу үшін қажетті бірқатар өзгерістердің *атаулары,* белгілері ғана. Біз бұл арада толық айтып жеткіздік деп отырған жоқпыз. Біз тек белгілі негізгі міндеттердің маңыздылығы туралы өз пікірімізді жете айқындамақпыз. Революциялық үкімет то-

---

Бұл жерде және төменде, беттің соңындағы ескертулерде, газет үшін М. С. Ольминский түзеткен өте-мөте маңызды жерлері қолжазба бойынша қалпына келтіріліп отыр. *Ред.*

* Қолжазбада: «... бірінші кезекке қойылуға тиіс, ... саяси туы болуға тиіс». *Ред.*

менгі бұқара халыққа, жұмысшы табы мен шаруалар бұқарасына сүйенуге тиіс,— бұлай етпейінше ол орнығa алмайды, халықтың революциялық ынта-жігері болмайынша бұл үкімет — нуль, нульден де жаман. Біздің міндет — халықты даурықпалы, бірақ қисынсыз уәделердің (айтушылардың өздері де түсінбейтін дереу «социализациялау» деген сияқты уәделердің) авантюризмінен сақтандыру, сонымен бірге қазіргі кезеңде шын жүзеге асырылатын және революция ісін баянды ету үшін шын қажет өзгерістерді ұсыну. Революциялық үкімет «халықты» көтеріп, оның революциялық белсенділігін *ұйымдастыруға* тиіс. Езілген халықтарға толық бостандық беру, яғни олардың тек мәдени жағынан ғана емес, сонымен қатар саяси жағынан да өзін өзі билеу правосын тану,— жұмысшы табын қорғау жөнінде пәрменді шараларды қамтамасыз ету (8 сағаттық жұмыс күні — осы шаралардың біріншісі), ақырында, помещиктердің құлқын құмарлығымен санаспайтын, шаруалар бұқарасының пайдасын көздейтін елеулі шараларды қамтамасыз ету,— біздің пікірімізше, әрбір революциялық үкіметтің өте-мөте атап корсететін басты пункттері, міне, осылар. Біз алғашқы үш пункт туралы айтып отырғанымыз жоқ, өйткені бұлар өте айқын, түсіндіруді керек етпейді. Біз өзгерістерді тіпті кіші-гірім территорияда, мысал үшін айталық, патша өкіметінен тартып алынған территорияда практика жүзінде іске асыру қажеттігі туралы да айтып отырғанымыз жоқ, практика жүзінде іске асыру қандай манифестерден болса да мың есе маңызды және, әрине, мың есе қиын да. Біз тек мынаған ғана назар аударамыз: біздің жалпы халықтық және ең таяудағы міндеттеріміз туралы қазірден бастап, дереу барлық шараларды қолдану арқылы дұрыс түсінік тарату керек. Халыққа жүгіне білу керек,— осы сөздің нағыз мағынасында жүгіне білу керек,— жүгінгенде күреске шақыратын тек бір ғана жалпы үндеумен емес (жалпы үндеу революциялық үкімет құрылғанға дейінгі дәуірде жеткілікті), ең негізгі демократиялық өзгерістерді дереу жүзеге асыруға, оларды тез арада, дербес орындауға шақыратын тікелей үндеумен жүгіну керек.

Революциялық армия мен революциялық үкімет дегеніміз — бір медальдың екі беті. Бұлар — көтерілістің табысты болуы үшін және оның жемістерін баянды ету үшін бірдей қажетті екі мекеме. Бұлар — бірден-бір дәйекті революциялық ұрандар ретінде сөзсіз ұсынылып, түсіндірілуге тисті екі ұран. Қазір бізде өздерін демократпыз деп атайтын адамдар көп. Бірақ аты көп болғанымен, заты аз. «Конституциялық-демократиялық партияның» сөзуарлары көп те, атышулы «қоғамда», демократиялық болып көрінетін земствода *нағыз* демократтар аз, яғни халықтың толық самодержавиесін шын жақтайтын, халық самодержавиесінің дұшпандарына қарсы, патша самодержавиесін қорғаушыларға қарсы өлімге бас тігіп күресе алатын адамдар аз.

Тап ретіндегі буржуазияға тән мұндай жүрексіздік, мұндай екіжүзді тұрлаусыздық жұмысшы табында жоқ. Жұмысшы табы әбден дәйекті демократ бола алады және болуға тиіс те. Жұмысшы табы Петербургтің, Риганың, Либаваның, Варшаваның, Лодзьдің, Одессаның, Бакудің және басқа көптеген қалалардың көшелерінде төгілген өз қанымен * демократиялық революцияда авангардтық роль атқаруға өзінің праволы екенін дәлелдеп берді. Ол үстіміздегі шешуші кезеңде де осы ұлы роль деңгейінде болуға тиіс. Пролетариаттың саналы өкілдері, РСДРП мүшелері,— өздерінің социалистік мақсатын, өздерінің таптық және партиялық дербестігін бір сәт те ұмытпастан,— бүкіл халық алдында озық демократиялық ұрандар көтеруге тиіс. Біз үшін, пролетариат үшін, демократиялық төңкеріс еңбекті қанау атаулыдан толық азат ету, ұлы социалистік мақсатқа жету жолындағы тек алғашқы баспалдақ қана. Сондықтан да біз осы бірінші баспалдақтан неғұрлым тез өтуге тиіспіз, біз халық бостандығының жауларын неғұрлым батылырақ құртуға тиіспіз, біз дәйекті демократияның: революциялық армия мен революциялық үкімет деген ұрандарын неғұрлым күштірек уағыздауға тиіспіз.

«Пролетарий» № 7,
10 июль (27 июнь), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

* Қолжазбада: «Жұмысшы табы өзінің қаһармандық күресімен, өзінің қанымен...». *Ред.*

ОРЫС ПАТШАСЫ ӨЗ ХАЛҚЫНАН ҚОРҒАНУ ҮШІН ТҮРІК СҰЛТАНЫНАН КӨМЕК СҰРАП ОТЫР

Барлық елдерге, барлық партияларға қарасты шетелдік баспасөз бетінде Қара теңіз флоты кемелерінің бір бөлігінің орыс революциясы [136] жағына шығып кеткені жайындағы хабарлар, телеграммалар, мақалалар толып кетті. Газеттер өздерінің қайран қалғанын айтып жеткізу үшін, самодержавиелік үкімет душар болған осы масқара жағдайды күштірек сипаттау үшін сөз таба алмай отыр.

Патша үкіметінің көтеріліс жасаған матростарға қарсы *полицейлік көмек сұрап, Румыния мен Түркияға өтініш жолдағаны* осы масқараның шырқау шегі! Орыс халқына «сыртқы түріктердің» қандайынан болса да «ішкі түріктер» қорқыныштырақ екені нақ осы арада көрініп отыр. Түрік сұлтаны патша самодержавиесін орыс халқынан қорғауға тиіс;— патша орыс соғыс күштеріне сүйене алмайды, сондықтан ол жат державалардан жалбарынып көмек сұрайды. Патша өкіметінің толық күйрегендігіне бұдан артық дәлел табу қиын-ақ. Орыс армиясының солдаттарына өздерінің рольдерін түсіндіру үшін бұдан артық материал табу қиын-ақ.

«Таймс» газеті 4 июльдегі (жаңаша) бас мақаласында былай деп жазады;— айта кетелік, бұл газет — бүкіл жер жүзіндегі ең бай, ең хабардар газеттердің бірі, ағылшын консерватор буржуазиясының органы; бұл газет тіпті біздің «освобождениешілдерімізді» де шамадан тыс радикалшыл деп санайды, шиповшылдарға және т. т. іш тартады. Қысқасы, орыс революциясының күші

мен маңызын асыра бағалап отыр деп ешкім бұл газетті айыптай қоймас.

«Орыс үкіметінің теңіздегі әлсіздігі,— деп жазады *«Таймс»,*—хабарларға қарағанда, *Портаға* (яғни *түрік* үкіметіне) және *румын* үкіметіне жолдаған нотасында ғажап расталып отыр. Орыс үкіметі бұл нотасында аталған мемлекеттерден орыс флотының бас көтерген матростарын кәдімгі бұзақы қылмыстылар деп есептеуді өтінеді, әйтпеген күнде халықаралық шатақ туып кетуі мүмкін деп сақтандырып қояды. Басқаша айтқанда, патша үкіметі өзін соншалық қорлап, *түрік сұлтаны* мен *румын короліне* қайырым ете көріңдер деп жалбарынады, өз қолынан келмей қалған полицейлік қызметін орындап беруді өтінеді. *Абдул-Гамид* орыс патшасының сұраған көмегін көрсете ме, жоқ па — соны күту қалып тұр. Матростар көтерілісінің түрік өкіметіне жасаған әсері тұрғысынан қарағанда, бұл көтерілістің осы уақытқа дейінгі бірден-бір нәтижесі мынау: көтеріліс түрік өкіметінің бақылауды әдеттегіден қатайта түсуіне дем берді; ал соның өзінде сенбі күні орыс жағалау қорғанысының кемесі бұл бақылаудың алғашқы тұзағына ілінді, бұл кемемен қараңғы түскен кезде *орыс елшісі* Босфорға кірген еді. Түріктер бұл кемені оқсыз дәрімен атты. Осыдан бір жыл бұрын нақ осындай әдіспен бақылау жасауға түріктердің батылы бара қоймас еді. Румын үкіметіне келетін болсақ, ол көтеріліс жасаған матростарды бұзақы қылмыстылар деп есептеу туралы өтінішті елемей, дұрыс істеді. Өзін өзі қадірлейтін ұлт үкіметі осылай істейді деп, әрине, күту де керек еді. Румын үкіметі «Потемкинге» азық-түлік те, көмір де берілмесін деп бұйрық берді, бірақ сонымен бірге ол кеменің 700 матросына: егер Румыния жағалауына келіп түссеңдер, сендерді шетел қашқындары деп қана есептейміз деп хабарлады».

Сонымен, румын үкіметі тіпті де революция жағында емес, олай деп айтуға ешбір дәлел жоқ! Дегенмен ол бүкіл Россияның барша жұртты өшіктірген, баршаға жексұрын болған патшасына полицейлік қызмет көрсетіп, өз басын қорлағысы келмейді. Ол патшаның өтіні-

шін қабыл алмады. Ол *«өзін өзі қадірлейтін ұлт* үкіметіне» лайық іс істеді.

Европада күні кеше «айбынды, ұлы монархқа» бас ұрып, жарамсақтанып жүрген адамдардың енді келіп орыс самодержавиелік үкіметі туралы айтып жүрген сөздері, міне, осындай!

Самодержавиенің тағы да осындай құлақ естімеген масқараға душар болғаны туралы хабарлар енді неміс газеттерінде де шыға бастады. «Франкфурт Газетіне» жаңаша 4 июльде *Константинопольден* мынадай телеграмма берілді: «Орыс елшісі Зиновьев кеше түрік үкіметіне Петербург кабинетінің нотасын тапсырды, бұл нотада 400-ге жуық орыс матростарының бір крейсерді суға батырып, өздері үшінші күні Константинопольге қарай бара жатқан ағылшынның бір сауда кемесіне мініп құтылып кеткені айтылады. Орыс елшісі Түркиядан осы сауда кемесін Босфордан өтерде сөзсіз ұстауды, сондай-ақ бас көтерген орыс матростарын тұтқынға алып, ұстап беруді талап етеді. Түрік үкіметі сол кештің өзінде-ақ министрлер советінің жедел мәжілісін шақырып, орыс нотасын талқылады. Түркия орыс елшілігіне берген жауабында, оның талабын өзінің *орындай алмайтынын,* өйткені халықаралық право бойынша ағылшын жалауымен жүрген кемелерге, тіпті бұл кемелер түрік гаваньдарында тұрса да, Түркияның полицейлік бақылау жасарлық правосы жоқ екенін хабарлады. Оның үстіне Россия мен Түркия арасында қылмыстыларды ұстап беру туралы шарт жоқ деді».

Түркия «ерлікпен» жауап берді,— дейді бұл жөнінде неміс газеті. Түріктер патшаның полиция қызметшілері болғысы келмейді!

Тағы да мынадай хабар бар: «Стремительный» * миноносеці басқа да бірнеше соғыс кемесімен бірге «Потемкинді» іздеп, Констанцаға (Румыния) келген кезде, румын үкіметі орыс өкімет орындарына: тіпті «Потемкин» румын суларында тұрған күнде де, румын суларында тәртіпті румын армиясы мен румын полициясы бақылайды деп мәлімдеген.

---

* «Стремительныйда» матростар жоқ деседі. Командасы түгел дерлік кілең офицерлерден құралған. Ақ сүйектер халыққа қарсы!

Сонымен, бақсақ, шетел кемелеріне тынышсыздық туғызып отырған «Потемкин» болмай шықты (патша самодержавиесі Европаны солай деп қорқытып еді), қайта қазір оларға орыс флоты маза бермей отыр. Ағылшындар өздерінің «Granley» деген кемесінің Одессада ұсталып, тінтілгеніне ашу шақырып жатыр. Немістер де өздерінің Одессадан Константинопольге бара жатқан «Пера» деген кемесін орыстардың өтініші бойынша түріктер тоқтатып, тінтеді деген хабарға бұлқан-талқан болуда. Бәлкім, мұндай жағдайда Россияның Европадан орыс революционерлеріне қарсы көмек ала қоюы оңай болмас. Мұндай көмек көрсетілуі жайындағы мәселені өте көп шетел газеттері әңгіме қылуда, бірақ олар да көбінесе патшаның «Потемкинге» қарсы күресіне жәрдемдесу Европаның жұмысы емес деген тоқтамға келіп отыр. «Berliner Tageblatt» дейтін неміс газетінде: орыс үкіметі державалардан тәртіп орнатуға жәрдемдесу үшін өздерінің Константинопольдегі соғыс кемелерін Одессаға жіберуді өтінді деген хабар басылды! Бұл хабардың қаншалықты дұрыс екенін (кейбір газеттер мұны бекерге шығарып отыр) жуықтағы келешек көрсетер. Мұндағы бір күмәнсыз нәрсе: «Потемкиннің» көтеріліс жағына шығып кетуі орыс революциясының халықаралық күшке айналуындағы, оның Европа мемлекеттерімен бетпе-бет келуіндегі бірінші қадам болды.

Леру мырзаның жаңаша 4/VII күні Парижде шығатын «Le Matin» газетіне Петербургтен берген хабарын бағалағанда осы жағдайды естен шығармау керек: ««Потемкинге» байланысты бүкіл осы оқиғада,— деп жазады ол,— орыс өкімет орындарының аңғырттығына қайран қаласың, ал сонымен қатар *революцияны ұйымдастырудағы* кемшіліктерді де айтпай кетуге болмайды. Революция броненосецке ие болады — мұның өзі тарихта болып көрмеген оқиға!— бірақ сөйте тұрып, онымен не істерін білмейді».

Сөз жоқ, бұл сөздің жаны бар. Дау жоқ, революцияның жеткілікті түрде ұйымдаспағанына біз кінәлымыз. Біз революцияны ұйымдастыру керек екенін, көтерілісті кезек күтпейтін практикалық міндеттердің қатарына

қою керек екенін, революциялық уақытша үкіметтің қажеттігін насихаттау керек екенін кейбір социал-демократтардың нашар түсінетініне кінəлымыз. Енді келіп, революциялық жұмыстардың нашар жолға қойылғаны жөнінде буржуазияшыл жазушылар бізге, революционерлерге кінə қояды екен, ол біздің сазайымыз.

Бірақ бұл кінəны «Потемкин» броненосеціне тағуға бола ма,— олай деуге біздің батылымыз бармайды. Мүмкін, оның командасының көздеген мақсаты — бір европалық державаның гаванінен барып шығу болған шығар? Ал «Потемкин» өз еркімен Румынияға өтіп кеткенше, орыс үкіметі Қаратеңіз флотында болған оқиғалар туралы хабарларды халықтан жасырмады ма екен? Енді Румынияға келген соң, революцияшыл броненосец патша флотына соғыс жариялағанын айтып, бейтарап кемелерге ешқандай қастық əрекет істемейтінін растап, консулдарға прокломация тапсырды. *Орыс халқының патша өкіметіне қарсы ашық соғыс бастағанын орыс революциясы Европаға жария етті.* Іс жүзінде орыс революциясы осынысы арқылы Россияның жаңа, революциялық үкіметі атынан сөйлеуге əрекет жасап отыр. Күмəн жоқ, мұның өзі тек қана алғашқы, əлсіз əрекет,— бірақ «істің басталуы ғана қиып» деген мақал бар ғой.

Соңғы хабарларға қарағанда, «Потемкин» азық-түлік пен көмір талап етіп Феодосияға келген. Қала халқы толқыды. Жұмысшылар революцияшыл броненосецтің өтінішін қанағаттандыруды талап етеді. Дума көмір берілмесін, бірақ азық берілсін деп қаулы шығарады. Россияның бүкіл Оңтүстігі бұрын болып көрмеген дəрежеде толқуда. Одессада азамат соғысының құрбаны *6000 адамға* жеткен. Соғыс сотының 160 көтерілісшіні атқызып тастағаны туралы, Петербургтен *«аяушылық болмасын!»* деп бұйрық берілгені туралы телеграммалар келіп жатыр. Бірақ əскер дəрменсіз, əскердің өзі сенімсіз. Одессаның фабрикалы аймақтарында толқу басылатын емес. Өткен түні (жаңаша июльдің 4-нен 5-не қараған түні) 35 адам өлтірілген. Əскерлердің көпшілігі, генерал-губернатордың бұйрығы бойынша, қаладан шығарылып əкетілген, өйткені *əскерлердің арасын-*

да тәртіптің мықтап жетіспейтіндігі анықталған. Николаев пен Севастопольде үкімет арсеналдарында толқу болған. Севастопольде 13 адам өлтірілген. Херсон губерниясының бес уезінде шаруалар көтерілісі болып жатыр. *Соңғы төрт күн ішінде 700-дей шаруа өлтірілген.* Жаңаша 5/ VII-де Одессадан Лондонға берілген телеграммада былай делінген: «Сірә, халық пен бюрократияның арасында өліспей беріспейтін күрес басталған болуы керек».

Иә, бостандық жолындағы нағыз күрес, өліспей беріспейтін күрес енді-енді басталып келеді. Революцияшыл броненосец өзінің соңғы сөзін әлі айтқан жоқ. Революциялық армия жасасын! Революциялық үкімет жасасын!

1905 ж. 23 июньде (6 июльде) жазылған

1905 ж. 10 июльде (27 июньде) «Пролетарий» газетінің 7-номерінде басылған

Газеттің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

СОҢҒЫ ХАБАРЛАР

«Потемкин» Феодосияға келді. Ол азық-түлік қорын жасап алып, белгісіз бағытқа жүріп кеткен, орыстың мал тиелген бір сауда кемесін өзімен бірге ала кеткен. Ол ағылшынның бір сауда кемесінен көмір де алды деген хабар бар. Тіпті, берілу дегенді ойға алмайды: «Потемкин» жағалаудағы қалалардың бәрінде көтеріліс шығару мақсатын көздейді. «Потемкин» таратып жүрген *манифестің* тексті (Бухарестен бір неміс газетінің хабарлауынша) мынау.

«Цивилизациялы азаматтар мен жұмысшы халыққа! Самодержавиелік үкіметтің қылмыстары шыдам атаулыны тауысты. Ашу-ыза жалыны шарпыған бүкіл Россия: құлдық бұғауы жойылсын! деп ұран тастайды. Үкімет әскердің езілген халықтың ұлдарынан құралғанын ұмытып, бүкіл елді қанға бояғысы келеді. «Потемкин» экипажы алғашқы батыл қадамды жасады. Біз бұдан әрі өз халқымыздың жендеті болғымыз келмейді. Біздің ұранымыз: бүкіл орыс халқы үшін не өлім, не бостандық! Біз соғысты тоқтатып, жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде құрылтай жиналысын дереу шақыруды талап етеміз. Біз осы мақсатқа жету жолында ақырына дейін күресеміз: не жеңіс, не өлім! Бостандық жолындағы, бейбітшілік жолындағы күресте басында еркі бар адамдардың бәрі, жұмысшылардың бәрі біздің жағымызда болады. Самодержавие жойылсын! Құрылтай жиналысы жасасын!»

«Пролетарий» № 7,
10 июль (27 июнь), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

БУРЖУАЗИЯ САМОДЕРЖАВИЕМЕН САУДАЛАСУДА, САМОДЕРЖАВИЕ БУРЖУАЗИЯМЕН САУДАЛАСУДА

Мұндай «сауданың» бар екенін растайтын хабар күн сайын келіп жатыр деуге болады, бұған біз көптен бері орыс пролетарларының назарын аударып келеміз. Леру мырза жаңаша 2 июльде Петербургтен мынадай қызық телеграмма берді: 28 және 29 июньде (ескіше 15 және 16 июньде) қалалар мен земстволар өкілдерінің жиналысы тағы да (жүзінші рет!) конституциялық талаптар әзірлеп, оларды телеграф арқылы министрліктерге жіберді. Бұл талаптары әдеттегіден асып түседі: халық өкілдігінің сөзсіз *конституциялық* негізде болуы талап етіледі; «булыгиндік» конституция тура мансұқ етіледі; адамның жеке басының дербес праволылығын, сөз бостандығын және т. т. дереу жариялау талап етіледі. Кеңесте жалпыға бірдей сайлау правосын талап ету бір ауыздан қабылданыпты-мыс (*бірақ онысы петицияға кіргізілмей қалған* — саудаласқанда, барлық сырыңды ашып салуға болмайды ғой!).

Ал енді буржуазиялық газеттің тілшісі помещик және фабрикант мырзалар талаптарының өсіп айта қалғандай өскендігіне қандай баға береді? О, ол өте сергек бағалайды:

«*Шамасы,*— деп жазады ол,— *делегаттар аз да болса жырып қалу үшін көбірек сұрайтын сияқты. Бірақ бір күмәнсыз нәрсе: осы аз нәрсенің өзі, оларға жарамды болуы үшін, өздерінің сұрап отырғандары мен бұларға Булыгиннің ұсынып отырғанының орта шенінде болуы керек*».

Нағыз базардың өзі, бұл базарда буржуазия орыс жұмысшылары мен орыс шаруаларының мүдделерін, праволарын саудаға салып, ұтқызып отыр. Сатып алушы — буржуазия, сатушы — патша, бұлар, нақ базардағыша қол ұрысады, «ең соңғы айтарым» осы деп жүз қайтара айқайласады, «өзіме қымбатырақ» деп ант-су ішеді, кетіп қаламын деп қорқытады,— бірақ өздерінің тығыз достығын үзіп кетуге батылдары бармайды.

«Земство кеңесінің ең көрнекті өкілдерінің бірі» Леру мырзаға: егер патша біздің талаптарымызды орындамаса, онда біз «халыққа жүгінеміз» депті.

Осы атышулы «халыққа жүгіну» дегенді дұрысында қалай түсіну керек?— деп француз тілшісі өзіне және өз оқушыларына сұрақ қояды. Сөйтіп оған өзі жауап береді: мұнда «әулие Антоний елді мекені жоқ» (Париждің жұмысшы кварталы: «Вперед»тің» 2-нөміріндегі [137] фельетонды салыстыр). Халық көшеге аяқ аттағысы келмейді, тек үйде отырып, алым-салық төлеуден бас тартып, толстойшылап қана наразылық білдіргісі келеді!..

Бостандықты сатып жүрген буржуазияшыл мырзалар, халыққа жала жаппаңдар! Сендер өздеріңнің масқара қорқақтықтарыңды ешқандай жала жабумен жуа алмайсыңдар. Бүкіл Россияда халық өз қанын төгіп жатыр. Бізде де бірсыпыра қалаларда, көптеген деревняларда «әулие Антоний елді мекені» көбейіп келеді. Халық жан аямай күрес жүргізуде. Егер сендердің шынымен «халыққа жүгінгілерің» келген болса (егер бұл жүгінумен тек өздеріңнің одақтастарыңды, патшаны қорқытуды ғана ойламаған болсаңдар), онда сендер өздеріңнің сөз сапыруларыңа жүздеген, мыңдаған сомды босқа шығын қылмай, миллиондаған сомды қарулы көтеріліске жұмсаған болар едіңдер. Онда сендер патшаның табалдырығын тоздыру үшін емес, революциялық партиялармен, революцияшыл халықпен қатынас жасау үшін делегация сайлаған болар едіңдер.

Өздеріңнің ақшалы қапшықтарың әлде қайтеді деп қорыққандықтан, халықтан қорыққандықтан сендердің олай істей алмайтындарыңды патша мен оның қарақшы тобыры өте жақсы біледі. Сондықтан патша сендерді

малай есебінде қорлап отырса;—бәз-баяғы құрғақ уәдемен, бәз-баяғы Булыгин конституциясымен есек дәмелі етіп жүрсе;— сендер керек десе Булыгиннің садақасына да іс жүзінде батыл қарсы шығуға бата алмайды деп есептеп отырса, оның солай істейтін әбден жөні бар. Женевада шығатын «Journal de Genève»[138] дейтін «көрнекті»-либералдық газеттің арнаулы тілшісінің жуықта мынадай хабар бергені тегін емес: «Либералдар Булыгин жобасының шалағай екеніне(!) көз жұмып отырған жоқ, бірақ *олар* прогресс пен *тәртіп* мүдделері үшін *оны қабылдау керек деген ойда.., Үкімет жобасын мансұқ ету — халық пен бюрократиялық тәртіптің арасында туып отырған қазіргі жанжалдың бейбіт шешілуі жөніндегі ақырғы үмітті көре-біле жойғандық болар еді».* (Соңғы сөйлемнің астын сызған тілшінің өзі.)

Буржуазия патшамен *бітіскісі* келеді және *патшаға қарсы халық соғысынан* қорқады. Патша буржуазиямен бітіскісі келеді, бірақ ол өзінің халыққа қарсы бастап отырған және аяусыз жүргізіп отырған соғысынан қорқа қоймайды. *Буржуазияның опасыздығына қарамастан, халық толық жеңіп шықпайтын болса,* онда бұл жағдайдан сөзсіз туатын нәтиже Булыгин конституциясы болатыны ап-анық емес пе?

«Пролетарий» № 7,
10 июль (27 июнь), 1905 ж.

«Пролетарий» газетінің қолжазбамен салыстырылған тексті бойынша басылып отыр

САЯСАТТЫ ПЕДАГОГИКАМЕН ШАТАСТЫРУ ТУРАЛЫ [139]

Жұмысшылардың капиталистерге немесе үкіметке қарсы болған кейбір шайқастарында олардың ұшыраған әрбір жеңілісінің әсерімен пессимизмге салынып жүрген және бұқараға біздің ықпалымыз жеткіліксіз дегенді тілге тиек етіп, жұмысшы қозғалысының асыл да ұлы мақсаттары туралы әңгімелердің бәрінен немқұрайдылықпен бойды аулақ салып жүрген социал-демократтар бізде аз емес. Мұндай адамдар: бұл біздің қолымыздан қайдан келе қойсын! Біз мұны атқара алатын ба едік! дейді. Өзіміз керек десе бұқараның пиғылын да дұрыс біле алмай отырғанда, бұқарамен жақындасып кете алмай отырғанда, жұмысшылар бұқарасын іске жұмылдыра алмай отырғанда, революция авангарды ретіндегі социал-демократияның ролі туралы әңгіме ететін дәнеңе жоқ! Социал-демократтардың осы жылғы 1 майдағы сәтсіздігі мұндай пиғылды едәуір күшейте түсті. Меньшевиктер немесе жаңа искрашылдар, әлбетте, бұл пиғылды іліп әкетті, сөйтіп біреуді мұқатпақ болғандай, революциялық уақытша үкімет жайындағы, революциялық-демократиялық диктатура және т. с. жайындағы пікірлер мен сөздерге жауап бергендей: бұқараға бет бұру керек! деген ұранды ерекше ұран ретінде тағы бір рет көтермек болды.

Бұл пессимизмнің және ұшқалақ жаңа искрашыл публицистердің одан шығарып жүрген қорытындыларының социал-демократиялық қозғалысқа үлкен зиян келтіре алатын өте қауіпті бір жері бар екенін мойында-

масқа шара жоқ. Қандай да болсын пәрменді әрі өміршең партияға өзара сынның сөзсіз қажет екені күмәнсыз. Тоқмейілсіген оптимизмнен жаман еш нәрсе жоқ. Өзіміздің бұқараға жасаған ықпалымызды, өзіміздің шынайы маркстік насихатымыз бен үгітімізді, жұмысшы табының экономикалық күресіне жақындығымызды және т. т. үнемі, сөзсіз тереңдетін және ұлғайтын, ұлғайтын және тереңдетін отыруымыз керек екенін ескертуден заңды еш нәрсе жоқ. Бірақ мұндай ескертулердің, қандай кезде, қандай жағдайда болсын, әрдайым, үнемі заңды болатыны себепті олар ерекше бір ұрандарға айналып кетпеуі керек, олар социал-демократияда әлдебір ерекше бағыт туғызу әрекетіне де негіз бола алмайды. Бұл арада бір шек бар, ол шектен ассаңыз болғаны, осы ешкім таласпайтын ескертулерді қозғалыстың міндеті мен өрісін тарылтушылыққа айналдырасыз, доктринерлікке салынып, кезеңнің көкейтесті өзық саяси міндеттерін ұмытушылыққа айналдырасыз.

Жұмысты және бұқараға жасайтын ықпалды әрқашан да тереңдете беру, ұлғайта беру керек. Мұнсыз социал-демократ социал-демократ емес. Бұл жұмысты ұдайы, үзбей жүргізіп отырмаса, бірде-бір ұйым, топ, үйірме социал-демократиялық ұйым деп санала алмайды. Біздің өз алдымызға дербес пролетариат партиясы болып үзілді-кесілді бөлініп шығуымыздың бүкіл мәнісі көбінесе мынада: осы маркстік жұмысты әрдайым тынбастан жүргізе беруіміз керек болды, жүргізгенде мүмкін болғанынша бүкіл жұмысшы табын саналы социал-демократтық дәрежеге көтеруіміз керек болды, ешқандай, тіпті ешқандай саяси дауылдың — ол олма, саяси декорация өзгерістерінің—бұл көкейтесті жұмыстан бетімізді аударып әкетуіне жол бермеуіміз керек болды. Мұндай жұмыс болмаса, саяси қызмет сөзсіз ойыншыққа айналып кетер еді, өйткені бұл қызмет белгілі бір таптың бұқарасын қаншалық дәрежеде көтеретін болса, оны ертіп әкететін болса, оны оқиғаларға алдыңғы қатарда белсене қатысуға қозғайтын болса, тек сонда ғана, тек сондай дәрежеде ғана оның пролетариат үшін елеулі маңызы болады. Біз жоғарыда

айттық, бұл жұмыс әрқашан да керек: әрбір жеңілістен кейін ол жұмысты еске салып қоюға болады және еске салып қою керек те, оны атап көрсету керек, өйткені бұл жұмыстың нашарлығы *әрдайым* пролетариаттың жеңілу себептерінің бірі болып отырады. Әрбір жеңістен кейін де бұл жұмысты *әрдайым* еске салып, оның маңызын атап көрсету керек, өйткені олай етпеген күнде жеңісіміз шын жеңіс болмай, коз алдау болып шығады, оның жемісті болуы қамтамасыз етілмейді, түпкі мақсатымыз жолындағы бүкіл ұлы күресіміздің тұрғысынан қарағанда оның шын маңызы түкке татымайтын болады, тіпті теріс болып шығуы да мүмкін (егер азып-аулақ жеңіс біздің қырағылығымызды кемітіп, тұрлаусыз одақтастарға сенбеушілігімізді бәсеңдетіп жіберетін болса, жауға одан әрі бұрынғыдан бетер қысым жасай түсуіміздің кезеңін өткізіп алуымызға жол ашатын болса, міне дәл сол жағдайда теріс болып шығуы мүмкін).

Бұқараға жасайтын ықпалды тереңдету және ұлғайту жөніндегі бұл жұмыстың әрқашан да — әрбір жеңістен кейін де, әрбір жеңілістен кейін де, саяси тыныстау заманында да, нағыз дауылды революция кезінде де бірдей қажет болғандығынан, нақ сондықтан ол туралы айтылғанды әлдебір ерекше ұран жасауға болмайды, демагогияға түсіп кетпейін десең және алдыңғы қатарлы, бірден-бір нағыз революцияшыл тап міндеттерінің маңызын төмендетпейін десең, одан ерекше бір бағыт туғызуға болмайды. Социал-демократиялық партияның саяси қызметінде әрқашан белгілі дәрежеде педагогика элементі бар және болады да: бүкіл адамзатты езгі атаулыдан азат ету жолындағы күрескерлер роліне бүкіл жалдама жұмысшы табын тәрбиелеу керек, бұл таптың үсті-үстіне жаңа топтарын үнемі үйрете беру керек, бұл таптың нағыз қараңғы, жетілмеген, біздің ғылымымыздан да, өмір ғылымынан да кенже қалған өкілдерінс жанаса білу керек, сөйтіп олармен тілдесе білу, олармен жақындаса білу керек, оларды социал-демократиялық сананың дәрежесіне ұстамдылықпен, шыдамдылықпен көтеру керек, көтергенде, ілімімізді құрғақ догмаға айналдырып жібермеу керек, оны тек кітаптан үйретіп қана қоймай, сонымен қатар пролетариаттың

әлгі нағыз қараңғы және нағыз жетілмеген топтарының күнделік өміріндегі күрестеріне қатысу арқылы да үйрету керек. Бұл күнделікті қызметте, қайталап айтамыз, белгілі дәрежеде педагогика элементі бар. Бұл қызметті ұмытқан социал-демократ социал-демократ болудан қалар еді. Бұл дұрыс. Бірақ саяси міндеттерді педагогикаға тели бастаған социал-демократ та — басқа бір себептен болғанымен — социал-демократ болудан қалар еді, мұны осы күні жұрт ұмыта беретін болып жүр. Кімде-кім бұл «педагогикадан» ерекше бір ұран шығаруды, оны «саясатқа» *қарсы қоюды,* осы қарсы қоюшылық арқылы ерекше бір бағыт туғызуды, сол ұранға бола социал-демократия «саясатшыларының» үстінен бұқараға шағынуды ойласа, ол бірден және сөзсіз демагогияға ұрынған болар еді.

Әрбір салыстырудың жетіспейтін жері бар, бұл ежелден белгілі. Салыстырудың қай-қайсысы болса да салыстырылып отырған заттардың немесе ұғымдардың тек бір жағын ғана не тек кейбір жақтарын ғана ұқсастырып алады да, басқа жақтарын уақытша, шартты түрде абстрактіге айналдырады. Жалпы жұртқа мәлім, бірақ көбіне ұмытылып кете беретін осы ақиқатты оқушының есіне салып қояйық та, социал-демократиялық партияны бір үлкен мектеппен, мектеп болғанда, әрі төменгі, әрі орта, әрі жоғары мектеппен салыстырайық. Мұндай үлкен мектеп еш уақытта, қандай жағдайда болсын әліппені үйретуді, бастауыш білім беруді, өз бетімен ойлаудың алғашқы негіздерін үйретуді ұмыта алмайды. Ал кімде-кім әліппені дәлел етіп жоғары білім мәселелерінен сырт айналуды ойласа, егер кімде-кім осы жоғары білімнің (әліппені өтіп жүрген адамдардың санына қарағанда әлденеше есе аз адамдардың қолы жететін білімнің) нәтижелерінің баянсыздығын, күмәндылығын, «өрісі тарлығын» бастауыш мектептің баянды, терең, өрісі кең және келелі нәтижелеріне қарсы қоятын болса, ол керемет тайыздығын көрсеткен болар еді. Ондай адам тіпті үлкен мектептің бүкіл мәнісін мейлінше бұрмалауға көмектескен болар еді, өйткені жоғары білім мәселелерін елемеушілік тек шарлатандардың, демагогтардың, реакционерлердің тек әліппені

ғана өткен адамдарды алжастыруына жеңілдік жасаған болар еді. Немесе партияны армиямен салыстырып қарайық. Бейбіт уақытта да, соғыс кезінде де рекруттарды үйрету ісін, атыс ғылымын, бұқараға соғыс өнерінің әліппесін әрі кең, әрі терең тарату ісін ұмытуға болмайды. Ал егер маневрлердің немесе шын ұрыстардың басшылары... *

1905 ж. июньде жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қолжазба осы арада үзіледі. *Ред.*

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТТІҢ БЕЙНЕСІ

Кезең. Санкт-Петербургте патша өкіметі қиратылды. Самодержавиелік үкімет құлатылды,— қиратылды, бірақ жете қиратылған жоқ, өлтірілген жоқ, *жойылған жоқ*, түп тамырымен жойылған жоқ.

Революциялық уақытша үкімет — халыққа жүгінеді. Жұмысшылар мен шаруалардың өз ынтасынан туған *т а л а п к е р л і г і*. Толық бостандық. Халық өз тұрмысын өзі құрады. *Үкіметтің программасы*=толық республикалық бостандықтар, аграрлық қатынастарды *толығымен* өзгертуге арналған шаруалар комитеттері. Социал-демократиялық партияның программасы *ө з а л д ы н а*. Уақытша үкіметтегі социал-демократтар= социал-демократиялық *п а р т и я н ы ң* делегаттары, *п р и к а з ч и к т е р і*.

Онан әрі,— құрылтай жиналысы. *Егер* халық көтеріле қалса, ол... * (бірден болмаса да) көпшілік болып шығуы *мүмкін* (жұмысшылар мен шаруалар). *Ergo* **, пролетариат пен шаруалардың революциялық *д и к т а т у р а с ы*.

Қара түнек күштер жапталасып қарсыласады. Азамат соғысы *б а р ы н ш а қ ы з а д ы* — патша өкіметі *жойылады*.

Пролетариат ұйымы өсуде, социал-демократияның насихаты мен үгіті ондаған мың еселеп ұлғаюда: барлық үкімет баспаханалары etc. etc. «Mit der Gründlich-

* Қолжазбада сөз түсініксіз. *Ред.*
** — Сонымен, демек. *Ред.*

keit der geschichtlichen Aktion wird auch der Umfang der Masse zunehmen, deren Aktion sie ist» *.

Шаруалар *барлық* аграрлық қатынастарды, *бүкіл* жерді өз қолына алады. *Сонда национализация* жүреді.

Өндіргіш күштердің орасан өсуі — барлық деревня интеллигенциясы, барлық техникалық білім ауыл шаруашылық өндірісін көтеруге, пырмаудан (мәдениетшілер, халықшылдар etc. etc.) құтылуға жұмсалады... **Капиталистік** прогресс жойқын дамиды...

Соғыс: *қамал* қолдан-қолға көшеді. Не пролетариат пен шаруалардың революциялық диктатурасын буржуазия құлатады, не бұл диктатура Европаны дүр сілкіндіреді, сонда..?

Егер революциялық диктатура жайындағы мәселені маркстік жолмен талқылайтын болсақ, онда бұл мәселені *таптардың күресін* талдауға әкеп саю керек.

Ergo, басты-басты қандай қоғамдық күштер есепке кіреді? Ordre de bataille? **

(α) самодержавие *жағындағы* бюрократтық-әскери-ордалық элементтер, *оған қоса* халық қараңғылығынан туған элементтер (жылдам ыдырауға бет алған жиынды-құрандылар, бұлар күні кеше барынша мықты болса, ертең әлсіз). (Бұлардың өз ішінде әулеттік etc. шекісулер сөзсіз болып тұрады.)

| ұйымы өте жоғары maximum |

(β) негұрлым және біршама ірі, баяу-либерал буржуазия.

(Мен бұған либерал помещиктерді, ірі-ірі финанс шонжарларын, көпестерді, фабриканттарды etc. etc. қосамын. Бұлар $=\Sigma$ буржуазиялық елдің билеп-төстеуші қожалары. «Олардың қолынан бәрі келеді».)

| ұйымы тым жеңіл |

Фракцияларының арасында жанжал сөзсіз болып жатады,—

* — «Демек, тарихи қимыл тиянақты болған сайын, сол тарихи қимылды жасайтын бұқараның көлемі де өсе түседі» [140]. *Ред.*

** — Ұрыс диспозициясы, ұрысқа әзірленген күштердің орналасуы ма? *Ред.*

бірақ бәрі де тіпті қазірдің өзінде конституцияны жақтайды, ал ертең онан да бетер жақтайды.

Идеялық көсемдері өте көп — чиновниктерден, помещиктерден, журналистерден.

(γ) ұсақ буржуазия және шаруалар тобы. Ондаған миллион.

«Халық» par excellence *.

| ұйымы minimum |

Қараңғылылығы, ұйымдаспағандығы өте басым.

Шарасыздығы өте мол, революциядан *тікелей* табатын пайдасы өте мол. Табансыздығы бәрінен де мол (бүгін революция жағында, ертең аздаған жақсартулардан кейін тәртіп жағында).

Демократия.

Идеялық көсемдері — өте көп демократиялық интеллигенция. Социалист-революционерлердің «типі».

(δ) пролетариат.

| ұйымшылдығы, тәртібі өте күшті |

Революцияшыл. Ұсақ буржуазияға сын көзімен қарайды. Идеялық көсемдері, басқалардың бәрінен де гөрі *азырақ, тек* социал-демократиялық интеллигенция мен социал-демократиялық сауатты жұмысшылар ғана. Ілгергімен салыстырғанда саны жағынан анағұрлым әлсіз, бірақ Kampffähigkeit** анағұрлым күшті.

Күрестің объектісі = *республика* (бұған демократиялық бостандықтардың *бәрі,* **программа-minimum** және маңызды әлеуметтік реформалар да кіреді).

α — бүтіндей қарсы.

* — көбінесе. *Ред.*

** — күреске қабілеті, жауынгерлік қабілеті. *Ред.*

β — конституция *жағында*, республикаға қарсы ($^1/_2$—$^1/_2$). ((Сауда элементі.))

γ — революциялық кезеңде (табансыздау түрде) республика жағында ((күрестің тұрақсыз элементтері)).

δ — толығымен және бүтіндей республика *жағында*.

1905 ж. июньде жазылған
Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП III СЪЕЗІНІҢ ПРОТОКОЛДАРЫН БАСТЫРЫП ШЫҒАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ПРОТОКОЛДАРДЫҢ ТЕКСТІНЕ ЕСКЕРТУІ

Протокол комиссиясы съездегі дауыстардың саны жөнінде оқушылардан мынаны ескеруді сұрайды. Съезде окіл болып келген 23 делегаттың 46 даусы болды, бұлардың біреуінің бір даусы, біреуінің үш даусы, қалғандарының екіден даусы болды. (Голубин жолдас келген соң, ягни 18-мәжілістен бастап 24 делегат болды). Съезде дауыс берудің бәрі дерлік делегаттардың санына қарай есептелді, ягни оңайлық үшін делегаттардың бәрінің бір-бірден даусы бар деп қабылданды. Міне сондықтан жақтап берілген дауыстар мен қарсы берілген дауыстар санының қосындысы 46 емес, 23 болып шығады. Есепті осылай оңайлатудың нәтижелерге әсер етпегені өзінен-өзі түсінікті, өйткені жақтап берілген дауыстар да, қарсы берілген дауыстар да біркелкі екі есе азайтылды. Ал шешім 3 даусы бар бір жолдасқа байланысты болатындай түрде дауыстардың бөлінуі бір рет те болған жоқ.

1905 ж. кеш дегенде июльде жазылған

1905 ж. мына кітапта басылған: «РСДРП-нын кезекті үшінші съезі. Протоколдардың толық тексті». Женева, Орталық Комитет басылымы

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

«СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

Шатастырудың үлгісі

Уақытша үкімет туралы мәселе жөнінде

1. Революциялық қозғалыстың жандануы уақытша үкімет *(және оған социал-демократияның қатысуы)* туралы мәселені жандандырды.
2. Оншама жақын емес те секілді еді,— бірақ хвостистерге «қатердің» орасан зор болып көрінгені соншалық, Мартынов оған арнап кітапша да жазды.
   Мұндай мәселеде айқындық керек.
3. Мартыновтың ойлары және бұл ойларының пасықтығы.

«Ойларды» талдау.	«Искраның» 87-номерінде үндемей қалу. Гапонға оның «программасы» [141] жөнінде жауап берілмеді.

4. Парвустың Taedium vitae *-сі: листоктарда, «Искрада», Троцкийге алғы сөзінде ол «бүлік шығарады».
5) Нақ «бүлік шығаруы» себепті де ол лағып кетті.
6) Қорытындылар. Біздің ұйым $= {}^{1}/_{1000}$. Тіпті жүз есе үлкейтіп көрсеткенде де — мартыновтық *реакцияшыл* үрейлерді ақтай алмайды. Программа — *таптық* позиция.

Демократиялық төңкерістегі революциялық диктатура.

1905 ж. 23 марттан (5 апрельден) ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — өмір жиіркеніші. *Ред.*

«*ПРОЛЕТАРИАТ ПЕН ШАРУАЛАРДЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДИКТАТУРАСЫ*» *ДЕГЕН МАҚАЛАҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР*

1

«ИСКРАНЫҢ» 93-НОМЕРІНДЕГІ ФЕЛЬЕТОН ЖӨНІНДЕ ЗАМЕТКАЛАР

«Искраның» 93-номерін салыстыр, фельетон — біз тек төменнен ғана, ал жоғарыдан емес.

Бұл тақырыпқа бөлек мақала жазған жөн болар еді. Революциялық дәуірде өзін тек *төмендегі* қызметпен шектейтін, жоғарыдан қысым жасаудан бас тартатын революционер eo ipso * *революциядан бас тартады,* осыны көрсету керек.

Буржуазиялық дамудың немесе крепостниктік ancien régime **-ден революциялық жолмен шығудың екі типі бар:

1) жоғарыдан жеңілдіктер жасау жолы, кеміту, азайту, оңайлату жолы

2) төменнен қайта жасау жолы, жаңа құрылысты болымды түрде енгізу жолы...

конституция революция	земстволар саяси бостандық	парламенттік формамен көмкерілген абсолютизм республика.

* — сол арқылы. *Ред.*
** — ескі тәртіптен. *Ред.*

2

МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЫ

Тағы да уақытша үкімет туралы

1. Революциялық мақсаттарда айқындық керек. Мартынов күңгірттендіруді 9 январьға дейін бастады. Қозғалыстың жеке жақтарын өсіре көрсету емес (әрдайым мүмкін нәрсе), ал кері қарай шегеріп тастау.

2. Мәселенің қойылысы: (1) уақытша үкіметке социал-демократияның қатысуына бола ма? Болады («Вперед»), жоқ («Искра»). (2) Революциялық *демократиялық* диктатура үкіметіне революциялық демократиямен бірге социал-демократияның қатысуына бола ма? Болады («Вперед»), жоқ («Искра»). «Жоресизм» — «якобиншілдік» (tantum mutatus ab illo! *).

   Мәселенің күрделілігі.

3. «Искраның» дәлелдері:

   қастерленетін буржуазиялық тәртіп: полиция, түрмелер, кредит,— жұмыссыздық etc.

(1) *«үкімет те «жасасын!» деген сөзбен тілдің қасиетін кетіру».* {**Фраза**}

   тұрпайы жоресизм.

   программа = maximum-ді жүзеге асыру.

   буржуазияның саналылығы жол бермейді [contra Баку].

   сыртта тұрып итермелеу қолайлырақ.

* — осымен байланысты мүлде өзгеріп кеткен! *Ред.*

4. Оның қателіктері:

міндет пен кезеңнің *әскери* шарттарын түсінбеушілік.

Kurz *=республика үшін күрес. Жақтай ма немесе қарсы ма? «Қастерленіп» отыр ма?

буржуазиялық құрылысты, түрмелерді, армияны etc. «қастерлеуді» диалектикаға жат тұрғыдан түсіну. *Ich stimme rückwärts, nicht vorwärts zu...***

«бірігіп соққы беру» — және бірігіп өлтіру? қирату? тойтару?

күрестің шытырманы: «the run of the true love is never smooth...» ***

«жоресизм»: үйренді, бірақ ұқпады. Жаттап алды, бірақ ойластырып алмады.

Мәнін ұқпаған, тек әрпін жаттаған. Принцип пе? (Салыстыр. Paris. 1900) [142].

Программа-minimum және maximum. Пролетариат сергек пе?

5. Шын мәніндегі қатер: *д е р б е с* ұйымның және пролетариаттың *д е р б е с* күресінің міндеттерін ұмытушылық.

Бұл сөзсіз.

Мұның өзі уақытша үкіметке қатысуды қиындата ма? Одақтар бостандығы? Үгіт құралдары? Баспасөз? *Б е л г і л і б і р ж а ғ д а й л а р д а о т с т а в к а ғ а ш ы ғ ы п к е т у д і ң қ о л а й л ы л ы ғ ы.*

(2) *(α) Революциялық уақытша үкімет пен (β) революциялық диктатура* («Искра» *жасап отырған) арасындағы айырмашылық*=схоластика, α=заңдық форма, β=таптық мәні. Бір жағынан, β болмайынша α болмақ емес. Екінші жағынан, β қайткенде де *уақытша нәрсе* (не *б у р ж у а з и я л ы қ* диктатураға көшу, пролетариаттың жеңілісіне көшу, не социалистік диктатураға көшу).

---

* — Қысқаша. *Ред.*

** — Мен, келешекте болатынға емес, өткендегіге санкция беремін (келісемін)... *Ред.*

*** — «шынайы махаббат еш уақытта оп-оңай өтпек емес...» (Шекспир). *Ред.*

Тактикалық сақтық. Әзірлену, қатарларды топтастыру, ал losschlagen gedankenlos (Draufgänger) * емес, «бәрінен де революцияшыл болу» емес...

Революциялық демократия деген бар ма? Әрине, бар (Л. Мартовтыкі дұрыс contra *Троцкий* және Parvus және Троцкий). Л. Мартов революциялық демократия енді ғана «өсе бастады», ал пролетариат өсіп келеді деп, Троцкийге тіпті босқа сенеді. Қайта мұның *vice versa* ** (жария баспасөз, қалың интеллигенция оның шаруалармен байланысы etc. sehr bald *** қалпына келеді).

«Есерсоқ адамдар» («Frankfurter Zeitung»). Баку. Егер адал болса, жария либералдардың бәрі = дайын тұрған революцияшыл демократтар, адал жазушылардың, ізгі ниетті адвокаттардың, парасатты оқытушылардың, дәрігерлердің *және т. т. және т. т.* барлық ықпалы...

«Искраның» Bessere Einsicht ****-і: Revolution in Permanenz революциялық диктатура дегеніміз де осы.

«Бәрінен де революцияшыл болу». Ал социалист-революционерлер ше? Социалист-революционерлер мен социал-демократтардың күресі. Социал-демократтардың социалист-революционерлердің революциялық үкіметінен кетуіне, сөйтіп «революцияшыл авантюризмге» оппозицияға шығып, олардың «Abwirtschaften» *****-ін *күтуіне* тура келуі де әбден мүмкін... (Социалист-революционерлерді тип ретінде алып, революцияшыл демократтардың социалист-революционерлерге боялуының *болмай қоймайтындығы.)* Бұл жерде ешбір жағдайда *өз қолыңды матамау керек.* Пролетариаттың ұйымшылдығы мен тәртіптілігі, революцияшыл интеллигенция мен революцияшыл ұсақ буржуазияның «авантюризмі» және тұрлаусыздығы...

1905 ж. 30 марттан (12 апрельден) ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — ағат қимыл. *Ред.*
** — керісінше. *Ред.*
*** — тез арада. *Ред.*
**** — Ең жақсы болжамы. *Ред.*
***** — қожайынсуының ақыры. *Ред.*

«ЛИБЕРАЛДАРДЫҢ АГРАРЛЫҚ ПРОГРАММАСЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ

1

Либералдардың аграрлық программасы туралы басты 2 мәселе:

I. жеке пункттерге талдау— — —

II. жалпы қорытындылар. Мәні. Россияның ерекшелігі айқын (помещиктер *аграрлық* реформаны жақтайды).

Бұл ерекшелік *неде?*

(α) орыс аграрлық тұрмысының *социалистігінде* ме?

(δ) аграрлық қайта өзгерістің *буржуазиялық-демократиялық* мәнінде.

That is the question *.

Социал-демократтар (δ)-ны пайымдап, дұрысын айтқаны енді барған сайын айқындалуда. (Contra халықшылдар мен социалист-революционерлер.)

Селолық жұмысшылар туралы Nil **.

Селолық *құрылысты қайта өзгертетін* Nil: *қоғамдық тәртіпке оларды «мүдделі ету» үшін* ұсақ буржуазиялық шаруашылықтардың шағын тобының ***жылжуы*** ғана.

Бүтіндей «игі ниетті қамқорлықтың», «ақылды жеңілдіктердің», *Шидловский комиссияларының*, алдарқатулардың etc. шеңберінде.

Түйіні: шаруалар комитеттері және революциялық диктатура...

---

* — Мәселе, міне, қайда жатыр. *Ред.*

** — Nihil — түк жоқ. *Ред.*

Қорытындылар:
аламыз деп қорқытып жүрген нәрселерін сатқылары келеді.
Белгілі *n i l*
барлық реформалардың чиновниктік сипаты, шаруалардың революциялық қимыл-әрекетінен қорқушылық,

2

Либералдардың аграрлық программасы

1. *«Освобождениедегі»* Л.-дің мақаласы. Енді *Москвадағы* земство съезінің программасы.

2. «Түбегейлі қайта өзгеріс» ...Quoad * түбегейлі?
{ 1861 жылғы «реформалардың» шалалығын, қазіргі аграрлық құрылыс пен қоғамдық-экономикалық даму талаптары арасындағы қайшылықты түсіну. }
Түсінгендіктен емес, түйсік бойынша. Қайшылықтың *мәні* неде? — сословиелілікте, крепостниктікте, жұмыспен өтеуде, кіріптарлықта. Деревняны буржуазиялық шаруашылық жағдайына енгізу (социалист-революционерлердің etc. бұл жөніндегі байбаламы).

3. Жеке меліктегі жерлерден кесіп алу және оның құнын төлеп алу.
(Помещиктерден шығып отыр! Қажет емес. Аламыз деп қорқытқан жағдайда сатып жіберген жақсы. Көптеген жеке меліктегі имениелердің шаруашылық жағынан тиянақсыздығын түсіну. *Мәдениет* «мужиктің» қолында.

Помещиктердің билігіндегі елеулі нәрсені жеңілдік беру жолымен сақтап қалу — *олардың* программасы.

— помещиктердің билігін *қирату* — шаруалардың «программасы»)...

Кесінді жерлер, *экспроприация*...

* — Қаншалықты, қашанға дейін. *Ред.*

4. Қазыналық және уделдік жерлер. Уделдік жерлердің *бір бөлігі* (NB) (қорқады!).
Ал шіркеулік жерлер ше?
«Оны еңбекші халықтың мүддесіне пайдалану»...
(«Халықшылсыған буржуазия».)

5. «АрендаIы реттеу». Біздің аграрлық программамен салыстыр...

6. «Қоғамдық-мемлекеттік делдалдық комиссиялар».
Түйіні! Неге мемлекеттік? *Шаруалар комитеттерін* салыстыр.
«Қоғамдық» деген не?

7. Қоныс аударылу, әр жерге көшіру, банктер, кооперация
{либералдар және *социалист-революционерлер* — салыстыру...}

8. Меже жөніндегі заң. Іскерлікпен. Quid est re vera?* =Жеке меншікті және фермерлікті, капиталистік шаруашылықты дамыту (аттамалы алапқа қарсы etc.). Arrondirung...**

9. Summa summarum ***: помещиктің билігіндегіден сақтауға болатынның бәрін *сақтай отырып*, деревняны *буржуазиялық жолмен демократияландыруды* аяқтау, бітіру.

10. «Искраның» 3-номерін салыстыр {аграрлық мәселе *шығады*} || күн тәртібінде|| [143].

11. Marx über Kriege-ні салыстыр. Біздің бағыт=қолдау, қоян-қолтық істеу, ілгері бастыру, итермелеу, саяси сапалылықты енгізу, революциялық-демократиялық сипатын атап көрсету, таптық ерекшелікті сақтау, село пролетариатын ұйымдастыру және ағарту...

1905 ж. 7(20) апрельден ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — істің шын мәні қандай? *Ред.*
** — Жинақтау... *Ред.*
*** — Жалпы қорытынды. *Ред.*

БІРІНШІ МАЙ ЛИСТОВКАСЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

1. Соз «көктемі» және жексұрын қылықтар.
2. Булыгиндік алдау.
3. Соғыс және үкімет системасының күйреуі.
4. Күйзелу, аштық, оба...
5. СПБ., Рига, Варшава etc. *9. I.*
6. Баку және еврейлерге қарсы қатерлі қозғалыс.
7. 9. I. және одан кейінгі революциялық стачка мен революциялық қозғалыс. Революция!
8. Шаруалар қозғалысы. Оның жанышталуы және оның мақсаттары.
9. Құрылтай жиналысы және революциялық уақытша үкімет.
10. Республика және барлық демократиялық бостандықтар жолындағы күрес.
11. Республика жолындағы және социализм жолындағы пролетарлық күрес.
12. Бүкіл дүние жүзілік революцияшыл пролетариатты бастаушы революцияшыл орыс пролетариаты.

1. V. жалпы алғанда.
Қайда әкеліп соқтырды? 1—4.
Революциялық қозғалыс. 5 және 7.
Үкіметтің қудалау әрекеті. 6.
Шаруалар қозғалысы. 8.
Қарулы котеріліс.
Күрестің мақсаттары. 9—11.

О. Бірінші май жалпы алғанда.
А. Революцияның басы 1—6.
Б. Жұмысшылар мен шаруалардың күресі 7—8.
В. Күрестің мақсаттары 9—11.
Г. Орыс революциясының бүкіл дүние жүзілік тарихи маңызы 12.

1905 ж. 12(25) апрельден ертерек жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

РСДРП Ш СЪЕЗІНЕ АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР

1

СЪЕЗДІҢ КҮН ТӘРТІБІНІҢ ЖОБАСЫ ЖӨНІНДЕ

1

СЪЕЗДІҢ КҮН ТӘРТІБІНІҢ БАСТАПҚЫ ЖОБАСЫ

1. Қарулы көтеріліс.
2. Социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы.
3. Социал-демократияның ашық саяси бой көрсетуге әзірлігі.
4. Шаруалар қозғалысын қолдау.
5. Либералдық қозғалысқа көзқарас.
6. Социалист-революционерлерге көзқарас.
7. Партия уставы.
8. Партия ұйымдарындағы интеллигенттерге жұмысшылардың көзқарасы.

1. Қарулы көтеріліс.
2. Уақытша үкіметке қатысу.
4. Либералдарға көзқарас.
5. Социалист-революционерлермен келісім.
6. Үгіт пен насихатты ретке келтіру.
7. Шаруалар қозғалысын қолдау.
8. Партия уставы.
9. Жұмысшылардың интеллигенттерге көзқарасы
   —делегаттардың есебі.
10. Сайлау.
11. 1 Май?
12. Съездің шешімдері мен протоколдарды

жариялау тәртібі, сайламшы міндетін атқаруға кірісу тәртібі.

?13. Ұлттық социал-демократиялық партияларға көзқарас.

?? 14. Партияның бөлініп шыққан бөлегіне көзқарас. Партия ішіндегі алауыздық.

1) Тактика.
2) Басқа партиялар мен ағымдарға көзқарас.
3) Ұйым.
4) Партияның ішкі жұмысы.
1 Май.
Насихат пен үгітті ретке келтіру.
Сайлау.
Жариялау тәртібі.
75. 71 [144].

2

СЪЕЗДІҢ КҮН ТӘРТІБІ ПУНКТТЕРІН ТОПТАУ

7 пп. [145] I. 1) Тактикалық мәселелер.
3 пп. II. 2) Ұйымдық мәселелер.

[партияның уставы тұрғысынан алғанда ұйымдық жұмыстың шарттары] *
централизм және демократизм.
жұмысшылардың интеллигенттерге көзқарасы.

* Шаршы жақша ішіндегі петитпен терілген текст қолжазбада сызылып тасталған. *Ред.*

III. 3) Басқа партиялар мен ағымдарға көзқарас.
1. бөлініп шыққан бөлегіне
2. ұлттық
3. либералдарға
4. социалист-революционерлерге
5. жұмысшы қозғалысының төменгі формаларына

IV. 4) Партия жұмысының ішкі мәселелері — насихат және үгіт

V. 5) Делегаттардың есебі
1) Орталық Комитеттің есебі.
2) делегаттардың есебі.

VI. 6) Сайлау.
(1) сайлау.
(2) тәртіп.

I	7
II	4
III	5
IV	1
V	2
VI	2
	21 [146]

3

СЪЕЗДІҢ КҮН ТӘРТІБІНІҢ БАЯНДАМАШЫЛАР КӨРСЕТІЛГЕН ЖОБАСЫ

Партияның III съезі күн тәртібінің жобасы

А) Тактикалық мәселелер.

1. Қарулы көтеріліс.

Вернер, Воинов [147].

2. Социал-демократияның ашық саяси бой көрсетуіне әзірлік.

Шмидт.

3. Үкіметтің төңкеріс қарсаңындағы және төңкеріс кезіндегі саясатына социал-демократияның көзқарасы.

Шмидт, Ленин.

4. Шаруалар қозғалысын қолдау.

Ленин, Шмидт.

Б) Басқа партиялар мен ағымдарға көзқарас.

5. Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының бөлініп шыққан болегіне көзқарас.
6. Россияның ұлттық социал-демократиялық партиялары мен ұйымдарына козқарас.

[7] 6. Либералдарға көзқарас.
[8] 7. Социалист-революционерлерге көзқарас.

Ленин, Вернер.

В) Партияның ұйымы.

[9] 8. Партия уставы. Вернер.

[10] 9. Партия ұйымдарындағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қатынасы.

Вернер.

Г) Партияның ішкі жұмысы.

[11] 10. Делегаттардың есебі.
[12] 11. Үгіт пен насихатты жақсарту.
13. Бірінші май.
[14] 12. Қызмет адамдарын сайлау.
[15] 13. Протоколдарды жариялау және жаңа мекемелердің іске кірісу тәртібі.

1905 ж. 13(26) апрельде жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

2

РСДРП-ның АШЫҚ САЯСИ БОЙ КӨРСЕТУІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ РУМЯНЦЕВТІҢ ҚАРАРЫ ЖОБАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР

Меніңше, қарарды былайша қайта жазу керек:
Дәлелдер:

(1) мыналар атап көрсетілсін: революциялық қозғалыстың тегеурінімен саяси партиялардың ашық бой көрсетуі іс жүзінде басталып отыр etc.

(2) бұл жөнінде либералдар ерекше алыс кетеді, олардың *іс жүзіндегі* артықшылығы (Шмидттің 1-п.).

(3) бұған жұмысшылардың *ынтасы орасан зор* (Шмидттің 2-п.) — *қ о р ы т ы н д ы л а р:*

(1) ашық бой көрсетудің бірде-бір қолайлы жағдайы пайдаланылмай қалмасын, жұмысшылар *бой көрсету үстінде* дербес күш болып ұйымдастырылсын;

(2) жұмысшылардың жария ұйымдарын социал-демократияның ықпалына бағындыруға тырысып, тіпті болмашы жария формалардың бәрі пайдаланылсын.

(3) біздің астыртын аппаратымызбен қатар ашық саяси бой көрсету үшін аппарат құруға практикалық шаралар қолданудың қажеттігі барлық жұмысшы ұйымдарында және мүмкіндігінше неғұрлым қалың бұқара арасында насихатталсын.

[+0) Қызмет бостандығын іс жүзінде жеңіп алудың *б а с ы.*

| Жақсы 2) 1) |

1) Жұмысшы бұқарасы ашық бой көрсетуге ұмтылуда.

2) Либералдар *мықтап* пайдалануда және басымдық алып отыр.

3) Жұмыс жүргізудің дағдылы тек қана астыртын формаларынан ашық формаларына таяу болашақта мүмкін болатын көшуге дайындалудың қажеттігі.

Қаулы етеді:

(1) қолайлы жағдайды құр жібермеу... ашық бой көрсетулер — әрекет жасайтын жерде жеке ұйымдар әзірлейді.

(2) ұйымдарды социал-демократияның ықпалына бағындыруға тырысып, олардың тіпті ішінара *жария* формаларын да пайдалану]*

1905 ж. 16 және 19 апрель (29 апрель мен 2 май) аралығында жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* Шаршы жақша ішіндегі петитпен терілген текст қолжазбада сызылып тасталған. *Ред.*

3

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТКЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАҒА АРНАЛҒАН МАТЕРИАЛДАР [148]

1

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТКЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАНЫҢ ЖОСПАРЫ ЖӘНЕ ҚАРАРҒА АРНАЛҒАН ТЕЗИСТЕР

Жалпы алғанда «Вперед»тің» позициясы:

1) Плехановтың қарсылықтарын талдау.} Маркс 1848 ж.
2) «Искраның» 93-номері және Bakunisten.
3) «Искраның» 93-номері («Revolution in Permanenz»). [?]
4) Қарар.
5) Қорытындылар.

Қарардың дәлелдері:

1) Саяси бостандықтар мен демократиялық республиканың қажеттігі.

[2) Сол үшін күресе алатын және күресті бастайтын революциялық буржуазия мен ұсақ буржуазиялық демократияның бар екендігі.
3) Пролетариаттың революциялық демократияны қолдауының қажеттігі...] *

4) Самодержавиені толық құлату және құрылтай жиналысы бостандығын *шын мәнінде* қамтамасыз ету үшін революциялық уақытша үкіметтің қажеттігі.

[5) Революциялық социал-демократияның тек төменнен ғана емес, сонымен бірге жоғарыдан да революциялық қимыл жасалуын мойындауы.

* Шаршы жақша ішіндегі петитпен терілген текст қолжазбада сызылып тасталған. *Ред.*

6) Революция толық жеңген күнде, социал-демократия көтеріліске басшылық жасаған күнде революциялық уақытша үкіметке социал-демократияның қатысуы қажеттігі.] *

7) Төңкерістің буржуазиялық-демократиялық сипаты және буржуазиялық демократиядан өзгеше пролетариаттың дербес позиция ұстауының қажеттігі.

[8) Ашық түрде ұйымдастыруға (жұмысшылардың кеңінен қатысуымен), партияның уәкілдеріне бақылау жасауға қабілетті ұйымдасқан социал-демократиялық жұмысшы партиясының бар екендігі] *

Қарардың шешім шығаратын бөлегі

социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы

1) Революциялық уақытша үкімет идеясын насихаттау және оны жақтауға үгіттеу жеңімпаз революцияның қажетті құрамдас бөлегі.

2) Жұмысшылар жиналыстарында біздің бүкіл программа-minimum-ды, біздің программа-maximum-ды талқылағанымыз және одан әрі талқылай беретініміз сияқты, жалпы тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге оны дереу толық жүзеге асыру мүмкіндігі тұрғысынан да талқылау керек.

3) *Халықтық көтеріліс жеңіске жеткен жағдайда* барлық контрреволюциялық әрекеттерге қарсы аяусыз күресу мақсатында, Россиядағы демократиялық негіздерді толық тазарту мақсатында, жұмысшы табын неғұрлым кеңінен ұйымдастырудың үкімет рұқсат ететін құралдарын толық пайдалану мақсатында социал-демократияның революциялық буржуазиямен және ұсақ буржуазиялық демократиямен бірге революциялық уақытша үкіметке қатысуы мүмкін деп танылсын.

4) Мұндай қатысудың қажетті шарттары—социал-демократиялық жұмысшы партиясының үкіметтегі

Бұл субъективтік шарттар. Ал

* Шаршы жақша ішіндегі петитпен терілген текст қолжазбада сызылып тасталған. *Ред.*

объективтік шарттар ше? контрреволюциямен аяусыз күресу мақсатында. П. З.

NB *Қарулы* пролетариат

өзінің уәкілдерін бақылап отыруы және толық социалистік төңкеріске ұмтылуында буржуазиялық демократияның бәріне және қандайына болсын дұшпан тәуелсіз таптық жұмысшы партиясын бұлжытпастан қорғауы.

5) Қандай жағдайда болса да, революциялық уақытша үкіметке социал-демократияның қатыса алуалмауына қарамастан, революциялық үкіметтің *қандайына болсын* бақылау жасау үшін және оған қысым жасау үшін жұмысшылардың дербес *революциялық* ұйымдарының қажеттігін жұмысшы табының арасында тарата беру.

2

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАНЫҢ ҚЫСҚАША КОНСПЕКТІСІ

1. Алғаш қарағанда мәселе оғаш қойылған: революциялық уақытша үкіметтің жүзеге асуы соншалықты жақын емес. Бізге әдеби айтыстың әкеп таңған мәселесі. Мартынов және оның 1905 жылғы 9 январьға дейінгі пікірі («Екі диктатура», 10—11-беттер).
   Осы пікірдегі хвостизм.
   Социал-демократия мақсаттарының айқын болуының маңызы.

2. Плехановтың таластың басын дұрыс суреттемеуі (№ 96): мартыновшылдықты [149] бүркемелейді.

3. Мәселенің жалпы қойылысы: социалистік диктатура ма, әлде демократиялық диктатура ма? Біріншісін тықпалаудың ақылға сыйымсыздығы.
   Екіншісінің болмай қалмайтындығы.

4. 96-номердегі Плехановтың дәлелдері.
   Қараңыз: ерекше жазбалар, *1 — 6 - б е т т е р* *.
   Сонан соң.
а) Екі күш: революция және контрреволюция. Олардың қарулы күресі, күрес тағдырының құбылмалылығы, күрестің төменнен де, жоғарыдан да болмай қоймайтындығы.
б) Энгельс 1849 жылғы, Reichsverfassungskampagne[150]-ні баяндаудан алынған цитаттар.
в) Қарар және оның қысқаша дәлелдемелері.

3
ПЛЕХАНОВТЫҢ «ӨКІМЕТТІ БАСЫП АЛУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ» ДЕГЕН МАҚАЛАСЫНА ЕСКЕРТПЕЛЕР

Плехановтың 96-номердегі мақаласынан мыналар атап көрсетілсін:

1) ««Вперед» «Искраны» айыптайды» (1-бағана) деу *асыра айтқандық;* бұл арқылы мәселенің қойылысы бұрмаланады деген мағынада осылай.

Іс жүзінде *Мартынов* пролетариат басшылық еткен *көтеріліс жеңіске жеткен* жағдайда впередшілдердің революциялық үкіметке қатысуы *қажеттігімен* оларды 9 январьға дейін-ақ *қорқыта* бастаған болатын (Мартынов, 10—11-беттер). *((М а р т ы н о в ж ә н е «И с к р а», NB Э н г е л ь с т е н ц и т а т к е л т і р у NB.))*

Ergo**, «өкіметті басып алу» (бұл тұжырым *біздікі емес,* «Искранықі». Бұл тұжырымның өрісі *тар)* туралы мәселені ойлап шығара бастаған «Вперед» емес, ал сәтті көтерілістен *үркіту* ретінде Мартынов пен «Искра» ойлап шығарды.

2) «Вперед» Маркс пен Энгельсті «филистерліктің асқан шеберлері» деп атады деу өрескел бұрмалағандық. Мартынов = Маркс емес!!

«Вперед» былай деді, мына алмасу: самодержавие — либералдық конституция — демократиялық республика — социалистік төңкеріс,— «жалпы және тұтас алғанда *д ұ р ы с»,* бірақ филистерлік дегеніміз өзіңді екінші дәрежелі рольмен ***алғашқы тиіскенге дейін*** *ш е к-*

* Қараңыз: осы том, 406—410-беттер. *Ред.*
** — Сонымен, демек. *Ред.*

т е у, пасықтық. «Секіру болмайды деп ойлау» — пасықтық. «Баяу және бірқалыпты жоғары өрлеген түзу сызық деп ойлау» — пасықтық. Плеханов мәселені *шатыстырып* отыр.

3) «Үндеуді» [151] баяндағанда Плеханов бұл мәселе жөнінен тағы да бұрмалауға жол береді, ол бұл үндеудің халықтың *толық жеңісі іске аспаған* кезде, либерал буржуазия *самодержавиені алмастырып үлгерген* кезде, демек, революция кемітіліп, байқалмайтындай етіліп болған кезде, *нақ осы кезде* жазылғанын әдейі көлеңкеде қалдырады.

Толық жеңіске жеткізе алмаған халық көтерілісінің *сәтсіздігінен* соң, Маркс пен Энгельс жұмысшы табына ұйымдасуға және әзірленуге кеңес береді. Мұның өзі бірінші көтеріліске *дейінгі* жағдайға жауап болғаны ма? Мұның өзі пролетариаттың жеңімпаз көтерілісінің *жорамалына* жауап болғаны ма?? (ал «Искра» мен Мартынов нақ осындай жорамалды негізге алды).

4) Плеханов «Үндеуді» баяндағанда Маркстің 1848 жылы және 1848—1850 жылдары Германияда ұсақ буржуазиялық демократия «барған сайын ұйымдаса бер-
тірегін
ді», ал «жұмысшы партиясы өзінің бірден-бір негізін жоғалта берді» ((S. 75 «Ansprache»)) деген *а с а м а ң ы з д ы* пікірін қоса айтуды *ұ м ы т а д ы*.

Ergo: Маркс *ұсақ буржуазиялық демократияның анағұрлым* ұйымшылдығын атап көрсетеді, 1848 жылы жұмысшы партиясы **б у р ж у а з и я н ы ң с о ң ы н д а с а л п а қ т а п ж ү р г е н і н** ((S. 76 «Ansprache»)) атап көрсетеді. *С о н д ы қ т а н* Маркс барлық назарын түгелдей пролетариаттың дербес ұйымы қажеттігіне аударады, сондықтан ол ұсақ буржуазиялық партияның *б а с ы м д ы л ы ғ ы к ү м ә н с ы з* ((S. 78 «Ansprache»)) деп санайды, сондықтан ол жұмысшы партиясының басымдылығына және оның революциялық үкіметке қатысуына мүмкіндік болады деп есептемейді.

«Үндеуде»

5) Маркс «Ansprache»-де жұмысшы партиясының революциялық (уақытша) үкіметке *қ а т ы с у ы* туралы мүлдем *ү н д е м е й д і*.

Сондықтан «пролетариаттың саяси өкілдері ұсақ буржуазияның өкілдерімен бірге жаңа қоғамдық құрылыс орнату жолында еңбек ете алады-ау деп Маркс тіпті ойламаған да болу керек» деп пайымдағанда Плеханов мүлде қателеседі.

Бұл *дұрыс емес.* Маркс революциялық уақытша үкімет жөнінде нақты айтуға келгенде *бұл ойға* ***тоқталмайды.*** Маркс революциялық уақытша үкіметке социал-демократтардың қатысуы туралы мәселе *көтермейді,* ал Плеханов Маркс *бұл мәселені сөзсіз түрде теріс мағынада шешті* деп көрсетіп отыр.

Маркс былай дейді: біз, социал-демократтар, бәріміз де салпақтап артта жүрдік. Біздің ұйымдасуымыз нашар, революция табысқа жеткен күнде ұсақ буржуазиялық демократия өкімет басына келгенде, біздің дербес ұйымымыз болуы керек.

Мартынов былай деп қорытады: Россиядағы революциялық ұсақ буржуазиялық демократиядан гөрі қазір апағұрлым жақсы ұйымдасқан және сөзсіз түрде дербес партия құрып отырған біздер, социал-демократтар, көтеріліс табысқа жеткен жағдайда бізге революциялық уақытша үкіметке қатысуға **тура келетінінен қорқуға** тиістіміз.

Иә, Плеханов жолдас, марксизмнің жөні бір басқа да, мартыновизмнің жөні бір басқа.

6) Плеханов ««Впередтің» дәлелдері ұдайы қайталана беретін бірнеше сөздермен шектеледі», ал «Искра» — «Маркстi сынағысы келмейді» дейді.

Бұл солай ма екен?

Кімнің дәлелдері «қайталана беретін сөздермен» шектеліпті? *Барлық* байлығын «цитаттардан» құрастырған Плеханов емес пе екен?? Жартымсыз байлық бұл.

«Вперед» Маркстi «сынамайды». Мах пен Авенариус — плехановтық дәлелдердің жұтаңдығын жасыратын бүркеніш.

«Вперед» *нақты орыс жағдайларын* талдайды, бұл жағдайлар жайында Плеханов *бір ауыз сөз де*

айтқан жоқ: пролетариат пен шаруалардың арақатынасы

ананың да, мынаның да ұйымшылдығы

ұсақ буржуазиялық демократия мен социал-демократияның күшін салыстыру

бірінші көтеріліске *дейінгі* кезең

бүкіл пайымдаудың шарттары: *жеңімпаз көтеріліс.*

Плеханов жолдас, мұның керісінше емес пе екен? Сөзбен, цитаттармен шектеліп қалған сіз емес пе едіңіз? Нақты — тарихи мәселені талдаудың дәлелдерін «Вперед» берген жоқ па еді?

7) Плеханов Маркс пен Энгельс өздерінің көзқарастарын *социалистік* төңкеріс әлі жақындаған жоқ деген мәнде ғана өзгертті дейді.

«Пролетариаттың саяси міндеттерін белгілегенде олар демократиялық құрылыс айтарлықтай ұзақ уақыт бойына үстем болып қала береді деген есеппен (осы қатені түзеткенде) белгілеген болар еді. *Бірақ дәл сондықтан да олар социалистердің ұсақ буржуазиялық үкіметке қатысуын бұрынғыдан бетер қатты айыптаған болар еді».*

Сиг? * Плеханов бұл арада *демократиялық* және *социалистік* диктатураны шатастырып отыр!!

8) Энгельстің Туратиге жазғаны.

а) Тұтас хат жоқ.

б) Турати=Мильеран. Портфель. *Дәл сол жағдай ма?*

в) Энгельс төңкеріс социалистік **емес**, *демократиялық* төңкеріс болатынын Туратиге ***дәлелдеп берді.***

Шын мәнінде Nil! **

9) *«Ұсақ буржуазиямен бірге революциялық уақытша үкіметке қатысу — пролетариатқа опасыздық жасау деген сөз...».*

* — Неліктен? *Ред.*

** — Nihil — түк жоқ. *Ред.*

Солай ма? {1848, 1873 «Bakunisten an der Arbeit».}

Төменнен бе?

Жоғарыдан ба?

10) «Искра» *№ 93* **(төменнен).**

Bakunisten.

11) «Искра» № 93 — егер стихиялы түрде қол жетсе, онда шегінбектемейміз.

1905 ж. 18 апрельден (1 майдан) ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

4
СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ИНТЕЛЛИГЕНТТЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДІҢ КОНСПЕКТІСІ [152]

Менің 3/V (15-мәжіліс) сөйлеген сөзімнің конспектісі.

I. Бізде социал-демократиялық идеяларды таратушылар көбінесе интеллигенттер болып табылады деу (Власовтың айтқанындай) дұрыс емес.

II. Сайлау негізгі жергілікті жерлердің бәрін хабардар етуге мүмкіндік бермейді деу (Власовтың айтқанындай) дұрыс емес etc.

III. Власов (жіктер мен оппозицияларды) интеллигенттер бастап отыр деді. Латышев, Лядов, Крамольников etc. дәлелдейді.

IV. *Жұмысшыларды комитеттерге енгізу* ***керек***.

1905 ж. 20 апрельде (3 майда) жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

5

НАСИХАТ ЖӘНЕ ҮГІТ ТУРАЛЫ ҚАРАР ЖОБАСЫНА ТҮЗЕТУЛЕР [153]

Қарар түгелдей

а) Жалпы насихаттық программаны әзірлеу үшін және оған сәйкес партиялық программаның, тактиканың, ұйымның басты-басты мәселелері бойынша көпшілікке түсінікті бірсыпыра кітапшалар жазу үшін әдеби-насихаттық топ ұйымдастырылсын,*

а) мұның өзінде шаруалар арасындағы жұмысқа арналған кітапша әдебиет шығаруға ерекше көңіл бөлінсін,

б) Россияда көпшілікке түсінікті орган шығаруды ұйымдастыруға қамқорлық жасалсын.

п. в) ауыстырылсын

қабылданды

в) жергілікті орталықтарға көмек көрсету үшін үгітшілер мен насихатшылардың жүріп тұратын топтарын ұйымдастыруға шаралар қолданылсын [154].

Ленин

1905 ж. 25 апрельде (8 майда) жазылған

Бірінші рет 1905 ж. мына кітапта басылған: «РСДРП-ның кезекті үшінші съезі. Протоколдардың толық тексті». Женева, Орталық Комитет басылымы

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қарар жобасының тексті петитпен берілген. *Ред.*

РСДРП III СЪЕЗІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШЕШІМДЕРІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАНЫҢ ЖОСПАРЫ [155]

III съезд және оның шешімдері

А) Неліктен съезд және конференция болып шықты?
Б) Съездегі және конференциядағы ұйымдық мәселе.
В) ,,~,,~,,~ тактикалық мәселе
А) 1. Советсіз съезд *шақырудың* заңдылығы.
2. Съездің *өзінің* заңдылығы.
3. Съезге не себепті бармады? (Бір съездің екі съезге айналуы.)

Б) III съезд ұйымдық жұмысының басты үш пункті:
Бб) 1) § 1.
2) «Бірыңғай орталық».
3) «Азшылықтың праволарына кепілдік».
Бв) Конференцияның ұйымдық уставы.
(1) басшы «коллективтер» (?).
(2) «жергілікті ұйым» (? а § 1?).
(3) Орталық Комитет және Атқару комиссиясы — және Ұйымдастыру комитеті | ??? |
(4) Келісім шарттары? | съезде ме? |

В) 4 1. Революциялық уақытша үкімет.
3 2. Қарулы көтеріліс.
2 3. Қазіргі саяси жағдай.
1 4. Басқа революциялық және оппозициялық партияларға көзқарас.
5. 5. Атқару комиссиясы.

4. 4. Орталық Комитет = Атқару комиссиясы + облыстық комитеттердің өкілдері = конференция.
3. 3. облыстық комитеттер = облыстық съездердің сайламшылары.
2. 2. облыстық съездер = басшы коллективтердің делегаттары.

---

1. Басшы коллектив = комитет + барлық аудандық комитеттер + ерекше топ.

Комитет аудандық комитеттерге есеп береді және оған «сұрақ» жібереді, тапсырады.

Комитетті аудандық комитеттер мүшелері сайлап қояды деуге болады.

жергілікті ұйым топтары
Меньшевиктердің комплименттерінен:
«уәденің өрескел бұзылуы»
«партияға съезді таңу»
«естіп көрмеген қылмыс»
«партияның сенімін алдау»
«шімірікпей бұрмалау»
«алмастыру»

«ұйымдасқан пролетариаттың еркіне зорлық жасау» (13-бет.)

Меньшевиктердің шарттары

«бүкіл партиядан, яғни оның шын мүшелерінің бұқарасынан өкіл болуға тиіс» | 8-бет. |

«тактикалық мәселелерді бүкіл партия алдын ала талқыламай тұрып шешуге бола ма? Қарулы көтеріліс... ұшқалақтық емес пе... талас тіпті әдебиетте де енді ғана басталды» (10-бет.)

«біз естідік» (10—11-бет).

1905 ж. 15(28) майдан кешірек жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

«РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ УАҚЫТША ҮКІМЕТ ТУРАЛЫ» МАҚАЛАҒА АРНАЛҒАН ЗАМЕТКАЛАР

1. Маркстің 1850 ж. мартта коммунистерге жолдаған «Үндеуінен» демократиялық төңкеріс дәуірінде коммунистердің буржуазиямен бірге революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы Маркс *ойға алмаған* деген қорытынды шыға ма?

2. Маркс жоғарыда көрсетілген «Үндеуде» социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы *мәселені де тіпті көтерген* жоқ деу дұрыс па?

3. «Қатысу туралы ойға алмаған» деген сөздер мен «қатысу туралы мәселені көтермеу» деген сөздердің арасында айырмашылық бар ма?

4. Соңғы уақытта ұсақ буржуазиялық демократиялық партияның нығайғандығын және коммунистік жұмысшы партиясының әлсірегенін жоғарыда көрсетілген «Үндеуде» Маркстің өзі атап көрсетті деген дұрыс па?

5... *

1905 ж. 21 майдан (3 июньнен) ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* Қолжазба осы жерден үзіледі. *Ред.*

«РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ КҮРЕС ЖӘНЕ ЛИБЕРАЛДЫҚ МАКЛЕРЛІК» ДЕГЕН МАҚАЛАҒА АРНАЛҒАН ЗАМЕТКАЛАР

1

«Конституциялық-демократиялық» партия... hm! Quid est? Осы бір сөз тізбегінде не делінген? Конституциясы болмаса мемлекеттің демократиялық құрылысы болуы мүмкін бе?? Олар өздерін кімнен бөлектейді? Шиповтан және К⁰-ден — олар конституцияға қарсы деседі. Бірақ аналардың демократ болғаны ма??

Конституциялық-демократиялық мұнымен бірге *республикалық*-демократиялықтап бөлініп тасталады. Конституциялық-демократиялық дегеніміз — *монархиялық*-демократиялық немесе *монархиялық*-конституциялық деген сөз.

Алайда, мұның екеуі де жаман естіледі, inde * барып *баяндалуы да*... Эвфемизм!

Конституциялық-демократиялық партия қалыптасуда...

Ұсақ буржуазияның партиясы — революциялық буржуазиялық демократияның радикалдық бөлегі.

Интеллигенция және *е п т і - п ы с ы қ ш а л а р*...

Ұсақ буржуазия

Ірі буржуазия.

үлкенірек радикализм
үлкенірек бытырандылық

интеллигенттер «көсемдерінің» үлкенірек маңызы.

* — осыдан. *Ред.*

Тіл бостандығы — топтар құру бостандығы — *әлеуметтік күшке сүйенген жағдай kommt später* *...

Саудагерлік — және *материалистік* мағынадағы «нақты саясат».

2

Бал татыған сөздер

Ұйымдасқан либералдардың программасы

«Халық дағдарысты шешу ісін өз қолына алуы керек...»
Халық *«басқа қоғамдық топтармен бірге»* (NB)
Құрылтай жиналысын шақыру (кім шақырады?)
Монархия — қыңқ етпе | жақтама да, қарсы да болма |
Шіркеуді мемлекеттен бөлу (nil **)
«Шіркеулік қоғамдарды мемлекеттің қамқорлығынан босату»

| ал мемлекеттің ақшадай көмегінен ше? |

«Халықтың өкілдігі»
Бір палата ма? *Nil.*
«Халықтардың мәдени жағынан өзін өзі билеуі» | ал *саяси* жағынан емес! |
Финанс *реформасы:* «біртіндеп...»:

!! «Жеке кәсіпорындар мен кәсіпкерлерге қамқорлық жасаудан бас тартып, халықтың өндіргіш күштерінің өркендеуіне баса қамқорлық жасау...
Өнеркәсіптің көркеюі».
Аграрлық программаны **кім?**
иелеріне *құнын өтей отырып* «болу...».
Аренда правосы... | ал *арзандатылған* аренда правосы емес |

«еңбекшілердің мүдделері үшін»
жұмысшыларға стачка правосы etc. | NB NB |

---

* — кешірек келеді. *Ред.*
** — nihil — түк жоқ. *Ред.*

Жұмысшыларға арналған заң шығару...

Фабрика инспекциясы («халық еңбегінің барлық түріне»).
8 сағаттық жұмыс күні.
Мерзімнен тыс жұмысқа тыйым салу.
Әйелдер мен балалар еңбегін қорғау.
Ымыраластыру камералары...
Зақымданған жұмысшыларға жәрдем беру.
Мемлекеттік қамсыздандыру.

«Саяси жағдайлар өзгермейтін болуы себепті ғана бұл шешімдер міндетті түрде қажет».

——— «уақытша және шартты элемент»

——— *«нақты саясат»*.

«...Артығымен жетіп жатыр...».

1905 ж. 27 майдан (9 июньнен) ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ПАРТИЯНЫҢ ЖІККЕ БӨЛІНУІ ОЧЕРКІ [156]

«Экономизм» және ескі «Искра». 1900—1903.	1) «Экономизм» және ескі «Искра». (Съездің қарарлары 1901) [157].
Партияның II съезі. VII. 1903.	2) II съезд. 51=8+10+9+24.[158] (=«Экономистер» және ескі «Искра».)
Кооптациялау үшін күрес немесе «қоршау жағдайы» VIII—XI. 1903.	3) 26. 8. 1903—26. 11. 1903. [159] (Мартыновпен еш уақытта да! [160] «Сабақтастық». Хат 8. X. 1903 [161]).
ad 5.	
Үйірмешілдік және партия! «Экономистермен» бітім! Лениндік «бос сөздер». XI. 1903—I. 1904.	4) 26. 11. 1903—7. I. 1904. [Жасырын ұйым.]
Ымыраласу әрекеті *ескі және жаңа «Искра»* («тұңғиық»). I—VII. 1904.	5) 7.I. 1904—? 9.VII. 1904.
	Орыс комитеттері және *«Искра»* редакциясы. «22» және «19». [162] Съезд үшін күрес. Әшкерелейтін «документ».

Съезд үшін күрес.
VII. 1904—V. 1905. 6) VII. 1904—V. 1905.

Көпшілік Комитеттері Бюросы = 3 конференция. «Вперед».

«Земство паукасының жоспары».

Партияның III съезі V. 1905. 7) V. 1905. Съезд жәпе конференция.

III съезден кейін. VI. 1905— 8) Après le * III съезд [163].

1905 ж. ерте дегенде майда жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

* — Кейін. *Ред.*

«ТРЕПОВТЫҢ ДИКТАТУРАСЫ ЖӘНЕ ШИПОВТЫҢ КАНДИДАТУРАСЫ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ АЯҚТАЛМАЙ ҚАЛҒАН НОБАЙЫ

Біздің буржуазияның алдыңғы қатарлы бөлегі «конституциялық-демократиялық партияға» бірігіп қалыптасқан сайын,— пролетариаттың саналы өкілдеріне осы партияның саясатын зер сала бақылап отырудың және бұл саясатты халыққа түсіндіріп отырудың күрделі міндеті жүктеледі. Земстволық фракцияның самодержавиемен,— және «Азаттық одағының» земстволық фракциямен істі саудаға салуын біз бұған дейін талай рет атап көрсеткен болатынбыз. Енді істі саудаға салудың жаңа фактісін атап айтуға тура келіп отыр. Ішкі істер министрі қызметіне Шипов мырзаның кандидатурасы туралы сыбыс шетелдік баспасөзде естілгелі қашан. Енді бұл туралы Франция мен Англияның ең беделді деген буржуазиялық газеттері *«Le Temps»* және *«The Times»* егжей-тегжейлі хабарлауда.

Бұл газеттердің алғашқысына Петербургтен жақаша 7 июльде былай деп хабарланған: «Егер реформалар жасауға патшаның шын тілектестігінің дәлелі қажет болса, Шипов мырзаға ішкі істер министрінің портфелі ұсынылғандығы осындай дәлел болып табылады. Зем-

конституцияға қарсы

стволық анти-конституциялық азшылыққа жататын және Булыгин мырза мықтап пайдаланған халық өкілдігінің жобасын жасаған Шипов мырза майдағы съезде өзі көпшіліктің, яғни конституцияшылдардың пікіріне қосылатынын мәлімдеді. Сонымен, бұл адам — ушқары жатқан екі партияның екеуін де қанағаттандыра ала-

тып, сонымен бірге ішкі істер министрінің орынбасары Треповқа берілген тотенше полициялық уәкілдіктерге де икемделе алатын екі жағына да бірдей кісі.

Жұрттың айтуынша, Шипов мырза бұл орынға баруға өзінің келісуінің жалғыз ғана шарты ретінде патшаның баспасөз бостандығын беруін талап ететін көрінеді».

«Таймстың» тілшісі телеграф арқылы мынадай хабар берген: «Бүгінгі күні басқа оқиғалардың бәрін кейін ысырып тастай алатын соңғы жаңалық ішкі істер министрі портфелінің Шипов мырзаға ұсынылуы болып саналады. Мұндай ұсыныстың болу мүмкіндігі бұдан бұрын хабарланған-ды, бірақ соған қарамастан мұның өзі мүлде күтпеген оқиға болып отыр. Шипов мырза соңғы кезде земстволық көпшілікпен бітімге келген болатын, сондықтан да министрдің қызметіне оның кандидатурасы ұсынылуы мүмкін емес деп ойлау әбден орынды еді. Игнатьевті тағайындап қоюға жуықтаған жағдайдан соң патшаның Булыгин мырзаның мұрасын бұған беруді кенеттен шешуі оның жоспарында елеулі өзгерістер болғанын көрсетеді. Революциялық идеялар тіпті патша өкіметінің ең сенімді деген қорғаушылары арасында да тарағанын айқын дәлелдеген Россияның оңтүстігінде болған соңғы қайғылы оқиғалар патшаға әсер етіпті деп ойлауда.

Алайда сонымен бірге Шипов мырзаны таңдап алуда бір қулық та жоқ емес шығар деп көрсетеді: бәлкім, либералдық пікірдегі жасанды көсемнің жәрдемімен ескі тәртіп халық арасында біраз беделге ие болғанға ұқсар. Онда, бәлкім, ең болмағанда, шындығында Шипов мырзаның алғашқы жобасынан алынған булыгиндік сайлау правосы земствоның қасарысқан қарсылығына ұшырамайтын болар. Бұл пікірде шындықтың ұшығы бар, өйткені бюрократия өзінің обструкция жасау және мүләйімсу саясатынан кенет бас тартады деп күту тым артық болар еді.

Бірақ Шипов мырзаның кандидатурасымен байланысты негізгі мәселе мынада: оның тағайындалуын полициялық диктатураның сақталуымен сыйыстыруға бола ма? Бұл жөніндегі жорамалдың бәрін Шипов мыр-

заның өзі бітірді, ол былай деп мәлімдеді: бір шарты орындалса, атап айтқанда: жоғары мәртебелі тақсыр баспасөз бостандығына кепілдік берсе, ол патшаның еркіне көнуге әзір. Г... *

1905 ж. 25 июньнен (8 июльден) кешірек жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

---

* Қолжазба осы жерден үзіледі. *Ред.*

«РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ АРМИЯ МЕН РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҮКІМЕТ» ДЕГЕН МАҚАЛАНЫҢ ЖОСПАРЛАРЫ

1

Қарулы көтеріліс

1) Баррикадалар. *Қарулы* күрес.
2) Әскердің бір бөлегі бері шықты.

1. Көтерілістің сәтсіздіктері мен саудаға салудың сәтсіздіктері.

Мақтаншақтық («Vossische Zeitung»)[164].

2. Земство делегациясының қабылдануы және орыс «қоғамының» пікірлері («қасиетті шындық» туралы, «мықты» сөздер туралы тау-кен өнеркәсіпшілерінің, бірқатар земстволардың etc. Трубецкойға құттықтаулары).

Петрункевич Тверьде.
«Journal de Genève»[165]-дегі корреспонденция.

3. Күрестің жаңа сатысы. 1) *Лодзь.* 2) *Одесса.* Кавказ. Либава.

4. Әскери күрес. Революциялық және әскери басшылық. Революциялық армия. (Gewalt — Geburtshelfer[166].)

5. Көтеріліс: III съездің және конференцияның қарарлары. Күреске шақыру және «жаза салу». Струве № 71, *340*-бет.[167]

6. Уақытша үкімет. Жеңіс ұраны және революциялық ұранды ***освобождениелік*** ұранмен шатастыру.
7. «Буржуазиялық революция». Бұдан революциядан *шеттетуді,* оған енжар қарауды, оның жұмысшылар үшін маңызсыздығын шығарып тастамаңыздар.

8. *Ж а л п ы ұ л т т ы қ* саяси ұрандардың маңызы:

{ республика
халықты қаруландыру
шаруалар комитеттері (құрылтай жиналысынан емес)
толық бостандықты қамтамасыз ету
құрылтай жиналысы және революциялық үкіметтің оны шақыруы.

9. Бытыранды, дәрменсіз әрекеттер. Ұран жоқ, бірігу жоқ, батыл шақыру. Біздің партия — *таптық* партия, оның міндеттері демократиялық (буржуазиялық) революцияның міндеттерінен *әлдеқайда жоғары.* Бұдан басқа таптардан шеттелу емес, *ал оларға басшылық ету,* буржуазиялық революцияға енжар қарау емес, ал оны мейлінше батыл түрде аяғына дейін жеткізу келіп шығады.

Батыл инициатива, ауқымды ұрандар, біздің *таптық* программа-minimum-ымыз енді жалпы ұлттық саяси іс болып отырғанын түсінушілік — міне, бізге жетпей отырған осылар.

2

Революциялық армия мен революциялық үкімет

> Ұйымдасқан жұмысшылар халық бұқарасының немесе тобырдың жетекшілері есебінде. «...Жоспар...»

1. Либералдық буржуазияның саудаласуы созылып отырғанда,— күрес өсе түсуде.

2. Лодзьдегі көтеріліс, баррикадалық ұрыс;—Одессадағы көтеріліс, баррикадалық ұрыс + флоттың бір бөлегінің бері шығуы және басқа бөлімдердің тоқырап қалуы,—Либава: баррикадалық ұрыс + флоттың бір бөлегінің бері шығуы?

Лодзь Варшава Либава Одесса Николаев Севастополь Кронштадт С.-Петербург Курск Херсон Киев [169]

саяси ұрандар—әзірлік — басшылық

{ бүлік — —көтеріліс — —революциялық армия }

Кронштадт және Петербург — жаппай стачкалар, полициямен және әскермен қақтығысулар, мобилизациядан бас тарту.

Курскіде офицерді өртеп жіберу [168].

3. Бұл оқиғалардың қақ ортасы — Одесса. Революцияның алғашқы жеңісі ме? Алға орасан зор қадам жасалғанмен, өкінішке қарай, әлі олай емес.

Соғыста заңды. Өрт = торығу, әлсіздік.	α Флот + көтеріліске шыққан халық	β β — күйреді α — тәртіппен кейін шегінді	Σ = жеңіліс, бірақ құрып кету емес.

4. Әскери және саяси басшылық — міне, жетпегені осылар. Ерлік, ынта ұшан-теңіз. Тіпті әскери күш те бар.

5. Әскери басшылық, *революциялық армия* есепті. Ұғым. Қыр көрсеткен самодержавие. Азамат соғысын ұйымдастыру.

6. Саяси басшылық, *уақытша үкімет* есепті. Флоттың, қаланың, армияның, деревняның бір бөлегі ме? Жалпы ұлттық ұран + *ұйымдастыру*.

Саудаласу одан әрі созылуда [170]. Леру «Le Matin»-де. 3. VII. Съезд 1000. Халыққа үндеу? Көтеріліс?

7. Гредескул үкіметке мойынсұнбау туралы [171].
8. Революциялық *өкіметтің* маңызы.
9. «Искра» ұранының дәйексіздігі:
   доктрина кедергі жасайды.
   (1) Көтеріліс — *«Не істеу керек тен?»* цитат келтіру — Конференциямен салыстыр.— Тағы бір қадамды мойындау. Одесса үйретеді.
   (2) Уақытша үкімет.— «Искраның» листогы.— Доктрина кедергі жасайды [172].

10) Мына ұрандарды кең тарату қажет:
   1. Құрылтай жиналысы.
   2. Халықты қаруландыру.
   3. Халыққа саяси бостандық беру.
   4. Шаруалар комитеттері.
   5. Халықтардың толық өзін өзі билеуі [173].

α) Көтерілістерді *бүкіл халықтық* етіп жинақтау=революциялық армия.

β) Котерілісті *ұлттық,* бүкіл халықтық көлемде *ұйымдастыру* = революциялық уақытша үкімет.

— листоктардағы насихат
— бұқаралық жиындар мен жиналыстардың бәрінде насихаттау
— қимыл жасаудың батыл инициативасы. *Революциялық күрес* ұрандары жеткіліксіз, *басшылық* және *революциялық өкімет* ұрандары керек.

Әрине, революциялық өкімет бірден қалыптаспайды. Оны декретпен орнатуға, тағайындауға болмайды, ол өзін тануды *жеңіп алуға* тиіс. Бірақ әрекет жасап көру керек, *жеңіп ала бастау* керек, жеңіп алуға кірісу керек.

1905 ж. 27 июньнен (10 июльден) ертерек жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ЛИСТОКТЫҢ ЖОБАСЫ [174]

Азаматтарға!

Орыс халқына
және Россияның барлық халықтарына.

1. Жаппай соғыс — қантөгіс — ату
   9. I. — баррикадалар Рига — Кавказ, Польша — Одесса etc. etc.— Шаруалар көтерілістері.

2. Не үшін?
   Құрылтай жиналысы. Халыққа *бостандық* беру.

   Сауда

3. Үкіметтің жауаптары. Земство адамдарын алдау. Үкімет шайқасқа шақырады. Армия мен флот қобалжуда.

4. Не істеу керек? Революциялық армия мен революциялық үкімет.

5. Саналы жұмысшылардың бәрі, адал демократтардың бәрі, күреске дайын шаруалардың бәрі жиналып, *революциялық армияның* топтары мен отрядтарына ұйымдасуға тиіс, қару-жарақ тауып алып, өз бастықтарын сайлап, көтеріліске көмектесу үшін керек болғанның бәрін істеуге әзір тұруға тиіс.

6. Революциялық үкімет құру мақсат ретінде қойылуға тиіс. Көтерілісті біріктіру. Халық күштерін жұмылдыру. *Бостандықты және бостандық жолындағы күресті ұйымдастыру.*

7. Революциялық үкіметтің ұрандары мен мақсаттары.

<table>
<tr>
<td>Басты — орталық бес ұран — басқарудың халықтық формасының негізі</td>
<td>(1) Құрылтай жиналысы. |және жеке сайлаулар|
(2) Халықты қаруландыру.
(3) Бостандық.
(4) Шаруалар комитеттері.
(5) Езілген халықтарды азат ету.
(6) 8 сағаттық жұмыс күні.</td>
</tr>
</table>

8. Революциялық армия мен революциялық үкімет.

Жұмысшылар, ұйымдасыңдар! Бұқараға басшылық етуге тырысыңдар! Шаруаларды тартыңдар!

1905 ж. июльде жазылған

Бірінші рет 1926 ж. Лениннің V жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ
ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ
ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Марттың аяғы — июнь, 1905)

РСДРП III СЪЕЗІН АШАРДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

В. И. Лениннің 12 (25) апрельден ертерек жазған сөзінің тексті жайында М. Цхакая өзінің естеліктерінде айтады; ол былай деп жазады: В. И. Ленин маған сөзінің текстін берді, сонан соң Ұйымдастыру комитеті өзінің атынан және өзінің тапсыруымен қысқаша «сөз сөйлеп, съездің табысты болуына тілек білдіруді» тапсырғанын айтты. Сөзінің тексті «маған өте қатты ұнады, бірақ мен оны өзіне қайтарып бердім» дейді («Ленин туралы». Естеліктер жинағы, I, Л., 1925, 55—56-беттер).

ҚАРУЛЫ КӨТЕРІЛІС ТУРАЛЫ ЖӘНЕ РСДРП-ның ОҒАН КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМАҒА АРНАЛҒАН ТЕЗИСТЕР

Қарулы көтеріліс туралы баяндаманы РСДРП III съезінің 14 (27) апрельдегі бесінші мәжілісінде А. В. Луначарский жасады. Мұның алдында В. И. Ленин Луначарскийге баяндаманың тезистерін, сірә, жазбаша түрде берсе керек. Бұл тезистер жөнінде Луначарскийдің естеліктерінде айтылады: «Владимир Ильич маған баяндаманың барлық негізгі тезистерін жазып берді... Мен сөйлейтін сөзімді түгелдей жазып алдым да, оған алдын ала оқып көруге бердім... Владимир Ильич менің қолжазбамды іждағаттап оқып шығып, екі-үш болмашы түзетулерімен қайтарып берді; бұған таңдануға болмайды, өйткені мен сөзімді әзірлегенде Владимир Ильичтің нұсқауларын мейлінше дәл және егжей-тегжейіне дейін басшылыққа алған едім» («Пролетарская Революция», 1925, № 11, 54-бет).

«ЕВРЕЙ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНА» ДЕГЕН ДОКУМЕНТТІҢ ОРЫСША ТЕКСТІ

Документ 1905 жылы еврей тілінде басылған «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезі туралы хабар» деген кітапшаға алғы сөз есебінде жарияланған болатын.

Бұл томда алғы сөз кітапшаның еврей тілінен аударылған тексті бойынша басылып отыр (қараңыз: 281—284-беттер).

«ТРЕПОВТЫҢ ДИКТАТУРАСЫ ЖӘНЕ ШИПОВТЫҢ КАНДИДАТУРАСЫ» ДЕГЕН МАҚАЛА НОБАЙЫНЫҢ СОҢЫ

КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде қолжазбаның 4 беті сақтаулы.

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН ЕҢБЕКТЕР МЕН БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

«ВПЕРЕД» ГАЗЕТІ

№ 14—12 апрель (30 март), 1905 ж.
№ 15—20 (7) апрель, 1905 ж.
№ 16—30 (17) апрель, 1905 ж.
№ 17—9 май (26 апрель), 1905 ж.

«ПРОЛЕТАРИЙ» ГАЗЕТІ

№ 1—27 (14) май, 1905 ж.
№ 2—3 июнь (21 май), 1905 ж.
№ 3—9 июнь (27 май), 1905 ж.
№ 4—17 (4) июнь, 1905 ж.
№ 5—26 (13) июнь, 1905 ж.
№ 6—3 июль (20 июнь), 1905 ж.
№ 7—10 июль (27 июнь), 1905 ж.

В. ВОИНОВ. «ПЕТЕРБУРГ ЖҰМЫСШЫЛАРЫ ПАТШАҒА ҚАЛАЙ БАРҒАН ЕДІ»

Женева, «Вперед» баспасы, 1905

А. В. Луначарскийдің (В. Воиновтың) «Петербург жұмысшылары патшаға қалай барған еді» деген кітапшасының қолжазбасын В. И. Ленин 1905 жылғы 30 марттан (12 апрельден) ертерек редакциялаған.

А. В. Луначарский кітапшасының В. И. Ленин редакциялық түзетулер енгізген қолжазбасы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

В. СЕВЕРЦЕВ. «ХАЛЫҚТЫҚ КӨТЕРІЛІСКЕ ТАКТИКА МЕН ФОРТИФИКАЦИЯНЫ ҚОЛДАНУ»

Женева, РСДРП Орталық Комитетінің басылымы, 1905

В. Северцевтің «Халықтық көтеріліске тактика мен фортификацияны қолдану» деген кітапшасының қолжазбасын В. И. Ленин 1905 жылы ерте дегенде 27 июньде (10 июльде) редакциялаған.

В. Северцев шығармасының В. И. Ленин редакциялық түзетулер енгізген қолжазбасы КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

ЕСКЕРТУЛЕР

[1] *«Социал-демократия және революциялық уақытша үкімет»* деген мақаланы Ленин 1905 жылғы марттың аяқ кезінде жазды, бұл кезде революциялық қозғалыстың өрлеуі революцияның көкейтесті мәселелерінің бірі — революциялық уақытша үкімет және оған социал-демократияның қатысуы туралы мәселе социал-демократтар арасында қызу талқылау туғызды. Бұл мақаласында Ленин социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуына қарсы шыққан меньшевиктердің позициясын сынайды.

«Дайындық материалдар» бөлімінде мақаланың жоспары жарияланып отыр (қараңыз: осы том, 387-бет).

Мақаланың қолжазбасында М. С. Ольминскийдің қолымен жасалған түзету бар, мақала «Вперед» газетінде осы түзетумен басылған болатын. Осы томда қолжазба бойынша бет соңындағы ескертулердің неғұрлым маңызды жерлері қалпына келтіріліп отыр.

«Вперед» («Алға») — апта сайын шығып тұрған большевиктік құпия газет; 1904 жылғы 22 декабрьден (1905 жылғы 4 январьдан) 1905 жылғы 5 (18) майға дейін Женевада шығып тұрды. 18 номері шықты; тиражы 7—10 мың дана. Газеттің ұйымдастырушысы, идеялық дем берушісі және тікелей басшысы В. И. Ленин болды. Газеттің атын да ұсынған Ленин. Редакцияның құрамына В. В. Воровский, М. С. Ольминский, А. В. Луначарский енді. Газеттің Россиядағы жергілікті комитеттермен және тілшілермен бүкіл хат-хабарын Н. К. Крупская жүргізді.

«Вперед» газеті меньшевиктік лидерлер II съезден кейін партияның орталық орындарын (Орталық Органды, партия Советін және Орталық Комитетті) алдау жолымен қолға түсіріп, жергілікті жерлерде партия ұйымдарын жікке бөле бастаған кезде, партия ішіндегі кескілескен күрес жағдайында шығып тұрды. Меньшевиктердің іріткі салушылық әрекеттері жұмысшы табының қимыл бірлігін бұзды. Россия-

дағы төніп келе жатқан революция қарсаңында, пролетариаттың жауынгерлік бірлігін қамтамасыз ету үшін күштерді топтастыру айрықша қажет болған кезде, партиядағы мұндай жағдайға төзуге болмайтын еді. В. И. Ленин мен большевиктер меньшевиктердің оппортунизміне және олардың іріткі салушылық әрекеттеріне қарсы ымырасыз күрес жүргізді, жергілікті партия ұйымдарын партиядағы дағдарыстан шығудың бірден-бір жолы ретінде партияның III съезін шақыру үшін күресуге үндей бастады. В. И. Ленин газеттің мазмұнын айқындай отырып, былай деп жазды: «Вперед» газетінің бағыты *ескі «Искраның» бағыты* болып табылады. Ескі «Искраның» жолы үшін «Вперед» жаңа «Искраға» қарсы батыл күресуде» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 253-бет). Ленин «Впередке» тек басшылық беретін мақалаларды ғана жазып қойған жоқ, сондай-ақ ол көптеген әр түрлі заметкалар жазып, корреспонденцияларды өңдеді. Кейбір мақалаларды Ленин редакцияның басқа мүшелерімен (Воровскиймен, Ольминскиймен және басқалармен) бірлесіп жазды. Түрлі авторлардың сақталып келген қолжазбаларында В. И. Лениннің көптеген түзетулер мен едәуір қосымшалар енгізгені айқын көрінеді. Газеттің әрбір номерінің теріліп шыққан беттерін Ленин міндетті түрде қарап отырған. Тіпті Лондонда өтіп жатқан III съездің жұмысымен бүтіндей шұғылданып жүрген кезінің өзінде де Ленин «Впередтің» 17-номерінің гранкаларын қарап шығуға уақыт таба білген. Сірә, тек 18-номер ғана Лениннің Лондоннан Женеваға баруына байланысты, оның редакторлық бақылауынан өтпей шыққа керек. «Вперед» газетінде В. И. Лениннің 60-тан астам мақалалары мен заметкалары жарияланды. В. И. Ленин оларда қарулы көтеріліс мәселелері жөнінде, революциялық уақытша үкімет және пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы туралы, социал-демократияның шаруалар қозғалысына, либерал буржуазияға, орыс-жапон соғысына көзқарасы туралы большевиктердің тактикалық бағытын белгілеп берді. Газеттің кейбір номерлерін, мәселен, 1905 жылғы 9 (22) январь оқиғаларына және Россияда революцияның басталуына арналған 4 және 5-номерлерді түгелдей дерлік В. И. Ленин құрастырды.

«Вперед» газеті жарық көргеннен кейін көп ұзамай-ақ жергілікті партия комитеттерінің ықыласына ие болды, оны олар өздерінің органы деп таныды. Жергілікті партия комитеттерін лениндік принциптер негізінде топтастыра отырып, «Вперед» газеті партияның III съезін әзірлеуде үлкен роль атқарды, В. И. Лениннің газет беттерінде ұсынған және негіздеген нұсқаулары съезд шешімдеріне негіз етіп алынды. «Вперед» газетінің тактикалық бағыты III съездің тактикалық бағыты болды. «Вперед» газеті Россияның партия ұйымдарымен тұрақты байланыс ұстады. Әсіресе РСДРП Петербург, Москва, Одесса, Баку, Екатеринослав және басқа

комитеттермен, сондай-ақ Кавказ одағы комитетімен тығыз байланыста болды. В. И. Лениннің «Вперед» газетінде жарияланған мақалалары большевиктік баспасөздің жергілікті органдарында жиі-жиі қайта басылып отырды, жеке листовкалар немесе кітапшалар болып шығарылып тұрды. Лениннің «Впередтің» 4-номеріндегі «Россияда революцияның басталуы» деген мақаласын РСДРП Одесса, Саратов және Николаев комитеттері, «Пролетариат және шаруалар» деген мақаласын («Вперед» № 11) РСДРП Петербург комитеті жеке листовка етіп бастырып шығарды. РСДРП Кавказ одағы комитеті В. И. Лениннің «Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы» деген мақаласын («Вперед» № 14) грузин, орыс және армян тілдерінде жеке кітапша етіп бастырды.

Партияның үшінші съезі өзінің арнаулы қарарында «Вперед» газетінің меньшевизмге қарсы, партиялықты қалпына келтіру үшін күресте, революциялық қозғалыс тудырған тактика мәселелерін ұсынуда және шешуде, съезді шақыру жолындағы күресте аса зор роль атқарғанын атап көрсетті және газет редакциясына алғыс айтты. III съездің шешімі бойынша «Вперед» газетінің орнына партияның Орталық Органы ретінде «Пролетарий» газеті шығарыла бастады, бұл «Вперед» газетінің тура және тікелей жалғасы болды.

«Вперед» газеті бірінші орыс революциясы кезінде революциялық-пролетарлық саяси бағыттың ұсақ буржуазиялық және либералдық-буржуазиялық бағытпен күресінде орасан зор роль атқарды.— *1.*

2 *Рабоче-делошылдар* — «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» органы «Рабочее Дело» журналының төңірегіне топтасқан «экономизмнің» жақтастары. Журнал Женевада 1899 жылдың апрелінен 1902 жылдың февралына дейін Б. Н. Кричевскийдің, П. Ф. Тепловтың (Сибиряктың), В. П. Иваншиннің, одан соң А. С. Мартыновтың да редакциялауымен шығып тұрды. 12 номері (тоғыз кітап) шықты. «Рабочее Дело» марксизмді «сынау бостандығының» бернштейншілдік ұранын қолдады және орыс социал-демократиясының тактикасы мен ұйымдық міндеттері мәселелерінде оппортунистік позицияда болды. Рабоче-делошылдар пролетариаттың саяси күресін экономикалық күреске бағындырудың оппортунистік идеяларын насихаттады, жұмысшы қозғалысының стихиялылығына бас иді, партияның басшылық ролін теріске шығарды.— *4.*

3 *«Освобождение»* («Азаттық») — екі аптада бір рет шығып тұрған журнал. 1902 жылғы 18 июньнен (1 июльден) 1905 жылғы 5 (18) октябрьге дейін П. Б. Струвенің редакциялауымен шетелде шығып тұрды. Журнал орыс либерал буржуазиясының органы болды, баяу-монархиялық либерализм идеяларын дәйектілікпен жүргізіп отырды. 1903 жылы жур-

налдың төңірегінде «Азаттық одағы» топтасты (ол 1904 жылдың январында қалыптасып болды), бұл одақ 1905 жылдың октябріне дейін өмір сүрді. Земствошыл-конституцияшылдармен қатар «освобожденнешілдер» 1905 жылғы октябрьде құрылған конституциялық-демократиялық партияның (кадеттер партиясының) — Россиядағы басты буржуазиялық партияның ұйтқысы болды.— *4.*

4 Бұл арада меньшевиктік «Искра» туралы айтылып отыр. Партияның II съезінде құрамында В. И. Ленин, Г. В. Плеханов және Л. Мартов бар партияның Орталық Органының редакциясы бекітілген болатын. Алайда меньшевик Мартов съездің шешіміне қарамастан II съезд сайламаған бұрынғы меньшевик-редакторларсыз (П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич) редакцияға кіруден бас тартты, сөйтіп «Искраның» 46—51-номерлері Ленин мен Плехановтың редакциялауымен шықты. Кейіннен Плеханов меньшевизм позициясына көшіп кетті де, съезд сайламай тастаған бұрынғы меньшевик-редакторлардың редакция құрамына енгізілуін талап етті. В. И. Ленин бұған келісе алмады, сөйтіп 1903 жылы 19 октябрьде (1 ноябрьде) «Искраның» редакциясынан шықты; ол Орталық Комитетке кооптацияланды да, сонда отырып оппортунист-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. «Искраның» 52-номері жалғыз Плехановтың редакциялауымен шықты, ал 1903 жылы 13 (26) ноябрьде Плеханов өз бетімен партияның II съезінің еркін бұзып, «Искра» редакциясының құрамына оның бұрынғы меньшевик-редакторлары Аксельродты, Потресовты және Засуличті кооптациялады. «Искра» елу екінші номерінен бастап революциялық марксизмнің айбынды органы болудан қалды. Меньшевиктер оны марксизмге қарсы, партияға қарсы күрес органына, оппортунизмді уағыздау трибунасына айналдырды. Меньшевиктердің өздері де «ескі «Искра» мен жаңа «Искраның» арасында терең тұңғиық жатыр» деп мойындады. Жаңа, меньшевиктік «Искра» партиялықтың негізін әлсіретті: партия шешімдерін міндетті түрде орындау талабы «бюрократизм» және «формализм» деп жарияланды, азшылықтың көпшілікке бағынуы партия мүшесінің еркі мен бостандығын «дөрекі қара күшпен» басып-жаншу деп қаралды, партиялық тәртіп «крепостниктік право» деп кемсітілді. Меньшевиктер партияны кері қарай, ұйымдық бытыраңқылық пен ауа жайылушылыққа, үйірмешілдік пен майдагерлікке қарай сүйреді.— *5.*

5 *Жирондистер мен якобиншілдер* — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы дәуіріндегі буржуазияның екі саяси тобының аты. Баяу буржуазияның мүдделерін білдірген жирондистер революция мен контрреволюция арасында ауытқып, монархиямен келісімге келу бағытын ұстады. Якобиншілдер деп буржуазияның ең батыл өкілдерін, абсолютизм мен феодализмді жою қажеттігін дәйектілікпен

қорғаған революцияшыл демократтарды атады. Якобиншілдер 1793 жылғы 31 майдағы — 2 июньдегі халық көтерілісін басқарды, бұл көтеріліс Жиронда үкіметін құлатып, якобиндік диктатураны орнатқан болатын.

Социал-демократияның жирондистері деп Ленин социал-демократиядағы оппортунистік ағымды, меньшевиктерді атады.

Бакунизм — күйзеліске ұшыраған ұсақ меншік иесінің идеологиясын бейнелеген ұсақ буржуазиялық ағым — прудонизмге жақын. Мемлекет атаулыны, оның ішінде пролетариат диктатурасын да теріске шығару, пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік-тарихи ролін түсінбеу — бакунизмнің негізгі қағидасы болды. Бакуниншілдер маркстік теорияға, жұмысшы қозғалысының тактикасына қарсы қасарыса күрес жүргізді. Олардың заговоршылдық, дереу бүлік шығару және террорлық әдісті қолдану тактикасы авантюристік тактика еді және көтеріліс туралы маркстік ілімге қас тактика болатын. Бакунизм халықшылдықтың идеялық қайнар көзінің бірі болды.

К. Маркс пен Ф. Энгельс бакуниншілдердің теориясы мен тактикасын қатал айыптады. В. И. Ленин бакунизмді «өзін сақтап қалудан үмітін үзген ұсақ буржуаның» (Шығармалар, 18-том, 12-бет) көзқарасы деп сипаттады.

Бакунин мен бакуниншілдер туралы К. Маркс пен Ф. Энгельстің мына еңбектерін қараңыз: «Социалистік демократияның альянсы және Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігі» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XIII том, II бөлім, 1940, 537—649-беттер), Ф. Энгельстің «Бакуниншілдердің әрекеті» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 105—124 беттер), т. б.

Ткачевизм — революцияшыл халықшылдықтағы бланкизмге жақын, оның идеологы П. Н. Ткачевтің (1844—1885) есімімен аталған бағыт. Ткачевшылар саяси күресті революцияның қажетті алғы шарты деп есептеді, бірақ халық бұқарасының шешуші ролін жете бағаламады. Ткачевтің пікірі бойынша, революцияшыл азшылық саяси өкіметті басып алып, жаңа мемлекет құруға және халықтың мүдделері үшін революциялық өзгерістерді жүзеге асыруға тиіс, ал халыққа тек дайын нәтижелерді пайдалану ғана қалады.

Ткачевтің ұсақ буржуазиялық революцияшылдығын Ф. Энгельс «Эмигранттық әдебиет» деген мақаласында сынаған болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 241—264-беттер).— *5.*

6 К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Коммунистік партияның манифесі» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 433-бет).— *6.*

7 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 422—423-беттер.— *6.*

[8] К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 423-бет.— *6*.

[9] *Социалист-революционерлер* (эсерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», «Социалист-революционерлер партиясы» және т. б.) бірігуі нәтижесінде 1901 жылдың аяғында — 1902 жылдың басында құрылды. «Революционная Россия» газеті (1900—1905) мен «Вестник Русской Революции» журналы (1901—1905) оның ресми органдары болды. Эсерлер пролетариат пен ұсақ меншік иесі арасындағы таптық айырмашылықтарды көрмеді, шаруалардың ішіндегі таптық жіктелу мен қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін теріске шығарды. Эсерлердің көзқарастары халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қосындысы еді; Лениннің айтуынша, эсерлер, «марксизмді сәнді оппортунистік түрде «сынау» арқылы «халықшылдықтың кемістіктерін» жамап-жасқап түзетуге тырысады» (Шығармалар, 9-том, 315-бет). Самодержавиеге қарсы күрестің негізгі әдісі ретінде эсерлер уағыздаған жеке террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен зиян келтірді, бұқараны революциялық күреске ұйымдастыру ісін қиындатты.

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды, жерді қауымдардың қарамағына көшіруді, «еңбек ережесін» және жерді «теңгермелікпен» пайдалануды жүзеге асыруды, сонымен бірге кооперацияны дамытуды көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» деп атаған бұл программада шын мәнінде социалистік дерлік дәнеңе де жоқ еді. Эсерлердің программасын талдай келіп, Ленин былай деп көрсетті: товар өндірісінің және ортақ жердегі жеке меншік шаруашылықтың сақталуы капиталдың үстемдігін жоймайды, еңбекші шаруаларды қаналу мен күйзелуден құтқармайды; капитализм жағдайында кооперация да ұсақ шаруаларды құтқару құралы бола алмайды, өйткені ол село буржуазиясының баюына қызмет етеді. Сонымен бірге Ленин былай деп атап көрсетті: жерді теңгермешілікпен пайдалану талаптары, социалистік талаптар болмаса да, олардың тарихи жағынан прогрестік революциялық-демократиялық сипаты болды, өйткені олар помещиктердің жерді реакциялық жолмен иеленуіне қарсы бағытталған еді.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалистер болып көрінгісі келген әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал ету жолында эсерлермен табанды күрес жүргізді, олардың жеке террор тактикасының жұмысшы қозғалысы үшін зиянды екенін ашып көрсетті. Сонымен бірге большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте, белгілі бір жағдайларда, эсерлермен уақытша келісім жасасудан да қашпады. РСДРП III съезінің «Социалист-революционерлермен практикалық келісімдер жасасу» қарарында былай делінген: «РСДРП III съезі Орта-

лық Комитет пен жергілікті комитеттерге, қажет болған ретте социалист-революционерлер ұйымдарымен уақытша жауынгерлік келісімдер жасасуды тапсырды, ал соның өзінде жергілікті келісімдер тек Орталық Комитеттің тікелей бақылауымен ғана жасалынады».

Шаруалардың таптық жағынан ала-құлалығы эсерлер партиясында саяси және идеялық тұрақсыздық пен ұйымдық ауа жайылушылықтың орын алуына, олардың либерал буржуазия мен пролетариат арасында әрдайым ауытқып отыруына негіз болды. Бірінші орыс революциясы жылдарында-ақ эсерлер партиясынан оның оңшыл қанаты бөлініп шығып, жария «Халықтық-социалистік еңбек партиясын» (энестер) құрды, олар өздерінің көзқарастары жағынан кадеттерге жақын болды, ал оның солшыл қанаты жартылай анархистік «максималистер» одағы болып қалыптасты. Столыпин реакциясы дәуірінде эсерлер партиясы идеялық және ұйымдық жағынан толық күйреді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңгеннен кейін меньшевиктермен және кадеттермен бірге эсерлер контрреволюцияшыл буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) оның құрамына кірді. Эсерлер партиясы шаруалардың помещиктік жер иелігін жою жөніндегі талаптарын қолдаудан бас тартты, помещиктердің жерге жеке меншігін сақтау жағында болды; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещиктердің жерлерін басып алған шаруаларға қарсы жазалаушы отрядтар жіберіп отырды.

1917 жылғы ноябрьдің аяғында эсерлердің солшыл қанаты солшыл эсерлердің дербес партиясын құрды. Шаруалар бұқарасы арасындағы ықпалын сақтауға тырысқан солшыл эсерлер сөз жүзінде Совет өкіметін мойындады және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық бүлдіру жұмысын жүргізді, интервенттер мен ақ гвардияшыларды белсенді қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер елдің ішінде және ақ гвардияшыл эмиграция қосында Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекеттерін жалғастыра берді.—*7.*

10 Меньшевиктік «Искраның» 93-номері 1905 жылы 17 мартта шықты. Онда Л. Мартовтың «Кезекте. Жұмысшы партиясы және «өкіметті басып алу» — біздің таяудағы міндетіміз» деген мақаласы басылды. Бұл мақаланы Ленин «Пролета-

риат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы» деген еңбегінде және социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы РСДРП III съезінде жасаған баяндамасында сынады (қараңыз: осы том, 22—34, 134—150-беттер).— *13.*

11 К. Маркс. «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 209-бет).—*15.*

12 *«Сизиф жұмысы»* — қалжырататын ауыр болса да зейнеті жоқ еңбектің баламасы; ежелгі грек патшасы Сизиф туралы аңыздан туған. Аңызда айтылуына қарағанда, құдай алдында күнәкар болғаны үшін Сизиф қатты жазаланыпты; ол мәңгі-бақи биік тау басына дәу тасты домалатып шығаруға тиісті болыпты, бірақ тас шыңға жетер-жетпесте оның қолынан шығып кетіп, төмен қарай домалап кетеді екен. Сизиф әлгі іске қайтадан кіріседі, алайда тасты тау басына шығарамын деген мақсатына жете алмайды.

Ленин «Сизиф жұмысы» деген сөздерді қолдану арқылы Мартовты меньшевизм батпағынан шығарып алмақ болып босқа әуреленген Плехановты бейнелеген П. Лепешинскийдің келемеж суретіне меңзейді.— *17.*

13 *Амстердам конгресі* — II Интернационалдың Амстердамдағы Халықаралық социалистік конгресі 1904 жылғы августың 14-нен 20-на дейін (жаңаша) өтті. Конгресс мына мәселелерді: 1) социалистік тактиканың халықаралық ережелері; 2) отар саясаты; 3) жаппай стачка; 4) әлеуметтік саясат және жұмысшыларды қауіпсіздендіру; 5) трестер мен жұмыссыздық және басқа мәселелерді қарады.

В. И. Ленин сілтеме жасап отырған бірінші мәселе жөніндегі қарарда социал-демократия «буржуазиялық қоғам шеңберінде үкімет билігіне қатысуға ұмтыла алмайды» деп атап көрсетілген болатын. Алайда, Амстердам конгресінің қарарына қарамастан, социал-демократиялық партиялардың оңшыл көсемдері буржуазиялық мемлекет пен буржуазия үстемдігін сақтау және нығайту саясатын жүргізе отырып, буржуазиялық үкіметтерге кіріп келді және кіріп отыр.— *26.*

14 В. И. Лениннің еңбектерінде бірнеше рет кездесетін «парламент кретинизмі» деген сөздерді К. Маркс пен Ф. Энгельс қолданған болатын. Ф. Энгельстің жазғанындай, «парламент кретинизмі» — ем қонбайтын ауру, дерт, «осы дерт жайлаған бейшара жандар өздерін қай өкілдік мекеме мүше етіп, қызмет көрсетсе, күллі дүние жүзіне, оның өткен тарихы мен бүкіл болашағына нақ сол өкілдік мекеменің көпшілік дауысы бағыт сілтеп, жол көрсетіп отырмақ дейтін салтанат-

ты сенімге бой алдырып алады» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 92-бет).

В. И. Ленин бұл сөздерді парламент системасы — құдіретті система, ал парламентте қызмет істеу — қандай жағдайда болсын саяси күрестің бірден-бір және басты формасы деп есептеген оппортунистерге қолданады.— *31.*

[15] *«Vorwärts»* («Алға») — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; 1884 жылдан бастап шыққан «Berliner Volksblatt» («Берлин Халық Газеті») газетінің жалғасы ретінде «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен партияның Галль съезінің қаулысы бойынша Берлинде 1891 жылдан шыға бастады. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің қандай да болсын көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тың редакциясы партияның оңшыл қанатының қолына ілікті де, оппортунистердің мақалаларын үзбей басып тұрды. РСДРП-дағы оппортунизмге және ревизионизмге қарсы күресті сыңаржақ көрсете отырып, «Vorwärts» «экономистерді» ал партия жікке бөлінгеннен кейін меньшевиктерді қолдады. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басып, Ленин мен большевиктердің ол мақалаларды теріске шығаратып және партиядағы істің жағдайын объективті тұрғыдан бағалайтын мақала бастыруына мүмкіндік бермеді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды.—*35.*

[16] Бұл ескерту Санкт-Петербург металл заводы жұмысшылары тобының қарарына жазылған. 1905 жылы 12 апрельде (30 мартта) «Вперед» газетінің 14-номерінде жарияланған бұл қарарда жұмысшылар партиядағы жікке бөлінушілікті айыптап, дереу бірігуді талап еткен болатын.— *37.*

[17] Бұл арада «Вперед» газетінің 14-номерінде жарияланған Харьков меньшевиктік комитетінің РСДРП III съезіне делегат сайлау туралы және Харьков большевиктік тобының партияны «бірыңғай қатаң принципті тактика мен орталықтанған ұйым негізінде» біріктіру қажеттігі туралы қарарлары айтылып отыр.— *37.*

[18] Әңгіме партияның III съезін шақыру туралы мәселе жөнінде Көпшілік Комитеттері Бюросы мен РСДРП Орталық Комитеті арасында жасалған келісім жайында болып отыр. Бұл келі-

сімнің негіздері 1905 жылы 12 (25) мартта Орталық Комитет пен Көпшілік Комитеттері Бюросы атынан берілген «Партияға» деп аталатын үндеуде баяндалған болатын, үндеу В. И. Лениннің «Екінші адым» деген мақаласында «Вперед» газетінің 1905 жылғы 5 апрельдегі (23 марттағы) 13-номерінде басылған. Келісімде «съезді шақыру жөніндегі бұдан былайғы жұмысты Көпшілік Комитеттері Бюросы мен Орталық Комитет бірлесіп атқарады, олар Ұйымдастыру комитетін құрады» деп атап көрсетілді. Бұл келісімге Ленин «Екінші адым» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 400—404-беттер) және «Әшкереленген Совет» (қараңыз: осы том, 66—71-беттер) деген мақалаларында баға берді.— *37.*

19 *«Искра»* («Ұшқын») — 1900 жылы Ленин негізін қалаған және Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық құпия маркстік газет. Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылдың декабрінде Лейпцигте, келесі номерлері Мюнхенде, ал 1902 жылғы июльден — Лондонда, 1903 жылдың көктемінен — Женевада шығып тұрды. Газетті жолға қоюда (астыртын баспахананы ұйымдастыруда, шрифт сатып алуда және т. т.) герман социал-демократтары: К. Цеткин, А. Браун және т. б., сол жылдары Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский, ағылшын Социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі Г. Квелч үлкен көмек көрсетті.

«Искра» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич енді. Редакцияның секретары әуелі И. Г. Смидович-Леман, одан соң, 1901 жылдың көктемінен — Н. К. Крупская болды. Н. К. Крупская сонымен бірге «Искраның» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен хат-хабар алысып тұру ісін басқарды.

«Искра» Россия пролетариаты мен барлық еңбекшілерінің патша самодержавиесіне қарсы революциялық күресі мәселелеріне баса назар аударып, халықаралық өмірдің, негізінен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса маңызды оқиғаларына зор көңіл бөлді. Ленин іс жүзінде «Искраның» бас редакторы әрі басшысы болды, партия құрылысының және Россия пролетариаты тап күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазып отырды.

«Искра» партия күштерін біріктіру, партия кадрларын жинақтау және тәрбиелеу орталығы болды. Россияның біркатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара және т. б.) РСДРП-ның лениндік-искралық бағыттағы топтары мен комитеттері құрылды. 1902 жылы январьда искрашылдардың Самарадағы съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. Искрашыл ұйымдар В. И. Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижанов-

скийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқалардың тікелей басшылығымен құрылды және жұмыс істеді.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын жасады («Искраның» 1902 жылғы 1 июльдегі 21-номерінде жарияланды) және РСДРП II съезін әзірледі, съезд 1903 жылы 17 (30) июль — 10 (23) августа болып өтті. Съезді шақыру кезінде Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасын және ұйымдық жоспарын мақұлдады, оны өзінің басшы органы деп таныды. Съезд арнаулы қаулысында «Искраның» партия үшін күресте айрықша роль атқарғанын атап көрсетті, оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады.

Партияның II съезінен кейін көп кешікпей, Плехановтың қолдауымен меньшевиктер «Искраны» өз қолдарына алды. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің жауынгер органы болудан қалды (қараңыз: 4-ескерту).— *38.*

20 *РСДРП екінші съезі* 1903 жылы 17 (30) июль — 10 (23) августа болды. Съездің алғашқы 13 мәжілісі Брюссельде өтті. Одан соң полицияның қудалауы салдарынан съезд мәжілістері Лондонға көшірілді.

Съезді «Искра» әзірледі, ол россиялық социал-демократтарды революциялық марксизм принциптері негізінде топтастыру жөнінде Лениннің басшылығымен орасан зор жұмыс атқарды. «Искраның» редакциясы партия программасының жобасын әзірлеп, съездің талқылауына ұсынды (1902 жылы 1 июньде «Искраның» 21-номерінде жарияланды). Съезге арналған бірқатар документтерді: РСДРП уставының жобасын, қарарлардың бірнеше жобасын. «Искраның» жұмысы туралы баяндаманың жоспарын Ленин жазды. Сонымен бірге Ленин съездің күн тәртібі мен жұмыс тәртібін мұқият жасап берді. Уставтың жобасымен және съезд күн тәртібінің жобасымен алдын ала «Искра» редакциясының мүшелері, кейіннен съезд делегаттары да таныстырылды.

Съезге шешуші дауыспен 43 делегат қатысты, олар 26 ұйымның («Еңбекті азат ету» тобы, «Искра» ұйымы, Бундтың Шетелдік және Орталық комитеттері, «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасы», «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» және россиялық 20 социал-демократиялық комитеттер мен одақтар) өкілдері еді. Кейбір делегаттардың екі даусы бар болатын, сол себепті съезде шешуші даустың саны 51-ге жетті. Россияның аса ірі социал-демократиялық комитеттерінің өкілдері болып саналатын съезд делегаттарының ішінде Р. С. Землячка, А. В. Шотман, П. А. Красиков, Н. Э. Бауман А. М. Стопани

және басқалары ленинші профессионал, революционер болды. Съездің құрамы біртекті емес еді. Съезге «Искраны» жақтаушылар ғана емес, сонымен бірге оған қарсылар да, тұрақсыз, солқылдақ элементтер де қатысты.

Съездің күн тәртібіне 20 мәселе қойылды: 1. Съезді заңдандыру. Бюроны сайлау. Съездің жұмыс тәртібі мен күн тәртібін белгілеу. Ұйымдастыру комитетінің баяндамасы және съездің құрамын анықтайтын комиссияны сайлау. 2. Бундтың РСДРП-дағы орны. 3. Партияның программасы. 4. Партияның Орталық Органы. 5) Делегаттардың баяндамалары. 6. Партияны ұйымдастыру. 7. Аудандық және ұлттық ұйымдар. 8. Партияның жеке топтары. 9. Ұлт мәселесі. 10. Экономикалық күрес және кәсіподақтық қозғалысы. 11. Бірінші майды мейрамдау. 12. 1904 жылғы Амстердам халықаралық социалистік конгресі. 13. Демонстрациялар мен көтерілістер. 14. Террор. 15. Партия жұмысының ішкі мәселелері: а) насихатты жолға қою, б) үгітті жолға қою, в) партиялық әдебиетті жолға қою, г) шаруалар арасындағы жұмысты жолға қою, д) әскер арасындағы жұмысты жолға қою, е) оқушылар арасындағы жұмысты жолға қою, ж) сектанттар арасындағы жұмысты жолға қою. 16. РСДРП-ның «социалист-революционерлерге» көзқарасы. 17. РСДРП-ның орыс либералдық ағымдарына көзқарасы. 18. Партияның Орталық Комитетін және Орталық Органның редакциясын сайлау. 19. Партия Советін сайлау. 20. Съездің шешімдері мен протоколдарын жариялау тәртібі және сайланған қызмет адамдары мен мекемелердің өз міндеттерін атқаруға кірісу тәртібі.

Ленин съезде партияның уставы туралы баяндама жасады және съездің күн тәртібіндегі мәселелерді талқылағанда, олардың көпшілігі бойынша сөз сөйледі.

Партияның программасы мен уставын бекіту және басшы партия орталықтарын сайлау съездің аса маңызды мәселелері болды. Ленин мен оның жақтаушылары съезде оппортунистерге қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізді.

Съезде талқыланған партия программасының «Искра» редакциясы әзірлеген жобасына, әсіресе жұмысшы қозғалысындағы партияның басшылық ролі туралы қағидаға, пролетариат диктатурасын жеңіп алу қажеттігі туралы пункт пен программаның аграрлық бөліміне қарсы оппортунистер тарапынан өршелене шабуыл жасалды. Батыс европалық социал-демократиялық партиялардың программаларында пролетариат диктатурасы туралы қағида жоқ дегенге сүйеніп, оппортунистер бұл қағидаға тікелей және жанама түрде қарсы шықты, Троцкий пролетариат диктатурасы туралы мәселені оппортунистік тұрғыдан түсіндіріп сөз сөйледі, ол пролетариат диктатурасын орнату үшін партия мен жұмысшы табының бір-бірімен толық дерлік ұқсастығына жетуді және пролетариат ұлттың көпшілігі болуын міндетті шарт деп

есептеді. Съезд оппортунистердің программаның искралық жобасына батыс европалық социал-демократиялық партиялардың программалары рухында өзгеріс енгізуге тырысқан барлық әрекеттеріне тойтарыс беріп, партия программасын бір ауыздан (бір дауыс қалыс қалды) бекітті, онда пролетариаттың алдағы буржуазиялық-демократиялық революциядағы ең таяу міндеттері де (программа-минимум), сондай-ақ социалистік революция жеңіп, пролетариат диктатурасы орнатылуын көздеген міндеттері де (программа-максимум) тұжырымдалды. Халықаралық жұмысшы қозғалысының тарихында Маркс пен Энгельс қайтыс болғаннан кейін тұңғыш рет революциялық программа қабылданды, онда, Лениннің талап етуі бойынша, пролетариат диктатурасы үшін күрес жұмысшы табы партиясының негізгі міндеті ретінде ұсынылды.

Партияның уставын талқылағанда партияны құрудың ұйымдық принциптері туралы мәселе жөнінде шиеленіскен күрес өріс алды.

Ленин мен оның жақтаушылары жұмысшы табының айбынды революциялық партиясын құру үшін күресті, сөйтіп олар барлық тұрақсыз және солқылдақ элементтердің партияға кіріп кетуін қиындататындай устав қабылдау қажет деп есептеді. Сондықтан уставтың бірінші параграфының Ленин ұсынған тұжырымында партияға мүше болу үшін, программаны мойындау және партияға материалдық көмек көрсету ғана емес, сонымен бірге партия ұйымдарының біріне тікелей қатысу да міндетті шарт етіп қойылды. Мартов съезге бірінші параграфтың өзі әзірлеген тұжырымын ұсынды, бұл тұжырым бойынша партияға мүше болу үшін, программаны мойындау мен партияға материалдық көмек көрсетуден басқа, партия ұйымдарының бірінің басшылығымен оған үнемі жеке жәрдемін тигізіп отырса да жеткілікті деп есептелді. Барлық солқылдақ элементтердің партияға кіруін жеңілдететін Мартовтың тұжырымын съезде антиискрашылдар мен «батпақ» («центр») қана қолдаған жоқ, сонымен бірге «солқылдақ» (тұрақсыз) искрашылдар да қолдады, сөйтіп болмашы дауыс көпшілігімен съезд осы тұжырымды қабылдады. Ал негізінен алғанда съезд Ленин әзірлеген уставты бекітті.

Съезде искралық бағыттың дәйекті жақтаушылары — лениншілдер мен «солқылдақ» искрашылдар — Мартовтың жақтастары екіге бөлінді. Бастапқы кезде съездегі дауыстардың бөлінісі мынадай еді: искрашылдар — 33 дауыс, «батпақ» («центр») — 10 дауыс және антиискрашылдар (3 рабочеделошыл мен 5 бундшыл) — 8 дауыс. Съездің шешімдерімен келіспеген 7 антиискрашыл — екі рабочеделошыл мен бундшылдар 5 (18) августа съезден кетіп қалды. Съездің барысында 7 адамнан искрашылдардың оппортунистік азшылығы қалыптасты, олар орталық органдарды сайлаудың алдында

дәйекті искрашылдардан бөлініп шықты. Антиискрашылдар мен «батпақ» қолдаған Мартовтың жақтастары съезде азшылық болды, олардың 20 даусы (Мартовтың жақтастары — 9 дауыс, «батпақ» — 10 дауыс, антиискрашыл — 1 дауыс) бар еді, ал Лениннің жанынан топтасқан 20 дәйекті искрашылдың 24 даусы болды. Партияның орталық мекемелерін сайлағанда лениндік бағытты жақтаушылар көпшілік дауыс алып, большевиктер деп, ал азшылық дауыс алған оппортунистер меньшевиктер деп атала бастады.

Россияда жұмысшы қозғалысының дамуында съездің орасан зор маңызы болды. Ол социал-демократиялық қозғалыстағы майдагерлік пен үйірмешілдікті жойып, Россиядағы маркстік революциялық партияның, большевиктер партиясының негізін қалады. Ленин: «Большевизм, саяси ой ағымы ретінде және саяси партия ретінде, 1903 жылдан бері өмір сүріп келеді» (Шығармалар, 31-том, 8-бет) деп жазды.

Барлық елдердің революцияшыл марксистері үшін үлгі болған жаңа типті пролетарлық партия құрып, РСДРП II съезі халықаралық жұмысшы қозғалысында бет бұрыс пункт болды.— *38.*

21 *«22-нің декларациясы»* — Ленин жазған және большевиктердің 1904 жылы августың бірінші жартысында Женевадағы кеңесінде қабылданған «Партияға» деген үндеу (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 13—22-беттер). Кеңеске 19 адам — В. И. Ленин, Н. К. Крупская, М. С. Ольминский, М. Н. Лядов, П. Н. Лепешинский және басқалар қатысты. Кеңестің шешімдеріне көп кешікпей тағы да 3 большевик қосылды, сөйтіп «Партияға» деген үндеу 22 большевиктің атынан жарияланды. 1904 жылы августа жеке листок болып жарияланған 22-нің декларациясы большевиктер үшін партияның III съезін шақыру жолындағы күрестің программасы болды.— *40.*

22 *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — күнделікті газет; 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; әр түрлі бастырып шығарушылардың қолынан өтіп, өзінің саяси бағытын әлденеше рет өзгертті. Бастапқы кезде баяу-либералдық газет болды, ал 1876 жылы бастырып-шығарушы А. С. Суворин болғаннан кейін реакцияшыл дворяндық және чиновниктік-бюрократтық топтардың органына айналды. 1905 жылдан — қаражүздіктердің органы. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын толық қолдап, большевиктерге өршелене жала жапты. 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет газетті жауып тастады. В. И. Ленин «Новое Времяны» сатқын газеттердің үлгісі деп атады ««Нововремяшылдық» дегеніміз шегінушілік ренегат-

тық, жағымпаздық деген түсініктермен бір мағыналы сөз болды» (Шығармалар, 18-том, 276-бет).

Ленин төменде меньшевиктік «Искраны» «біздің партиялық «Новое Время»» деп, ал меньшевиктерді «нововремялық типтегі адамдар» деп атап отыр.— *41.*

[23] *Партия Советі* (1903—1905) РСДРП II съезінде қабылданған партия уставына сәйкес ең жоғарғы партиялық мекеме ретінде құрылды, ол Орталық Комитеттің және Орталық Орган редакциясының жұмысын үйлестіріп, біріктіріп отыруға, бұл мекемелердің бірінің бүкіл құрамы шығып қалған жағдайда Орталық Комитетті және Орталық Органның редакциясын қалпына келтіруге, сондай-ақ басқа партиялармен қарым-қатынас жасағанда партияның өкілі болуға міндетті болды. Совет партия съездерін устав белгілеген мерзімде немесе бәрі бірігіп съездегі дауыстардың тең жартысын алуға правосы болатын партия ұйымдарының талап етуі бойынша мерзімінен бұрын шақыруға міндетті болды. Партия Советі бес мүшеден құралды, олардың біреуін партия съезі, ал төртеуін — Советке әрқайсысы екі мүшеден жіберген Орталық Комитет пен Орталық Орган редакциясы тағайындады. РСДРП II съезі Советтің бесінші мүшесі етіп Г. В. Плехановты сайлады. В. И. Ленин бастапқы кезде Советке Орталық Орган редакциясы атынан кірсе, «Искра» редакциясынан шыққаннан кейін Орталық Комитет атынан кірді. Плеханов оппортунизмге бет бұрып, меньшевиктер Орталық Орган редакциясын басып алғаннан кейін партия Советі меньшевиктердің большевиктерге қарсы күресінің қаруына айналды. В. И. Ленин меньшевиктердің іріткі салушылық, жікшілдік әрекетін әшкерелей отырып, Советте партияны топтастыру жолында дәйекті күрес жүргізді. РСДРП III съезі қабылдаған устав бойынша партия Советі таратылды. III съезден бастап съездер аралығындағы кезеңдерде партияның бірден-бір басшы орталығы Орталық Комитет болды, ол Орталық Орган редакциясын да тағайындады.— *43.*

[24] Бұл арада Орловскийдің (В. В. Воровскийдің) 1904 жылы Женевада басылған «Совет партияға қарсы» деген кітапшасы жайында айтылып отыр.— *43.*

[25] Көпшілік Комитеттері Бюросы қол қойған көтеріліс туралы листок «Вперед» газетінің 1905 жылғы 8 марттағы (23 февральдағы) 9-номерінде «Кезек күттірмейтін мәселелер» деген тақырыппен қайта басылды.— *47.*

[26] *«Московские Ведомости»* («Москва Ведомостары») — орыстың ең байырғы газеттерінің бірі; 1756 жылдан бастап Москва университеті (бастапқы кезде шағын листок түрінде) шыға-

рып тұрды. 1863—1887 жылдары «Московские Ведомостидің» редактор-шығарушысы әсіре реакционер және шовинист М. Н. Катков болды. Бұл жылдары газет помещиктер мен дін басыларының ең реакцияшыл топтарының көзқарастарын білдірген монархиялық-ұлтшылдық органға айналды; 1905 жылдан бастап «Московские Ведомости» қаражүздіктердің басты органдарының бірі болды. Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін шығып тұрды.— *49.*

27 Земство қайраткерлерінің съезі 1906 жылы 24—25 февральда (9—10 мартта) Москвада болып өтті.— *49.*

28 В. И. Ленин «Экономическая Газетаның» 1905 жылғы 20 марттағы 1-номерінің «Бастырып шығарушыдан» деген бас мақаласынан цитат келтіріп отыр.— *51.*

29 Ленин К. Маркстің «Гегельдің право философиясының сынына. Кіріспе» деген еңбегінен (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 1-том, 415-бет) цитат келтіріп отыр.— *53.*

30 *«Der Volks-Tribun»* — Нью-Йорктегі неміс «ақиқат социалистері» негізін қалаған апта сайын шығып тұрған газет. 1846 жылғы 5 январьдан 31 декабрьге дейін шықты.— *58.*

31 *«Das Westphälische Dampfboot»* («Вестфалия Пароходы»)—ай сайын шығып тұрған журнал, немістің ұсақ буржуазияшыл социализмінің немесе «ақиқат» социализм бағыттарының бірінің органы; 1845 жылдың январынан 1848 жылдың мартына дейін Билефельд пен Падерборнда (Германия) шығып тұрды.

Бұл арада В. И. Ленин жазып отырған «Кригеге қарсы нұсқау хат» К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының 2-басылуына енген, 4-том, 1—16-беттер.— *58.*

32 *«Революционная Россия»* («Революцияшыл Россия») — эсерлердің құпия газеті; 1900 жылдың аяғынан бастап Россияда «Социалист-революционерлер одағы» шығарды (1900 жыл деп белгі салынған 1-номер іс жүзінде 1901 жылы январьда шықты), 1902 жылдың январынан 1905 жылдың декабріне дейін шетелде (Женева) социалист-революционерлер партиясының ресми органы ретінде шығып тұрды.— *59.*

33 Меньшевиктердің антипартиялық жасырын ұйымы большевиктерге қарсы күресу және партияға басшылықты басып алу мақсатымен РСДРП II съезінен кейін көп ұзамай құрылды. 1903 жылы сентябрьде Женевада партияның көпшілігінен және оның басшы орталықтарынан жасырын түрде Мартов, Потресов және оппозицияның басқа да лидерлері бастаған 17 меньшевиктің кеңесі болды. Троцкий мен Мартов

жазған қарарда партияның көпшілігіне және РСДРП II съезі сайлаған партия орталықтарына қарсы күресу жоспары белгіленді. Кеңес оппозицияның ықпалын кеңейту және партияның жоғары мекемелерінің құрамын өзгерту ниетін көздеп күрестің қандай құралынан болса да тартынбауды ұсынды. Оппозиция мүшелеріне Орталық Комитеттің басшылығымен жұмыс істеуден бас тарту, «Искраға» бойкот жасау, редакцияның ескі құрамын қалпына келтіруге тырысу ұсынылды. Кеңесте «Искраның» бұрынғы редакторларынан әдеби топ құрылды: бұл топтың мақсаты меньшевиктерді біріктіру және меньшевиктік оппозицияның оппортунистік идеяларын насихаттау болды.— *66.*

34 Бұл арада меньшевиктердің мәлімдемесі туралы айтылып отыр, мәлімдеме «Искра» газетінің 1905 жылғы 7 январьдағы 83-номерінде («Партиядан» деген бөлімде) жарияланған болатын.— *67.*

35 *«Vossische Zeitung»* («Фоссы газеті») — неміс баяу-либералдық газеті, Берлинде 1704 жылдан 1934 жылға дейін шығып тұрды.— *72.*

36 *«РСДРП Советінің председателі Плеханов жолдасқа ашық хат»* әуелі листовка болып шығып, кейін «Вперед» газетінің 1905 жылғы 30 (17) апрельдегі 16-номерінде көшіріліп басылды. Өз өкілдерін Советке тағайындау туралы хабарлап, Советтің мәжілісін өткізуді өтініп Орталық Комитеттің партия Советіне жолдаған үндеуі Плехановқа 1905 жылғы 4 (17) апрельде жөнелтілген болатын. Советтің бұл мәжілісі туралы Ленин төменде жазады. Келесі күні Ұйымдастыру комитетінің мәжілісінде жауап қайтару үшін Советке жеті күндік мерзім берілсін, содан кейін съезд ашылсын деп ұйғарылды. III съезд дәл 7 күннен кейін — 1905 жылғы 12 (25) апрельде ашылды.— *78.*

37 *«Бірінші май»* прокламациясын Ленин Женевада жазған; Көпшілік Комитеттері Бюросының және «Вперед» газеті редакциясының қолы қойылған бұл прокламация жеке листовка болып басылған. Листовканы РСДРП Баку, Екатеринослав, Москва, Нижний Новгород, Рига, Тер-Дағыстан жергілікті комитеттері мен Рыбин тобы көшіріп басқан.— *88.*

38 Бұл арада Ленин 1905 жылғы 25 мартта меньшевиктік «Искра» газетінің 94-номерінде жарияланған «Партияның назарына» деген мақала туралы айтып отыр.— *93.*

39 Бұл арада *«Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының»* 1903 жылы 13—18 (26—31) октябрьде Же-

невада болған *II съезі* туралы айтылып отыр. Съезд меньшевиктердің талап етуі бойынша шақырылды, олар бұл съезді РСДРП II съезіне қарама-қарсы қойғысы келді. Шетелдік лиганың съезін шақыруға қарсы болып, В. И. Ленин былай деп жазды: «Лиганың съезі *қазір* төбелес үшін бәрін де береді, ал іс үшін, яғни шетелдегі жұмыс үшін дәнеңе де бермейді» (Шығармалар, 34-том, 172-бет).

Шетелдік лиганың съезінде көпшілікті жақтаушы 18 даусы бар 15 адам (екінші мәжілістен бастап — 14) болды (В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Н. Э. Бауман, Н. К. Крупская, В. Д. Бонч-Бруевич, М. М. Литвинов және басқалар) және 18 меньшевик болды (екінші мәжілістен бастап — 19), бұлардың 22 даусы болды (П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, Л. Г. Дейч, В. И. Засулич, Л. Мартов, Л. Д. Троцкий және басқалар).

Съезд мына мәселелерді талқылады: 1) Шетелдік лига әкімшілігінің (Л. Г. Дейч пен Н. К. Крупскаяның) баяндамасы; 2) Партияның II съезіндегі Лига делегатының баяндамасы; 3) Лига уставы; 4) әкімшілікті сайлау.

Партия съезіне қатысқан Лига делегаты В. И. Лениннің баяндамасы күн тәртібінің негізгі мәселесі болды. Ленин өзінің баяндамасында РСДРП II съезінің жұмысына тоқтала келіп, меньшевиктердің оппортунизмін әшкереледі, олардың съездегі іс-әрекетінің принципсіздігін көрсетті. Оппозиция Шетелдік лига съезінде өзінің көпшілік болғанын пайдаланып, Лениннен кейін іле-шала қосымша баяндама жасау үшін Мартовқа сөз беруге шешім қабылдады. Мартов өзінің қосымша баяндамасында меньшевиктердің РСДРП II съезіндегі іс-әрекетін қорғап, большевиктерге жалақорлық айыптар тақты. Ленин және көпшілікті жақтаушылар оппозициямен бұдан әрі айтысудың мүлдем мүмкін емес екенін және түкке тұрмайтынын айқын көрді де, бұл мәселе жөнінде бұдан былайғы жарыс сөздерге қатысудан бас тартып, съезд мәжілісінен кетіп қалды. Съездің меньшевиктік көпшілігі партияның орталық мекемелерін басып алуға тырысып, күн тәртібінің екінші пункті бойынша үш қарар қабылдады, бұлар да Лениннің ұйымдық мәселелер жөніндегі позициясына қарсы шықты және большевиктерге қарсы үнемі күрес жүргізуге шақырды.

Съезд сонымен бірге Шетелдік лиганың уставын қабылдады, оның бірқатар пункттері (Лиганың жалпы партиялық әдебиет шығаруы туралы, Лига әкімшілігінің Орталық Комитет пен Орталық Органның сыртынан басқа ұйымдармен қарым-қатынас жасауы туралы және басқалар) партия уставына қарсы бағытталды; оның үстіне, меньшевиктер Лига уставын РСДРП Орталық Комитетінің бекітуіне правосы жоқ деп таласты. РСДРП Орталық Комитетінің съезге қатысушы өкілі Ф. В. Ленгник Орталық Комитет атынан Лига уставының партия уставымен сәйкестендірілуін талап етті, ал оппозиция бұл талапты орындаудан бас тартқаннан кейін

ол жиналысты заңсыз деп жариялады. Партия Советі Орталық Комитет өкілінің іс-әрекетін мақұлдады (қараңыз: В. И. Ленин, Шығармалар толық жинағы, 8-том, 66-бет).

В. И. Ленин Шетелдік лиганың съезін «оппозицияның орталық орындарға қарсы шабуылының шырқау шегі» (бұл да сонда, 110-бет) деп атады. Лиганың II съезінен кейін меньшевиктер Лиганы партияға қарсы күрестің тірек пункті етті.— *93*.

40 *РСДРП III съезі* 1905 жылғы 12—27 апрельде (25 апрель — 10 май) Лондонда болды. Большевиктер дайындаған бұл съезд Лениннің басшылығымен өтті. Меньшевиктер съезге қатысудан бас тартты да Женевада өз конференциясын өткізді.

Съезге 38 делегат: шешуші дауыспен 24 делегат және кеңесші дауыспен 14 делегат қатысты. РСДРП-ның 21 комитетінен (Петербург, Москва, Тверь, Рига, Солтүстік, Тула, Нижний Новгород, Урал, Самара, Саратов, Кавказ одағы (Баку, Батум, Имерети-Мингрель, Тифлис комитеттері), Воронеж, Николаев, Одесса, Полесье, Солтүстік-Батыс, Курск, Орел комитеттерінен) делегаттар шешуші дауыспен қатысты. Ленин Одесса комитетінен делегат болды. Делегаттардың ішінде В. В. Воровский, Р. С. Землячка, Н. К. Крупская, А. А. Богданов, А. В. Луначарский, М. М. Литвинов, М. Г. Цхакая және басқалар болды. Съездің председателі болып Ленин сайланды.

Съезд Россияда өріс алып келе жатқан революцияның түбегейлі мәселелерін қарап, пролетариаттың және оның партиясының міндеттерін белгіледі. Съезде мына мәселелер талқыланды: Ұйымдастыру комитетінің баяндамасы; қарулы көтеріліс; үкіметтің төңкеріс қарсаңындағы саясатына көзқарас; революциялық уақытша үкімет туралы; шаруалар қозғалысына көзқарас; партияның уставы; РСДРП-ның бөлініп шыққан бөлегіне көзқарас; ұлттық социал-демократиялық ұйымдарға көзқарас; либералдарға көзқарас; эсерлермен практикалық келісімдер; насихат пен үгіт; Орталық Комитеттің және жергілікті комитеттер делегаттарының есептері және басқалар.

Съезд талқылаған барлық негізгі мәселелер бойынша Ленин қарарлардың жобаларын жазды. Съезде ол социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы және шаруалар қозғалысын қолдау жөніндегі қарар туралы баяндамалар жасап, қарулы көтеріліс туралы, үкіметтің төңкеріс қарсаңындағы тактикасына көзқарас туралы, социал-демократиялық ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынастары туралы, партияның уставы туралы, Орталық Комитеттің қызметі туралы баяндама және басқа мәселелер бойынша сөз сөйледі. Съезд партияның буржуазиялық-демократиялық революциядағы стратегиялық

жоспарын белгіледі: оның мәні мынада: пролетариат революцияның көсемі, басшысы болуы керек, шаруалармен одақтасып, буржуазияны оқшау қалдырып, революцияның жеңісі үшін — самодержавиені құлатып, демократиялық республика орнату үшін, крепостниктік правоның барлық қалдықтарын жою үшін күресуі керек. Осы стратегиялық жоспарды негізге ала отырып, съезд партияның тактикалық бағытын белгіледі. Партияның басты және шұғыл міндеті ретінде съезд қарулы көтерілісті ұйымдастыру міндетін алға қойды. Съезд халықтың қарулы көтерілісінің жеңісі нәтижесінде революциялық уақытша үкімет құрылуға тиіс, бұл үкімет контрреволюцияның қарсылығын басуға тиіс, РСДРП-ның программа-минимумын жүзеге асыруға тиіс, социалистік революцияға көшу үшін жағдай әзірлеуі тиіс деп көрсетті.

Съезд партия уставын қайта қарады; ол уставтың партияға мүше болу туралы бірінші параграфын Лениннің тұжырымы бойынша қабылдады; партиядағы қос орталық (Орталық Комитет пен Орталық Орган) системасын жойды және бірыңғай басшы партия орталығы — Орталық Комитетті құрды; Орталық Комитеттің праволары мен оның жергілікті комитеттермен қарым-қатынасын дәлме-дәл белгілеп берді.

Съезд меньшевиктердің іс-әрекеттерін, олардың ұйымдық және тактикалық мәселелердегі оппортунизмін айыптады. «Искра» меньшевиктердің қолына түсіп, оппортунистік бағыт жүргізгендіктен, РСДРП III съезі Орталық Комитетке жаңа Орталық Орган — «Пролетарий» газетін құруды жүктеді. 1905 жылы 27 апрельде (10 майда) Орталық Комитеттің пленумында «Пролетарийдің» редакторы болып В. И. Ленин тағайындалды.

РСДРП III съезінің орасан зор тарихи маңызы болды. Бұл тұңғыш большевиктік съезд еді. Съезд партия мен жұмысшы табын демократиялық революцияның жеңісі жолындағы күрестің айбынды программасымен қаруландырды. Партияның III съезінің жұмысы мен маңызы туралы Лениннің «Үшінші съезд» (осы том, 225—232-беттер) деген мақаласын қараңыз. Съездің шешімдерін Ленин «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында негіздеген болатын (қараңыз: Шығармалар, 9-том, 1—131-беттер).— *95.*

41 В. И. Ленин жазған бұл қаулылар 1905 жылы 11 (24) апрельде РСДРП III съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің соңғы мәжілісінде қабылданды және бұл қаулыларды Ұйымдастыру комитетінің Орталық Комитеттен сайланған мүшесі Л. Б. Красин 1905 жылы 12 (25) апрельде III съездің бірінші мәжілісінде Ұйымдастыру комитетінің есепті баяндамасында оқып берді (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. 1905 жылғы апрель — май. Протоколдар», М., 1959, 30—31-беттер.— *97.*

42 Бұл документ РСДРП III съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитеті 1905 жылы 11 (24) апрельде қабылдаған қаулының бесінші пунктінің жобасы болып табылады (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 31—32-беттер).

Осы документтің негізгі қағидалары сондай-ақ съезді заңдандыру жайындағы қарарға да енді, бұл қарарды 1905 жылы 13 (26) апрельде съездің үшінші мәжілісінде П. А. Красиков (Бельский), М. С. Лещинский (Жарков) және М. М. Литвинов (Кузнецов) ұсынып, 14 (27) апрельде съездің 5-мәжілісінде қабылданды (қараңыз: бұл да сонда, 104-бет).— *100.*

43 Қазан комитетінен делегат он сегізінші мәжіліске дейін съезде болмады, өйткені Ұйымдастыру комитеті мезгілінде комитетпен байланыс жасай алмаған еді. Бұл кезде Қазан комитетінің мүшесі В. В. Адоратский шетелде еді. Қазан ұйымының съезге қатысуын қамтамасыз ету үшін, Ленин «Съездің құрамын тексеру жөніндегі комиссияға» деген мәлімдемесінде В. В. Адоратскийді Қазан комитетінің мүшесі ретінде съезге кеңесші дауыспен шақыруды ұсынған болатын. Мандаттарды тексеру жөніндегі комиссия Адоратский жолдасты «қатардағы партия мүшесі ретінде...» шақыруды ұсынды. Комиссияның осы тұжырымын Ленин түсініксіз тұжырым деп атайды.

Съезд екі дауысқа қарсы көпшілік дауыспен Адоратский жолдасты «комитет мүшесі ретінде» шақыруды ұйғарды. Бұл шешімді Адоратскийге хабарлаудың реті келмеді, сөйтіп ол съезге қатыспай қалды. Съездің тек он сегізінші мәжілісіне ғана Қазан комитетінен делегат И. А. Саммер (Савич) келді. Оған кеңесші дауыс берілді.— *102.*

44 Н. А. Алексеев (Андреев) мынадай қарар енгізді: «Ұйымдастыру комитетінің баяндамасы принцип немесе мораль жағынан емес, нақтылық жағынан талқылансын». Бұл мәселені талқылаудың барысында Андреев В. И. Ленин ұсынған қарарға (қараңыз: осы том, 105-бет) қосылды, съезд осы қарарды қабылдады.— *104.*

45 Ұйымдастыру комитетімен жанжал РСДРП II съезінің екінші мәжілісінде болды, ол төмендегідей еді:

«Күрес» тобының съезге өз өкілін жіберу туралы талабын Ұйымдастыру комитеті тіпті съезд басталмастан бұрын-ақ қабылдамай тастаған болатын. 17 (30) июльде мандаттарды тексеру және съездің құрамын анықтау жөніндегі комиссияның мәжілісінде, «Күрес» тобының Ұйымдастыру комитетінің теріс әрекеттеріне шағым айтып, комиссияға өтініш беруіне байланысты, Ұйымдастыру комитетінің мүшелері

Е. М. Александрова (Штейн) мен П. А. Красиковтың (Павловичтің) осы мәселе жөніндегі хабарламалары тыңдалды. Мандат комиссиясы Ұйымдастыру комитетінің шешімін дұрыс деп тапты. Съездің 18 (31) июльдегі мәжілісінде осы мәселені талқылау кезінде съезге кешігіп келген Ұйымдастыру комитетінің мүшесі Е. Я. Левин (Егоров) «Күрес» тобы туралы мәселені Ұйымдастыру комитетінің мүшелерімен бірге талқылау үшін үзіліс жасауды талап етті. Ұйымдастыру комитетінің үзіліс кезінде болған кеңесінде көпшілік «Күрес» тобының өкілі Д. Б. Рязановты кеңесші дауыспен шақыру жөнінде съезге ұсыныс енгізуді жақтап дауыс берді. Съездің мәжілісінде Ұйымдастыру комитетінің әрекеттеріне қарсы наразылық білдіріп сөз сөйлеген искрашыл Красиков бұл ұсынысқа қарсы дауыс берді. Левин Красиковты Ұйымдастыру комитетінің көпшілігіне қарсы шығып, ол партиялық тәртіпті бұзып отыр-мыс деп айыптады.

Съезд Ұйымдастыру комитетінің ұсынысын қабылдамай тастады да, мынадай қарарлар қабылдады:

«Съезд, жолдастардың бәрін жеке ұсыныстар енгізген уақытта бұл ұсыныстарын съездің бюросына енгізуге шақырады және Павлович пен Егоров жолдастардың мәлімдемелерінен туған жанжал осымен бітті деп есептейді».

«Съездің құрамын анықтайтын комиссия сайланғандықтан Ұйымдастыру комитеті коллегия ретінде съездің құрамына ықпал жүргізу правосынан айрылды, сонымен бұл пункт бойынша оның коллегия ретіндегі қызметі доғарылды деп есептеледі» («РСДРП екінші съезі. Протоколдар», 1959, 37, 38-беттер).— *106.*

46 Күн тәртібінің жобасы 1905 жылғы 13 (26) апрельде кешке съездің үшінші мәжілісінде талқыланды.

Осы томда «Дайындық материалдар» бөлімінде съездің күн тәртібі жобасының нұсқалары басылып отыр (397—400-беттер).

Бұл жоба ескертпе жасау үшін делегаттарға таратылды, кейін В. И. Ленин, М. М. Литвинов (Кузнецов) және А. А. Богданов (Максимов) қол қойған жоба ретінде аздаған редакциялық өзгерістермен съезде оқылды.

Күн тәртібінің жобасы талқыланған кезде съезд әуелі мәселелердің негізгі алты рубрикасын қабылдады, бұлар В. И. Ленин белгілеген рубрикаларға толық сай келеді. Кейін, осы негізгі рубрикалардың тармақтарын талқылай келіп, съезд мынадай күн тәртібін қабылдады:

«I. Тактикалық мәселелер:
1) Қарулы көтеріліс.
2) Төңкеріс қарсаңындағы және төңкеріс кезіндегі үкімет саясатына көзқарас.
3) Шаруалар қозғалысына көзқарас.

II. Ұйымдық мәселелер:
4) Партия ұйымдарындағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынасы.
5) Партияның уставы.
III. Басқа партиялар мен ағымдарға көзқарас:
6) РСДРП-ның бөлініп шыққан бөлегіне кезқарас.
7) Ұлттық социал-демократиялық ұйымдарға көзқарас.
8) Либералдарға көзқарас.
9) Социалист-революционерлермен практикалық келісімдер.
IV. Партия өмірінің ішкі мәселелері:
10) Насихат пен үгіт.
V. Делегаттардың есептері:
11) Орталық Комитеттің есебі.
12) Жергілікті комитеттер делегаттарының есептері.
VI. Сайлау:
13) Сайлау.
14) Съездің қарарлары мен протоколдарын жариялау және қызмет адамдарының қызметке кірісу тәртібі».— *108.*

[47] Д. С. Постоловский (Михайлов), А. В. Луначарский (Воинов) және Л. Б. Красин (Зимин) съездің күн тәртібін ұйымдық мәселелер, тактикалық мәселелер, басқа партияларға көзқарас, делегаттардың есептері деген төрт рубрика бойынша құрылсын деп ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс қабылданды. Бұдан арғы талқылаудың және толықтырулардың барысында күн тәртібі мына негізгі рубрикалар бойынша қабылданды: 1) тактикалық мәселелер; 2) ұйымдық мәселелер; 3) басқа партияларға көзқарас; 4) партиялық ішкі жұмыс; 5) делегаттардың есептері; 6) сайлау.— *110.*

[48] В. И. Ленин еске алған Ивановтың (А. А. Богдановтың) жобасы — съезге Көпшілік Комитеттері Бюросы ұсынған РСДРП-ның жаңа уставының жобасы. Бұл жоба «Вперед» газетінің 1905 жылғы 5 апрельдегі (23 марттағы) 13-номерінде «Ұйымдық мәселе» деген атпен жарияланды. Делегаттардың алдын ала болған кеңестерінде кейбір өзгерістер енгізілген жобаны съездің он бесінші мәжілісінде 20 апрельде (3 майда) кешке Богданов (Максимов) оқып берді. Талқыланып, бірқатар түзетулер енгізілгеннен кейін устав съездің он жетінші мәжілісінде 21 апрельде (4 майда) кешке бекітілді.

Ивановтың жобасына П. Ф.-ның (Э. Э. Эссеннің) жасаған ескертпелері ««Вперёдтің» 1905 жылғы 20 (7) апрельдегі 15-

номеріне жеке қосымшада» «Партия уставының жобасы жөнінде» деген атпен басылды.—*111.*

[49] Ленин В. В. Адоратскийді қателесіп Арнатский деп атап отыр.—*113.*

[50] Бұл мәселе талқыланған кезде Ленин съездің 1905 жылғы 14 (27) апрельдегі төртінші мәжілісінде В. В. Филатовты (NN) шақыруды ұсынбағанын, тек қана оның өтінішін съезге табыс еткенін айтты (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 80-бет).

Филатовты съезге кеңесші дауыспен шақыру туралы ұсыныс қабылданбады.— *114.*

[51] Төртінші мәжілісте (14 (27) апрельде таңертең), мандат комиссиясының баяндамасынан кейін, меньшевиктік комитеттермен қосарлас өмір сүріп, жұмыс істеген большевиктік ұйымдарға (Харьков және Екатеринослав топтары мен Шетелдік ұйым комитеті), сондай-ақ бекітілмеген Архангельск комитетіне шешуші дауыстар беру мәселесі жөнінде жарыс сөз өріс алды.

В. М. Обухов (Камский) өзінің сөзінде «Шетелдік ұйым комитеті мен қосарлас топтарға» шешуші дауыс беру—«мәні жағынан да, формасы жағынан да coup d'état» (мемлекеттік төңкеріс) деп мәлімдеді.

Съездің шешімі бойынша аталған ұйымдардың бәріне кеңесші дауыс берілді.—*115.*

[52] Бұл арада Орталық Комитеттің мүшелері — ымырашылдар В. А. Носковтың, Л. Е. Гальпериннің және Л. Б. Красиннің 1904 жылы июльде қабылдаған қаулысы туралы айтылып отыр. Ол 26 пункттен тұрды, оның 9 пункті «Исскраның» 1904 жылғы 25 августағы 72-номерінде «Орталық Комитеттің мәлімдемесі» деген тақырыппен жарияланды. Қаулы заңсыз қабылданды, өйткені Орталық Комитеттің екі мүшесі В. И. Ленин мен Р. С. Землячка Орталық Комитеттің мәжілісіне шақырылмады, сөйтіп, олардың Орталық Комитетте партия көпшілігінің позициясын қорғауға мүмкіндігі болмады. Бұл қаулыда ымырашылдар жаңа «Исскраның» Плеханов кооптациялаған меньшевиктік редакциясының құрамын таныды. Орталық Комитеттің құрамына тағы да үш ымырашыл: А. И. Любимов, Л. Я. Карпов және И. Ф. Дубровинский кооптацияланды. Ымырашылдар партияның III съезін шақыруға қарсы шықты және Орталық Комитеттің съезд шақыру жолында үгіт жүргізген Оңтүстік бюросын таратып жіберді. Олар В. И. Ленинді партияның Орталық Комитетінің шетелдік өкілі правосынан айырды және оның шығармаларын Орталық Комитет коллегиясының рұқсатынсыз басып шығаруға тыйым салды.

«Июль декларациясын» қабылдау Орталық Комитеттің мүшелері — ымырашылдар тарапынан РСДРП II съезінің шешімдеріне біржола опасыздық жасағандық және олардың ашықтан-ашық меньшевиктер жағына шыққандығы болып табылды.

В. И. Ленин «июль декларациясына» қарсы батыл наразылық білдірді. Өзінің «Орталық Комитеттің бес мүшесіне» деген хатында, «Орталық мекемелердің партиядан қол үзуі туралы мәлімдеме мен документтер» деген кітапшасында В. И. Ленин Орталық Комитеттің үш мүшесінің заңсыз әрекеттерін әшкереледі (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 23—25, 121—132-беттер). Партияның жергілікті комитеттері — Петербург, Москва, Рига, Баку, Тифлис, Имерети-Мингрель, Николаев, Одесса, Екатеринослав комитеттері — В. И. Ленинді қолдап, «июль декларациясын» батыл айыптады.— *117*.

53 РСДРП II съезінде қабылданған партия уставы бойынша съезде өкіл болуға съезден кемінде бір жыл бұрын бекітілген ұйымдардың правосы бар еді. Партия уставына сәйкес Қазан және Кубань комитеттері III съезде толық праволы деп есептелмеді, өйткені 1904 жылғы 1 сентябрьге дейін партия Советінің протоколдарында бар толық праволы комитеттердің тізімінде олар болмады. Партияның III съезінің 14 (27) апрельдегі бесінші мәжілісінде В. В. Воровский (Орловский) бұл комитеттерді алдағы уақытқа толық праволы комитеттер ретінде бекіту туралы В. И. Ленин жазған қарардың жобасын енгізді. Қарар осы мәжілісте қабылданды.— *118*.

54 Съездің бесінші мәжілісінде, 14 (27) апрельде, Қазан және Кубань комитеттерін алдағы уақытқа толық праволы комитеттер ретінде бекіту кезінде кейбір делегаттар былай деді: кеңесші дауыстары бар делегаттардың дауыс беруге қатысуы қажет емес, өйткені ол осы шешуші қаулының нәтижелеріне әсер етуі мүмкін.

В. И. Ленин съезде мәселелерді дауысқа салудың тәртібі туралы қарардың жобасын, міне, осыған байланысты жазды, бұл жоба осы мәжілісте қабылданды.— *119*.

55 Қарулы көтеріліс туралы мәселе съездің бес мәжілісінде — бесінші мәжілісінен тоғызыншы мәжілісіне дейін, 1905 жылғы апрельдің 14—16-на (27—29) дейін талқыланды.

Қарулы көтеріліс туралы А. В. Луначарский (Воинов) бесінші мәжілісте баяндама жасады, ол съезге РСДРП-ның қарулы көтеріліске көзқарасы туралы В. И. Ленин жазған қарардың жобасын ұсынды. Қарардың жобасы талқыланған кезде Д. С. Постоловскийдің (Михайловтың) тарапынан бірқатар қарсы пікір айтылды; ол өз жобасын ұсынды. Екі қарарды үйлестіру үшін съезд сегізінші мәжілісте, 16 (29)

апрель күні таңертең, қарарларды «ымыраластыру» жөніндегі комиссияның мәжілісін тағайындады.

Съездің тоғызыншы мәжілісінде, 16 (29) апрель күні кешке, қарулы көтеріліс туралы қарар («ымыраластырушы» қарар) болмашы түзетулермен бір ауыздан қабылданып, бір адам қалыс қалды. В. И. Ленин жазған жоба осы қарардың негізіне алынды (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 162—164-беттер).

Осы томда сондай-ақ қарулы көтеріліс туралы қосымша қарардың лениндік жобасы (қараңыз: 123-бет) басылып отыр; жария етуге болмайтын бұл жоба съезде талқыланбады, бірақ танысу үшін делегаттарға берілді.— *120.*

56 Съездің тоғызыншы мәжілісінде, 16 (29) апрельде, төңкеріс қарсаңында үкімет саясатына көзқарас туралы баяндама жасаған П. П. Румянцев (Шмидт, Филиппов) осы мәселе жөніндегі қарардың жобасын енгізді. Тоғызыншы және оныншы мәжілістердегі жарыс сөзде В. И. Ленин, Д. С. Постоловский (Александров, Михайлов) және басқалар сөйледі. Постоловскийдің сөйлеген сөзіне байланысты Ленин «Төңкеріс қарсаңындағы және төңкеріс кезіндегі үкімет саясатына көзқарас туралы мәселе жөніндегі қарарға қосымша» жазды. Бұл мәселе жөнінде П. П. Румянцевтің жобасынан басқа қарардың тағы да екі жобасы ұсынылды. Лениннің ұсынысы бойынша қарардың барлық жобалары комиссияға тапсырылды. Комиссияға арнап Ленин Румянцев ұсынған қарардың жобасына ескертпелер жазды; бұл ескертпелер «Дайындық материалдар» бөлімінде (401—402-беттер) басылып отыр; бұдан кейін ол бүкіл қарардың жобасын (қараңыз: осы том, 156—157-беттер) жазды. Бұл жоба талқылауға енгізілмеді. Съездің он үшінші мәжілісінде 19 апрельде (2 майда) «РСДРП-ның ашық саяси бой көрсетуі туралы мәселе жөнінде» Лениннің ескертпелері енгізілген Румянцев жобасы Ленин мен Румянцев ұсынған қарардың жобасы ретінде талқыланды және аздаған түзетулер енгізіліп съезде бір ауыздан қабылданды.— *130.*

57 *Сенатор Шидловскийдің комиссиясы* 1905 жылғы 29 январьда (11 февральда) патша указы бойынша «С.-Петербург қаласы мен оның маңындағы жұмысшылардың наразылық білдіру себептерін дереу анықтау үшін және мұндайларды келешекте болдырмау жөніндегі шараларды іздестіру үшін» құрылды. Комиссияның басына сенатор, әрі Мемлекеттік советтің мүшесі Н. В. Шидловский қойылды. Комиссияның құрамына чиновниктер қазыналық заводтардың бастықтары және фабриканттар кірді. Сонымен бірге комиссияға жұмысшылардың өкілдері де енуге тиіс еді, олар екі сатылы сайлау жолымен сайланды. Большевиктер комиссияға мүше сайлауға байланысты түсінік жұмыстарын кеңінен өрістетті, осы комиссияны ұйымдастыру арқылы жұмысшылардың назарын

революциялық күрестен аударып әкетуге тырысып отырған патша өкіметінің шын мәніндегі мақсатын әшкереледі. Ал сайламшылар үкіметке сөз бостандығы, баспасөз, жиналыс бостандығы, жеке адамның дербес праволығы және т. с. жөнінде талаптар қойғанда, Шидловский 1905 жылы 18 февральда (3 мартта) бұл талаптар қанағаттандырылмайды деп мәлімдеді. Осыдан кейін сайламшылардың көпшілігі депутаттар сайлаудан бас тартты және Петербург жұмысшыларына ұран тастады, олар ереуіл жасап, бұларды қолдады. 1905 жылы 20 февральда (5 мартта) комиссия іске кіріспестен таратылып жіберілді.

Съезде сөйлеген сөзінде «Шидловский комиссиясының тәжірибесінен сөзсіз теріс көзқарас тудыруға болмайды»—деп атап көрсеткенде Ленин жұмысшы табы бұқарасы арасындағы саяси жұмыс үшін жария мүмкіндіктерді пайдалануға съездің кейбір делегаттарының теріс көзқарасын айтқан еді. Атап айтқанда, Н. В. Романов (Лесков) былай деген болатын: «жұмысшыларды мұндай қоғамдарға тарту, олардың назарын басқа жаққа аударады, революциялық жолдан жария жолға еліктіреді, жақсылықты осындай қоғамдардан күтуге мәжбүр етеді» («РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 174-бет).— *131.*

58 Социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы мәселе съездің екі мәжілісінде — он бірінші және он екінші мәжілістерінде, 18 және 19 апрельде (1 және 2 майда) талқыланды. В. И. Ленин он бірінші мәжілісте бұл мәселе жөнінде баяндама жасап, «Социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы қарардың жобасын» енгізді. Съезд қарарды талқылаған кезде Ленин қарардың тақырыбын өзгертуді ұсынып, оны «Революциялық уақытша үкімет туралы қарар» деп атады (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 211-бет). Л. Б. Красин (Зимин) В. И. Лениннің қарарына бірқатар түзету енгізді. Түзетулердің көбін Ленин құп алды (қараңыз: осы том, 154—155-беттер), сөйтіп, съездің он екінші мәжілісінде қарар бір ауыздан қабылданды.

«Дайындық материалдар» бөлімінде мына материалдар басылып отыр: «Социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы баяндаманың жоспары және қарарға арналған тезистер», «Революциялық уақытша үкімет туралы баяндаманың қысқаша конспектісі» және «Плехановтың «Өкіметті басып алу туралы мәселе жөнінде» деген мақаласына ескертпелер».— *134.*

59 Ф. Энгельс. «Германиядағы шаруалар соғысы» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 422—423-беттер).— *136.*

60 *«Орталық Комитеттің Коммунистер одағына үндеуін»* 1850 жылғы марттың аяғында К. Маркс пен Ф. Энгельс жазды.

«Үндеу» эмиграцияда да, сондай-ақ Германияның өзінде де Коммунистер одағының мүшелері арасында жасырын таратылды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 257—267-беттер).

Коммунистер одағы — пролетариаттың тұңғыш халықаралық коммунистік ұйымы, ол 1847 жылғы июньнің басынан 1852 жылғы 17 ноябрьге дейін өмір сүрді. Коммунистер одағы жұмысшылар мен қолөнершілер XIX ғасырдың 30-жылдарының орта кезінде ұйымдастырған және Европаның әр түрлі елдерінде құпия әрекет еткен Әділеттілер Одағының негізінде құрылды. 1847 жылдың бас кезінде бұл Одақтың қайраткерлері Маркс пен Энгельстің көзқарастарының дұрыстығына көздері жетіп, оларға Одаққа кіруді және оны қайта құруға қатысуды, сондай-ақ Одақтың программасын жасауды ұсынды. Маркс пен Энгельс бұған өздерінің ризалығын берді. 1847 жылы июньнің басында Лондонда Әділеттілер Одағының конгресі болды; бұл конгресс тарихқа Коммунистер Одағының бірінші конгресі ретінде енді. Конгресс Маркс пен Энгельстің революциялық теориясының принциптерін өз қызметінің негізі етіп алды. Конгрестің жұмысына Энгельс қатысты. Талдап жасауға Энгельс белсене қатысқан жаңа устав коммунистік қозғалыстың түпкі мақсаттарын дәл белгіледі, ұйымға заговоршылдық сипат беретін пункттері алып тасталды; Одақты ұйымдастыру негізіне демократиялық принциптер алынды. Устав Коммунистер одағының 1847 жылғы 29 ноябрьде — 8 декабрьде Лондонда болған екінші конгресінде біржола бекітілді. Конгресс жұмысына Маркс пен Энгельс қатысты. Осы конгресс Маркс пен Энгельске манифест жазуды жүктеді, бұл манифест 1848 жылы февральда жарияланды және «Коммунистік партияның манифесі» деген атпен кеңінен мәлім болды. 1848—1849 жылдары Франция мен Германияда болған буржуазиялық-демократиялық революциялар кезінде Коммунистер одағының көптеген қайраткерлері жұмысшы табының күресіне қатысты.

1852 жылы 17-ноябрьде, коммунистердің Кёльндегі процесінен кейін көп кешікпей, Одақ Маркстің ұсынысы бойынша өзінің таратылғанын жариялады.

Пролетарлық революционерлердің мектебі, пролетарлық партияның ұйтқысы және Жұмысшылардың Халықаралық Серіктігінің (Бірінші Интернационалдың) із ашары ретінде Коммунистер одағы үлкен тарихи роль атқарды.

Ленин «Үндеудің» 1885 жылғы немісше басылымының беттерін көрсетіп отыр. «Үндеуді» Ф. Энгельс мына кітаптың қосымшаларында жариялаған: K. Marx. «Enthüllungen über den Kommunistenprozeß zu Köln» («Кёльнде коммунистерге болған процесс туралы әшкерелеулер»). Цитаттар осы басылымнан Лениннің аударуы бойынша беріліп отыр. Ленин «Үндеуді» мұқият зерттеп, бұл документке талай рет оралған.— *138*.

61 *«Neue Rheinische Zeitung»* («Жаңа Рейн Газеті») 1848 жылғы 1 июньнен 1849 жылғы 19 майға дейін күн сайын Кёльнде К. Маркстің редакциялауымен шығып тұрды. Редакцияның құрамында Ф. Энгельс, В. Вольф, Г. Веерт, Ф. Вольф, Э. Дронкс, Ф. Фрейлиграт және Г. Бюргерс болды.

Демократияның пролетарлық қанатының айбынды органы бола отырып, газет халық бұқарасын тәрбиелеуші ролін атқарды, оларды контрреволюцияға қарсы күреске көтерді. Герман және европалық революциялардың аса маңызды мәселелері бойынша газеттің қандай позиция ұстайтынын анықтаган бас мақалаларды, әдетте, Маркс пен Энгельс жазды.

«Жаңа Рейн Газетінің» батыл да ымырасыз позициясы, оның айбынды интернационализмі, оның беттерінде Пруссия үкіметіне қарсы және Кёльндегі жергілікті өкімет орындарына қарсы бағытталған саяси өткір мақалалардың басылуы,— осының бәрі газет өмір сүрген алғашқы айлардың өзінде-ақ феодалдық-монархиялық және либералдық-буржуазиялық баспасөз тарапынан, сондай-ақ үкімет тарапынан газетті қуғындау әрекетін туғызды; Пруссиядағы контрреволюциялық төңкерістен соң бұл қуғындау әрекеті тіпті күшейді.

Барлық қуғындау әрекеттері мен полиция қойған бөгеттерге қарамастан, «Жаңа Рейн Газеті» революциялық демократияның мүдделерін, пролетариаттың мүдделерін ерлікпен қорғады. 1849 жылғы майда, контрреволюция жаппай шабуылға шыққан жағдайда, Пруссияның үкіметі Маркстің Пруссия азаматтығын алмағанын пайдаланып, оны Пруссия жерінен кетіруге бұйрық берді. Маркстің Пруссиядан кетірілуі және «Жаңа Рейн Газетінің» басқа редакторларына қарсы жасалған қуғындау әрекеттері газетті шығару ісінің тоқтатылуына себеп болды. Газеттің қызыл бояумен басылған соңғы, 301-номері 1849 жылғы 19 майда шықты. Газеттің редакторлары жұмысшыларға арнаған қоштасу сөзінде «қашан және қайда болсын біздің соңғы сөзіміз жұмысшы табын азат ету болады» деп мәлімдеді.— *141.*

62 Бұл арада Ф. Энгельстің Ф. Туратиге 1894 жылғы 26 январьда жазған хаты туралы айтылып отыр, бұл хат «La futura rivoluzione italiana e il partito socialista» («Болашақ итальян революциясы және социалистік партия») деген тақырыппен Италияның екі аптада бір рет шығып тұрған «Critica Sociale» («Әлеуметтік Сын») деген басылымының 1894 жылғы 1 февральдағы 3-номерінде жарияланған болатын (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 500—503-беттер).— *143.*

63 Ф. Энгельстің «Бакунинділдердің әрекеті. 1873 ж. жазда Испанияда болған көтеріліс туралы жазбалар» деген мақаласы «Der Volksstaat» газетінің 1873 жылғы 31 октябрьдегі, 2

және 5 ноябрьдегі 105, 106, 107-номерлерінде жарияланды. Ол Ф. Энгельстің 1894 жылы «Internationales aus dem Volksstaat (1871—75)» (««Халықтық Мемлекеттен» алынған халықаралық тақырыптарға (1871—75)») деген атпен шыққан мақалалар жинағына енді. Ленин осы басылымды пайдаланды. «Бакуниншілдердің әрекеті» деген мақала В. И. Лениннің редакциялауымен орыс тіліне аударылды және РСДРП Орталық Комитеті 1905 жылы Женевада және 1906 жылы Петербургте «Пролетариат» баспасынан жеке кітапша етіп шығарды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 105—124-беттер).— *145.*

64 *Вандея* — Францияның батыс бөлігіндегі департамент, мұнда XVIII ғасырдың аяқ шеніндегі Француз буржуазиялық революциясы кезінде артта қалған шаруа халқының республикаға қарсы бағытталған контрреволюциялық көтерілісі болды. Көтерілісті католиктік дін басылары, дворяндар, эмигрант-роялистер басқарды және оны Англия қолдады.

Вандея реакциялық бүліктер мен контрреволюция ошақтарының синонимі болды.— *147.*

65 Ленин К. Маркстің «Буржуазия және контрреволюция» деген мақаласынан цитат келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 6-том, 114-бет).— *147.*

66 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 111—207-беттер.— *147.*

67 Бұл арада В. И. Ленин мен П. П. Румянцев (Филиппов) ұсынған қарар жобасына қарсы А. И. Рыковтың (Сергеевтің) съездің он үшінші мәжілісінде сөйлеген сөзі туралы айтылып отыр. Рыков: «қарардың күн тәртібіне қатысы жоқ» және оның пункттерін «либералдар туралы және үгіт туралы мәселеге жатқызуға болады» деп мәлімдеді, сондықтан оларды күн тәртібінің тиісті мәселелері талқыланған кезде қарауды ұсынды. Съезд Рыковтың ұсынысын қабылдамады. Ленин мен Румянцев енгізген қарарды съезд бір ауыздан қабылдады.— *158.*

68 Съездің он үшінші мәжілісінде революция қарсаңындағы кезеңде үкіметтің тактикасына көзқарас туралы қарардың жобасы талқыланған кезде қаулы бөлімінің «в» пункті бойынша қызу жарыс сөз өріс алды. Бұл пунктте былай делінген болатын: «пролетариат революциялық жолмен 8 сағаттық жұмыс күнін дереу енгізіп, біздің программа-минимумның барлық басты талаптарын жүзеге асыру үшін ұйымдастырылатын болсын». П. А. Красиков (Бельский) «революциялық жол» деген сөздерге қарсы шығып, оларды «нақтылы жеңіп алу» деген сөздермен алмастыруды ұсынды.

Талқылаудың нәтижесінде съезд «в» пункттің мына редакцияда қабылдады: «пролетариат 8 сағаттық жұмыс күнін, жұмысшы табының кезекте тұрған басқа да талаптарын революциялық жолмен дереу жүзеге асыру үшін ұйымдастырылатын болсын» (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 222-бет).— *159.*

69 Съездің талқылауына Ленин жазған «Шаруалар қозғалысын қолдау туралы қарардың жобасы» қойылды (қараңыз: осы том, 166—167-беттер). Бұл жоба делегаттарға алдын ала таратылып берілді және он төртінші мәжілісте Л. Б. Красин (Зимин) ұсынды. Қарарды талқылау кезінде бірқатар түзетулер енгізілді, содан кейін ол «ымыраластыру» қарарын жасау үшін комиссияға берілді. Осыған байланысты Ленин қарардың өзі ұсынатын жобасын қайта жазды. Бұл жоба «Шаруалар қозғалысына көзқарас туралы қарар» (бұл да сонда, 168—171-беттер) деген атпен съездің он бесінші мәжілісінде талқыланып, бір ауыздан қабылданды.— *160.*

70 Он жеті делегаттың мәлімдемесі съездің он үшінші мәжілісінде енгізілді. Бұл мәлімдемеде бюроға «III съездің регламентін мүмкін болғанынша дәл орындауға қам жасау... съездің жұмысын мүмкін болғанынша тезірек аяқтаудың өте-мөте қажет болуына және барлық делегаттардың әбден қажуына байланысты съезді мүмкіндігіне қарай тездету үшін барлық шараларды қолдану» ұсынылған болатын. Съездің бюросы бұл мәлімдемеге қосылды (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 214-бет).— *160.*

71 *«Қаралай бөліс»* — шаруалардың жерді жаппай қайта бөлуге, помещиктік жер иеленуді жоюға ұмтылуын білдірген ұран.

В. И. Ленин «Орыс социал-демократиясының аграрлық программасы» деген мақаласында былай деп атап көрсетті: «қаралай бөлісті» талап етудің ұсақ шаруалар өндірісін мәңгілік ету жөніндегі реакциялық утопиямен қатар революциялық жағы да, атап айтқанда: «шаруалар көтерілісі арқылы крепостниктік құрылыстың барлық қалдықтарын жоюға ұмтылушылық бар» (Шығармалар толық жинағы, 6-том, 366-бет).

Кейінірек, РСДРП екінші съезінде В. И. Ленин былай деді: «Бізге: шаруалар біздің программамызбен қанағаттанбайды, олар одан әрі барады, дейді; бірақ біз бұдан қорықпаймыз, мұның үшін біздің социалистік программамыз бар, сондықтан біз... жерді қайта бөлуден де қорықпаймыз» (Шығармалар толық жинағы, 7-том, 309-бет). РСДРП II съезінде Г. В. Плеханов та осындай пікір айтты: «Атышулы қаралай бөліс туралы мәселеге көшейін. Бізге айтады: кесінді жерлерді қайтарып беру туралы талап қоя отырып, сіздер шаруалардың бұл талаптан әрі баратынын есте ұстауға тиіс-

сіздер. Бұл бізді ешбір қорқытпайды» («РСДРП екінші съезі. Протоколдар», 1959, 223-бет).— *162*.

72 20 апрельде (3 майда), он бесінші мәжілісте А. А. Богдановтың (Максимовтың) социал-демократиялық ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынастары жөнінде жасаған баяндамасын және ол ұсынған қарардың жобасын талқылау кезінде съездің кейбір делегаттары партияда мұндай мәселе жоқ және бұл мәселе бойынша қарар қабылдаудың қажеті жоқ деп дәлелдеді.

Съезд бұл мәселені шешуді партия уставы қабылданғанға дейін кейінге қалдыра тұруға қаулы алды.

22 апрельде (5 майда), он тоғызыншы мәжілісте съезд социал-демократиялық ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынастары туралы мәселені талқылауға қайта оралды. Бірнеше қарар ұсынылды. Талқылау кезінде Ленин жазған (қараңыз: осы том, 181—182-беттер) және А. А. Богдановпен бірлесіп ұсынған жоба негіз етіп алынды. Ленин бұл мәселе жөнінде бірнеше рет сөйледі (қараңыз: осы том, 183—184-беттер). Атап дауысқа қою арқылы съезд бұл мәселе бойынша арнаулы қарар шығармауды ұйғарды.

В. И. Лениннің ұсыныстары насихат және үгіт туралы қарарда ескерілді. Бұл қарарда былай деп атап көрсетілді: «осы қозғалыспен неғұрлым тікелей байланысты және партияны онымен тығыз байланыстыратын адамдар ретінде саналы жұмысшыларды қозғалыстың басшылары роліне — үгітші, насихатшы ретінде және әсіресе жергілікті орталықтар мен жалпы партиялық орталықтың мүшелері ретінде — мүмкіндігінше көбірек тарту ерекше маңыз алады, ал партия орталықтарында интеллигенттердің осы уақытқа дейін байқалып отырған біршама көп болуына жұмысшылар арасындағы мұндай саяси басшылардың жетіспеушілігі себеп болып отыр» («РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 457-бет).— *174*.

73 Партия уставының жобасын талқылау кезінде съезд партияның ұйымдық нормаларын түп негізінен қайта жасады. Мұның негізінен алғанда басты-басты үш мәселеге қатысы болды: 1) уставтың 1-параграфын өзгерту; 2) Орталық Комитеттің праволарын және жергілікті комитеттердің кеңейтілетін автономиясын дәл анықтау; 3) бірыңғай орталық құру.

Съезд уставтың 1-параграфын Лениннің тұжырымдауында қабылдады.

Съезд РСДРП II съезі құрған Орталық Комитет пен Орталық Орган сияқты қос орталықтан көпшілік дауыспен бас тартты. Бір орталық — Орталық Комитет қалдырылды. III съезд Орталық Комитет пен жергілікті комитеттердің праволарын айқын шектеу жөніндегі комитеттердің шет аймақтарға көзқарасы және шет аймақтарға үлкен праволар беру

жөніндегі мәселеге көп уақыт бөлді. Көпшілік дауыспен 8-параграфты уставтың жобасынан алып тастау, бұл мәселе бойынша арнаулы қарар қабылдау ұйғарылды. Ленин 8-параграфтың уставта қалуын жақтап дауыс берді. 22 апрельде (5 майда), он тоғызыншы мәжілісте шет аймақтарға партия істерін хабарлап, олардың кеңесші даусымен санасып отыру жөніндегі орталық орындардың міндеттері туралы В. В. Воровскийдің (Орловскийдің) уставтың сегізінші параграфын алмастыратын қарары қабылданды (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 325, 327—328-беттер).

Комитеттер өздерінің автономиясын заңсыз пайдалана алмауы үшін, өздерін ақтамаған комитеттерді ауыстыруға мүмкіндік болуы үшін жаңа уставтың 9-параграфында былай деп жазылды: «Егер $^2/_3$ дауыспен Орталық Комитет және партия ұйымдарына енетін жергілікті жұмысшылардың $^2/_3$ бөлігі таратылсын деп бір мезгілде пікір айтса, Орталық Комитет жергілікті комитетті таратуға тиіс».— *175.*

74 В. И. Ленин А. А. Богдановтың «Ұйымдық мәселе» деген мақаласынан цитат келтіріп отыр; бұл мақалада партия уставының жаңа жобасы келтіріліп, дәлелденген болатын. Мақала «Вперед» газетінің 1905 жылғы 5 апрельдегі (23 марттағы) 13-номерінде жарияланды.— *175.*

75 «Вперед» газетінің 1905 жылғы 5 апрельдегі (23 марттағы) 13-номерінде жарияланған устав жобасының 6-параграфында былай делінген: «Партия құрамына енетін барлық ұйымдар партия қызметінің әуелде сол үшін құрылған, өздері басқаруға тиіс саласына арнаулы және ерекше қатысы бар істердің бәрін автономиялы түрде басқарады». III съезде 6-параграф басқа редакцияда қабылданды (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 461-бет).— *177.*

76 Партия уставы жобасының 7-параграфы бойынша съезде шешуші дауыс правосы бар қандай да болсын партия ұйымына өз қаражатына және өз атынан партиялық әдебиет басып шығару правосы берілген болатын. О. А. Квиткин (Петров) «барлық мерзімді партиялық басылымдар Орталық Комитеттің талап етуі бойынша оның барлық мәлімдемелерін басуға міндетті» деп А. А. Богданов (Максимов) түзету енгізген 7-параграфты жақтады.

П. А. Красиков (Бельский) партиялық әдебиетті басып шығаруға тек сол әдебиетте берілетін ұрандар халықаралық социал-демократиялық конгрестер мен партия съездерінің шешімдеріне толық сәйкес болғанда ғана рұқсат етуді ұсынды. Партия уставының 7-параграфы А. А. Богдановтың түзетуімен, Д. С. Постоловскийдің (Михайловтың) редакциясында қабылданды (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 461-бет). П. А. Красиковтың түзетуі көпшілік дауыспен қабылданбады.— *177.*

77 *Бунд* («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы Вильнодағы еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай съезінде құрылды; көбінесе Россияның батыс облыстарындағы еврей қолөнершілерінің жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. РСДРП I съезінде (1898) Бунд «еврей пролетариатына арнайы қатысты мәселелерде ғана дербестігі бар автономиялық ұйым ретінде» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», I том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет) РСДРП-ның құрамына кірді.

Бунд Россияның жұмысшы қозғалысындағы ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылдың апрелінде Бундтың IV съезі РСДРП-мен ұйымдық қатынастарды өзгертуге қаулы алды, ал бұл қатынастарды РСДРП I съезі белгілеген болатын. Бундтың съезі өзінің қарарында ол РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бірлестігі деп қарайды, ал Бунд оған федерациялық бөлегі ретінде кіруге тиіс деп мәлімдеді.

РСДРП II съезінде, Бундтың өзін еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану жөніндегі талабын съезд қабылдамай тастағаннан кейін, Бунд партиядан шықты. 1906 жылы IV (Бірігу) съезінің шешімі негізінде Бунд қайтадан РСДРП құрамына кірді.

РСДРП-ның ішінде бундшылдар ұдайы партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) қолдап, большевиктер мен большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөніндегі большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия талабын қарсы қойды. Столыпиндік реакция жылдарында Бунд жойымпаздық позицияда болды; антипартиялық Август блогын құруға белсене қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд контрреволюциялық Уақытша үкіметті қолдады, Ұлы Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында Бундтың басшылары контрреволюция күштерімен қосылып кетті. Сонымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасуды жақтаған бетбұрыс та байқалды. 1921 жылдың мартында Бунд өзін өзі таратты, ал оның мүшелерінің біразы жалпы негізде РКП(б) қатарына қабылданды.— *178.*

78 Партия уставы жобасының «Әрбір партия ұйымы өзінің бүкіл қызметімен және өзінің құрамындағы барлық адамдармен таныстыру жөніндегі барлық құралдарды Орталық Комитетке де, Орталық Органның редакциясына да жеткізіп беруге міндетті» делінген 11-параграфы талқыланған кезде А. М. Эс-

сен (Китаев): «сирек дегенде 2 аптада бір рет өз қызметі туралы Орталық Комитетке толық есебін тапсыра отырып», деген қосымша ұсынды. В. И. Ленин сөз сөйлегеннен кейін бұл қосымша көпшілік дауыспен қабылданды.— *178.*

79 Әңгіме устав жобасының 12-параграфы туралы болып отыр, бұл параграфта «Орталық Комитеттің мүшелері бір ауыздан кооптацияланады» делінген болатын. Орталық Комитеттің мүшелерін бір ауыздан кооптациялау туралы ұсыныс қабылданды.— *178.*

80 Устав жобасының 13-параграфында былай делінген болатын: «Партияның шетелдік ұйымдарының комитеті орыс қозғалысын шетелдерде насихаттау мен үгіттеуді, сонымен бірге оған жәрдемдесуді мақсат етіп отыр. Ол орыс қозғалысына Орталық Комитет ерекше тағайындаған адамдар мен топтар арқылы ғана қолдау жасайды».

Н. А. Красиковтың (Бельскийдің) қарарында былай делінді: «РСДРП III съезі Орталық Комитетке партияның шетелде насихат пен үгіт жүргізетін толық праволы комитеті правосында Шетелдік ұйымның уставын қарап бекітуді жүктейді, Шетелдік ұйымдар комитеті орыс қозғалысына қолдауы мен көмегін Орталық Комитет ерекше тағайындаған адамдар мен топтар арқылы ғана жүргізетін болуы ескерілуге тиіс».

Съезд уставтан 13-параграфты алып тастап, П. А. Красиков ұсынған қарарды қабылдады.— *178.*

81 А. А. Богдановтың (Максимовтың) Орталық Комитеттің жалпы жиналыстары туралы қарарының жобасында былай делінді: «съезд Орталық Комитеттің екі бөлігінің де», яғни Орталық Комитеттің шетелдік және россиялық бөліктерінің «сирек дегенде үш айда бір рет өтіп тұратын мерзімдік съездерін шақыруды Орталық Комитетке міндет етіп жүктейді».

Қарар көрсетілген жиналыстар «сирек дегенде төрт айда бір рет» («РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 466-бет) өткізілуге тиіс деген түзетумен қабылданды.— *179.*

82 Съездің он сегізінші мәжілісінде, 22 апрельде (5 майда) Қазан комитетінің өкілдігі туралы мәселе тағы да қойылды, өйткені бұл кезде съезге Қазан комитетінің делегаты И. А. Саммер (Савич) келген еді. Мандаттарды тексеру жөніндегі комиссия съезге «өзінің бұрынғы шешімін өзгертпеуді және Қазан комитетінің делегатын кеңесші дауыс правосымен жіберуді» ұсынды (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 314-бет).

Комитет делегаты И. А. Саммер съезден комитетке шешуші дауыс правосын беруді өтінді.

Бұл мәселені талқылағаннан кейін съезд Қазан комитетінің делегатына шешуші дауыс беру туралы Б. В. Авиловтың (Тигровтың) қарарын қабылдамай, комиссияның қарарын бекітті.— *180.*

83 П. А. Алексеев (Андреев) «партияның оқшыл қанатына көзқарас туралы мәселе жөніндегі шешімді күн ілгері білдіріп қояды» («РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 328-бет) деп мәлімдеп, қарардың бас жағын алып тастауды ұсынды (қараңыз: осы том, 181-бет).— *183.*

84 П. А. Джапаридзе (Голубин) социал-демократиялық ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынастары туралы қарар алынсын деген ұсынысты қолдай отырып, былай деді: «Комитет мүшелері бола алатын жұмысшылар жоқ дегенге таңқаламын. Керісінше (Ленин: Тыңдаңыздар! тыңдаңыздар!), олардың көптігі соншалық, бәрін бірдей комитетке енгізуге мүмкіндік жоқ, сондықтан оларды аудандық комитеттерге енгізуге тура келеді, демек оларға шешуші дауыс беру қажет» («РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959. 332-бет). Д. С. Постоловский (Михайлов) де қарар қабылдануын талап етті, ол былай деді: «жұмысшылар мен интеллигенттер арасындағы қарым-қатынас туралы мәселеге жұмысшылар көңіл бөліп отыр» және «съездің бұл мәселе жөніндегі жауабын асыға күтіп отыр... Резолюцияның басты маңызы — жергілікті комитеттерді ұйымның шеңберін кеңейтуге шақыру және оларды жұмысшылармен толықтыру... Съезд Америка ашпайды, ол тек қана партия өмірінің қорытындысын шығарады. (Ленин: Әбден дұрыс!)» (бұл да сонда, 333-бет).

Бұл арада Ленин Джапаридзе мен Постоловскийдің осы мәлімдемелерін айтып отыр.— *184.*

85 Қарардың жобасында былай делінген болатын: «Партия жұмысын біріктіруді партия өмірінің шұғыл талабы деп біліп, мұндай біріктіруге ең алдымен жұмыс процесінде және партия қызметкерлерінің мүмкіндігінше неғұрлым көбі жалпы партиялық ұрандарды бірлесіп талқылағанда қол жетеді деп біліп, партияның III съезі Орталық Комитеттің осы мақсаттарды көздеп жергілікті комитеттердің өкілдерінен конференциялар ұйымдастыруы қажет деп санайды».

В. И. Ленин қарарға түзетулер енгізді және Г. Л. Шкловский (Дедушкин) мен А. И. Рыков (Сергеев) ұсынған қосымшаларға қарсы шыққан Л. Б. Красин (Зимин) мен Д. С. Постоловскийді (Михайловты) қолдады (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 342-бет). В. И. Лениннің қарарға енгізген түзетулері қабылданды.— *185.*

86 Қарардың жобасы В. И. Лениннің қолымен жазылды. Жиырмасыншы мәжілісте А. М. Эссен (Китаев) мен Р. С. Землячканың (Осиповтың) атынан съездің талқылауына енгізілді. Съезд қарарды жариялауға жатпайтын қарар ретінде қабылдады.— *186.*

87 П. П. Румянцев (Филиппов) ұсынған қарар жобасында былай деп көрсетілді: съездің шешімдеріне бағынудан бас тартатын меньшевиктік ұйымдар жөнінде шет аймақтарда және жұмысшылар бұқарасында тұтас меньшевиктік ұйымдарға қарсы және жеке адамдарға қарсы үгіт жүргізілмеуге тиіс және қосарлас ұйымдар өмір сүріп отырған жерлерде меньшевиктік комитеттерді тарату және большевиктік комитеттерді баянды ету өте сақ жүргізілуі керек, жергілікті комитет мүшелерінің көбінің РСДРП III съезінің шешімдеріне бағынбайтындығы мейлінше анықталғаннан кейін ғана жүргізілуге тиіс. Талқылаудың нәтижесінде қарардың бірінші бөлімін съезд қабылдамай тастады, ал екінші бөлімі жариялауға жатпайтын бөлім ретінде Ленин мен Богдановтың (Максимовтың) тұжырымымен қабылданды (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 363-бет).— *187.*

88 Жиырма бірінші мәжілісте, 23 апрельде (6 майда) ұлттық социал-демократиялық ұйымдарға көзқарас туралы қарардың В. В. Воровский (Орловский) ұсынған жобасы талқыланды. Жобада былай делінген болатын: «... РСДРП III съезі II съездің федерализм туралы мәселеге көзқарасын қолдай отырып, жергілікті жердегі жұмысты үйлестіру және осы арқылы барлық социал-демократиялық партияларды бірыңғай РСДРП-ға біріктіру мүмкіндігін даярлау мақсатында ұлттық социал-демократиялық ұйымдармен келісімге келу үшін барлық күшті жұмылдыруды Орталық Комитетке де, сондай-ақ жергілікті комитеттерге де жүктейді» («РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 365-бет).

Д. С. Постоловский (Михайлов) бұл текстті былай деп өзгертуді ұсынды: «*бірлесіп* күш-жігер жұмсауды жергілікті ұйымдарға, сондай-ақ Орталық Комитетке де жүктейді» (бұл да сонда). Ол өзінің ұсынысын «келісімді тек Орталық Комитет қана емес, сонымен бірге жергілікті комитеттер де қамтамасыз еткенде» (бұл да сонда, 371-бет) ғана келісімге келуге болады деп дәлелдеді. Бұл түзетуге В. И. Ленин қарсы болды. Съезд түзетуді қабылдамады.— *188.*

89 А. В. Луначарскийдің (Воиновтың) хабарын толықтыра отырып, В. И. Ленин «The Times» деген ағылшын газетінің 1905 жылғы 6 майдағы 37700-номерінде «Semstwo congress at Moscow. Purposes and prospects» («Москвадағы земство съезі. Міндеттер мен мақсаттар») деген тақырыппен Москвадан жарияланған корреспонденциядан цитат келтірді. (Коррес-

понденцияның аудармасын Лениннің XXVI жинағынан қараңыз, 1934, 229—231-беттер).

Москвадағы земство съезі туралы В. И. Лениннің «Кертартпа буржуазияның кеңестері» (осы том, 236—240-беттер) деген мақаласын қараңыз.

«The Times» («Замана») — 1785 жылы Лондонда негізі қаланған күнделікті газет; ағылшын буржуазиясының ірі консервативтік газеттерінің бірі.— *189.*

90 *ППС — Поляк социалистік партиясы* (Polska Partia Socjalistyczna) — реформистік ұлтшылдық партия, 1892 жылы құрылған. Пилсудский мен оның жақтастары басқарған Поляк социалистік партиясы тәуелсіз Польша жолындағы күрес ұранымен әрекет етіп, поляк жұмысшылары арасында сепаратистік ұлтшылдық насихат жүргізді, самодержавие мен капитализмге қарсы орыс жұмысшыларымен бірлесіп күресуден олардың назарын басқа жаққа бұрып әкетуге тырысты.

Поляк социалистік партиясының бүкіл тарихы бойында бұл партияның ішінде қатардағы жұмысшылардың ықпалымен солшыл топтар пайда болып отырды. Олардың ішінен кейбірі кейін поляк жұмысшы қозғалысының революциялық қанатына қосылды.

1906 жылы Поляк социалистік партиясы Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» және оңшыл, шовинистік, Поляк социалистік партиясы-«революцияшыл фракция» деп аталатын екі жікке бөлінді.

Большевиктер партиясының ықпалымен, сондай-ақ ПКмЛСД-ның (Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының) ықпалымен Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» бірте-бірте дәйекті революциялық позицияларға көшті.

Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» басым көпшілігі интернационалистік позицияда болды, 1918 жылдың декабрінде Польша Корольдігі мен Литва Социал-демократиясына қосылып бірікті. Біріккен партиялар Польша Коммунистік жұмысшы партиясын (1925 жылға дейін Польша Коммунистік партиясы осылай аталды) құрды.

Оңшыл Поляк социалистік партиясы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде национал-шовинизм саясатын одан әрі жүргізе берді; ол Галиция жерінде поляк легиондарын ұйымдастырды, бұл легиондар Австрия-Германия империализмі жағында соғысты. Польша буржуазиялық мемлекеті құрылғаннан кейін оңшыл Поляк социалистік партиясы 1919 жылы бұрын Германия мен Австрия басып алған Польша жеріндегі Поляк социалистік партиясының бөлімдерімен бірікті, сөйтіп тағы да Поляк социалистік партиясы аталды. Ол үкімет басына келгеннен соң өкімет билігінің поляк буржуазиясының қолына көшуіне көмектесті, онан кейін үнемі

антикоммунистік насихат жүргізді, Совет еліне қарсы агрессия саясатын, Батыс Украина мен Батыс Белоруссияны басып алу және езу саясатын жақтады. Поляк социалистік партиясының мұндай саясатпен келіспеген жеке топтары Польша Коммунистік партиясының қатарына келіп қосылды.

Пилсудскийдің фашистік төңкерісінен кейін (май, 1926) Поляк социалистік партиясы формальды түрде парламенттік оппозицияда болды, ал іс жүзінде фашистік тәртіпке қарсы белсенді күрес жүргізген жоқ, сөйтіп антикоммунистік және антисоветтік насихатты тоқтатпады. Поляк социалистік партиясы солшыл элементтері бұл жылдары поляк коммунистерімен ынтымақтасып, бірқатар науқандар кезінде бірыңғай майдан тактикасын қолдады.

Екінші дүние жүзілік соғыс кезінде Поляк социалистік партиясы тағы да екіге бөлінді. Оның «Wolność, Równość, Niepodległość» («Бостандық, Теңдік, Тәуелсіздік») деп аталған реакцияшыл, шовинистік бөлегі Лондондағы реакцияшыл поляк эмиграниттық «үкіметіне» қатысты. Өзін «Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы» (ПСЖП) деп атаған Поляк социалистік партиясының екінші, солшыл бөлегі 1942 жылы құрылған Поляк жұмысшы партиясының (ПЖП) ықпалымен гитлершіл басқыншыларға қарсы күрестің халықтық майданына қосылып, Польшаны фашистік езгіден азат ету жолында күрес жүргізді және СССР-мен достық байланыс орнату позициясын ұстады.

1944 жылы, Польшаның шығыс бөлегі неміс басқыншылығынан азат етіліп, Поляк ұлт азаттығы комитеті құрылғаннан кейін, Поляк социалистерінің жұмысшы партиясы қайтадан Поляк социалистік партиясы деп аталды, сөйтіп Поляк жұмысшы партиясымен бірге халықтық-демократиялық Польшаның құрылысына қатысты. 1948 жылдың декабрінде Поляк жұмысшы партиясы мен Поляк социалистік партиясы бірігіп, Поляк біріккен жұмысшы партиясын (ПБЖП) құрды.

Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД) — поляк жұмысшы табының революциялық партиясы, 1893 жылы бастапқыда Польша Корольдігінің социал-демократиясы ретінде пайда болды, поляк социал-демократтары мен литван социал-демократтарының бір бөлегі біріккен Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиялық ұйымдарының съезінен кейін, 1900 жылғы августан бастап Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД) деп аталатын болды. Партияның сіңірген еңбегі сонда, ол поляк жұмысшы қозғалысын орыс жұмысшы қозғалысымен одақтасуға бағыттады және ұлтшылдыққа қарсы күресті.

1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы большевиктік пар-

тияның ұрандарына жақын ұрандарды басшылыққа алып күрес жүргізді, либерал буржуазия жөнінде ымырасыз позиция ұстады. Сонымен бірге Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының бірқатар қателіктері болды, ол социалистік революцияның лениндік теориясын түсінбеді, партияның демократиялық революциядағы басшылық ролін түсінбеді, жұмысшы табының одақтасы ретіндегі шаруалардың ролін, ұлт-азаттық қозғалысының маңызын жете бағаламады. В. И. Ленин Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының қате көзқарастарын сынай отырып, сонымен бірге Польшаның революциялық қозғалысы алдында оның сіңірген еңбектерін де атап көрсетті. Ол былай деп атап айтты: поляк социал-демократтары «Польшада бірінші рет таза пролетарлық партия құрды, Польша мен орыс жұмысшысының өздерінің таптық күресінде өте тығыз одақ жасауының орасан зор маңызды принципін жариялады» (Шығармалар, 20-том, 448-бет). РСДРП IV (Бірігу) съезінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы территориялық ұйым ретінде РСДРП-ның құрамына қабылданды.

Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтап, Польшада пролетарлық революцияның жеңуі жолындағы күресті өрістетті. 1918 жылы декабрьде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы мен Поляк социалистік партиясы-«солшылдардың» Бірігу съезінде екі партия бірігіп, Польша Коммунистік жұмысшы партиясын құрды.

Поляк социалистік «Пролетариат» партиясы 1900 жылы Поляк социалистік партиясынан (ППС) бөлінген топтардан құрылды. Социал-демократиялық программаны жалпы мойындаумен қатар бұл партия жеке террор тактикасы мен ұйымның федералистік принципін жақтады. «Пролетариат» партиясы поляк революциялық қозғалысын Россиядағы революциялық қозғалыспен жақындастыруды жақтады; ол күрестің ең таяудағы мақсаты ретінде партия Россияда демократиялық конституция болуы, ол бойынша Польшаға автономия берілу талабын қойды. «Пролетариат» партиясы поляк революциялық қозғалысында елеулі роль атқара алмады; 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін өмір сүруін тоқтатты.

Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы 1904 жылы июньде партияның I съезінде құрылды. 1905 жылы июньде Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясының II съезінде партияның программасы қабылданды. 1905 жылы жұмысшылардың революциялық бой көтерулеріне басшылық жасап, бұқараны қарулы көтеріліске әзірледі.

IV (Бірігу) съезінде (1906) территориялық ұйым ретінде РСДРП-ның құрамына енді. Съезден кейін Латыш өлкесінің Социал-демократиясы деп атала бастады.

«Армян социал-демократиялық жұмысшы ұйымын» («ерекшешілдер») армян национал-федералист элементтері РСДРП II съезінен кейін көп кешікпей құрған болатын, Бундшылдар сияқты «ерекшешілдер» партия құрудың федерациялық принципін, яғни пролетариатты ұлттық белгісі бойынша бөлуді талап етті, сөйтіп өздерін армян пролетариатының бірден-бір өкілі деп жариялады. Өздерінің ұлтшылдығын ақтау үшін олар «әрбір ұлттың ерекше жағдайларын» тілге тиек етті. В. И. Ленин Россиядағы социал-демократиялық ұйымдардың 1905 жылғы сентябрьде шақырылатын конференциясына байланысты РСДРП Орталық Комитетіне жолдаған хатында былай деп жазды:

««Армян с.-д. федерациясы» жөнінде ерекше сақтандырам. Егер сіздер оның конференцияға қатысуына келісім берген болсаңыздар, онда *үлкен* қате жасағансыздар, оны *қайткенде де* түзету керек. Олар женевалық қос іріткішілер, бұлар осында, Кавказбен ешбір *елеулі* байланыстары болмай-ақ, мүлдем түкке тұрғысыз бірдеңелер бастырып шығарып жүр. Ол — кавказдық бундизмге нәр беріп отыру үшін әдейі ойлап шығарылған, *Бундтың қойған адамдары,* басқа түк те емес... Кавказдық жолдастардың күллісі әдебиетші-іріткішілердің бұл шайкасына қарсы...» (Шығармалар, 34-том, 340-бет).

Армян революциялық федерациясы (Дрошак) — бұл арада контрреволюциялық, буржуазиялық-ұлтшылдық «Дашнакцутюн» партиясы туралы айтылып отыр; «Дрошак» («Ту») — оның орталық органы. «Дашнакцутюн» XIX ғасырдың 90-жылдарының бас кезінде пайда болды. Бұл партия халықтар арасында ұлттық алауыздық пен дұшпандықты өршіте отырып, жұмысшылар мен шаруалардың революциялық қозғалысына қарсы күресті, Арменияны ұлттық жағынан оқшаулау саясатын жүргізді.

1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде дашнактар армян буржуазиясының мүдделерін білдіре отырып, ұлттық оқшаулану саясатын жүргізді, армян халық бұқарасының назарын жалпы россиялық революциялық қозғалыстан басқа жаққа аударды, сөйтіп Армениядағы, сондай-ақ бүкіл Закавказьедегі жұмысшы қозғалысына зор нұқсан келтірді.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің саясатын қолдап отырды.

Октябрь социалистік революциясынан кейін дашнактар меньшевиктермен, эсерлермен және мусаватистермен бірге контрреволюциялық блокта большевиктерге қарсы әрекет жасады. 1918—1920 жылдары дашнактар Арменияның буржуазиялық-ұлтшылдық контрреволюциялық үкіметін басқарды; олардың барлық әрекеттері Арменияны шетел империалистерінің отарына және ағылшын-француз интервенттері мен орыс ақ гвардияшыларының Совет өкіметіне қарсы күрестегі тірек пунктіне айналдыруға жәрдемдесті. Армения

еңбекшілері большевиктер партиясының басшылығымен Қызыл Армияның қолдауы арқасында 1920 жылғы ноябрьде дашнак үкіметін құлатты. Совет өкіметі жеңгеннен кейін Закавказьедегі «Дашнакцутюн» партиясы талқандалып, жойылды.

«Белорус социалистік громадасы» — ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық ұйым, 1902 жылы «Белорус революциялық громадасы» деген атпен пайда болды. Ол белорус буржуазиясының, помещиктері мен кулактарының мүдделерін қорғады, революциялық тап күресін бекерге шығарды, белорус халқын орыс революцияшыл жұмысшы табынан бөліп алуға, оқшаулауға тырысты. Белорус халқының еңбекшілер бұқарасы олардың бұл әрекеттерін мүлдем қолдамады. Ұлт мәселесінде олар «мәдени-ұлттық автономияны» талап етті. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін «Белорус социалистік громадасы» буржуазиялық Уақытша үкіметтің саясатын қолдап отырды. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін Белорус громадасы бірқатар контрреволюциялық топтарға бөлініп кетті; бұл топтар ақ гвардияшылармен және шетел интервенттерімен бірге Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді.

«Латыш социал-демократиялық одағы» 1900 жылдың күзінде шетелде құрылды, «Одақ» өзінің талаптары жағынан орыс эсерлеріне жақын болды және едәуір шамада ұлтшылдық тенденциялармен уланған еді. 1905 жылы «Одақ» шаруалардың бір бөлегі арасында уақытша біраз ықпалға ие болды, бірақ көп кешікпей оны Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы ығыстырып шығарды. Бұдан кейінгі жерде «Одақтың» азды-көпті айтарлықтай ролі болмады.

«Финляндияның табанды қарсыласу партиясын» 1903—1904 жылдары Финляндияның буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық интеллигенциясы мен студент жастарының бір тобы Финляндияда патша өкіметін құлату және оның орнына конституциялық тәртіп орнату мақсатын көздеп құрған болатын. Партия өздері тығыз қарым-қатынаста болған орыс эсерлерінің авантюристік тактикасын қабылдап алды, үкімет өкілдеріне бірқатар қастандықтар ұйымдастырды, бомба жасауды жолға қойды. Партия спорт қоғамы дегенді бүркеніш етіп, буржуазияны патша өкіметіне қарсы күресуден гөрі, жұмысшыларға қарсы күресу үшін қаруды қолдана білуге үйретті.

Финляндия жұмысшы партиясы 1899 жылы құрылды, 1903 жылы Финляндия Социал-демократиялық партиясы болып қайта аталды.

1905—1907 жылдардағы революция партия басшыларының оппортунизмін көрсетіп берді, партия басшылары оқиғалардың соңынан салпақтап ере беретін еді. Партияның солшыл

элементтері пролетариаттың дербес күресін жақтағанымен, партияны оппортунистерден тазарту жөнінде батыл шаралар қолданбады. Финляндия социал-демократтары күрестің жария формаларын ғана қолданып, пролетариатты оны езушілерге қарсы қарулы күреске әзірлемеді.

1918 жылы фин социал-демократиясы жікке бөлінді: оның революцияшыл элементтері коммунистік партияны құрды, реакцияшыл элементтері Екінші Интернационалдың неғұрлым оңшыл партияларының бірі болды.

Екінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Финляндия социал-демократиясы мүшелерінің бір бөлегі бейбітшілік пен демократия жолындағы күреске белсене қатысып, коммунистермен жақындасуға ұмтыла бастады.

Грузин социал-федералист-революционерлер партиясы — буржуазиялық-ұлтшылдық партия, 1904 жылы апрельде құрылды. Россия буржуазиялық-помещиктік мемлекеті шеңберінде Грузияға ұлттық автономия беруді талап етті. Реакция жылдарында социал-федералистер революцияның ашық жаулары болды.

Социал-федералистер партиясы меньшевиктермен және анархистермен бірлесіп қимыл жасап, Закавказье еңбекшілерінің патша өкіметі мен капитализмге қарсы біртұтас интернационалдық майданын бұзуға тырысты.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін социал-федералистер грузин меньшевиктерімен, дашнактармен және мусаватистермен бірлесіп, контрреволюциялық блок құрды, бұл блокты герман-түрік интервенттері, ал кейінірек ағылшын-француз интервенттері қолдады.

Революциялық украин партиясы (РУП) — ұсақ буржуазиялық, ұлтшылдық ұйым; 1900 жылдың бас кезінде құрылды. Украин буржуазиясының Украинаға «автономия» беру туралы негізгі ұранын қолдады. 1905 жылғы декабрьде РУП Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы (УСДЖП) болып қайта аталды және Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы РСДРП-дағы «украин пролетариатының бірден-бір өкілі» деп танитын болсын деген шарт қойып, РСДРП-мен федерациялық негізде бірігу туралы шешім қабылдады. РСДРП IV (Бірігу) съезі Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы өкілінің бірігу шарттарын дереу талқылау туралы ұсынысын қабылдамай, бұл мәселені шешуді РСДРП Орталық Комитетінің қарауына берді. Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының ұсақ буржуазиялық-ұлтшылдық сипатына байланысты бірігу туралы мәселе жөнінде келісім жасалынбады.

Ұлттық программа саласында Бундтың ықпалында болды және соған ілесе мәдени-ұлттық автономия талабын ұсынды.

Кейін Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы буржуазиялық-ұлтшылдық контрреволюция лагеріне қосылды.

Украин социалистік партиясы (УСП) 1900 жылы оң жағалық Украинада құрылды. 1903 жылы Революциялық украин партиясымен (РУП) бірікті.

Литва социал-демократиялық партиясы 1896 жылы құрылды. Партияны басқару буржуазияның мүдделерін қорғаған оппортунистік элементтердің қолында болды. Оппортунистер Литвадағы жұмысшы қозғалысын буржуазиялық-ұлтшылдық жолына бағыттауға, оны Россия жұмысшыларының революциялық қозғалысының ықпалынан оқшаулауға тырысты. Литва социал-демократиялық партиясының қатарында интернационалдық элементтердің оппортунизм мен ұлтшылдыққа қарсы күресі жүріп жатты. Оппортунистерді әшкерелеу, түрлі ұлттардың жұмысшыларын топтастыру жөнінде Ф. Э. Дзержинский зор жұмыс жүргізді, ол сол кезде Литва социал-демократиялық партиясының мүшесі еді. 1900 жылы Ф. Э. Дзержинскийдің инициативасы бойынша, Литва социал-демократиялық партиясындағы интернационалдық элементтердің бір бөлегі Поляк Корольдігі социал-демократиясымен қосылып, бірыңғай Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы болып бірікті, ол 1906 жылы РСДРП IV (Бірігу) съезінде РСДРП қатарына алынды.

1905 жылы партия «Литва социал-демократиялық партиясы (ЛСДП) деп аталатын болды. 1905—1907 жылдардағы революциялық оқиғалардың ықпалымен Литва социал-демократиялық партиясының ішінде ұлтшылдық басшылыққа қарсы оппозиция шығайды. Большевиктік партияның ықпалымен Литва социал-демократиялық партиясының таңдаулы пролетарлық бөлігі революциялық социал-демократия жолына түсті. 1907 жылы Литва социал-демократиялық партиясының VII съезінде РСДРП-мен бірігу туралы шешім қабылданды. Алайда бірігу іс жүзіне асырылған жоқ.

1918 жылы Литва социал-демократиялық партиясының революциялық қанаты социал-шовинистерден қол үзіп, Литва Коммунистік партиясын құрды.— *191.*

91 Жиырма үшінші мәжілісінде съезд Орталық Комитеттің Л. Б. Красин (Зимин) жасаған есепті баяндамасын тыңдап, талқылады.

Баяндаманы талқылаудың барысында кейбір делегаттар Орталық Комитеттің есебінде оның саяси қызметі бейнеленбегенін атап көрсетіп, Орталық Комитет өкілінің Орталық Комитет қандай себептерге байланысты саяси көсем ролін атқара алмағанын, партияны басқара алмағанын съезге айтып беруін талап етті. Орталық Комитеттің баяндамасы

бойынша екінші рет сөйлеген сөзінде «сот туралы» айтқанда, Ленин Орталық Комитеттің есебі жөніндегі осы мәлімдемелерді айтқан болатын.— *196.*

92 В. И. Лениннің бұл сөздерінің мына фактіге қатысы бар еді: РСДРП Орталық Комитеті партияның III съезін шақыруға қарсы ұзақ уақыт бойы күрес жүргізгеннен кейін, әйткенмен де Көпшілік Комитеттері Бюросымен бірге Ұйымдастыру комитетін құру туралы шешім қабылдаған болатын; Ұйымдастыру комитеті меньшевиктік партия Советінің қарсылығына қарамай, съезд шақырды. Съезде Орталық Комитеттің екі мүшесі: Л. Б. Красин (Зимин, Винтер) және А. И. Любимов (Марк, Летнев) болды.— *196.*

93 Қарарды съезд бір ауыздан қабылдады.— *199.*

94 Съезд Ленин жазған қарар жобасын қабылдады.— *201.*

95 Протокол комиссиясы съездің жиырма үшінші мәжілісінде, 25 апрельде (8 майда) сайланды, оның құрамында В. М. Обухов (Камский), В. В. Воровский (Орловский), Н. К. Крупская (Саблина) болды. Протоколдар бірінші рет 1905 жылдың күзінде Женевада жұқа қағазға ұсақ әріппен терілген шағын кітап болып басылып шықты.— *201.*

96 1905 жылдың көктемінде революциялық қозғалыс бүкіл Россияны, соның ішінде Кавказды да қамтыды.

1905 жылғы марттың аяғында — апрельдің басында Бакуде, Тифлисте және басқа қалаларда темір жолшылардың жаппай саяси стачкасы бұрқ ете түсті. Тифлисте темір жолшылармен бірге баспахана жұмысшылары ереуіл жасады. Қаланың көшелерінде полициямен және казактармен соқтығыстар болды. Стачкалық күреске Батумның, Потидің, Кутаистің жұмысшылары да қатысты. Закавказье темір жолындағы ереуілді басып-жаншу үшін әскерлер жіберілді. Закавказьеде, әсіресе Гурияда шаруалар қозғалысы кең қанат жайды.

В. И. Ленин Кавказдағы революциялық оқиғаларға зор көңіл бөліп қадағалап отырды. Оның ұсынысы бойынша партияның III съезі бұл мәселе жөнінде ерекше қарар қабылдауды ұйғарды.

Кавказдағы оқиғалар жөніндегі қарардың жарияланып отырған жобасын В. И. Ленин жазған, бұл жоба В. И. Ленин мен М. Г. Цхакаяның (Барсовтың) атынан 26 апрельде (9 майда) съездің жиырма бесінші мәжілісінде сол мәжілісте Цхакая ұсынған қарарға түзету ретінде ұсынылды, сөйтіп съезд оны бұл мәселе жөніндегі қарар ретінде қабылдады.— *202.*

97 О. А. Квиткин (Петров) Кавказдағы оқиғалар жөніндегі қарар жобасының соңындағы «қарулы күшпен» деген сөздерді

«олардың қолында бар барлық құралдармен» деген сөздермен ауыстыруды ұсынды («РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 442-бет). Квиткиннің түзетуін съезд қабылдады.— *203.*

98 Бұл арада «Съездің құрылымы туралы» қарар айтылып отыр; қарар «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 27(14) майдағы 1-номерінде «РСДРП III съезі туралы хабардан» тікелей кейін басылды (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 449—450-беттер).—*218.*

99 III съездің «Съездің құрылымы туралы» қарарына ескерту ретінде «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 27(14) майдағы 1-номерінде басылған болатын.— *223.*

100 *Орталық Комитеттің ультиматумы* меньшевиктерге 1903 жылғы 12 (25) ноябрьде қойылды. Партиядағы дағдарысты жою үшін меньшевиктерге жасалатын мүмкін болатын практикалық кеңшіліктерді баяндаған ультиматумның негізгі пункттерін Ленин 1903 жылғы 22 октябрьде (4 ноябрьде) Орталық Комитетке жазған хатында белгілеп берген болатын: 1) «Искраның» редакциясына бұрынғы төрт редакторды кооптациялау; 2) Орталық Комитеттің қалауы бойынша оппозицияның екі мүшесін Орталық Комитетке кооптациялау; 3) Шетелдік лигадағы бұрынғы жағдайды қалпына келтіру; 4) партия Советінде меньшевиктерге бір дауыс беру. Қосымша, 5-шарт: партияның II съезінде және одан кейін болған дау-шар жөнінде даттаудың, керістің және әңгімелердің бәрін тоқтату. «Ультиматумды қабылдамаған күнде,— деп атап көрсетті Ленин,— ақырына дейін соғысу» (Шығармалар, 34-том, 183-бет). Лениннің бұл ұсыныстары (қосымша шарттан басқасы) Орталық Комитеттің 12(25) ноябрьдегі ультиматумының мазмұнына кірді, бірақ Орталық Комитеттің ымырашыл пиғылдағы мүшелері оны біраз жұмсартты.

Г. В. Плеханов зор көмек көрсеткен меньшевиктер осы ультиматумнан кейінгі келесі күні Орталық Органның редакциясына бұрынғы редакторлардың бәрін кооптациялап алып, Орталық Комитеттің ультиматумын қабылдамады, сөйтіп партия көпшілігіне қарсы ашық шайқасу жолына түсті.

В. И. Ленин «Бір адым ілгері, екі адым кейін» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 8-том, 389—390-беттер) деген еңбегінде Орталық Комитеттің ультиматумына баға берді.— *229.*

101 *«Шипов» конституциясы* деп, Ленин баяу либерал, земствошылдардың оң қанатын басқарған Д. Н. Шипов жасаған мемлекеттік құрылым жобасын атап отыр. Революцияның

кең құлаш жаюын шектеуді және сонымен бірге патша үкіметі тарапынан земстволардың пайдасына кейбір жеңілдіктер алуды көздеп, Шипов патша жанынан кеңесші өкілдігі бар орган құруды ұсынды. Баяу либералдар осындай ымыраласу арқылы халық бұқарасын алдауды, монархияны сақтап қалуды және сонымен бірге өздері үшін кейбір саяси праволар алуды көздеді.— *230.*

102 *Адвокат қарарлары* — адвокаттардың 1905 жылғы 28—30 мартта (10—12 апрельде) Петербургте болып өткен бүкіл россиялық съезінің қарарлары. Съездің жұмысын және оның қарарларын сипаттай келіп, «Пролетарий» былай деп жазды: «Адвокаттар съезінің үш күн бойғы мылжыңынан оның буржуазиялық либерализмі конституцияны көксеген есек дәмесі, оның күрестен қоян жүрек қорқақтығы, әлі күшті болып отырған самодержавиенің алдында малайша жарамсақтанатыны, оның халықты екіжүзділікпен, қара басының қамы үшін жақсы көргенсігені айдан айқын көрінді». (В. Воровский. «Адвокаттардың бүкіл россиялық съезі». «Пролетарий», № 2, 3 июнь (21 май), 1905 жыл).— *234.*

103 *Халықаралық социалистік бюро* (ХСБ) — II Интернационалдың тұрақты атқарушы-информациялық органы; барлық елдер социалистік партияларының өкілдерінен Халықаралық социалистік бюроны құру туралы шешім II Интернационалдың Париж конгресінде (сентябрь, 1900 жыл) қабылданған болатын. Орыс социал-демократтарының Халықаралық социалистік бюродағы өкілдері болып Г. В. Плеханов пен Б. Н. Кричевский сайланды. 1905 жылдан бастап РСДРП-ның өкілі ретінде Халықаралық социалистік бюроға В. И. Ленин кірді. Бюроның ішінде Ленин II Интернационал лидерлерінің оппортунизміне қарсы батыл күрес жүргізді. Халықаралық социалистік бюро өз қызметін 1914 жылы тоқтатты.— *235.*

104 Айтылып отырған «арнаулы кітапша» «Le Socialiste» газетінің 8-номеріне қосымша ретінде «Troisième Congrès du Parti ouvrier Social-démocrate de Russie. Compte rendu et principales résolutions» («РСДРП үшінші съезі. Хабарландыру және басты қарарлар») деген атпен 1905 жылғы 12(25) июньде француз тілінде және сонымен бір мезгілде Мюнхенде неміс тілінде «Bericht über den III. Parteitag der S.-D. A.-P. R. mit Beifügung des Partei-Statuts und der wichtigsten Resolutionen, die auf dem III. Parteitag angenommen wurden. 1905» («РСДРП III съезі туралы хабар» және съездің қарарлары) деген атпен жарық көрді. Бұл кітапшалардың шыққаны туралы хабар «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 5 сентябрьдегі (23 августағы) 15-номерінде «Партиядан» деген бөлімде басылды.— *235.*

105 *«Пролетарий»* — апта сайын шығып тұрған большевиктік құпия газет; Партияның III съезінің қаулысы бойынша құрылған РСДРП-ның Орталық Органы. Партияның Орталық Комитеті пленумының 1905 жылғы 27 апрельдегі (10 майдағы) шешімімен Орталық Органның жауапты редакторы болып В. И. Ленин тағайындалды. Газет Женевада 1905 жылғы 14 (27) майдан 12(25) ноябрьге дейін шығып тұрды. Барлығы 26 номері шықты. «Пролетарий» ескі, лениндік «Искраның» бағытын одан әрі жалғастырды және большевиктік «Вперед» газетімен толық сабақтастығын сақтады.

Ленин газетке 90-ға жуық мақала мен заметка жазды. Лениннің мақалалары газеттің саяси бет-бейнесін, оның идеологиялық мазмұнын және большевиктік бағытын белгілеп берді. Ленин газеттің басшысы және редакторы ретінде орасан зор жұмыс атқарды. Оның жасаған редакциялық түзетулері жарияланған материалға жоғары принциптілік, аса маңызды теориялық проблемаларды қоюда және революциялық қозғалыстың мәселелерін баяндап жазуда партиялық, дәлме-дәлдік және айқындық енгізіп отырды.

Редакцияның жұмысына В. В. Воровский, А. В. Луначарский, М. С. Ольминский үнемі қатысып отырды. Редакцияда Н. К. Крупская, В. М. Величкина, В. А. Карпинский зор жұмыс жүргізді. Газет Россия жұмысшы қозғалысымен тығыз байланысты болды; газет беттерінде революциялық қозғалысқа тікелей қатынасқан жұмысшылардың мақалалары мен заметкалары басылып отырды. В. Д. Бонч-Бруевич, С. И. Гусев және А. И. Ульянова-Елизарова жер-жерден корреспонденциялар жинап, оларды Женеваға жіберіп тұру ісін ұйымдастырды. Редакцияның жергілікті партия ұйымдарымен және оқушылармен хат-хабар алысуын Н. К. Крупская мен Л. А. Фотиева жүргізді.

«Пролетарий» Россия және халықаралық жұмысшы қозғалысының елеулі оқиғаларының бәріне дереу үн қосып отырды, меньшевиктерге және басқа оппортунистік ревизионистік элементтерге қарсы аяусыз күрес жүргізді.

Газет партияның III съезінің шешімдерін насихаттау жөнінде үлкен жұмыс жүргізіп, большевиктерді ұйымдық және идеялық жағынан топтастыруда маңызды роль атқарды. «Пролетарий» Россия социал-демократиясының революциялық марксизмді дәйекті түрде қорғаған, Россияда өрістеп келе жатқан революцияның негізгі мәселелерінің бәрін талдап жасаған бірден-бір органы болды. 1905 жылғы оқиғаларды жан-жақты баяндап жаза келіп, «Пролетарий» еңбекшілердің қалың бұқарасын революцияның жеңісі жолындағы күреске көтерді.

«Пролетарий» жергілікті социал-демократиялық ұйымдарға үлкен ықпал жасап отырды. Лениннің «Пролетарий» газетіндегі кейбір мақалаларын жергілікті большевиктік газеттер көшіріп басты және листовкалар түрінде таратылды.

Ленин 1905 жылғы ноябрьдің бас кезінде Россияға жүріп кеткеннен кейін көп кешікпей газеттің шығарылуы тоқтатылды. Газеттің соңғы екі номері (25 және 26) В. В. Воровскийдің редакциялауымен шықты, бірақ осы номерлер үшін де Ленин бірнеше мақала жазды; бұл мақалалар В. И. Ленин Женевадан жүріп кеткеннен кейін жарияланды.— *235.*

106 В. И. Ленин «Пролетарийде» екі мақала болып жарияланған «Революциялық уақытша үкімет туралы» деген еңбегіне негіз етіп, РСДРП III съезінде социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы баяндамасын алды. Осы томдағы «Дайындық материалдар» бөлімінде осы еңбекке арналған заметкалар басылып отыр (415-бет).

Екінші мақаланың соңында революциялық уақытша үкіметтің міндеттеріне талдау үшінші мақалада жасалатын болады делінген. Алайда «Революциялық уақытша үкімет туралы» деген еңбектің жалғасы ретінде мұндай мақала баспасөз бетінде жарық көрмеді. Ленин революциялық уақытша үкіметтің міндеттері туралы мәселені «Революциялық уақытша үкіметтің бейнесі» (қараңыз: осы том, 380—384-беттер) деген заметкаларында, «Революциялық армия мен революциялық үкімет» (бұл да сонда, 355—364-беттер) деген мақаласында және «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» (қараңыз: Шығармалар, 9-том, 1—131-беттер) деген кітабында баяндап жазды.

«Революциялық уақытша үкімет туралы» деген еңбек сондай-ақ РСДРП Ярославль комитетінің басылымында листовка болып басылды.— *241.*

107 *Стефан Борнның жұмысшылар серіктігі* — герман жұмысшы қозғалысындағы реформистік тенденция өкілдерінің бірі Стефан Борнның 1848 жылы Германияда құрған ұйымы. «Жұмысшылар серіктігі» тек қана экономикалық күрес жүргізді және осы арқылы жұмысшылардың назарын саяси күрестен, революцияның негізгі міндеттерінен басқа жаққа аударып отырды. Ф. Энгельс Борнның «Жұмысшылар серіктігі» ұйымының қызметіне мынадай баға берді: «Оның серіктігінің ресми басылымдарында «Коммунистік манифест» көзқарастарының цехтық естеліктермен және тілектермен, Луи Блан мен Прудон көзқарастарының жұрнақтарымен, протекционизмді қорғаумен және т. т. үнемі шатасып, араласып жүретіні де сондықтан, бір сөзбен айтқанда, бұл адамдар жұрттың бәріне жарамсақтанғысы келді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлім, 1937, 221-бет). 1848—1849 жылдардағы революция кезінде «Жұмысшылар серіктігі» пролетариаттың саяси қозғалысынан сырт қалды; ол көбінесе қағаз жүзінде өмір сүрді, оның атқарған ролінің мардымсыз болғаны сонша реакция оны 1850 жылы ғана жапты.— *250.*

108 К. Маркс. «Кёльнде коммунистерге болған процесс туралы әшкерелеуләр» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 8-том, 431-бет.).— *252.*

109 В. И. Ленин бұл арада К. Маркс пен Ф. Энгельс 1850 жылы марттың аяғында жазған «Орталық комитеттің Коммунистер одағына үндеуін» айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 257—267-беттер).— *253.*

110 К. Маркс. «Гота программасына сын» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 24-бет).— *253.*

111 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Коммунистер одағының тарихы жөнінде» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 335-бет).— *253.*

112 *«Der Volksstaat»* («Халықтық Мемлекет») — газет, герман социал-демократиясының (эйзенахшылдар партиясының) орталық органы; 1869—1876 жылдары бастапқы кезде аптасына екі рет, ал кейіннен 1873 жылдан бастап аптасына үш рет В. Либкнехттің редакциялауымен Лейпцигте шығып тұрды. Газетке К. Маркс пен Ф. Энгельс қатысып отырды.— *257.*

113 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XV том, 1935, 105—124-беттер.— *257.*

114 *«Le Siècle»* («Ғасыр») — буржуазиялық күнделікті газет, Парижде 1836 жылдан 1939 жылға дейін шығып тұрған; министрлер төңірегіне жақын болған. 1905 жылы Вальдек-Руссоның министрлігінде теңіз министрі болған Ланесан газеттің редакторы болды.

Ленин цитатты Корнелидің осы газеттің 1905 жылғы 30 майдағы номерінде басылған «La fin d'une épopée» («Бір эпопеяның ақыры») деген мақаласынан алған.— *268.*

115 Бұл арада орыс либерал буржуазиясы органдарының бірі — *«Новости и Биржевая Газета»* («Жаңалықтар және Биржа Газеті») атты газет айтылып отыр. Газет Петербургте 1872 жылдан 1906 жылға дейін шығып тұрды. Газет өз беттерінде «Азаттық одағының» мақалалары мен ресми документтерін басып отырды.— *271.*

116 Бұл документ РСДРП-ның Орталық Органы «Пролетарий» газеті редакциясының 1905 жылы еврей тілінде басылып шыққан «РСДРП III съезі туралы хабар» деген кітапшаға жазған алғы сөзі болып табылады.

Кітапшада РСДРП III съезінің бұрын «Пролетарий» газетінің 1905 жылғы 27(14) майдағы 1-номерінде жарияланған

аса маңызды қарарлары берілген еді. Алғы сөзді Ленин жазған болатын. Оның орыс тіліндегі қолжазбасы осы уақытқа дейін табылған жоқ. Басылып отырған текст — кітапшаның еврей тіліндегі текстінің аудармасы.— *281.*

117 *«Наша Жизнь»* («Біздің Өмір») — күн сайын шығып тұрған либералдық бағыттағы газет, Петербургте 1904 жылғы 6(19) ноябрьден 1906 жылғы 11 (24) июльге дейін үзіліспен шығып тұрды.

«Русские Ведомости» («Орыс Ведомостары») — газет; Москвада 1863 жылдан шығып тұрды, баяу-либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 1905 жылдан газет кадеттер партиясының оң қанатының органы болды. Ленин «Русские Ведомости» «*оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» өзінше ұштастырды (Шығармалар, 19-том, 120-бет) деп көрсетті.

1918 жылы «Русские Ведомости» басқа да контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды.

«Наши Дни» («Біздің Дәуір») — күн сайын шығып тұрған либералдық бағыттағы газет; Петербургте 1904 жылғы 18(31) декабрьден 1905 жылғы 5(18) февральға дейін шығып тұрды; 1905 жылғы 7 (20) декабрьде газет қайтадан шыға бастады, бірақ небары екі номері шықты.

«Сын Отечества» («Отан Ұлы») — күн сайын шығып тұрған, либералдық бағыттағы газет, Петербургте 1856 жылдан 1900 жылға дейін және 1904 жылғы 18 ноябрьден (1 декабрьден) шығып тұрды. Газеттің қызметкерлері освобождениешілдер мен түрлі сарындағы халықшылдар болды. 1905 жылғы 15 (28) ноябрьден газет эсерлер партиясының органы болды. 1905 жылғы 2(15) декабрьде газет жабылды.— *289.*

118 *«Le Matin»* («Таң») — француздың күн сайын шығып тұрған буржуазиялық газеті; 1884 жылы негізі қаланған. Соңғы номері 1944 жылғы августа шықты.

Ленин Gaston Leroux-дің (Гастон Лерудің) «Suprême appel au tsar».— «Le peuple russe s'adresse à son empereur» («Патшаға үндеу».— «Орыс халқы өз патшасына тілегін айтуда») деген тақырыптағы корреспонденциясын цитатқа алып отыр. Корреспонденция газеттің 1905 жылғы 15 июньдегі 7781-номерінде жарияланған болатын.— *311.*

119 *«Франкфурт Газеті»* («Frankfurter Zeitung») — күнделікті газет, немістің ірі биржашыларының органы, Майндегі Франкфуртте 1856 жылдан 1943 жылға дейін шығып тұрды. 1949 жылдан «Франкфурт Жалпыға бірдей Газеті» («Frankfurter Allgemeine Zeitung») деген атпен қайтадан шыға бастады; батыс герман монополистерінің жаршысы болып табылады.

Ленин земство делегациясы туралы Петербургтен алынған корреспонденцияны цитатқа келтіріп отыр, бұл корреспонденция газеттің 1905 жылғы 16 июньдегі таңертеңгі екінші шығарылуында басылған болатын.— *311.*

120 *Кассандра* — аты аңызға айналған Троя патшасы Приамның қызы. Ежелгі грек аңызына қарағанда, Кассандраның сәуегейлік қасиеті болған, ол Троянық күйрейтіндігін күні бұрын болжап айтқан.— *321.*

121 *««Leipziger Volkszeitung» редакциясына ашық хатты»* В. И. Ленин «Пролетарий» газеті редакциясының атынан К. Каутскийдің «Die Spaltung der russischen Sozialdemokratie» («Орыс социал-демократиясының жікке бөлінуі») деген мақаласына жауап ретінде жазған болатын. Каутскийдің бұл мақаласы «Leipziger Volkszeitung»-тің («Лейпциг Халық Газеті») 1905 жылғы 15 июньдегі 135-номерінде жарияланған еді. Каутский өзінің мақаласында «Bericht über den III. Parteitag der S.-D. A.-P. R...», München («РСДРП III съезі туралы хабар...», Мюнхен) деген кітапшаны таратуға қарсы шығып, Россия социал-демократиясындағы алауыздықтардың мәнін бұрмалап көрсетті. В. И. Ленин Каутскийдің мақаласы жөнінде 1905 жылғы 12 июльде партияның Орталық Комитетіне былай деп жазды: «Каутский «Хабардың» немісше басылуы жөнінде барып тұрған арсыздық мақала басып шығарды» (Шығармалар, 34-том, 321-бет). Лениннің «Ашық хатын» «Leipziger Volkszeitung»-тің редакциясы жарияламады.

«Leipziger Volkszeitung» — герман социал-демократиясының солшыл қанатының органы. Газет 1894 жылдан 1933 жылға дейін күн сайын шығып тұрды; бірқатар жылдар бойы газетті Ф. Меринг пен Р. Люксембург редакциялады. 1917 жылдан 1922 жылға дейін газет герман «тәуелсіздерінің» органы болды; 1922 жылдан кейін оңшыл социал-демократтардың органына айналды.— *323.*

122 *«Le Socialiste»* («Социалист») — апта сайын шығып тұрған газет, француз жұмысшы партиясының, ал 1902 жылдан — Франция Социалистік партиясының теориялық органы; 1885 жылдан шыға бастады. 1905 жылдан газет Француз социалистік партиясының органы болды; 1915 жылы шығуын тоқтатты.— *327.*

123 Жұмысшы Польшаның жүрегі деп есептеліп келген Польшаның Лодзь қаласында 1905 жылғы май — июньде күшті ереуілдер болды. Революцияшыл социал-демократияның басшылығымен Лодзь жұмысшылары самодержавиеге қарсы қарулы көтеріліске мықтап әзірленді. 10 (23) июньде бүкіл қалада баррикадалар жасалды. Бұл баррикадаларда бірнеше ондаған мың жұмысшылар екі күн бойы әскерлерге қарсы кескілескен ұрыстар жүргізді. Ұрыстардың нәтижесінде 2000-ға жуық адам өлді және жараланды. Лодзь жұмысшылары-

ның көтерілісі 1905 жылғы революцияның тарихына пролетарлық қаһармандық пен халықтың ынта-жігерінің үлгісі ретінде кірді.— *328.*

124 Иваново-Вознесенск қырғыны 1905 жылғы 3 (16) июньде тоқымашы-жұмысшылардың жаппай ереуілі кезінде болды, бұл ереуіл 12 (25) майда басталған болатын. Ереуілге большевиктердің Солтүстік комитетінің большевиктер бастаған Иваново-Вознесенск тобы басшылық етті. Ереуіл кезінде жұмысшы уәкілдерінің Советі құрылды, ол революциялық ұрыстардың барысында тұңғыш жұмысшы депутаттары Советтерінің біріне айналды. Патша үкіметі ереуіл жасаған жұмысшылардың жігерін жасыту үшін Иваново-Вознесенскіге және оның төңірегіндегі мекендерге көп әскер мен полиция жинады. 1905 жылғы 2 (15) июньде вице-губернатор жиындар өткізуге тыйым салған қаулы шығарды. 1905 жылғы 3 (16) июньде таңертең жұмысшылар тыйым салынғанына қарамастан, жиынға жинала бастады. Казактар, солдаттар мен полицейлер жұмысшыларға тап беріп, оларды айуандықпен ұрып-соға бастады. Жазалау бірнеше сағатқа созылды. Бірақ бұл жазалау жұмысшылардың күреске ұмтылған жігерін мұқалта алмады. Иваново-Вознесенскідегі жаппай ереуіл 22 июльге (4 августқа) дейін созылды, ал жекелеген кәсіпорындарда іншінара ереуілдер 1905 жылғы август пен сентябрьде болды.— *328.*

125 Патша әскерлерінің Лодзьдің көтеріліс жасаған пролетариатын қанқұйлы жазалауына қарсы наразылық ретінде белгіленген Варшава жұмысшыларының жаппай стачкасы 13 (26) июньде басталды. Варшаваның бірнеше көшесінде баррикадалар жасалып, жұмысшылардың әскерлермен соқтығыстары болды.

Одесса жұмысшыларының ереуілі де 1905 жылғы 13 (26) июньде басталды. Кешке жұмысшылар алдында большевиктік комитеттің өкілі сөз сөйлеп, қарулы көтеріліске әзірленуге шақырды. 14 (27) июньде ереуіл жаппай сипат алды. Жұмысшылар баррикадалар жасай бастады. Полициямен қарулы соқтығыстар болды. 14 (27) июньнің кешінде көтеріліс жасаған «Потемкин» броненосецi Одесса рейдіне келіп тоқтады. Патшаның өкімет орындары көтеріліске шыққан теңізшілер күштерінің қала жұмысшыларымен қосылуына жол бермеу үшін арандатуға барды. 15 (28) июньнен 16 (29) июньге қараған түні қаражүздіктер порттағы қоймаларды өртеп, оларды тонай бастады. Портқа шақырылған әскерлер жиналған жұртқа оқ атты. Ешқандай жазығы жоқ көптеген адамдар оққа ұшты және жараланды.

16 (29) июньде Одессада «Потемкин» броненосецінде аға офицер өлтірген матрос Вакулинчукті жерлеу болды. Мұның өзі қуатты революциялық демонстрацияға ұласты. Қалада жұмысшылардың полициямен және казактармен соқтығыстары болып жатты. Одессадағы буржуазия мен патша

әкімшілігінің зәресі қалмады. Жұмысшылардың ұйымдасып бас көтеруі үшін кезең қолайлы еді, бірақ меньшевиктердің іріткі салушылық әрекеті салдарынан, қамауға алудың нәтижесінде Одесса большевиктері күшінің әлсіреп қалуы себепті «Потемкин» теңізшілері Одесса жұмысшыларымен біріге алмады. Броненосец 19 июньде (2 июльде) Одесса рейдін тастап шықты. Одессадағы жаппай ереуіл бәсеңдей бастады. Солай бола тұрса да, ереуілдің орасан зор маңызы болды. Бұл ереуіл басқа қалалар жұмысшыларының революциялық жігерін оятты, сөйтіп олар самодержавиеге қарсы күреске шықты.— *328.*

126 *«Русь»* («Русь») — күнделікті либералдық-буржуазиялық газет, Петербургте 1903 жылғы декабрьден шығып тұрды. Газетті шығарушы-редактор А. А. Суворин болды. 1905 жылғы революция кезінде «Русь» кадеттерге жақын болды, алайда кадеттерден де гөрі баяу позиция ұстанды. «Русь» 1905 жылғы 2 (15) декабрьде жабылды. Кейінірек газет «Русь», «Молва», «XX век», «Око», «Новая Русь» деген түрлі аттармен, үзіліспен шығып тұрды.— *333.*

127 *«Гражданин»* («Азамат») — реакцияшыл журнал; Петербургте 1872 жылдан 1914 жылға дейін шығып тұрды. XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап әсіре монархистердің органы; князь Мещерский редакциялады, үкімет қаржы беріп тұрды. Көп тараған жоқ, бірақ чиновниктік-бюрократиялық топтарға ықпал жасап отырды.— *333.*

128 *«Социал-Демократ»* — меньшевиктердің органы, «Рабочая Газета» деген тақырыпшасы болды. Женевада 1904 жылғы октябрьден 1905 жылғы октябрьге дейін шығып тұрды. Барлығы 16 номері шықты. Оның бас редакторы Ф. Дан болды.— *340.*

129 Ленин ерекше кітапша деп өзінің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабын айтып отыр.— *347.*

130 *«Berliner Tageblatt und Handelszeitung»* («Берлиндік Күнделікті Листок және Сауда Газеті») — неміс буржуазиялық газеті, 1872 жылдан 1939 жылға дейін шығып тұрды.— *349.*

131 *Стационерлер* — отар немесе жартылай отар елдердің порттарында тұрған шетелдік әскери-теңіз кемелері; полицейлік қызмет атқарады.

1905 жылы Константинополь рейдінде европалық державалардың әскери-теңіз кемелері тұрды, олар Россиядағы революцияны басып-жаншуға қатысуға әзір еді.— *349.*

132 В. И. Лениннің *«Үш конституция немесе мемлекет құрылымының үш тәртібі»* деген прокламациясы «Пролетарий» газетінің, Орталық Комитеттің және Астрахань, Вятка, Москва, Нижний Новгород, Қазан, Омск және басқа жергілікті

комитеттердің басылымында орыс тілінде, Тифлис комитетінің басылымында грузин тілінде, РСДРП Кавказ одағының басылымында армян тілінде, Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясының басылымында латыш тілінде листовка болып шығарылды.— *352.*

133 1905 жылғы майда Баку жұмысшылары большевиктердің басшылығымен стачка өткізді, ол — патша үкіметінің ұлттар арасына от салып өшіктіруіне қарсы наразылық белгісі ретінде жарияланды. Стачка кезінде жұмысшылар бірқатар экономикалық және саяси талаптар қойды: 8 сағаттық жұмыс күнін, жалақыны көбейтуді, баспасөз, жиналыс бостандығын және т. б. талап етті. Тифлисте жаппай ереуіл 20 июньнен (3 июльден) 28 июньге (11 июльге) дейін созылды. Оған Горидің, Телавтың, Кутаистың, Батумның жұмысшылары қосылды. Митингілер мен жиналыстарда құрылтай жиналысын шақыруды, қаражүздік бандыларды қарусыздандыруды, қалалардан әскерлерді әкетуді, сөз және баспасөз бостандығын жариялауды талап еткен қарарлар қабылданды.— *356.*

134 Бірінші май ереуілдері бүкіл Латвияда болды. Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің шешімі бойынша ереуілдер 30 апрельде басталды. Бірінші май ереуілі, әсіресе Либавада ұйымшылдықпен өтті. Қалада тіршілік тоқтап қалғандай болды, фабрикалар мен заводтар жұмыс істемеді, магазиндер, базарлар жабылып, трамвайлар жүрмей қалды. Латыш социал-демократтары қарулы көтеріліске әзірленуді күшейтті. Жұмысшылардың жауынгерлік жасақтары құрылып жатты, Либавада тұрған флот экипаждарының матростарымен байланыс орнатылды.

1905 жылдың жазында Либава әскери портының матростары арасында революциялық қозғалыс күшейді. 2(15) июньде жұмысшылардың жаппай ереуілі басталды. Барлық фабрикалар, заводтар мен темір жол шеберханалары ереуіл жасады. Жаппай ереуіл кезінде бес флот экипажының көтерілісі бұрқ ете түсті, бұл көтеріліске 4 мыңға дейін адам қатынасты. Көтеріліс жасаған матростар арсеналды және онда сақтаулы тұрған біраз қару-жарақты басып алды, бұрын қамауға алынған матростарды босатты. Алайда матростар мен қала жұмысшыларының күштерін біріктірудің сәті түспеді. Өкімет орындары батыл шаралар қолданып, матростарды қалаға жібермей қойды. Порттың командашысы көмекке әскерлер шақырды, сөйтіп Либавадағы көтеріліс аяусыз басып-жаншылды.— *356.*

135 *«Рубиконнан өттік»* — түпкілікті шешім қабылданғанын, бұлтармас қадам жасалғанын білдіретін сөздер. Бұл сөздер Римнің кіші консулы Юлий Цезарь (біздің заманымызға дейінгі 100—44 жылдар) заманынан қалған. Жорықтан қайтып келе жатып, ол біздің заманымызға дейінгі 49 жылы,

заңмен санаспастан Рубикон өзенінен әскерлерін алып өткен, бұл өзен Цизальпы Галлиясы провинциясы мен Италияның арасындағы шекара болатын. Цезарь осы қадамы арқылы азамат соғысын бастаған. Рубиконнан өткенде Цезарь: «Болары болды!» деп саңқ еткен, яғни соғыс басталды, шегінуге кеш деген.— *357.*

136 Россиядағы жұмысшы және шаруалар қозғалысының әсерімен, әсіресе большевиктердің армия мен флотта жүргізген социал-демократиялық насихатының ықпалымен 1905 жылғы июнь — июльде Қаратеңіз флотының мына кемелері революция жағына шықты: «Князь Потемкин Таврический» (14 (27) июнь — 25 июнь (8 июль)), оның жанында жүрген № 267 миноносец, броненосец «Георгий Победоносец» (17 (30) июнь — 18 июнь (1 июль)) және «Прут» жаттықтырушы кемесі (19—20 июнь (2—3 июль)). (Қараңыз: В. И. Лениннің «Революциялық армия мен революциялық үкімет» деген мақаласы, осы том, 355—364-беттер).— *365.*

137 Бұл арада А. В. Луначарскийдің «Европа пролетариатының революциялық күресінің тарихы жөніндегі очерктер» деген мақаласы айтылып отыр, мақала «Вперед» газетінің 1905 жылғы 14 (1) январьдағы 2-номерінде жарияланды. Бұл мақалада Париждің жұмысшылар тұратын кварталы «әулие Антоний елді мекенінің» Франция еңбекшілерінің революциялық күресінде зор роль атқарғаны айтылған болатын.— *373.*

138 *«Journal de Genève»* («Женева Газеті») — либералдық бағыттағы газет, 1826 жылдан шыға бастады. В. И. Ленин газетте 1905 жылғы 1 июльде жарияланған «Les promesses du tsar. L'attitude des partis» («Патшаның уәдесі. Партиялардың позициясы») деген мақаладан цитат келтіріп отыр.— *374.*

139 Лениннің мақаласының жазылуына «Искра» газетінің 1905 жылғы 15 майдағы 100-номерінде жарияланған «Бірінші май табыстары мен сәтсіздіктері» деген мақала себеп болды. Соңғы аталған мақалада Россиядағы 1905 жылғы бірінші май демонстрацияларына торығушылық тұрғыдан баға берілген болатын.— *375.*

140 К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Қасиетті әулет, немесе сыншыл сынға сын» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 2-том, 90-бет).— *381.*

141 Бұл арада Г. Гапонның «Россия социалистік партияларына ашық хаты» айтылып отыр, бұл хат 1905 жылғы 21 (8) февральда «Вперед» газетінің 7-номерінде және 10 февральда «Искраның» 87-номерінде басылды. Хатта Россияның барлық социалистік партияларының патша өкіметіне қарсы күресу үшін жауынгерлік келісім жасасу қажеттігі туралы айтылған болатын. Ленин бұл хатқа «Впередтің» 7-номерінде «Көтеріліс үшін жауынгерлік келісім жасасу туралы»

(Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 9-том, 296—305-беттер) деген тақырыппен басылған бас мақалада жауап берді. Ал «Искра» «Ашық хатқа...» мынадай редакциялық ескерту жасаумен шектелді: «Хатта баяндалған мәселелерге біздің көзқарасымыз осы номерде басылып отырған бас мақаладан айқын көрінеді». Бірақ «Бөлек жүріп, бірігіп соққы беру» деген бас мақалада да хатта қойылған мәселелерге жауап берілмеді.

Кейін Гапонның — арандатушы, патша охранкасының агенті екені белгілі болды.— *387.*

142 Бұл арада Ленин пролетариаттың саяси өкімет билігін жеңіп алуы туралы және социалистердің буржуазиялық үкіметке қатынасу мүмкіндігі туралы мәселені II Интернационалдың 1900 жылғы 23—27 (жаңаша) сентябрьде Парижде болған Бесінші халықаралық конгресінің талқылағанын айтып отыр. Бұл мәселені талқылаудың ерекше зор маңыз алған себебі: француз социалисі А. Мильеран 1899 жылы Вальдек-Руссоның реакциялық үкіметіне кірді, бұл үкіметке Париж Коммунасының жендеті генерал Галифе де мүше болатын. Француз социалистерінің лидері Жорестің мақұлдауымен Мильеран үкімет ереуіл жасаған жұмысшыларды атқылаған кезде де әлгі үкіметтің құрамында қала берді. Конгресс К. Каутскийдің солқылдақ екі ұшты қарарын қабылдады, бұл қарар түптеп келгенде Мильеранның тактикасын ақтайтын еді.

«Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы» деген мақаласында Ленин II Интернационалдың 1904 жылғы августа болған Амстердам конгресінде қабылдапған «Социалистік тактиканың халықаралық ережелері» деген қарарға да сілтеме жасайды (қараңыз: осы том, 26-бет).— *390.*

143 В. И. Ленин бұл арада 1901 жылғы апрельде «Искраның» 3-номерінде басылған «Жұмысшы партиясы және шаруалар» деген өз мақаласын айтып отыр (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 461—470-беттер).— *394.*

144 Бұл цифрлардың съезде болуы мүмкін дауыстардың жалпы санына қатысы бар. «Искраның» 1905 жылғы 24 февральдағы 89-номерінде жарияланған тізім бойынша РСДРП-ның толық праволы 33 комитеті болды. Олардың әрқайсысының 2 даусы бар еді, барлығы 66 дауыс болды. Партияның II съезінде қабылданған РСДРП-ның ұйымдық уставына сәйкес орталық мекемелердің (Партия Советі, Орталық Орган және Орталық Комитет) 9 даусы болды. Сөйтіп, комитеттер мен орталық мекемелердің 75 даусы болды. Бұдан кейінірек түскен мәліметтердің негізінде съезд дауыстардың жалпы саны 71 болды деп белгіленеді: 31 толық праволы ұйымның 62 даусы және партияның орталық мекемелерінің 9 даусы болды. Лениннің келтіріп отырған цифрлары да

осыдан шыққан: 75 — болжамды сан, ал 71 — толық праволы дауыстардың ақтық саны.— *398.*

145 Күн тәртібін талқылаған кезде I рубрикаға (Тактикалық мәселелер) 7 пункт және II рубрикаға (Ұйымдық мәселелер) 3, ал кейін 4 пункт белгіленді.— *398.*

146 «21» деген есеп нақтыланған күн тәртібі пункттерінің санын көрсетеді.— *399.*

147 Съезде баяндамаларды бөлудің белгіленген жоспарынан кейбір ауытқу болды. Бірінші мәселе жөнінде баяндамашы А. В. Луначарский (Воинов), қосымша баяндамашы А. А. Богданов (Вернер, Максимов) болды; екінші мәселе жөнінде — жеке баяндама болмады, бұл мәселе төңкеріс қарсаңында үкіметтің саясатына көзқарас туралы баяндаманың құрамдас бөлегі болып енді — баяндамашы П. П. Румянцев (Шмидт, Филиппов); төртінші мәселе бойынша баяндаманы В. И. Ленин, қосымша баяндаманы М. Цхакая (Барсов) жасады; жетінші мәселе бойынша баяндамашы В. И. Ленин болды.— *399.*

148 Жарияланып отырған «Социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы баяндамаға арналған материалдар» қарарды бірте-бірте талдап жасау болып табылады және мұның өзі В. И. Лениннің баяндама жазу үшін алдын ала көп жұмыс істегенін көрсетеді; баяндамада К. Маркс пен Ф. Энгельстің «Орталық комитеттің Коммунистер одағына үндеуінен» көшірмелер және Плехановтың «Өкіметті басып алу туралы мәселе жөнінде» деген мақаласына жазылған ескертпелер пайдаланылған. Қарардың жобалары, қарарға қосымша, қарарға енгізілетін түзетулер туралы сөйленген сөз және социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы баяндама осы томның негізгі материалдарында басылып отыр (132—155-беттер).— *403.*

149 В. И. Ленин бұл арада Г. В. Плехановтың 1905 жылғы 5 апрельде «Искраның» 96-номерінде басылған «Өкіметті басып алу туралы мәселе жөнінде» деген мақаласын айтып отыр.— *405.*

150 Қараңыз: Ф. Энгельс. «Империя конституциясы үшін жүргізілген германдық науқан» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 111—207-беттер).— *406.*

151 Бұл арада «Орталық комитеттің Коммунистер одағына үндеуі» айтылып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 257—567-беттер).— *407.*

152 Сөйленген сөздер стенографияға жазылып алынбады және регламент бойынша әрбір шешен мәжіліс аяқталғаннан кейін 2 сағаттан кешіктірмей съездің бюросына сөйлеген сөзінің конспектісін тапсыруға міндетті болды (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 11-бет).— *411.*

153 Насихат және үгіт туралы қарардың жобасы съездің жиырма екінші мәжілісінде, 25 апрельде (8 майда) талқыланып, қабылданды. В. И. Лениннің түзетулері мен қосымшалары қабылданып, қарарға енгізілді (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі. Протоколдар», 1959, 457-бет).

«а» пунктіне түзетуді В. И. Ленин жазып, А. А. Аристархов (Осетров) пен В. М. Обухов (Камский) енгізді.— *412.*

154 Қарардың жобасында «в» пункті былай тұжырымдалды: «Россияның барлық басты-басты аудандарында жергілікті орталықтарға көмек көрсету үшін жауапты аудандық үгітшілердің басшылығымен кешпелі үгітшілер топтарын құру жөнінде шаралар қолданылсын». Бұл текстің орнына В. И. Лениннің түзетуі алынды.— *412.*

155 Аталған тақырып бойынша рефератты Ленин Женевада 19 немесе 20 майда (1 немесе 2 июньде) және көп кешікпей Парижде оқыды. Парижде тұрған Л. А. Фотиеваға 1 немесе 2 июньде жазған хатында Ленин өзінің Парижге бармақ ойы бар екенін және сонда «Үшінші съезд және оның шешімдері» деген тақырыпта реферат оқуын ұйымдастыруды сұрады. Рефераттың мазмұны, деп жазады Ленин,— «біздің және меньшевиктердің шешімдеріне қатар талдау жасау; олардың конференциясы туралы хабар оларда тек таяуда ғана шықты, ал мен оны талдамақшымын» (Шығармалар, 36-том, 126-бет). «Хабар» туралы айтқанда Ленин меньшевиктердің «Партия қызметкерлерінің жалпы орыстық бірінші конференциясы» деген кітапшасын айтып отыр, бұл кітапша «Искраның» 1905 жылғы 15 майдағы 100-номеріне жеке қосымша болып басылған болатын. Рефераттың жоспарында Ленин осы кітапшаның беттеріне сілтеме жасайды.

Реферат жоспарының кейбір пункттерін В. И. Ленин кейінірек басылған «Үшінші адым кейін» деген мақаласында дамытты.— *413.*

156 «Партияның жікке бөлінуі очеркінде» Россия социал-демократиясының ішінде революциялық бағыт пен оппортунистік бағыттың арасындағы күрестің дамуының негізгі кезеңдері белгіленген. Жарияланып отырған жоспарға толық сай келетін мақала жоқ.

Партияның ішіндегі күрестің РСДРП III съезіне дейінгі кезеңдеріне Ленин 1905 жылғы февральда жазылған «РСДРП-дағы жікке бөлінудің қысқаша очеркі. Грейлихке хат» деген документте сипаттама береді (қараңыз: Шығар-

малар толық жинағы, 9-том, 248—255-беттер), «Партияның жікке бөлінуі очеркінде» баяндалған партия ішіндегі күрес кезеңдері Ленин 1905 жылғы августа жазған «Плеханов және жаңа «Искра»» деген жоспарда да (Лениннің V жинағы, 1926, 360—366-беттер) сол шамада көрсетілген.— *419.*

157 Бұл арада РСДРП-ның шетелдік ұйымдарының 1901 жылғы сентябрьде болып өткен «Бірігу» съезінің қарарлары туралы айтылып отыр. Съезге «Искра» мен «Заряның» шетелдік ұйымының 6 мүшесі (В. И. Ленин, Н. К. Крупская, Л. Мартов және басқалары), «Социал-демократ» ұйымының 8 мүшесі (оның ішінде «Еңбекті азат ету» тобының үш мүшесі: Г. В. Плеханов, П. Б. Аксельрод, В. И. Засулич), «Орыс социал-демократтары одағының» 16 мүшесі (оның ішінде Бундтың шетелдік комитетінің 5 мүшесі) және «Күрес» тобының 3 мүшесі қатысты. «Фрей» деген бүркеншік атпен қатысқан В. И. Ленин съезде «Одақтың» оппортунистік әрекеттерін әшкерелеген жарқын сөз сөйледі. Оппортунизмді мінейтін және Россияның барлық социал-демократиялық күштерін «Искраның» революциялық принциптері негізінде топтастыру қажет деп тапқан қарарға «Орыс социал-демократтары одағының» оппортунистік түзетулері мен қосымшалары съезде жария етілгеннен кейін съездің революциялық бөлегі («Искра» мен «Заря», «Социал-демократ» ұйымдарының мүшелері) бірігудің мүмкін еместігін мәлімдеп, съезді тастап шығып кетті. В. И. Лениннің инициативасы бойынша бұл ұйымдар 1901 жылғы октябрьде «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына» бірікті.— *419.*

158 Бұл арада 1903 жылғы 17 (30) июльден 10 (23) августқа дейін болып өткен РСДРП II съезінде дауыстардың бөлінуі туралы айтылып отыр. Съезде 51 даусы бар барлығы 43 делегат болды. Олардың ішінде: искрашыл көпшіліктің — 24 даусы, искрашыл азшылықтың — 9 даусы, «батпақтың» — 10 дауысы және искрашылдарға қарсылардың — 8 даусы (3 рабоче-делошыл және 5 бундшыл) болды. Съездегі күрестің жалпы бейнесін неғұрлым айқын көру үшін қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 8-том, 344—359-беттер.— *419.*

159 1903 жылғы 10 (23) августа РСДРП екінші съезі аяқталды. 15 (28) августа «Искра» газетінің 46-номері шықты, оны редакциялауға В. И. Ленин мен Г. В. Плеханов қатысты. Лениннің 13 (26) августы көрсеткенде нақты қандай фактіні айтқысы келгенін анықтаудың сәті түспеді. 13 (26) ноябрьде Плеханов «Искра» редакциясына меньшевиктер Аксельродты, Мартовты, Засулич пен Потресовты кооптациялап алған еді.— *419.*

160 В. И. Ленин бұл арада «Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» 1903 жылғы 13 (26) октябрь-

ден 18 (31) октябрьге дейін болып өткен II съезіндегі Мартовтың сөзі туралы айтып отыр, онда: ол, Мартов, Мартыновпен бір редакцияда жұмыс істеуге келіспес едім, деген болатын.— *419.*

161 «Искраның» бұрынғы редакторлары 1903 жылғы 25—26 сентябрьде (8—9 октябрьде) В. И. Ленин мен Г. В. Плехановқа жазған хатында «Искрада» қызмет етуге шақырған ұсыныстан бас тартып жауап берді (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 8-том, 365—366-беттер). Сірә, В. И. Ленин осы хатты айтып отырған болса керек.— *419.*

162 Бұл арада 22 большевиктің кеңесі және 19 большевиктің декларациясы туралы айтылып отыр. Кеңес 1904 жылғы августың бірінші жартысында болды (қараңыз: 21-ескерту).
19 большевиктің декларациясын РСДРП Москва комитеті 1904 жылғы октябрьде «РСДРП мүшелеріне үндеу» деген атпен бастырып шығарды (қараңыз: «РСДРП үшінші съезі». Документтер мен материалдар жинағы. М., 1955, 99—106-беттер).— *419.*

163 Аталған уақыт мерзімдері 22 большевиктің кеңесінен (1904 жылғы августың бірінші жартысы) 1905 жылғы 12 (25) апрельден 27 апрельге (10 майға) дейін болып өткен РСДРП III съезіне дейінгі екі арадағы кезеңді білдіреді.— *420.*

164 В. И. Ленин бұл арада, сірә, либералдардың «Москвада уақытша үкімет жариялаймыз» деген лепірме уәдесін айтып отырса керек, бұл жөнінде «Vossische Zeitung»-тың 1905 жылғы 25 июньдегі 293-номерінде «Die revolutionäre Bewegung in Rußland» («Россиядағы революциялық қозғалыс») деген жалпы тақырыппен басылған Ernste Anzeichen-нің заметкасында айтылған болатын.— *424.*

165 Бұл арада «Journal de Genève»-інде («Женева Газеті») 1905 жылғы 1 июльде басылған «Патшаның уәдесі» деген заметка айтылып отыр.— *424.*

166 «Gewalt—Geburtshelfer» (күштеу — кіндік шеше). Бұл арада Маркстің мына сөздері туралы айтылып отыр: «Ескі қоғам атаулының бәрі жаңа қоғамға жүкті болған кезде, күштеу жаңа қоғамның кіндік шешесі болады» (К. Маркс. «Капитал», I том, Қаз. мемл. баспасы, 1963, 759-бет.)— *424.*

167 Бұл арада Струвенің «Өзіңді қайтып табасың?» деген мақаласы туралы айтылып отыр; бұл мақаласында ол қарулы көтеріліс жасау үшін «әлеуметтік-психикалық жағдайлар туғызу керек» деп мәлімдеген болатын («Освобождение», № 71, 1905, 340-бет).— *424.*

168 1905 жылғы 17 (30) июньде Курскіде солдатты өлтіргені үшін ашынған жұрт офицерді вагонда өртеп жіберген.— *426.*

169 Сол жақтағы тізім жұмысшылардың әскерлермен соқтығыстары болған немесе әскер бөлімдерінде солдаттардың көтерілістері болған қалалардың тізбесін көрсетеді.— *426.*

170 Жоспардың алтыншы пунктінің бұл бөлегі «Революциялық армия мен революциялық үкімет» деген мақалада баяндалмады, В. И. Ленин оны басқа мақаласында — «Буржуазия самодержавиемен саудаласуда, самодержавие буржуазиямен саудаласуда» деген мақаласында талдады (қараңыз: осы том, 372—374-беттер).— *426.*

171 Либерал буржуазияның өкілі Н. А. Гредескул 1905 жылғы 19 мартта (1 апрельде) Харьковтағы заң қоғамының мәжілісінде сөйлеген сөзінде былай деп мәлімдеді: «Қазіргі заманғы Россияның бет-бейнесін мынадай түрде деп елестетуге болады: жоғарғы мәдениетті таптар үкіметке идеялық жағынан толық және ішінара іс жүзінде мойынсұнбай отыр; жұмысшы табы — идеялық жағынан да, іс жүзінде де мойынсұнбай отыр; шаруалар — саяси-идеясыз мойынсұнбаушылық болса да, іс жүзінде мойынсұнбауға толық әзір болатындай өте-мөте қауіпті күйде отыр» (Н. А. Гредескул. «Бүгінгі күн тақырыбына». Харьков, 1905, 41-бет).

Гредескулдың бұл сөзі жөнінде В. И. Ленин былай деп жазды: «Революция *факт* болуға айналды. Революцияны мойындау үшін енді революционер болудың керегі жоқ болды. Самодержавиелік үкімет іс жүзінде жұрттың көзінше іріп-шіріді, іріп-шіріп те отыр. Жария баспасөзде бір либералдың (Гредескул мырзаның) дұрыс айтқанындай, бұл үкіметке іс жүзінде мойынсұнбаушылық туды» (Шығармалар, 9-том, 116-бет).— *427.*

172 Жоспардың 9-пунктін В. И. Ленин «Революция үйретеді» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар, 9-том, 138—148-беттер) дамытты.— *427.*

173 Мақалада осы бес ұранға алтыншы ұран: сегіз сағаттық жұмыс күнін белгілеу ұраны қосылды (қараңыз: осы том, 362-бет).— *427.*

174 В. И. Лениннің тиісті листок (прокламация) жазып, бастырып шығармақ болған ниетін іске асырған-асырмағанын анықтау мүмкін болмады.— *428.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

[*Аграрная программа, выработанная совещанием земских деятелей 24 и 26 февраля (9 и 11 марта) 1905 г.*].— «Русские Ведомости», М., 1905, № 58, 2 марта, стр. 3, в отд.: Московские вести.— *49—51, 52, 55, 56—57, 392—394.*

Аграрная программа либералов — қараңыз: Аграрная программа, выработанная совещанием земских деятелей 24 и 26 февраля (9 и 11 марта) 1905 г.

Адрес царю — қараңыз: Петиция царю, принятая 25 мая (7 июня) 1905 г. на съезде земских и городских деятелей.

Аксельрод, П. Б. Объединение российской социал-демократии и ее задачи. Итоги ликвидации кустарничества.— «Искра», [Женева], 1903, № 55, 15 декабря, стр. 2—5; 1904, № 57, 15 января, стр. 2—4.— *213.*

— *Письмо к товарищам-рабочим.* (Вместо предисловия).— В кн.: Рабочий. Рабочие и интеллигенты в наших организациях. С предисл. П. Аксельрода. Изд. РСДРП. Женева, тип. партии, 1904, стр. 3—16. (РСДРП).— *122, 172.*

[*Алексеев, Н. А.*] *Андреев.* [*Проект резолюции по вопросу об обсуждении доклада ОК, внесенный на III съезде РСДРП 13 (26) апреля 1905 г.*].— В кн.: Третий очередной съезд РСДРП. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, 1905, стр. 32. (РСДРП).— *104.*

Андреев — қараңыз: Алексеев, Н. А.

[*Аристархов, А. А.*] *Осетров,* [*Романов, И. В.*] *Лесков и Лядов, М. Н.* [*Проект резолюции об отношении рабочих и интеллигентов в соц.-дем. организациях, зачитанный на III съезде РСДРП 22 апреля (5 мая) 1905 г.*].— кн.: Третий оче-

редной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. 293. (РСДРП).— *183.*

Бельский — қараңыз: Красиков, П. А.

[*Богданов, А. А.*] *Один из выводов.*— В кн.: [Ольминский, М. С.] Галерка и [Богданов, А. А.] Рядовой. Наши недоразумения. Изд. авторов. Женева, кооп. тип., 1904, стр. 60—71. (РСДРП). Подпись: Рядовой.— *42.*

— *Иванов. Организационный вопрос.*— «Вперед», Женева, 1905, № 13, 5 апреля (23 марта), стр. 2—3.— *111, 175—178.*

— *Максимов.* [*Проект резолюции об агитации и пропаганде, зачитанный на III съезде РСДРП 25 апреля (8 мая) 1905 г.*].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. 352. (РСДРП).— *412.*

— *Максимов.* [*Проект резолюции об общих собраниях ЦК, зачитанный на III съезде РСДРП 21 апреля (4 мая) 1905 г.*]. Рукопись [1].— *179.*

— *Максимов.* [*Проект резолюции об отношениях рабочих и интеллигентов в социал-демократических организациях, внесенный на III съезде РСДРП 20 апреля (3 мая) 1905 г.*].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК Женева, тип. партии, 1905, стр. 226—227. (РСДРП).— *174, 183.*

— *Максимов.* [*Проект устава партии, внесенный на III съезде РСДРП 20 апреля (3 мая) 1905 г.*].— Там же, стр. 241—243.— *175—178, 183, 185.*

[*Бранденбургский, Я. Н.*] *Евгений. Письмо члена екатеринославского большевистского комитета III партийному съезду о екатеринославской партийной организации.* Рукопись[2].— *98.*

Булыгинская конституция — қараңыз: Bulygins Wahlgesetz.

---

[1] Бірінші рет мына кітапта жарияланды: «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының 1905 жылғы кезекті үшінші съезі. Протоколдардың толық тексті. Алғы сөзін жазып, редакциялаған М. Н. Лядов, М., Мемлекеттік баспа, 1924, 314-бет. (Истпарт. Октябрь революциясы мен РКП(б) тарихы жөніндегі комиссия).

[2] Бірінші рет мына кітапта жарияланды: РСДРП үшінші съезі. Апрель — май, 1905 ж. Редакциялаған Н. К. Крупская. [М.], Партиялық баспа, 1937, 526—530-беттер. (ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Маркс—Энгельс—Ленин институты. ВКП(б) съездері мен конференцияларының протоколдары).

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер мен мақалалар жұлдызшамен белгіленді; бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

— 1905, № 3, 24 (11) января, стр. 4.— *78—79, 82.*

— 1905, № 7, 21 (8) февраля, стр. 1.— *190, 296.*

— 1905, № 8, 28 (15) февраля, стр. 1, 2—3.— *39, 41, 43, 47, 155.*

— 1905, № 9, 8 марта (23 февраля), стр. 1—2.— *43, 47.*

— 1905, № 11, 23 (10) марта, стр. 1, 6.— *78—79, 82, 160—165.*

— 1905, № 12, 29 (16) марта, стр. 1—2.— *58.*

— 1905, № 13, 5 апреля (23 марта), стр. 1, 2—4, 5—6.— *22, 37, 68—69, 70—71, 72, 94, 110, 111, 135—136, 138, 141—143, 175—178, 244—246, 247, 252—254, 255.*

— 1905, № 14, 12 апреля (30 марта), стр. 1—4, 6.— *13, 22, 37, 78—79, 82, 114, 135, 136, 138, 142, 143, 244—246, 247, 252—254, 255, 406.*

— 1905, № 15, 20 (7) апреля, стр. 1—2, 6.— *53, 163.*

— 1905, № 15, 20 (7) апреля. Отдельное приложение к № 15 «Вперед». К третьему съезду, стр. 8—12.— *111.*

— 1905, № 18, 18 (5) мая, стр. 1—2.— *236, 271.*

Всероссийский союз адвокатов. [I съезд]. 28—30 марта 1905 года. [Листовка, М., 1905]. 4 стр. Гектограф.— *234.*

**Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии.* Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904]. 387, II стр. (РСДРП).— *13—14, 26, 40—41, 43—44, 45, 54, 67—68, 79, 80, 81—82, 83, 85—87, 100, 106, 107, 110, 111, 151—152, 162, 163—165, 175—177, 180, 194—195, 208—209, 218, 226, 227, 229—230, 271, 282—283, 286, 287—289, 299—301, 337, 345—347, 361—363, 394, 413—414.*

Гапон, Г. А. [*Открытое письмо к социалистическим партиям России*].— «Вперед», Женева, 1905, № 7, 21 (8) февраля, стр. 1, в ст.: [Ленин, В. И.] О боевом соглашении для восстания.— *387.*

— *Открытое письмо к социалистическим партиям России.*— «Искра», [Женева], 1905, № 87, 10 февраля, стр. 4. Под общ. загл.: Новое письмо Г. Гапона.— *387.*

**Гапон, Г. А.* [*Приглашение на конференцию социалистических организаций России, посланное редакции «Вперед».* Листовка]. Б. м., [1905]. 1 стр. Гектограф.— *190—192.*

Главнейшие резолюции, принятые на Втором съезде Российской соц.-дем. рабочей партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 12—18. (РСДРП).— *218.*

Главнейшие резолюции [III съезда РСДРП].— «Пролетарий», Женева, 1905, № 1, 27 (14) мая, стр. 1—3.— *219, 225, 226, 230—231, 232, 413.*

Главнейшие резолюции [III съезда РСДРП].— В кн.: Извещение о III съезде Российской социал-демократической рабочей партии. С прилож. устава партии и главнейших резолюций, принятых III съездом. Изд. ЦК РСДРП. [Женева], кооп. тип., 1905, стр. 7—20. (РСДРП).— *201, 235, 322—325, 326, 327, 337.*

**Граждане! Багровое зарево начинающегося революционного пожара ярко освещает его настоящую природу, его истинное значение.* [Декларация социалистических организаций, принятая конференцией социалистических партий России, созванной Г. Гапоном. Листовка]. Б. м., [1905]. 3 стр. Гектограф.— *193—195.*

**Граждане! Великий исторический момент переживаем все мы...* [Общая политическая декларация конференции социалистических партий России, созванной Г. Гапоном. Листовка]. Б. м., [1905]. 3 стр. Гектограф.— *193—195.*

«Гражданин», Спб., 1905, № 45, 9 июня, стр. 18—20.— *333.*

Гредескул, Н. А. Две речи, произнесенные в заседании Харьковского юридического общества 19-го марта 1905 года. I. Высочайший указ правительствующему Сенату и рескрипт министру внутренних дел А. Г. Булыгину 18 февраля 1905 г. II. Современное положение в России. Харьков, тип. и лит. Петрова, 1905. 44 стр. На обл. загл.: На темы дня.— *427.*

Дейч, Л. Г. [Письмо [Красину, Л. Б.] Иогансену и [Любимову, А. И.] Валерьяну с отказом сдать дела тов. [Любимову, А. И.] Валерьяну. 7 (20) апреля 1905 г.]. Рукопись.— *85—86.*

Декларация 22 —х—қараңыз: Ленин, В. И. К партии.

Декларация от имени ЦК РСДРП и Бюро Комитетов Большинства. 12 (25) марта 1905 г.— *қараңыз:* К партии. Воззвание ЦК РСДРП и Бюро Комитетов Большинства. 12 (25) марта 1905 г.

[1] Бірінші рет Лениннің VI жинағында жарияланды, 1927, 303-бет.

[*Конституционные требования, выработанные собранием представителей городов и земств 15 и 16 (28 и 29) июня 1905 г.*].— «Русские Ведомости», М., 1905, № 161, 17 июня, стр. 3, в отд.: Московские вести.— *372.*

Конференция общепартийных работников.— «Искра», [Женева], 1905, № 100, 15 мая, стр. 8, в отд.: Из партии.— *337.*

[*Красиков, П. А.*] *Бельский. Проект резолюции об уставе заграничной организации — қараңыз:* Резолюция об уставе заграничной организации III съезда РСДРП.

[*Красин, Л. Б.*] *Зимин.* [*Проект резолюции об участии во временном революционном правительстве, зачитанный на III съезде РСДРП 19 апреля (2 мая) 1905 г.*].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК Женева, тип. партии, 1905, стр. 178—179. (РСДРП).— *154—155.*

[*Красин, Л. Б.*] *Иогансен и* [*Любимов, А. И.*] *Валерьян.* [*Письмо Л. Г. Дейчу с требованием передать все технические и денежные дела ЦК РСДРП тов.* [*Любимову, А. И.*] *Валерьяну.* 6 (19) апреля 1905 г.]. Рукопись.— *85—86.*

— [*Письмо председателю Совета РСДРП с просьбой о назначении заседания Совета не позднее 10 (23) апреля 1905 г.* 7 (20) апреля 1905 г.]. Рукопись.— *78, 84—85.*

Кричевский, Б. Н. Принципы, тактика и борьба.— «Рабочее Дело», Женева, 1901, № 10, сентябрь, стр. 1—36.— *45.*

Л. К аграрному вопросу.— «Освобождение», Штутгарт, 1903, № 9 (33), 19 октября (1 ноября), стр. 153—158.— *393.*

Л. М. — қараңыз: Мартов, Л.

[*Ленин, В. И.*] *Аграрная программа либералов.*— «Вперед», Женева, 1905, № 15, 20 (7) апреля, стр. 1.— *163.*

— [*Вторая речь при обсуждении аграрной программы 1 (14) августа 1903 г. на II съезде РСДРП*].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК Женева, тип. партии, [1904], стр. 209—210. (РСДРП).— *162.*

Ленин, В. И. [*Вторая речь при обсуждении устава партии 2 (15) августа 1903 г. на II съезде РСДРП*].— Там же, стр. 250—252.— *44.*

---

[1] Бірінші рет Лениннің V жинағында жарияланды, 1926, 284-бет.
[2] Бірінші рет Лениннің V жинағында жарияланды, 1926, 302—305-беттер.
[3] Бірінші рет Лениннің XVI жинағында жарияланды, 1931, 97-бет.

— *Маркс об американском «черном переделе».*— «Вперед», Женева, 1905, № 15, 20 (7) апреля, стр. 1—2.— *54.*

— *Народничествующая буржуазия и растерянное народничество.*— «Искра», [Женева], 1903, № 54, 1 декабря, стр. 1—2. Подпись: Н. Ленин.— *394.*

— *Новые задачи и новые силы.*— «Вперед», Женева, 1905, № 9, 8 марта (23 февраля), стр. 1.— *43—44, 45.*

— *Новый революционный рабочий союз.*— «Пролетарий», Женева, 1905, № 4, 17(4) июня, стр. 2—4.— *346—347.*

— *О боевом соглашении для восстания.*— «Вперед», Женева, 1905, № 7, 21 (8) февраля, стр. 1.— *190, 296.*

— *О временном революционном правительстве.* Статья первая: Историческая справка Плеханова.— «Пролетарий», Женева, 1905, № 2, 3 июня (21 мая), стр. 2—4.— *255.*

— *О временном революционном правительстве.* Статья вторая: Только снизу или и снизу и сверху?— «Пролетарий», Женева, 1905, № 3, 9 июня (27 мая), стр. 3—4.— *255.*

— *О нашей аграрной программе.* (Письмо III съезду).— «Вперед», Женева, 1905, № 12, 29 (16) марта, стр. 1—2. Подпись:—ъ.— *58.*

— *О созыве III партийного съезда — қараңыз:* Ленин, В. И. От редакции.

— [*Особое мнение представителей ЦК, внесенное 17 (30) января 1904 г. на заседании Совета РСДРП*].— В кн.: Шахов, Н. [Малинин, Н. И.] Борьба за съезд. (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, стр. 84—85. (РСДРП).— *67.*

— *Падение Порт-Артура.*— «Вперед», Женева, 1905, № 2, 14 (1) января, стр. 1.— *265.*

— [*Первая речь по докладу о деятельности ЦК 25 апреля (8 мая) 1905 г. на III съезде РСДРП*].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. 386. (РСДРП).— *196.*

Ленин, В. И. [*Первая речь при обсуждении устава партии 2 (15) августа 1903 г. на II съезде РСДРП*].— В кн.: Второй

текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, 1905, стр. 87. (РСДРП).— *124—125.*

— [*Проект резолюции об отношениях рабочих и интеллигентов в с.-д. организациях, зачитанный 22 апреля (5 мая) 1905 г. на III съезде РСДРП*].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. 292. (РСДРП).— *183.*

— [*Проект резолюции относительно поддержки крестьянского движения*].— «Вперед», Женева, 1905, № 11, 23 (10) марта, стр. 1, в ст.: [Ленин, В. И.] Пролетариат и крестьянство.— *160—165.*

— [*Проект резолюции по вопросу об открытом политическом выступлении РСДРП, зачитанный 19 апреля (2 мая) 1905 г. на III съезде РСДРП*].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. 190—191. (РСДРП).— *158.*

— [*Проект резолюции по поводу событий на Кавказе, внесенный 26 апреля (9 мая) на III съезде РСДРП*].— Там же, стр. 397—398.— *203.*

— *Проект устава партии, внесенный на II съезде РСДРП*[1].— *43—44.*

— *Пролетариат и крестьянство.*— «Вперед», Женева, 1905, № 11, 23 (10) марта, стр. 1.— *160—165.*

*— *Рабочая партия и крестьянство.*— «Искра», [Мюнхен], 1901, № 3, апрель, стр. 1—2.— *394.*

— *Революционная борьба и либеральное маклерство.*— «Пролетарий». Женева, 1905, № 3, 9 июня (27 мая), стр. 1—2.— *292, 312.*

— *Революционная демократическая диктатура пролетариата и крестьянства.*— «Вперед», Женева, 1905 № 14, 12 апреля (30 марта), стр. 1.— *13, 136—137, 142—143, 253, 254—255, 406.*

— *Резолюция о вооруженном восстании,* [*принятая на III съезде РСДРП*].— «Пролетарий», Женева, 1905, № 1, 27 (14) мая, стр. 1. Под общ. загл.: Главнейшие резолюции.— *220—221.*

---

[1] Жоба сақталмаған.

*[*Ленин, В. И.*] *Резолюция о вооруженном восстании,* [*принятая на III съезде РСДРП*].— В кн.: Извещение о III съезде Российской социал-демократической рабочей партии. С прилож. устава партии и главнейших резолюций, принятых III съездом. Изд. ЦК РСДРП. Женева, кооп. тип., 1905, стр. 9—10. (РСДРП). Под общ. загл.: Главнейшие резолюции.— *324, 325, 329, 331, 341—343, 355, 424.*

— [*Речь о законности съезда 13 (26) апреля 1905 г. на III съезде РСДРП*].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. 35—36. (РСДРП).— *196.*

— [*Речь по вопросу о месте Бунда в РСДРП 20 июля (2 августа) 1903 г. на II съезде РСДРП*].— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 90—92. (РСДРП).— *40.*

— [*Речь по вопросу об отношениях рабочих и интеллигентов в с.-д. организациях 20 апреля (3 мая) 1905 г. на III съезде РСДРП*].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. 234—235. (РСДРП).— *411.*

— *Русский царь ищет защиты от своего народа у турецкого султана.*— «Пролетарий», Женева, 1905, № 7, 10 июля (27 июня), стр. 1—2.— *358.*

— *Соловья баснями не кормят.*— «Вперед», Женева, 1905, № 2, 14 (1) января, стр. 2—3.— *41, 183.*

— *Социал-демократия и временное революционное правительство.*— «Вперед», Женева, 1905, № 13, 5 апреля (23 марта), стр. 3—4; № 14, 12 апреля (30 марта), стр. 3—4.—*22, 135—137, 138—139, 141—143, 244—246, 247, 252—254, 255.*

— *Третий съезд.*— «Пролетарий», Женева, 1905, № 1, 27 (14) мая, стр. 3.— *337.*

— *Что делать?* Наболевшие вопросы нашего движения. Stuttgart, Dietz, 1902. VII, 144. Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *5—6, 296, 331, 427.*

— *Шаг вперед, два шага назад.* (Кризис в нашей партии). Женева, тип. партии, 1904. VIII, 172 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *39, 40, 41—43, 44, 229.*

[*Ленин, В. И. и Плеханов, Г. В. Письмо старым редакторам «Искры» и сотруднику Л. Д. Троцкому.* 23 сентября (6 октября) 1903 г.].— В кн.: [Ленин, В. И.] Шаг вперед, два шага назад. (Кризис в нашей партии). Женева, тип. партии, 1904, стр. 117. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Ленин.— *229.*

Лесков — қараңыз: Романов, Н. В.

Листок о восстании — қараңыз: Насущные вопросы.

[*Луначарский, А. В.*] *Очерки по истории революционной борьбы европейского пролетариата.*— «Вперед», Женева, 1905, № 2, 14 (1) января, стр. 2—3.— *373.*

— *Воинов. Проект резолюции о вооруженном восстании, внесенный от его имени на III съезде РСДРП 14 (27) апреля 1905 г.— қараңыз:* Ленин, В. И. Проект резолюции о вооруженном восстании.

— [*Проект резолюции о практических соглашениях с соц.-революционерами, зачитанный на III съезде РСДРП 23 апреля (6 мая) 1905 г.*].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. 342. (РСДРП).— *194—195.*

— [*Проект резолюции об отношениях рабочих и интеллигентов в с.-д. организациях, зачитанный на III съезде РСДРП 22 апреля (5 мая) 1905 г.*].— Там же, стр. 293.— *183.*

Люксембург, Р. Организационные вопросы русской социал-демократии.— «Искра», [Женева], 1904, № 69, 10 июля, стр. 2—7.— *16—18, 339, 346—347.*

Максимов — қараңыз: Богданов, А. А.

Манифест Российской социал-демократической рабочей партии. [Листовка]. Б. м., тип. партии, [1898]. 2 стр.— *218, 282.*

Маркс, К. и Энгельс, Ф. Буржуазия и контрреволюция.— қараңыз: Marx, K. Köln, 11. Dezbr.

— *Обращение Центрального комитета к Союзу коммунистов— қараңыз:* Marx, K. u. Engels, F. Ansprache...

— *Циркуляр против Криге—қараңыз:* Marx, K. u. Engels, F. Der Volks-Tribun, redigiert von Hermann Kriege in New-York.

Мартов, Л. Борьба с «осадным положением» в Российской социал-демократической рабочей партии. С прил. писем

[1] Мазмұны В. И. Лениннің «Искрашылдардың Гапонға хаты туралы заметкасында» баяндалған, бұл заметка Лениннің XVI жинағында жарияланды, 1931, 81-бет.

[2] Бірінші рет Лениннің XV жинағында жарияланды, 1930, 78—79-беттер.

[1] Жарияланбаған. Мазмұны В. И. Лениннің «РСДРП Советінің председателі Плеханов жолдасқа ашық хат» деген мақаласында баяндалған.

РСДРП 16 (29) апреля 1905 г.].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. 141. (РСДРП).— *124—125.*

[*Потресов, А. Н.*] *Старовер. Резолюция об отношении к либералам — қараңыз:* Об отношении к либералам (Старовера).

[*Предложение мандатной комиссии по вопросу о представительстве на съезде Казанского комитета, зачитанное на III съезде РСДРП 13 (26) апреля 1905 г.*]. Рукопись[1].— *102, 103.*

[*Примечание редакции «Искры» к Открытому письму Г. Гапона к социалистическим партиям России* .— «Искра», [Женева], 1905, № 87, 10 февраля, стр. 4.— *387.*

[*Примечание редакции «Искры» к статье Парвуса «Итоги и перспективы»*].— «Искра», [Женева], 1905, № 85, 27 января, стр. 2.— *44—45, 46.*

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— В кн.: Второй очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, [1904], стр. 1—6. (РСДРП).— *13—14, 26, 44—45, 54, 151—152, 162, 163—165, 194—195, 208—209, 218, 283, 286, 287—289, 299—301, 361—363, 394.*

Программа Российской соц.-дем. рабочей партии, принятая на Втором съезде партии.— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. IX—XV. (РСДРП).— *201.*

Программа Российской социал-демократической рабоч. партии. [Листовка]. Изд. Воронежского комитета. [Воронеж], январь 1905. 2 стр. (РСДРП).— *287.*

Программа Российской социал-демократической рабочей партии. Принятая на Втором съезде. [Листовка]. Изд. Московского комитета. [М.], тип. МК, июнь 1905. 2 стр.— *287.*

Программа Российской социал-демократической рабочей партии. [Листовка]. Рига, 1905.— *287.*

---

[1] Бірінші рет мына кітапта жарияланды: РСДРП үшінші съезі. Апрель — май, 1905 ж. Редакциялаған Н. К. Крупская. [М.], Партиялық баспа, 1937, 35-бет ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы Маркс—Энгельс—Ленин институты. ВКП(б) съездері мен конференцияларының протоколдары).

Программа Союза освобождения.— «Освобождение», Париж, 1905, № 69—70, 20 (7) мая, стр. 305—306.— *271, 272—276, 277—280, 287, 288—290, 303, 304, 341, 417, 418.*

Проект коллективной резолюции об отношении к тактике правительства в предреволюционный момент.— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. 191—192. (РСДРП).— *159.*

Проект программы партии социалистов-революционеров, выработанный редакцией «Революционной России».— «Революционная Россия», [Женева], 1904, № 46, 5 мая, стр. 1—3.— *194—195.*

[*Проект резолюции (дополнительной) 6-ти о созыве периодических конференций из представителей местных комитетов, зачитанный на III съезде РСДРП 22 апреля (5 мая) 1905 г.*].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. 307. (РСДРП).— *185.*

Прокламация «Потемкина», переданная консулам — қараңыз: A toutes les puissances de l'Europe.

«Пролетарий», Женева.— *235, 281, 284, 326, 327, 348, 349.*

— 1905, № 1, 27 (14) мая, стр. 1—3.— *218—220, 221, 223, 225, 226, 227, 228, 229, 230—232, 243, 283, 337, 413.*

— 1905, № 2, 3 июня (21 мая), стр. 2—4.— *255.*

— 1905, № 3, 9 июня (27 мая), стр. 1, 3—4.— *255, 292, 312.*

— 1905, № 4, 17 (4) июня, стр. 1, 2—4.— *312, 346.*

— 1905, № 7, 10 июля (27 июня), стр. 1—2.— *358.*

Протокол заседания ЦК РСДРП. [9 (22) июля 1904 г.]. Рукопись.— *99, 117.*

Протоколы второго заседания Совета РСДРП. Третья сессия. [5 (18) июня 1904 г.]. Рукопись [1].— *97, 99, 115, 116, 117.*

Протоколы 2-го очередного съезда Заграничной лиги русской революционной соц.-демократии. Под ред. И. Лесенко и Ф. Дана. Изд. Заграничной лиги русской революц. социал-

[1] Бірінші рет Лениннің XV жинағында жарияланды, 1930, 62—84-беттер.

Резолюции съезда 1901 г. — *қараңыз:* Резолюции конференции заграничных социал-демократических организаций. Июнь 1901 г.

Резолюция Воронежского комитета [*РСДРП о созыве III съезда партии.* Середина октября 1904 г.].— «Вперед», Женева, 1905, № 3, 24 (11) января, стр. 4, в отд.: Из партии.— *78—79, 82.*

[*Резолюция группы рабочих Санкт-Петербургского металлического завода*].— «Вперед», Женева, 1905, № 14, 12 апреля (30 марта), стр. 6, в отд.: Из партии.— *37.*

Резолюция Донского комитета [*РСДРП.* 20 марта (2 апреля) 1905 г.].— «Искра», Женева, 1905, № 95, 31 марта, стр. 8. в отд.: Из партии.— *79.*

Резолюция Казанского комитета [*РСДРП о созыве III съезда партии.* 20 марта (2 апреля) 1905 г.].— «Искра», [Женева], 1905, № 96, 5 апреля, стр. 6, в отд.: Из партии.— *79.*

Резолюция Киевского комитета [*РСДРП.* 25 марта (7 апреля) 1905 г.].— «Искра», [Женева], 1905, № 95, 31 марта, стр. 8, в отд.. Из партии.— *79.*

[*Резолюция конференции кавказских комитетов РСДРП — Тифлисского, Бакинского, Батумского и Имеретино-Мингрельского о созыве III съезда партии.* Ноябрь 1904 г.].— В листовке: Резолюции [конференции кавказских комитетов]. Б. м., тип. Союза, [1904]. 1 стр. (Кавказский союз РСДРП).— *78, 79, 82.*

[*Резолюция конференции южных комитетов — Одесского, Николаевского, Екатеринославского и Южного бюро ЦК РСДРП о созыве III съезда партии.* Сентябрь 1904 г.]. Рукопись [1].— *79.*

Резолюция Крымского союза.— «Искра», [Женева], 1905. № 97, 18 апреля, стр. 8, в отд.: Из партии.— *79.*

Резолюция Кубанского комитета [*РСДРП.* 30 марта (12 апреля) 1905 г.].— «Искра», [Женева], 1905 г., № 96, 5 апреля, стр. 6, в отд.: Из партии.— *79.*

Резолюция Николаевского комитета [*РСДРП о созыве III съезда партии*].— В кн.: [Воровский, В. В.] Орловский. Совет против партии. № 11. Изд-во соц.-дем. партийной литературы В. Бонч-Бруевича и Н. Ленина. Женева, кооп. тип., 1904, стр. 40. (РСДРП).— *78—79, 82.*

[1] Бірінші рет Лениннің XV жинағында жарияланды, 1930, 218-бет.

[1] Бірінші рет 1925 ж, жарияланды.

Резолюция [*III съезда РСДРП*] *об уставе заграничной организации.*— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.,дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. 271, (РСДРП).— *178.*

Резолюция [*III съезда РСДРП*] *относительно «Вперед».*— В кн.: Извещение о III съезде Российской социал-демократической рабочей партии. С прилож. устава партии и главнейших резолюций, принятых III съездом. Изд. ЦК РСДРП. Женева, кооп. тип., 1905, стр. 20. (РСДРП). Под общ. загл.: Главнейшие резолюции.— *324, 325.*

Резолюция [*III съезда РСДРП*] *по вопросу об открытом политическом выступлении РСДРП.*— «Пролетарий», Женева, 1905, № 1, 27 (14) мая, стр. 2.— *220—221, 230—231.*

Резолюция [*III съезда РСДРП*] *по вопросу об открытом политическом выступлении РСДРП.*— В кн.: Извещение о III съезде Российской социал-демократической рабочей партии. С прилож. устава партии и главнейших резолюций, принятых III съездом. Изд. ЦК РСДРП. Женева, кооп. тип., 1905, стр. 11—12. (РСДРП). Под общ. загл.: Главнейшие резолюции.— *324, 325.*

Резолюция [*III съезда РСДРП*] *по поводу событий на Кавказе.*— Там же, стр. 16.— *324, 325.*

[*Резолюция Тульского комитета РСДРП о немедленном созыве III съезда партии*].— В кн.: Шахов, Н. [Малинин, Н. И.] Борьба за съезд. (Собрание документов). Женева, кооп. тип., 1904, стр. 61. (РСДРП).— *78—79, 82.*

Резолюция Уральского комитета [*РСДРП о созыве III съезда партии*].— «Вперед», Женева, 1905, № 11, 23 (10) марта, стр. 6, в отд.: Из партии.— *78—79, 82.*

Резолюция Харьковского комитета [*РСДРП о созыве III съезда партии*].— «Вперед», Женева, 1905, № 14, 12 апреля (30 марта), стр. 6, в отд.: Из партии.— *37, 78—79, 82.*

[*Резолюция Харьковской группы большинства о созыве III съезда партии*].— «Вперед». Женева, 1905, № 14, 12 апреля (30 марта), стр. 6, в отд.: Из партии.— *37, 78—79, 82.*

Решения [*I*] *съезда* [*РСДРП*].— В листовке: Манифест Российской социал-демократической рабочей партии. Б. м., тип. партии, [1898], стр. 2.—*218, 282.*

[*Романов, Н. В.*] *Лесков.* [*Проект резолюции об отношении к политике правительства накануне переворота, внесенный*

---

[1] Бірінші рет мына кітапта жарияланды: Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының кезекті үшінші съезі. Протоколдардың толық тексті. Алғы сөзін жазып, редакциялаған М. Н. Лядов. М., Мемлекеттік баспа, 1924, 407-бет. (Истпарт. Октябрь революциясы мен РКП(б) тарихы жөніндегі комиссия).

Салтыков-Щедрин, М. Е. Дикий помещик.— 75—76.

[*Северцев, В. (Филатов, В. В.)*] *К вопросу о постройке баррикад* — «Вперед», Женева, 1905, № 14, 12 апреля (30 марта), стр. 1—2. Подпись: В. С.— *114.*

[*Северцев, В. (Филатов, В. В.)*] [*Письмо В. И. Ленину с просьбой допустить на III съезд РСДРП.* Между 25 и 30 марта (7 и 12 апреля) 1905 г.]. Рукопись [1].— *113—114.*

— [*Письмо III съезду РСДРП и проект устава Боевой организации РСДРП*]. Рукопись [1].— *114.*

— *Приложение тактики и фортификации к народному восстанию.* Изд. ЦК РСДРП. Женева, тип. партии, 1905. 45 стр.— *114.*

Сервантес, Мигель. Дон-Кихот.— 134.

«Собрание узаконений и распоряжений правительства, издаваемое при правительствующем Сенате», Спб., 1886, № 67, 11 июля, стр. 1355—1372.— *54.*

Соединенное заседание земских и городских деятелей. [Листовка]. Б. м., [1905]. 4 стр.— *308—311, 312—313, 314—315, 318—319, 320—321.*

[*Сообщение о совещании земских деятелей 24 и 26 февраля (9 и 11 марта) 1905 г.*].— «Русские Ведомости», М., 1905, № 58, 2 марта, стр. 3, в отд.: Московские вести.— *49.*

«Социал-Демократ», [Женева].— *340.*

Старовер — *қараңыз:* Потресов, А. Н.

Струве, П. Б. Демократическая партия и ее программа.— «Освобождение», Париж, 1905, № 67, 18 (5) марта, стр. 278—279.— *4, 311.*

— *К программе Союза освобождения.*— «Освобождение», Париж, 1905, № 69—70, 20 (7) мая, стр. 307—308. Подпись: П. С.— *271, 272, 273—277, 278—279, 287, 311, 339, 417, 418.*

— *Как найти себя?* Ответ автору письма «Как не потерять себя?» — «Освобождение». Париж, 1905, № 71, 31 (18) мая, стр. 337—343.—*312, 343, 424.*

[1] Бірінші рет мына кітапта жарияланды: Партия 1905 жылғы революция кезінде. Партияның 1905 жылғы тарихы жөніндегі документтер, М., 1934, 321—322, 322—324-беттер.

— *Предисловие [к книге С. Ю. Витте: «Самодержавие и земство»]*.— В кн.: [Витте, С. Ю.] Самодержавие и земство. Конфиденциальная записка министра финансов статс-секретаря С. Ю. Витте. (1899 г.) С предисл. и примеч. Р. Н. С. Печ. «Зарей». Stuttgart, Dietz, 1901, стр. V—XLIV. Подпись: Р. Н. С.— *275—276, 286, 287.*

— *Предисловие редактора «Освобождения» [к книге: «Основной государственный закон Российской империи.* Проект русской конституции, выработанный группой членов «Союза освобождения»»].— В кн.: Основной государственный закон Российской империи. Проект русской конституции, выработанный группой членов «Союза освобождения». Paris, Société nouvelle de librairie et d'édition, 1905, стр. VII — XV. (Изд. ред. «Освобождения»).— *210—211.*

Суворин, А. С. Маленькие письма.— «Новое Время», Спб., 1905, № 10490, 18 (31) мая, стр. 3; № 10491, 19 мая (1 июня), стр. 3.— *267.*

«Сын Отечества», Спб.— *289.*

Так ли мы готовимся?— «Искра», [Женева], 1904, № 62, 15 марта, стр. 1—2.— *122.*

[*Телеграмма членов совета съезда горнопромышленников С. Н. Трубецкому*].— «Русские Ведомости», М., 1905, № 156, 12 июня, стр. 1, в отд.: Телеграфические известия.— *424.*

Товарищам, собравшимся на съезд по приглашению «Организационного комитета» — қараңыз: Заявление съезду, созванному «Орг. ком[итетом]».

Требование ЦК РСДРП Л. Г. Дейчу — қараңыз: [Красин, Л. Б.] Иогансен и [Любимов, А. И.] Валерьян. Письмо Л. Г. Дейчу.

Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905. XXIX, 401 стр. (РСДРП).— *102, 103, 104, 105, 106, 107, 110, 112, 115, 117, 119, 122, 124—125, 130, 131, 153, 154—155, 158, 159, 160, 172, 174, 175—178, 180, 183—186, 188—189, 194—195, 196, 200, 201, 203, 224, 225—226, 283, 384, 399—400, 401, 403—406, 411, 412.*

Троцкий, Л. Д. Второй съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Отчет Сибирской делегации. Женева, 1903. 36 стр.— *17—18.*

— *До девятого января.* С предисл. Парвуса. Женева, тип. партии, 1905, XIV, 64 стр. (РСДРП). Перед загл. авт.: Н. Троц-

Энгельс, Ф. [*Письмо Ф. Турати.* 26 января 1894 г.].— «Искра», [Женева], 1905, №96, 5 апреля, стр. 1, в ст.: Плеханов, Г. В. К вопросу о захвате власти. (Небольшая историческая справка).— *142—144, 254—255.*

[*Эссен, А. М.*] *Китаев.* [*Проект резолюции об отношении комитетов к периферии, зачитанный на III съезде РСДРП 22 апреля (5 мая) 1905 г.*].— В кн.: Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905, стр. 291—292. (РСДРП).— *183.*

[*Эссен, Э. Э.*] *Н. Ф. К проекту устава партии.*— «Вперед», Женева, 1905, № 15, 20 (7) апреля. Отдельное приложение к № 15 «Вперед». К третьему съезду, стр. 8—12.— *111.*

[*A toutes les puissances de l'Europe*].— «Le Matin», Paris, 1905, N 7801, 5 juillet, p. 3, dans l'article: Un manifeste des mutins.— *369.*

«Der Anarchist», Berlin.— *339.*

Aulard, A. Histoire politique de la révolution française. Origines et Développement de la Démocratie et de la République (1789—1804). Paris, Colin, 1901. XII, 805 p.— *30—31.*

Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. II. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Juli 1844 bis November 1847. Stuttgart, Dietz, 1902. VIII, 482 S.— *58—65, 394.*

Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902. VI, 491 S.— *147—150, 405.*

Bericht über den III. Parteitag der SDAPR mit Beifügung de Partei-Statuts und der wichtigsten Resolutionen, die auf dem III. Parteitag angenommen wurden. München, Birk, 1905. 23 S. (SDAPR).— *235, 322, 323, 324, 325.*

«Berliner Tageblatt und Handelszeitung».— *348, 349, 368.*

M. Buliguine's successor. Ministry offered to M. Schipoff.— «The Times», London, 1905, № 37, 753, Juli 7, p. 5.— *422—423.*

Bulygins Wahlgesetz.— «Vossische Zeitung», Berlin, 1905, N 177, 14. April, S. 1—2. Unter dem Gesamttitel: Die revolutionäre Bewegung in Rußland.— *72—77, 319, 320—321, 372—373, 374.*

[*Communiqué sur le*] *Troisième congrès du Parti ouvrier social-démocrate de Russie.* Compte rendu et principales résolutions.— «Le Socialiste», [Paris], 1905, N 8, 25 juin — 2 juillet. Supplément à N 8 «Le Socialiste», p. 5—6.— *235, 326, 327.*

Compte rendu sténographique non officiel de la version française du cinguième congrès socialiste international tenu à Paris du 23 au 27 septembre 1900. Paris, 1901. 218. p.— *390.*

Corneli. La fin d'une épopée.— «Le Siècle», Paris, 1905, 30 mai.— *267—269.*

«Critica Sociale», Milano, 1894, N 3, 1. febbraio, p. 35—36.— *142—144, 254—255, 410.*

«Deutsch-Französische Jahrbücher», Paris, 1844, 1. u. 2. Lfg., S. 71—85.— *53.*

Differences among the delegates.— «The Times», London, 1905, N 37, 701, May 8, p. 5. Under the general title: The zemstvo congress at Moscow.— *236—237.*

Engels, F. Die Bakunisten an der Arbeit. Denkschrift über den letzten Aufstand in Spanien.— «Der Volksstaat», Leipzig, 1873, N 105, 31. Oktober, S. 1; N 106, 2. November, S. 1—2; N 107, 5. November, S. 1.— *257—258.*

— *Die Bakunisten an der Arbeit.* Denkschrift über den Aufstand in Spanien im Sommer 1873. (Volksstaat 1873).— In: Engels, F. Internationales aus dem Volksstaat (1871—75). Berlin, Expedition des «Vorwärts» Berliner Volksblatt, 1894, S. 16—33.— *144—147, 257—264, 403, 410.*

— *Deutsche Bauernkrieg.* 3. Abdruck. Leipzig, die Genossenschaftsbuchdruckerei, 1875. 120 S.— *5—6, 7, 8, 9, 135—137, 254—255, 406.*

— *Die deutsche Reichsverfassungskampagne.*— In: Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 289—383.— *147—150, 405.*

— *Internationales aus dem Volksstaat (1871—75).* Berlin, Expedition des «Vorwärts» Berliner Volksblatt, 1894. 72 S.— *144—147, 257—264, 403, 410.*

— *La futura rivoluzione italiana e il partito socialista.*— «Critica Sociale», Milano, 1894, N 3, 1. febbraio, p. 35—36.— *142—144, 254—255, 410.*

— *Zur Geschichte bes «Bundes der Kommunisten».*— In: Marx, K. Enthüllungen über den Kommunistenprozeß zu Köln. Neuer Abdruck, mit Einleitung von. F. Engels und Dokumenten. Höttingen — Zürich, Volksbuchhandlung, 1885, S. 3—17. (Sozialdemokratische Bibliothek. IV).— *253—254.*

Ernste Anzeichen.— «Vossische Zeitung», Berlin, 1905, N 293, 25. Juni, S. 2. Unter dem Gesamttitel: Die revolutionäre Bewegung in Rußland.— *424.*

Feodoroff, M. Adresses au tsar.— «Le Matin», Paris, 1905, N 7787, 21 juin, p. 3, dans l'article: Leroux, G. Le tsar et son peuple.— *308, 313—314, 319—320, 333—334.*

Feuerbach, L. Nachgelassene Aphorismen.— In: Grün, K. Ludwig Feuerbach in seinem Briefwechsel und Nachlaß sowie in seiner Philosophischen Charakterentwicklung. Bd. 2. Ludwig Feuerbach's Briefwechsel und Nachlaß, 1850—1872. Leipzig-Heidelberg, Winter'sche Verlagshandlung, 1874, S. 305—333.— *29—30, 390.*

[*The formidable riots at Odessa...*].— «The Times», London, 1905, N 37, 750, Juli 4, p. 9.— *365—367.*

«Frankfurter Zeitung», Frankfurt am Mein.— *391.*

— 1905, 16. Juni.— *311.*

— 1905, Juli.— *367.*

Französisch-russische Schmiergelder! — «Vorwärts», Berlin, 1905, N 78, 1. April, S. 1.— *35—36.*

Gouin, J. [*Der Brief des Präsidents des Aufsichtsrates in Petersburg*].— «Vorwärts», Berlin, 1905, N 78, 1. April, S. 1, in der Art.: Französisch-russische Schmiergelder!— *35—36.*

Grün, K. Ludwig Feuerbach in seinem Briefwechsel und Nachlaß sowie in seiner philosophischen Charakterentwicklung. Bd. 2. Ludwig Feuerbach's Briefwechsel und Nachlaß. 1850—1872. Leipzig — Heidelberg, Winter'sche Verlagshandlung, 1874. VIII, 333 S.— *29—30, 390.*

Internationale Regeln der sozialistischen Taktik. [Die Resolution des Internationalen Sozialisten Kongresses zu Amsterdam].— In: Internationaler Sozialisten-Kongreß zu Amsterdam. 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1904, S. 31—32.— *26.*

Internationaler Sozialisten-Kongreß zu Amsterdam. 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1904. 78 S.— *26.*

Jaurès, J. La Constituante (1789—1791). Nombreuses illustrations d'après des documents de chaque époque. Paris, Rouff, [1901]. 756, VIII p. (Histoire Socialiste (1789—1900). Sous la direction de J. Jaurès. T. I).— *30—31.*

— *La Convention. I.* La République. Les idées politiques et sociales de L'Europe et la Révolution. (1792). II. La mort du roi.— La chute des Girondins.— Idées sociales de la Convention.— Gouvernement révolutionnaire. (1793—1794 (9) Thermidor). Nombreuses illustrations d'après des documents de chaque époque. Paris, Rouff, [1903]. 1824 p. (Histoire Socialiste (1784—1900). Sous la direction de J. Jaurès. T. III—IV).— *30—31.*

— *La Législative (1791—1792).* Nombreuses illustrations d'après des documents de chaque époque. Paris, Rouff, [1902]. 757—1316 p. (Histoire Socialiste (1789—1900). Sous la direction de J. Jaurès. T. II).— *30—31.*

«Journal de Genève», Genève, 1905, 1. juillet.— *373, 374, 424.*

Kautsky, K. Die Spaltung der russischen Sozialdemokratie.— «Leipziger Volkszeitung», 1905, N 135, 15. Juni, S. 2—3.— *322—327.*

[*Kriege, G.*] *An die Frauen.*— «Der Volks-Tribun», New-York, 1846, N 13, 28. März, S. 1—2.— *62.*

— *Antwort.*— «Der Volks-Tribun», New-York, 1846, N 14, 4. April, S. 4.— *59, 61.*

— *Was wir wollen.*— «Der Volks-Tribun», New-Vork, 1846, N 10, 7. März, S. 1—2.— *60, 62.*

«Leipziger Volkszeitung», 1905, N 135, 15. Juni, S. 2—3.— *322—327.*

Leroux, G. Les délégués des zemstvos ont acceptés les conditions d'audience qui leur ont été imposées.— «Le Matin», Paris, 1905, N 7782, 16 juin, p. 3. Sous le titre général: La crise Russe.— *313.*

— *Les délégués des zemstvos, réunis en assamblée solennelle à Moscou, viennent de préciser, dans un document historique,*

les revendications du peuple russe.— «Le Matin», Paris, 1905, N 7799, 3 juillet, p. 1. Sous le titre général: L'agitation en Russie. Déclaration des droits de l'homme.— *372—374, 427.*

— *La publication, enfin autorisée en Russie, des événements de la mer Noire, a produit partout une émotion considérable.*— «Le Matin», Paris, 1905, N 7801, 5 juillet, p. 3. Sous le titre général: La crise Russe. Le «Kniaz Potemkin».— *368—369.*

— *La réponse de l'empereur.*— «Le Matin», Paris, 1905, N 7787, 21 juin, p. 3, dans l'article: Leroux, G. Le tsar et son peuple. —*308, 313—315, 319—320, 333—334.*

— *Suprême appel au tsar.* Le peuple russe s'adresse à son empereur.— «Le Matin», Paris, 1905, N 7781, 15 juin, p. 1.— *310—312.*

— *Le tsar consent à recevoir un certain nombre de délégués des zemstvos, mais dans des conditions telles qu'on doute de leur acceptation.*— «Le Matin», Paris, 1905, N 7781, 15 juin, p. 3. Sous le titre général: La crise Russe.— *310—312.*

— *Le tsar et son peuple.*— «Le Matin», Paris, 1905, N 7787, 21 juin, p. 3. Sous le titre général: L'entrevue de Péterhoff.— *316—317, 318—321, 424.*

Marx, K. u. Engels, F. Ansprache der Zentralbehörde an den Bund vom März 1850.— In: Marx, K. Enthüllungen über den Kommunistenprozeß zu Köln. Neuer Abdruck, mit Einleitung von F. Engels und Dokumenten. Höttingen—Zürich, Volksbuchhandlung, 1885, S. 75—83, IX. Anhang. (Sozialdemokratische Bibliothek. IV).— *138—142, 247—254, 255, 403, 406—410, 415.*

**—*Die heilige Familie, oder Kritik der kritischen Kritik.* Gegen Bruno Bauer und K°. Frankfurt a. M., Literarische Anstalt (Rütten), 1845. VIII, 336 S.— *20—21, 380.*

**—*Manifest der Kommunistischen Partei.* London, «Bildungs-Gesellschaft für Arbeiter», 1848. 30 S.— *5—6, 138—139.*

— *Der Volkstribun, redigiert von Hermann Kriege in New-York.*— «Das Westphalische Dampfboot», Bielefeld, 1846, [Juli], S. 295—308.— *58.*

Marx, K. u. Engels, F. Der Volkstribun, redigiert von Hermann Kriege in New-York.— In: Aus dem literarischen Nachlaß

** В. И. Лениннің нақ қай басылымды айтып отырғанын анықтауға болмаған жағдайларда шығармалардың бірінші басылымдары екі жұлдызшамен белгіленеді.

von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. II. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Juli 1844 bis November 1847. Stuttgart, Dietz, 1902, S. 414—428.— *58—65, 394.*

***Marx, K. Der 18-te Brumaire des Louis Napoleon.* New-York, Schmidt und Helmich, 1852. IV, 64 S. (Die Revolution. Eine Zeitschrift in zwanglosen Heften. Hrsg. von J. Weydemeyer. 1. Hft).— *14—16.*

— *Enthüllungen über den Kommunistenprozeß zu Köln.* Neuer Abdruck, mit Einleitung von F. Engels und Dokumenten. Höttingen — Zürich, Volksbuchhandlung, 1885. 88 S. (Sozialdemokratische Bibliothek. IV).— *8—9, 138—142, 247—253, 254—255, 403, 406—410, 415.*

**—*Das Kapital.* Kritik der politischen Ökonomie. Bd. I. Buch I. Der Produktionsprozeß des Kapitals. Hamburg, Meißner, 1867. XII, 784 S.— *424.*

— *Köln, 11. Dezbr.*— «Neue Rheinische Zeitung», Köln, 1848, N 169, 15. Dezember, S. 1—2, in der Abt.: Deutschland.— *147—148.*

**—Zur Kritik der Hegel'schen Rechts-Philosophie. Einleitung.

— «Deutsch-Französische Jahrbücher», Paris, 1844, 1. u. 2. Lfg., S. 71—85.— *53.*

**—*Zur Kritik des sozialdemokratischen Parteiprogramms.* Aus dem Nachlaß von Karl Marx.— «Die Neue Zeit», Stuttgart, 1890—1891, Jg. IX, Bd. I, N 18, 561—575.— *253—254.*

«Le Matin», Paris, 1905, N 7781, 15 juin, p. 1, 3.— *310—311.*

— 1905, N 7782, 16 juin, p. 3.— *312—313.*

— 1905, N 7787, 21 juin, p. 3.— *308, 313—315, 316—317, 318—321, 333—334, 424.*

— 1905, N 7799, 3 juillet, p. 1.— *372—373.*

— 1905, N 7801, 5 juillet, p. 3.— *368—369.*

«Neue Rheinische Zeitung», Köln.— *141—142, 149—150, 249—250.*

— 1848, N 169, 15. Dezember, S. 1—2.— *147—148.*

«Die Neue Zeit», Stuttgart, 1890—1891, Jg. IX, Bd. I, N 18, S. 561—575.— *253—254.*

Organisation der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands, beschlossen auf dem Parteitag zu Mainz 1900.— In: Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Lübeck vom 22. bis 28. September 1901. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1901, S. 6—8.— *106—107.*

Progress of the reform movement.— «The Times», London, 1905, N 37, 706, May 13, p. 7. Under the general title: The State of Russia.— *237—240.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Dresden vom 13. bis 20. September 1903. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1903. 448 S.— *324, 325.*

Protokoll über die Verhandlungen des Parteitages der Sozialdemokratischen Partei Deutschlands. Abgehalten zu Lübeck vom 22. bis 28. September 1901. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts». 319 S.— *106—107.*

Purposes and prospects.— «The Times», London, 1905, N 37, 700, May 6, p. 9. Under the general title: Zemstvo congress at Moscow.— *189.*

Résolutions du congrès antiautoritaire international tenu à Saint-Imier le 15 septembre 1872 par les délégués des Fédérations et sections italiennes, françaises, espagnoles, américaines et jurassiennes. [Le tract]. S. l., [1872]. 3 p.— *259—261, 262—263.*

Samedi. Les promesses du tsar. L'attitude des partis. (De notre correspondant particulier).— «Journal de Genève», 1905, 1 juillet.— *373—374.*

«Le Siècle», Paris, 1905, 30 mai.— *267—269.*

La situation politique, et la question de la paix en Russie.— «Le Temps», Paris, 1905, N 16090, 8 juillet.— *421—422.*

«Le Socialiste», [Paris], 1905, N 8, 25 juin — 2 juillet. Supplément à N 8, p. 5—6.— *235, 326, 327.*

«Le Temps», Paris.— 421.

— 1905, N 16090, 8 juillet.— *421—422.*

«The Times», London.— *238, 365, 421.*

— 1905, N 37, 700, May 6, p. 9.— *189.*

— 1905, N 37, 701, May 8, p. 5.— *236—237.*

— 1905, N 37, 702, May 9, p. 5.— *237.*

— 1905, N 37, 706, May 13, p. 7.— *237—240.*

— 1905, N 37, 750, Juli 4, p. 9.— *365—367.*

— 1905, N 37, 753, Juli 7, p. 5.— *422—423.*

[*Troubetzkoi, S.*] *Adresses au tsar.*— «Le Matin», Paris, 1905, N 7787, 21 juin, p. 3, dans l'article: Leroux, G. Le tsar et son peuple.— *308, 314, 318, 320—321, 334, 424.*

«Der Volksstaat», Leipzig, 1873, N 105, 31. Oktober, S. 1; N 106, 2. November, S. 1—2; N 107, 5. November, S. 1.— *257—258.*

«Der Volks-Tribun», New-York.— *58, 60.*

— 1846, N 10, 7. März, S. 1—2.— *60, 62.*

— 1846, N 13, 28. März, S. 1—2.— *62.*

— 1846, N 14, 4. April, S. 4.— *59, 61.*

«Vorwärts», Berlin, 1905, N 78, 1. April, S. 1.— *35—36.*

«Vossische Zeitung», Berlin, 1905, N 177, 14. April, S. 1—2.— *72—77, 318, 320—321, 372, 373, 374.*

— 1905, N 293, 25. Juni, S. 2.— *424.*

«Das Westphälische Dampfboot», Bielefeld, 1846, [Juli], S. 295—308.— *58.*

The zemstvo congress at Moscow.— «The Times», London, 1905, N 37, 702, May 9, p. 5.— *237.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

II Абдул-Гамид (1842—1918) — түрік сұлтаны (1876—1909). Либерал буржуазияның қолдауымен таққа отырды, бірақ 1878 жылы-ақ парламентті таратып жіберіп, деспоттық тәртіп орнатты. Осман империясы халықтарын өзінің езу саясатымен және әсіресе, армяндар ойранын жасауымен қанішер сұлтан деген атаққа ие болды. В. И. Ленин оны «Түркияның Екінші Николайы» (Шығармалар, 15-том, 179-бет) деп атады. Түркияның Европа империалистік державаларының жартылай отарына айналуына жәрдемдесті. 1908 жылғы революциядан кейін парламентті шақырып, конституцияны қалпына келтіруге мәжбүр болды. 1909 жылы контрреволюциялық төңкеріс жасамақ болған сәтсіз әрекетінен кейін орнынан түсіріліп, түрмеге қамалды.— *365—370.*

Авенариус (Avenarius), *Рихард* (1843—1896) — немістің реакцияшыл философы, субъективтік идеалист, 1877 жылдан — Цюрих университетінің профессоры. 1876 жылы «Philosophie als Denken der Welt gemäss dem Prinzip des kleinsten Kraftmaßes» («Философия дегеніміз күшті неғұрлым аз жұмсау принципі бойынша дүние туралы ой-толғау») деген еңбегінде жаратылыс танудың ең соңғы жаңалықтарын өз мүддесіне пайдаланып, Беркли мен Юмның субъективтік идеализмін қайта жандандырған реакцияшыл философияның — эмпириокритицизмнің негізгі принциптерін тұжырымдады.

Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген кітабында Авенариус пен оның ізбасарлары философиясының қисынсыздығын және реакциялық мәнін көрсетті.

Авенариустың аса маңызды еңбектері: «Der menschliche Weltbegriff» (1891) («Адамның дүние туралы ұғымы») және «Kritik der reinen Erfahrung» (1888—1890) («Таза тәжірибеге сын»). 1877 жылдан бастап Авенариус «Vierteljahrsschrift für wissenschaftliche Philosophie» («Ғылыми философияның үш айлығы») журналын шығарып тұрды.— *142—143, 254, 408.*

Авилов, Б. В. (Тигров) (1874—1938) — социал-демократ, журналист және статистик. РСДРП III съезіне Харьковтегі большевиктік «Вперед» тобынан делегат, съезде меньшевиктер жөнінде ымырашылдық позиция ұстады. 1905 жылы Харьковтегі қарулы көтеріліске белсене қатысты. 1917 жылғы апрельден жартылай меньшевиктік «Новая Жизнь» газетіне қатысып тұрды, нақ сол жылдың авгусында социал-демократ интернационалистер ұйымына енді. 1918 жылдан бастап саяси қызметтеп шеттеп кетті. 1928 жылға дейін СССР Орталық статистика басқармасында, 1929 жылдан — РСФСР Мемлекеттік жоспарлау комиссиясында, кейінірек Қатынас жолдары халық комиссариатында жұмыс істеді.— *107*.

Адоратский, В. В. (Казанец) (1878—1945) — профессионал революционер, большевик, ғалым-марксист. Революциялық қозғалысқа 1900 жылы Қазан университетінің студенті болып жүрген кезінде араласты. 1904—1905 жылдары — РСДРП Қазан комитетінің мүшесі. 1905 жылы қамауға алынып, одан кейін 3 жылға Астрахань губерниясына жер аударылды; 1906 жылы бұл айдау шетелге жер аударумен алмастырылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдары Германияда азаматтық тұтқында болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университетте сабақ берді, Орталық архив басқармасы меңгерушісінің орынбасары (1920—1929), Ленин Институты директорының орынбасары (1928—1931), Маркс — Энгельс — Ленин Институтының директоры (1931—1939) және бас редакторы (1939—1941, 1944—1945). СССР Ғылым академиясының Философия институтына басшылық етті; Коммунистік Академияның толық мүшесі, 1932 жылдан СССР Ғылым академиясының толық мүшесі болды. Мемлекет және правоның маркстік теориясы, философия және марксизм тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *102, 113*.

Акимов (Махновец), В. П.* (1872—1921) — социал-демократ, «экономизмнің» көрнекті өкілі, барып тұрған әсіре оппортунистердің бірі. 90-жылдардың орта шенінде Петербургтегі «Халық ерікшілері тобына» қосылды, 1897 жылы қамауға алынып, 1898 жылдың апрелінде Енисей губерниясына жер аударылды. 1898 жылдың сентябрінде шетелге қашып кетіп, онда «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» басшыларының бірі болды, «Еңбекті азат ету» тобына, ал одан кейін «Искраға» да қарсы шықты. РСДРП II съезіне «Одақтан» делегат болды, антиискрашыл, съезден кейін меньшевизмнің әсіре оңшыл қанатының өкілі. 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде «Жұмысшы табының бүкіл россиялық ұйымын» құру жөніндегі жойымпаздық идеяны қорғады, ал ол ұйымның ішінде социал-демократия идеялық ағымдардың бірі ғана болған болар еді. РСДРП IV (Бірігу) съезінің жұмысына кеңесші да-

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

латуға қатысты, Киренск ревкомының председателі болды. Саяси ағарту мекемелері бас басқармасында, Коминтернде істеді, Москва мемлекеттік 2-университетінде ВКП(б) тарихынан сабақ берді, совет, партия органдарында жұмыс істеді. Алексеев К. Маркс пен Ф. Энгельстің бірқатар еңбектерін аударды.— *104, 154, 155, 183.*

Амадео (Амадей) (1845—1890) — Италияның королі II Виктор-Эммануилдың екінші ұлы. Испанияда Бурбондар династиясы құлатылғаннан кейін испан тағына отыруға шақырылды және 1870 жылдың ноябрінде құрылтай кортестері оны Испанияның королі деп жариялады. 1873 жылдың февралында революциялық қозғалыстың қысымымен тақтан бас тартып, Италияға қайтып оралды.— *257.*

Андраши (Andrássy), *Дьюла* (1823—1890) — граф, венгер мемлекет қайраткері. Венгрияда 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты, революция жеңіліске ұшырағаннан кейін эмиграцияға кетті. 1858 жылғы жасалған кешірім бойынша Венгрияға қайта оралды. 1861 жылы сеймнің төменгі палатасына сайланды. Абсолюттік Австрияны конституциялық-монархиялық қосарлас мемлекет (Австро-Венгрия) етіп қайта құрған 1867 жылғы келісімнің жасалуына ықпал жасады және Венгрияның премьер-министрі болып тағайындалды. 1871—1879 жылдары Австро-Венгрияның сыртқы істер министрі болды, Балқандағы экспансияны күшейте түсті, Германиямен жақындасу саясатын жүргізді, сөйтіп 1879 жылы Германиямен әскери одақ жасау жөніндегі шартқа қол қойды, бұл шарт Россия мен Францияға қарсы бағытталған еді.— *317, 318, 319.*

Андреев — қараңыз: Алексеев, Н. А.

Б

Барсов — қараңыз: Цхакая, М. Г.

Бельский — қараңыз: Красиков, П. А.

Бем — қараңыз: Сильвин, М. А.

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — герман-социал-демократиясының және II Интернационалдың әсіре оппортунистік қанатының лидері, ревизионизмнің және реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың ортасынан бастап қатысты, Дюрингтің ықпалында болды. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының құпия орталық органы «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жыл-

дарда «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген тақырыппен сериялы мақалалар жариялады, кейін ол мақалалар «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» (1899) деген атпен кітап болып шықты, бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн тап күресі жөніндегі маркстік теорияны, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді теріске шығарды. «Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған»,— деп жазды В. И. Ленин Бернштейн жайында (Шығармалар, 25-том, 445-бет). Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған реформалар жолындағы күрес деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түкте емес» деген оппортунистік тұжырым ұсынды. Бернштейннің және оның ізбасарларының теориялық көзқарастары мен практикалық оппортунистік қызметі жұмысшы табының мүдделеріне тікелей сатқындық жасауға әкеліп соқтырды, бұл сатқындық II Интернационалды күйретіп тынды. Одан кейінгі жылдары Бернштейн марксизмге қарсы күресін одан әрі жүргізе берді, империалистік буржуазияның саясатын қолдауға шақырды.— *147.*

Богданов, А. (Малиновский, А. А., Вернер, Иванов, Максимов, Рядовой) (1873—1928) — философ, социолог, экономист, білімі бойынша дәрігер. 90-жылдарда социал-демократиялық үйірмелердің (Тулада) жұмысына қатысты. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшесі ретінде Россияда РСДРП III съезін даярлау жөнінде жұмыс жүргізді. РСДРП Тула комитетінен III съезге делегат болды, съезде Орталық Комитеттің мүшелігіне сайланды. Большевиктік органдар — «Вперед» және «Пролетарий» редакциясына кірді, большевиктік «Новая Жизнь» газеті редакторларының бірі болды. Реакцияның күшейген кезінде шақырымпаздардың басшысы, Ленинге және партияға қарсы шыққан «Вперед» тобының лидері болды. Философия мәселелерінде өз жүйесін — «эмпириомонизмді» (эмпириокритицизмнің жалған маркстік терминологияны бүркенген бір түрі) жасауға тырысты; Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген еңбегінде бұл жүйені қатаң сынға алды. «Пролетарий» газетінің кеңейтілген редакция мәжілісінде 1909 жылы июньде Богданов большевиктік партиядан шығарылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін «Пролеткульттің» дем берушілерінің және ұйымдастырушыларының бірі болды. Пролетарлық университетте жұмыс істеді. 1926 жылдан — өзі негізін қалаған Қан құю институтының директоры.— *41,—42, 111, 175—177, 179, 399, 400.*

Борн (Born), *Стефан* (шын аты *Симон Буттермильх)* (1824—1898) — герман жұмысшы қозғалысындағы реформистік тенденция өкілдерінің бірі, мамандығы бойынша әріп теруші. Жұмысшы қозғалысына 1845 жылдан бастап қатысты; 1846 жылдың аяғында Парижге келіп, онда көп кешікпей Ф. Энгельспен танысты, Коммунистер одағына кірді. Германияда 1848 жылғы революция басталғаннан кейін Берлинге келді, осында оның инициативасы бойынша Берлин жұмысшыларының Орталық комитеті, одан соң Жұмысшы туысқандығы ұйымы құрылды. Жұмысшы қозғалысын саяси күрестен шеткері ұстауға, оны ұсақ экономикалық реформаларды жүзеге асыру жолына бағыттауға тырысты. Борн 1849 жылғы майдағы Дрезден көтерілісіне қатысты, көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін, Швейцарияға эмиграцияға кетіп, көп ұзамай жұмысшы қозғалысынан қол үзді, журналистикамен шұғылданып, Базель университетінде неміс және француз әдебиеті тарихының курсын оқыды. 1898 жылы өзінің буржуазиялық-реформистік рухта жазылған естеліктерін бастырып шығарды.— *250.*

Бранденбургский, Я. Н. (Евгений) (1881—1951) — революциялық қызметін 1900 жылы университетте (Одесса) жүрген кезінде бастап, мұнда алғашқы искралық ұйымдардың біріне қосылды. 1903 жылы Одесса большевиктер ұйымына кірді. Екатеринославта, Ригада, одан кейін Тверьде партия жұмысын жүргізді. РСДРП IV (Бірігу) съезінің делегаты болды. Патша үкіметі бірнеше рет жазалады. 1908 жылы Францияға эмиграцияға кетті, 1917 жылы Россияға қайтып оралды, азық-түлік органдарында жұмыс істеді. 1922 жылдан 1929 жылға дейін — Юстиция халық комиссариаты коллегиясының мүшесі. 1929 жылдан — Төменгі Волга өлкелік атқару комитеті председателінің орынбасары. 1931 жылы — СССР Еңбек халық комиссариаты коллегиясының мүшесі, 1934 жылдан — СССР Жоғарғы сотының мүшесі. 1940 жылдан — дербес пенсионер.— *98.*

Брантинг (Branting), *Карл Яльмар* (1860—1925) — Швеция социал-демократиялық партиясының реформистік лидері, II Интернационал басшыларының бірі; ревизионист және оппортунист. 1884 жылдан либералдық «Tiden» («Замана») газетінің қызметкері, кейіннен редакторы болды, 1887—1917 жылдары (үзілістермен) — партияның орталық органы «Socialdemokraten» («Социал-Демократ») газетінің редакторы; риксдаг депутаты (1897—1925). Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. 1917 жылы Эденнің коалициялық либерал-социалистік үкіметіне енді, Советтік Россияға қарсы соғыс интервенциясын қолдады. 1920, 1921—1923 және 1924—1925 жылдары социал-демократиялық үкіметтерді басқарды.— *191.*

Булыгин, А. Г. (1851—1919) — патша үкіметінің ішкі істер министрі, ірі помещик. 1900 жылға дейін сот тергеушісі болды, ал одан кейін бірқатар губернияларда губернатор болды.

1900—1904 жылдары — Москва генерал-губернаторының жәрдемшісі; Зубатов охранкасының қызметіне белсене көмектесті. 1905 жылғы 20 январьдан — ішкі істер министрі. Нақ сол жылғы февральдан патшаның тапсыруымен ел ішінде өрши бастаған революциялық өрлеуді әлсірету мақсатымен кеңесші Мемлекеттік дума шақыру туралы заң жобасын әзірлеуге басшылық етті. Алайда, бұл булыгиндік дума шақырылмай қалды, революция оны жайпап өтті. 1905 жылғы 17 октябрьден кейін Булыгин Мемлекеттік советтің мүшесі болып қала отырып, отставкаға шықты және іс жүзінде саяси сахнадан кетті.— *72, 74, 76, 313, 319, 334.*

Бюхнер (Büchner), *Фридрих Карл Христиан Людвиг* (1824—1899) — немістің буржуазияшыл философы, тұрпайы материализмнің басты өкілдерінің бірі, буржуазияшыл реформист; мамандығы бойынша дәрігер. 1852 жылдан Тюбинген университетінде сот медицинасы кафедрасының приват-доценті. Өзінің «Kraft und Stoff» (1855) («Күш және материя») деген негізгі еңбегінде тұрпайы материализмді жүйелі түрде баяндап берді. Жаратылыс тануды дүниеге көзқарастың негізі деп санай отырып, алайда, Бюхнер диалектикаға мән бермеді, табиғат пен қоғамға механикалық көзқарастарды жандандырды. Кейінгі жылдары Дармштадта дәрігер болды. Бірқатар еңбектер жазды: «Der Mensch und seine Stellung in der Natur...» (1869), («Адам және оның табиғаттағы орны...»), «Darwinismus und Sozialismus» (1894) («Дарвинизм және социализм») және т. б.— *30.*

В

Вадим — қараңыз: Постоловский, Д. С.

Валерьян — қараңыз: Любимов, А. И.

Варлен (Varlin), *Луи Эжен* (1839—1871) — француз революционері, 1871 жылғы Париж Коммунасының аса көрнекті қайраткері, солшыл прудоншыл (бір кездері бакуниншілдерге жақын болды); мамандығы бойынша жұмысшы-түптеуші. Париж түптеушілері қоғамын ұйымдастырды, олардың 1864 және 1865 жылдардағы стачкаларына басшылық етті. 1865 жылы I Интернационалға енді, оның Париж секциялары ұйымдастырушыларының және басшыларының бірі болды. I Интернационалдың Лондон конференциясының (1865), Женева (1866) және Базель (1869) конгрестерінің делегаты. Сот арқылы қудалауға түсті. 1871 жылы — Ұлттық гвардия Орталық Комитетінің мүшесі, Париж Коммунасы күндерінде — оның Советінің (үкіметінің) мүшесі, финанс, одан соң әскери комиссиялардың «делегаты», Коммунаның солшыл азшылығына қосылды. Версальдықтар Парижге басып кіргеннен кейін 6 және 11-округтер қорғанысына басшылық етті, баррикадаларда ерлікпен шай-

қасты. 28 майда версальдықтар қолға түсіріп, азаптап, ешбір сотсыз атып тастады.— *9, 253.*

Васильев — қараңыз: Ленгник, Ф. В.

Вернер — қараңыз: Богданов, А. А.

Виллих (Willich), *Август* (1810—1878) — Германиядағы революциялық қозғалысқа қатысушы, офицер, өзінің саяси сенімі себепті 1846 жылы Пруссия армиясындағы қызметін тастап кеткен; ұсақ буржуазиялық «ақиқат социализмнің» ықпалында болды. 1847 жылы Коммунистер одағына кірді. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революция кезеңінде оңтүстік герман республикашылдарының бірқатар қарулы бой көрсетулеріне қатысты; 1849 жылғы Баден-Пфальц көтерілісі кезінде волонтерлер батальонын басқарды, оның адьютанты Ф. Энгельс болды. Көтеріліс жеңіліске ұшырағаннан кейін Швейцарияға, одан кейін Англияға эмиграцияға кетті. 1850 жылы Коммунистер одағынан бөлініп шыққан сектанттық-авантюристік фракция лидерлерінің бірі болды. К. Маркс пен Ф. Энгельс Виллихтің және оның жақтастарының тактикасына қарсы шықты. 1853 жылы Америка Құрама Штаттарына кетті, онда азамат соғысына (1861—1865) белсене қатысып, солтүстіктегілер армиясында түрлі командалық қызметтер атқарды.— *150, 252.*

Витте, С. Ю. (1849—1915) — орыстың мемлекет қайраткері; патшалық Россияның «әскери-феодалдық империализмінің» мүдделерін білдірді, самодержавиенің сенімді жақтаушысы, либерал буржуазияға шамалы жеңілдіктер жасап, уәделер беру және халықты қаталдықпен жазалау арқылы монархияны сақтап қалуға тырысты; 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі. Қатынас жолдар министрі (февраль — август, 1892), финанс министрі (1892—1903), Министрлер советінің председателі (октябрь, 1905—апрель, 1906) бола отырып, Витте өзінің финанс, баж салығы саясаты, темір жол құрылысы, фабрика заңы саласындағы шаралары арқылы, шетелдердің күрделі қаржы жұмсауын барынша қолдауымен Россияда капитализмнің дамуына және оның империалистік державаларға тәуелділігінің күшеюіне себепші болды. «Министр-маклер»,— «биржа агенті» — В. И. Ленин оны осылай сипаттады.— *276, 286.*

Власов — қараңыз: Рыков, А. И.

Воинов — қараңыз: Луначарский, А. В.

Воровский, В. В. (Орловский) (1871—1923) — профессионал революционер, большевиктік партияның көрнекті қайраткері, аса көрнекті совет дипломаты, публицист және әдебиет сыншысы. Революциялық қызметін 1890 жылы студенттік үйірмелерде

Г

саңында полиция департаментінің тапсыруы бойынша зубатовшылдық үлгісіндегі «Петербургтегі орыс фабрика-завод жұмысшыларының жиналысы» деген жаңа ұйым құрды; бұл ұйымды полиция департаменті мен Петербург охранкасы қаржыландырып отырды. 1905 жылдың 9 январында Петербург жұмысшыларын петиция беру үшін патшаға баруға арандатты. Содан соң шетелге қашып кетіп, онда эсерлерге жақын болды. Россияға қайтып оралғаннан кейін, қайтадан охранкамен байланыс жасады. Арандатушылық қызметі әшкереленгеннен кейін Гапонды эсерлер өлтірді.— *19, 20, 90, 190—194, 387.*

Гейден, П. А. (1840—1907) — граф, ірі помещик, земство қайраткері, октябрист, 1895 жылдан — Псков губерниясында уездік дворяндар жетекшісі. Ерікті экономикалық қоғамның президенті (1895). 1904—1905 жылдары земство қозғалысына белсене қатысты. Либерализмді бүркеніш етіп, буржуазия мен помещиктерді өршіп келе жатқан революциялық қозғалысқа қарсы күреске біріктіруге тырысты. 1905 жылдың 17 октябрінен кейін ашықтан-ашық контрреволюция лагеріне — октябристер партиясы жағына шықты. I Мемлекеттік думада оңшыл депутаттар тобын басқарды. Ленин Гейденді өз табының ортақ мүдделерін шеберлікпен қорғаған «нағыз контрреволюцияшыл помещик» деп сипаттады (В. И. Лениннің «Граф Гейденді еске түсіру» деген мақаласын қараңыз — Шығармалар, 13-том, 38—46-беттер).— *309, 311.*

Глебов — қараңыз: Носков, В. А.

Головин, Ф. А. (1867 ж. туған) — земство қайраткері, кадет. 1898 жылдан 1907 жылға дейін — Москва губерниялық земство басқармасының мүшесі, одан кейін оның председателі. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты. Кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың бірі. II Мемлекеттік думаның председателі, III Мемлекеттік думаның мүшесі болды. Ірі темір жол концессиясына қатысты. 1917 жылдың мартында — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Сарай министрлігі бойынша комиссары.— *309.*

Голубин — қараңыз: Джапаридзе, П. А.

Гольдман — қараңыз: Либер, М. И.

Гредескул, Н. А. (1864 ж. туған) — юрист және публицист, профессор, кадет. 1905 жылы «Мир» газетін шығаруға қатысты, сол жылдың декабрінде «үкіметке қарсы» сипатта мақалалар жариялағаны үшін газет жабылады да, Гредескул қамауға алынып, 1906 жылы Архангельск губерниясына жер аударылады. Айдауда жүрген кезінде I Мемлекеттік думаның мүшелігіне сырттан сайланды, Петербургке қайтып оралып, Дума председателінің орынбасары болды. I Мемлекеттік дума қуыл-

ғаннан кейін Выборг үндеуіне қол қойды, қайтадан қамауға алынып, түрмеге отырғызылды. Қамалу мерзімін өтегеннен кейін бірқатар либералдық газеттерге қатысып тұрды. 1916 жылы кадеттер партиясынан шықты. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін буржуазиялық «Русская Воля» газетін шығаруға қатысты, бұл газет большевиктер партиясына қарсы үгіт жүргізді. Октябрь социалистік революциясынан кейін солшылдыққа қарай ойысып, өзінің көзқарастарын «Бұрынғы және қазіргі Россия» (1926) деген еңбегінде баяндады. Ленинград қаласындағы жоғары оқу орындарында профессор болды.— *427.*

Гуэн (Gouin), *Жюль* — Париж төңірегіндегі Батиньоледегі машина фабрикасының директоры.— *35.*

Д

Дейч, Л. Г. (1855—1941) — халықшылдық, ал одан кейін социал-демократиялық қозғалысқа қатысты. 1877 жылы Чигиринск уезіндегі шаруалардың бой көрсетулерін ұйымдастырушылардың бірі болды. «Жер және ерік», сонан соң «Қаралай бөліс» ұйымдарының мүшесі. 1880 жылы шетелге кетті, 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты, маркстік әдебиетті шығару және оны Россияға жеткізу жөнінде жұмыс жүргізді. 1884 жылы Германияда қамауға алынып, патша үкіметінің қолына берілді, сөйтіп каторгалық жұмысқа кесілді. 1901 жылы айдалған жерінен қашып шығып, Мюнхенге барды, «Орыс революциялық социал-демократиясы шетелдік лигасының» әкімшілігіне кооптацияланды, «Искра» мен «Заряны» шығаруға және таратуға қатысты. РСДРП II съезінде — «Еңбекті азат ету» тобынан делегат, азшылық искрашыл; съезден кейін — меньшевик, реакция жылдарында — жойымпаз. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, социал-қорғанымпаздардың органы — «Призывке» қатысып тұрды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Плехановпен бірге оңшыл меньшевик-қорғанымпаздардың «Единство» газетін редакциялады. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен шеттеді, Г. В. Плехановтың әдеби мұрасын шығару жөнінде жұмыс істеді, Россиядағы азаттық қозғалысының тарихы жөнінде бірқатар мақалалар жазды.— *83, 85—86.*

Десницкий, В. А. (Сосновский) (1878—1958) — социал-демократ. Социал-демократиялық жұмысқа 1897 жылдан бастап қатыса бастады. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Нижний Новгородта, Москвада, Уралда және Россияның оңтүстігінде партия жұмысын жүргізді. РСДРП Нижний Новгород комитетінен партияның III съезіне делегат. «Впередшілдер» ұйымдастырған фракциялық Капри мектебіне қатыс-

ты. 1909 жылы большевиктерден қол үзді. 1917 жылы — меньшевиктік бағыттағы «Новая Жизнь» газетін ұйымдастырушылардың бірі. 1918 жылдың мартына дейін — социал-демократ интернационалистер партиясынан Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі. 1919 жылдан Ленинградта ғылыми және оқытушылық жұмыста болды.— *104, 125, 155.*

Джапаридзе, П. А. (Голубин) (1880—1918) — большевиктік партияның аса көрнекті қайраткерлерінің бірі, профессионал революционер. 1898 жылы РСДРП Тифлис ұйымына кірді, Закавказьеде социал-демократиялық ұйымдар құру және нығайту жөнінде жұмыс жүргізді. 1901—1904 жылдары Кутаис социал-демократиялық ұйымында жұмыс істеді; РСДРП Кавказ одағы комитетінің мүшесі болды. Оның бұдан кейінгі революциялық қызметі негізінен алғанда Бакуде өтті. 1904 жылы — РСДРП Баку комитетінің мүшесі, еңбекші азербайжандар арасында жұмыс жүргізу үшін «Гуммет» социал-демократиялық тобын ұйымдастырушылардың бірі. РСДРП Кавказ одағынан партияның III съезіне делегат. 1906 жылы большевиктік «Бакинский Рабочий» газетін шығаруды жолға қою ісіне белсене қатысты, оның редакциясының мүшесі болды. Реакция жылдарында большевиктік баспасөзде жұмыс істеді, Мұнай өнеркәсібі жұмысшылары одағы басқармасының секретары болды. Талай рет қамауға алынып, түрмеге отырды және жер аударылды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — Баку партия ұйымы басшыларының бірі. 1917 жылдың майында жұмысшы және шаруа депутаттары Советтерінің Өлкелік орталығының құрамына сайланды. Баку ұйымынан РСДРП (б) VI съезіне делегат; партияның Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. Октябрь социалистік революциясынан кейін, Баку Халық Комиссарлары Советінің құрылуымен байланысты (1918 жылдың 25 апрелі) — ішкі істер комиссары, кейінірек сонымен қатар азық-түлік жөніндегі комиссар болып тағайындалды. Сонымен бірге Баку Советі Атқару комитетінің председателі болды. 1918 жылдың 20 сентябрінде ағылшын интервенттері мен олардың эсер-меньшевик қарақшылары Бакудің 26 комиссарының бірі ретінде атты.— *184.*

Джолитти (Giolitti), *Джованни* (1842—1928) — итальян мемлекет қайраткері, либералдар партиясының лидері. 1882 жылдан парламент мүшесі, 1889—1890 жылдары финанс министрі, 1892—1921 жылдары бірнеше рет премьер-министр болды. Ірі итальян капиталы мүдделерін көздей отырып, итальян буржуазиясының клерикалдармен блогының негізін салды; болмашы реформалар жасау жолымен және социалистік партияның оппортунистік лидерлерімен ынтымақ жасау арқылы жұмысшы қозғалысын революциялық бой көрсетулерден іркуге тырысты. 1922 жылы, өкімет басына фашистер келгеннен кейін белсенді саяси қызметтен қол үзді.— *254.*

Долгоруков, Павел Дм. (1866—1930) — князь, ірі помещик, земство қайраткері, кадет. 1893—1906 жылдары Москва губерниясында дворяндардың уездік жетекшісі болды. «Азаттық одағын» және кадет партиясын құрушылардың бірі; 1905—1911 жылдары оның Орталық Комитетінің председателі. «Русские Ведомостиге» қатысып тұрды, II Мемлекеттік думада кадет фракциясының председателі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметіне қарсы ақ гвардияшыл қастандықтарға белсенді қатысты. Контрреволюциялық қызметі үшін сотталды.— *310.*

Долгоруков, Петр Дм. (1866 — шамамен 1945) — князь, ірі помещик, земство қайраткері, кадет. Суджап уездік земство басқармасының председателі болды. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты. Кадет партиясын ұйымдастырушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. I Мемлекеттік думаның депутаты және оның председателінің орынбасары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *309.*

Е

Евгений — қараңыз: Бранденбургский, Я. Н.

Ермолов А. С. (1846—1917) — патша үкіметінің чиновнигі. 1893 жылы — мемлекеттік мүліктер министрлігінің басқарушысы, 1894 жылдан 1905 жылға дейін—егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрі, сонан соң Мемлекеттік советтің мүшесі. 1886—1888 жылдары Ерікті экономикалық қоғамның вице-президенті болды. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазып, оларда крепостниктік-помещиктердің мүдделерін білдіруші болды. 1892 жылы ол «Егіннің шықпай қалуы және халықтың күйзелуі» деген кітап шығарды, онда ашығушы шаруалар жөнінде патша үкіметінің әрекеттерін ақтауға тырысты.— *72.*

Ж

Жарков — қараңыз: Лещинский, М. С.

Жорес (Jaurès), *Жан* (1859—1914) — француз және халықаралық социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, француз социалистік партиясының реформистік оң қанатының басшысы, философ, атақты шешен, бірқатар тарихи еңбектердің авторы. Ол XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі Француз буржуазиялық революциясының төрт томдық тарихында осы революцияның әлеуметтік-экономикалық тарихының мәселелерін алға қойып, шешуге тырысты. Өзінің философиялық көзқарасы бойынша — идеалист-эклектик.

ноябрінде меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады, 1925 жылы — «жаңа оппозицияны» ұйымдастырушылардың бірі, 1926 жылы антипартиялық троцкийшіл-зиновьевшіл блок лидерлерінің бірі. 1927 жылы ВКП (б) XV съезі оны троцкийшіл оппозицияның белсенді қайраткері ретінде партиядан шығарды. 1928 жылы өзінің қателерін мойындайтыны туралы мәлімдеме жасады, партияға қайтадан алынды, алайда антипартиялық қызметін тоқтатпады, сондықтан 1932 жылы ВКП(б)-дан тағы да шығарылды. 1933 жылы партияға қайтадан алынды. 1934 жылы антипартиялық қызметі үшін партиядан үшінші рет шығарылды.— *98.*

Камский — қараңыз: Обухов, В. М.

Каутский (Kautsky), *Карл* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, бастапқыда марксист, кейінірек марксизмнің ренегаты, жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағымдардың бірі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы, герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Социалистік қозғалысқа 1874 жылдан бастап қатысты. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, жаңа мальтусшілдік пен анархизмнің қойыртпағы болатын. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты, сөйтіп олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқуы аңғарылды, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатты сынға алған болатын. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды: «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» және т. б., бұл еңбектер, оларда жіберілген қателеріне қарамастан, марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейінірек, революциялық қозғалыс кеңінен өрістеген кезеңде, оппортунизм позициясына көшті; бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында центрист болды, соғыс кезінде өзінің социал-шовинизмін интернационализм туралы сөздермен бүркемелеп, революциялық марксизмнің ашық жауларының лагері жағына шықты. Әсіре империализм теориясының авторы, бұл теорияның реакциялық мәнін Ленин «II Интернационалдың күйреуі» (1915), «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» (1916) деген және басқа еңбектерінде әшкереледі. Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін пролетарлық революцияға және пролетариат диктатурасына, Совет өкіметіне қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция» (1917), «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» (1918) деген және басқа бірқатар шығармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. Каутскийшілдіктің қауіптілігін ашып көрсете келіп, В. И. Ленин былай деп жазды: «Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылық-

нен және марксизмді бұрын болып көрмеген теориялық масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра алмайды» (Шығармалар, 21-том, 316-бет).— *227, 323, 325.*

Квиткин, О. А. (Петров) (1874—1937) — социал-демократ. 1901 жылы Брянск заводы (Бежицеде) жұмысшыларының арасында сөз сөйлегені үшін полицияның ашық бақылауымен Вологда губерниясына 3 жылға жер аударуға кесілді. 1904 жылы партияға кірді, Орелде, Брянскіде және Костромада жұмыс жүргізді, Орел, Кострома және Иваново-Вознесенск партия ұйымдарының атынан РСДРП-ның III, IV және V съездеріне қатысты. 1906 жылы — Москва облыстық бюросының мүшесі. 1908 жылы саяси қызметтен қол үзді. 1919 жылдан бастап СССР Орталық статистика басқармасында істеді.— *177, 203.*

Китаев — қараңыз: Эссен, А. М.

Ковалевский, Н. Н. (1858 ж. туған) — земство қайраткері, Харьков губерниясының помещигі, кадет. «Азаттық одағының» мүшесі, 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты. I Мемлекеттік думаның мүшесі болды.— *310.*

Корнели — француздың буржуазиялық «Le Siècle («Ғасыр») газетінің қызметкері.— *268—269.*

Корф, П. Л. (1837—1913) — барон, земство қайраткері. 1860 жылға дейін әскери қызметте болды. Отставкадан кейін — Шлиссельбург уезінде бітістіруші төреші, 1866 жылдан — дворяндардың уездік жетекшісі, 1868 жылдан — Петербург губерниялық земство басқармасының председателі. 1878 жылдан 1881 жылға дейін — Петербург қаласының бастығы. 1906 жылы Мемлекеттік советке сайланған.— *310.*

Крамольников, Г. И. (1880—1962) — 1898 жылдан РСДРП мүшесі. Революциялық қызметін РСДРП Сибирь одағының ұйымдарында бастады, Омскіде, Томскіде, одан кейін Самарада, Москвада, Петербургте, Қазанда және басқа қалаларда жұмыс істеді. Бірнеше рет патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады. Самара ұйымынан РСДРП III съезіне делегат. 1905—1906 жылдары партияның Орталық Комитетінің арнайы агенті болды. 1907 жылы меньшевиктер жағына шықты, РСДРП V съезінде Иркутск меньшевиктік ұйымының өкілі болды. 1909 жылдан партиялық жұмысқа белсене қатысқан жоқ. 1919 жылы РКП(б)-ға кірді. Москваның бірқатар жоғары оқу орындарында партия тарихы жөнінде ғылыми-зерттеу және оқытушылық жұмыспен шұғылданды, 1924 жылдан 1941 жылға дейін Маркс — Энгельс — Ленин институтында жұмыс істеді. 1943 жылдан — дербес пенсионер.— *411.*

Красиков, П. А. (Бельский) (1870—1939) — профессионал революционер, большевик. Революциялық қызметін 1892 жылы Петербургтің маркстік жұмысшы үйірмелерінде насихатшы болып бастады, нақ сол жылы Швейцарияға кетіп, онда «Еңбекті азат ету» тобымен байланыс орнатты. 1893 жылы қамауға алынып, 1894 жылы Сибирьге жер аударылды. Айдауда жүргенде В. И. Ленинмен және Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» басқа да қайраткерлерімен танысты. Айдаудан қайтып оралғаннан кейін, 1900 жылы Псковқа жер аударылып, сонда «Искра» ұйымына кірді. РСДРП II съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Псков кеңесінде (ноябрь, 1902) Ұйымдастыру комитетінің құрамына енгізілді. Съезде — Киев комитетінен делегат, көпшілік искрашыл; В. И. Ленинмен және Г. В. Плехановпен бірге съезд бюросына (президиумына) енді. Съезден кейін меньшевиктерге қарсы күреске белсене қатысты, бірқатар шетелдік орталықтарды аралап, съезд туралы баяндама жасады, съездің қорытындылары жайында «Жолдастарға хатты» жазды. 1904 жылғы августа 22 большевиктің Женевадағы кеңесіне қатысты, II Интернационалдың Амстердам конгресіне большевиктерден делегат болды. РСДРП III съезінде шетелдік ұйымнан делегат. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, жұмысшы депутаттары Петербург Советі Атқару комитетінің мүшесі болды. Талай рет патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады.

1917 жылы Февраль революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — контрреволюцияға қарсы күрес жөніндегі тергеу комиссиясының председателі, СССР Юстиция Халық Комиссариаты коллегиясының мүшесі; 1924 жылдан бастап — Жоғарғы соттың прокуроры, ал 1933 жылдан 1938 жылға дейін — СССР Жоғарғы соты председателінің орынбасары. Бірнеше сайланған Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті мен СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі.— *114, 159, 177—178.*

Красин, Л. Б. (Зимин, Иогансен) (1870—1926) — социал-демократ, большевик, көрнекті совет мемлекеттік қайраткері, дипломат. 1890 жылы — Бруснев тің Петербургтегі социал-демократиялық үйірмесінің мүшесі. 1891 жылы Красинді полиция Петербургтен Қазанға және Нижний Новгородқа жер аударады. 1895 жылы қайтадан қамауға алынып, Иркутскіге 3 жылға жер аударылады. Айдау мерзімі біткеннен кейін (1897) Харьков технологиялық институтына түсіп, оны 1900 жылы бітірді. 1900—1904 жылдары Бакуде инженер болып істеді, осында В. З. Кецховелимен бірге «Искраның» құпия баспаханасын ұйымдастырды. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды, партияның Орталық Комитетіне кооптацияланды, мұнда меньшевиктер жөнінде ымырашылдық позиция ұстап, олардың үш өкілінің Орталық Комитетке кооптациялануына көмектесті; алайда көп ұзамай меньшевиктерден қол үзді. Красин —

партия Советінен және РСДРП Орталық Комитетінен РСДРП III съезіне делегат; съезде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. 1905 жылы — тұңғыш большевиктік жария газет «Новая Жизньді» ұйымдастырушылардың бірі, Орталық Комитеттің өкілі ретінде жұмысшы депутаттарының Петербург Советіне енді. РСДРП-ның IV (Бірігу) съезінде Орталық Комитет мүшелігіне қайта сайланды. 1908 жылы шетелге эмиграцияға кетті.

Реакция жылдарында біраз уақыт шақырымпаздардың «Вперед» тобына кірді; кейінірек саяси қызметтен шеттеп кетті, шетелде және Россияда инженер болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастырушылардың бірі, одан соң Халық Шаруашылығы Жоғары Советі президиумының мүшесі, сауда және өнеркәсіп, қатынас жолдар халық комиссары. 1919 жылдан бастап дипломаттық жұмыста болды. 1920 жылдан сыртқы сауда халық комиссары және сонымен қатар 1921—1923 жылдары Лондонда уәкілетті өкіл болып істеді, Генуя және Гаага конференцияларына қатысты, 1924 жылдан бастап — СССР-дің Франциядағы уәкілетті өкілі, 1925 жылдан бастап — Англиядағы уәкілетті өкіл. Партияның XIII және XIV съездерінде ВКП(б) Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды.— *78, 83, 110, 117, 130, 154—155.*

Криге (Kriege), *Герман* (1820—1850) — неміс журналисі, «ақиқат социализм» дейтіннің өкілі. XIX ғасырдың 40-жылдарының екінші жартысында Нью-Йоркте немістің «ақиқат социалистер» тобын басқарды. «Volks-Tribun» («Халықтық Трибун») журналын шығарып, оның бетінде Вейтлингтің христиандық «этикалық-діни» коммунизмін уағыздады. Аграрлық мәселеде жерді пайдаланудың теңгерме әдісін уағыздады. Кригенің фантастикалық көлгірсіген сандырағын Маркс пен Энгельс қатаң сынап, «Кригеге қарсы нұсқау хат» деген белгілі еңбегін жазды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 1—16-беттер).— *58—65, 394.*

Кричевский, Б. Н. (1866—1919) — социал-демократ, публицист, «экономизм» лидерлерінің бірі. 80-жылдардың аяғынан бастап Россиядағы социал-демократиялық үйірмелердің жұмысына қатысты; 90-жылдардың басында эмиграцияға кетті; шетелде біраз уақыт «Еңбекті азат ету» тобына қосылды, оның басылымдарына қатысты. 90-жылдардың аяғында «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағы» басшыларының бірі болды, 1899 жылы — осы Одақтың журналы «Рабочее Делоның» редакторы, журналдың бетінде бернштейншілдік көзқарастарды насихаттады. РСДРП II съезінен кейін көп ұзамай социал-демократиялық қозғалыстан шеттеп кетті.— *46.*

Крохмаль, В. Н. (Второв) (1873—1933) — социал-демократ, меньшевик. 90-жылдардың орта шенінде Киевтің социал-демо-

кратиялық үйірмелеріне кірді; 1898 жылы Уфаға жер аударылды, онда жергілікті социал-демократиялық топта белсенді роль атқарды. 1901 жылдан — «Искраның» агенті, Киевте жұмыс істеді, 1902 жылы қамалды, 1902 жылдың 18 (31) августында бір топ искрашылдармен бірге Киевтегі Лукьянов түрмесінен шетелге қашып кетіп, онда «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына» кірді. РСДРП II съезіне — Уфа комитетінен делегат, азшылық искрашыл. 1904 жылдың аяғында меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетіне кооптацияланды; 1905 жылғы февральда қамауға алынды; РСДРП IV (Бірігу) съезінде меньшевиктерден Орталық Комитетке сайланды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін меньшевиктік «Рабочая Газетаны» редакциялады, Октябрь социалистік революциясынан кейін Ленинградтың әр түрлі мекемелерінде жұмыс істеді.— *83—85.*

Кузнецов — қараңыз: Литвинов, М. М.

Куропаткин, А. Н. (1848—1925) — генерал, 1898 жылдан 1904 жылға дейін — соғыс министрі. 1904—1905 жылдардағы орыс-жапон соғысында Россияның Қиыр Шығыстағы құрғақтағы әскерлерінің, одан соң бүкіл қарулы күштерінің бас қолбасшысы болды; өзінің жігерсіз және дарынсыз әскери басшы екенін көрсетті. Бірінші дүние жүзілік соғыста (1916 ж.) Солтүстік майданға қолбасшылық етті, Түркстанда генерал-губернатор және әскердің қолбасшысы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Псков губерниясында тұрды.— *28.*

Л

Л. — «Освобождение» журналында жарияланған «Аграрлық мәселе жөнінде» деген мақаланың авторы, 1903, № 9.— *398.*

Латышев — қараңыз: Литвинов, М. М.

Ленгник, Ф. В. (Васильев) (1873—1936) — профессионал революционер, большевик. Социал-демократиялық қозғалысқа 1893 жылдан бастап қатысты; 1896 жылы Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» ісі бойынша қамауға алынып, 1898 жылы 3 жылға Шығыс Сибирьге жер аударылды. 1899 жылғы августың аяғы — сентябрьдің басында басқа он алты социал-демократпен бірге «экономистердің» «Credo»-сына қарсы В. И. Ленин жазған «Россия социал-демократтарының наразылығына» қол қойды. Айдаудан қайтып оралғаннан кейін «Искра» ұйымына кірді; РСДРП II съезін дайындау жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің Псковтағы кеңесінде (ноябрь, 1902) Ұйымдастыру комитетінің құрамына енгізілді. Съезде Орталық Комитет пен партия Советіне сырттан сайланды. 1903—1904 жылдары шетелде меньшевиктер-

ге қарсы күреске белсене қатысты; 1903 жылы октябрьде «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасының» II съезіне қатысты, партияның Орталық Комитеті ұсынған Лига уставын қабылдаудан меньшевиктер бас тартқаннан кейін Орталық Комитеттің атынан съездің одан кейінгі мәжілістерін заңсыз деп жариялап, бір топ большевиктермен бірге съезді тастап шығып кетті. 1904 жылғы февральда Россияға қайтып оралды, бірақ көп ұзамай партияның Орталық Комитеті Солтүстік бюросының ісі бойынша қамауға алынды. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін Россияның оңтүстігінде, Москва мен Петербургте партия жұмысын жүргізді.

Октябрь социалистік революциясынан кейін өнеркәсіп халық комиссариатында, Халық Шаруашылығы Жоғары Советінде, Жұмысшы-шаруа инспекциясы Халық Комиссариатында жұмыс істеді, ГОЭЛРО жоспарын жасауға қатысты. Партияның XII, XIII, XIV және XV съездерінде ВКП(б) Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып сайланды. Өмірінің соңғы жылдарында ғылыми және педагогтық жұмыс жүргізді, Қарт большевиктердің бүкіл одақтық қоғамы председателінің орынбасары болды.— *65.*

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., Ленин Н.) (1870—1924) — өмірбаяндық деректер.— *5, 17, 22, 39—44, 66, 72, 84—85, 99, 102, 136, 172—173, 174, 180, 190—191, 196, 200, 229—230, 235, 236, 265, 271, 292, 296, 337, 361, 399, 400, 411, 412.*

Леонов — қараңыз: Цхакая, М. Г.

Леру (Leroux), *Гастон* (1868 ж. туған) — Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революция кезінде — француз буржуазиялық «Le Matin» («Таң») газетінің Петербургтегі тілшісі.— *311, 313, 316—317, 318, 320, 368, 372, 373, 427.*

Лесков — қараңыз: Романов, Н. В.

Летнев — қараңыз: Любимов, А. И.

Лещинский, М. С. (Жарков, Морозов) (1882 ж. туған) — социал-демократ. Одессада, Москвада, Екатеринославта партия жұмысын жүргізді. Бірнеше рет патша үкіметінің қуғынына ұшырады. РСДРП Екатеринослав комитетінен партияның III съезінің делегаты болды. 1906 жылдың аяғында (немесе 1907 жылдың бас кезінде) Америкаға эмиграцияға кетті. Кейінірек Россияға қайтып оралды.— *98, 124.*

Либер (Гольдман), М. И. (1880—1937) — Бунд лидерлерінің бірі. Саяси қызметін 1898 жылы бастады. РСДРП II съезінде Бунд делегациясын басқарды, әсіре оңшыл, антиискрашылдық позицияда болды, съезден кейін — меньшевик. РСДРП V съезінде Бундтан РСДРП Орталық Комитетіне сайланды, Орталық

Комитеттің Шетелдік бюросында Бундтың өкілі болды. Реакция жылдарында — жойымпаз, 1912 жылы — троцкийшіл Август блогының белсенді қайраткері, бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі; контрреволюциялық меньшевиктік позицияда болды, коалициялық үкіметті жақтады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, Совет өкіметінің қас жауы болды. Кейін саяси қызметтен кетіп, шаруашылық жұмыстарда болды.— *40—41.*

Литвинов, М. М. (Кузнецов, Латышев) (1876—1951) — социал-демократ, большевик, көрнекті совет дипломаты. Революциялық жұмысты 1898 жылы Чернигов губерниясының Клинцыдағы жұмысшы үйірмелерінде насихатшы болып бастады. 1900 жылы Киев комитетінде істеді; 1901 жылы қамауға алынды; түрмеде искрашылдарға қосылды. 1902 жылы августа 11 искрашыл қатарында түрмеден қашып, шетелге эмиграцияға кетті. «Искра» газетін таратуға белсене араласты. «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасының» II съезіне қатысты, партияның III съезіне РСДРП Рига комитетінен делегат болды. 1905 жылы большевиктік бірінші жария газет — «Новая Жизньді» шығаруға қатысты. 1907 жылы Штутгарттағы халықаралық социалистік конгрестің делегаты және Россия делегациясының секретары болды; 1912 жылы шетелдік социал-демократиялық топтардың Берн конференциясына қатысты; Халықаралық социалистік бюрода большевиктік секциядан делегат болды. 1915 жылы февральда Лениннің тапсыруы бойынша Лондонда Антанта социалистерінің конференциясында сөз сөйлеп, социалистердің буржуазиялық үкіметтерден шығуын және империалистерден толық қол үзуді талап етті. Октябрь социалистік революциясынан кейін, 1918 жылы Сыртқы істер Халық Комиссариаты коллегиясына мүше етіліп тағайындалды; Генуядағы халықаралық конференцияда совет делегациясының мүшесі, Гаага конференциясында совет делегациясының председателі болды. 1921 жылдан Литвинов — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары. 1930 жылдан 1939 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссары. 1941—1943 жылдарда — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары және СССР-дің Америка Құрама Штаттарындағы елшісі; Америка Құрама Штаттарынан қайтып оралғаннан кейін 1946 жылға дейін — сыртқы істер халық комиссарының орынбасары.— *178, 411.*

Луначарский, А. В. (Воинов) (1875—1933) — советтің мемлекет және қоғам қайраткері. Революциялық қозғалысқа 90-жылдардың бас кезінде келді. РСДРП II съезінен кейін — большевик. Большевиктік «Вперед», «Пролетарий», одан соң «Новая

Жизнь» газеттерінің редакциялары құрамына кірді. РСДРП III съезіне «Вперед» газеті редакциясынан делегат; В. И. Лениннің тапсыруымен қарулы көтеріліс жөнінде баяндама жасады. Партияның IV (Бірігу) және V съездеріне қатысты. 1907 жылы Штутгарт халықаралық социалистік конгресінде большевиктердің өкілі болды. Реакция жылдарында марксизмнен шеттеп, антипартиялық «Вперед» тобына қатысты, марксизмді дінмен біріктіруді талап етті. В. И. Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» (1909) деген еңбегінде Луначарский көзқарасының қате екенін көрсетіп, оны қатты сынға алды. 1911 жылы Луначарский «впередшілдерден» қол үзді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде интернационализм позициясын устады. 1917 жылдың бас кезінде «ауданаралықшылар» тобына кірді, солармен бірге РСДРП VI съезінде партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін, 1929 жылға дейін — халық ағарту халық комиссары, одан соң СССР Орталық Атқару Комитеті жанындағы Ғылыми комитеттің председателі. 1933 жылғы августа Испанияға СССР-дің уәкілетті өкілі етіліп тағайындалды. Өнер және әдебиет жөнінде бірқатар еңбектердің авторы.— *110, 114, 124—125, 194—195, 309.*

Львов, Г. Е. (1861—1925) — князь, ірі помещик, 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты, кадет. 1903—1906 жылдары Тула уездік земство басқармасының председателі болды. I Мемлекеттік думаның мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — Бүкіл россиялық земство одағының председателі, одан кейін — империалистік буржуазия мен помещиктердің ұйымдары — земстволар мен қалалардың бірлескен одағы председательдерінің бірі. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — марттан июльге дейін — Уақытша үкіметтің министрлер советінің председателі және ішкі істер министрі. 1917 жылғы июль күндерінде Петроградтың жұмысшылары мен солдаттарын қанға бояп жазалаудың инициаторларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант; Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастыруға қатысты.— *309.*

Львов, Н. Н. (1867—1944) — помещик; В. И. Лениннің берген анықтамасы бойынша «контрреволюцияшыл дворянсымақ», «сатқын кадеттің үлгісі». 1893—1900 жылдары дворяндардың Балашов уездік жетекшісі болды; 1899 жылдан бастап Саратов губерниялық земство басқармасының председателі. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты, «Азаттық одағының» және кадет партиясының негізін қалаушылардың бірі, кадет партиясы Орталық Комитетінің мүшесі болды. Кадеттердің алдауына түскен шаруалардың даусымен I Мемлекеттік думаға сайланған ол, шаруалардың талаптарына үзілді-кесілді қарсы шықты. II Мемлекеттік думаның мүшесі. «Бейбіт жаңарту партиясын» құрушылардың бірі. III және IV Думаларда прогрессистердің лидері болып әрекет жасады. 1917 жылы — помещик-

тер одағы басшыларының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ гвардияшыл журналист, кейінірек — ақ эмигрант.— *309.*

Любимов, А. И. (Валерьян, Летнев, Марк) (1879—1919) — социал-демократ, революциялық қозғалысқа 1898 жылдан бастап қатысты, Москваның «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағы» мүшелерінің бірі. Бірнеше рет патша үкіметі тарапынан қуғынға ұшырады. 1904 жылы РСДРП Орталық Комитетіне кооптацияланды. РСДРП III съезіне партия Советінен делегат. Партияның II съезінен кейін де, реакция жылдарында да меньшевиктер жөнінде ымырашылдық позицияда болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — әсіре қорғанымпаз, плехановтық «Бірлік» тобына кірді.— *78, 83, 86, 98, 99, 117.*

Лядов (Мандельштам), М. Н. (1872—1947) — профессионал революционер; революциялық қызметін 1891 жылы Москваның халықшылдық үйірмелерінде бастады; 1892 жылы маркстік үйірмеге кірді, 1893 жылы Москвадағы тұңғыш социал-демократиялық ұйым — Москва жұмысшы одағын құруға қатысты. 1895 жылы Москвада маевкаға басшылық етті, қамауға алынып, 1897 жылы 5 жылға Верхоянскіге жер аударылды. Айдаудан қайтып оралғаннан кейін Саратовта жұмыс істеді. РСДРП II съезінде — Саратов комитетінен делегат, көпшілік искрашыл, съезден кейін — Орталық Комитеттің агенті, Россияда және шетелде меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. 1904 жылғы августа 22 большевиктің Женевадағы кеңесіне қатысты, Көпшілік Комитеттері Бюросына енді, II Интернационалдың Амстердам конгресіне большевиктерден делегат болды. Кеңесші дауыспен РСДРП III съезінің делегаты. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, Москва партия комитетінің мүшесі болды, РСДРП Орталық Комитетінің жауапты тапсырмаларын орындады. Реакция жылдарында шақырымпаздарға қосылды, 1909 жылы фракциялық «Вперед» тобына енді және Капри аралындағы партия мектебі лекторларының бірі болды. 1911 жылы «Вперед» тобынан шығып, Бакуге кетті.

1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — жұмысшы және әскери депутаттардың Баку Советі председателінің орынбасары; меньшевиктік позицияда болды.

1920 жылы РКП(б) қатарына қайта қабылданды, Москвада шаруашылық жұмысында болды, Халық Шаруашылығы Жоғары Советінде, одан кейін Халық ағарту комиссариатында қызмет етті. 1923 жылдан — Я. М. Свердлов атындағы Коммунистік университеттің ректоры; партияның XII, XIII, XIV, XV, XVI съездерінің делегаты болды.— *147, 411.*

М

циалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзді, 1918—1920 жылдары Украинада мұғалім болып істеді. 1923 жылы РКП (б) XII съезінде партияға қабылданды. К. Маркс пен Ф. Энгельс Институтында қызмет істеді; 1924 жылдан — «Коммунистический Интернационал» журналы редакциясының мүшесі.— *5—14, 16, 17, 18, 22, 25, 31, 43, 134—136, 138, 140, 143, 146—147, 148, 213, 243—244, 245, 247, 251, 252, 255, 387, 389, 405, 406—407, 408, 419.*

Мах (Mach), *Эрнст* (1838—1916) — австриялық физик және философ, субъективтік идеалист, эмпириокритицизмнің негізін салушылардың бірі; Грац және Прага университеттерінде математика мен физикадан сабақ берді, 1895 жылдан 1901 жылға дейін — Вена университетінде философия профессоры. Беркли мен Юмның көзқарастарын жаңғыртты; түйсікті «дүниенің нағыз элементтері» деп жариялады. Жаратылыс тану жаңалықтарын пайдаланып, материалистік таным теориясына қарсы шықты. Шын мәнінде махизм дінді қорғаудың ғылымисымақ бүркеніш формасы болды. В. И. Ленин «Материализм және эмпириокритицизм» деген кітабында Махтың реакцияшыл философиясын жан-жақты сынады.

Махтың негізгі шығармалары: «Die Mechanik ...» (1883) («Механика...»), «Beiträge zur Analyse der Empfindungen» (1886) («Түйсіктерді талдау»), «Erkenntnis und Irrtum» (1905) («Таным және адасушылық»).— *142—143, 254, 408.*

Мещерский, В. П. (1839—1914) — реакцияшыл публицист. Полицияда және ішкі істер министрлігінде қызмет істеді; 1860 жылдан бастап «Русский Вестник» пен «Московские Ведомостиге» жазып жүрді; 1872—1914 жылдары қаражүздік «Гражданин» журналын шығарды, 1903 жылы реакциялық «Добро» және «Дружеские Речи» журналдарын ұйымдастырды. Мещерский өзінің басылымдарында үкіметтің жұмысшыларға ғана емес, сонымен бірге либерал буржуазияға да қандай да болсын жеңілдік жасауына қарсы шықты, патша үкіметі ол басылымдардан қаржы аяған жоқ.— *72, 333.*

Мильеран (Millerand), *Александр Этьенн* (1859—1943) — француз саяси қайраткері: 80-жылдары — ұсақ буржуазияшыл радикал, 90-жылдары социалистерге қосылды, француз социалистік қозғалысындағы оппортунистік бағытты басқарды. 1899 жылы Вальдек-Руссоның реакцияшыл буржуазиялық үкіметіне кіріп, онда Париж Коммунасына жендет болған генерал Галлифемен бірге қызмет істеді. В. И. Ленин мильеранизмді пролетариаттың мүдделеріне сатқындық жасау, ревизионизмнің іс жүзіндегі көрінісі деп әшкерелеп, оның әлеуметтік тамырларын ашып көрсетті.

1904 жылы социалистік партиядан шығарылғаннан кейін Мильеран бұрынғы социалистермен (Бриан, Вивиани) бірге

«тәуелсіз социалистер» партиясын құрды. 1909—1910, 1912—1913, 1914—1915 жылдары әр түрлі министрлік қызметтерде болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Мильеран антисоветтік интервенцияны ұйымдастырушылардың бірі болды; 1920—1924 жылдары — француз республикасының президенті. 1924 жылғы июньде, солшыл буржуазиялық партиялар сайлауда жеңіп шығып, онымен бірге қызмет істеуден бас тартқаннан кейін, Мильеран отставкаға шығуға мәжбүр болды. 1925 және 1927 жылдарда сенатор болып сайланды.— *9, 27, 144 252—253, 254—255, 410.*

Михайлов — қараңыз: Постоловский, Д. С.

Молешотт (Moleschott), *Якоб* (1822—1893) — Голландия ғалымы, Гейдельберг университетінің приват-доценті (1847—1854), Цюрих (1856—1861), Турин (1861—1879) және Рим (1879—1893) университеттерінің физиология профессоры. Тұрпайы материализмнің басты өкілдерінің бірі; табиғат пен қоғамға механикалық көзқарастарды жаңғыртты. Физиология жөніндегі бірқатар еңбектер жазды, негізгі философиялық шығармасы — «Der Kreislauf des Lebens» (1852) («Өмір айналысы»).— *30.*

Морозов — қараңыз: Лещинский, М. С.

Н

Надеждин, Л. (Зеленский, Е. О.) (1877—1905) — саяси қызметін халықшыл ретінде бастады; 1898 жылы Саратов социал-демократиялық ұйымына кірді. 1899 жылы қамауға алынып, Вологда губерниясына жер аударылды; 1900 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, мұнда «Свобода» «революциялық-социалистік тобын» (1901—1903) ұйымдастырды. «Свобода» журналында, «Революция қарсаңы» (1901), «Россияда революционизмнің қайта тууы» (1901) деген кітапшаларында және басқаларда «экономистерді» қолдады, сонымен бірге «бұқараны ашындырудың» пәрменді құралы ретінде террорды уағыздады; лениндік «Искраға» қарсы шықты. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктік басылымдарға қатысып тұрды.— *17, 19—20.*

Небогатов, Н. И. (1849 ж. туған) — контр-адмирал; 1905 жылы 3-эскадраға басшылық етті, бұл эскадра жапондар қоршауға алған Порт-Артурға көмектесу үшін патша үкіметі жіберген адмирал Рождественскийдің Тынық мұхит эскадрасының құрамына кірген болатын. Цусима түбіндегі шайқаста (1905 жылдың 14—15 (27—28) майы) жапондықтарға тұтқынға берілді. Осы үшін оны Россияға қайтып оралғаннан кейін әскери-теңіз соты 10 жыл қамалда тұтқынға ұстауға үкім шығарды, бірақ көп кешікпей кешірім жасалды.— *266.*

О

Обухов, В. М. (Камский) (1873—1945) — социал-демократ, мамандығы бойынша статистик, экономика ғылымдарының докторы. Революциялық жұмысты 1896 жылдан бастады, Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» қызметіне қатысты. 1897 жылы қамауға алынып, Саратов губерниясына жер аударылды. 1902 жылдан — РСДРП Саратов комитетінің мүшесі. РСДРП Саратов комитетінен партияның III съезіне делегат. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысушы. 1905 жылдың декабрінде қамауға алынып, Тобол губерниясына жер аударылады, сол жерден шетелге қашып кетеді. 1909 жылы Россияға қайтып оралғаннан кейін саяси қызметтен қол үзіп, статистикамен айналысты, 1916 жылға дейін Земство қамсыздандыру одағының статистика бөлімінде істеді; 1926 жылдан 1933 жылға дейін — Орталық Статистика Басқармасы коллегиясының мүшесі, Экспериментальды статистика институтының директоры. Статистика және агрометеорология саласындағы көптеген еңбектердің авторы.— *115.*

Ойяма, Ивао (1842—1916) — жапон фельдмаршалы, бас штабтың бастығы (1881—1904) және Жапонияның соғыс министрі (1885—1891, 1892—1894); орыс-жапон соғысы кезінде — Маньчжуриядағы жапон әскерлерінің бас қолбасшысы.— *28.*

Олар (Aulard), *Франсуа Виктор Альфонс* (1849—1928) — француздың буржуазиялық тарихшысы, XVIII ғасырдың аяқ кезіндегі француз буржуазиялық революциясының тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы, радикалдар партиясының мүшесі. 1886—1922 жылдары Сорбонна университетінің француз революциясы тарихы кафедрасының профессоры. «Француз революциясы тарихын зерттеу жөніндегі қоғамның» бірінші секретары және «Révolution française» («Француз Революциясы») журналының бас редакторы болды. Өзінің аса бай архив материалдарына негізделген еңбектерінде француз революциясының тарихын реакциялық тарихшылардың бұрмалауына либералдық-буржуазиялық позицияда қарсы шықты. Оларға 1789 жылғы Адам және азамат праволары декларациясы принциптерін дәріптеу тән қасиет, ол Францияның бұдан былайғы бүкіл тарихының мәні осы принциптерді жүзеге асыруда деп білді. Олардың негізгі еңбегі — «Histoire politique de la Révolution française» (1901) («Француз революциясының саяси тарихы»).— *31.*

Орловский — қараңыз: Воровский, В. В.

П

Парвус (Гельфанд, А. Л.) (1869—1924) — меньшевик, 90-жылдардың аяғы — 900-жылдардың бас кезінде Германия социал-демократиялық партиясының қатарында жұмыс істеді, оның

солшыл қанатына қосылды; «Sächsische Arbeiter-Zeitung»-тің («Саксон Жұмысшы Газеті») редакторы болды; дүние жүзілік шаруашылық мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды. Бірінші орыс революциясы кезінде Россияда болды, меньшевиктік «Начало» газетінде істеді, булыгиндік Думаға қатысуға шақырды, кадеттермен ұсақ-түйек келісімдер жасау тактикасын жақтады және т. с. Парвус антимаркстік «перманенттік революция теориясын» ұсынды, кейіннен бұл теорияны Троцкий ленинизмге қарсы күрестің құралына айналдырды. Реакция жылдарында социал-демократиядан қол үзді; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, герман империализмінің агенті, ірі алыпсатарлықпен айналысып, соғыс заказдарынан байыды. 1915 жылдан «Die Glocke» («Қоңырау») журналын шығарып тұрды, бұл журнал, Лениннің сипаттауы бойынша: «Германиядағы ренегаттықтың және жиіркенішті малайлықтың органы» болды (Шығармалар, 21-том, 432-бет).— *16—20, 21, 27, 31, 45, 46, 47, 100, 137, 142, 387, 391.*

Петров — қараңыз: Квиткин, О. А.

Петрункевич, И. И. (1844—1928) — помещик, земство қайраткері, кадет. 1904 жылы «Азаттық одағының» председателі болды. 1904—1905 жылдарда земство съездеріне қатысты. Кадеттер партиясын ұйымдастырушылардың және оның көрнекті лидерлерінің бірі, сол партияның Орталық Комитетінің председателі. Петрункевичтің қоғамдық қызметі В. И. Ленин жазғандай, «жұмсақ, реформаторша,— жеңілдік беріп, аристократияны, дворяндарды, сарайдағыларды ренжітпей,— сақтықпен, еш бір өзгеріссіз,— жылы жүзбен, сыпайылықпен, төрелерше, ақ қолғап киіп» (Шығармалар, 9-том, 47-бет) самодержавиеге қарсы шыққан либерал буржуазияның самодержавие алдында саяси құрша жорғалауының тән белгісі болды. I Мемлекеттік думаның мүшесі, кадет партиясының Орталық Органы — «Речь» газетін шығарушы болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *309, 318, 320, 334, 424.*

Пи-и-Маргаль (Pi y Margall), *Франсиско* (1824—1901) — испан саяси қайраткері, солшыл республикашыл-федералистердің лидері, утопиялық социализм идеяларының ықпалында болды; мамандығы бойынша адвокат және әдебиетші. 1854 жылғы революция кезінде бірқатар революциялық ұйымдарға қатысты, 1864 жылдан — республикалық орган «La Discusión»-ның («Айтыс») редакторы. 1868 жылғы революциядан кейін 1869 жылғы құрылтай кортесіне сайланды; король Амадео тақтан бас тартқаннан кейін (февраль, 1873), республикалық үкіметтің ішкі істер министрі қызметінде болды. 1873 жылғы 8 июньде Испания федерациялық республика болып жарияланды, Пи-и-Маргаль оның уақытша президенті болып тағайындалды. Алайда,

18-июльде-ақ, оңшыл республикашылдардың қысымымен, ол отставкаға кетуге мәжбүр болды. Бурбондар таққа қайта келтірілгеннен кейін (1874) саяси қызметтен шеттеді. 1886 жылы кортеске сайланып, онда республикашылдық идеяларды одан әрі қорғады.— *258.*

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1875 жылы, студент кезінде-ақ, халықшылдармен, Петербургтің жұмысшыларымен байланыс жасап, революциялық жұмысқа араласты; 1877 жылы халықшылдық «Жер және ерік» ұйымына кірді, ал 1879 жылы, бұл ұйым жікке бөлінгеннен кейін, халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» ұйымын басқарды. 1880 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. 900-жылдардың басында В. И. Ленинмен бірге «Искра» газеті мен «Заря» журналын редакциялады, партия программасының жобасын жасауға, РСДРП II съезін дайындауға қатысты. Съезде «Еңбекті азат ету» тобынан делегат, көпшілік искрашыл, съезд бюросына (президиумына) енді.

Плеханов философия, әлеуметтік-саяси ілімдердің тарихы жөнінде, өнер мен әдебиет теориясының мәселелері жөнінде көптеген еңбектер жазды, бұл еңбектер материалистік дүние танымды қорғауда үлкен роль атқарды және ғылыми социализмнің қазынасына қосылған бағалы үлес болды. Плеханов шығармаларының ең маңыздылары: «Социализм және саяси күрес» (1883), «Біздегі алауыздықтар» (1885), «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде» (1895), «Материализм тарихы жөніндегі очерктер» (1896), «Воронцов (В. В.) мырзаның еңбектерінде халықшылдықтың негізделуі» (1896), «Тарихты материалистік тұрғыдан түсіну туралы» (1897), «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» (1898) және т. б. «20 жыл ішінде, 1883—1903,—деп жазды В. И. Ленин,— ол толып жатқан тамаша шығармалар, әсіресе оппортунистерге, махистерге, халықшылдарға қарсы шығармалар берді» (Шығармалар, 20-том, 369-бет). Плехановтың философиялық еңбектерін В. И. Ленин халықаралық маркстік әдебиеттегі таңдаулы еңбектер деп атады.

Алайда сол кездің өзінде Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарастарының ұрығы болды. Ол шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазияны жұмысшы табының одақтасы деп қарады; сөз жүзінде пролетариаттың гегемониясы идеясын мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты.

РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунистермен ымыраласу позициясына көшті, ал одан кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде тактиканың түбегейлі мәселелері жөнінен Плеханов пен большевиктер ара

сында үлкен алауыздықтар болды. Реакция жылдарында марксизмге махистік ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, «меньшевик-партияшылар» тобын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Россияға қайтып оралып, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады; Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды.— *17, 38, 71, 78—87, 106, 135, 138—145, 162, 229, 243—256, 325, 405, 406—409.*

Постоловский, Д. С. (Александров, Вадим, Михайлов) (1876—1948) — социал-демократ. Социал-демократиялық қозғалысқа 1895 жылдан бастап қатысты. Петербургте, Вильнюсте және Тифлисте партия жұмысын жүргізді. 1904 жылдың көктемінен — РСДРП Орталық Комитетінің агенті, ымырашыл. 1905 жылдың мартында РСДРП Орталық Комитетінің партия Советіндегі өкілі болып тағайындалды. Партияның III съезінде РСДРП-ның Солтүстік-Батыс комитетінен делегат болды, Орталық Комитеттің мүшелігіне сайланды. Жұмысшы депутаттары Петербург Советінің Атқару комитетінде РСДРП Орталық Комитетінің ресми өкілі болды. Реакция жылдарында саяси қызметтен шеттеді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін Петроград Советінің заң комиссиясында жұмыс істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін СССР Халық Комиссарлары Советі жанындағы заң шығаруды жобалау Мемлекеттік комиссиясында қызмет атқарды. 1932 жылдан дербес пенсионер.— *82—83, 110, 124, 125, 130, 176, 184, 188.*

Потресов, А. Н. (Старовер) (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 90-жылдарда марксистерге қосылды, Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» қатысқаны үшін Вятка губерниясына жер аударылды. 1900 жылы шетелге кетті, «Искра» мен «Заряны» ұйымдастыруға қатысты. «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен РСДРП-ның II съезінде болды, азшылық искрашыл. Реакция жылдарында — жойымпаздықтың идеологы, меньшевиктік «Возрождение», «Наша Заря» журналдарында және т. б. басшылық роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті; шетелде Керенскийдің «Дни» апталығында қызмет етті, Советтік Россияға жала жапты.— *346.*

П. С.— қараңыз: Струве, П. Б.

Р

«Рабочий» — 1904 жылы Женевада шыққан «Біздің «ұйымдардағы» жұмысшылар мен интеллигенттер» деген кітапшаның авторы. В. И. Ленин осы кітапшаны егжей-тегжейлі талдай

отырып, жұмысшылар арасындағы меньшевиктік үгіттің демагогиялық мәнін әшкереледі.— *41, 122, 172.*

Родичев, Ф. И. (1856 ж. туған) — Тверь помещигі және земство қайраткері, юрист, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты. Барлық сайланған Мемлекеттік думалардың депутаты. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің Финляндия істері жөніндегі комиссары. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *310, 320, 334.*

Рождественский (Рожественский), З. П. (1848—1909) — патша флотының вице-адмиралы. 1904 жылға дейін — Бас теңіз штабының бастығы. 1904—1905 жылдардағы орыс-жапон соғысы кезінде патша үкіметі жапондар қоршап алған Порт-Артурға көмекке жіберген 2-ші Тынық мұхит эскадрасына басшылық етті. Цусима түбіндегі (1905 жылғы 14—15 (27—28) май) шайқаста соғыс ісіне мүлдем дарынсыздығын көрсетті, тас-талқаны шығып жеңіліп, тұтқынға түсті.— *266.*

Романов, И. В. (Лесков) (1864—1916) — социал-демократ, большевик. Саяси қызметін халықшылдық үйірмелерде бастады. Социал-демократиялық қозғалысқа 1890 жылдан бастап қатысты. Бірнеше рет патша үкіметінің қуғынына ұшырады. 1903 жылдың аяғынан — РСДРП Солтүстік комитетінің мүшесі, РСДРП Солтүстік комитетінен партияның III съезіне делегат, мандат комиссиясының председателі болды. 1906—1907 жылдары «Волна», «Вестник Жизни» және т. б. большевиктік мерзімді басылымдарда қызмет істеді.— *124.*

Румянцев, П. П. (Шмидт) (1870—1925) — социал-демократиялық қозғалысқа 1891 жылдан бастап қатысты; Петербургте және Россияның басқа қалаларында партия жұмысын жүргізді. РСДРП II съезінен кейін — большевик, Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшесі болды. РСДРП Воронеж комитетінен партияның III съезіне делегат. 1905 жылдың июнінде — РСДРП Орталық Комитетіне кооптацияланды. 1905 жылы — большевиктік тұңғыш жария газет — «Новая Жизньнің», 1906—1907 жылдары — «Вестник Жизни» журналы редакторларының бірі және қызметкері. Реакция жылдарында партиядан қол үзіп, статистика қызметімен шұғылданды. Шетелде қайтыс болды.— *130, 187, 300, 401—402.*

Рыбкин — РСДРП Кавказ одағынан III съезге делегат.— *203.*

Рыков, А. И. (Власов, Сергеев) (1881—1938) — 1899 жылдан РСДРП қатарында болды. РСДРП Москва комитетінен партияның III съезіне делегат. Реакция кезеңінде жойымпаздар, «впередшілдер» және троцкийшілдер жөнінде ымырашылдық

позиция ұстады. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін партияның социалистік революцияға алған бағытына және В. И. Лениннің Апрель тезистеріне қарсы шықты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін — Халық Шаруашылығы Жоғары Советінің председателі, Халық Комиссарлары Советі, Еңбек және Қорғаныс Советі председателінің орынбасары, СССР және РСФСР Халық Комиссарлары Советінің председателі; Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі болды. Әлденеше рет партияның лениндік саясатына қарсы шықты; 1917 жылдың ноябрінде меньшевиктер мен эсерлердің қатысуымен коалициялық үкімет құруды жақтады; 1928 жылы партиядағы оңшыл оппортунистік уклон лидерлерінің бірі. Антипартиялық қызметі үшін 1937 жылы партиядан шығарылды.— *131, 158, 172, 173, 183, 411.*

Рядовой — қараңыз: Богданов, А. А.

С

Сальмерон-и-Алонсо (Salmerón y Alonso), *Николас* (1838—1908) — испан саяси қайраткері, баяу буржуазиялық республикашылдар лидерлерінің бірі, Мадрид университетінің тарих және философия профессоры. 1868 жылғы революция кезінде — республикалық партияның революциялық хунтасының мүшесі, центр позициясын ұстады. Король Амадео тақтан бас тартқанынан кейін (февраль, 1873) — республикалық үкіметте юстиция министрі. 1873 жылғы июльде республиканың уақытша президенті қызметіне отырып, Пи-и-Маргальдің мұрагері болды; кантондық көтерілістерді басып-жаншуды ұйымдастырды; сентябрьде оңшыл республикашылдар мен монархистердің қысымымен отставкаға кетті. Бурбондар таққа қайта келтірілгеннен кейін (1874) Францияға эмиграцияға кетті. 1884 жылы Испанияға қайтып оралды, 1886 жылы кортеске сайланып, бейбіт, эволюциялық прогресті және Испанияны республикаға айналдырудың «заңды» жолын одан әрі насихаттады.— *258.*

Сергеев — қараңыз: Рыков, А. И.

Сильвин, М. А. (Бем) (1874—1955) — социал-демократ, революциялық қозғалысқа 1891 жылдан бастап қатысты; 1893 жылы студент-технологтардың социал-демократиялық үйірмесіне кірді, Петербург жұмысшыларының арасында марксизмді белсене насихаттады. Кейінірек Петербургтегі «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағының» орталық тобына кірді. 1896 жылы қамауға алынып, 1898 жылы үш жылға Шығыс Сибирьге жер аударылды. Осы жылдардың бәрінде Ленинмен ұдайы байланыс жасап, Шушенское селосындағы оған барып тұрды. 1899 жылы августың аяғы — сентябрьдің бас кезінде Сильвин, басқа он алты социал-демократпен бірге, «экономистердің» «Credo»-

сына қарсы В. И. Ленин жазған «Россия социал-демократтарының наразылығына» қол қойды. Көп ұзамай армияға шақырылып, Сибирьде, одан кейін Ригада қызмет етті, В. И. Ленин социал-демократтармен байланыс орнату үшін Ригаға Сильвинге барды. Сильвин «Искраның» арнайы агенті ретінде 1901 жылы Самараға келеді; 1902 жылы қамауға алынып, Иркутск губерниясына жер аударылды, бірақ айдаудан шетелге қашып кетті. 1904 жылы РСДРП Орталық Комитетіне кооптацияланды, 1905 жылдан 1908 жылға дейін бірқатар большевиктік «Борьба», «Светоч», «Вопросы Дня» газеттеріне және басқаларына жазып тұрды. 1908 жылы саяси қызметтен шеттеп, партиядан шықты. Октябрь социалистік революциясынан кейін — РСФСР Халық ағарту комиссариатында, 1923 жылдан 1930 жылға дейін СССР-дің Англиядағы сауда өкілдігінде жұмыс істеді, 1930—1931 жылдары — СССР Ғылым академиясы — Өндіргіш күштерді зерттеу жөніндегі Советтің ғылыми секретары, 1931 жылдан— оқытушылық жұмыста болды.— *83—84, 85—86.*

Сосновский — қараңыз: Десницкий, В. А.

Староверр — қараңыз: Потресов, А. Н.

Струве, П. Б. (П. С.) (1870—1944) — буржуазияшыл экономист әрі публицист, либералдық-монархиялық кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. 90-жылдарда — «жария марксизмнің» аса көрнекті өкілі, «Новое Слово» (1897), «Начало» (1899) және «Жизнь» (1900) журналдарының қызметкері және редакторы. Өзінің «Россияның экономикалық дамуы туралы мәселе жөніндегі сын заметкалар» (1894) деген тұңғыш еңбегінде-ақ Струве халықшылдықты сыпай отырып, К. Маркстің экономикалық және философиялық ілімін «толықтырды» және «сынады», буржуазиялық тұрпайы саяси экономияның өкілдерімен ауыз жаласты, мальтусшілдікті уағыздады. В. И. Ленин Струвені «ренегаттықтың ұлы шебері» (Шығармалар, 13-том, 503-бет) деп атады. Струве буржуазиялық-либералдық «Азаттық одағының» (1904—1905) теоретиктері мен ұйымдастырушыларының бірі және оның құпия органы — «Освобождение» журналының редакторы (1902—1905) болды. 1905 жылы кадеттер партиясы құрылғаннан кейін — оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін — либералдардың оңшыл қанатының лидері; бірінші дүние жүзілік соғыс басталған күннен — Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі. ақ эмигрант.— *189, 210, 214, 236, 271, 272, 276, 278—279, 286, 311, 312, 334, 339, 343, 424.*

Сұлтан — қараңыз: II Абдул-Гамид.

Т

Тигров — қараңыз: Авилов, Б. В.

Трепов Д. Ф. (1855—1906) — 1896—1905 жылдары — Москва обер-полицмейстері. В. И. Лениннің берген анықтамасы бойынша ол «патша өкіметінің бүкіл Россияға ең бір жек көріншіті болған, Москвада өзінің айуандық қаталдығымен, дөрекілігімен, жұмысшыларды аздырмақ болып, зубатовшылдық әрекеттерге қатысуымен әйгілі болған малайы» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 256-бет) 1905 жылғы 11 январьдан — Петербург генерал-губернаторы, одан кейін — ішкі істер министрінің орынбасары. 1905 жылғы октябрьдегі: «Мылтық босқа атылмасын, патронды аямаңдар» деген атышулы бұйрықтың авторы. Қаражүздіктер ойранына дем беруші.— *313, 316, 319, 333, 421—423.*

Троцкий (Бронштейн), Л. Д. (1879—1940) — ленинизмнің қас жауы. РСДРП II съезінде — Сибирь одағынан делегат, азшылық искрашыл; съезден кейін социалистік революцияның теориясы мен практикасының барлық мәселелері жөнінде большевиктерге қарсы күрес жүргізді. Реакция жылдарында — жойымпаз, 1912 жылы — антипартиялық Август блогын ұйымдастырушы; бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде центристік позиция ұстады, соғыс, бейбітшілік және революция мәселелері жөнінде В. И. Ленинге қарсы күрес жүргізді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін эмиграциядан қайтып келіп, «ауданаралықшылар» тобына кірді және солармен бірге РСДРП(б) VI съезінде большевиктік партияға қабылданды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — сыртқы істер жөніндегі халық комиссары, әскери және теңіз істері жөніндегі халық комиссары, Республиканың Революциялық-әскери советінің председателі; Орталық Комитет Саяси бюросының мүшесі болды. 1918 жылы Брест бітіміне қарсы шықты, 1920—1921 жылдары кәсіподақ айтысында оппозицияны басқарды, 1923 жылдан бастап социализм орнатудың лениндік программасына қарсы, партияның сара жолына қарсы жанталасқан фракциялық күрес жүргізді, СССР-де социализмнің жеңіске жетуі мүмкін емес деп уағыздады. Коммунистік партия троцкизмді партиядағы ұсақ буржуазиялық уклон деп әшкерелеп, оны идеялық және ұйымдық жағынан талқандады. 1927 жылы Троцкий партиядан шығарылды, 1929 жылы антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды, ал 1932 жылы совет азаматтығынан айрылды.— *17, 18, 20, 387, 391.*

Трубецкой, С. Н. (1862—1905) — князь, философ-идеалист, өзінің саяси көзқарастары жағынан — либерал. Баяу конституцияны енгізу арқылы патша өкіметін нығайтуға тырысты. В. И. Ленин «патшаның буржуазиялық малайлары» деп атаған земство қайраткерлері делегациясының құрамында 1905 жылы II Николайға барған депутацияға қатысты және оның алдында

Ф

Филатов, В. В. (В. С., Северцев) (1879 ж. туған) — социал-демократ, журналист. Революциялық жұмысты XIX ғасырдың 90-жылдарында Петербургте бастаған. Оренбург губерниясына жер аударылғаннан кейін шетелге эмиграцияға кетті, «Искраға», одан кейін большевиктік «Вперед» және «Пролетарий» газеттеріне қатысып тұрды. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. «Халықтық көтеріліске тактика мен фортификацияны қолдану» (Женева, 1905 ж.) деген кітапша жазды. 1905 жылдың күзінде Россияға қайтып оралды, «Новая Жизнь» және «Казарма» газетіне қатысып тұрды, кейінірек Москва әскери-жауынгерлік ұйымында жұмыс істеді. Бірнеше рет патша үкіметінің қуғынына ұшырады. 1920 жылы РКП (б) қатарынан шықты.— *113—114.*

Фогт (Vogt), *Карл* (1817—1895) — немістің жаратылыс зерттеушісі, тұрпайы материализмнің басты өкілдерінің бірі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты, франкфурт Ұлттық жиналысының депутаты болды, ұсақ буржуазияшыл демократ ретінде оның сол қанаты жағында болды. Революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Швейцарияға эмиграцияға кетті. Зоология, геология және физиология жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. Тұрпайы материализмнің жақтаушысы болып, «өттің бауырға немесе несептің бүйрекке қандай қатынасы болса, ойдың да миға қатынасы сондай деуге болады» («Физиологиялық хаттар», Спб., 1867, 298-бет) деді. Ғылыми социализмнің қас жауы болып, пролетарлық революционерлерді қудалауға қатысты. К. Маркс пен Ф. Энгельстің қызметі туралы жалақорлық мәлімдемелер жасады. Маркс «Фогт мырза» деген памфлетінде Фогтты Луи Бонапарттың жасырын жалдамалы агенті деп әшкереледі (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 14-том, 395—691-беттер).— *30.*

Ц

Цезарь (Caesar), Гай Юлий (біздің заманымыздан бұрынғы 100—44 жылдар) — Рим империясының аса ірі мемлекет қайраткерлерінің бірі, қолбасшы және жазушы.— *268.*

Цхакая, М. Г. (Барсов, Леонов) (1865—1950) — профессионал революционер, большевиктік партияның және халықаралық жұмысшы қозғалысының байырғы және көрнекті қайраткері. Революциялық қозғалысқа 1880 жылы араласты. 1898 жылдан — РСДРП мүшесі. Кавказда, Харьковта және Екатеринославта партия жұмысын жүргізді. РСДРП Кавказ одағы комитеті басшыларының бірі болды. РСДРП II съезін әзірлеуге қатысты. РСДРП Кавказ одағынан партияның III съезіне делегат; съездің ең қарт делегаты ретінде оның бірінші мәжілісін ашты. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты. Бірнеше рет патша үкіметінің қуғынына ұшырады. 1907 жылдан 1917 жылдың мартына дейін эмиграцияда болды; партияның V съезі-

рет патша үкіметінің қуғынына ұшырады. РСДРП III съезіне кеңесші дауыспен делегат болды. 1907—1917 жылдарда партия жұмысына белсене қатысқан жоқ. 1918 жылдан — меньшевик-интернационалист. 1920 жылы РКП(б) қатарына алынды, 1922 жылы «Кавказский Рабочий» журналын редакциялады, 1923 жылдан 1925 жылға дейін — Тифлис политехникалық институтының ректоры. 1925 жылдан — РСФСР Жоспарлау комиссиясы председателінің орынбасары. 1929 жылдан Қатынас жолдар халық комиссариатында істеді.— *177, 178, 183.*

Эссен, Э. Э. (Н. Ф.) (1879—1931) — социал-демократ, 1898 жылдан партия мүшесі, большевик. Революциялық жұмысты насихатшы ретінде бастады, одан кейін Финляндия арқылы құпия әдебиетті тасымалдау жұмысын атқарды. 1903 жылы Екатеринославта жұмыс істеді, Россияның оңтүстігінде стачкалар өткізуге қатысты. 1904 жылдың сентябрінде РСДРП оңтүстік комитеттерінің конференциясына қатысты, бұл конференция Россияның оңтүстігіндегі большевиктік комитеттерді топтастыруда және Көпшілік Комитеттері Бюросын (ККБ) құруда зор роль атқарды. Сондай-ақ Харьковта, Одессада және Петербургте революциялық жұмыс жүргізді. 1914—1915 жылдары Рига майданында солдаттар арасында жұмыс істеді. 1917 жылғы Февраль революциясынан кейін — Петербургте Василеостровск Советінің председателі. Октябрь социалистік революциясынан кейін, 1918 жылға дейін—Мемлекеттік бақылау халық комиссарының орынбасары, 1918 жылдан 1924 жылға дейін — Қызыл Армияда саяси және оқытушылық қызмет атқарды, 1924—1925 жылдары — Ленинградта Халық шаруашылығы институтының ректоры, 1925—1929 жылдары — Ленинградта Көркемөнер академиясының ректоры. 1929 жылдан — пенсионер.— *111.*

Д'Эстер (D'Ester), *Карл Людвиг Иоганн* (1811—1859) — неміс социалисі және демократ, мамандығы бойынша дәрігер. Коммунистер одағының Кёльн қауымының мүшесі, 1848 жылы Пруссия Ұлттық жиналысының депутаты, оның сол қанатында болды. 1848 жылдың октябрінен Германия демократтары орталық комитетінің мүшесі, 1849 жылғы Баден-Пфальц көтерілісінде көрнекті роль атқарды, кейіннен Швейцарияға эмиграцияға кетті.

Ф. Энгельстің қамауға алыну кезіндегі Д'Эстердің ролі жайында мынаны қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 166—168-беттер.— *149.*

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Марттың аяғы — июнь, 1905 жыл)

Март — июнь.	Ленин (1903 жыл апрелінің аяқ шенінен) Женевада тұрады.
23 марттан (5 апрельден) ертерек.	Ленин «Социал-демократия және революциялық уақытша үкімет» деген мақаланың жоспарын жазады.
23 және 30 март (5 және 12 апрель).	«Вперед» газетінің 13 және 14-номерлерінде Лениннің «Социал-демократия және революциялық уақытша үкімет» деген мақаласы жарияланады.
26 март (8 апрель).	Ленин қолөнершілер арасында төменгі кәсіподақ ұйымын құру туралы мәселе жөнінде Одессадағы О. И. Виноградоваға жауап хат жазады.
30 марттан (12 апрельден) ертерек.	Ленин «Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы» деген мақаласының жоспары мен заметкаларын жазады.
	Ленин «Ауру бастың сақинасын сау басқа телу» деген мақаласын жазады. Мақала «Вперед» газетінің 20 (7) апрельдегі 15-номерінде жарияланды.
	Ленин В. В. Воровскийдің «Стачкалар жасау правосы үшін күрес» деген мақаласын редакциялайды. Мақала «Вперед» газетінің 12 апрельдегі (30 марттағы) 14-номерінде жарияланды.
	Ленин А. В. Луначарскийдің (В. Воиновтың) «Петербург жұмысшылары патшаға қалай

барған еді» деген кітапшасының қолжазбасын редакциялайды.

Санкт-Петербург металл заводының бір топ жұмысшыларының партия бірлігінің қажеттігі туралы айтылған қарарына «Вперед» редакциясының атынан Ленин мен М. С. Ольминский ескерту жазады. Бұл қарар және ескерту «Вперед» газетінің 12 апрельдегі (30 марттағы) 14-номерінде жарияланды.

30 март (12 апрель). «Вперед» газетінің 14-номерінде Лениннің «Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы» деген мақаласы жарияланады. Кейініректе мақала Кавказ одағы комитетінің баспасынан орыс, грузин және армян тілдерінде жеке кітапша болып шықты.

Марттың аяғы. Ленин РСДРП-ның III съезі жөнінде ескертпелер жазады. Бұл ескертпелерде съезд делегаттары үшін қажетті материалдарды атайды.

Ленин М. И. Васильев-Южинмен кездеседі; онымен Петербургтегі және Кавказдағы партиялық істердің жайы туралы әңгімелеседі.

2 (15) апрель. Ленин «Конституциялық базар» деген мақала жазады. Мақала «Вперед» газетінің 30(17) апрельдегі 16-номерінде жарияланды, сондай-ақ Баку большевиктік комитетінің баспасынан жеке листок болып шықты.

5 (18) апрель. Ленин партияның III съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің мәжілісіне қатысады.

6 (19) апрель. Ленин «Вперед» газетінің қызметкері Г. Д. Лейтейзенге Француз социалистік партиясының съезінде «Вперед» газеті редакциясының атынан құттықтап сөз сөйлеуді тапсырады.

7 (20) апрельден ертерек. Ленин «Либералдардың аграрлық программасы» деген мақаланың жоспарларын жазады.

Ленин Америка Құрама Штаттарындағы 1846 жылғы аграрлық реформа жолындағы қозғалысқа К. Маркс пен Ф. Энгельстің көзқарасы жөніндегі мәселені зерттейді және олардың «Кригеге қарсы нұсқау хатынан» көшір-

мелер жасайды; көшірмелерді Ленин «Маркс американдық «қаралай бөліс» туралы» деген мақаласында пайдаланады.

Ленин «Вперед» газеті редакциясының атынан заводтық партия комитеттерін ұйымдастыру туралы Одессадан келген корреспонденцияға ескерту жазады. Бұл материал «Вперед» газетінің 20 (7) апрельдегі 15-номерінде жарияланды.

Ленин В. В. Воровскийдің «Коковцовтың комиссиясында» деген мақаласын редакциялайды. Мақала «Вперед» газетінің 20 (7) апрельдегі 15-номерінде жарияланды.

7 (20) апрель. «Вперед» газетінің 15-номерінде Лениннің «Либералдардың аграрлық программасы» (бас мақала), «Маркс американдық «қаралай бөліс» туралы», «Әшкереленген совет» деген мақалалары жарияланады.

8 (21) апрельден ертерек. Ленин Самарадағы А. А. Преображенскийге хат жазып, РСДРП-ның алдағы III съезі туралы хабарлайды.

10 (23) апрель. Ленин РСДРП Орталық Комитетінің атынан «РСДРП Советінің председателі Плеханов жолдасқа ашық хатты» жазады. Хат «Вперед» газетінің 30 (17) апрельдегі 16-номерінде жарияланды.

Кеш дегенде 11 (24) апрель. Ленин кейбір ұйымдардың съездегі өкілдігі жөнінде Ұйымдастыру комитеті қаулысының жобасын және съезді заңдастыру туралы Ұйымдастыру комитеті қарарының жобасын жазады.

11 (24) апрель. Ленин партияның III съезін шақыру жөніндегі Ұйымдастыру комитетінің мәжілісіне қатысады.

Апрель. Ленин «III съезд туралы мәселе жөнінде» деген мақала жазады.

12 (25) апрельден ертерек. Ленин прокламацияның жоспарын және «Бірінші май» прокламациясын жазады. Листовканы Көпшілік Комитеттері Бюросы мен «Вперед» газетінің редакциясы басып шығарды.

Ленин көтеріліс туралы мәселеге арналған А. В. Луначарскийдің рефератына қатысады.

Ленин Курск және Одесса партия комитеттерінен РСДРП-ның III съезіне қатысуға мандаттар алады. В. И. Ленин съезге Одесса комитетінен делегат болды.

Ленин РСДРП-ның III съезіне келген делегаттармен съездің алдағы жұмысы жайында әңгімелеседі; Россиядағы партиялық жұмыстың жайымен танысады; съездің күн тәртібінің негізгі мәселелері жөнінде кеңес өткізеді. Әңгімелер Женевада, содан кейін Лондонда өткізілді.

Ленин Нижний Новгород комитетінен партияның III съезіне делегат В. А. Десницкиймен әңгімелесу кезінде одан А. М. Горький туралы тәптештеп сұрайды.

Ленин Женевадан Лондонға партияның III съезіне жүріп кетеді.

Ленин партияның III съезінің күн тәртібін жасайды, Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшелерімен және «Вперед» газеті редакциясының мүшелерімен кеңес өткізеді.

Ленин М. Цхакая үшін съезде сөйленетін кіріспе сөздің текстін жазады.

12—27 апрель (25 апрель — 10 май). РСДРП III съезі.

Ленин съездің жұмысына басшылық етеді.

Ленин съезд мәжілістерінің күнделігін жүргізеді.

12 (25) апрель. Съездің бірінші мәжілісінде Ленин съезд председателі болып сайланады.

Лениннің ұсынысы бойынша III съезд регламентінің негізіне РСДРП II съезінің регламенті алынды.

Ленин кеңесші дауыстарды санау туралы РСДРП III съезі регламентінің 7-пунктіне В. В. Воровский жасаған қосымшаға түзету енгізеді. Съезд қосымшаны Лениннің түзетуімен қабылдайды.

Көпшілік Комитеттері Бюросының атынан Ұйымдастыру комитеті баяндама жасаған уақытта Ленин ескертпелер жазып отырады.

13 (26) апрель. Ленин «Съезд құрамын тексеру жөніндегі комиссияға» мәлімдеме жазып, онда Қазан комитетінен ресми делегаттың жоқтығы себепті РСДРП Қазан комитетінің мүшесі В. В. Адоратскийді кеңесші дауыспен съезге шақыру туралы ұсыныс жасайды.

Ленин съездің екінші мәжілісінде сөз сөйлеп, В. В. Адоратскийді съезге шақыру жөнінде ұсыныс жасайды.

Ленин съезге кеңесші дауыспен А. М. Эссенді шақыруды ұсынып, мандаттарды тексеру жөніндегі комиссияға жазылған мәлімдемеге съездің басқа да делегаттарымен бірге қол қояды.

Ленин съездің үшінші мәжілісінде Ұйымдастыру комитетінің баяндамасы бойынша сөз сөйлейді және осы мәселе жөніндегі қарардың жобасын ұсынады. Қарар қабылданады.

Ленин съездің заңдылығы туралы сөзінің конспектісін жазады және осы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

Ленин III съездің заңдылығы туралы қарардың жоспарын жазады.

Ленин съезді заңдандыру туралы қаулының жобасына П. П. Румянцев ұсынған қосымшаға түзету енгізеді.

Ленин съездің өзі жасаған күн тәртібін қорғап екі рет сөйлейді, оны кейбір өзгерістермен съезд қабылдайды; съезд жұмысының тәртібін талқылау кезінде сөз сөйлейді.

Ленин делегаттардың баяндамаларын қарайтын, баяндамашыларды белгілейтін және күн тәртібінің аса маңызды мәселелері жөніндегі қарарлардың жобаларын әзірлейтін комиссияларды сайлау туралы қарардың жобасын ұсынады.

Ленин қарарлар жобасын әзірлеу жөніндегі комиссияға сайланады.

14 (27) апрельден ертерек. Ленин А. В. Луначарскийдің қарулы көтеріліс туралы және оған РСДРП-ның көзқарасы туралы мәселе жөніндегі баяндамасын редакциялайды.

14 (27) апрель.	Ленин съездің төртінші мәжілісінде Батум комитетінің өкілдігі туралы қарардың жобасын ұсынады. Қарар қабылданады. Ленин Николаев комитетінен В. В. Воровскийге берілген мандатты съездің тануы туралы қарарды ұсынады. Ленин РСДРП-ның Минск тобының өкілдігі туралы қарардың жобасына түзетулер енгізеді. Ленин РСДРП-ның Архангельск комитетіне, Екатеринослав және Харьков топтарына, РСДРП-ның Шетелдегі ұйымының комитетіне шешуші дауыс беру туралы мәселені талқылау кезінде сөз сөйлейді. Ленин съездің бесінші мәжілісінде Қазан және Кубань комитеттері мандаттарының толық праволылығы туралы мандат комиссиясының баяндамасы бойынша сөз сөйлейді және съезді заңдандыру кезінде бұл комитеттердің мандаттарын есепке алмауды ұсынған қарар жобасын енгізеді. Қарар қабылданады. Съезде мәселелерді дауысқа қою тәртібі туралы Лениннің қарары енгізіледі және қабылданады. РСДРП-ның қарулы көтеріліске көзқарасы туралы Ленин жазған қарардың жобасын А. В. Луначарский енгізеді.
15 (28) апрель.	Ленин съездің алтыншы мәжілісінде қарулы көтеріліс туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.
Кеш дегенде 16 (29) апрель.	Ленин қарулы көтеріліс туралы қосымша қарардың жобасын жазады.
16 (29) апрель.	Ленин съездің сегізінші мәжілісінде қарулы көтеріліс туралы сөз сөйлейді; осы мәселе жөнінде өзі жазған қарарды редакциялайды. Лениннің қарулы көтеріліс туралы қарары съездің тоғызыншы мәжілісінде қабылданады. Ленин төңкеріс қарсаңындағы және төңкеріс кезіндегі үкімет саясатына РСДРП-ның көзқарасы туралы қарарға қосымша енгізеді.

16 және 19 апрель (29 апрель мен 2 май) аралығында. Ленин РСДРП-ның ашық саяси бой көрсетуі туралы мәселе жөніндегі П. П. Румянцевтің қарар жобасына ескертпелер жазады.

17 (30) апрельден ертерек. Ленин А. В. Луначарскийдің «Православие шіркеуінің қайта жандануы» деген мақаласын редакциялайды. Мақала «Вперед» газетінің 30 (17) апрельдегі 16-номерінде жарияланады.

18 апрельден (1 майдан) ертерек. Ленин Ф. Энгельстің «Империя конституциясы үшін жүргізілген германдық науқан» деген мақаласын орыс тіліне аудару және жеке кітапша етіп шығару қажеттігі жөнінде хат жазады (кімге жазғаны анықталмаған). Ленин өзінің съезде жасаған социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуы туралы баяндамасында осы шығармаға егжей-тегжейлі тоқталады.

Ленин революциялық уақытша үкіметке социал-демократияның қатысуы туралы қарардың жобасын жазады.

Ленин революциялық уақытша үкіметке социал-демократияның қатысуы туралы баяндаманың жоспарын, тезистерін, заметкалар мен қысқаша конспектісін жазады; К. Маркс пен Ф. Энгельстің шығармаларынан көшірмелер жасап, оларды баяндамада пайдаланады.

18 апрель (1 май). Ленин съездің оныншы мәжілісінде төңкеріс қарсаңындағы үкімет тактикасына РСДРП-ның көзқарасы туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

Ленин съездің он бірінші мәжілісінде революциялық уақытша үкіметке социал-демократияның қатысуы туралы баяндама жасайды және революциялық уақытша үкімет туралы қарардың жобасын ұсынады.

Кеш дегенде 19 апрель (2 май). Ленин революциялық уақытша үкімет туралы қарарға толықтыру жазады.

19 апрель (2 май). Ленин съездің он екінші мәжілісінде революциялық уақытша үкімет туралы қарарға енгізілген түзетулер жайында сөз сөйлейді және «а», «б», «в» пункттеріне түзетулер ен-

гізеді. Съезд қарарды түзетулерімен қабылдайды. Ленин РСДРП-ның ашық саяси бой көрсетуі туралы қарардың жобасын жазады.

Ленин революция қарсаңы кезеңіндегі үкімет тактикасына көзқарас туралы қарардың жобасына түзетулер мен қосымшалар енгізеді.

Ленин РСДРП-ның ашық саяси бой көрсетуі туралы қарардың жобасын талқылау кезінде сөз сөйлейді.

Ленин революция қарсаңы кезеңіндегі үкімет тактикасына РСДРП-ның көзқарасы туралы қарардың жобасын талқылау кезінде екі рет сөз сөйлейді.

Ленин шаруалар қозғалысын қолдау жөніндегі қарар туралы баяндама жасайды.

Кеш дегенде 20 апрель (3 май)

Ленин «Партия ұйымдарының екі апталық есептері» деген мақала жазады.

20 апрель (3 май).

Лениннің шаруалар қозғалысын қолдау туралы қарар жобасы съездің он төртінші мәжілісінде ұсынылады.

Ленин өзінің жобасын редакциялайды. Осы жоба он бесінші мәжілісте ұсынылып, қабылданады.

Ленин социал-демократиялық ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынасы туралы сөйлейтін сөзінің конспектісін жазады және съездің он бесінші мәжілісінде осы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

Ленин социал-демократиялық ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынасы туралы қарар қабылдаудың қажеттігі жөнінде съездің президиумына записка жазады.

21 апрель (4 май).

Ленин съездің он алтыншы мәжілісінде партия уставының жобасын талқылау кезінде бес рет шығып сөйлейді.

Съездің он алтыншы мәжілісінде уставтың 1-параграфы Лениннің тұжырымы бойынша қабылданады.

Ленин шеткі аймақтардағы ұйымдардың комитеттерге қарым-қатынасы туралы заметкалар жазады.

Ленин съездің он жетінші мәжілісінде партия уставының жобасын және устав жөніндегі қосымша қарарларды талқылау кезінде сегіз рет шығып сөйлейді.

Партия уставының жобасын талқылау кезінде П. А. Красиковтың өзінің сөзінде пайдалануы үшін Ленин Француз социалистік партиясының уставынан алынған цитатты орыс тіліне аударады.

22 апрель (5 май). Ленин съездің он сегізінші мәжілісінде Қазан комитетінің өкілдігі туралы мандат комиссиясының баяндамасы бойынша сөз сөйлейді.

Ленин съездің он тоғызыншы мәжілісінде «Социал-демократиялық ұйымдардағы жұмысшылар мен интеллигенттердің қарым-қатынасы туралы қарардың жобасын» ұсынады және осы мәселе бойынша үш рет шығып сөйлейді.

Ленин әр түрлі партия ұйымдары өкілдерінің мерзімді конференциялары туралы партия уставының жобасына қосымша қарарды талқылау кезінде екі рет сөйлейді.

22 және 23 апрель (5 және 6 май). Съезд А. А. Богдановтың партияның бөлініп шыққан бөлегі туралы қарарының жобасын В. И. Лениннің түзетулерімен бірге съездің он тоғызыншы мәжілісінде талқылайды және оны жиырмасыншы мәжілісінде қабылдайды.

23 апрель (6 май). Ленин съездің жиырмасыншы мәжілісінде партияның бөлініп шыққан бөлегі туралы П. П. Румянцевтің қарар жобасына қарсы сөз сөйлейді.

Съезд III съезд шешімдерін танудан бас тартатын комитеттерді тарату туралы қарардың жобасын Лениннің түзетулерімен қабылдайды.

Ленин съездің жиырма бірінші мәжілісінде ұлттық социал-демократиялық ұйымдарға көзқарас туралы қарар жобасын талқылау кезінде сөз сөйлейді.

Ленин либералдарға көзқарас туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді; сөзінде өзінің земство-

лық съезд туралы «The Times» газетінен көшіріп алған жазбаларын пайдаланады.

Ленин эсерлермен практикалық келісімдер жасасу жөнінде сөз сөйлейді.

Ленин А. В. Луначарскийдің эсерлермен практикалық келісімдер жасасу туралы қарар жобасына түзету жасайды.

25 апрель (8 май). Ленин съездің жиырма екінші мәжілісінде насихат және үгіт мәселесі туралы қарар жобасын талқылаған кезде барлық партия ұйымдарының Орталық Комитетке екі апталық есеп беріп отыруын жақтап сөз сөйлейді және «а», «в», «г» пункттеріне түзетулер мен толықтырулар енгізеді.

Ленин Орталық Комитеттің қызметі туралы баяндама бойынша сөйленетін сөздің конспектісін жазады және осы мәселе жөнінде съездің жиырма үшінші мәжілісінде екі рет шығып сөйлейді.

Ленин Орталық Комитеттің сайлауы жөніндегі мәселе бойынша сөз сөйлеп, сайлау тәртібінің жобасына түзетулер енгізеді.

Ленин Орталық Комитеттің сайлауын тексеру жөніндегі комиссия мүшелерінің тізімін жасайды.

Ленин Орталық Комитет құрамын сайлау кезіндегі жасырын дауыс беруге қатысады — Орталық Комитет мүшелігіне кандидатураларды атаған екі записка ұсынады.

Ленин партияның Орталық Комитетінің мүшелігіне сайланады.

Орталық Комитеттің өз міндетіне кірісу уақыты туралы Лениннің қарар жобасы съездің жиырма үшінші мәжілісінде ұсынылады және қабылданады.

Ленин РСДРП III съезінің протоколдарын бастырып шығару тәртібі туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

Лениннің III съездің протоколдарын, қарарларын, хабарландыруын программамен және уставпен бірге бастырып шығару жөніндегі қарар жобасы съездің жиырма үшінші мәжілісінде ұсынылады және қабылданады.

26 апрельден (9 майдан) ертерек.

Ленин «Вперед» газетінің 17-номері үшін материал қарастырады және М. С. Ольминскийге жазған хатында өзінің ескертпелерін хабарлайды.

Ленин А. В. Луначарскийдің «Европа пролетариатының революциялық күресінің тарихы жөніндегі очерктер. IV. Аш әйелдердің Версальға жорығы» деген мақаласын редакциялайды. Мақала «Вперед» газетінің 1905 жылдың 9 майындағы (26 апрельдегі) 17-номерінде жарияланды.

26 апрель (9 май).

Лениннің Кавказдағы оқиғалар жөніндегі қарары съездің жиырма бесінші мәжілісіне ұсынылады. Қарарды талқылау кезінде Ленин екі рет шығып сөйлейді. Қарар қабылданады.

27 апрель (10 май).

Ленин партияның III съезін жабады.

Ленин партияның III съезі сайлаған Орталық Комитеттің бірінші мәжілісін өткізеді.

Орталық Комитет Ленинді партияның Орталық Органы «Пролетарий» газетінің жауапты редакторы және Орталық Комитеттің шетелдегі өкілі етіп тағайындайды.

Ленин шетелде және Россияда жұмыс істеу үшін Орталық Комитет мүшелері арасында міндеттерді бөлу жоспарын белгілейді; Орталық Комитет мүшелері арасында қатынас жасау үшін пароль, шифр, жанама аттар белгілейді, партиялық жұмысты қаржыландыруды ұйымдастыру техникасын және тәртібін белгілейді.

Ленин РСДРП III съезі делегаттарын «Үгітшілер, насихатшылар, ұйымдастырушылар» деген топтарға бөліп, тізім жасайды.

27 апрельден (10 майдан) кешірек.

Ленин III съездің басқа делегаттарымен бірге Лондонның Хайгет бейітіндегі К. Маркстің қабірінің басына барып қайтады.

Ленин М. Г. Цхакая, Н. К. Крупская және Р. С. Землячкамен бірге Британ табиғат-тарих музейіне барады.

Ленин Лондоннан Женеваға қайтып оралады. Жол-жөнекей Парижде болғанында Ленин М. Г. Цхакая, Н. К. Крупская және Р. С. Землячкамен бірге Париж коммунарларының

	атылған жері — Пер-Лашез бейітіндегі «Коммунарлар дуалына» барады; Эйфель мұнарасын және Луврды барып көреді.
Майдың бірінші жартысы.	Ленин РСДРП III съезі туралы баяндаманың жоспарын жазады.
	Ленин РСДРП III съезі туралы екі рет баяндама жасайды. Бірінші баяндама — большевиктік колония үшін және партия ұйымдарына кетіп бара жатқан агенттер үшін жасалып, жабық түрде, нұсқау беру ретінде өткізілді; екінші баяндама — ашық жасалды. Екінші баяндама бойынша болған жарыс сөздер кезінде Ленин оппонент Л. Мартовтың сөзін жазып отырады.
5 (18) май.	«Вперед» газетінің 18-номерінде Лениннің «Саяси софизмдер» және «Бөгде бақылаушы Россия туралы» деген мақалалары жарияланады.
7 (20) май.	Ленин партияның Орталық Органы — «Пролетарий» газеті редакциясы қызметкерлерінің жиналысына қатысады, мұнда редакцияның жұмыс жоспары талқыланады.
	Ленин «Англиядағы «Жұмысшылар өкілдігі комитетінің» секретарына» ағылшын тілінде хат жазып, революция құрбандықтарына көмек қорына жіберген ақшалары үшін алғыс айтады.
	Ленин Г. В. Плехановты Халықаралық социалистік бюроға РСДРП-ның өкілі етіп тағайындау жөніндегі РСДРП Орталық Комитетінің қаулысына қол қояды.
10 (23) майдан кешірек.	Ленин РСДРП Орталық Комитетінің атынан «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына» хат жазып, партияның III съезінің шешімдеріне оның көзқарасы туралы сұрайды.
Ерте дегенде 13 (26) май.	Ленин «Vorwärts»-та басылған Р. Хантердің «Қайыршылық» деген кітабына жазылған рецензиядан көшірмелер жасайды.
14 (27) майдан ертерек.	Ленин «Үшінші съезд» деген мақаланың жоспарын жазады.

Ленин «Пролетарий» редакциясы мен баспаханасының қызметкерлеріне газетті көркемдеу туралы нұсқаулар береді.

Ленин РСДРП Саратов комитетінің «Шаруалар үйірмелерінде өткізілетін сабақтардың программасына» кіріспе заметка жазады.

Кеш дегенде 14 (27) май. Ленин РСДРП-ның Шетелдік ұйымының, оның 1905 жылдың мартында өткен құрылтай съезінде жасалған устав жобасына ескертпелер жазады.

14 (27) май. Лениннің редакциялауымен большевиктік «Пролетарий» газетінің бірінші номері шығады. Бұл номерде оның шығармалары: «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының III съезі туралы хабар» (бас мақала), «Үшінші съезд» деген мақала, «Съездің құрылымы туралы» қарарға ескерту, сондай-ақ, РСДРП III съезінің көпшілігін Ленин жазған ең негізгі қарарлары жарияланды.

14 (27) майдан кешірек. Ленин Ю. М. Стекловқа хат жазып, оны РСДРП-ның Орталық Органы — «Пролетарий» газетіне қатысып тұруға шақырды.

15 (28) майдан кешірек. Ленин III съезд және оның шешімдері туралы баяндаманың жоспарын жазады.

19 немесе 20 май (1 немесе 2 июнь). Ленин РСДРП III съезі және оның шешімдері туралы реферат оқиды.

Ленин өзінің III съезд және оның шешімдері туралы Парижде реферат оқығысы келетіні туралы Л. А. Фотиеваға телеграмма жібереді және хат жазады, реферат оқылатын үйді іздестіруді және сол жөнінде өзіне Женеваға жедел хабарлауды сұрайды.

20 май (2 июнь). Ленин Халықаралық социалистік бюроға партияның болып өткен III съезі туралы және «Пролетарий» газетін РСДРП-ның Орталық Органы деп есептелсін деген оның қарары туралы хат жазады.

21 майдан (3 июньнен) ертерек. Ленин «The Times» газетінен земствошылардың съезі туралы көшірмелер жасайды. Көшірмелерді «Кертартпа буржуазияның кеңестері» деген мақаласында пайдаланады.

	Ленин «Революциялық уақытша үкімет туралы» деген мақаланың жоспары мен заметкаларын жазады.
21 май (3 июнь).	«Пролетарий» газетінің 2-номерінде Лениннің «Кертартпа буржуазияның кеңестері» деген мақаласы жарияланады.
21 және 27 май (3 және 9 июнь)	Лениннің «Революциялық уақытша үкімет туралы» деген мақалалары «Пролетарий» газетінің 2 және 3-номерлерінде жарияланады.
24 майдан (6 июньнен) ертерек.	Ленин Женевадан Парижге жүріп кетеді.
24 май (6 июнь).	Ленин Парижде партияның III съезі және оның шешімдері туралы реферат оқиды.
24—26 май (6—8 июнь).	Ленин Парижде болған кезінде театрларға барады.
26 майдан (8 июньнен) кешірек.	Ленин Париждеп Женеваға қайтып оралады.
27 майдан (9 июньнен) ертерек.	Ленин листоктың немесе мақаланың жоспарын жазады, кейінірек «Революциялық күрес және либералдық маклерлік» және «Революцияшыл пролетариаттың демократиялық міндеттері» деген мақалаларында бұл жоспарды жан-жақты талдайды.
	Ленин «Революциялық күрес және либералдық маклерлік» деген мақалаға заметкалар жазады.
27 май (9 июнь).	«Пролетарий» газетінің 3-номерінде Лениннің «Тас-талқан» (бас мақала) және «Революциялық күрес және либералдық маклерлік» деген мақалалары жарияланды.
Ерте дегенде 29 май (11 июнь).	Ленин француз тілінде К. Браке-Деруссоға хат жазып, одан революциялық уақытша үкімет туралы П. Лафаргтың сөзін жіберуді сұрайды.
Майдың аяғы.	Ленин «Еврей жұмысшыларына» деген мақала жазады. Мақала еврей тілінде шыққан «РСДРП III съезі туралы хабар» деген кітапшаның алғы сөзі ретінде басылды.

Ерте дегенде май.	Ленин «Партияның жікке бөлінуі очеркі» деген тақырыппен партиялық ішкі күрестің негізгі кезеңдерін сипаттаудың нобайын жазады.
Май — июнь.	Ленин «Жеңімпаз революция» деген мақала жазады.
2 және 8 (15 мен 21) июньнің аралығында.	Ленин патшаға баратын земствошылар делегациясының сайлауы жайында «Frankfurter Zeitung» газетінен көшірмелер жасайды. Бұл көшірмелерді ол «Буржуазиялық сатқындықтың алғашқы адымдары» деген мақалада ішінара пайдаланды.
4 (17) июньнен ертерек.	Ленин А. В. Луначарскийдің «Жаппай саяси стачка. Екінші мақала» және М. И. Южиннің (М. И. Васильевтің) «Либерал буржуа және орыс мұғалімдері» деген мақалаларын редакциялайды. Мақалалар «Пролетарий» газетінің 17 (4) июньдегі 4-номерінде жарияланды.
	Ленин социал-демократияның Минск тобының, Тверь комитетінің және социал-демократияның Кострома тобының есептерін, Екатеринославтан, Тверьден және Иваново-Вознесенскіден келген хат-хабарды оқиды, оларға белгілер салады және сызады. Бұл материалдар «Пролетарий» газетінің 17 (4) июньдегі 4-номерінде жарияланды.
4 (17) июнь.	«Пролетарий» газетінің 4-номерінде Лениннің «Революцияшыл пролетариаттың демократиялық міндеттері» (бас мақала) және «Жаңа революциялық жұмысшы одағы» деген мақалалары жарияланады.
5 (18) июнь.	Ленин РСДРП Шетелдік ұйымының уставын бекітеді.
8 (21) июнь.	Ленин «Буржуазиялық сатқындықтың алғашқы адымдары» деген мақала жазады. Мақала «Пролетарий» газетінің 26 (13) июньдегі 5-номерінде бас мақала болып жарияланды.
10 (23) июнь.	Ленин «Ақ биялайлы «революционерлер»» деген мақала жазады. Мақала «Пролетарий» газетінің 26 (13) июньдегі 5-номерінде жарияланды.

12 (25) июньнен ертерек. Ленин «РСДРП III съезі туралы хабарды» және съездің аса маңызды шешімдерін неміс және француз тілдерінде бастырып шығаруды ұйымдастырады.

12 (25) июньнен кешірек. Ленин ««Leipziger Volkszeitung»-тің редакциясына ашық хат» жазып, онда Каутскийдің РСДРП ішіндегі жағдайды жалған сипаттауына қарсы наразылық білдіреді.

Ленин «Русские Ведомости» және «Биржевые Ведомости» газеттерінен земстволық депутацияның сипаттамасы туралы «Буржуазия самодержавиемен саудаласуда, самодержавие буржуазиямен саудаласуда» деген мақала үшін көшірмелер жасайды.

13 (26) июньнен ертерек. Ленин В. В. Воровскийдің «Буржуазия және стачкалар. Екінші мақала», В. С. (В. Северцевтің) және В. В. Воровскийдің «Революциялық күрес және саяси басшылық» деген мақалаларын, Москва партия конференциясының РСДРП III съезінің шешімдеріне қосылатыны туралы РСДРП Москва комитетінің листовкасын редакциялайды. Мақалалар және листовканың бір бөлегі «Пролетарий» газетінің 26 (13) июньдегі 5-номерінде жарияланды.

Ерте дегенде 13 (26) июнь. Ленин земстволық және дворяндық съездердің жорамал нәтижелері жөнінде «Vossische Zeitung» газетінен көшірмелер жасайды.

15 (28) июнь. Ленин «Пролетариат күресі және буржуазияның малайлығы» деген мақала жазады. Мақала «Пролетарий» газетінің 3 июльдегі (20 июньдегі) 6-номерінде бас мақала болып жарияланды.

18 июньнен (1 июльден) кешірек. Ленин Мемлекеттік думаның булыгиндік жобасына либералдардың көзқарасы жөнінде «Journal de Genève» газетінен көшірмелер жасайды. Бұл көшірмелерді «Буржуазия самодержавиемен саудаласуда, самодержавие буржуазиямен саудаласуда» деген мақаласында пайдаланды.

Ленин «Потемкин» броненосеціндегі көтеріліс туралы «The Economist» журналынан көшірмелер жасайды.

20 июнь (3 июль). «Пролетарий» газетінің 6-номерінде Лениннің «Үшінші адым кейін» деген мақаласы жарияланады.

Ленин Халықаралық социалистік бюро секретарының атына француз тілінде хат жазып, онда Г. В. Плехановтың Халықаралық социалистік бюрода РСДРП-ның өкілі емес екендігін хабарлайды.

20 июньнен (3 июльден) кешірек. Ленин Россиядағы революция туралы «Le Matin» газетінен көшірмелер жасайды және оларды «Буржуазия самодержавиемен саудаласуда, самодержавие буржуазиямен саудаласуда» деген мақаласында пайдаланады.

21 июнь (4 июль). Ленин Халықаралық социалистік бюроға француз тілінде жазған хатында барлық елдердің жұмысшыларына үндеу жолдап, оларды «Потемкин» броненосеціндегі көтерілісті басуға жол бермеуге шақыру жөнінде өтініш етеді.

23 июньнен (6 июльден) ертерек. Ленин Одессадағы революциялық қозғалысты басу үшін патшаның европалық мемлекеттерден әскери көмек сұрағаны жайында «The Times», «Frankfurter Zeitung», «Le Matin», және «Berliner Tageblatt» газеттерінен көшірмелер жасайды. Бұл көшірмелерді ол «Орыс патшасы өз халқынан қорғану үшін түрік сұлтанынан көмек сұрап отыр» деген мақаласында пайдаланды.

23 июнь (6 июль). Ленин «Орыс патшасы өз халқынан қорғану үшін түрік сұлтанынан көмек сұрап отыр» деген мақала жазады. Мақала «Пролетарий» газетінің 10 июльдегі (27 июньдегі) 7-номерінде жарияланды.

24 июнь (7 июль). Ленин жазған «Үш конституция немесе мемлекет құрылымының үш тәртібі» деген листовка «Пролетарий» газетінің басылымында жарық көрді.

25 июнь (8 июль). Ленин Г. В. Плехановтың орнына Орталық Комитет жаңа өкіл тағайындағанға дейін РСДРП мен Халықаралық социалистік бюроның өзара қатынасу тәртібі туралы мәселе жөнінде Халықаралық социалистік бюроға хат жазады.

25 июньнен (8 июльден) кешірек.	Ленин «Треповтың диктатурасы және Шиповтың кандидатурасы» деген мақаланың жоспарын және нобайын жазады.
25 июньнен (8 июльден) кешірек.	Ленин «Потемкин» броненосеціндегі революциялық көтеріліске жетекшілік еткендердің бірі — Женеваға келген матрос А. Н. Матюшенкомен әңгімелеседі.
27 июньнен (10 июльден) ертерек.	Ленин В. Северцевтің (В. В. Филатовтың) «Халықтық көтеріліске тактика мен фортификацияны қолдану» деген кітапшасының қолжазбасын редакциялайды. Ленин «Революциялық армия мен революциялық үкімет» деген мақаланың жоспарын жазады.
27 июнь (10 июль).	«Пролетарий» газетінің 7-номерінде Лениннің «Революциялық армия мен революциялық үкімет» (бас мақала), «Буржуазия самодержавиемен саудаласуда, самодержавие буржуазиямен саудаласуда» және «Соңғы хабарлар» деген мақалалары жарияланады.
Июнь.	Ленин мақала жоспарын және «Саясатты педагогикамен шатастыру туралы» деген мақала жазады. Ленин «Революциялық уақытша үкіметтің бейнесі» деген заметкаларын жазады.
Июньнің аяғы.	Ленин Россияға кетіп бара жатқан М. И. Васильев-Южинге Қара теңіз флотындағы және «Потемкин» броненосеціндегі көтерілісті басқарған социал-демократиялық ұйыммен байланыс жасауды тапсырады.
Июль.	Ленин «Листок жобасын» жазады, онда Кавказдағы, Польшадағы, Одессадағы және т. б. қалалардағы революциялық оқиғалар туралы, революциялық армияны құру қажеттігі туралы, революциялық үкіметтің ұрандары мен мақсаттары туралы баяндайды.
Жаз.	Ленин қару-жарақ сатып алу және оны Россияға жөнелтуді ұйымдастыру мәселелерімен шұғылданады.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

ДАЙЫНДЫҚ МАТЕРИАЛДАР

СУРЕТТЕР

Ленин, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды, 55 томдық. Т. 1 — Алматы, «Қазақстан», 1975.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 10. Март — июнь 1905.
612 бет.

Томды орыс тілінде баспаға дайындағандар
Л. Ф. Никольская және *Е. Ф. Полковникова*
Әдебиет көрсеткішін дайындаған

Л. А. Кашницкая

Есімдер көрсеткішін дайындағандар
Н. П. Коликов, С. П. Кирюхин, Ю. Г. Никифоров

Редактор *В. Я. Зевин*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

Сдано в набор 27/XII 1974 г. Подписано к печати 23/X 1975 г.
Формат 84×108 1/32. Физ. п. л. 19,875+2 вкл. 3/8 печ. л.
Усл. п. л. 33,4. Уч.-изд. л. 27,9.
Тираж 15 000 экз. Бумага тип. № 1. Цена 65 коп.
Издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ № 265. Полиграфкомбинат Главполиграфпрома
Государственного комитета Совета Министров КазССР по делам
издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата.
ул. Пастера, 39.